

Жайсан
Жандер

ДАСТАН
АТА





**ДАСТАН
АТА**

*Жайсан
Жандар*

ДАСТАН АТА

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1989

ДАСТАН АТА

*(Жамбыл Жабаев
туралы естеліктер)*



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1989

ББК 83.3Қаз
Д 18

Шығарушылар алқасы:

*Ә. Тәжібаев, Ә. Нұрпеисов, О. Сәрсенбаев, М. Сүндетов,
С. Садырбаев, С. Бердіқұлов, Н. Төрқұлов*

Құрастырған және түсініктерін жазған
филология ғылымдарының докторы
Нысанбек Төрқұлов

Пікір жазғандар:

К. Ахметбеков, Т. Шапаев

Редакторы
Б. Ақбұзауова

Д 18 Дастан-ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер /Құраст. Н. Төрқұлов.— Алматы; Жазушы, 1989. 416 бет, суретті (Жайсаң жандар)

Жиырмамыншы ғасырдың Гомері атанған, бір ғасыр жасаған Жамбыл Жабаевтың өмірі мен ақындық қызметі жөнінде Совет Одағындағы барлық халықтардың ақын, жазушы, зерттеушілері, шетел әдебиетінің өкілдері де ұлағатты сөздер айтқан.

«Дастан-ата» — кезінде Жамбылдың көзін көріп, қасында бірге жүрген, талай әңгіме-сұхбат құрған белгілі жазушы, өнер қайраткерлерінің естеліктерінен құрастырылған. Кітап М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Н. Тихонов, Ш. Айтматов, М. Бажан, П. Кузнецов, М. Тұрсын-заде, Т. Сыдықбеков, Ғ. Орманов т. б. естеліктерін қамтыды.

«Дастан-ата» кітабына ұлы ақынның әрқилы кезеңде жазушы, қоғам қайраткерлерімен түскен, сирек кездесетін фотосуреттері де еніп отыр.

Д $\frac{4603020100-084}{402(05)-89}$ 192—89

ББК 83.3Қаз

ISBN 5-605-00394-1

© «Жазушы» баспасы, 1989

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Халқымыздың ұлы ақыны жиырмамыншы ғасырдың Гомері аталған, бір ғасыр жасаған Жамбыл Жабаевтың өмірі мен ақындық қызметі жөнінде аз жазылған жоқ. Әлі де жазылуда. Ол жөнінде қазақтың және Совет Одағындағы барлық халықтардың ақын, жазушы зерттеушілері, тіптен шетел әдебиетінің өкілдері де ұлағатты сөздер айтып, естелік, мақала жазды. Монография, кітаптар да жарық көрді, көркем шығармалар да жазылды. Арнау, толғау, дастандар да аз емес.

Мұндай естелік арнаулар мен кезінде айтылған ой, пікірлердің, әсіресе 1936 жылғы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігі күндері Жамбыл даңқының шырқау биікке көтерілген кезінде, 1938 жылы Жамбыл ақындығының 75 жылдық тойы өткізілген және сол жылдың қысында Грузия еліндегі Шота Руставели мерекесіне сапар шеккенде, онан соң Ұлы Отан соғысы жылдары ақынның патриоттық отты жырлар толғаған тұстарда көбірек пайда болғаны аян. Ондай естелік, зерттеулер тасқыны Жәкең жасының 1946 жылы 100-ге, 1971 жылы 125-ке, 1986 жылы 140-қа толған күндері аталып өткен кездерде де толастаған жоқ. Қайта толыға, молыға түсті.

1971 жылы «Жыр алыбы» атты шағын жинақ (құрастырған - Қабдеш Жұмаділов) жарық көрді. Онда он шақты автордың естелік мақаласы топтастырылды. Ол да болса кезінде әжетімізге жарап келді. Бүгінгі мәдени, ғылыми қауымға бұл әрине жеткіліксіз еді.

Осы қажеттікті ескере отырып, Жамбыл жөнінде жазылған естелік мақалаларды жинастыра бастадық. Ғылыми зерттеу, талдауларды былай қойғанда, таза есте-

ліктердің өзі 40 баспа табаққа жуықтап қалады екен. Сондықтан бұл жолы соңғы кездері жазылған талдау түріндегі ғылыми мақалаларды қоя тұрып, тек қана естеліктердің өзін құрастырдық. Естелік болғанда, кезінде Жәкеңнің көзін көрген, қасында бірге жүрген талай әңгіме-сұхбат құрған Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Есмағамбет Ысмайылов, Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Қалмақан Әбдіқадыров, Сапарғали Бегалин, Павел Кузнецов сияқты ақын, жазушылардың жазған материалдары алдымен ескерілді. Оған қоса Қалыбек Қуанышбаев, Қанабек Байсейітов, Нұрғиса Тілендиев тәрізді өнер қайраткерлерінің естеліктері де қамтылды. Кезінде Жамбылмен кездесіп, әңгімелескен, оның ағыл-тегіл өлең жырларын тыңдаған Николай Тихонов, Микола Бажан, Түгелбай Сыдықбеков сияқты Совет Одағының белгілі ақын, жазушыларының сол тұста білдірген лебіздері де қаға берісте қалған жоқ. Жинаққа соңғы кездері табылған жаңа деректер мен F Ормановтың күнделігі қосылды.

Бір ескерте кететін жай мынау: «Кезінде Жамбылдың мүшелтойына арнап бізде қалам тартып едік, жинақтарына алғы сөз, соңғы сөз жазғанбыз. Онымыз баспасөзде жарияланып еді, бұл жинаққа олар неге қосылмай қалған?»—деушілер де табылуы мүмкін. Біріншіден, Жамбылдың өлең-жырлары ғылыми жағынан талданған, ақындық творчествосы әңгіме болған ондай зерттеу материалдарды қамти беруге бұл жинақтың көлемі көтермеді. Ондай ғылым-тағлым тәріздес зерттеу мақалалардың өзін сараптап қарасақ, өз алдына дербес үлкен том болатын түрі бар. Сондықтан естеліктерді олармен араластырмай бірыңғай топтастыруды мақұл көрдік.

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ

Пролетариаттың ұлы жазушысы М. Горький халық ақыны Сүлейман Стальскийді Гомермен батыл да дұрыс салыстырды. Егер Гомер есімі ғасырлар, замандар бойы грек эпосын жасаған халық ақындарының сан ықылым буын, ұрпақтарын бейнелейтін жиынтық есім болса, соңғы дәуірлерде халық творчествосын дәл сондай топтастырған жиынтық есімдер ашуг Сүлейман Стальский мен ақын Жамбылдың және тағы басқа солар сияқты халық поэзиясы өкілдерінің еншісіне тиді. Әлемнің барлық халықтарында дүние жүзілік эпос пен фольклордың небір асыл мұраларын жасаған ақындар болған, бірақ олар тарихта аэдтер, рапсодтар, баяндар, бардтар, ақындар, жыршылар ролінде ғана белгісіз беймағлұм өтіп кетті. Тек біздің қазіргі заманда, халық даналығы тудырған шығармалар жоғары терең бағаланды. Советтік дәуірде ғана, бұл халық творчествосының інжу-маржан асылдарын жасаушылардың есімдері өздерінің лайықты орындарына ие болды. Ұлы Одақтың барлық азат болып, қайта туған халықтарының ішінде орденді ашугтер, ақындар, ғафиздер, бақшылар, жырау, жыршылар, жомоқшылар ретінде мәшһүр боп танылды.

Олардың творчестволық бет-бейнелерін анықтау және шығармаларын тарихи-әдеби тұрғыда зерттеу дегенді тарихи зерттеудің өз алдына бір жырақ, оқшау объектісі деген ұғымға саймау керек. Дәуірді, халықтар мен халық мәдениеттерінің тарихын Ленинше ұғыну және бағалау бізге құбылыстарды үздіксіз байланыста, тарихи процестердің органикалық бірлігінде алып талдау жасауға үйретеді.

Халық ақындарының шығармалары да шын мәніндегі

халықтық туындылар ретінде өткенмен өзара байланыста, қазіргімен қоян-қолтық жымдасқан бірлікте зерттелуі керек. Табиғатынан туа тайпалық мәдениет деген жок, дамудың белгілі бір сатысындағы адамзат мәдениеті бар,— міне, совет фольклористикасының негізгі қағидасы осы. Мұның өзі Жамбылды бүкіл творчестволық ортасымен жеке-дара, оқшау түрде емес, сонау алыс өткендегімен және бүгінгімен терең тамырлас, органикалық бірлік-байланыста; сол сияқты тек қазақ халқының ғана емес, барлық басқа халықтардың да рухани мәдениетінің тарихымен үздіксіз байланыста алып бағалауға көмектеседі.

Жамбыл творчествосының негізгі мотивтері мен идеялық, тарихи тамырлары тікелей оның алдында өткен Махамбет, Сүйімбай, т. б. поэзиясында ғана жатқан жок, әлдеқайда тереңде — сан халықтың әрі сан ғасырлық сонау көне заманғы эпосында, тарихи жырларында, аңыздары мен әнгіме, хикая-мұраларында жатыр. Өткендегі әлемдік фольклорда тайға таңба басқандай бедерлі, айқын көрінетін басты екі арна бары мәлім. Оның біріншісі — халықтың сол тұстағы әлеуметтік-саяси құрылысқа деген наразылығын, Ленинше айтқанда, «өздерін қанаушыларға қарсы күресте ғасырлар бойы күш салып» келе жатқанын көрсетеді. «Мың бір түн», «Тристан мен Изольда», «Зухак пен Жәмшит» туралы көне парсы аңызы, азербайжан ертегісі «Бахтияр», қақтың «Жиренше туралы аңызы» және т. с. с. бұған айғақ. Мұнда біресе «Сфинкс» (Эдип) бейнесінде немесе жалмауыз аждаһа («Тристанда») бейнесінде, біресе тікелей жауыз әмірші патша Зухар бейнесінде, «Мың бір түндегі» патша бейнесінде, немесе «Бахтиярдағы», сондай-ақ «Жиренше туралы аңыздағы» қаскөй шах пен хан бейнесінде тұтас бір елге, не бір шаһарға, не халық сүйіктісі болған жазықсыз дарынды жеке адамға қастандық жасап, зар жылатқан қаныпезер қанаушылардың жиынтық образдары берілген. Әлемдік фольклордың жоғарыда аталған аса көрнекті ескерткіштерінің бәрі де сол бір жәдігөй, қатал-қатыгездікке қарсы күрес, талас-тартысқа бағытталған.

Барша халықтың бар уақыттағы әлемдік фольклорының тағы бір негізгі арнасы болашаққа, аңсаған алыс арманға арналған. Бұл — адамзаттың жөргектегі кезеңінің, шын мәніндегі бесік жыры, тыныш ұйқы, тәтті түсі тәрізді. Адамның өз кезіне, өз заманына қанағаттанбаған қанатты қиялы оны белгісіз өлкеге, беймәлім қиян-қиыр

елдерге, заманаларға алып ұшады. Мұнда ақиқат шындық дүние мен қиялдағы дүние жымдасып, біртұтас ұласқан күйде суреттеледі де, осындай туындыларда халықтар ұлы оптимистер ретінде көрінеді. Халық творчествосының осы бір ерекшелігін — халыққа тән оптимизмді — А. М. Горький өте дұрыс атап көрсетті. Халық творчествосының мұндай түрлерінің мысалы толып жатыр, әрі олар әлемдік фольклордың ең таңдаулы үлгілері. Көптеген халықтардың барлық ертегілері, батырлық және лирикалық эпостары, аңыз-әңгімелері, қисса-хикаяттары әлдебір арман еткен қиялдағы ел туралы, ұшқыш кілем туралы, самұрық құс, сиқырлы ат туралы, ақыр соңында, су астындағы, жер астындағы патшалықтар туралы толғайды. Халықтың өз заманын, өз кезін місе тұтпаған ойлары мен сезімі, арманы мен қиялы сонау шырқау биіктер мен алыстарға самғайды, және де бұл мақсатсыз қаңғып кезе беру үшін емес, тағы да неғұрлым жақсы өмірді, адам тірлігіне қажетті, лайықты жақсы жағдайларды іздеп табу үшін ғасырлар бойы күш салғандықты бейнелейді. Халық творчествосының негізгі осы қос ағыс-арнасы Жамбылдың Октябрьге дейінгі көптеген жылдардағы поэзиясы мен бүкіл бет-бейнесін белгілейді. Манаптар мен төрелерді сағалаған «мал үшін тілін безеп, жанын жалдаған» кейбір жекелеген ақындардан бұл ақынның репертуары мен жанры өзгеше болды. Хандар, төрелер мен бектер билеген халықтың өткен тарихына қанағаттанбаған, Қоқан хандығы қойған датқалар мен қазылардың билігімен де сыйыспаған Жамбыл ұзақ жылдар бойы патша өкіметі жалдаптарының барлық зұлымдықтарын аяусыз әшкерелеуші болып қалды және халықтан қолдау тапты. Ауызекі қолма-қол шығарып айтқан зілді де, ащы ажуа өлеңдерінде шамадан тыс ауыр алым-салықты, әділетсіз сотты, чиновниктердің, манаптардың, бектердің, байлардың халықтар мен тайпалардың арасына от тастап, араздықты қолдан қоздыратынын кектене айыптай отырып ол, сонымен қатар ел қамын жеген ерлер, есімі аңызға айналған халық қамқоры, батырлар жайында, арман-үміт еткен ел жайында халықпен бірге тамаша жырлар туғызды. Жырдың екі түрін жасағанда да ақын өзінің алдында өткен халық ақындарының ең таңдаулы дәстүрлерін үлгі тұтты. Ол өз творчествосының нағыз халықтық мән-мағынасын халықтардың және оптимистік үміткер ұрпақтардың шындық үшін күрескен, шындықты іздеген халық поэзиясының өлмес, өшпес, ғасыр-

лар бойғы, азбас-тозбас мотивтерімен терең байланыстан іздеп тапты. Халық ақыны Жамбыл творчествосының негізінде де халық поэзиясының осындай прогресшіл, өміршендік мәні жатыр. Осы тұрғыдан алғанда Жамбыл шығарған «Өтеген батыр», «Сұраншы туралы», «Саурық туралы», «Жапар туралы» эпикалық жырлар циклы т. б. халықтық белгілі бір мүдде-мақсат көздеген идеясының репертуарын құрайды. Бұл жылдардың геройлары — халықтар мен зілсіз тайпалардың мүдделерін қорғаған, соларға бақыт іздеген, есімдері жартылай аңызға айналған қамқор батырлар. Жамбылдың шығарымпаздық творчествосындағы тағы бір негізгі жанр — айтыс, ол үшін әшкерелеуші поэзияның ең бір сүйікті формасы болды. Жамбыл ақын көбінесе осы жанрда қалыптасты. Ақын дарыны дәстүр бойынша бұрыннан мәшһүр болған бір ақынмен айтысу арқылы танылады. Бұл творчестволық жекпе-жекте, ақындық сөз жарысында қарсыласының соққысына әрі шапшаң, әрі өткір де ұтымды жауап беріп, қарымта қайыру орындаушылық творчестволық акт болып табылады. Қатысып, куәгер боп, баға беріп отыратын алқалы топ тындаушылардың ортасында өтетін бұл айтыстар театр оқиғаларының элементтерін де қоса қамтитын және әннің де тікелей туар әктісі болатын. Бұл жекпе-жекте жүйрік, тапқырлыққа жаттығып сынға түсу ақынның дарыны мен дағдысын ерекше түрде қалыптастырған. Ол негізінен импровизатор, логикалық тынғылықты ойларын, небір нәзік, жанды жерінен дөп басып айтар дау-тартыстарды және күтпеген өткір әзіл-әжуаларды ойда жоқта қолма-қол айтып жіберетін тапқыр. Ал айтыс нәтижесін әннің көптігі не әсемдігі емес, әрбір шешендік сөздегі немесе дау-тартыстағы сияқты, ақыл-ойдың алғырлығы, айтылған сөздердің логикалық байланыс жүйесі шешетін болғандықтан, айтыс жанры ақынның жан-жақты, мол білімдар, айналадағы барлық құбылысқа дайын да, орында жауап бере білетіндей болуын талап етеді. Халық туындыларының әр түрлі, әрине, соншалықты мол репертуарынан басқа, ақындар халықтардың, рулардың тарихи саласынан, география саласынан т. б. көптеген жайлардан мол хабардар болуға тиісті еді.

Өмірдің бар құбылыстарына құлақ түріп, хабардар болып, қадағалау ақындарды өткенмен де, бүгінгімен де жанды байланыс жасап отыруға баулыды. Халқына, айнала қоршаған ортасына не нәрсе мағлұм болса, ақын соны біліп, жадында сақтап отыруға тиіс. Ол — өз хал-

қына, өз кезіне тән білімдердің тірі энциклопедиясы. Жамбылдың туған жері бұрынғы Жетісу өңірінде «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең» түрінде бір алуан айтыс өріс алды. Бұл — ақындардың география саласынан білімдерін тексеру ретіндегі шағын тақырыпқа айтысуы. Ақындардың әрқайсысы өздеріне мәлім өзен, тауларды, елдер мен жерлерді тәптіштеп, санап, әсем суреттеп жырға қосты. Шын мәніндегі халық поэзиясының өкілі Жамбылдың өзіне таныс ұлттық тар шеңберде шектеліп қалмай, халық творчествосының ең таңдаулы дәстүрі негізінде өзінің ақындық қызметінің шеңберін бүгінгі біздің заманда бүкіл ұлы Одақтың интернационалдық көкжиегіне дейін кеңейтуіне көмектескен халықтық негіздің бір тамаша ерекшелігі осында.

Жамбыл ақындығының кейбір жекелеген қырларын танып білуге көмектесетін халық поэзиясының тағы бір тамаша ерекшелігі — халық творчествосының айналадағы өмірдің әрбір елеулі құбылысына дереу үн қатып отыру нәтижесінде туатындығы. Халық творчествосы өмірден артта қалмай, онымен иін тіресіп, үзеңгілес қатар жүріп отырады. Және халық ақыны бар оқиғаға индивидуалдық жазба ақыннан гөрі әлдеқайда бұрынырақ назар аударып, үн қатады. Халық поэзиясы анағұрлым шапшаң да іскер. Оның дәстүрлерінің өзі солай. Өткенде барлық халық небір апат-алапат, бақытсыздық пен соғысты да, көтерілістерді де, салт, тұрмыс ырым-жырымын да, әр алуан көңіл ашар қызығын да әнмен, жырмен шығарып салып отырған. Осы оқиғалардың бәрі де соларға қатысқан не көзбен көрген куәгер ақыннан қолма-қол ән мен жыр шығаруды талап еткен. Және халық поэзиясының дәстүріне шын берілген ақынның өзі де көзбен көргеніне үндемей қала алмас еді. Біздің Одақтың жан-жақты өмірінің өзі естіген әрбір фактісіне іле творчестволық назар аударып, қолма-қол үн қатып отыру — Жамбылдың творчестволық бет-бейнесінің халықтық сипатын айқындайтын өзгеше бір ерекшелік. Бірақ жалпы халық ақындарының типі әр басқа. Бір алуан топ ақынның творчестволық мамандық-машықтары, репертуары мен жанры екінші бір топ ақындардікіне мүлде ұқсамайды. Эпик халық ақындары бар (Марабай типтес); лирик әнші-ақындар бар (Біржан, Ақан, Жаяу Мұса типтес); тек қана импровизатор айтыс ақындары бар (Шөже, Құлмамбет типтес); сондай-ақ халық мұншысы ақындар да бар (Асан Қайғы типтес). Сол сияқты патша жалдаптары мен хандарға қарсы күреске, көте-

ріліске үндеген өлеңдер мен тарихи жырлар шығарған ақындардың есімдері де өте-мөте әйгілі.

Әрбір көрнекті үлкен ақын өз дәуірінде халық творчествосының үлгісі ретінде сол өзі таңдаған жанрды дәріптеп көтермеледі де, сөйтіп өзі типтес ақындардың мерейін үстем қып ұстады. Жамбылдың өзгеше бір ұнамды ерекшелігі — ол өзі шығарған жыр шеңберінде өзінен бұрын өткен көптеген ақындардан репертуар жағынан да кең, бай болды. Ол бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны. Индивидуалдық әдебиеттегі әрбір көрнекті ірі құбылыс өзінен соң еліктеуші әдебиет, эпигондық мектеп туғызып, сөйтіп өзіне орта жасап алатыны сияқты, халық поэзиясындағы үлкен ақын да өз жолын қуған ізбасар, шәкірттері арқылы өзіне ақындық орта жасап алады. Жамбыл творчестволық бет-бейнесі, мән-мағынасы жағынан өзінің тікелей алдында өткен ұстазы Сүйімбайға өте жақын, сонымен туыстас, сарындас. Ал Жамбыл төңірігіне топтанған кіші, жас ақындар қазір өз творчествосында жалпы ақындық-шығарғыштық және жанрлық-репертуарлық бет-бейнелерімен, бағыт-бағдарларымен Жамбылға жақын, сонымен үндес. Бүкіл әлемдік әдебиет пен фольклорда бұл сияқты тарихи заңды құбылыстар мейлінше мол-ақ. Эпикалық ескілікті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, жаттап алу дәстүрін жалғастырып, қалыптастырған эпик ақындардың тұтас есімдері болған. Белгілі бір ру ішінде есімі елге әйгілі болған үлкен ақынға ілесе суырып салып, қолма-қол айтатын импровизатор айтыс ақындары лек-легімен, топ-тобымен шыққан. Мысалы, ХІХ ғасырда қазақтың байтақ даласын ұзақ шарлаған атақты Жанак ақын бір сапарында Сыбан руының он жеті ақынымен айтысқан. Ал Жамбыл Құланаян Құлмамбетпен айтысқан күні тек Албан руының ғана бұрын даңқты ақыннан жеңіліп қалған тоғыз ақыны домбыраларын қойып, қатысып, тындап отырған. Ал Жамбыл туған аз ру Екейде қазір, өлген ақындарды (соның ішінде Жамбылдың талантты ұлы да бар) қоспағанда, еркек-әйелі аралас жиырма шақты ақын бар.

Олардың жас шамаларының басқыш, сатылары да қызық. 93 жастағы Жамбылдан басталған тірі тізбек үзілместен 13-15 жасар мектеп жасындағы шәкірт ақындарға дейін жетеді. Және де, шамамен алғанда, әрбір он жылға бір немесе бірнеше ақыннан келіп отырады. Жамбыл тек өз шығармаларымен ғана емес, сонымен

бірге өзі тәрбиелеп, баулыған ер, әйел ақындар тобымен де халық поэзиясының бұтағы, бүрі мол бәйтерегі. Халық ақыны Жамбыл, тек өз шығармаларымен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да, өзгеге ұқсаймайтын дара, оқшау бет-бейнесімен де аса зор құбылыс. Ол фольклорды белгісіз, құпия (анонимные) ақындардың ғана творчестволық еншісі деп менсінбей, енжар қарауға бағытталған буржуазиялық үйреншікті ұғымды қиратып отыр. Ол сондай-ақ ауызша және жазбаша, индивидуалдық поэзия деп әдеттегідей тарихи-әдеби бөлүшілікті де қиратып отыр.

Бұл ғылымның индивидуалдық ақынға деген үйреншікті нормасы Жамбылға дәл келмейді, өйткені ол жазбайды, әндетіп ауызекі орындайды. Екінші жағынан, ол сырт қарағанда, синкретизмдік өнердің атам заманғы (архаический) түрінің көрінісі тәрізді. Оның ақындық өндіріс құралы — домбыраны әнге қосылтып отыруында, театр оқиғаларының элементтері де бар. Ал осының бәрімен қоса, ең бастысы, ол — Жамбыл, біздің ұлы заманымыздың жоғары сапалы көркем саяси поэзиясын жасаушы. Ол — социалистік мәдени заманымыздың табыстары мен жеңістері пафосының ең дарынды, ең асқақ жыршысы. Ол — адамзаттық бесіктен белі шықпаған жөргектегі кезеңінен бастап халықтар мен ұрпақтар түсінде ғана көріп, еміс-еміс қана сезінген, сол үшін күрескен мәңгі өшпес шындықтың толық жүзеге асқан жанды бейнесі. Алдыңғы қатарлы советтік социалистік поэзияға халық ақындары, ашугтар, бахшылар т. б. қосқан творчестволық қуатты ағыс-арна өзінің барлық қол жеткен айқын табыстарымен Одақтың капитализм кезеңін аттап өткен көптеген халықтарының тарихи дамуындағы өркен жайған мәдени-тарихи өніктілікті дәлелдейді. Халықтың өзінің өлмейтін, қайта гүлденіп өсе беретін негізгі халықтық рухани мәдениеті мен бірыңғай социалистік мәдениетті жасаушы, тағы да сол халықтың өзі үшін жасалып, гүлдене өсіп дами беретін революциялық әдебиеттің индивидуалдық поэзиясының озат мәдениеті арасында бөгет болар үзіліс, тосқауыл жоқ. Бұрын ескі арнада тарих бөлшектеп, ыдыратып келген халықтардың ең өлмес-өшпес, қымбат қазынасы біздің Одақта бүгінде Ұлы Отанымыздың бірыңғай мәдениетіне қосылып, етене араласып кетті. Біздің Жамбылдар, Стальскийлер т. б. сияқты ақын, ашугтарымыздың творчестволық туындылары түрінде сан-салалы да алуан арна-ағыс боп келіп қосылды.

Осында Жамбылдың творчестволық бет-бейнесі, поэзиясының мән-мағынасы, халықтық тамырлары туралы айтылған негізгі жағдайлардың бәрі барлық қалған халық акындарына да түгелдей қатысты. Бұрын Жамбыл әсерін оның төңірегіндегі барлық акын өз творчествосында айқын көрсеткен болса, енді қарт акынның жаңа шығармаларының баспасөз бетінде жарыққа шығуына байланысты Қазақстанның тіпті барлық шалғай облыстары мен алыс аудандарының өзінде кәрі-жас буын акындар оның әсерін айқын сезініп отыр. Мұның өзі табиғи нәрсе. Өйткені, бұл акындардың бәр-бәрісі де: Өмірзақ, Орымбай, Естай, Әріп, Оспантайлардан бастап, Қастек ауданындағы Жамбылдың акын шәкірттері: Өтеп, Саяділ т. б. дейін түгелге жуық Жамбылға жақын буынның өкілдері — олар отаршыл ескі Россияның халықтар үшін қаншалықты қараңғы түнек түрме болғанын, сондай-ақ хандар мен билер өктемдігінің тұсындағы патриархалдық-феодалдық мәдениетсіздік тарихы дегеннің не екенін жақсы біледі. Бұл акындардың бәрі де халықтың ең кедей, еңбекші қауымының қайнаған ортасынан шыққандар. Сондықтан да, оларға шын мәніндегі халықтық дегеннің бәрі де қанына туа сінген етене жақын. Олардың халықтың патша өкіметіне қарсы күресі туралы ерлік жырлары, 1916 жылғы белгілі халық қайғысы мен қасіреті туралы жырлары күрес ұраны, күрес туы болды. Бұл жылдары соншалықты ыстық ынтамен жан аямай көп жырлады. Верныйдың губернаторы сол кезде Жамбыл бастаған барлық акынды айдап әкеліп, атқораға қамап, алдағы уақытта халықтық жырларды айтуға үзілді-кесілді тыйым салып, тек діни уағыз өлеңдерді ғана айтуға рұқсат етуі тегіннен-тегін емес еді. Халықтық терен тамырдан өсіп шыққан, 1916 жылдың қатан, қаһарлы уақиғаларын бастап кешіп, тәлім алған жаңа тап күресінің бұдан да күшейген шағында — Азамат соғысы кезінде, ауылды советтендіру тұсында — қоғам мен бүкіл адамзат өмірі туралы лениндік шындықты ұғынып, көзі жеткен бұл акындар революциялық халық поэзиясына келіп қосылды. Өздерінің алдындағы қарт дана ұстазы Жамбыл совет поэзиясына қалай келсе, бұлар да дәл солай логикалық жағын әбден пайымдап, ойланып-толғанып, органикалық жолмен келді. Сондықтан да біздің Одақтың барлық халық акындарының творчивосы сияқты бұлардың творчивосының орталық, басты тақырыбы да ұлы халық қамқорларының есімдері мен образдары, халыққа

жарық сәуле мен өмір берген шынайы ерлердің есімдері болды. Мәселен, барлық ақындардың творчествосында Қызыл Армия туралы, бұрын бытыраңқы халықтардың туысқандығы мен тең паволылығы туралы, жер мен игілікті еңбек туралы, колхоз туралы, машиналар туралы оқу-ағарту ісі туралы, социалистік жарыс туралы және соңғы жылдары өздерінің шексіз сүйікті Отанын қорғау мен Ұлы Заң туралы жырлар маңызды орын алады.

Сонымен бірге бұл ақындардың біздің мәдени-техникалық табыстарымызды түсініп қабылдауы мен оларды индивидуалдық ақындардың қабылдауы арасындағы зор айырмашылықты ерекше атап көрсету қажет. Өздеріне бұрын таныс емес, мүлде тың бұл өмірлік құбылыстарды барынша, айқын сезінулерінің пәк таза жастығы, өткірлігі жағынан бұл ақындар поэзияны өмірмен етене жақын да терең туыстыратын әлдеқайда қолайлы жағдайда тұр. Олар барлық өмір құбылыстарына қолма-қол назар аударуда ең шапшаң, іскер, ең қарапайым, дана адамдар. Сөз жоқ, халық ақындары творчествосының мән-мағынасы мен тақырыптары, барлық осы ерекшеліктері тек қазақ ақындарына ғана емес, сонымен бірге Бүкіл Одақтың барлық халық поэзиясы өкілдеріне де тән, ортақ. Сондықтан да олардың өткенмен байланыс тұрғысынан халықтық негізінде тарихи туып, қалыптасқандығын зерттей отырып, бүгін біз өз замандастарымыз — халық ақындарын алдымен өзара қоян-қолтық бірлік, байланыс тұрғысынан шынайы халық мәдениеттерінің өзара интернационалдық тіл, үйлесім табуы, интернационалдық-халықтық сипаттарының бірлігі тұрғысынан зерттеуге тиіспіз (Жамбыл тәжірибесі бәріне де қатысты). Сонымен қатар әрбір ақынның творчествосы мен ерекшеліктерін жеке-жеке нақты зерттеу қажет. Жамбыл шәкірттерінің ішінен өкір, ойнақы жырларды қолма-қол шығаратын (мұнысы Жамбылдың жас кезін еске түсіреді) Үмбетәліден басқа Жамбылдың тарихи жырлар мен оқиғалы (сюжетті) поэмалар жасау дәстүрін жалғастырушы Өтеп және Саяділ сияқты басқа да ақындарды білеміз. Біздің ақындар творчествосында үстем боп отырған ауызекі поэзиясының ұсақ формаларымен қабат дәстүрлі халық творчествосының басқа ірі жанларын өркендету аса маңызды. Өте-мөте құнды. Ақындар, бұрынғысынша, Азамат соғысындағы ерлік туралы, бүгінгі күннің ерлік оқиғалары мен образдары туралы поэмалар, тарихи жырлар, хикаялар, аңыз-әңгімелер, ертегілер жасауға тиіс. Жазушылар одағының

басшылығы олардың қызметін осындай поэтикалық міндеттерді орындауға бағыттауы, творчестволық көмек көрсетуі керек. Ал ол үшін ақындардың жалпы таным, білім, түсініктерін кеңейтуге жан-жақты көмектесу керек. Қастек ақындарының ең алдымен большевизм негіздерін оқып үйренуге болатындай әдеби үйірме ашып беру туралы бірауыздан айтқан өтініштерін сөзсіз құптау қажет. Сонымен бірге ақындардың поэмалар, халықтық романдар жасауына көмектесе білу қажет. Кей жерлерде бар колхоздар мен бригадалар арасындағы айтыстарды қолдау, ынталандыру керек. Ақындардың шығармаларын: олардың социалистік жарыс, стахановтық еңбек туралы, бесжылдықтардың міндеттері туралы, социалистік құрылыстың жоспарлары туралы ауызекі, қолма-қол шығарып айтқан жырларын қалың көпшілікке жеткізіп таратуға барынша жағдай жасау керек. Кейде ақындардың өздері де, өз ауданында, колхозында, творчестволық жағынан нақтылау болуы қажет.

Көптеген жағдайда олардың жанынан шығарып айту творчествосының негізінде өз колхозының, ауданының, совхозының күнделікті өмірі мен еңбек тақырыптары жатуға тиіс т. с. Аудан өмірінің елеулі құбылыстарына әсем де әдемі өлең-жырлармен жанды үн қатып отыру, аудандағы партиялық-советтік құрылысқа деген оперативтік іскерлік көмекке айналуға тиіс. Советтік халық поэзиясының алыбы Жамбылдың үлгілі, тамаша тәжірибесін есте сақтай отырып, ақындар жергілікті жерде қалың көпшілікті қырағылыққа үйретуге, олардың патриоттық сезімдерін, Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, өз Отанын қорғауға әзірлікке баулуға тиіс. Жауға деген өшпенділікті, кекті жырлар, өзара сынды өрістетуге көмектесетін т. б. жырлар жасау қажет. Міне, Совет елінің ақындарының алдында тұрған тарихи революциялық игі міндеттер осындай...

Өзінің туып қалыптасу және өмір орнатушылық функциялары жағынан совет фольклоры тек тарихи-әдеби зерттеудің объектісі ғана емес, біздің қоғамдық жұртшылық оны қалың көпшілікке көркемдік-тәрбиелік ықпал етудің қуатты құралдарының бірі деп әлдеқашаннан-ақ дұрыс танып бағалап келеді. Ұлы Одақтың барлық халықтарының — ақындарының, ашугтарының, бахшыларының — интернационалдық достық хоры қуатты халық жырларын, бүкіл еліміздің тамыр соғысымен үндес, үйлес шырқауы тегін емес, ол хордың ішінде дара дауысты бастаушының бірі — өткен ғасырдың орта ше-

нінен бермен қарай халық творчествосының терең, тұңғыш түбінен тартып, шын мәніндегі халықтық туындының алтын ағыс-арнасын алып келе жатқан, халық поэзиясының дана, қарт алыбы Жамбыл.

1938

НИКОЛАЙ ТИХОНОВ

АҚЫНДАРДЫҢ АТАСЫ

Жамбыл!

Соғыстың дәл алдында, Тбилисиде Руставели тойы өтіп жатқан кез еді. Ол күндері сүп-сүйкімді осынау қонақжай шаһардың ауасының өзінен поэзия лебі есетін. Совет Одағының түкпір-түкпірінен жиналған ақындардың, оқылған өлеңдердің, мінбеде сөйлеген жан тебіренерлік жылы лебіздің көптігі сонша, осыншама шалқыған шаттық пен алуан жыр шашуының молдығына, сан тілде саңқылдаған рақат сезімге, көзі тірі болса, Руставелидің өзі де бір жасап қалар еді. Ақындар бірінен соң бірі шығып: «Жолбарыс терісін жамылған батырды» мадақтап жырға қосады, тәнті болған тамашашылар «өнер алды — қызыл тілдің» дүниеде бар ең асыл гүлдерімен безендірілген жалынды асқақ сөздерді емірене тыңдаудан жалығар емес.

Кенет оның өзі пайда болды! Тұп-тура солай, сырттан келді деп те, орындықтан тұрды деп те айта алмайсың, шауып келген бетінде асау тұлпардан қарғып түсіп пайда болғандай, екпінімен президиум мүшелерін ығыстыра жарып өтіп, жарқ етті. Ол мінбеге барған жоқ, құмарта көз тігіп, сілтідей тына қалған бүкіл залды бір шолып шықты да, құлашын сермеп қалып, су құйған графин мен стакандары бар подносты, айналасы қобыраған қағазға толы дәу сия сауытты столдың шетіне қарай ысырып тастады. Шынында да қазір жасалатын ғаламатына оралғы болатын қажетсіз нәрседей тым-тырақай жағалай қуып тастады.

Президиум мүшелері де екі жаққа еріксіз ығысып, стол басында ойға шомып асқар таудай ақын Жамбыл ғана қалды. Оның осы сәттегі бүкіл болмыс-бітімі төңірегіндегілерден алабөтен өзгеше еді.

Көк жасыл қасабдар шапанның сыртынан тіні қатты

шаршы белбеу буына салған, түлкі бөркінің түктері самсаған самала сәулесімен шағылысып, жіп-жінішке алтын инелердей жалт-жұлт етіп от шашып тұр, Жамбыл білеу-білеу қошқыл қан тамырлары торлаған етсіз әмірлі қолын алға сермеп, жиылғандарды тыныштыққа шақырды.

Жақ сүйегі шығыңқы жалпақ бетінде парасатты байсалдылық ұйыған, тек екі көзінің ұшқыны екі саңылаудан себелеген сәуледей, еті қашқан кебірсін ернінің езуіне болар-болмас бір мысқыл ұялай қалған. Толқынданып еркін төгілген сақалы таң шапағымен шағылысқан құлама тау суындай.

Ол солай терең ойға біраз шомып тұрды да, түкті қабағы анда-санда бір селт етіп, жалпақ беттің ұшында адуын күштің айғағындай, алқызыл толқын қан ойнайды. Ой толғанысы енді бір сәтте кілт тоқтап, ол орнына отыра кетіп еді, қолында шағын ғана күй аспабы пайда болды да, ең алдымен залға көкбас сона кіріп кетіп, шығарға терезе таппай, айнала жанталасқандай, болар-болмас бір ызыл пайда болып, бірте-бірте көтеріле берді.

Осынау залда ол пайда болысымен уақыттың өзі тына қалған тәрізді. Үйдің жарлары да кері серпіліп, көз алдымызға басқа бір дүниенің келбетін алып келгендей, ал оның өзі мынау қапырық залдағы қалаша киінген мына адамдардан гөрі Руставелиге нәм оның таңғажайып қаһармандарына бір табан жақынырақ секілді. Кескілескен шайқастан кейін бекзадалар қамалын жаңа ғана талқандап, соған сүйінші сұрағалы жеткенім осы десе, сеніп-ақ қалар едік. Таңғажайып тұлпарын көшеде тастап кеткен шығар-ау, ауыздығын ақ көбік жапқан сәйгүлікті тамашалап, жұрттың бәрі топырлап жатқан болар деп, терезеден қарағың келіп кетеді.

Сол сәтте қоп-қою қараңғы түннің қойнауынан суырылып шығып, сәйгүлік мінген салт аттының соңынан тұра шапқандай ақынның өктем де өр даусы залды жаңғырта саңқ етті де, бірте-бірте қалықтап барып, қырыл аралас көмей бұрқылға көше келе, бір кезде қоңыраудай сынғырлап қоя берді. Ол үндерді тағы да шаңқ еткен қыран саңқылы бөліп жіберді. Көзін сәл жұмып алып шырқап отыр, даланың мұрын жарған тамаша жусан нісін рақаттана сіміргендей, екі танауы желп-желп етеді.

Ол осы сәтте басқа бір дүниеде, түп-түгел өзіне ғана басыбайлы өз дүниесінде отырғандай, осынау жыр да алабөтен, жыр атаулының біріне де ұқсамайды. Зор әуен садақтың оғындай тік атыла зулап барып, сиқырлы тыл-

сым бір күш қақпайлап апарып, көк жалата зымырауға түсіргендей, бағдарын өзгертіп сала берді де, сол кезде сұр жебенің қауырсын қанатының жел өтін қақ жарған ысқырығын естігендей болдық, сол бір оқ ысылдап барып, көк тастың көбесіне тік шаншылғанда, тастың да ыңқ ете түскені құлағымызға анық естілгендей әсер етті.

Не туралы жырлады ол? Ешбір тілмәштің аудармасы керек емес, өйткені жүйе-жүйенді баурап алып, мас қылатын осынау шабыт күші мен шабыт шындығын ешқандай аударма арқылы жеткізуге болмайды. Сөзін түсіне алмадық, бірақ сол бір таңғажайып тамаша, ескен желдей еркін жыр жан-тәніне терең бойлап, әмірлі де әуенді, ақын даусын бір естіген адам өмір-бақи ұмытпайды... Ол бір ғаламат, ақындардың атасы, жыршылардың әкесі Жамбылдың өзі еді.

Қапсағай жауырыны ырғала бүлкілдеп, столға тесіле қараған қалпы, ұзақ жырлады, шекті аспабының дыбысы әзер естіледі, ол да өз бетімен тіршілік құрып, несінің салалы жүйрік саусақтарының ырқынан құтылғысы келіп, бебеу қаққанымен, құтыла алмаған тәрізді. Өлең сазының ойнақылығы, тұла бойынды шымырлатқан тартымдылық күдіретінің күштілігі сонша, тіпті отырған орындығыңнан қарғып түсіп, сабырлы да салықалы жылқышылар мен бақташыларша, аңшылар мен саятшыларша, еденде малдас құрып, жағыңды таянып алып, тіршілік пен табандылық жайын, әлемнің ұлы кеңшілігін, заманалар ағымына қарамай, мәңгі-бақи қайталай беретін сағыныштың кәдімгі тәтті сезімін жырлайтын осы бір дауысты тыңдай бергің келеді.

Жырдың қай кезде тына қойғанын байқамай қалыппын. Отыруы қандай шапшаң болса, тұруына да көз ілеспеді, қаптал шапанын қаусырынып, кең езуінде күлкі ойнап, орнынан ұшып тұрғанында, алтайы түлкі бөркінің алтын түктері қайтадан жалт-жұлт етіп, отша жайнап қоя берді. Егер Жамбыл келмесе, көне заман жыршысы Руставелиге арналған ақындар тойының дәл мұндай сәні болмас еді.

Оның залға келуі қандай тұтқиыл болса, қашан шығып кеткенін тағы да аңғармай қалдық. Жасы нешеде деп сұрадым.

— Тоқсан бір жаста!— деп жауап берді маған жұрт.

...Тбилисиден Москваға поезбен бірге қайттық, жолшыбай өлең жайында, ақындар жайында, дүниедегі кездейсоқ немесе келелі талай нәрсе жайында сөз тарттым одан. Жұрттан жасырар ешқандай құпия, ешқандай си-

қырлы қыры жоқ. Бір аяғын астына бүгіп, бір аяғын сәкіден салбыратып жіберіп, шай табақтан сораптап шай ішіп отыр, өзінің егде тартқан шәкірті балаша жүгіріп, асты-үстіне түсіп, қызмет етіп жүр, Жамбылдың өзі бір-деме демесе, ләм деп тіл қатпайды.

Теріскей Кавказдың жүйткіп өтіп жатқан биік аспан, буалдыр бел-белеске ұласқан қарлы даласынан көз алмай, талай сағат бойына терезеге қарап тапжылмай отыра береді.

— Тірі пендеге жер де жетеді, жыл да жетеді, жыр да жетеді,— дейді ол күбірлеп, өз даусына өзі құлақ тосып, тың тындағандай.— Жер де тозады, жер сияқты адам да тоқырап, өлең шығарудан қалады, үні жарықшақтанып, қанатынан қайырылады, бұрынғыша кең далада атқан оқтай зымырай алмайды. Мен осы ғұмырымда барар қысыма бір рет барып та қайттым. Тамыр-тамырымды сақылдаған сары аяз сорып, қан басымды қырау шалды, буын-буыныма мұп-мұздай сарысу жүгіріп, сіресіп қатып қалды. Қарсы алдыма қарасам, қарға адым жердегі екі адамды бірінен-бірін ажырата алмай, кісінің орнына көлеңкемен сөйлескен заман болды, өйткені менің өзім де тірі аруаққа айналып, аруақтар дүниесінде күн кешіп, даусымнан үн қашты, әлсіз қолымдағы қуарған қу таяқтай иміп кеттім. «Осы маған не боп кетті?»— деп сұраймын өзімнен. «Жырын біткен сорлысың ғой»,— деп жауап берем тағы да.— Жырлағаным да ылғи қайғы мен қасірет еді, бәрі де өз халқымның мұң мен шері ғой, жырым да қаршығадай қағылез, қырандай қиғыр, сәйгүліктей жүйрік еді-ау, қайтейін, ол да бұл күнде тірі аруаққа айналды. Бір кезде бай-манаптар менен өлердей қорқушы еді, енді айылын да жимайтын боп кетті! Енді менен бұрынғыдай құдыретті сөз шықпайтынына, халқымның даңқын бұрынғыдай көтере шырқай алмайтыныма көздері жеткендей, басынып алды, көрген күнім итке бергісіз. Бұлақ та сарқылады, қара дауыл қарт бәйтеректің ұшар басын жерге иеді, жалғыз аяқ сүрлеуді құм басады. Халықтың өткен даңқы өткенде қалды. «Өтеген батыр» мен «Сұраншы батырды» мен осылай жырладым. Зердемдегі көне сөздің кеудемдегі үні біткенше жырын жырлап бактым да, сон-сон, өлген де бір, мен де бір, төсек тартып жатып алдым. Бірақ көп ұзамай ақ патшаның тұқымы құрып, менің халқым жас дәурені қайта оралған адамдай дүр сілкініп, ұйқысынан оянды. Жолым үйдің түндігін түріп тастап, мен де шықтым далама. Қызыл күн шапақ атып,

шал кеудеме шұғыла шашқанын көрдім, домбырамның өзімді шақырған үнін естідім. Өзімнің де қақаған қыс өткен соң бір-ақ ояңғанымды сонда білдім, ерніме өзінен-өзі жыр жолдары орала кетті, бұрынғы іші-бауырымды іштен жеп, сартап қылған шерменде өксуге де, ыза-кекке де ұқсамайтын жана жыр. Иығымнан түп-тұтас жүз жылды жұлып тастағандай, тұла бойым жеңілейін сала берді...

Бетіне қараймын. Үлкен сары тасбиығын тынымсыз тартады, екі көзі кенет нұр жайнап, жанары жылы тартып барады, өзі ғана білетін әлденені күбірлеп отыр. Оның замана жайлы өз ұғымы, адамдар жайлы өз пікірі бар. Меніңше, оның өлеңдерін басқа тілге тәржімалау мүмкін емес, өйткені ол өлеңнен гөрі терең күрсінуге көбірек ұқсайды, дала шөбінің сыбдыры, кәрі емен жапырақтарының суылы тәрізді мақамы сазды, мәуесі саялы, мағынасы сан алуан. Гректер мен римляндардың қасиетті емен жапырақтарының сыбдырына қарап бал ашып, бұтағын кең жайған мәуелі сәуегейдің дыбысынан жан иесінің қолынан келмейтін әлдене бір әулиелік күтулері тегін емес сияқты. Бірақ Жамбыл «Бір кезде байманаштар менің өлеңімнен өлердей қорқушы еді»,— десе, ол имандай шыны, өйткені оның қыр елін көтеру қолынан келетін, айтам десе, ермендей ащы, емендей қатты шындықты олардың көзін шұқып отырып айтып беріп, жұрт алдында өлімші мазақ ету қолынан келетін...

Жамбыл жыр туралы сыр шертеді:— Жыр қалай туады дейсің бе? Ол ақын жүрегінің терең түкпірінде жаратылып, жұртқа жететін жол іздейді. Дүниедегінің бәрі де, тіпті аспандағы бұлттың жерге түскен көлеңкесі де жырға жейде бола алады; дүниедегінің бәрі де, тіпті ат тұяғының дүрсілі де жырға үн бере алады; дүниедегінің бәрі де, тіпті таңғы жұпар да, шүйілген сұңқар да, бәрі де жырға жан бітіре алады! Ал бірақ өлең бір туды екен, ол ақша бұлттардан да биік самғайды, түментүмен тағалы тұлпарларыңның мың сан дүсірінен басым түсіп, осынау кең жазираға сыймай кетеді. Жат жұрттарға да өтіп, көрмеген елдердің көкейінде бұлбұл болып сайрайды...

Ол өзімен өзі ғана сырласып отырған тәрізді. Жамбылдың не күбірлеп отырғанын маған шәкірті аударып отыр.

Ол былай дейді:

— Бала күнімде мен егіс танабы, бау-бақ, арық дегенді көрген емеспін. Жігіт кезімнің өзінде үлкен тас

шаһарларды да, темір табан жолдармен зымырап бара жатқан үйлерді де, үйдің жарында қыбырлап жүретін, әлгі бір кино деп аталатын көленкелерді де көрген жоқпын. Менің көргенім — дала, даладан асыл ештеме жоқ. Мынау Грузия деген елің өте сұлу жер екен. Көз қуанып, көңіл тояттар көп нәрсе көрдік мұнан. Бәлкім, мұнда еңбек ету үлкен михнат болар — иін тірескен ылғи тау, бір жоғары, бір төмен итіндеп жүргенің. Әйтсе де орманы да көп екен, бақтары да көп екен, сулары да көп екен, тауқыметі де көп болар. Жайдары жарқын бір жандар, өлеңжанды, биқұмар, қыздары сұлу, ұлдары қияпатты келеді екен, мінездері жайсаң, өздері менің жырларымды жақсы көреміз деп мақтап жатыр. Тамаша, сұлу ел!— деді ол, сонсоң біраз ойланып қалды.— Ал, бірақ бәрінен далам жақсы. Жер аяғы кең, қайда барам десең де еркің, жігіт те көп, жылқы да көп, жыршы да көп...

Жамбыл терезеге үңілді.

— Қыс көзі қыраулы,— деді ол.— Мұнда жер ұйқысы шала екен, ал біздің даламыз көк кестелі ақ көрпесін жамылып алып, алты ай қыс бір оянбайды. Ашуланса ақ боран боп буырқанып, аспан мен жердің арасын қарға көмеді, бас көтеріп байқап көр. Сонан соң құлаққа ұрған танадай тына қалады, қараторғайдың шырылы ғана естіледі. Жазғытұрым ұйықтауға уақыт жоқ,— құс атаулы түні бойы у-шу боп, қанаттары дамыл таппай, өзен бойлап, көл бойлап жосылып жүреді. Дала да көкала жасыл, көк жасыл, менің қасабдар шапанымдай, құлпырма да құбылма. Бәрін де түсінеді, бәріне де жауабы дайын. Жаздыгүні дала біткен сарғыш тартады, көктемде көмейі жыртылғанша шуылдасқан құс атаулы аузына құм құйылғандай, тым-тырыс. Тек саршұнақ, балпақ қана байбалам салып ысқырып, сені көре сала, қорыққанынан жып етіп ініне кіріп кетеді. Күзде жер бетіне кемпірқосақ құлағандай, кең дала құлпырып, жайнап шыға келеді. Ол — жерге түскен бозқырау, шебердің шебері де мұндай ғаламат кілемді тоқи алмайды. Біздің дала ғажап қой, сар далада сәйгүлікпен сайрандап жүргенге не жетсін шіркін! Даланың ауасын жұтқан сайын өмірім ұзарып, ширай түсем...

— Әне, көрдің бе?— дейді ол, аяңмен асықпай кетіп бара жатқан салт атты колхозшыны терезеден көрсетіп.— Бір күні дәл анау сияқты, атқа салт мінем де, күллі даланы кешіп өтіп, түп-тура Мәскеуге барам. Апта жүрермін, ай жүрермін, бірақ тамаша ғой! Таң ата

атқа қонамын, күн бата аттан түсем. Өлең айтам. Ат үстінде ән шырқаймын.— Туған жер, өскен ел, қауырт еңбек жайын жырлаймын. Ұзақ жол, халықпен дидарласасың, қай жерде қандай қала бар, қандай колхоз-совхоз бар — бәрін көресің. Таң құланиек атып келеді, ат та отығып, тынығып қалған, күн де ашық, жайдары. Қызыл алаңға келесің. Кремль ертегідегі алтын сарайлардай қызғылт нұрға малынып, көздің жауын алып тұр, күн шұғыласының өзінен ғана жаралғандай. Неткен ғаламат! Қайтсем де барам... Әкем тегі, кәрілік те сөз боп па! Мен қазір-ақ тартып кетер едім,— дейді ол езу тартып,— әткен, бұл жерден барар жолым тым шалғай...

Бұл сөзін мен кәрі адамның мысқылы деп те, өз қауқарының аз қалғанын әжуалау деп те ойламаймын, ол имандай шынын айтып отыр, сондықтан да сенем мен оған, осынау жігіт ақынның таңсәріде Қызыл алаңға салт барып, қойтастай кесек маңдайына үйірілген бұршақ-бұршақ терді дәу бөркімен сүртіп тұрған көрінісін көз алдыма елестетем.

Ол тағы бір рет шай ішіп алып, өз шәкіртімен өлең жайлы сөйлесіп кетті. Сірә, ананың кейбір сұрауларына жауап беріп отырса керек. Шәкіртінің ынта қойып шұлғы тындағаны сонша, тіпті мұртының қияғына дейін дірдір етеді. Дәу құмандағы шай сарқылып, қайнаған сумен қайта үстелді, сыртта ымырт үйіріліп, оңтүстіктің қысқы кеші басталды. Купеде ала көлеңке, қараңғы түсіп барады, бірақ Жамбыл көпке дейін шам жаққызбады. Тік шаншылған қалпы, тас құдайша мізбақпай, терезеге қадалып қапты, даланың біресе көгілдірден шымқай көкке, одан қара көкке, одан күлгін көкке айналып, алыс жондардың қарауытып бара жатқан пішінін көріп, қоп-қою, қап-қара шайды сораптап отырып, бірдемелерді күбірлейді...

Таң алдында мен оның қаңыраған салқын дәлізде терезе алдында тұрғанын көрдім. Қыстың қырауытқан көгілжім тұманынан созалақтап зорға көтерілген күн көзіне бас шұлғысып амандасқандай, ырғала шайқалады. Табиғатпен бетпе-бет оңаша дидарласқандай, желке тұсында жаңа ғана өзі шыққан купе мен онда шашылып жатқан көрпе-жастық емес, кәдімгі жолым үйі тұрғандай. Бәлкім ол күнге табынып тұрған шығар, кім біледі. Қабағы қатулы, қалың ойға шомғандай, бұл сәттерде онымен тіл қатысуға болмайды.

Жамбылмен дидарласып, сұхбаттасып, өлеңін ұйып

тыңдап отырғанымызда, оның жасы жүзге таянып қалғанын, ал біздер ол үшін адамдардың жас буын, жаңа ұрпағы ғана екенімізді, ал осынау жасқа келгенше оған ұшырасқан адам атаулыға сан жетпейтінін бір сәт те қаперімізден шығарғанымыз жоқ. Ол — ақыл иесі, сондықтан дүниеге келген әрбір жан иесінің қарекет-қарбаласына араласып әуре боп жатудың оған қажеті жоқ, өйткені ол салқын сабырмен сырттан бағудың тыныштығына көз жеткізген адам, тұрмыс-тіршіліктің небір мызғымас қағидалары жайлы пікір айтуға қақысы бар.

Москвада, Алматыда, Ленинград пен Тбилисиде өз маңында көрген түсініксіз жайттардың бірде-біріне таңданып көрген емес. Дүниеде небір зәулім үйлер бар, ығы-жығы, у-шу адамға толы көшелер мен алаңдар не сан, электр нұрына малынған сарайлар қаншама, ғажап самолеттер, күрделі де қомақты талай-талай заттар бар, бүкіл елдің тағдыры бір өзіне қараған әйгілі адамдар бар, бірақ жыл сайын, көктем туа өзіне жаңа күш, жаңа қуат әкеліп, бір қуанып тастайтын, жыл сайын жер бетін қызылды-жасылды түкті кілеммен безендіріп, қыруар құсты қиқулатып қайырып әкелетін, торғын көк түнгі аспаны, заңғар аспан әлемін қалықтай шарлаған жұлдыздар ағыны бар кең даланы қайда қоярсын, одан қалды, кішкентайынан көкейіне ұялаған, өзімен тел өсіп, бір жасасып келе жатқан, сап-сары түнемел қымыздай, жүрегінді дүрс-дүрс соқтырып, басына шабатын, көңілінді көл дария қылып, камыққанда жұбататын өлең-жыры бар емес пе?

Бұл өмірде уақыт деген немене? Ол жас кезінде көне заман батырларының ерліктері жайында, жорықтар мен шайқастар туралы талай қиссаны жатқа білуші еді, сол жорықтар мен шайқастар заманы қайтып туып, оның ең сүйікті баласы Алғадайды алып кетті, көп-көп жолдас-жорасынан айрылды, бірақ уақыт та сөз құдіретінің алдында бас иеді, өйткені уақыт туралы айтылған сөз ғана халықтың жадында сақталып қалады, сондықтан да ақындардың атасы ештемеден саспайды, өмірінің әрбір кешін алыс жолдан шаршап келіп, атының ер-тоқымын алып, аяғына өре салып далаға отқа қоя беріп, өзі жантайып жатып, киіз үйдің жабығынан жымың қаққан құс жолын көріп, тыныс тапқан түнгі даланың тымтырыс тыныштығына құлақ түріп жатқан жолаушы тәрізді сабырлы ғана қарсы алады.

Жамбыл — поэзияның ең асыл қасиетін қастерлеп сақтаушы өлең сөздің пірі еді, сол асыл қасиет пен адам-

ның жұптасуы, жұптасқанда да, табиғаттың көз үйренген бір құбылысы тәрізді, кәдімгі жел мен күн, күн мен түн тәрізді түгел сіңісіп кеткен жан еді.

...Соғыстан бұрынғы Ленинград трамвайының әлеміш-әлеміш шуылдақ вагондары ұнаушы еді маған, қоңыр күздің жып-жылы іңір әлетінде жамырасқан қалың жұрт, әркім өз шаруасына асығып, жапа-тармағай сығылысып бара жататын; көбінің қолында шоқ-шоқ гүл, құшақ-құшақ бақ гүлдері, себет-себет қой бүлдірген, қара шие, саңырауқұлақ. Вагондағылар ахахалап күліп, аңқылдап әзілдесіп отыратын; мектеп оқушылары пионер лагері туралы әсерлерін, жаз айларында бастан кешкен оқиғаларын бір-біріне жыр қылып айтып шуылдасып жататын; жастар жағының әңгімесі — тек спорт, футбол яхта жайы; мінезі қатал кондуктор әйел өз міндетін орындап, вагон тәртібін бұзушылармен керілдесіп жататын; жаңа жаза бастаған жас ақындар өлеңін дауыстап оқыса, жанындағы қыздардың шек-сілесі қатып, аңқау есерді келеке қылып мәз болатын.

Осынау алабажақ әлеміш күздің сиқырлы қыл қаламы еркін көсіле тамаша бояған мәуелі бақтардың, айқара ашық тұрған терезелерінен стол үстіндегі қызылды-жасыл шам қалқандар төңірегінде не кешкі асын ішіп, немесе жұмыстан кейін өзара әңгімелесіп, жай ғана демалып отырған ленинградтықтар анадайдан көрінетін пәтер үйлердің жанымен салдыр-гүлдір өтіп бара жататын.

Дүкенде сатылатын антоновка алмасының тап-таза, мүп-мүздай хош иісі аңқитын, самал жел, солған гүл, сарғайған жапырақ пен шылау басқан тоғандардан лебін тартып, танауыңды қытықтайтын.

Вагондар көше бойлап келе жатады, ұзыннан-ұзақ сап құраған сүттей аппақ фонарлар, жайнағыш жарнамалар, жөңкілген сансыз машиналардың фарлары самсап жана бастайтын...

Қырық бірінші жылдың сентябрінде, қоңыр күздің іңір қараңғылығында Суворов проспектісінің бойымен жүріп өткен трамвай вагоны оған мүлде ұқсамайтын. Үн-түнсіз тұнжырап, біріне бірі тығылысып келе жатқан адамдардың қолдарында астра да, флокс та, саңырауқұлақ салған себет те жоқ. Оның орнына көбінің нығына асып алған противогазы бар. Көпшілігі әскерше киінген. Бір жас келіншек жіп-жіңішке сарғыш тұлымдары селтиген кішкентай қызын бауырына қыса түсіп, қолындағы қайғылы хатты қайта-қайта оқып, қайта-қай-

та күрсінеді де, вагондағы жұрттан бетін жасырып, терезеге қарай теріс айналады.

Жұрт арасынан жол салып, есікке қарай бара жатқан басқа бір әйел орамалын бетіне басып, үнсіз егіледі, оны қолтықтан демеп жүрген еркек адам әйнектеріне айқыш-ұйқыш немесе жол-жол етіп қағаз жапсырып қойған көп қатарлы зәулім үйлерге тесіле қарайды, ұзыннан-ұзақ шұбатылып, адамды мезі қылатын терезелердегі осы бір қағаз белдіктер көңілге қаяу салып, демін ішіне тартып бүрісіп келе жатқан осынау сұрықсыз вагонда жұрттың бәрінің еңсесін езіп, ұнжырғасын түсіріп қойған сол бір сұрапылды қайта-қайта еріксіз еске салады.

Бұл кезде ешбір көшеде ешқандай фонарь жағылмайтын. Ешбір терезеден шам сәулесі көрінбейтін. Белгісіз үрей, тұтқиыл апат, қайырымсыз қаза күткен беймаза көшелерде көмескі, күлгін іңір қараңғылығы қойланып барады. Вагонда ешкім де қатты сөйлемейді, ойында, күлкі де жоқ. Қарс жабылған қабақтар, тұнжыраған жүздер, тістенген еріндер, сескеніс, секем толы сараң сыбыр.

Қағаз жапсырған терезелер ғана болмаса, вагон әйнегінен бәлендей өзгеріс көрінбеп еді, бірақ ол Невскийге қарай бұрылған кезде бір зор күш қақ маңдайынан оңдырмай соққандай, вагон артқа қарай ыршып түсті де, тежегіштері шақыр-шұқыр ете қалды. Тым-тырыстыныштықта тұлымшағы селтиген кішкентай қыздың үрей аралас ащы даусы естілді:

— Мама, мама, ананы қарашы, сиырлар келе жатыр!

Бәріміз де кішкентай қыз нұсқаған жаққа жалт қарадық. Шынында да мұның өзі қала үшін күтпеген көрініс еді. Тоқтап тұрған вагондардың қасымен, қызғылт топырақты бұрқылдатып, бір табын сиыр кетіп барады. Аяқтарын еріне басып, бақайлары сыртылдап, маңқиып үйлеріне бара жатқан, немесе өріске бет алған маңқасқа жануарларға ұқсамайды, әбден қалжырап, қу қабырға, құр сүлдері қалған, әлсін-әлі сүрініп жығылып, бауырын әзер көтеріп, сонау қиын, қиян алыстан өкпесін сүйретіп осы қалаға титықтап әрең жетіп, әйтеуір аз да болса, ажал қуғынынан пана тапқан бейшаралар еді бұлар. Айналасындағымен шаруасы жоқ, әлсін-әлі зарыға мөңіреп, сылбыр аяңмен сүйретіліп бара жатыр. Оларды шыбықпен айдап келе жатқан еркектер мен әйелдер де үсті-басы алба-жұлба, шаң-шаң, қабақтары қарс жабылған, аяқтарын әзер басады, қазіргі бар ой-

лары — мӓл мен арбаларды темір жолдан неғұрлым тезірек өткізу. Сиырлардың соңынан үсті-басы батпақ-батпақ көк ешкілер қыбырлап келеді, одан ары жел аударған қаңбақтай домаланып арық-тұрақ қойлар ілескен, текелер селдір сақалдарын шошаң-шошаң еткізіп, қып-қызыл көздерімен айналаға тесірейе қарайды. Атар боқташақ тиелген арбаларды әзер тартып барады, о жер, бұ жеріне қара қошқыл бірдеме тамған ауыр брезенттер көрсен зәрең ұшатын бір сұмдықты көлденең көзден жасырғандай, доңғалаққа дейін түсіре жабылған.

— Мама деймін, сиырларды қарашы!— деп айқайлайды кішкентай қыз бала даусында қызығудан гөрі қауіп басым тәрізді. Сиырлар бұрын бұлай қаланың қақ ортасында жүрмеуші еді ғой, бұлай жүруіне қарағанда бір сұмдықтың болғаны ғой деп, көңіліне күдік алғандай. Сиырлар азан-қазан мөңіреп, әбден есін шығарған.

Жұрт қашқындар тобырына қарап, бір-біріне сараңғана тіл қатысады. Сонан соң вагон «Көтеріліс алаңына» қарай бет алды. Іңір қараңғылығына шомған алаңда, оның ар жағындағы Москва вокзалының алапат үйі де, оның алдына егілген, бір шеті сонау қара көлеңке Лиговкаға дейін тартылған үлкен газон да көрінді.

Нева проспектісі маңындағы аялдамадан жолаушылар тым-тырақай тарап барады; трамвай жолдары қиылысатын вокзал алдында бұрын да вагондар әжептәуір босап қалатын. Бірақ мынау арада түскендер бөлекше үрейлі, құлаққа жат қатты гүрсіл естіді. Сол, сол-ақ екен, Бакунин проспекті жағында көкала түтін бұрқ етіп, арасында жай оғы ойнағандай болады да, оған ілесе тағы бір жерде дәл сондай түтін тағы да бұрқ ете түсті. Төбе құйқанды шымырлатқан металл ысқырығы вагонға да жетті. Біреулер асығыс кері қашты, біреулер Нева проспектісіне ұмтылды. Кейбіреулер не боп жатқанын түсіне алмай, жан-жағына жалтақтай қарап: «О не? Не боп қалды?»— деп аң-таң боп тұр.

Арқасында жол қоржыны, колына жуан таяқ ұстаған, түксиген біреу ызалана тамағын кенеп, зекіп тастады:

— Не болушы еді? Зеңбірек добы да жарылып жатқан. Көрмеймісің қаланы тура атқылап тұрғанын...

Вагонның қарсы алдындағы қабырғада бірінің үстіне бірі үймелей жапсырылған плакаттар көрінеді. Солардың бірінен: «Жау Ленинград қақпасына жетті! Күш-жігерімізді, өмірімізді аямай туған қаланы қорғап қалайық!»— деген сөздерді оқыдым. Ал екінші біреуін-

де: «Ленинградты жау қолына бермейміз, абыройымыз бен арымызға дақ салмаймыз!»— деп жазылған.

Бос қалған вагонға бір, «ілгері жүре берсем бе екен, әлде вагоннан тайып тұрсам ба екен»,— деп екі ойлы болып толқыған жолаушыларға бір, бізге қарай таянып келіп қалған жарылыстардың жалаңдаған отты тіліне бір қарап алып, кондуктор әйел қонырауын бар күшімен саңғырлатты да:

— Невский бойымен баратындарың бар ма, кәне? Бағдар өзгерді, вагон енді Невскийдің бойымен кетеді,— деп айқайлады.

Вагон тас қараңғы Невскийдің бойымен кетті, қалаға бірінен соң бірі гүрсілдеп түсе бастаған зеңбірек добы өкшелеп қуып барады.

Айнала бәрі де бағзы қалпы. Бала күннен көз үйренген баяғы сол үйлер мен көшелер, вагондар мен адамдар. Әйтседе бұрынғының бірі жоқ. Орасан зор, сұмдық ауыр, қанішер зұлым, атауға ныспысы жоқ жексұрын бір сұрапыл төніп келе жатқандай.

Менің өзім де басқа адам боп кеткен тәріздімін. Сарай алаңына шыққан қараңғы вагонда отырып, ол күндері табысқа мастанып құтырынған жау-дұшпан қаланы қорғаушылардың қайратын жасыту үшін әуеден дода-додасымен тастаған неміс листовкаларын есіме түсірдім. «Егер сіздер,— деп жазды,— ешқашан жеңілмейміз деп бөскен әңгүдік «адам сырттандары»,— Ленинградты қорғап қаламыз деп ойласаңыздар, онда қателесесіздер. Неміс әскерлеріне қарсылық көрсетем деп, сіздер құлаған Ленинградтың қираған үйлерінің астында қалып, текке қырыласыздар, немесе өршелене бораған неміс бомбалары мен зеңбірек доптарының жемі боласыздар. Біз Ленинградты жермен-жексен етіп, Кронштадты су бетімен бірдей қыламыз...»

...Өртенген самолет артында қара майдай қоп-қою түтін шұбатып, Исаак соборы күмбезінің ар жағынан шыға келді де, соншама тез құлдилай бастады, біз оны Невскийге жете алмай, жолдағы бір үйдің төбесіне құлайды-ау деп ойладық. Бірақ ол қайқан етіп аспан көкке қайта көтерілді де, түтін мен жалынға оранған қалпы, бір көрінді де, жоқ боп кетті.

Менің сол арада кім көрінгенді ұстап алып: «Көрдіңіз бе жаңағы ерлікті? Біздің батыр ұшқышымыз адамдарды апатқа ұшыратпау үшін, қалада өрт шығармау үшін, жанған самолетін қалаға құлатпады ғой. Ақтық күшін салып, анау жаққа, Неваға қарай алып кетті. Әт-

тең, жете алса жарар еді, менің бар тілегім сол...»— дегім келді.

Оның Неваға жетіп жығылғанын мен ертеңіне естідім. Самолетін де көрдім: Литейный көпірі мен жағалаудың екі аралығындағы бұрышқа тұмсығынан шаншылып, Нева суында бүктетіліп жатыр екен. Ұшқышты ажалдан ақырғы минутта ғана жұрт құтқарып алыпты.

Ал бірақ дәл сол кезде мен оның от-жалынға оранып, самаладай лапылдап, қаланың үстінен зулап ағып өткенін өз көзіммен көріп ем, ерсілі-қарсылы өтіп жатқан жолаушыларды да тоқтатқаным жоқ, оларға айтқым келгенін де айтқаным жоқ. Өйткені қанды шайқас түн баласына тоқтамайтын от оранған сол бір күндердің әр сағат, әр минуты онсыз да ерлік пен қаһармандыққа толы болатын...

Мен Октябрьдің алғашқы күндерінде бостандық ауасын рақаттана еркін жұтып, өз бойынан әлемде ешбір күшке бас имейтін саркылмас қайрат пен жасымас жігер тапқан адамдарды көргенмін.

Мен аштық пен ауыр сыннан әбден қалжыраған, бірақ Петроградты Юденичтен қорғап қалған адамдарды көргенмін, олардың жүздерінде Питер пролетариатының қайсарлығы мен ежелгі тап жауларына деген өшпенділік көрініп тұратын. Енді, міне, Ленинградты қорғаушылардың ортасындамын. Олардың пендешілік күйбені, үйреншікті тіршілік-қарекеті, майдагер өзімшілдігі қайда кеткен?

Олардың әрқайсысының бойында қаншама өрлік, өмірге деген қаншама мол сүйіспеншілік жатыр!

Атақаға шығар алдында ауыр тыныштық орнағанындай, жұрттың бәрі үн-түнсіз неменеге үніле қалды екен? Қатулы, қаһарлы көздерін неменеге тігіп, неге кенет көз жанарларынан айрықша бір жылылық ойнап шыға келеді?

Көшенің мүйісінде қарайып кеткен тақта тұр, сонда жапсырулы үлкен бір парақ қатты қағаз көрінеді. Әріптері баданадай, анадайдан мен мұңдалап, оқымай кетуге ерік берер емес. Ол — өлең жолдары еді, бала күннен көзіңе ыстық мына көшеде кездесе қоям-ау деп үш ұйықтасаң түсіңе кірмейтін ескі досыңның ойда жоқта арт жағыңнан атыңды атап шақырған дауысындай еді ол өлең. Мен оқи жөнелдім:

Ұлы Ленин дананың
Атындағы қаланың,—
Бесігінде тел өскен,

Балаларым — жанарым,
Сәулетім, сәнім, айбарым!
Анасындай даланың
Өзендердің алабын
Байқағанда байыптап,
Бейнесін көрем Неваның.

Мен қабақтары салыңқы, түнгі дүрбеленнен ұйқылары шала болған адамдардың арасында тұрмын. Солдаттар мен офицерлер, теңізшілер мен көк комбинезон киіп, противогаз асынған қыздар бірінен соң бірі келіп, өмірінің ең қиын, ең ауыр, ең қатерлі минутында ең жақын адамынан келіп жеткен сәлем хаттай Жамбыл өлеңін құмарта оқып жатыр.

Көпірі осы Неваның,
Көзіме түссе көрікті.
Бір серпіліп қаламын,
Аңғарсам қала аймағын,
Балтықтың терең жарларын.
Қаланы нұрға шомылтып,
Ымыртта жанған шамдарын,
Зәулім-зәулім үйлерге
Алтынды күмбез салғанын —
Қырдан болжайт жанарым.

Ешкім езу тартып күлген де жоқ, ешбір адам бір ауыз сөз айтып ләм-мим деген жоқ, бірақ жан төзгісіз талай қиындықты көктей өтіп, адам айтқысыз алыстан осында жеткен, шын жүректен жарып шыққан осынау қарапайым сөздерді жадында мәңгілік қалдыру үшін, кей сөздерін қайта-қайта оқып, көкейіне құйып алуға тырысатындықтарын аңғардым.

Күн ұзақ әскери тапсырмалармен қайда барсам да, бүкіл қаланың көше-көшесінің бәріне ілініп, Ленинградтың әр үйінде радиодан саңқылдап тұрған осы өлең ойымнан шықпай қойды. Радио оны майдан даласына да жеткізді. Ол өлең окоптарға да, Ленинградтың тағдыры шешіліп жатқан алғы шепке де барды.

Қаланың қанды шайқасқа қалай дайындалып жатқанын, тіпті көшелер мен алаңдардың, тіпті үйлер мен бақтардың өзінде дот орнатып, мүйістердегі үйлерде пулемет ұяларын жасап, баррикада, аран-баған әзірлеп, атыс орларын қазып, бомбадан тығылатын жертөле-баспаналарды мықтап жатқан қалпынан мен тарих тынысын ұқтым, тағдырдың қатер толы адымын аңғардым.

Ол күндері Нева жағалауындағы қалада болған мұндай оқиғалар жеке бір көрініс, кездейсоқ оқиға

емес еді. Біз адам жаны түршігерлік тарихи қыл көпірдің үстінде тұрдық. Біз тек Октябрьдің бесігін ғана емес, бүкіл адамзаттың болашағын қорғап жаттық. Өр шаттық алқымымызға тығылатын. Ленинградты жауға бермейміз! Біз бұл плакатты жауды жеңген күні музейге апарып қоямыз. Егер қажет болса, біз Ленинградтың ең ақырғы үйінің үйіндісінде ең ақырғы адам қалғанша соғысамыз! Біздің Троя халықтардың жадында аңыз боп қалады, бірақ мұнда Троян атын еш-уақытта да жібермейміз!

...Көзге түртсе көрінбейтін қараңғы түннің қойнында жатқан қаланың төбесінен қарап, өз үйімнің балконында тұрмын. Түн. Жамбыл сөздерін қайта-қайта қайталаймын:

Қаһарындай халықтың,
Ызалана толқыған.
Айбарындай Балтықтың,
Домбыраның қос шегін
Шертіп, жырды шалқыттым.

Жамбылға қарттықтың даналығын берген Уақыт оны болашақты сезіне білу қасиетінен айыра алмады. Мен бұрын ол жайында ойлағанда, тым ұзақ жасады ғой, қазіргі заман оған жаңа бір эпос сияқты болып, қалтқысыз әділ өнердің тағы бір жаңа беті болып қана көрінетін шығар деуші едім. Кенет мен қиырдан есіп қияндағы қыр еліне жеткен Балтық желіне төсіп ашып, осынау Ленинград қорғаушылары сияқты түн баласы кірпік ілмей жүрген Жамбылды көрдім.

Мен қорған төбенің басында малдас құрып отырған ақындардың атасын көз алдыма елестеттім. Күз түсе қанатты жасақтарын ұзақ жорыққа жинап жүрген тырналар төбесінен қиқу салып өтіп жатқандай. Қызғыш құстың қыз даусы сыңси естілгендей. Сонау қиырдағы қалың өрттің түтініндей дала шаңы жер бетін жалай жөңкіп барады.

Әуе шайқасына әзірленгендей, қаршығалар төмен зулап барады. Дауыл келе жатқанда құйқа тамырын шымырлағанындай, белгісіз бір үрей тұла бойынды тітіретіп, сөз боп атылғысы келеді. Содан ол сонау жер шетіндегі ұлдарына өсиет сөзін арнады, өйткені оның көкірегінде аталық ұлы сезім ырши оянып, жалын атты да, өзіміз совет халықтарының туысқандық ынтымағы деп қастерлейтін ұлы сезім жүрегін дүрс-дүрс соққызды. Оның енді тек былай деп бастауы ләзім:

Ленин атты қаланың
Қорғап құрыш алабын,
Бұрқана түс, балларым,
Сәулетім, сәнім, айбарым!

Прожектордың ақ қылышы Ленинградтың түнгі аспанын қак айырды. Ұлы қала отты қылышымен Жамбыл жырының сөнбес шұғыласына салют беріп тұрғандай!

СӘБИТ МҰҚАНОВ

ҰЛЫЛЫҚ СЫРЫ

1936 жылы көктемде Алматы қаласында қазақ ақындарының республикалық бірінші слеті болды. Осы слетте Жәкең «Туған елім» деген дүние жүзіне әйгілі жырын айтты. Бұл жыр Жәкең шығармаларының ғана емес, бүкіл совет поэзиясының ең биік шыңы еді, сондықтан да бұл жыр Советтер Одағындағы барлық тілге аударылды, сондықтан да бұл жырды барлық Совет елі күні бүгінге шейін үлгі есебінде қолданады.

1936 жылдың көктемінде Москвада қазақ көркем-өнерінің онкүндігі болды. Осы онкүндікке бірге барған Жәкең Лениннің Мавзолейін, үкімет басшыларын көргенде, соларға арнап бірнеше жырлар шығарды. 91 жасқа шыққан қарт ақынның бұл сияқты қарқынды шабытын қарсы алған Одақтық үкімет Жәкеңе Еңбек Қызыл Ту орденін сыйлады. Сол сыйлықты Кремльде Жәкеңнің кеудесіне қадап тұрып, СССР Орталық Аткару Комитетінің председателі Михаил Иванович Калинин былай деді:

«Көркемөнердің ең жоғарғы, ең талантты, ең данышпан түрі — халық көркемөнері, басқаша айтқанда, халықтың көңілінде қалған, халық сақтап келген, халықтың әлденеше ғасырлардан бергі, бірден-бірге қалдырып келген көркемөнері, бұл күмәнсіз. Өздеріңізге мәлім, құны жоқ көркемөнер халықта сақталмайды. Халық та — бір, алтын іздеуші де — бір. Ол ең бағалы, ең данышпан нәрсені ғана іріктеп алып, өңдеп, әлденеше ондаған жылдар ұстайды... Сөз жоқ, халық та нағыз артықша көркем және данышпан шығармалар туғызып, бұрынғыдан да әрі жемісті етіп өңдейді».

1936 жылдан бастап, Жәкеңнің жырын өркендетуге

ерекше жағдай жасалғаннан кейін Жәкең социалистік құрылыстың жетістіктеріне, күнделікті болып жатқан саяси, шаруашылық, мәдени науқандарға даусын мынадай жағдайда қосты:

1. Жәкең радио тыңдағыш еді. Көңілін қозғайтын бір хабарды Жәкең естісе, хатшыларынан немесе маңайына көп үйірілетін мектеп оқушыларынан сол естігенін толығырақ баяндауын өтінетін. Содан кейін, естіген жаңалығы көңіліне әбден қонған соң, жырлауға кірісетін.

2. Жәкең газет оқытуды ұнататын еді және нендей қызық жаңалығы бар?— деп сұрар еді. Хатшыларының бірі, мектеп оқушылары, я сауатты колхозшылар оқып берген газеттен өзінің көңілін қозғаған жаңалықты жырға айналдырар еді.

3. Жәкең 97 жасына дейін атқа салт мініп жүрді. 1942 жылға дейін салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты.

— Машинаға мініп жүрміз ғой,— деді Жәкең 1936 жылдың жазында, үйіне сәлем бере барып отырған үкімет адамдарына,— бірақ оның тас жолға, құрғақ жолға, жазық жолға жүйрік екен. Мен өзім таудың биігін жайлап өскен кісімін. Оған шықпай көңілім көншімейді. Машина бергендеріңе тәкір жарылқасын, енді маған жақсы ат тауып беріндер,— өзі жорға, өзі жуан, өзі жуас ат болсын.

Жәкеңе ондай ат табылды. 1936 жылдың жазында өкімет сатып әперген күрең жорғаны Жәкең тауға 1941 жылдың күзіне дейін мінді, ауыл арасына 1944 жылға дейін мініп жүрді.

Бұл атты еске алып отырған себебіміз, Жәкең салт жүріп табиғаттың көрінісі мен құбылысын, колхоздың даласында жайылған малдарды, егінмен байланысты еңбектерді көруге құмар еді де, сезімін қозғаған көрініс пен істі жырға айналдырар еді. Жәкеңнің қасына ергендер алуан тақырыпта оның аузынан талай тамаша жырлар естіді, бір-ақ өкініш — олардың көбі жазылып алынбады, ат үстінде жазып алуға мүмкін де болмады.

1937 жылдың декабрінде грузин халқының атақты ақыны Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуы тойланды. Сол тойға Қазақстаннан барған делегацияны Жәкең бастады.

Грузин халқы ерекше құрметпен қарсы алды. Осы сапарында көрген тамашаларына арнаған Жәкеңнің

бірнеше жырлары бар. Кавказға барып қайтқан сапарында көргендерін Жәкең қызық әңгіме қып айтып отыратын.

1938 жылы 20 май күні. Жәкеңнің әдеби қызметінің 75 жылға толу құрметіне, Алматыда және Жәкеңнің ауылында той болды. Тойға Советтер Одағындағы барлық ұлттардан жазушылар келді. Жәкеңнің атына Совет Одағының барлық елдерінен, шетелдерден (Америка, Қытай, Франция, Чехословакия т. б.) құттықтау телеграммалар келді.

Осы мерекеге байланысты, Жәкеңді Одақтық үкімет Ленин орденімен наградтады.

1936 жылы мен Ұлы Отан соғысы басталудың екі арасында Жәкең 10000 жолдан артық жыр шығарды. Соның бәрі Социалистік Ұлы Октябрь революциясының арқасында, Ленин партиясының жолымен, социалистік қоғам құрып, бақытты дәурен сүрген халқымыздың шаттық тұрмысын, қуанышты көңілін сипаттауға, халықтар достығын баяндауға арналған.

Халықтың, Совет өкіметінің ерекше құрметтеуімен, 1936 жылдан бастап қайта жасарғандай болған Жәкең 1940 жылдың бер жағында кәрілікке мойындай бастады. Осы кезде Жәкең өзінің хатшысы — Қалмақан Әбдіқадыровқа:

Насыбай бер,
Насыбайың бар болса жасырмай бер,
Саулық қойдың жасындай жасым қалды,
Біреу жылға Жамбылды асырай бер,—

деп қалжындапты.

— «Ар жасы жүз» деп еді,—дейтін болды содан кейін Жәкең,— жүзге де ілуде біреу-ақ келетін еді, сол жүзді алқымдап қалдым, балалар, көздің қарашығы бұлдырап барады, көз алдымдағы кісі кісі емес, оның көлеңкесі сияқтанатын болды; оң құлағым жабылды, сол құлағым әрең естиді; біреу жыл бұрын атқа мінітін басым, енді орнымнан кісі сүйемесе тұра алмаймын; осы айнала тонаудың арты қайда соққалы келе жатқанын білесіңдер ме, балалар? «Ата-ананың жоралғысы» жақын, балалар. Шырақтарым, қамдана беріңдер...»

Жәкеңнің үйінде тұрып денсаулығын қарайтын дәрігер Рахымбек Досымбековтен басқа, 1936 жылдан бастап Жәкеңді үнемі бақылап отыратын — Қазақстандағы атақты дәрігердің бірі — Х. Барлыбаев болатын.

Оның айтуынша, Жәкеңнің өзге денесі қартайғанмен, жүрегі — жас, оның жүрегі 100 жасты еркін көтереді.

Жәкеңнің денсаулығын жеке қарау — Алматы қаласындағы қазіргі Министрлер Советі ауруханасының міндетінде болды. Осы аурухананың тәжірибелі дәрігерлері Барлыбаев және Зотов жолдастардың бақылауымен, Жәкең дүниеден өткенше, диеталы тағам даярлап беретін Фатима Файзрахманованы Жәкең аса жақсы көріп, «мені емізген екінші шешем — осы», — деп, қалжыңдап отыратын еді.

Өзінің күнделікті қызметкерлерінен Жәкеңнің және бір жақсы көретіні — шофері, өз аулының жігіті — Нағашыбек Байсабаев болды. — Ту сырты еліктің артқы сандары сияқты тіп-тік болып, балаша елгезектеніп ұшады да жүреді байғұс, бұл да мені кезенді жерде балаша арқалап әкетеді, — дер еді, Жәкең Нағашыбек туралы.

Өз туысқандарынан, өз балаларымен қатар, Жәкеңнің ерекше жақсы көргені — туған ағасы Тәйтінің баласы Сатыш.

— Тәйтi Мекеге қажылыққа кеткен, жолда өлді, — дер еді Жәкең, — қажылыққа аттанарда, үш жастағы жалғыз баласы, осы Сатышты қолынан жетектеп маған алып келіп: «Құдай алдында сенің қолыңнан алам», — деп еді. Жарайды деп уәде бергенмін. Содан бері осы шіркін өз балаларымнан кем көрінбейді.

Жәкең оған да қалжыңдағанда, аш күзендей бұраңым деуші еді.

Жәкең ауылы Жамбыл колхозы деп аталады. Сол колхоз ұйымдасқаннан бүгінге дейін Жәкеңнің немере інісі Тұрап Мыржиев үздіксіз бастық боп келді.

— Бұл — шаруаға жүйрік, — дер еді. — Жәкең ол туралы, — бірақ қулау, түлкінің іні сияқты, ішінде қалтарысы көп.

Аулында Жартыбай Қырықбаев дейтін шамалылау бір ақынды «осы суыр сияқты әрі жалтақ, әрі бақырауық» дейтін еді.

Жәкеңмен біраз жұмыс істеген ақын Қалмақанның екі танауы көтеріңкі делдендеу кісі. Оны Жәкең «шеміршек болған жылқыдай делбендеуін қарашы» деп қалжыңдайтын еді.

Өмірзақ ақын қара кескінді, ақ шашты, ақ сақалды адам. «Басын ұнға тығып алған қара мысық сияқты» деп ойнар еді Жәкең онымен.

Оңтүстік Қазақстанда тұратын қарт ақын Орынбай Тайманұлы жіңішке дауысты және шырылданқырап сөйлейтін кісі, оны Жәкең «Таукұдырет» дейтін еді.

Семей облысындағы ақын Нұрлыбек Баймұратов денелі, зор мұрынды адам, Жәкең бір күні соған қарап: «Жайылған үйірін шыңның басында күзеткен арқардың қошқары сияқты екен» деді.

Осылар сияқты, жаратылысында, мінезінде өзгешеліктер бар адамдар туралы Жәкеңнің беретін сын-мінездемесі аса көп болатын.

— Шіркін, көз-ай!— деп өкінетін болды Жәкең, 1940 жылдың бер жағында көзі бұлдырлана бастаған соң,— «қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар; қара көзден нұр тайса, бір көруге зар болар» деген — осы. Көзге не іліксе сол қызық көрінетін дүние-ай!

Содан кейін айтқан бір өлеңінде:

Жетіппін жүре-жүре қыр басына,
Жол екен таусылмайтын бір ғасырға.
Елбіреп екі аяғым дірілдейді,
Көз жетпей тұрарыма, тұрмасыма»,—

дейді. Осындай халге түскен Жәкең, дәрігерлеріне былай деп наз айтады:

Тамырдың тілі қандай, дәрігерім,
Жамбылға турасын айт, сыр жасырма,
Жетелеп біраз күнге жүріндерші,
«Кез болдық қайдап,— демей,—

бір масылға»...

Жәкең осылай кәрілікке мойындаған кезде, 1941 жылдың 22 июнь күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл басқыншылыққа ызаланған Жәкең:

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме,
— Шапты фашист,— дегенде,
Ашуменен аралас,
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемді!—

деп бастап, «Ата жаумен айқастық» деген ұзақ жыр айтты.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына соғыстың төрт жылында Жәкең 3000 жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда Жәкеңнің бұл жырларының тарихи маңызы аса зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жәкең Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, сүйікті Ленин қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жәкеңнің жырының күші қандай болғанын, Ленинград Жазушылар одағының председателі болған, Ленинградты қорғауда ерекше көзге түскен адамның бірі, орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинградтың халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта, немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды; күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды; ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді, басқа азықты білген жоқ. Үйлерге жіберілетін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды, электр жарығы да нашар жанды, тіпті қаладағы үйлердің көбінде болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күші көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, бомбоубежищеге тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Прокофьев жолдас сөзін аяқтай келіп, Жамбылдың бұл өлеңінің Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын айтады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жәкеңнің «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Ақынның Ұлы Отан соғысына арналған жырларының күші Жәкеңнің атына жүздеп-мыңдап келген хаттардан да байқалады.

Жәкеңнің жырына 1941 жылдың 13 сентябрь күні өлеңмен жауап қайтарған, армияға өзі тіленіп барған, Ленинградтық бірінші атқыштар полкының жауынгері,

соғыстан бұрын Ленинград технологиялық институтының профессоры — Всеволод Зубганинов былай деп жазады:

«Ленинградтық сенің балаларың,
О, Жамбыл, мақтанышы Отанның.
Саған сәлем жолдайды
Соғыстың қорқыныш жылында.
Мен тіпті ақын емеспін.
Менде жоқ сөзге шеберлік,
Менің сөздерім көмескі жаркылы ғана
Сенің өлеңің маған кадірлі,
Себебі, ол жалған жаркылдауық емес,
Одан мен сеземін іздерін
Ойлы, ұйқысыз түндердің.

Зубганинов жолдас рас айтады: оның бұл сөзбе-сөз аударылған өлеңі шын мағынасындағы өлең емес, бұл үйлестіріп айтқан қарапайым сөздер; бұл сөздердің қасиеті — шын жүректен шыққандығы.

1940 жылдың бер жағында, төсекте отырып қалған Жәкеңнің көбірек сергитін уақыты сәскелік асын ішкеннен кейін болушы еді. Түскі астан кейін Жәкең ауырлап, кешке қарай жатып қалатын да, содан, келесі сәскеге дейін, өзін күтетіндерден басқаларды мағына жолатпайтын.

Мәлік Жәкеңнің үйіне күн бата жетті. Дағдылы күнде бұл Жәкеңнің жатып қалатын шағы.

Мәлік барса, Жәкең үлкен ағаш үйінің алдындағы көгалда, кілемнің үстінде отыр екен, қолында — домбырасы.

Сәлем берген Мәліктің қолын Жәкең ұстап тұрып, оның батырлық істерін естігені, көруге құмар болғаны туралы ұзақ жыр айтты.

— Мәлік келеді дегенді сіздер таңертең хабарладыңыздар ғой,— деді Жәкеңнің баласы Тезекбай бізге,— содан бері тәтем осы арада отыр. Үйде неге отырып қарсы алмайсыз?— десек.— Сөз бе екен сол? Бұрын батыр дегенді құлақ естіп, шіркін, соларды көрмеген екеміз деп өкінетін ек, сол батыр енді үйге келсе, оны үйде отырып қарсы алу кісілік бола ма? Әттең, не керек, шөгіп отырған күнім, әйтпесе, шауып алдынан шығар ем,— деді. «Машина деген жүйрік тыз етіп келіп қап, қапы қалармын»,— деп Жәкең ұзақты күнге үйге кірген жоқ, асты да далада ішіп, далада қалғыпты.

Амандықтан кейін Мәлікті үйіне кіргізіп, Жәкең

оның күтіміне де ерекше көңіл бөлді, алдына бас тартты. Мәлік те, оның серіктері де кешкі астан кейін, ұйықтауға Жәкеңнің алма бағының ішіне жатқан едік. Оны Жәкең байқаған жоқ-ты.

Бақ ішінде Мәлікпен қатар ұйықтап жатсам, мені біреу оятады. Басымды көтерсем, ай жарық екен, оятқан колхоз бастығы Тұрап Мыржиев.

— Сізді Жәкең шақырады,— деді ол. Барсам, Жәкең өзінің ұйықтайтын бөлмесінде, шам жақтырып, төсекте киініп отыр екен.

— Оларың қалай,— деп ренжіді Жәкең,— жыланы бар жер бұл, қапыда жылан шақса қайтесіңдер батырды? Көрпесі ашылып қап, салқын тисе қайтесіңдер? Ай жарықта шыбын-шіркей болады, олар маза да бермей жатқан болар. Безгектің масасы бар десіп жүр ғой осы жақта, осылай маса шағып ауыртып алсаңдар, қайтесіңдер?.. Батырды үйге жатқызыңдар.

Мәлік үйге кеп жатты.

Панфиловшы 8-гвардиялық дивизияның даңқты қолбасшысының бірі, полковник Бауыржан Момышұлы үйіне қонаққа барғанда да, Жәкең Мәлікке жасаған құрметті көрсетті.

Жәкеңнің өз белінен алты ұл болған: Қожамберді, Қожаш, Аққұлы, Ізтілеу, Алғадай, Тезекбай. Бастапқы екеуі ертерек өліпті. Соңғы тірі төртеуінің екеуі — Ізтілеу мен Алғадай армия қатарына алынды. Майданда Алғадайдың көрсеткен ерліктерін айтып бөлім бастығы хат жазғанда, Жәкең аса қуанды. 1942 жылдың күзінде Алғадайдың өзі әкесіне хат жазып, ерлік қимылдарымен таныстырады. Соған қайтарған жауабында Жәкең:

Хатыңды, балам, оқыдым,
Қалыңды білдім сапардан.
Қуанып саған отырмын,
Гвардеец атанған.
Сұраншы, Саурық секілді
Болыпсың, балам, қаһарман...—

деп ерлігіне сүйіне отыра:

Есінде, балам, бар шығар,
Айтқаным Отан әмірін,
Шегінбе жаудан, жанды сал,
Шешілмек содан тағдырың!—

деп, баласына әлі де болса, рух бере түседі. Бұл жырын Жәкең:

Достарыңа сәлем айт!
Жауларыңды жеңіп қайт!—

деген тілекпен бітіреді.

Жәкең Алғадайды аса жақсы көріп: «Өзге балаларым — бір төбе, бұл — бір төбе» деп отыратын еді.

1943 жылдың жазында Жәкеңнің сол аса жақсы көретін ұлы Алғадайдың ерлікпен қазаға ұшырауы туралы хабар келді. Аулына барып, бұл хабарды Жәкеңе Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі бастаған комиссия естіртті.

— Әттең, дүние-ай!— деді ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкең, басын көтеріп,— бұл қайғыны қалай көтерем енді?

Қайғы Жәкеңе аса ауыр соқты. Алғадай майданға аттанғаннан 7 күн кейін әйелі Жәмеш босанып, ұл тауып, Жәкең оның атын Қуаныш қойған. Алғадайдың өліміне бүгіле қайғырған Жәкеңнің бір жұбанышы осы Қуаныш болды. Ол туралы Жәкең былай дейді:

Ал, Қуаныш, Қуаныш,
Сені етейін жұбаныш.
Алғадайым өлгелі
Боп кетіп ем жылағыш.
«Ата, ата»,— деп келсең
Айналайын, алайын.
Ақ бетіңнен өпкен соң.
Жүрегімді жамайын.

«Жамайын» дегенмен, Жәкеңнің қайғыдан жыртылған жүрегі жамалмады. Ол енді құлдырай қартайды. 1944 жылдан бастап, көзі көруден, құлағы естуден қалды. (Сол құлағы ғана әлсіз естіді), кісі сүйемей, төсектен басын көтере алмайтын болды. Ғали Орманов бір барғанда, сондай халде отырған Жәкең былай деп екі ауыз өлең айтыпты:

Сендің бе, жарқыраған шам-шырағым?
Қалдың ба, тас бекініп, қос құлағым?
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сен болып сөйлетесің жалғыз жағым.

Қалыппын не болмай өзіме-өзім,
Әлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім,
Балалар, өлгенімше асырай бер,
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.

«Соңғы сөзім»— дегенмен, көңілі көтеріңкі минуттарында Жәкең қарап отырмай, бірлі-жарымды ауыз өлең айта берді. Оның ең соңғы көлемді жыры фашистік Германияның біржола қирап жеңілген 9 май күні

шығарылды. Бұл хабарға қуанған Жәкең үйіне жиналған жұртқа ұзақ жыр айтып, жырды: «Енді өлсем де арман жоқ»,— деп аяқтапты. Бұл жырды жазып алар кісі болмағандықтан, сақталмаған.

Жәкең жеңіс тойынан кейін ұзақ жасамады: 1945 жылдың 15 июнь күні сырқаттанып, аулынан Алматыдағы қазіргі Министрлер Советінің ауруханасына кеп түсіп, 22 июнь күні, таңертең, дүниемен біржола қоштасты.

Көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті, Жәкеңнің өлімін түгел азалады. Қазақстан Жазушылар одағының атына СССР, Украина, Белоруссия, Латвия, Литва, Ленинград, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан, Татарстан, Дағыстан, Карело-Фин тағы басқа совет елдерінен жүздеген көңіл айту телеграммалар келді. Ардақты алып ақынның өліміне бүкіл Совет Одағы түгел қайғырды.

1946

МИКОЛА БАЖАН

БӘРІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Қилы-килы қиыншылықтарды кара нардай қайыспай көтерген қазақ жерінің, қазақ елінің алыс Арал теңізі жағына көз салсам, патша жалдаптарының бақылауымен күн кешіп жүрген Тарас тұлғасын көргендей болам. Туған Украинасын түнекке қамап, сүліктей сорып, әңгір таяк астында шіріткен шонжарлардың шаужайынан алып, ширыққан Тарасты патша әмірі айдап кетті Аралға. Әділдіктен ада болған кара күш ұлы ақынның қол-аяғын бұғаулаумен тынған жоқ; оның өлең жазуына, сурет салуына тыйым жасаған үкім айтты. Азаттық үшін алысқан украин ұлын қиырдағы қазақ сахарасына жер аударғандағы және бір зұлым пікірлерін олар ішке бүгіп қалды. «Надан қырғыздардың арасында адам болып оңалмас, азып-тозып құрыр!» деген арам есеппен астарланған пікір еді ол. Бірақ патша есебінен тағы жаңылды. Тарас қазақ арасынан жау орнына дос тапты, туыс тапты. Қазақ кедейлері де украин шаруаларындай бақытсыз скенін

көрдi. Олардың ауыр тұрмысы, аянышты халi ой үстiне ой қосты, ашындырды.

Құс қанаты күйiптi дейтiн құмды шөлдегi қасиеттi ағаш туралы аңызды еске түсiрейiкшi! Бiзге де мәлiм бұл аңыз қазақ ертегiлерiнде ептеген ғана өзгертумен айтылады. Сол ертегiлерде ағаш жылына емес, бүкiл өмiр бойына бiр-ақ рет гүлдейдi екен. Оның гүлдегенiн көрген адам бақытқа кенеледi екен, Тарас арманы сол қасиеттi ағаштың гүлдеуiн көру болды. Арман алысқа шақырып, Шевченко ертеңгi бағдарымызға айналсын деп қазақ топырағына бiр түп ағаш отырғызды. Қасиеттi ағаш, бақыт пен достық ағашы бүр жарды.

Шевченко армандаған жаңа өмiрдi Жамбыл көрдi. Жамбыл екi өмiрдiң куәсi, екi өмiрдiң жыршысы ретiнде сөйледi. Жаңа заманды халықтар достығының, бақытының, туысқандығының алтын бесiгi деп мадақтаса, ескi заманды халықтар араздығының, өшпендiлiгiнiң ұясы деп, ол өшпендiлiк пен араздыққа үстем тап саясаты қанды мойын айыпты деп ащы жыр төктi. Совет дәуiрiнде қайта жасарған Жамбыл әрқашан адал, әдiл сөйледi.

Мен Жамбылдың толқынды, тебiренiстi жырларын алғаш рет 1937 жылы Тбилисиде тындадым. Дүниеге Шота Руставелидi берген грузин елiнiң құрметтi мейманы боп отырған қазақ ақыны «күнсiздерге күн болған, жер жүзiне нұр болған» кемеңгер Ленин жайында, Ұлы Октябрьдiң тарихи жеңiсi жайында, совет халықтарының қасиеттi туысқандығы, мызғымас достығы жайында шалқи жырлады.

Содан кейiнгi күндерде мен Жамбыл творчествосына ынтыға зер салдым. Көп ұлтты Совет елiнiң аяулы ақын-жыршысы халықтар достығының насихатшысы екенiн ұқтым. Мен оның өлеңдерi мен дастандарын украин тiлiне аударуды армандадым.

Алып ақын жырларының барлық қыры мен сырына қану мүмкiн емес екен. Бұл iсте қай-қайсымызға болсын, жырлардың жолма-жол тәржiмасы, қажет еткен көмегiмiздi бере алмайтынын түсiндiм. Сосын мен Жамбылдай ғажайып адамды туғызған халықтың өмiр жолына құштарлана үңiлiп, оның тiршiлiк-тынысын, жаратылысын, әдеби творчествосын терең бiлуге тырыстым. Бұл халық өз мәдениетiн дамытып қана отырған жоқ, бүкiл совет халқының мәдениетiн байыта түстi деп ұқтым. Сөйтiп, осы халықтың ерекше туған

перзентінің жырларын жете түсініп аударуға кірістім. Советтік Украина оқушыларына Жамбыл жырларын алғаш аударып жеткізушілердің бірі болғанымды әрі қуаныш етем, әрі мақтаныш тұтам!

Жамбыл жырлары Совет Одағы жұмысшылары мен колхозшыларының, интеллигенциясының жүрегіне мол нәр беріп келеді. Сондықтан ақынның әрбір сөзін қадірлеу керек. Халық жыршысының асыл сөздері ұлы көсеміміз Владимир Ильич Ленинге, оның жалынды шәкірттеріне, Партия мен Халыққа арнап айтылған. Ұмытылмайтыны, ұмытуға болмайтындығы сондықтан.

Жыр тасқынын селдеткен Жамбылдың творчестволық еңбегіне, міне, бүгін 75 жыл толып отыр. Бұл — үлкен той.

Ұлы көсеміміз бір сөзінде «халық мәңгі жасайды» деген болатын. Осы пікірді Жамбыл творчасына арнап айтар болсақ, еш ағаты жоқ деп ойлаймын.

1938

ФАБИТ МҮСІРЕПОВ

ФЕНОМЕН — ФЕНИКС

Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.

Анада алалық жоқ, қай баласын болса да мерзімді күні жарық дүниеге әкеледі. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Қай елден туғаны да осы күнге дейін даулы, қазақ Гомерінің туған елі — Ұлы жүз — Екей. Туған топырағы — Жамбыл тауының баурайы. Болашақ ақынға сол таудың атын қойған. Мүмкін, әкесі Жабайға — балам таудай биік, тастай берік, бұлақты, жылғалы, қыс ықтасыны болсын, жаз көлеңкелі саясы болсын деген ой келген шығар. Ол арманы қате кеткен жоқ.

Гомер анадан туды ма, ойдан туды ма, ол әлі таласта,

қазақ Гомерінің әке-шешесі де мәлім. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті. Тоқсан мен жүз жастың арасындағы он жылда ұлы Жамбыл Гомер атанды. Оны Гомер атандырған сол Отанның дүние тіршілігін азаттық, теңдік бақыт арнасына түсіруге арналған ұлы істері еді. Жәкең осыны жырлап Гомер атанды.

Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да — Феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жас пен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес.

Көбіміз алпысқа толғанда пенсияға көшіп, жетпіске толғанда өмір шекарасының құламасында тұрғандай сезінсек, ұлы Жамбылдың даусы тоқсан жасында шырқап кетті. Бұл жасқа дейін көтерілмеген биігіне көтерілді. Ұлы Отан соғысының тұсында көп ұлтты совет поэзиясында Жамбылдан жоғары көтерілген ақын болған жоқ. Жамбыл даусы күркіреп шықты. Жамбыл сөздері жау жүрегіне оқ болып қадалды. Жамбыл сөздері жоғары командованиенің әмірімен қатар Смольныйдың қабырғасына ілінді. Бұл кезде Жамбыл жүзге таяп қалған еді. Ең алдымен жете түсінер, жете түсіндірер, сыры терең Феномен осы!

Жамбыл өмірге жымия қарап, сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ ұшқыны тұратын. Әлденені түсіндіре бастасаң «Мені бір алжуға айналған шал деп отырсың-ау!» дегісі келгендей, мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп әкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда ақын жүрегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің тереңдігіне таң қалатынсың.

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жетпіс жылдық өмірінде қазақ халқының тіршілігі оған бір ұйқас-үйлесімі келмей, ойды бұлдыратып тұрған өлеңдей сезілетін сияқты. Ақындармен айтысқанда, әр елдің ішкі-сыртқы тарпаңдығын сынағанда Жәкең осы жағын жаныштай сөйлейді. Ол бір қисыны қашқан, өз дәстүрінен түзеле алмайтын, өзіндік күш-жігері сарқылып, сал-бөкселенген, «қайран жиырма бес!» деп артта қалған дәуірін көксейтін өмір еді ғой!

Таңқаларлық бір нәрсе — өзімен тұстас ақындардың

бірінде азырақ торығу болса, Жәкенде ол жоқ. Түн артында күн барына шектенген емес. Қылыш астында, қыл арқан мойында тұрғанда айта алмаған, іркіп қалған сөздері болса қорлана берген, шыңдала берген. Ұлы революция ақынының барлық тұсауын талқандап, тас бұғаудан біржола босатқанда ағыл-тегіл жыр да жосылып жүре берді. Ғылым аша алмай келген Феномен сырының кілті осында. Феномен сыры ашылады екен.

Ұлы Абай он тоғызыншы ғасырдың ақыны. Оның құрдасы Жамбыл жиырмасыншы ғасырдың ақыны, әсіресе өмірінің соңғы он жылының ақыны. Абай қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін он жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп атарлық тәрбиесі Абайдан келеді. Жамбыл болса, ол жаңарған дүниенің, социалистік өмірдің жыршысы. Отан деген — ұлы сөз. Оның айнымас, бұлжымас ірге тасы ұлттар достығында. Ондаған ғасырлар бойында орнынан қозғалмаған ескілік үйіндісі мәңгілік бас иер мұраң емес, сорың. Адам баласына социализм деген бақыт келді, фашизм деген жау келді. Ақын даусы «қорған!» дегенде де, «аттан!» дегенде де дүниені жаңғырықтыру керек. Жәкең даусы осылай шықты. Бір ғана сыр жасаған ақын даусы қарлықпастан кетті. Қызарған, бұлдыраған кәрі көз дүние аударыспағын түгел көріп отыратын сияқты еді.

Ақын болсаң қыздырып айт, қызықтырып айт, жылатып айт, күлдіріп айт, күйдіріп айт! Жел ессін, дарния шайқалсын, ой аунақшысын! Қанжардай қадал, оқтай ат, ескілік дүниесі қансырап қалсын!

Бүггендеме, бұқпантайлама, заман жастарын бұқтырмай өсір, арқаланып өссін. Тендікке еншілес — бірлікке де еншілес, ерлікке де еншілес — елдікке де еншілес. Жәкең жырларының рухы осында ғой.

Жәкеңнің екінші рет дүниеге келгені 1934 жыл. Сол жылы, жаздығүні ақындардың бірінші рет үлкен жиыны болды: Басында тозығы жеткен киіз қалпақ, үстінде ақ көйлек, ақ іш киім, жалаң аяғында резеңке галош, көк есекке мінген кәрі шал — Жәкең келді.

Ауылға шауып кіретін, ауылдан шыға бере шаба жөнелетін, өнім-өндірісте жұмысы жоқ жалған белсенділер Жәкеңді де біраз жүндеген екен. Көк есегін театр аула-

сының түкпіріне байлап, жауырынды келген қызыл көз, еңкек шал жиынға кірді...

Жиынға Жәкеңнен басқа үлкен бір топ халық ақындары да келген, біразы — Орынбай, Шашубай, Доскей, Қуат, Кенен, Қазанғап, Қалқа, атақты Ыбырай ақынның жиені Тайжан, Молдақмет сияқты қу мүйіздер, басқалары — Нартай, Нұрлыбек, Үмбетәлі, Иса сияқты топ жарған дарынды жастау ақындар.

Жәкең сол жиыннан аруақтанып, рухтанып қайтты. Ақын сөзіне үлкен құрмет-қошемет бар екен. Партиямыз бен Совет үкіметі әр халықтың бойындағы ақындық күшін жоғары бағалайды екен. Көркем сөз, көркем өнер дегендеріңіз қай елдің болса да бойында қайрат-жігерінің, ой-сезімінің айнасы сияқты көрінеді екен. Ықтай сөйлер, имене берер заман емес, көкірегінді кере сөйлер, құлаштай серпер заман. Айта алмаған, іркіп қалған, қорлана берген, өткен заманға кимаған сөзің болса айтар кез, айта алар кез. Сөз асылын дүниеге таратар сара жолдар да көбейген.

Осы сапарынан кейін Жәкең жер құртындай жыбырлаған көк есекке мінген жоқ, күпшек санды күреңге мінді. Жәкеңе ғана жарасар қонымды жылқы еді. Есек мініп жүріп әлемге айқай салу ерсі болар еді. Қазақ ақыны ат үстінде туған ғой. Ақын мен ат, ат пен айқай бірге жаралған. Жарасымды жаралған. Ат үстіндегі Жәкең даусы Алатауымен бірге жаңғырыға шықты. Әлем құлағы жатсырамай тыңдады. Тоқсанға келген қарт Жәкеңнің қайта туып, қайта жасаған соңғы он жылы осылай басталды. Мұны Феномен демеске болмаса керек.

Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны Феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады.

Феникс — құс. Ол — адам ой-сезімінің, барлық асылының, даналығы мен адамгершілігінің мұрагері сияқты. Мындаған жылдар жасай береді. Өле қалса өртеп, күлін отқа салсаң қайта тіріліп тұра келеді. Өткен өмірін ұмытпайды. Дүниеде қандай асыл ойлар, білім иелері, әділет иелері болды, көркемдік қазыналары болды, бәрі есінде. Екінші тілмен айтқанда Феникс адамзаттың өзінің есі дер едім.

Вавилон патшасының қызы Фармазонта асқан сұлу екен. Сұлулық тәңірісі Афродитаның Венера-Шолпан бейнесін Пракситель сол Фармазонтаның суретіне, тас мүсіндеріне қарап отырып жасаған, бірақ анағұрлым солғын

шығарған... Сұлулықпен сұлулықты бейнелеуге болған емес...

Бір кезде Фармазонтаның қолына жиырма жеті мың тоғыз жүз жыл және алты ай жасаған Феникс түседі. Ой-сезімінің, даналықтың, әділеттің ажалы қашан да олақ қолдан келмек. Феникс садақ тарта білмейтін Мысыр патшасының оғына ұшырап өледі. Фармазонта Фениксті өртеп, күлін отқа салған екен. Феникс қайта жаралып тұра келеді...

— Екінші рет туғанға қанша таңдансаң, бірінші рет туғанға да сонша таңдану керек... Дүние болмысы туып, өзгеріп, қайта туғанға толы емес пе?— дейді екен Феникс.

Шынында да ең таңданарлық нәрсе ненің болса да бірінші рет туғаны болу керек. Оның екінші қайталануына жол ашылды емес пе?

Заманалар ауыспағы, жиһангерлер жорықтары талай елдердің тағдырына жосыған із қалдырып отырады. Тозығы жеткен заман апатқа ұшырағанда талай елдің қымбаттысы мен қасиеттісін астына ала құлайды, топырақ астына, күл астына көме құлайды: грек мраморы, Мысыр жазуы, Александрия кітапханасы, көне түрік әліппесі, тағы-тағылар. Бірақ көмген мен көмілгендік біржола өлгендік, өшкендік емес. Жер бетінде ой зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Ой мен өлең балаң, балғын кезеннен өтіп піскен кезде айналасына ұрығын шашады. Ол ұрықтар ойдан ойға қонып, жетіле түсіп, алдағы белдерден асып кете бермек. Тамыр жайып тарай бермек. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы тараған ойға өлім жоқ. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізер адамның өзінің есі. Соның аты — Феникс, ақындар қойған ат...

Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады.

Жамбыл жырлары маған талай ғасырлар бойында бір тұтанып, бір сөніп, халқымыздың есінде қала берген, тоқсанға келген ақынның жүрегінде қайта тірілген, халқымыздың жыры, өзінің сыры сияқты елестейді. Сондықтан да мақаланың аты «Феномен — Феникс» қойылды.

ДОСТЫҚ ЖЫРШЫСЫ

Қазақ халқы Жамбыл сияқты ұлы жыршыны дүниеге келтірді. Оның өлеңдерін оқыған кезде көз алдыңа Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, ешқашан да өлмейді. Ең биік шың — адамның жүрегі. Жамбыл өзінің поэзиясымен сол шыңға жол таба білді және ол шыңды бағындырды.

Памирдің шыңынан қазақ жерінің жыршысына өлеңмен шын ықыласты сәлем жолдаған біздің ұлы ақын Гасем Лахути.

Тындайды сен сөйлесен құлақ салып,
Күй күйлер әрбір бақта тұрған бұлбұл.
Ынтығып өлеңінді сағынады,
Қазақтың бұлбұл құсы ақын Жамбыл.

десе, оған Жамбыл:

Бакытты ел бас қосқанын етіп өлең,
Лахути, парсыша сен жаздың сәлем.
Елжіреп дауысына шын жүрегім
Қазақша мен де саған жауап берем.
Сенің жырын халық жыры — елің тәжік,
Бұлбұлдай шыркатады әнге салып.
Мен айтсам қазақ халқы ән қосады
Шаттықтан жыр етеді әлемді алып,—

деп, жауап қайтарды. Бұл 1936 жыл болатын. Жамбыл мен Лахутидің бұл ақындық сәлем сөздерін біз мақтаныш етеміз.

Жамбыл совет халықтарының соның ішінде қазақ пен тәжік халықтарының достығын жырлап, өз творчествосында олардың адамгершілік ой-армандарын білдірді. Оның өлеңдері бүгінгі күні Памирдің шындары үстіндегі жұлдыздардай жарқырайды. Біздің суретшілеріміз Жамбылға деген зор сүйіспеншілік пен құрметтің белгісі ретінде оны өз полотноларында бейнеледі.

Ақындарымыз, оның ішінде мен де бармын, Жамбыл өлең-жырларын ана тілімізге аударып тараттық, жинақтарын шығардық.

Әлі есімде, 1943 жылы Совет Армиясы неміс фашистерінің бетін қайтарып, батысқа қарай ығыстырып, қуып бара жатқанда Жамбылдың батыр ұлы Алғатайдың мерт болғанын, оған қарт ақынның қатты қайғырып жатып қалғанын біз де есіттік. Оның:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?!
Өлім деген у екен
Мендей кәрі адамға,
Күнде үйімде күңіренем,
Көзіме жас алам да,—

деген ұлына арнаған жоқтауы, бір мен емес, бүкіл тәжік ата-аналарымыздың жүрегін тербетіп, көңілін толқытты. Өйткені Жамбыл сияқты ұлдарынан айрылып, қайғырып қалғандар бізде де аз емес еді. Мен солардың көңілін жұбатайын деп, Жамбылдың сол бір өлеңін тәжік тіліне аударып жариялаттым.

Мен бүгін Жамбылдың туғанына 125 жыл толған думанды жиынына келгенде осы жайларды еске алып оның ұлылығына, тағы бір басымды иіп, тағзым етемін.

ҒАБИДЕН МҰСТАФИН

ЖАМБЫЛ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Ұлан-байтақ қазақ жерінің бір бөлшегінде, атақты Алатау бауырында бүгін бәріміз бас қосуға себеп болған Жамбыл атаға тағы да бір бас иелік, рақмет айттайық!

Жамбылды еске алғанда оның ұшқан ұясын, яғни, туған елін, жерін еске алмасқа болмайды. Қазақ жері кең, жерінен елінің пейілі кең. Ол жерде ең пайдалы өсімдіктер, ол пейілде адамшылық ең абзал қасиеттер өседі. Ғалымдардың ғалымы әл-Фараби, қазақ жазба әдебиетінің ардагері Абай, ауыз әдебиетіміздің кенжесі алып Жамбыл, жасынан дана Шоқан... Бәрі-бәрі осы жердің, осы елдің бел баласы. Біз, бүгінгі қазақтар, соларды мақтан ете отырып, өткеніміз бен қазіргімізді, қазіргіміз бен келешегімізді салыстырғанда төбеміз көкке екі-ақ елі жетпейді.

Бет әжімі қатпар-қатпар осынау жатқан көне жер талай топ жиынды, қанды жорықтарды, күңіренген елді көрген. Ал мынадай мерекені көрген емес. Адам мен адам, ел мен ел достасқан, бір-бірінің қуанышына ортақтасқан мұндай мереке біздің тұсымызда, тек Совет елінде ғана дәстүрге айналды.

Әр халықтың өзіне тән мақтаны бар. Бір халықтың мақтаны еш халыққа жат емес, тек оны бір-бірінің білуі шарт. Жүз жасаған Жамбылды бір кезде қазақ өзі тегіс білмейтін, енді жер жүзі біледі. Білдіріп отырған — Совет дәуірі.

Ол жиырмасыншы ғасырдың Гомері еді, Гомер қайта келмесе, Жамбыл да келмес. Бірақ оның ізі, сөзі тарих бетінде самаладай сайрап жатады.

Ешбір дән топырақсыз, сусыз өскен емес. Ешбір даналық себепсіз өскен емес. Сүйімбай, Шөжелер болмаса, қазақтың телегей-теңіз ауыз әдебиеті болмаса, алдын көрсеткіш шырағы, демеушісі болмаса, атақты Жамбыл атақсыз бір Жамбыл болып қала берер еді.

Жамбылдың даңқын көтерген себептер қазақ совет әдебиетінің де, оны жасаушылардың да даңқын көтерді. Ауыз әдебиетінде ауыз толтыра Жамбылды айтсақ, жазба әдебиетте Сәкен, Мұхтар, Бейімбет, Ілиястар бастаған топты да айта аламыз.

Бүгінгі қазақ елі жас түлек: ойы, ісі, арманы жаңарған, жұлқынып алға шарықтап шыңға бара жатқан жаңа қауым. Көздегені — коммунизм, бастаушы — Ленин партиясы, көмекшісі — Совет үкіметі. Мұндай қауымда адамға адам жасайтын қиянат, қорлық, зорлықтарға орын жоқ. Тек еңбек, өнер, мәдениет, әдебиет гүлдейді. Жамбылдың көксегені, жырлағаны осы еді.

Ұлы адамдар, ұлы ақындар өз ұлтының арнасына сыймайды, тек интернационалдық арнаға ғана сыяды. Олардың өзі өлгенімен, даңқы өлмейді, қайта өрши береді. Біздің Жамбыл дәл сондай ақын.

1972

ПАВЕЛ КУЗНЕЦОВ

ҰЗАҚ ӨМІР САПАРЫ

...Екейден шыққан Аронұлы Сүйімбай Ұлы жүзде теңдесі жоқ ақын саналатын. Оны айтысып та ешкім жеңіп көрмеген десетін. Ақын Сүйімбай оның үстіне қоңсылас рулармен арасындағы небір қиын дауға төрелік айтып, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен ақылгөй адам. Тау өзенінің толқыны қанкөбелек ойнатқан қаусаған қайық тәрізді осынау шытырман өмірдің асау ағынында ғұмыры өтіп барады оның. Байларды ақылмен,

күштіні нақылмен жеңіп, сұмдарды ақиқатпен тежейтін. Бірақ қария өз малы мен жайылымының жайын да ұмытқан емес. Жақын-жаранның қамын жеген Сүйімбай өз пайдасына да жетік болатын.

Бұл күнде оның шашы буырыл тартқан, кең жазық маңдайын тіліп өткен терең әжімдер көзге ұрады. Аясы мол, әлі күнге жанары таймаған көзінде өткір от бар.

Ұзынағаш аңғарында күллі елдің басын қосып болған соң, жер дауынан қажыған қарт ақын өз жайлауында демалып жатқан. Соңғы кезде айтысты сиретіп, өзімен-өзі оңаша қалып, ой толғап, көңіл тереңінен жыр тербеген жайы бар.

Ымырт үйіріле, үй іші қаранғы тартты. Тоя жеген кешкі астан кейін құс жастыққа жантайған Сүйімбай түз даланың тыныштығына елтіп, ойға шомулы. Көзі жұмулы болғанмен ақын ояу-тын. Тұңғық аспан төрінде оянған жұлдыздар ашық тұрған түңліктен жымың қағады. Үй сыртында сылдыр қаққан бұлақ үнінен жаны сергіп, көкірек сарайы ашыла түскендей.

Алыстан талып жеткен қобыз үні шалынды ақын құлағына. Сүйімбай сәл көтеріліп, шынтақтап жатып құлағын тосты. Нәзік мұңды әуен бірте-бірте айқын естіліп, жақындай түсті. Оған қосыла шырқаған қыз дауысына ұқсас балғын үн енді дәл үй жанынан естілді.

Өлеңім келді жол шегіп,
Осынау елге алыстан,
Түн болды, үйге ен дейтін
Табылмай тұр таныс жан.
Ардақты үйдің иесі,
Рұқсат ет кіруге,
Бата бер менің жырыма,
Қуат бітіп үніне
Көңілін тапсын елімнің.
Жар бол да өзің жәрдем ет,
Жібер мені бір демеп.

Таң-тамаша болған Сүйімбай орнынан көтеріліп, бәйбішесіне шам жақ деді де, есіктен дауыстап:

— Қош келдің, бозторғайдай әнші құсым! Сүйімбай құшақ жайып қарсы алады сені әманда! Кел, келе ғой, қарағым! Көзің отты, түлеп ұшар мұзбалақ болармысың әлде...

Есіктен кіріп келе жатқан, бұтында жыртық тері шалбары бар, қолына ұзын мойын қобыз ұстаған, жалаң аяқ тарамыс қара баланы көрген қарт ақын қайран қалды.

Кіре беріп, қыбыжықтап есік көзінде тұрып қалды бала. Ернің жыбырлатып сәлем берген болды.

— Қош келдің, қарағым, төрлет!— деді Сүйімбай аңырып тұрып қалған Жамбылды құшақтай қарсы алып, қасына отырғызып жатып.— Сенің өлеңінде от бар, ал қобызыңның үнінен шамырқанған шабыт серпінін байқадым. Жырына лайық тартуымды ал, қарағым!

Сүйімбайдың бәйбішесі шәйі шапанды Жамбылдың алдына әкеп қойды.

Баланың жүрегі лүпілдеп қоя берді. Осы сәтте ол көрген қорлығы мен зорлығын, көкейінде жүрген көп сырын, аңсаған арманын ағынан жарылып, Сүйімбайға ақтарғысы келді. Бірақ тіс жарып, тіл қатуға дәрмені жоқ, шексіз ризашылығы, алып ұшқан көңіл күйі жалтылдаған үлкен қара көзінен ғана сезіліп тұр. Сүйімбай да мұны айтпай ұқты.

— Ақындық жолға түскен адам,— деді ол Жамбылға қарап,— алақанына су толтырып алып, жапан түзде шөлден қаталап өлгелі жатқан сорлыны құтқару үшін ұзақ сапарға аттанған көзсіз ерге ұқсайды. Айналайын, сен осы қиын сапарға шығуға бел буғанда кімнен бата алып едің?

Жамбыл тосылып тұрып қалды. Судай тасыған көңілі су сепкендей басылды. Көз алды тұманданып кетті.

— Сүйеке, әкем өлеңді жек көреді. Сол үшін талай таяқ та жедім. Ол менің ақын болуыма қарсы, сондықтан маған батасын берген адам тарту-таралғыдан мақұрым қалары хақ. Сол себепті өз шапаныңызды өз иығыңызға жапсам деп тұрмын. Батаңызды беріңіз маған.— Жамбыл қолы дірілдеп, шапанды Сүйімбайдың тізесіне қойды.

Баланың тапқырлығына дән риза болған ақын шапанды алды да:

— Ұлым, мұндайда өз үйіңнен бір нәрсе әкелгенің абзал,— деп қағыта сөйледі.— Бірақ мен мұнына ренжімеймін. Өйткені сенің әкенді білем, сен туралы да естігем. Сен маған өзіңнің жырыңды сыйладың бүгін, маған соның өзі де жетіп жатыр. Қолымды жайып ақ батамды берейін, ұлым! Бірақ есінде болсын: домбыра — садақ та, өлең — жебе, ақылмен пайдалана білгейсің. Шын ақынның ар-ұяты өлеңінде. Оны көзіңнің қарашығындай сақтағайсың, ақылмен іс қылғайсың. Әділ де батыл бол. Сенің өлеңің халқыңа медет берсін, ісің өнеге болсын!

...Жұлдызы жарқыраған барқыт түн. Жамбылдың

аяғы жерге тиер емес. Жүрекжарды қуанышты күйде Сүйімбайдың үйінен шыққалы бері тоқтамай зымырап келеді. Аңсаған арманына бүгін қолы жеткендей. Сүйімбайдың өзі бұған ақ батасын берді!

— А-е-ей, Жаматай-ау, қайда безіп барасың?— деген дауысты есітті, ол өзін манадан бері тыста тосып тұрған Қанаданды көре сала қобызшының құшағына кіріп кетті бала.

— Батасын берді! Өлеңімді өз аузымен мақтады!

Жамбылдың тебірене айтқан әңгімесін естіп, Қанадан баладан бетер мәз болды.

— Жарығым, енді тып-тыныш қана өз жөніммен жүре беруіме болады. Ертең күн шыға Қанадан қиянға сапар-шегеді.

— Артыңыздан мен де жетем, өлеңді бірге айтатын боламыз, Қанадан көке. Керуен ізін жұтып қоятын шөлден де мен сіздің ізіңізді тауып алам.

— Қоңқақ мұрным, әлі баласың ғой, көп нәрсенің байыбын біле бермейсің де. Өзің ойлашы, түйе үлкен болғанмен ізі үлкен бе? Туысқан адамдардың бәрі бірдей бақытты бола бермейді, жаным. Еңбегі қаншама елеулі болғанмен бірінің қалдырған ізін тап басып таба алуы қиын. Себебі, біздің заманымыз жаман.

Қанадан елең-алаңда Екей аулынан жүріп кетті. Сүйікті қобызшысымен күллі ауыл болып қоштасты.

Жамбыл Қанаданның қасында келе жатыр. Ауылдан ұзап шыққан соң, қоштасар сәтте бала кішкене бәкісін ұсынып:

— Менің сізге сыйлар осыдан басқа түгім жоқ. Бірақ осы бәкім бір кәденізге жарап қалар, Қанадан көке. Қурай кесіп алып, сыбызғы жасарсыз ашығар болсаңыз. Еліктің даусына салып сызылта тартсаңыз енесі жетіп-ақ келер,— деді.

Қанадан көзінің жасын бір сығып тастап, жиенінің басын сипады да, оған өзінің қобзын ұстатты.

— Менің де осыдан басқа саған сыйлар түгім жоқ. Сенің қобзыңның үні иен даламыздың түкпір-түкпіріне естілетін болсын. Егер соны естіп қасыңа ақ шашты Қанадан шал келетін болса, әкең сияқты сыртқа тебе көрме.

Бұл сөз Жамбылдың жанына қатты батты. Қара қобызды құшақтаған күйі, жалғыз атты қыр асып көзден таса болғанша қозғалмастан сол көк төбенің басында тұра берді бала.

Жұрт тарап жөн-жөнімен кетісті. Жамбыл шалғынға

отыра кетіп, қобыз шалды. Қобыз үнінен, кейін ғұмыр бойы жадында сақталған Қанаданның мейірбан үні естіліп тұрғандай болды оған.

Сүйімбай аулында болып қайтқаны жайлы әкесіне тіс жармаса да, шешесінен сыр бүкпей, бастан-аяқ әңгімелеп берді Жамбыл.

— Сүйекеннің маған сыйлаған шапанын өзіне сыйладым мен. Әрине, бұным жөн білместік. Ақынның батасы қабыл бола ма, жоқ па, соны білмей отырмын.

— Балам, Сүйінбайды қонаққа шақырып, сыйлап жібереміз қалайда. Бірдеңе етіп әкенді көндіремін,— деп Ұлдан ұлының көңілін көтеріп қойды.

Мұндай әңгімені Жабайдың жақтырмайтынын білетін Ұлдан кешқұрым бұл жайлы сөз бастаудың ретін таппады көпке дейін. Ері Боқтыкөт молдаға барып қайттым дегенде кәдімгідей қуанып қалды.

— Молдекеңе бір қой қалдырдым да, қалған екеуін қайтып алып келдім. Бәрібір біздің бала молда боп жарытпас. Құран сөзі миына кірмейді. Малды далаға шашуға болмас, әрі молдекенді де енді қинау ұят болар дедім.

— Мұның ақыл болған, Жабай,— деп қоштай кетті оны, іштей молданың теперішінен құтылып, Жамбылжанның көзі ашылатын болды-ау деп ойлаған Ұлдан.

— Оның есесіне Жамбылды Баймағамбетке бергелі отырмын, атқа шабуды үйренсін,— деп үстеді Жабай.

Баймағамбетті жұрт мақтамайтын. Бұл өзі бір арамза, мейрімсіз тасжүрек адам болатын. Оны барымташы, ат ұрысы десетін, қай ауылда да жұрт бұған жолауға қорқатын.

Жабай баласын ат құлағында ойнайтын шабандоз ғып шығарсам, Баймағамбеттен өнер үйретсем деген ойын әлі ұмытпаған екен. Ұлдан қалайда күйеуін бұл бетінен қайырмақ болды.

— Отағасым Жабеке-ау,— деді ол наздана сөйлеп,— атакты Сүйімбайдың өзі біздің баланың өлеңін өз құлағымен тындап, мақтағанын естідің бе? Ондай көреген адамның қателесуі мүмкін емес. Баланды басқа жолға зорлықпен итермелеп қайтесің? Шөлдеген құлынға тұзды су бергенін кім көрген?

— Әбден құлағымның етін жеп біттің-ау!— деп тыжырынды Жабай.— Өзіне жақсы болса өлеңдете берсін! Егер басқа өнері болса, өлеңнен келер-кетері шамалы. Малақайымды көмейіне тығып қойыппын ба мен оның? О несі-ей, маған сонша қақсап қоймағаны!

— Сүйімбайды қонақ етіп, сыйлап жібер. Баламызға батаңды бер де.

— Сен ақылыңнан алжасқан шығарсың. Миың қағынды ұрып қарайып кеткен болар,— деп киіп кетті Жабай.— Балам қаңғыбас ақын болсын деп, қой сойып, қолымды қусырып қонақ шақырып мені не жын ұрыпты сонша!

Кикілжің күшейе түсті. Жабай бәйбішесінің сөзін құлағына қыстырар емес. Ұлдан ғұмырында бірінші рет, ұлына бола, қайткенде де айтқанынан қайтпауға бекінді.

«Жамбыл білдірмей барып Сүйімбайды қонаққа шақырып келсін. Аты шулы ақын арнайы келіп үйіне түссе, Жабай амалсыздан қонақ ететіні анық, тарту-таралғысыз және аттандыра алмас,»— Ұлдан осы ойын орындауға бел байлады.

Сүйімбай әуелі барғысы келмеп еді, бірақ, Жамбылдың сөзін қимады. Түс әлетінде Жабай аулына келіп түсті. Оған дейін Ұлдан үйдің ішін тап-тұйнақтай ғып жинастырып қойған. Торсықта бабы келген қымыз бұрқырап тұр. Шегеге ақ сүлгі іліп қойған, демек, бұл үй қонақ күтіп отыр деген сөз. Жабай ішінен қан жылап тұрса да, төбеден жай түскендей жетіп келген қонақтың асты-үстіне түсіп, төріне отырғызды. Сыр білдірмей, иіліп жастық, жайылып төсек болып жалпақтап-ақ жатыр.

Бір отар қойдың ішінен көкбақа арығын іздеп тапты, Жабай. Жұдырықтай құйрығын қайта-қайта ұстап көріп, шидей аяғына тағы да бір көз жүгіртіп өтіп, күзге жетер қауқары жоғына әбден көзі жеткен соң барып сойды.

Ет үстінде Жамбыл қолына қобызын алып, ұстазына қарап отырып, өлеңдете жөнелді.

Сүйеке, сүйенішім, өнерпазым,
Әйгілі ақылгөйі желді саздық.

Әкесіне бір қарап қойып, өлеңін соза берді:

Әкежан, сенде тіле, бата берсін,
Балаңа өлең қонып, атақ ерсін.

Сүйімбай шәкіртінің өлеңін тыңдап болған соң, қуана дауыстап:

— Балапаның күні ертең ақиық қыран болғалы тұр ғой, Жабай-ау. Ал сен болсаң балаңның ақын екенін жасырасың, мұның қалай?— деді.

Сүйімбай ақынның мына сөзі Жабайдың жанына жа-

ғып кетті, бірақ оның ақындар жөніндегі түсінігі табан астында өзгере қалған жоқ. Қынжылған қалып танытып:

— Кешір, Сүйеке! Бірақ Ұлы жүз өңірінде бізді елдің мазақ қып жүргенін қалайша естімедің? Бізді көрсе-ақ: «Екейде елу бақсы, сексен ақын. Айқымда алпыс бақсы, тоқсан ақын» десіп, ішек-сілелері қатады бәрінің,— деді ізетпен.

— Сен немене, көрінгеннің өсегін жинайтын болғаннан саусың ба өзін? Әлде дұшпаныңнан жақсы сөз дөметіп жүр ме едің?— деді ақын күйіне сөйлеп.

— О, Сүйеке! Дүниедегі ақынның бәріне бірдей сен сияқты бас бермеген ғой. Егер Екейдің елу ақынына тағы бір ақымақ келіп қосылса оның несі қуаныш дейсің? Сүйімбай бас шайқады.

— Егерде әкесіне тартып, балам осындай ақымақ болды десең, сен онда өзінді өзін жерлеп отырсың. Елу ақыны бар Екейдің бәрі нақұрыс дей алмас ешкім де!

Өз сөзінен ұсталған Жабай мүлде абдырап, бұрынғыдан бетер шатасты.

— Біздің тұқымда бұрын-соңды бірде-бір жөнді ақын болып көрген емес,— деп ол өршелене сөйлеп кетті,— Жамбылға қайдан ақындық қонсын? Ол да көп әулекінің бірі болады да қояды. Тағы бір бақсы кеп қосылып, Садыбек әулеті маскара болатын шығар, тегі. Сүйімбай, сен балама батанды бердің, сыйлы қонағым болдың, енді аттанарда осы Жамбылдың өзін ерте кетсең жөн болар еді.

— Қайсымыздың сөзіміз жөн екенін кезінде көрерміз, Жабай. Бірақ мынаны жадында мықтап ұста: «Жақсының даңқы өлмейді, жаман оны көтермейді, ал сараң одан да бетер дейді»,— деді Сүйімбай орнынан тұрып жатып. Сонсон, Жабаймен қоштасарда былай деп үстеді.— Басы бар өмірдің аяғы да бар. Тіршіліктің алды — үміт, арты — өкініш. Жамбыл жас, тілеуі алдында. Осының өзі бақыт. Ал сенің алдында өкініш тұр. Егер әкесі екенің рас болса баланың бағын байлама, кейін өкініш үстіне өкініш жамап қайтесің.

...Түні бойы Екей ауылында Сүйімбай өлең айтумен болды. Дүниеге келген жас ақынның тойын тойлап жүргендей еді ол. Сүйікті ақынын жұрт кезек-кезегімен шақырып, қолдан қолға тигізбеді. Ақын да олардың көңілін жықпады, бір үйде шілдеханада ән шырқаса, енді бір үйде шопан шалдың көңілін көтерді, одан кейін жасгарды өлеңге қосып, оларға бақыт тіледі. Жамбыл болса ұстазынан екі елі қалмай, оның әр сөзін құныға жат-

тап, оның домбырасының күмбір сазына қуана құлақ түрді.

Ұзынағаш аңғарында таң белгі берді. Алатаудың ақ басты шоқыларына алтын шапақ шашырап, шығыс бет арайланды. Көкше мұз құрсаңған құзар шында ақ сәуле ойнайды.

Таңмен бірге оянған қиырсыз-шексіз кең байтақ дала теңіздей толқып сала берді. Көшпелі өмірімен, сылдыр қаққан бұлағымен, сусыған көк құрағымен қызықтырып, жасыл жұмақ жайлауына шақырып, Жамбылға құшағын жайып туған даласы тұр. Жас өндірі жүрегін жарып шыққан жырын ашық шырқап дала күйіне үн қосып, асау өмір толқынына батыл құлаш ұрды.

ТАЙЫР ЖАРОКОВ

ДАРЫН ТАБИҒАТЫ

I

1928 жылдың август айы. Жадыраған жаздың жайлы күні еді. Алматыға оқуға келе жатқан бетіміз. Ол кезде Түрксиб әлі салынбаған. Фрунзеден Алматыға жету үшін Луговойға соғып, шиқылдаған арбамен әбден зерігіп, шаршап келеміз. Әйтеуір Қордайдан асып Қастекке құладық-ау! Қарақастекке төртінші қоналқада әрең жеттік. Әбден шаршап-шалдығыппыз. Дем алуға келістік. Сергіп көңілденіп қалдық. Жолдың екі жағындағы ағаштарға, егіндіктерге, тау бөктеріне сүйсіне қарап әңгіме шертеміз. Алыстан қарлы шыңдар көз тартады.

Кенет ауыл жақтан шырқалған ән, күмбірлеген күй естілді. Жолдастарым да, мен де елендесіп, киіз үйге қарай тұра жөнелдік. Әнге бола ел жиылып қалған екен, киіз үйге біз де кіріп келдік. Торғын кілем үстінде домбыра ұстаған алты-жеті ақын қатар отыр. Бәрі де егде кісілер көрінеді. Олар кезектесіп домбыра тартып, ән салады. Сығылысып тұрған біздер ақындарға ынтыға қараймыз.

«Ағайындар, мына кісілер біздің Жетісудың ақындары»,— деп таныстырды тындаушылардың бірі. Үй иесі бізге ықыласпен орын көрсетті. Біз отырдық. Сол кезде қарттың бірі домбыраны қолға алып шертіп-шертіп жі-

берді де, өзінің өлеңін ағыза жөнелді. Ол өте қуақы, қағылез қарт еді. Орта бойлы, кең иықты, жарқылдаған ақ көңіл жан тыңдаушыларды бірден өзіне ынтықтырып, үйіріп әкетті. Шап-шағын киіз үйде шаттық күлкі тасқан еді. Жұрт серпіле түсті. Ал ол басындағы барқыт тақиясын шекесіне қарай қозғап қойып, тамаша өлең жолдарын тыңнан туғызып тыңдаушысын мәз етіп отырды.

«Көп жаса, Жамбыл!» — «Тағы, Жәке, тағы!» — деп айғайлайды көпшілік, алғысы мен тілегін қоса жаудырып.

Бұл менің Жамбылмен алғашқы кездесуім болатын. Ол кезде мен даңқты ақынның ең жақын, әрі айрылмас серіктерінің бірі болармын деп ойлағаным да жоқ еді. Жамбыл не туралы жырлап еді? Ол Октябрь күні туғызған қазақ халқының бақытты өмірі туралы жырлаған болатын. Өлеңнің сөздерін еске сақтай алмағаным қандай өкінішті. Тек қана ойымда сол өлеңнің жалпы желісі, мазмұны ғана қалыпты.

Жамбыл өлеңді көп айтты. Оның тамаша сөздеріне еліккен жұрт ақынмен бірге шаттанып, бірге қуанысып отырды.

2

1937 жылдың күзінде біз Москваға бара жаттық. Жәкең поездың үстінде, доңғалақтың бір қалыпты тықылдағын тыңдай отырып, әңгімесін жол-жөнекей шерте берді: «Мен 1846 жылы Шу өзенінің маңындағы Жамбыл деген таудың етегінде қарлы қыста, қақаған аязда гуыппын. Төбесінде жамбы тектес тасы болғандықтан гау аты Жамбы аталып кеткен екен. Ол Жамбы ертеде аса қадірлі қонаққа сыйға тартылыпты. Немесе жарысқа озып келген аттың бәйгесіне тігіпті, әлде жеңген пауан алыпты, немесе айтыста озған ақынға беріліпті деген аңыздар бар. Әйтеуір ата-анам сол таудың атымен мені Жамбыл атап кетіпті».

Одан соң ақын өзінің молдадан қалай оқығанын еске түсірді: «Шынымды айтсам, мен оның не айтып отырғанын түсінбеуші едім. Ол әсіресе араб әрпін түсіндіруге қоқ еді. Қалай оқиын одан,— деп сөзін жалғастырды Жамбыл,— жас шағымда оқығым келмеген, қайтейін, сашып кеттім!»

Бұл әңгіме Жамбылдың барлық өмірбаянына кіріп күр. Ақын өзінің жас шағында шығарған «Шағым» ат-

ты өлеңінде молданың қаталдығын, оған зығырданы қайнап, өзінің оқудан кетіп қалғанын көз алдына келтіре өлеңге қосты.

Жамбыл жас кезінде айтқан өлеңдерін де ауық-ауық еске алып қайталайтын. Сондай ескі өлеңдерінің ішінде де сүйіп айтатын туындылары бар еді. Мысалы, Жәкеңнің Айкүміс сұлумен кездесуіндегі айтысы осындай тамаша шығармаларының бірі еді. Жамбыл өзінің айтыстарын қайта еске түсіріп, кейде қой соңында қоңырлатып айтып жүретін, кейде жиын кештерде, алқалы тойларда орындайтын.

Жамбыл бастан кешкен оқиғаларды да жиі-жиі еске алып отыратын. Ақындармен кездесулерін, алған соны эсерлерін айтқанда сергіп қалатын. Жәкең 1940 жылы апрельде Москвада өткен Совет Жазушылар одағы басқармасының пленумына қатысты. Қадірлі қарт «Москва» қонақ үйіне орналастырылған еді. Оған жазушылар, қоғам қайраткерлері, жұмысшылар, Одақтас республикалардың көптеген өкілдері келіп, кетіп жатты. Бір күні қонақтармен сөйлесіп отырғанда Жамбыл өткен күндерін, Октябрьге дейінгі өмірін өкінішпен еске алды. Ақынның қолында домбырасы. Әңгіменің аяғы өлеңге кеп сайды. Ол жастық, балалық шағын бұрын өлеңмен жырламайтын. Домбырасын қағып-қағып жіберіп «Шағымнан» мүлде басқа, жаңаша, өткен күндер туралы тың жырын төгіп-төгіп жіберді.

Жамбыл естеліктері өзінің жаңалығымен, өткірлігімен құнды. Оның өлең туындылары, әр жерде суырып салып айтқан жырлары да өте бағалы. Хат танымайтын, бірақ оқығанынан тоқығаны көп, тәжірибесі мол, ақылды қарт ақын Жамбыл көпті білетін. Біздің елімізде, шет елдерде не болып жатқанына құлағын тігіп естіп отыратын. Өз заманының, уақыттың дүрмегінен қалмайтын.

3

Жамбыл өзінің жырларын қалай шығарған? Бұл мәселеге жауап беру, атап айтқанда, өлеңді, жырды суырып салып айту процесін, өлеңнің ойдан туып жариялануына дейінгі жолын қамтиды. Жамбыл оқырмандары қолына қалам алмаған ақынның өлең өнерін қалай меңгеріп, қалай туғызғанын білгісі келеді.

Ол былай. Жамбыл өлеңді домбыраға қосып шығаратын. Кейде жазып үлгіре алмағанды жаратпай да қалатын. Ол жазып алғаныңды оқуды өтінеді, тіпті талап

етеді. Кейде Жамбылға жазғаның жақпайды. Ол келіспеген жолдарды қайта айтып кетеді. Артынан жөнделген нұсқаны қайта оқуды сұрайды, тағы да жақсарту қажет пе деп ақылдасады. Егер кемшілігін айта қоймасаң, ойлы қалыппен бетіңе қарап аз отырып, сұраулы көзқараспен: «Маған сене берме, ұялма, былай емес олай деп айт. Мен қараңғы адаммын, ғалым емеспің, сенің жазуыңды да танымаймын. Егер бірдемесі келіспесе, дәл сол жерін жөндеп жібер!» «Жамбыл жырлай білмейді, Жамбыл — жаман ақын» деп ертең халық айтады. Ал мендей қартқа жалған сөз жараспайды. Өлең өтірікті жаратпайды. Бұл ақынға оңай соқпағанмен, менің халқым өлеңшіл, жыршыл халық болғандықтан өзім де өлең айтып жыр шығаруға әуестендім. Ал өленді жаман шығарсаң — онының халық кешпейді, — бәрін өзіңнен көре бер!..» — дейтін.

Біз Шота Руставелидің 750 жылдығын тойлау үшін Тбилисиге бардық. Вагон ішінің қапырығы Жәкеңді шаршатты. Ол күйсіз, өлеңсіз зерігіп кететін еді. Тіпті кейде өзі домбырасының қос шегін қағып-қағып жіберетін. Бізбен бірге келе жатқан Кенен Әзірбаевтан өлең айтуды қолқалайды. Кейде маған Грузия туралы сөйле, өлең оқы дейді. Біз оның талабын екі етпей орындаймыз. Ән өлеңге, өлең ән мен күйге ауысады. Ақынды вагонда нағыз творчестволық өмірге бөлеп бардық. Бұл оның ақындық шабытын қозғап, ой туғызды, сезіміне әсер етті, образ жасап, жыр шығаруына себін тигізді. Қарттың салалы саусақтары домбыра шегін бойлап, билей жөнелді. Ол жырлады. Мен жазуға отырдым. Жайшылықтағыдай жазбаны бірнеше рет оқуға тура келді. Жамбыл түзетуді талап етті. Ақырында ол қанағаттанды да, өлең «Кавказға сәлем» аталсын деді. Сапарлас Павел Кузнецов оны орыс тіліне аударды. Біз Тбилисиге келгеннің ертеңінде-ақ өлең бірнеше газеттің бетіне әр тілде жарияланды.

«Кавказға сәлем» атты өлеңін Отанды мақтан ете, көңіл көкжиегін ашқан кеңістік жағдайында, қуаныш тасқынында қайта жырлады.

Жамбылдың суырып салып айтуы үшін, жаңа өлең туғызуы үшін творчестволық көтермелеу керек еді. Демеусіз ол жырламайтын. Оның көптеген өлендері осылай туған. Ақынның ойын қозғап, шабытын шақыру ұзақ толғатуды қажет ететін. Мұндай өлендері Бүкілодақтық маңыз алатын. «Жақсы өлең бірден туа салмайды» дейтін Жәкең.

Біздің елімізде сөз өнері — өлең қалай бағаланатындығын көріп біліп, сезіп отырмыз. Жамбыл жазушылармен, халық композиторларымен ақындармен кездесудің жолын қарастырды. Мұндай кездесулер кезінде халық творчествосы және әдебиеті, көрнекті ақындар, ашугтер, музыканттар, аты біздің еліміздің халықтарының мақтанышына айналған адамдар туралы кеңесумен болады. Ақынның Пушкин мен Абай туралы, Горький мен Шевченко туралы шығармалары осындай кеңестер нәтижесінде туған. Атап айтқанда, мысалы Пушкин туралы өлең туардағы біздің Жамбылмен кездесуіміз менің көз алдымда әлі тұр.

Бұл 1937 жылы болған еді. Еліміз Пушкиннің қайтыс болуының 100 жылдығын атап өтпек. Москвада, Жазушылар одағы Жамбылдың Пушкин туралы өлеңін күтті. Қалай болар екен? Қартқа бұл туралы тікелей емеурін білдіру керек пе? Тақырыпты меңгерсе жақсы, жырлай алмаса ше? Қалайда оған тақырыпты ептеп сездіріп, дем беру керек. Маған Пушкинге қоса Абайды айта келіп, алдымен Абайдың «Евгений Онегинді» аударғанын еске салайын деген ой келе қалды. Сөйттім.

Жамбыл бірден:

— Иә, Абай шын мәнісіндегі талантты ақын ғой, мен оны текке мақтаныш етпеймін,— деді.

— Сіз білесіз бе, Жәке? Ол Пушкинді аударған ғой,— дедім.

— Қалай, қайтіп аударған?

Әңгіменің тақырыбы бірте-бірте басқа бағытқа көшті. Біз Пушкин туралы айта бастадық. Мен оған ақынның өмірі туралы әңгімеледім. Жамбыл: «Пушкин біздің қазақтың батырлық жырларын білген бе?»— деп сұрады. Сөйтіп, мен оған Пушкиннің Орынбор қаласына келген сапарын айтып бердім.

Біз «Руслан мен Людмила» туралы да көп әңгіме қозғадық. Сонымен қатар Пушкин халық творчествосына қалай қарағанын сөз еттік. «Руслан мен Людмиладан» үзінді де оқылды. Жамбыл аса зер салып ынталана тыңдап отырды. Өзіне ұнаған жерлерін қайта оқытып, естіді.

Әңгіменің соңы Пушкиннің жер аударылып Кавказға барғанына көшті. Оның қазақшаға аударылған «Еркіндік», «Сібірге хат» атты өлеңдері және «Кавказ тұтқынынан» үзінділер оқып бердім. «Цыгандар» туралы да айтылды. Жамбылға жайылып жүрген жылқылар, цыгандардың жыртық шатырлары, тау мекендеген қарт-

тар, Кавказ табиғатының суреттері жақын тартқан тәрізді.

Әңгіме бірнеше сағатқа созылды. Біз біраз үнсіздіктен кейін Жамбылға ашыла сөз бастадық. «Жақында Москвада Пушкинге арналған мерекелі жиналыс болады. Жәке, біз қазақ ақындары, жазушылар Пушкинге өзіміздің құрметімізді ала барамыз. Сіз қалай қарайсыз, ақсақал, Москваға алдын ала өлең жіберу керек, олар күтіп отыр ғой!»— дедім.

Жамбыл қанаттанып, қомданып, енді Пушкин жайлы сөзді өзі ағыта бастады. Біз сөз еткен мәселелерге өз үнін қоса келіп: «Мен енді оны білемін, оған арнап өлең шығаруым керек»— деді сөзінің соңында.

Мен қарттың мұнысына қатты қуанып қалдым. «Өте жақсы, Жәке! Көріп отырсыз ғой, сіздің өлеңіңіз аса қажет, әрі сіздей жұрт таныған ақынның Пушкинді жырлауы ләзім»,— дедім. Жамбыл өлең жайында уәдесін берді, мен бірнеше күннен кейін келмек болып аттанып кеттім.

Тағы да Жамбылға келдім. Өлең әлі дайын емес екен: «Ойланып отырмын»,— деді ақын. Тек ертеңінде ғана ол өлең айтуға ыңғайлана бастады. Жамбыл домбыраның құлағын күйге келтіріп көп отырды. Кейде күбірлейді, кейде үнсіз толғанады, қайта бастайды. Сөйтіп, өлеңді ақыры жырлады.

Мен ақынға өлеңді аздап өзгертіп, жақсартып қайта жырлап көріңіз деп жайлап өтініш жасадым. Өз сөзіммен кейбір ойларымды жеткіздім. Жамбыл қайта жырлады. Домбырасын қолдан түсірмей, жаңа түзетулер мен қосымшалар енгізе отырып өзінше өлеңін әбден пісіре жырлады. Жыр дайын болды. Ақыры оны Москваға жолдауды жөн көрді.

Тақырып қалай меңгерілетінін, материал қалай қорытылатынын, халықтың ақындық дәстүрімен әдебиеттің қалай байитындығын, суырып салма ақын өзінің жырын қалай туғызатынын біз осыдан көреміз. Ақын советтік жаңа адамның, социалистік қоғам орнатушының бұрынғы ұрпақ жасаған істің алдыңғы қатарлы мұрагерлерінің ой-сезімі мен өкінішін өнерде дұрыс көрсете білді.

Бізбен, жазушылармен Жамбылдың ұзақ әңгімелері нәтижесінде замандастар туралы көптеген қызықты жырлар туды. Мысалы, «Ленинградтық өрендерім» атты жырдың қалай шығарылғанын айтайын:

1942 жылдың қаһарлы қысында, Жамбылдың үйіне

ақын Тарловскийді ертіп бардым. Күн батып, қас қарайған шақ еді. Ленинградтың қоршауда қалғаны жайындағы хабарды естіп, Жәкеңнің қатты қобалжығанын аңғардым. Оның үстіне Сталинград түбінде шайқасқа қатысып жүрген ұлы Алғадайдан хат-хабар келмей, қайғырып отырған кезі екен.

Жамбыл жырлай алар ма екен? Жырлағысы келер ме екен?»— деген күдік мені де, серігімді де қатты мазалады. Хал-жай сұрасқан соң шай іше отырып, соғыс жайлы сөз қозғадық. Ол бұл жолы біздің әңгімемізді онша қостай қойған жоқ. Тіпті ыңғайсыз болды, неге келдік екен деп те ойладық.

Жамбыл үнемі ерте тұратын. Таң жаңа ағараңдап атып келе жатқанда ақын екеуміз ауыл шетіне серуенге шықтық. Біз күннің ұясынан шыққанын үнсіз қызықтап қарап тұрмыз. Жарқыраған күн шұғыласы қарлы шыңдарды сүйіп, тау бөктеріне жайылып барады. Соғыс жайлы сөз қозғалды. Мен Жамбылға қысқаша ғана соңғы мәліметтердің жай-жапсарын тегіс айттым. Бұталақсыз сөзді Жәкеңнің жаны жарататын. Оның нені білгісі келгені, ауыр болса да, ащы сезілсе де естігенін көз алдына келтіргісі келгенін біліп тұрмын. Ақырда біз Алғадайды еске алдық. Жамбыл өзін тоқтата алмай кетті, фашистер нақ қасымызда тұрғандай-ақ тістене ашуланып, қатты қаһарланып лағынет айтты. Сабырға шақырдым. Ойым тек ақынның творчестволық ой-қиялын шабыттандыру. Мен сұм соғыстың алыс тылдағы бізге де дүмпуі жеткенін айта бастадым. «Енді біз бұрынғы бейбітшілік жағдайындағыдай өмір сүрмейміз. Соғысты күртпай тыныштық жоқ. Жәке, әлі-ақ атақты күрең жорғаң бәйгіден озып келер»,— дедім. Сөйтіп көкейдегі негізгі тақырыпқа, қоршаудағы Ленинград жайына ауыстым.

«Жәке,— дедім сөз бастап,— Ленинградта «Аврора» атты кеме бар. Ұлы Октябрь революциясы басталғанда сол зеңбірек гүрсілі дүниеге тұңғыш рет естілген». Одан соң ленинградтықтарға қандай қиындық төніп отырғанын айттым. «Олар сіздің балаңыз, Жәке, олар сіздің үніңізді, сүйемеліңізді күтіп отыр. Мен өзім де өлең шығарар едім, бәрібір ештеңе өнбейді»— дедім Жамбылға сөзімді қорытып.

Ол үндемеді. Үнсіз терең ойға батқандай, басын көтерді, біз бір-бірімізге қарастық, үйге қарай бет алдық. Үйге кіре Жәкең дем алып ұйықтап кетті. Бір сағаттай мызғыған соң оянды. Келіні шай әзірледі. Мен басқа

бөлмеден қартқа сездірмей қарап, бақылап отырмын. Жырлар ма екен? Сол шақта Жамбылдың жырлар-жырламасын айту қиын еді. Шай іше отырып, ол менен бұл өлеңді: «Павел Кузнецов аударар ма екен? Айтпақшы ол қай майданда еді?»— деп сұрады... Сонда ғана үміттің оты жылт еткендей болды. Қажет болса оның орнына Тарловский бар ғой дедім мен. Біз келгендегі мақсатымызды қартқа әлі ашық айтқан жоқ едік. Егер Жамбыл тартынатын болса, онда біз мұнда несіне келдік.

Шай іштік. Ленинград жайында тағы да сөз қозғадым. Өзім болған, оқыған сол қаладағы жылдарды жадыма түсіріп, әңгімелеп бердім. Қолыма домбыра алдым. Ленинград туралы, оның сұлулығы жайында, революциядағы оның ролі хақында, қорғаныс кезінде де жасап отырған ерлігі мен табандылығы туралы жырлауға құлшынғандаймын. «Иә, сен қаланы білесің, сонда тұрдың ғой?»— деді Жамбыл маған қарап, шабыттанған Жамбылдың жырлағысы келіп отырғанын сезе қойдым да домбырасын ұстата бердім. Жыр төгіле жөнелді... Қарындаш пен қағаз алып жазуға дайындалдым. Жазып жатырмын. Жамбыл жайшылықтағыдай жазғанымды қайта оқытты. «Ондай емес» деп, қайта жырлап толықтырып түзетті. Сөйтіп, біз сәскеден кешке дейін жұмыс істедік. Жамбыл өзінің өлеңіне разы болды. Қалып бара жатқан ойларды өлеңіне қайта қосты. Сонда ғана мен неге келгеніміз жайында айтуға бекіндім. Москвадан телеграмма алғанымызды, онда Ленинград жайында жазылған Жәкеңнің жаңа өлеңін жіберу керектігі айтылғанын түсіндірдік.

Әрине, Жәкең бұған қарсы болған жоқ, тіпті бұл өтінішке қатты қуанды, әрі мақтаныш етті. Сайып келгенде ақынның өлең шығаруына, жырлауына уақыт қажет екен, дем беріп шабыттандыруды тілейді екен, азды-көпті әзірлік керек болатын көрінеді. Біз телеграмма жаза бастадық. Кім біледі оларды қуанышқа бөлей алар ма, жоқ па? Алайда бәрі де ойдағыдай болды.

Өлеңді Тарловский аударды. Ертеңінде ертемен «Ленинградтық өрендерім» Москваға жіберілді.

Қарт ақынның аталы сөзін, өсиетін «Ленинградты қорғаушыларға» деген үндеу өлеңін газеттер мен радио біздің кең-байтақ ұлы Отанымыздың түкпір-түкпіріне таратып әкетті. Ленинградтықтар да түгел естіп тындады. Сонынан плакаттарға басып, қаланың қабырғаларына ілінгенін білдік. Майдан газеттеріне басылды. Қорғаушылар жанында сақтап оқыды. Жамбыл ақынның жа-

лынды сөзі біздің Отанымыздың халықтарының күшіне, жеңісіне деген сенімді, тамаша табандылықты олардың жүрегіне құя білді.

Суырып салма ақынның бейбітшілік және соғыс жайындағы шабытты өлеңдері, міне, осылай туған еді.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ

АСҚАҚ ҮНДІ, АЛЫП АҚЫН

Мен Жамбыл жайында жар сала ой толғағым келеді. Жиырмасыншы ғасырымыздың аса әйгілі ақыны шын мәнінде аты аңызға айналған замана жыршысының өткір де, асқақ үні — бір ғана қазақ халқы емес, осы күнгі түркі тұқымдас барлық халықтар поэзиясының арсеналындағы ең озық игілік болып отыр. Мен бұл пікірді бар сеніммен айтамын. Өйткені Жамбылдың өмірі мен ақындық шығармашылығы көрші әрі оған әрдайым етене жақын қырғыз халқымен өте тығыз байланысты қалыптасқан-ды.

Әрбір халықтың шежіресінде тұтас дәуірді қамтитын есімдер болады. Ұлы Жамбыл өзінің жыршылық өнерімен екі дәуірді басынан өткерді. Ол өз халқының ежелгі ауызекі жыраулық өнерінің арқауын ыдыратпай осы жаңа заманға жеткізді. Жеткізгенде де жаңартып, жаңғыртып бұрынғыдан да зор әуен-сазбен байытты. Осындай жаңа дәуірде, профессионалды жазба әдебиеті қауырт өркендеген кезде, ертедегі ауызекі жыраулық дәстүрде жырлайтын ақынның шығуы мүмкін емес-ті. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Әрбір халықтың өзі тудырған қазынасы өшпек емес. Халық Жамбыл сияқты ақын-жыршылардың, көркем сөз зергерлерінің мұрасын мұқият сақтайды, оны ілгері дамытады және моральдық-эстетикалық дәстүрлердің қорына айналдырады. Халықтың күші, міне, осында. Сондықтан да ол Жамбыл сынды дарынды таланттарды дүниеге келтіреді. Жамбыл жалғыз емес. Оның соңынан ерген ақын, жыршы, тетелес замандастары бар.

Жамбылды солардың арасынан бөліп ерекше алатын себебіміз — оның жыраулық дарынының шын мәнінде ұлы болғанында, ең бастысы Жамбыл арқылы халық поэзиясы жаңа өмір, советтік құрылыс туралы, Отан,

партия жөнінде өзінің жарқын да, шынайы сөзін айтты. Халықтар достығы, советтік патриотизм, интернационализм тақырыбын биік шыңға көтере жырлады. Ауызекі поэзияның көне дәстүріне сүйене отырып, Жамбыл және оның қазақ-қырғыз замандастары шын мәнінде жанару құбылысын, яғни совет кезінің ақындық дәстүрін туғызды. Егер осыған ой сала қарасақ, мұндай құбылысты — тарихи маңызы бар жайттар дер едім.

Менің ойымша, міне, дәл осы тарихи жағдай 30-40 жылдарда халық ауыз әдебиетінің шарықтап дами бастауын белгілеп берді және Жамбыл тәрізді жыр алыптарын өз толқынымен жарқыратып көрсетті. Қазақтар мен қырғыздар арасында оған дейін де ірі ақындар болған. Оның ішінде Жамбылдың өзі де ғұмырының жартысынан астамын Октябрь революциясына дейінгі заманда өткізді. Бірақ патша өкіметі қазақ, қырғыз жерінен өзіне мұндай жыршыны таба алмады. Және ол халық әдебиетін өз кәдесіне жарата алмады. Ақындар патшаны мадақтап жырламады. Қайта сынап, келемеж қылды. Жоқтың аты жоқ. Сөйтіп, халық бұқарасы осы арқылы жат атаулының, өзіне қолайсыздық атаулының бәрін аулақ серпіп тастады.

Жамбыл — мейлінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып, өлең-жырды табан астында суырып салып төгіп айту — жұрттың айтқанындай ең жоғары мәртебелі өнер. Тек күшті және өзіне мықты сенген, айтар ойын өлеңмен жатқа төгетін, ақындық шабыты шалқыған майталман өнерпаз ғана солай жырлайды. Өткендегі тәжірибені нақ осы шақтағы тарихы және философиялық, психологиялық тұрғысынан бейнелеп жырлауға шебердің шебері, дарынның дарыны ғана тәуекел ете алады.

Импровизаторлық өнердің «сиқырлы» күш-қуатының өзі осында ғой. Сондықтан да бізде өнер адамының ең асқар шыңын ақындық жырлау шеберлігі деседі. Міне, Жамбыл осындай құдіретті, қуатты ақын еді.

Ол — бар сәттегі ақындық үйлесім өнердің нағыз дарынын өн бойына жинаған асқақ үнді алып ақын. Ол бүгінгі туралы, көзімен көргендері жөнінде, сол құбылыстар туралы айта отырып, оған тарихи мән бере білді. Міне, сондықтан да Жамбылдың сөздері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді.

Қазіргі Жамбылдың жыршылық дәстүрінің біздер үшін зор творчестволық, эстетикалық маңызы бар. Оның мәнісі, менің ойымша, мынада: екі дәуірді басынан ке-

шірген Жамбыл қазіргі халық поэзиясындағы жаңа сапа мен ежелгі эпостың бейнелеу құралдарын шебер пайдалана білді. Сөйтіп ол совет халқын социализм орнатушы кейпінде жырлады.

Міне, бұл тәсіл Жамбыл сынды суреткердің өзіндік жаңалығы еді. Оның шығармашылығындағы ең басты қасиеттің бірі осы деп білемін. Жамбыл поэзиясының тағы бір ерекше қасиеті — кешегі көшпелі халықтың бүгінгі коллективтік парасатты өзгерістерін шебер суреттеп жырлауында. Оның өлең-жырларының орыс әдебиеті және дүние жүзілік әдебиеттен сусындаған қазіргі суреткерлердің дара ерекшелігімен ұштасып жатуында. Осы күрделі қайнар бұлақтардың социализм жағдайында біте қайнасып қосылуы бүгінгі суреткерлік ойға нәр береді.

Сондықтан біз былай дейміз: Жамбылдың және онымен бауырлас, үзеңгілес ақындардың ақындық шабыты шарықтап, атақ, даңқы арта берсін! Олар жаңа атаулыдан бойын аулақ салған жоқ. Қайта өткенге көз салып, оны өзінше жандандыру үшін, тарихтан халыққа қажетті игілікті табу үшін алға талпынды, оған олардың күдіреті жетті. Шын мәніндегі Лениндік дана ұлт саясаты бұрынғы ақындық дәстүрді жаңаша жандандырды. Бұған Жамбыл ақын куә. Бұл осы саясаттың даналығы мен көрегендігі болса керек.

Осыған байланысты мен жас ұрпақтарымызды өткендегі дәстүрлі мұраны құрметтеу рухында тәрбиелеу қажет деп ойлаймын. Бұдан біз қоғамымыздың гуманизмін, адамгершілігін, интернационализмінің жарқын көрінісін танимыз. Оны біз мәдени және әлеуметтік қайта құрылыстарды сипаттайтын мәнді құбылыстар ретінде атаймыз. Дәуіріміздің ұлы жырауы Жамбыл Жабаев бүгінгі таңда да құлшына жырлап бәрімізбен бірге заманымызға үн қосып отыр. Ол мәңгі тірі, бізбен бірге жасай береді.

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ

ҰСТАЗ

Мен Жамбылды бірінші рет қырғыз елінде көрдім. Керімсаз жайлауында бір үлкен аста арғы жағынан қырғыз, бергі тұстан қазақ ат құрғатпай келіп жатты.

Небір әнші, балуан, сайыскер, ақын дейсің бе — әрбірін өз мақсаты тыншытпайтындай. Менің бұл жолғы ойым: Жамбылмен жүз көрісіп, білісіп қайтсам деймін.

Көк орай шалғынға қатарласа тігілген көп киіз үйдің орта шеніндегі бірінде Жамбыл бар десті. Қырғыздың Жәкең тұстас ақыны Қалмырза да менің алдымда ғана сол үйге түскен. Үйден сыртқа тепкен дабырға қарағанда босағада бас сұғар жер жоқ-ақ сияқты. Өлең әлі қыза қоймаса да, домбыраның алғашқы серпіндері құлаққа тиіп қыз, бозбала, ақсақал, қарасақалдар осы үйді төңіректеп қалыпты. Көзінен ұшқын атып тұрған жиырманың тентегі нені тындатады, өлендетіп кіріп бардым.

Жартасты Мәтібұлақ — туған жерім,
Балапан, көбелегін қуған жерім.
Сол елден сәлем бере келдім, Жәке,
Әдейі себеп қылып думан жерін.

Осылайша бір-екі толғап алғанымда, төрдегі шоқша қара сақал оң жақтан орын нұсқады. Жастар ортасына тізерлей сыйысқан маған: «Мен білсем, сен — Кененсің, жарауы жеткен дөненсің» — деді ол, Жамбыл екенің сезе қалдым: «Өленіне өзі ән де шығарады» деген-ді ол сол жолы:

Кешегі анау боз үйден,
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрымтай,
Бұққан дауыс сен бе едің?
Бүркіт болсаң боларсың,
Үлкен екен шенгелің.
«Кенен-Кенен» деп жүр ғой елің бәрі,
Осы тойға жиналған жас пен кәрі,
Сәлем берсең, қарағым, сәлемет бол,
Бабалардың балаға көшкен нәрі...
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарбас, Әлмен бар ма еді біз білмеген?
«Бабаның батасынан» деген нақыл.
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеген...

деп, батасын берді де, сөзін тағы да жалғай түсті:

— Аңырақайға жүрмек ретім келіп, жолшыбай соққалы отыр ем, мұнда кездесіп көзайым болдық, ас аяғында атқа бірге қонармыз, — деді де, ақын көпшілік тілегін орындауға кірісті.

Үй айнала түрулі, сыртта керегеден көз салғандар да жым-жырт. Ас аралатып отырып жырланған «Көрұғлы», «Манастар» таңға созылды. Оны өзі «Әр жерінен үзіп айтып отырмын» дейді. Еті қыза келе ақын бір уыс болып түйіліп алады да, сол екпінінен бір танбайды екен.

Ақындардан елдің ертеңгі қолқасы суырып салма «жер өлеңі», «тау өлеңі» болды. Міне, мен Жамбылды нақ осы тұста өзге ақындардан ерекше сезіндім.

Әркім-ақ өз жерінің сұлулығы мен шүйгіндігін нәшіне келтіріп толғайды, жер қожаларынның аттары да өлеңге қосылып көпке танылып жатыр. Менің көзім Жамбылда. Ол кезек-кезек жүйткіген ақындар сөзіне құлақ тосып қана, төмен тұқшиған күйі көп отырды. Әуел баста «түндегі ұзақ жырлардан кейін шаршағандық бар ма» деп қалған ем, олай болмады. Ол бір мезетте ақшолақ домбыраның шанағын шертіп-шертіп жіберді де, сөйлеп кетті. Әттең, сол бір тамаша жыр қазір не жазуда, не жадымда жоқ. Бай-манаптардың жаз-жайлау, қыс-қыстауын мадақтай сөйлеген жері, үлкен шаңырақ иелеріне, әлбетте, ұнады. Бұл тұста олардың бәрі де мәз-мейрам болып, бірінен бірі шақша сұрасып, еңсе көтерісіп қалды. Ал «жазға салым көтеріле көшкен үлкен ауылдарға ілесе алмай, сонау етекте сыбағасыз қалған жүдеу елге шыбынсыз жайлаудан не пайда?»— дегенді Жәкең аса бір ащы сөзбен келтірді. Бұл сәтте қолдағы сары қымыздың талайы-ақ ішілмей жерге қойылды.

Көшке ілескен көк төбет,
Ырысты екен олардан.

Түннен бері кереге көзінен сығалаған жалба тымақтар мұны естігенде: «Рас сөз, аталы сөз» десіп бет-бетімен шуласып кетті. Ас тарқарда Жамбылды ақ жалпошты ақ боз атқа қолтығынан сүйемелеп мінгізгендер де солар болды.

Қалмырза шақырып, Жамбылдың біраз күн қырғыз жерінде болуына тура келді.

— Ағайын аралайық, жүргін — деген соң, мен де бірге аттандым. Жомарт елдің сый-сыяпатын бірге көріп, екі-үш апта жүргенімізде сол елдің де ақыны болып кеттік. Менің «Бозторғай», «Көк шолақтарымды» қырғыз жастары осы сапарда алып қалды. Қайтарда Қордай асуымен қасқарау беттеп Мәтібұлақтағы біздің ауылға келдік:

Әлі есімде, ертемен үй сыртындағы жотаға шығып тұрып, Жәкең сол жолы бір сыр айтып еді:

— Осынау төстің күз болмай сарғаятыны көңілсіз. Аңырақай барған жолымда ылғи көремін. Әттең, осы жерге бір қол тигізіп, диканшылық етіп көрсе...

Ол бертін келе осы бір сөзін Мәтібұлақ туралы әңгі-

ме бола қалса, қайталамай қоймаушы еді. Биыл ұйымдасып, тың көтеріп жатқан жаңа астық совхозын көрген сайын Жәкеңнің бұл сөзі менің де есіме түсе беретін болып жүр.

Сонымен бір айтайын дегенім: Жәкең жер-судың ел ырысы болғанын, өлең, жырдың соған арналғанын басынан-ақ қалаушы еді.

Енді бір сөз — ақындық жайлы.

Жәкең мені өлеңмен достастырды. Ысты деген елдегі Қасабек, Сарыбастаудағы Айдарбек астары, Жолсейіт Қасен баласының тойы секілді үлкен жиындар мұң-зарымыз бен қуанышымызды табыстырған, ұғымымызды бірлестірген, тілімізді үшкірлеген мектебіміз болды.

Әлбетте, ақын да әр түрлі. Жәкеңше айтқанда: «Бір сөзін мың сатқан сорлы немелер» талай ат-шапанға ортақ та болды. Байлар сонша қорыққаннан ырым етпесе, ықыласымен сый бере қоймайтын. Қайта әлгі дәріптеушілер олжалы қайтатын.

Бір жылы төстегі тойдан құр қайтқан сапарымызда Жәкең налиды ғой деп едім, оның жолшыбай маған айтқан сыры өзгеше болды.

— «Құдай сүйер қылығымыз» жоқ, сен де, мен де түскен жерімізді тотыяйындай күйдіреміз. Сол үшін байлар қол тарлық етеді. Олар солай істегенімен, халық біз туралы әрқашан да айтып жүрер,— деп еді ол. Айтқанындай, осыдан отыз жылға жуық бұрын баспасөзде «Жетісу ақындары» деп екеуімізді жазды.

Шынында да Жәкең бет-жүзге қарамай небір шон-жарларға тіке айтып тастайтын кісі еді. Ондай сөздерінің бірсыпырасы кітабында да жүр ғой. Сол үшін іштей ызасы барлар Жәкеңді ертеректегі бір өстепкеге (выставкаға) шақырмай да қойған. Сонда қарулы күзет қойған ұлықтар үйіне бұзып кіргені бар оның.

— Ау, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Көргенім көп көне едім,
Өлең-жырға қамбылмын.
Күңіреніп күн-түні
Жалғыз қалып қаңғырдым.
Қатар-құрбы қадірлес
Замандасты сағындым.
Қатаған мен Кебекбай —
Мақамдасты сағындым.
Көкте жүзген күміс күн,
Аппақ айды сағындым.
Қалдырмайтын тойынан,
Ноғайбайды сағындым.

Кедейлерді жақтамай,
 Байға қашан жағындым.
 Болысқа қашан бағындым?!
 Бой бермей жүріп оларға,
 Востандығым сағындым.
 Күткен күнім туғандай,
 Құрметім мен олжамнан
 Не себепті қағылдым?..
 Жас ақындар қасында,
 Дудар шашың басында,
 Сиыр баққан, тас өртеп,
 Әкелерінді білуші ем,
 Ораз бенен Жұбаныш,
 Торқалы тойға шақырмай
 Мен сендерге нағылдым?
 Жігіттерде әдеп жоқ..
 Қыздарында сәлем жоқ,
 Сондай ұл-қыз көргем жоқ.
 Әйтеуір жас екем деп,
 Көк қояндай секендеп,
 Өзім айтып жүргем жоқ..
 Ленин батыр большевик,
 Қелсе екен деп, аңсап ек,
 Сол айтар деп күтіп ем
 Өзің тойды баста деп,
 Үйретті ме сендерге,
 Шал-кемпірді таста деп?..

Жәкең ақындықты дүние-малға сату түгіл, шын ақынның өзге тіршілікпен айналысқанда оның өлеңге керенау қарағанын жақтырмайтын, халық мүддесіне арналған өлең сөзді өте жоғары бағалайтын кісі еді. Ревком тұсында, аз ғана уақыт мен де бір қызметте болып ем, сол кезде оның маған да шығарған өлеңі бар.

Тау шабытты, Кенен-ау,
 Тартқаның ба керенау!..
 Өйтсең көңілім қайтады,—
 Жұрт бағынса екен деп,
 Сен жүресің секендеп,
 Өленді кім айтады?—

деп, бір күні осы Алматыда шенеп-ақ салғаны... Ал мені әкім деп қабылдағандар ақын деп аттандыратын.

Екеуіміз көре қоямыз деп ойламаған бір ұлы сапарымыз 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде Москваға, келесі жылы Кавказға баруымыз болды. Бұл тұста ат аяғы жетпес жерге жыр кетті. Әсіресе Жәкең даңқы алысқа шырқады.

Москвада жатқанымызда күн сайын ертемен «Правда» бастаған газеттер келеді, ымырт үйіріле «Кешкі Москваны» алып оқытамыз. Бәрінде Жәкең жырлары, Жәкең суреттері, Жәкең туралы әдемі сөздер кездеседі.

Радиода да ертелі-кеш ақын аты аталып, ұзақ сырлар шертіледі, ара-арасында қазақша арғы-бергі әндер шырқалады, күйлер тасқындайды. Сәулетті астананың қай жерінде жүрсек те, Жәкеңмен сәлемдесіп, оны құттықтап жатқандарды көреміз. Кей жерде «Жәке!» дегенге қазақ па деп қалсақ, монғол да боп шығады. Бәрі де осы ақсақал шалдың құдды ескі достары, не бір Қарақастектегі туыстары тәрізді. Әсіресе жастар жағы көрген жерде оған гүл сыйлап, ортаға алып суретке түсіп, орайласа кетеді. Небір көрнекті тілшілер, киношылар, тарихшылар, суретшілер, небір дүлдүл жазушылар — бірі кетсе, бірі келіп, ылғи қошеметті қоршауда жүрдік те қойдық.

Даналардың данасы — Ленин ұйықтап жатқан мәрмәр сарайға бардық. Жолшыбай қолтығынан сүйегендерден қайта-қайта босанып шығып, ұшар қырандай қомданып, ақын сол жолы мен өмірі байқамаған аса бір ғажайып шабытқа мінді.

Қуатым толып, күш өсіп,
Бекіді менің сүйегім,
Бәрін бірдей құнарттың
Алпыс жі жүйенің...

— деген-ді ол. Ленин басына барып жырлағанға дейін әлденеше қайталап, ешкімде ісі болмай, өзімен өзі сырласып келе жатты.

Кремльге бармаққа, партия, үкімет басшыларымен көрісіп, дәмдес болмаққа жиналды. Осы хабар құлағына тиісімен-ақ, сол күні ол домбырасын қолынан қыл елі ажыратпаған-ды.

— Кенен, сен не біліп отырсың, көне көзім қайтадан көргіш болып кетті,— деді Жәкең,— көзің жете ме?..

Осының бәрін көргеннен кейінгі ақынның бір көңіл күйін айтады. Ауылдан бізді Москваға бастап барғандар екеумізді екі қонақ үйге орналастырған. Соны «Кенен бөліне қашты» деп түсінген Жәкең, телефонды алыпты да, бір жерін бұрап қалып, өзінен өзі өлеңдете жөнеліпті. Тегінде, ар жағында мен тыңдап тұр деп білсе керек.

Табақтас сен-ақ болшы жайсаңменен,
Сонда да жан сырымды айтам, Кенен.
Салдыртып қонақ үйге бір келіп кет,
Көшенде тұр ғой неше «шайтан дөнен».

«Іздеп жатыр»,— деген хабар тиіп, дереу келсем, ол оңаша бөлменің терезесін кең ашып, Кремльге қарап тұр екен. Жай тұрған жоқ, күбір-күбір сөйлеп тұр.

— Уа, Жәке, не деп тұрсыз?

— Темір тордан босанған өлең құсы,— дейді ол,— мынау мұнаралардан шарықтап ұшып сонау ақ бұлтқа қарай самғап бара жатқанын көресің бе?.. Әне, мен соған сөйлеп тұрмын. Сен келмеді екен деп ішіме сақтап отырамын ба?!

Жәкең бұл секілді қуанышты ғана емес, қайғы-қасіретін бөліссе де, сондай бір қайратқа мініп, жабырқау қабағын демде көтеріп алушы еді. Көп жылдық достығымызда титтей де ақау жоқтығы Алғадай өлімі тұсында да көрінді. «Балаң өлді» дегенді естіген ақын талып құлап, май өкшеден жіберген дәрі де көмек етпепті. Сонда осы Сәбит жұбаныш болар ма деп, Қордайдан мені әкеліп еді.

Ау, Жәке, көпті көрген батырымсың,
Қайғырып Алғадайға жатырмысың?
Пендеге бұл жалғанда, өлім, рас,
Тағдырдың сөгесіз бе қылған ісін,
Кім күшті, дүниеде тағдыр күшті,
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.
Миуалы бақ ішінде дарағы едің
Бір жемісің жел соғып жерге түсті.
Сен тұрмасаң, береке бізден қашты,
Түгесіп те бітірдім көзден жасты.
Карасай — бабан шейіт емес пе еді
Атаң — батыр Шапырашты, көтер басты!..

— дегенімде, Жәкең «Кененім келген екен ғой» деп, басын көтерген еді...

ТҮГЕЛБАЙ СЫДЫҚБЕКОВ

САҒЫНАМ СОЛ БІР ЖАНДАРДЫ

...Сол 1938 жылы Алматыда Жамбыл творчествосының жетпіс бес жылдығына арналған салтанатты жиын өткізу белгіленген еді. Тек Қазақстан үшін ғана емес, Бүкілодақтық деңгейдегі әдебиет мейрамы ретінде аталып өтілетін бұл тойға Қырғызстаннан үш адам шақырылды. Сол үшеудің бірі болу бақыты маған тиді. Мұхтар Әуезовпен жолыққаннан кейінгі екінші үлкен қуанышым осы салтанатқа қатысу құрметі екенін дәлелдеп жатудың қазір қажеті де аз. Мені қастарына ерткен екі адамның да қырғыз әдебиетінде ерекше орыны бар үл-

кен талантты ақындар. Олар Тоғалақ молда Абдрахманов пен Қалық Ақиев. Үшеуімізге үсті ашық жеңіл машина берілді. Ол кезде машина ғана емес, өзге транспорт түрлерінің аз екенін ескерсек, мұндай көліктің берілуі — біз үшін үлкен құрмет. Фрунзе мен Алматының арасында сайрап жатқан қазіргідей даңғыл асфальт жол ол кезде қайда? Екі қаланың арасын шаңы шыққан шоқалақ нашар жол ғана байланыстырады. Мұндай жермен жүрген машинаның да, онда отырған адамның да берекесі кетіп, әбден шаршатады. Бұл 1938 жылдың жиырмасыншы майы еді. Салтанатты жиын кешкі сағат алтыда басталмақшы болатын. Біз сол белгіленген мерзімінен он-он бес минут уақыт шамасында кешігіп келдік. Жуынып-шайынып үсті-басымызға қаранып жататын уақыт қайда? Жол соқты болып шаршаған шаң-шаң күйімізде бірден президиумға барып отырдық.

Қазақ жазушыларының сол тұстағы барлық бетке ұстар нықтыларын осы жиын үстінде көрдім. Аттары республика көлемінен асып, айналадағы туыстас жұрттарға мәлім болып қалғанымен, солардың көпшілігі, енді ойласам, қырыққа әлі жетпеген жас адамдар екен-ау. Шеттерінен сайдың тасындай болып көрінген олар көңілді де ақ жарқын, жігерлі, шешен жандар ретінде әсер етті маған. Өзгені былай қойып, жұбы жарасып президиумда қатар отырған Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың өздері неге тұрады. Менің көзімнің айналаны түгендеп келіп, кідіретіні де осы екеуі. Әлсін-әлі бастары түйісіп қалып, әлденені айтып ақылдасып, онан кейін естірте қалжың сөз айтып отырған бұл қос қаламгер маған ынтымағы жарасқан бұлжымас үлкен достықтың иелеріндей болып әсер етті. Советтер елінің түкпір-түкпірінен өкілдер келген, осындай жауапты жиынды жоғары деңгейде еш кемшіліксіз ұйымдастырып, өткізу үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған үлкен ынтымақтастық керек те. Мұқан мен Сәбеннің салтанат біте-біткенше өзара қас-қабақтарын түсінісіп, достық құшағында жүруі азаматтық, адамгершілік үлгісіндей әсер етуі заңды да. Кейін естісек, сол уақыттарда бұл екі алып арасында кейбір творчестволық мәселелер жөнінде ептеген келіспеушілік, іштей ренжісулік сияқты бір көңілсіздеу оқиғалар болып жүргенге ұқсайды. Соған қарамастан, әлгідей жауапты шақта екеуінің сыртқа ештеңе сездірмей соншалықты бір жарасыммен жұптаса қалуы азаматтық іріліктің, ақыл мен парасаттың айнымас көрінісі екен ғой.

Рас, творчестволық мәселелерге орай келіспеушілік — замандас ірі талант иелерінің араларында болып тұратын жәйт. Керек уақытта, соның барлығын жиып қойып, Мұқаң мен Сәбең секілді шұрқыраса табысып кету, ішкі пендешілік құбылыстарды сыншыл сырт көздерден бүркемелеп ұстай білу сияқты сабырлылық, теңдік екі адамның бірінің қолынан келе бере ме?

Бәріміздің мақтанышымыз болған бұл дара тұлғалардан, әдебиет әлемінің көрнекті өкілдерінен шығармашылық қасиетті, шеберлік нұсқаларын қалай игеру керектігін бір үйренсек, әлгідей адамгершілік биіктікті, асыл адамға тән тектілікті тағы үйренуіміз керек-ақ екен. Қазір шашымыз ағарған біздер үшін ғана емес, әдебиеттің желкілдеп өсіп келе жатқан кейінгі буыны үшін де қымбат үлгі-өнеге...

Сол жиын кезінде менің есімде тағы бір қалған адамдар Ғабит Мүсірепов пен Мұхамеджан Қаратаев еді. Бұл екеуі де өзіне тән жағымды мінез-құлықтарымен, көпшілік алдында өздерін ұстай білуімен назар аударып отырды. Қазақ жазушыларына деген сол кездегі ыстық ықылас бұдан кейінгі уақыттарда төмендеп кетті деп айта алмаймын. Кейінгі кездесу кездерінде басқа елден келген әріптестердің қазақ туғандарға деген ниет, пейілі ерекше болып келді. Рас, соңғы он-он бес жыл беделінде өз басым Алматымен ара қатынасты ептеп суытыңқырап алдым. Оған алдымен жас келіп, жүріс-тұрыстың қиындауы себеп болса, екіншіден, тай-құлындай араласып жүрген қазақ қатарластарымның қатарының сирексіп қалғандығы. Өзімізден кейінгі буын өкілдерін көбіне көп танып, арласа бермейміз... Бұл мәселеге сөзімнің соңына қарай тағы бір айналып соғармын. Әзірше жаңағы айтылып жатқан әңгімені аяқтай тұрайық.

Жамбыл тойына Совет Одағының әр түкпірінен белгілі-белгілі әдебиет өкілдері келді дедім. Солардың ішінде Павло Тычина, Пеньковский, Липкин, Тарловский, Ғафур Гулям, тағы да басқа танымал қаламгерлер болды. Олардың қай-қайсысының да басты назары той несінде. Қарт ақынға соншалық мол құрмет көрсетіп, қадір тұтып, сыйластықтың бір тамаша үлгісін көрсетіп жүрісті.

Жамбылдың жұрт алдындағы беделі шынында да керемет еді. Соған орай мынадай бір кішкене деталь есімде қалыпты. Тойға келген меймандар республиканың Министрлер Советінің дачаларында жатты. Ол дачалардың орналасқан жері қазіргі Медеу аймағынан

төмен, шатқалдың қалаға жақын етек жағында. Содан ұзын кара жеңіл машинамен қалаға қарай түсіп келе жаттық. Ойлы-қырлы жолдың тас төселмеген нашар тұстары көп. Тиісті жөндеуші мекемелер соның өзін түгел түзеп біте алмай жатқанға ұқсайды. Бір жерге келгенде жөндеуші жұмысшылар бізді еріксіз тоқтатты. Асығып келе жатсақ та, қолында таяғы бар, білегіне қызыл шүберек байлаған жігіттің нұсқағанына еріксіз мойынсұнуға тура келді. Алдыңғы орында Тоғалақ — Молда отырған. Әлгі орыс жігіттің көзі кенет соған түсіп кетті де, қалт тоқтай қалып:

— Джамбул, Джамбул!— деп айқайлап жіберді. Тегі қырғыз ақынының дөңгелек бөркін, сақал қойысы мен жалпы кескін-келбетін Жамбылға ұқсатып алғанға ұқсайды. Сол-ақ екен, жолымыз ашылып, біздің өтіп кетуімізге рұқсат берілді. Жап-жас жұмысшы бозбаланың Жамбыл есімін соншалықты құрмет тұтқаны машинада отырған қай-қайсымызды да тебіrentті. Әлгі кішкене оқиғаға басымызды шайқап күле отырып, әбден разы болғанымыз бар.

Ертеңінде Жамбылдың туған ауылына қарай тартып кеттік. Бұл жақтың да жолы нашар. Бойы биіктеу Пеньковскийдің төбесін машинаға соғып алып, кәдімгідей ауырсынып қалғаны есімде. Сонда да көңілім көтеріңкі, тойдың сәні бұл жақта тіпті жарқылдап көріне түсті. Алыстан келген меймандарға, әсіресе ақындар айтысы ерекше әсер еткенін айта кету керек. Ол кезде ақындар ат үстінде отырып айтысатын. Ашық аспан астында, дүйім жұрттың ортасында бұлайша өнер көрсетудің эмоциялық әсері, сөз өнерінің ажары жан-жақты ашылатын. Туған аулының адамдары Жамбылға жүзіктің көзінен өткендей көздің жауын алатын сұлу мүсінді бір тамаша жылқыны тарту еткен екен. Енді шаршы топтың алдында өнер көрсетіп жатқан ақындарға әлгі атты келістіріп суреттеп беру міндеті жүктелді. Қазақ ақындары қолдарына домбыраларын алып бірінен соң бірі жануарды жырмен мадақтап жатты. Кезек біздің Қалыққа келді. Манадан бері шабыт шақырып, әбден кемеліне келіп тұрса керек. Қалекең қомызын күмбірлетіп шырқап қоя берді. Оның әні де, жыры да ерекше әсерлі шығып, тыңдаушылар біразға дейін қол соғып, тұрып алсын. Атты суреттеу жөнінде онан кейін де Қалықтың алдына ешкім озып шыға алған жоқ. Қазақтар әділ халық қой. Қарадай өзеуреп кетпей жеңісті бір ауыздан қырғыз ақынына берісті. Сонда өзім бір жағы ойлаймын: «Қа-

лықтың соншалықты тамаша өнер көрсетуі «Манас» жырының әсері ғой,— деп.— Жастайынан «Манасты» жырлап өскен ақындар алдағы суреттелетін жылқы мүсіндерін де көңілдеріне жақсы тоқыған ғой. Мұнан соң қазақ-ақын жазушыларымен тығыз қарым-қатынас орнады. Жолдың қиындығына қарамай екі жақтың адамдары да бір-біріне барып-келісіп жататын. Шектес, туыстас екі елдің бұрыннан келе жатқан достық салты енді әдебиет өмірінен өз көрінісін тауып отырды. Жазушылар бір-бірін көрмесе, кәдімгідей сағынысып қалатын, бір-бірін іздеп тұратын халде жүрісті...

ӘБДІЛДӘ ТӘЖІБАЕВ

ОСЫНДАЙ ЕДІ АҒАЛАР

I

1972 жылдың жазында Жамбыл жасының 125 жылға толғанын бүкіл халқымыз болып тойлады. Сол тойда ақын туралы баяндама жасау кезегі маған тиді. Мен осындай салтанатты жиындағы сөзді маған сеніп тапсырғанға Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне бүгін де алғыс айтамын. Сол баяндаманың ақырында былай дедім:

«...Осы тұста сіздер маған өткен күндерге көз жіберіп аз ғана шегініс жасауыма рұқсат етіңіздер. Менің шешем Айманкүл Жамбыл өлеңдерін жақсы біле, сүйе тұра, өзі де қарт ақынға жақсы өлеңдерін арнады, мен сол үшін қазір де қуаныштымын. Бірнеше жыл бойында Жамбылмен бірге жұмыс істеуіме, оған жәрдемдесуіме тура келді. Ол шын ықыласты, ыстық жүректі, барынша зерек, сезімтал, барынша мейірімді, әрбір сөзі үлгі-өнеге боларлық адаммен істес болған кез еді.

Нақ сол табысқан күндерден кейін, мен ақынның өз аузынан оның жиырма алты өлеңін, соның ішінде атақты «Менің Отанымды» жазып алдым. Жамбылдың бүкіл Одаққа жалт ете көрініп, оның мәшһүр аталуы осы жырынан басталды.

Өткен күндерге, дәлірек айтқанда, сол күндерге қарап мен өзімді бақытты санаймын. Даңқты Жамбылмен қатар өмір сүріп, оның тапсырған қызметтерін орындай жүріп, оның соңғы демі үзілер шағында да қасында болдым.

Мен Жамбыл қайтыс болғаннан кейін көп кешікпей орыстың даңқты жазушысы Николай Погодинмен бірге ұлы ақын туралы көркем фильм түсіретін сценарий жаздым. Бұ да мен үшін бақыттылық еді. Фильмде Жамбыл ролін аса талантты актер Шәкен Айманов ойнады. Ұлы ақынның экранға түскен тамаша образын көргенде де өзімді бақытты сезіндім.

Мен осы тойдың қарсаңында Жамбылдың жастық шағын жырлаған «Ақын» атты жаңа поэма бітіріп, оның бір бөлімін «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялап та үлгердім. Бұған да қуанамын.

Ұлы заманның ұлы ақынын тойлағанда, мынадай сарайда — Ленин атындағы сәулетті сарай трибунасында тұрғанымды және сіздердің бәріңізбен бірге бүкіл халықтың достық мерекесіне қатысқанымды мақтан етемін.

Жәкең астанамыз Алматыны қатты ұнататын. «Неткен сұлу, көрікті қала» деуші еді. Қазір ол тірі боп, өзінің атына қойылған гүл шешекке бөленген көшені көрсе не дер еді! Қандай шаттанар еді. Ағытар еді-ау, тағы бір жырды толқытып.

Жолдастар, енді менің баяндамамды ақын атаға арналған өлеңмен бітіруіме рұқсат етіңіздер».

— Оралдың, тәте, Жамбылым болып кәдімгі,
Гулете келдің тағы да дауыл әнінді.
Кәнеки, ата, сакалыннан бір сүйдірші,
Өзің де сүйші ансаған балақаныңды.

Айрылып қалып жүр едім, атам, табылдың,
Жаямын, саған қуанып алақанымды.
Кәнеки, Жәке, кеудеме басшы кеуденді,
Жылытшы мына жаураған балапаныңды.

— Өзімдей ақын бола біл, балам, шалымды,—
Деп ұшырғансың ұядан балапаныңды.
Кәнеки, Жәке, даусыма қосшы даусыңды,
Жіберші демеп шаршаған балақаныңды!

О, шаршадым мен де, қартайып қалдым, Жәкешім,
Өсірдім мен де немерелердің әкесін.
Өтті ғой не бір сұрапыл жылдар лықсыған,
Жарық күндер де, жабық күндер де бықсыған.

Мені де қазір «Ата» дер болды балалар,
Жаңарды қауым, селдіреп қалды ағалар.
Шаш деген мынау — өзіңнің аппақ шашыңдай,
Көз деген мынау — күңгірт әйнекке бара-бар.

Иә, қояйын, Жәке, қара басымның шағымын,
Ешкім де тежеп қалмайды уақыт ағымын.

Халықты айтсайшы көгеріп кілең тұратын,
Ғасырмен бірге басатын алып адымын.

Күшті ғой халық, құдыреті қандай тұрақты,
Қартаймас халық мұхиттың өзі сияқты.
Жәбір тартқанды жарық биікке көтеріп,
Лақтыра салады ұмытқандарды ұятты!

Айтпаған халқым Жәкем деп сені бекерге,
Жүз жылдық еңбек дүниеден тегін өтер ме!
Мінекей, Жәкем, тағы да шықтың ортаға
Барлық жырыммен —

Лениннің туын көтерген.

Қарашы, Жәке, қарашы мына далана!
Не деген ғажап, қарасан мейірің қана ма?
Жүз орман туды шайқала сыңсып ән салған,
Жүз қала туды жарығын жаққан жақадан...

Жүз теңіз туды, аңызак, аптап өтінде
Жүз кеме жүзді, әрбір теңіздің бетінде.
Жүз кеме кетті жұлдызға қазақ жерінен
Өзіңнің отты жүз жырың ғана секілді.

Оралдын, тәте, Жамбылым болып кәдімгі,
Бастадың қайта баяғы боран-сарынды,
Жіберші демеп, әніме қосшы әніңді,
Айқайлатып елге айтайын мен де барымды.

* * *

1936 жыл. Мен онда Наркомпроста (халық ағарту комиссариатында) істеуші едім. Онда барлық оқу, мәдениет, көркемөнер жұмыстарын түгел осы Наркомпрос басқаратын. Осындай аса күрделі міндеттер атқаратын мекеменің басына ерекше іскер және қайратты наркомның келгеніне екі жыл боп қалған. Нарком — Темірбек Жүргенов болатын.

— Темір десе, темір көрінеді.

— Өзінде де дамыл жоқ, өзгеге де дамыл бермейтін болса керек,— деген мақтау лақабы тарап кеткелі қашан.

Расында да Жүргеновтің ісі Алматы көшесін аралап жүрген жай адамның көзіне де оттай басылатын. Аз-ғана уақыттың ішінде қаншама мектеп салынды. Өткен жылы ғана халық өнершілерінің слетін өткізді. Бұл алыста жатқан домбырашы, қобызшы мен әнші, жыршыларды өз дүбірімен елендеткен тамаша жиын болды. Жамбыл, Нүрпейіс, Шашубай, Орынбай сияқты кәрі ақындарды да біз алғаш сонда көргенбіз. Тайжан, Нартай сияқты гармоньға қосылып жырлаушылар үнін де

сонда естігенбіз, қазір ол Мәскеуде өтетін декада әзірлігін басқарып жүр.

Темірбек орта бойлы, қаршыға пішіндес кісі еді. Қоладан құйылғандай нығыз отырып, нығыз басып тұратын. Ол шешіп сөйлеп, кесіп істегенді ұнататын. Осындай іскер мақтаулы нарком:— Кел, бала, қызметтес болайық,— деген соң мен де сонда «репертком» (репертуарларды бақылап отыратын орын) қызметіне барғанмын...

Апрельдің орта кезі болу керек, ертемен телефон соғылды:

— Сіз дереу наркомға келіңіз,— деді таныс дауыс. Дерев болса, болсын деп мен де кідірмей үлкен кабинетке кірдім.

— Тым ерте мазаладым ба, бала?— деп Темкең қолын беріп, қасына отырғызды.— Мезгіл сондай, шырақ. Есімізді енді жия бастаған шақта қимылдап қалуымыз керек. Біз қимылдамасақ кім қимылдайды?— деді әнтек сұрланып.

— Әрине, Темке,— дедім көп сөз қоспай. Маған аға сөзінің арғы төркіні түсінікті еді, сәл ғана үндеспей қалдық.

— Парижден Мирзоян телефон соғып (Мирзоян Парижде емделіп жатқан болатын) Оразға (Исаев Ораз) өз ойын айтыпты: қазақ ақын халық деуші едік қой, онымыз рас болса декадаға ақын апарайық. Сүлейман Стальский сияқты бір қария табыңдар,— депті. Ораз соны маған тапсырып еді, мен саған тапсырғалы отырмын,— деді қарқ-қарқ күліп. Мен де қосыла күліп алып, сөз сонын тыңдадым.

— Бұл өте жауапты міндет, Әбділда,— деді ол тағы да өзінің іспен шұғылданардағы пішініне көшіп:— Сен бүгін Жамбылды тауып әкелуге жүріп кет. Есіңде ме, ол қарт?

— Есімде, аға, қайдан іздеу керек екен өзін...

— Ұзынағаш ауданынан.

Темірбек қоңырау қақты.

— Машина әзір ме?— деді кіре берген жәрдемшісіне.

— Әзір, жолдас нарком.

— Тауып қайт, бала, тапсаң маған хабарларсың,— деп қолын созды.— Жолың болсын!

Мен апама қайта соғып жөн-жосығымды түсіндірдім де жүріп кеттім. Бетіміз — Ұзынағаш, үлкен-үлкен тасдан епетейсіз қаланған тас жолмен шоқақтай жортып

келеміз. Алматыда алма гүлдеріне қуанушы едік, енді міне, жасыл қыраттардан көз ала алмаймыз.

— Күресіп алар ма еді мына жерде!— деймін кілем төселгендей теп-тегіс жерді көргенде.

— Жамбылды алып қайтарда күресеміз,— деп шофер жауап қайырады.

— Екеуміз күресеміз, билігін ақынға айтқызамыз,— дейді күліп.

Өстіп келе жатып Ұзынағаш орталығына қалай жеткенімді байқамай да қалыппын. Бұл жерде көп аялдамай, ақын аулына апаратын бір кісіні отырғызып алып тағы жүріп кеттік.

— Жамбылды неге іздедіңдер, жайшылық па, әйтеуір?

— Әрине, жайшылық.

— Асығыс жүргендеріңе қарап айтқаным ғой, әншейін...

— Енді былай бұрыл, анау ауылға тарт,— деді жолшымыз алдағы ағашы селдір, бөктер беттегі ауылды нұсқап.

— Осы, Жамбылдың үйі,— дейді, кісі бойы ғана келетін бір шым үйшіктің жанына машинаны тоқтатып. Шым үйшіктің теп-тегіс төбесіне қаулаған көк шөп өсіпті, ішінде адам тұрарлықтай емес, машина гүрілімен екі-үш бала жігіт іннен шыққандай сыртқа шықты.

— Ақын Жамбылдың үйі осы ма?

— Осы.

— Өзің кімсің?

— Баласымын.

— Атың кім, шырақ?

— Тезекбай.

— Әкең үйде ме?— деген сұраққа Тезекбай үнсіз басын шайқайды. Содан соң жұтынып алды да, тауды бөктерлей қолын сілтеп: «Елтай» колхозына шақырып кеткен...»

Біз «Елтайдағы» шілдехана жасаған үйде болдық. Жәкең онда да жоқ болды. Нәрестеге ат қойып, екінші шақырушыға еріп «Дегерестегі» жылқы совхозына кетті.

— Қашан кетті?

— Екі-үш күн болып қалды-ау,— дейді, күнді санап жатуға ерінген қария.

Тағы жүріп кеттік. «Дегерестегі» той болған үйді табу да қиын болған жоқ. Келін түсірген сары бәйбіше

алыстан келген бізді де жылы қарсы алды. Бірақ мұнда да қарт ақын болмай шықты.

— Табасың ғой, балам, асықпай іш шайынды,— дейді шешей көңілдене сөйлеп.

Жәкеңнің бұл үйден кеткеніне де екі күн өтіпті. Ақын жүрерінде:— Жолай бір-екі жерге соғып, содан соң Тәжібай тәуіпке барамын. Тамырымды ұстатамын,— деп кетіпті.

Мен шынымен сасайын дедім:

— Таппасам қайтемін, қайда қонамын?— деген де ой келіп қалды.

— Табасың, балам, есекті шалға машиналы жігіт жетпеуші ме еді,— деп сары бәйбіше мені жұбатады.

— Тәуіп қайда тұрады екен?— деймін сағатыма қарап.

— Тап жолыңның үстінде,— дейді бәйбіше кесесін төңкеріп.— Алматыға тақала бергендегі әулие ағашты білесің ғой?..

— Білемін.

— Дәл соның түбінен тауға қарай шығатын жолға түс, балам. Ұзамай-ақ үлкен екі қарағаштың түбіндегі Тәжібай қыстауын көресің.

...Біз енді қайтар жолға түстік.

Бізге сәт сапар тілеген сары бәйбіше мейірлене қоштасып қала берді. Заулатып келеміз. Шайға қанған көңілді шофер жігіт мені қағытып өлең айтады.

— Тәжібаев іздейді, Тәжібайды,— дейді әндетіп.

Мен оның әуенін қайталап:

— Қашан тауып жеткенше қажымайды,— деймін. Екеулеп екі жол өлең ұйқастырғанға мәз болып күлеміз.

Әулиеге жеттік, тауға да бұрылды. Тәжібайдың қарағашы мен үйі де көрініп қалды. Жақындай түскенімізде ағаш түбінде байлаулы тұрған ақ есек көзімізге оттай басылды.

— Әнеки, дәл өзі жануардың!— деді шофер жігіт.

— Қайран, ақ есек!— деп, мен қуанышымды жасыра алмадым. Шоқақтап, жолсызбен қыстауға бұрылды.

— Басқа біреудің есегі болса қайттік?— дейді серігім.

— Кімдікі болса да осы есектен айрылмаймыз.

Алдымен үйге сәлем беріп мен кірдім.

— Жоғарылатындар, балалар,— деді қара сақалы күйектей, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы кісі. Мен алдымен төрде шынтақтай жатып шай ішкен кішкене қарттың қолын алдым.

— Ассалаумаликум, Жамбыл ата,— дедім, қартқа еңкейе жақындап.

— Әликумассалам. Сен кімнің баласысың?

— Тәжібайдың баласымын.

— Өй, не дейді, шының ба?— қарт басын көтерді. Тәжібай тәуіп те күліп қапты.

— Бұл — Әбділда Тәжібаев деген ақын жігіт,— деп шофер араласты сөзге.

— Соқ өтірікті!— деді Жамбыл, көзін маған аударып.— Қайдағы ақын. Домбырасыз ақын бола ма екен?

— Мен қаламмен жазамын, Жәке.

Шай ішіп отырмын, бірақ көзім Жамбылда. Тоқсанға келіп қалған шалдың кесе ұстағаны қайратты сияқты, қалтырамай ұстайды. Әсіресе маған үні ұнайды. Жүрегі тозған адамның даусы дірілдеп, жарықшақтанып шығады ғой. Жәкең ондай емес. Қаттырақ айтқысы келгенде саңқылдап та сөйлей алады екен.

Мен тәуіп ағайға келген жұмысымды түсіндірдім, Жәкеңнің менімен бірге кетуіне жәрдемдесуін өтіндім. Газет оқып, күнделікті өмірден мол хабардар боп отыратын Тәжекең кәрі досы үшін қатты қуанды.

— Байғұстың қартайғанда бақыты ашылғай да,— деп үйге кіріп кетті. Шылым тартып үйге кірсем, Тәжібай шалың сендірерлік сөздерін айқайлап айтып отыр екен.

— Жалған айтсам екі қолың о дүниеде де жағамда болсын, Жәке!— деді сендірмей қоймайтын салмақты сөздерді дауыстай сөйлеп.

Жәкең маған сығырая қарап отырды да тергей бастады.

— Атың кім дедің?

— Әбділда.

— Әкең бар ма?

— Жоқ.

— Шешең бар ма?

— Бар.

— Шешенді ұнатсам маған беремісің?

— Шешем сізді ұнатса беремін.

— Жарайды, Әбділда, ендеше күн жарықта жүрелік,— Жәкең осыны айтты да, Тәжібайға бұрылды.

— Тәжібай!— деді дауыстап.— Мына баланы құдайға тапсыр да, мені осы балаға тапсыр. Іздеушім өзіңсің, жоғалып кетпе.

— Жарайды, Жәке, жарайды.

Жәкең машинаға отырмастан бұрын ақ есегінің қасына барды, жалынан сипады.

— Бұған да мықты бол, Тәжібай. Ашығып қалмасын ақ тұлпар.

Біз тәуіп ағаймен күлісіп қоштастық.

Жамбыл шофердың қасына отырған еді, машина жолсызбен шоқалақтағанда:

— Мынау қайтеді, мөңки ме,— деп бізді бір күлдірген. Шамалы жүрген соң, маған бұрыла беріп:— Келемісің, балам?— деді.

Тас жолға түскен соң, машина жүрісі жылдамдай бастады, қарсыдан соққан екпін маңдайдағы әйнекті сыңғырлатады. Шапшаң шабыстан сескенді ме, жоқ әлде куанды ма білмеймін, тағы бір бұрылғанда:

— Сен де қалмайсың ғой,— деді, маған тандана қарап.

— Қалғам жоқ, Жәке,— деп мен карттың нығына қолымды салдым. Біздің үй Ленин көшесінде жиырма сегізінші нөмір боп саналады. Алматының жалғыз қабат, бөренеден салған, қорасы, дарбазасы бар, қаңылтыр төбелі оңаша үйшік болатын. Соның екі бөлмесінде шешеміз екеуіміз тұрамыз. Ол кезде осының өзі «үйім бар» деп ауыз толтырып айтуға әбден татитын жағдай.

— Кухняң қандай жақсы, верандаң бар екен-ау,— дескен достарым алғашқы көргенде. Жәкеңді осында әкеп түсірдім.

— Шешең қайда, шешең?— дейді Жамбыл менің кереуетіме отырып жатып.

— Міне, шешесі менмін,— деп апам қолын созды.

— Апамның қолынан шап беріп ұстаған Жәкем айрылар емес, қасына зорлап отырғызып бетіне үңілді.— Жап-жас екенсің ғой өзің...

— Мені қаусап тұр деп ойлап па едіңіз?

— Мен қаусап тұрмын ба? Ә? Шығып кетші қолымнан, көрейін. Енді менен құтыла алмайсың...

Жәкең «әу!» деп өлеңдетіп кетті. Кәрі ақын бір мезет әзілін доғара тұрып, біздің от басымызға, шешеме арнай отырып өлеңмен ақ тілек айтты.

— Дәм бұйырған шығар, алыстан келдім. Өзің де, балаң да жақсы екенсіңдер, өмірлі, ырысты болыңдар,— деп қолын дұғаға көтерді.

— Әумин,— деп апам да қолын созды. Ақын аз ғана күбірлеп бетін сипады.

Біздің үйде елден келген жақын ағаларымның бірі Ыбырай жататын, апам екеуіне өтініш айттым.

— Жамбылды ертең үкімет басшыларына кездестіруім мүмкін, бүгін қартты жаңа туған нәрестедей етіп беріндер,— дедім жалынып. Екеуі жарыса күліп жіберді.

Осыдан соң кешкісін наркомға бір күннің оқиғасын баяндадым, тамызда үйленеміз деп жүрген қалыңдығыма барып (Сараға) тағы есеп бердім.

— Саған жетім бала емес, әкелі болып үйленбекпін,— деп оны күлдірдім. Сөйтіп, үйге қайта оралғанымша сағат он бір болып қалыпты. Апам мен ағай ауызғы үйде шай ішіп мені күтіп отыр екен. Енді үшеу боп күңкілдестік.

— Әкеміз қалай?

— Әкенді нәресте емес, періштеге айналдырдық,— дейді қу тілді Ыбекең.— Шашын сыпырдым, сақалын қағып, мұртын бастым. Алтын легенге отырғызып үш рет ыстық суға шомылдырдық.— Шәркүл¹ жейде, дамбал тігіп үлгірді...

— Қысқасы,— деді Ыбырай аға тағы да қайта килігіп:— Шалың құлынның сары қазысына тойды, цейлонның қызыл шайына қанды, қазір өзің айтқан нәрестедей ұйқыға бөгіп жатыр.

Шешем мен ағайға алғысымды жаудырып мен де ұйқыға кірістім.

Ертемен Жамбыл менің мұрнымды шымшып оятты. Көзімді әрең ашып қараймын, бірақ көзіме сенбеймін... Жамбылдың өзі отыр қасымда.— Ассалаумаликум, Жәке,— деймін, басымды сәл көтеріп. Ерте тұрыпсыз ғой.

— Ақ есектің даусымен ерте ояныппын, балам.

— Қайдағы есек?

— Түсіме кірді жануар. Мені кеп ніскеп тұр екен деймін. «Тұр, Жамбыл»,— дейді байғұсыма тіл бітіп. «Ақынға көп ұйықтау жарамайды»,— дейді. Содан соң ақырып қалған екен деймін... Ояндым да кеттім.

Мен аң-таң боп қатып қаппын.

— Тұр, Әбділда,— деді Жәкең — менің шекемнен шертіп,— Ақ есек дұрыс айтты, ақынға көп ұйықтау жарамайды.

Содан соң Жәкең кереуетке барып қайта отырды да, домбырасын қаттырақ бұрап, күйлей бастады... Киініп жатырмын, сонда да Жәкеннен көз алар емеспін. Бір түнде қандай өзгерген: белі жазылып, бойы ұзарған сияқты. Жаңа, теріс айналып домбырасына беттегенде байқадым, жауырыны да бүкшектігіне қарамай сом жатыр, маған

¹ Мұқтар Жанғалиннің шешесі.

тіпті жап-жалпақ көрінді. Бунақ-бунақ темірдей саусақтары кішкене қара домбыраны шыдатар емес, қоян бүрген бүркіттей бүріп барады. Екі ішектің де ұйқысы жаңа ашылғандай. Бірімен-бірі ширақ үндеседі.

— Жәке!— дедім қасына барып еркелей дауыстап:— Құлағым ауыр дегенің қайда, Жәке?

— Тас керек боп қалсам да, естимін мынаны!— деді домбырасын қағып-қағып қалып.

Осыдан кейін ас ішуге ауызғы үйге шықтық, апам қайнысымен екеуі дастарқан жайып, ыстық бауырсақты төгіп тастапты, кешеден қалған құлынның қазысы да қойылыпты. Ыбырай ағай әндете сәлем беріп Жәкеңнің қолын алды да, сүйемелдеп дастарқан басына отырғызды.

— Ұнай ма атаң?— деп ағай маған да қарап қойды:— Жинақталып қалды емес пе?

— Сақалы да күмістей ашылыпты,— деп, апам шай құя бастады.

Жәкең аз ғана мезгілдің ішінде біздің үйдің өз адамындай боп кетті. Мені Әбділда десе, шешемді Айманкүл деп атымызбен атайды. Бір ғажап нәрсе: өзі де бізбен ең жақынымыздай, іш тарта сөйлеседі. Міне, қазір де ол кеше кешкісін ғана келген атамыз сияқты. Ұйқысы қанып, тынығып тұрған, бәрімізге көңілді, ықыласты қарайды. Аман келген атамызға біз де қуанышты тәріздіміз.

Мен сылдыр ете қалған телефонға құлақ тостым...

— Салаумаликум, Мұха.

— Уәликум сәлем. Жамбылың қалай, жайлы жатып жақсы тұрды ма?

— Бүркіт боп тұрды, Мұха?

— Онда тіпті дұрыс. Біз қазір Сәбит екеуміз барамыз, қартқа сәлем беріп шығамыз. Солай келістік, түсіндің бе?

— Түсіндім, Мұха, келіңіздер... келіңіздер.

Мұхтар мен Сәбит келеді дегенге шешем де қуанып қалды.

— Үлкен кісімен солардың бірге болғаны оңды. Шапыңа да көңілді болар,— деп қалды.

Дастарқан сол күні жиналған жоқ, самауыр суыған жоқ, қазан да оттан түскен жоқ. Сәлем беріп келген соқгалдай екі кісіні көргенде Жәкең де қол-аяғын жинап, жастықтан басын көтерді, мен таныстырып жатырмын.

— Е, Құнанбай елінен екенсің ғой,— деп Жәкең Мұхтарға бір қарап қойды.

— Абай еліненмін.

— Абайды да білемін, ол оның өлеңші баласы емес

пе?.. Біздің жақ дуан басы әжі Құнанбайды жақсы білген. Өзі қырғыздың Шәбдені секілді болса керек қой...

— Ал мен Сарыарқаданмын. Біржан, Ақан, Балуан Шолақтардың жеріненмін,— деп Сәбит дауыстады.

— Болсаң боларсың,— деді Жәкең Сәбитке кеудесімен бұрылып,— өзің де Балуан Шолаққа келеді екенсің...

Бәріміз де қарқылдап сүйсіне күліп қалдық.

Жәкең Балуан Шолақ туралы ұзақ сөйледі. Балуанның осы елге келгенін, ағайын аралағанын, оның үні мен әнін жұрттың қалай қызықтағанын әңгімелейді.

— Осындай зор, балуан кісінің осыншалық ән туғызғанын, өзінің де әнші болғанын көргенім сол.

Жәкең сәл кідіріп шай ұрттады да, қайтадан Сәбитке қарады:

— Өзің қалайсың, Балуан Шолақ, ән саламысың?

— Саламын,— деді Сәбең үні шырылдап.

— Жоқ, сенбеймін,— деп Жамбыл да күліп алды. Үніңнің іні тарлау екен. Сенен бәрі шығар, бірақ ән шықпас,— деді.

Біз Жамбылға қосыла күлдік.

Мұхаң қойын дәптерін алып жаза бастады:

— Жәкең қысқа айтты, бірақ дәл айтты «Үніңнің іні тарлау екен» деп ақын ғана айта алады,— деді.

— Сөйлетейікші өзін.

— Иә, сөйлету керек,— деп Мұхаң мен Сәбең Жамбылды екі жақтап сөзге тарта бастады. Қалам-қағаздарымды мен де әзірледім. Бірақ Жәкең әрі қысқа, әрі өтімді жауаптарымен әңгімені ұзатпай бітіріп отырды.

— Жәке!— деді Сәбит тағы да ақынның құлағына жақындап,— тоқталмай айта берсеңіз, жырыңыз қанша күнге жетер еді?

— Кім білсін!— деп Жәкең де Сәбитке қулана қарады.— Туғалы айтып келем, әлі біткен жоқ қой, енді қанша жасарымды құдайдан сұра?

Мұхаң еңкейіңкіреп Сәбитке сыбырлады:

— Байқаймысың аяқ алысын?

— Байқағанда қандай. Айтыс ақыны екені көрініп-ақ тұр. Жауаптасудан шыдататын емес.

— Ойы тың екен. Күйіне түссе, әлі көп сілтейтін болу керек.— Жәкең домбырасын шерте бастап, енді қыза келе әлдеқандай эпикалық сарынға түскендей болды. Ақын енді өзі қосылып кетердей көрінсе де, қосылмай қаға берді. Біз сарыннан, ән төркінінен алыстаған, күйге сабақтас үн аңғарғандай болдық.

Мұқаң тағы да жазуға кірісті. Кәрі ақынға қарап-қарап алып жазды.

— Сен де жаз!— деді Сәбең менің аң-таң болып отырғаныма түсіне қалып:— Көремісің ақынның ширығуын. Қазір ол жырын үнсіз айтып отыр, домбыраны осылай айдап-айдап қыздырып алу бұлардың әріден келе жатқан әдістері болу керек.

— Өте дұрыс айттың,— деп, енді Мұхаң сөйледі,— Әншілер ғана ғой домбырасын бұрай сала қосылып кететін. Бұлар ұзақ бәйгеге шабатын жүйрікше жаратылмай, суын алып, терін төкпей сөйлемейді. Сол аңыз боп айтылатын Сыпыра, Бұқар жыраулар да осылай еткен болу керек.

— Дастан, толғаулар сонда туатын шығар,— деп Сәбит түйді.

Мен енді аңғарғандай болдым, толғақ қысқандай толғанып отырған қарт ақынды жаңа тани бастағандай сезіндім.

— Ал, Жәкесі, бастап жіберіңіз!— деді апам алжапқышын шеше кіріп, Жамбыл кәдімгідей қуанып қалды.

— Қайда жүрсің, Әйкем, сағынып қалдым ғой,— деп жылы лебіз білдірді.

— Қазанға ас салып келдім. Мына інілеріңізге дәм татырмаймыз ба?

— Дұрыс-дұрыс. Енді өз қолыңмен бір шыны шай құя ғой,— деп Жәкең домбырасын қайта тартуға ыңғайланды.

— Бастап жібер дедің ғой, не айт дейсің, Айманкүл?

— Ендеше біз кеңесіп айталық, кәне, не айт дейміз... деп апам Мұхаң мен Сәбене бұрылды.

— Замандар туралы сөйлеңіз,— деді Мұхаң Жамбылға еңкейе естіртіп:— Көп жасаған адам көп көріп, көп біледі, елің кеше қандай еді, бүгін қандай болды? Хандар билеген күндерді де көрдіңіз емес пе?

— Айта бер, айта бер, біз не көрмедік...— деп Жәкең жаңа құйылған ыстық шайын бір ұрттап қойды.

— Бұйырса, Мәскеуге барғалы отырсыз. Соның бәрін қосып сөйлеңіз,— деп Сәбең де ширатысты.

Сөздің көбін әзілге, күлкіге айналдыра беретін Жәкең бұл жолы өйткен жоқ. Қатайыңқырап кеткен ішектерді қайта босатып, өзі де қақырынып-түкірініп болған соң: «Ай!» деп бір айқайлап алды.

— Ай, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.

Жастайымнан жын буып,
Өлең кудым, қаңғырдым,
Шапқан жерді шаң қылдым,
Айтысқанда таң қылдым,
Тыңдаушымды қандырдым...

Жәкең әуелі осылай өзін мадақтап алды. Жасында аттың жүйрігін мінгенін, қыздың сұлуын сүйгенін де жасырған жоқ. Ол жерлерін күлісе тыңдадық. Содан соң бірте-бірте жаңағы Мұхтар мен Сәбит сілтеген бағдарға ауыса бастады. Әуелі «айта берсем әңгімем бітпес еді»,— деп бір өтті. Замандар жайын сөйлейтін «Қырымның қырық батырынан» хабардар екенін ескертті. Қырғыз жайлы «Манаста» сөйленеді. «Көрұғлының» қай саласын айт дейсіндер?»— деп тыңдаушыларына тағы бір көз тастады. Одан кейін Сұраншы мен Саурықтар туралы екі күн қатар жырлай алатынын айтты.

Мұндайда ақынға даусымен көтермеші болғанға Сәбит ағамыз шебер екен, Жәкеңнің термелей төккен жерлерінде ол бар даусымен айқайлай қосылады. Өзгеміздің де делбемізді қоздырады.

Жәкең домбырасын алдына қойып, үлкен сүлгімен терін сүртті. Бірақ жаңа бір ырғақпен бастаған толғауын тоқтатпай тақпақтай берді.

Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар.
Аман жеттім бұл күнге,
Ойды-қырды аралап,
Ақ есекті сабалап,
Серік болдым өмірге...

Менің күткен өлеңім енді айтыла бастаған сияқты. Алдыма қойған бір уыс қарындаштың шетінен алып жортақтата бастадым. Жырау даусын қайырған жерлерінде мен үлгірмеген сөздерімді жазып үлгіріп отырамын.

— Бәрекелде, зырғытуына болайын,— деп Ыбырай ағам маған қызығып қарағандай ыржияды.

«Өткенді айтыңыз, хандар қалай еді?» деген сұраққа жауабы болу керек, бір кезде:

Қазақ — қазақ болғалы,
Көрдік қой талай хандарды.
Өткіздік қой біз бастан
Азапты, ауыр заңдарды,
Қоқан билеп бір кезде
Өрістегі малды алды,
Қоныстағы жанды алды.

деп келіп қазақтың өзінен шыққан Абылайды да оңдырған жоқ. Ол заманда да жетімнің қарны тойып, жесірдің көз жасы құрғамағанын, кедейге теңдік тимегенін өте ұзақ айтты.

— Жәкең осындай екен-ау... Ақын емес, топан ғой шалың,— деп мұндай тұста Сәбит қиқуға басып-басып жібереді.

— Мінеки!— деді Мұхаң Сәбеңе қарап, екі қолын бірдей жайып, импровизатордың шеберлігі деген осы. Эпос-тағы бұрын қолданылып жүрген образдарды қалай пайдаланады! Мүдірмей ағытып, өзінің биік идеялы тамаша жырын табанда тудырып отырғанда, халық байлығы оған алтындай құйылып, жарқылдатып жатқан жоқ па? Бұрынғы ұлы ақындар да осылай сөйлеген.

Бір сағаттан аса тынбай жырлаған Жамбыл аялдап терін сүртінді де:

— Мені түзге шығарындар,— деді.

Ыбырай ағай қартты жедел қолтықтап үйден әкете берді. Мен аткөпір боп жатқан қағазымды жинастыра бастадым.

— Ырзамысың олжана!— деп Сәбең маған қарады.

— Атамаңыз, Сәбе!— дедім, қуанышымды жасыра алмай.— Құдай жарылқады ғой бізді...

— Дұрыс айтасын, құдай жарылқады деген осы,— деп Мұхаң қайта көтеріп әкетті.— Бұл — жүз жылдарда бір-ақ көрінетін құбылыс. Гомер деуімізге осы Жәкең ғана сиятын болу керек...

Жуынып, желпініп Жамбыл кірді, ұзамай табақ та тартылды. Біз енді үндеспей ас ішіп отырмыз. Көз алдымызда Гомерге айналған адаммен дәмдес болғанымызға бәріміз де іштей ырза сияқтымыз. Күрт қатқан сары ала қазының сорпасы да келісті екен, бізден қалыспай Жәкең де үлкен бір кесесін соғып алды. Бірақ одан кейін қайта сөзге қосылмай, жантайған күйінде ұйықтап кетті.

— Біз де қайталық,— деп Мұхаң мен Сәбең түрегелді. Мен екеуін үйлеріне дейін кешкі салқынмен шығарып салдым...

Менен басқалардың бәрі ұйқыда. Жаңағы әзірде асығыс жазған бір бума қағазды алдыма алып кухняда отырмын.

Кейбір беттерге цифр да қойылмапты. Ондайда сөз-

дің ыңғайына қарап беттеймін. Қағазға түсіріп үлгіргенім жеті жүз жол өлең болды, үлгірмей, ұстай алмай қалғаным қанша? Мен осынша көп өлеңнен әрі кеткенде екі жүз жол ғана алуым керек, ыңылдай оқып көз жүгіртемін. Қілең әндетіп тұрған жанды сөздер «Маған тиме!» деп шулап тұрған сияқты. Үлкен жырдың құрылысына жараспайды-ау деген жолдарды түгел өшірдім де, қалғандарын көшіре бастадым.

Көп дегенде екі-ақ сағат ұйықтаған шығармын, күн шықпай қайта оянып кетіппін. Бетімді суық сумен шая салып Жамбылға кірдім. Ақын жас баладай пысылдап ұйықтап жатыр екен. Жай ғана мұрнынан қыстым:

— Тұрыңыз, Жәке, «ақынға көп ұйықтау жарамайды».

— Ақ есек сенің де түсіңе кірді ме?— деп Жәкең сылқ-сылқ күлді.

— Түндегі жырыңызды түгел жазғанмын,— дедім Жәкеңе бір буат қағазды көрсетіп.— Содан сығымдап алғаным мынау болды.

Мен енді жып-жинақы бүктеулі екінші қолжазбаны көрсеттім.

— Маған не қыл дейсің?

— Тыңдаңыз, оқып беремін. Ұнатсаңыз «жол болсын!» деп бата бересіз. Мен басшыларға көрсетемін.

— Басшылар оны қайтеді?

— Басшылар оны Мәскеуге жібереді.

Жәкең аз үндемей қалды да:— Оқи ғой, балам,— деді.

Мен Жәкеңнің өзі сияқты тамағымды қырнап алдым да, Жәкеңнің дәл өзі сияқты әуелі айқайлап алған болдым: Содан соң терме ырғағымен әр сөзін анық айтуға тырыса отырып, оқып шықтым. Жәкең мені өзіне тартып құшақтады да, басымды кеудесіне басты.

— Көзім, тілім, қолым менің,— деп, әр сөзін бөліп-бөліп нықтап айтты.— Баяғыдан бері қанша сөзім желге кетті екен?

— Ел тындаса, желге кеткені ме?— дедім бетіне қарап. Қарт жасаураған көзін сүртіп қолын дұғаға көтерді.

— Көп жаса, көгер, балам!— деді.

— Әумин, айтқаның келсін, Жамбыл!— деп апам да бетін сипады. Апам манадан бері сәл ашық есіктің сыртында тындап тұрып, Жамбыл бата беруге айналғанда, ішке кіріп үлгірген екен, ол қатты толқып өзін әрең ұс-

тап тұрған сияқты. Жалғыз баласының таң азанымен қонақ қариядан бата алғанын жақсылыққа жорыған ана, өзі де ернін күбірлеткен, жалбарынған күйінде аяқ басқанын естіртпей қайта шықты.

Жүргенов Темірбек ағаның кабинетіне қуанышымды жасыра алмай, қызара, лоблыға кірген болуым керек. Қол алысып отырған соң ол да маған күлімдеп:— Ажарың тәуір екен, бала. Кәне, оқы!— деді.

Мен Жәкеңнің өзіне оқығандай оқып шықтым. Темірбек тілін тістеп алғандай үн-түнсіз безеріп қалыпты. Мен қайтерімді білмей төмен қарап:— Ұнамады ма, аға?— деппін.

— Үндеме, бала, тише!— деді жай ғана даусымен, сәл ғана қолын көтеріп. Содан кейін телефонға жабысты.

— Ораз, сәлем! Темірбек қой. Мына бала Жамбылдың өлеңін әкелді. Иә... оқыдық, мен айтып жеткізе алмаймын. Өзің тыңда.

— Кеттік, бала!— деді телефон трубкасын орнына қойған соң.

Жарыса жүріп кеп машинаға отырдық.

Исаев Ораз орнынан тұрып кеп қол беріп амандасты.

— Бала жұмыс тындырды,— деді Темекен мені арқамнан қағып.

— Бала емес, жігіт. Әбділда деу керек.

Жылы шырайлы, күлімсіреп сөйлейтін Ораз, сағатына қарап алды да:

— Кәне, тыңдайық,— деді.

Тағы оқыдым, тағы тыңдалды, енді телефонмен Ораз сөйлесті. Ол Құлымбетовке әзілдеп тіл қатып тұр.

— Бүгін поэзия күні болсын, Ұзеке, енді сіз тыңданыз,— деді күле сөйлеп.— Байғазысына шарап әзірлерсіз... Жамбыл үшін қалай ішпейміз?

Тағы да күлісіп алдық.

— Жүріңдер, ақсақалға барайық...

Мен бұл жолы өлеңнің көп жерін жатқа оқып шықтым. Және асықпай-саспай өте жақсы оқыдым.

— Қалай, ақсақал?— деді Ораз Құлымбетовке қулана қарап,— тілегеніміз осы емес пе?..

Құлымбетовті бетпе-бет отырып, жақын көргенім осы еді. Маған ерекше ұнады. Шоқша сақалы, жіңішке ұзын мұрттары оның қызыл шырайына әулнелік қа-

сиет беріп тұрғандай екен. Баяу қозғалып, асықпай сөйлегені де өкімет ақсақалдығына жарасып тұр.

— Сәті түскен бір жұмыс бопты, енді мұны келістіріп тұрып орысшалау қажет болар. Ұзекең маған қарады.

— Дұрыс айтасыз, аға!— деп мен қысқа жауап бердім.

Сол жерде отырып есіттім: Павел Кузнецовқа өлең аударуға болмайды екен. Өткен жылы «Правдада» ақтөбелік Майымбет деген ақынның суреті мен өлеңі басылған, оны аударып жіберген Кузнецов болатын. Редакция екінші рет өлең керек дегенде, Майымбет таптырмай қойыпты да, аударушы өтірікші болып шығыпты. Соған ашуланған редакция Павел Кузнецовты ендігәрі маңына жуытпайтын боп шешісіпті.

«Правдаға» бұл жырдың жолма-жол аудармасы жіберілсін дегенді Исаев кесіп айтты және аударуға өзін де қатыс деп маған атап тапсырды.

Мен үйге кіре бергенімде телефон соғылды.

— Әбділда, қалайсың?— деп кеңкілдей күліп тұрған Кузнецов екенін даусынан таныдым.

— Жаман, Паша! Жаман,— дедім.

— Қазір келемін,— деп ол телефонды тастай берді.

Мен бір кесе шай ішіп үлгергенше, Павел де жетіп үлгерді. Қып-қызыл боп еңтігіп кірді. Мен оған барлық естігенімді жасырмай айттым.

Біз Кузнецов екеуіміз көптен таныспыз. Университетке бірге түстік, кейінірек «Лениншіл жас» пен «Ленинская сменада» да қатар істегенбіз. Сондықтан іштей тілектес, сырлас сияқты боп жүретінбіз. Міне, енді Жамбыл тұсында мынадай көңілсіз оқиғаға кездестік.

— Давай, Паша, шай іш! Сосын өлеңнің жолма-жолын жасайық. Ар жағын тағы көрерміз,— дедім. Паша қуанғаннан жылап жібере жаздады.

Қысқасы, келер күннің ертеңгі шайына қарсы өлеңнің жолма-жолы да, әдеби аудармасы да бірдей әзір болды.

Мен тағы тіршілікті Темірбек Жүргеновтен бастадым. Ол Жамбыл жырының орысшасын өзі оқып шықты да керемет ұнатты. Содан соң тез келістік те, «Правдаға» өлеңнің жолма-жолымен көркем орысшасын қоса жібердік. Кузнецов аудармасының бізге ұнағанын білдіріп хат жаздық. «Қалағандарыңызды алыңыздар»,— дедік. Бұл апрельдің жартысы болатын.

Москвада өтетін онкүндік әзірлігі қызу жүріп жатыр. Репетиция өтетін филармонияның шамы түн бойы бір сөнбейді. Театр әзірлігінің үстіне, әр жерден шақырылған әнші-күйші мен халық ақындары қанша? Жамбылдың біздің үйде жатқанын білген жыршылар ерте демей кеш демей бізге ағылады. Жетісу ақындарының ішінде Өмірзақ ақын, одан көрі жастау Кенен ақындар қалаға салт атты келеді де, кешкісін сырттағы ауылдарға барып қонып қайтады.

Бұлар келгелі бері Жәкеңнің де бойы жазылып, көңілі көтеріліп қалды. Жастайынан сыр мінез, әзілі жарасқан Өмірзақпен Жәкең қатты қалжыңдасады, кейде өлеңмен де қағысып қалады. Ал найзадай тіп-тік, ұзын бетті, сәнді киінетін Кененнің даусы тамаша.

— Қайдасың, Кенен? Ән сал, Кенен?— деп отырады Жәкең. Кенен шырқағанда көшедегі жұрт та кідіріп, соның әнін тыңдайды.

Біздің үй осындай ән-сарайына, жырханаға айналып тұрғанда, Қызылордадан гармоньын арқалаған Нартай келіп қосылды.

— Нартай десе, Нартай екенсің,— деді Жәкең гармоньды ақынның үні мен сөзіне бірдей тояттап.

— Басқа жұрт қызмет қылса қолыменен,
Мен саған қызмет қылам төбемменен,—

деген Нартай Жамбылға сәлем бере отырып. Содан кейін Жәкең Кенен менен Нартайды бірдей іздейтінді шығарды.

Біздің үйде апам мен сары самауырдың дамылы жоқ. Шешемнің шаршағанын сезген ақындар өлеңмен алғыстарын айтады, қалжыңдап та қояды.

Осындай бір тұста Нартай айқайлай бастап:

— Ақындар, шаршаттық-ау, Айманкүлді,— деп еді, Кенен жұлып алғандай:

— Сен оның шаршағанын қайдан білдің,— деді.

Сонда самаурын көтеріп бара жатқан шешем кідіре қалып:

Бес-он күн тірлігімнің арқасында,
Ішінде жақсылардың сайран құрдым,—

деп жауап берді. Отырғандар қарқ-қарқ күліп мәз болып қалды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы бір нөмірінде (1-май, 1936 № 17) менің «Жамбыл және басқалар» деген шағын мақалам шықты. Сонда Жамбылдың біз-

дің үйдегі күндеріне байланысты былай деп жазыппын: «Ол біздің үйге келгелі менің домбырамның ішегі жаңаланып, пернелері қайтадан тағылды. Міне, енді құлағының бұрауы да бір түрлі көңілге сүйкімді тигендей, сазына келіп тұр. Жетпістегі Өмірзақ ақын домбыра тартқан Жәкеңе қалжындап:

Мына отырған алдында ескі Жамбыл,
Ерен жүйрік, өлеңге болған даңғыл,
Қырқа орып масақтарын терсе-дағы,
Қоймайды сонда-дағы тәңір алғыр,—

дейді.

Жәкең жұмулы көзін кенеттен ашып жіберіп, Өмірзаққа тесіле қарайды да, оның қолындағы домбыраны жұлып алады. Қандай өлең айтар екен деп құмарлана түсесің.

Емеспін бе мен Жамбыл кәрі бөрі,
Өлеңші мен жыршының дәрігері.
Қартайсам да кетермін жорта шауып,
Тартқан соң домбыраны әрі-бері...

Бұл Жәкеңнің бастамасы ғой. Одан әрі шұбырта береді. Өмірзаққа тырнағын батыра береді. Бірақ бұған Өмірзақ шамданбайды, қарқ-қарқ күледі де, маған қарап:

— Мұны қыздырудың тетігі менің қолымда. Көрдің бе, шырағым, енді тоқтата алмайсың,— дегенді айтады...

Әңгіме қыза түседі, шай ішіп шалдар терлеген сайын, термен бірге қызықты әңгімелерді де шығара түседі. Жамбыл Балқымен айтысқанын баяндайды. Өмірзақ қырғыз, қазақ бас қосқан жердегі айтқандарын сөйлейді. Әрбір минут өткен сайын мен де кәрі ақындармен жақындаса түсемін. Олардың жүректерінің қалай соғатыны да анықтала түседі.

— Шырағым, бізде арман не? Аулымыз анау гүлденген, күніміз мынау нұрланған. Ескірген домбыраны қайта ұстап Алматыға келіп отырмыз. Сый көрсеткен, елеген өкіметімізді көріп отырмыз. Ауыздан шыққан сөзіміз алтынға баланып немере-шөбереміз төбесіне көтеріп отыр, енді ата-бабамыздың түсіне енбеген жүйрік отарбамен сонау Мәскеуге барғалы отырмыз. Мұнда шықпаған сөз қашан шығады? Бұл жолы сайрамай, қашан сайраймыз? Баяғыда ат мінгізіп, шапан жапқаны үшін де қақсайтын емес пе едік... Рас, мен қартайдым... отырғанды, жатқанды жаратам. Бірақ өскен елімнің ұлы

дүбірі, жүйріктердің жиналған думаны мені жатқызбайды. Мен сондықтан сөйлеп кетемін,— дейді Жәкем.

— Дұрыс-ақ, дұрыс-ақ, титтей қатесі жоқ әңгіме, шын сыр!— деп Өмекең де қостайды.

Қырық жыл бұрынғы жазылған нәрседен ұзақ үзінді келтіру пәлендей қызық емес. Бірақ сол кездің документи, кепілдігі ретінде көз жүгіртуге теріс болмас деп көшірдім.

Қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің онкүндігіне қатысушыларды әкелген поезд Мәскеуге 7-май, ертеңгі сағат бесте жетті. Бірақ бізді мәскеуліктер салтанатты түрде, барлық сәнімен күтіп алу үшін кейінірек ұстай тұрып, тура сағат онда қалаға, Қазан вокзалына жеткізді.

Астана жұртшылығы шын-ақ күткен екен. Гүл көтерген көңілді халықтан перрон қайысқандай. Жазушылар, артистер, пионерлер тоқтай берген вагондарға қолдарын созады.

— Жамбыл, Жамбыл!— деген сөз хормен айтылады.

— Мені шақыра ма, мына жұрт?— дейді Жәкең елең ете қалып.

— Ия, Жәке, сізді шақырады. Жүріңіз, бастаңыз! Жәкең сусар бөркін қағып алып қайта киді де, жібек шапанын қауыстырып есікке тартты.

Мен көз алдымда Жәкеңнің қайта сілкінгенін, кәрі қыранға айналғанын көрдім. «Жамбыл! Жамбыл!» деген зор дауыс оған қуат қосқандай, қанат бітіргендей әсер етті. Қарт ақын есіктен көріне беріп тоқтады, ол оң қолын омырауына басып, күткен жұртқа сәл ғана бас ийді. Соғылған алақан, «Жамбылдаған» үнге қосылып вокзал жаңғырықты. Енді ғана түсіне бастадық.

Сол күнгі «Правдаға» Жамбылдың «Туған елім» атты өлеңі мен дәл қазіргі вагондағы көрінісіндей түскен суреті басылып шығыпты. Әркімнің қолында бір-бір газет. Олар біресе «Правдадағы» портретке, біресе қарсы алдарында бас иіп тұрған Жамбылға қарайды...

Біз шешеміз екеуміз қарт ақынмен бір машинаға мінгенбіз. «Жамбыл!» деген дауыс көше бойы бір үзілген жоқ. Светофордың қызыл жарығына сәл кідірсек болғаны, шофердің қасындағы ақынды тани қалған біреу: «Әне, Жамбыл!»— дейді қолын шошайтып, қаптанған халық лезде бізді қоршай қалады.

— Здравствуй, Жамбыл!

— Здравствуй, Жамбыл!— дейді жамырай қуанған мәскеуліктер, Жамбыл да оларға:

— Здравствуй,— деп жауап береді.

Машина үлкен көшелердің бірімен ұзағырақ, аялсыз жүре бергенде мен Жәкеңе «Правданы» жайып, өлең мен суретін көрсеттім.

— Мына орысша аударылған сіздің жырыңыз.

— Анадағы сен жазып алған ба?

— Дәл өзі, Жәке!

— Жарайсын, шалым!— деп ол өз суретін жай ғана шертіп-шертіп қалды.

— Бақ айналып келіп тез қона қалады екен-ау,— дейді апам, Жамбыл суретіне о да таңдана қарап. Біз шамалыдан кейін «Москва» мейманханасына келіп түстік.

Мен Жамбыл туралы Москвада көргенімді түгел жазғалы отырғаным жоқ. Тек дәуір қанатымен аса биікке көтерілген тоқсандағы қартты ұлы астанамыздың алғашқы рет қалай қабылдағанын оқушылар есіне сала кеткім келді. Өйткені бұл Жамбыл өміріндегі өте бір ұмытылмайтын кезең.

Осы жолы Жамбыл Кремльде болды, партия басшыларын өз көзімен көріп, бір дастарқаннан ас ішті. Калинин жолдастың қолынан Еңбек Қызыл Ту орденін алды. Мавзолейге кіріп Ленинді көрді. Метромен Москва астын саяхаттады. Театрлар мен мәдениет сарайларымен танысты. Еңбек, ғылым, көркемөнер, әдебиет ерлерімен достасты... Москва оған социализмнің барлық жеңістерінің ордасы, көрмесі сияқты әсер етті. Сарқылмас жыр бұлағынан қанып ішкендей, Жамбыл ақындығының тың арнасы ашылды.

Содан кейін «Правда» беті халық жырауының барлық советтік халықтармен үздіксіз, күнбе-күн тілдесетін трибунасы болды...

Поезд Алматыға кеп тоқтағанда, перрондағы жаяудан вокзал алаңындағы аттылар тобы анағұрлым мол көрінді. Жәкеңнің осы поезбен келетінін радиодан естіген алыс ауданның колхозшылары күндік жерлерден ат арытып жетіпті. Поезд келместен екі сағат бұрын жиылған халық ақ киініп, ақ боз атқа мінген, домбыраларына үкі таққан жігіт ақындардың жырлары мен әндерін тындапты...

Жәкеңмен жұрттан бұрын өкшелес сыйласы Өмірзақ қарт құшақтасып көрісті:

— Сағындық қой, Жәкем!— деді бауырына қатты баса жыламсырап.

— Сендер де ойымнан шыққан жоқсындар,— деп Жәкең оның арқасынан қақты. Қариялар достығына көбіміздің көңіліміз бұзылды. Дәл осы кезде кәрілікке қызыққандай болдық.

— Күн жақсы екен, балалар, машинаны қоя тұрындар, қаладан шыққанша атқа мініп, бой жазып алайын,— деді Жамбыл.

Бұл оның алыстан атпен кеп күткендерді топырлатып тастап кетпей, мауықтары басылғанша бірге болайын деген әдептілігі еді. Айтқанындай, қаладан ұзап шыққанша ат үстінде, жұрт ішінде болды.

Қарсы беттен қызарып батуға айналған күн арайы Алатаудың қарлы шыңына қоса, топ алдындағы қарт ақындардың да күмістей ақ сақалдарын әнтек күрең тартқызғандай көрінеді...

Қазақстан өкіметі ақынға: «Қайда тұрғыңыз келеді? Қаласаңыз қалаға келіңіз, Алматыда үй салып берейік»,— дегенді айтты.

— Мен Ұзынағаш топырағынан жаралсам керек,— деді Жәкең әзіл араластыра,— маған сол үйренген орым қолайлы болар. Қалаға сүйреп қайтесіңдер, қатынап тұрсам да жетеді ғой. Өлсем қабірім сол топырақта болсын...— Жамбыл соңғы сөзін бөліп-бөліп ойлана отырып айтты.

Сол жылы аудан орталығынан күнгейірек 15 километр жерде, ақынның өзі тұрған колхозда (қазіргі Жамбыл колхозы) төрт бөлмелі ағаш үй салынды, алты қанат ақ орда көтеріліп берілді. Үйдің маңайы қоршалып, алма, алмұрт, ағаштары егілді. Келер жылы 12 бөлмелі үлкен үй, гараж соғылып, электр жүйесі келтірілді. Хатшылыққа белгілі ақын Қалмақан Әбдіқадыров белгіленді, дәрігер Рахымбай Досымбеков, Жәкеңнің сүйген асын өте дәмді әзірлейтін аспазшы Фатима Файзырахманова тағы басқа жәрдемшілері ақынмен бірге тұратын болды.

Әлі есімде, үлкен үй бітіп, жасауы жасалып біткен соң киіз үйде отырған ақынды жаңа үйіне әкелдік. Басқыштан көтерілер жерде күбір етті. Мен әдеп бойынша «Бісімлдә» деген сөзін ғана аңғарып қалдым. Одан соң алдыңғы үлкен бөлмеге кіріп, жан-жағына қаранып алды да, терезеге таяу тұрған биік шарайнаның алдына барды. Ақынның да, бәріміздің де көзіміз айнадағы Жамбылда.

— Мынау кім?— деді ол айнадағы Жамбылды таяғымен түртіп, біз күліп жібердік.

— Мынау кім, танымсындар?

— Сізге ұқсайды, тәте.

— Былшылдапсың,— деді тағы да Жәкең Тезекбайға бұрылып.— Тумай жатып қартайған сендердің біреуің шығар. Мына шалыңа ит ұқсасын.

Біз тағы да күлдік. Одан соң қартты тура өзінің жататын бөлмесіне әкелдік. Еденнің кілемнен ашық жері жоқ, сол жақта жұмсақ диван, ал оң қабырғада Амангелдінің атпен шауып бара жатқан суреті тоқылған түкті кілем ілулі, соған тақау Жәкеннің төсегі тұр. Ақын алдымен кілемдегі суретке қадалды.

— Сабаздың атқа отырысы бөлек екен,— деді әлден кейін Жәкең бізге бұрылып.

— Амангелді батырды білесіз ғой, тәте?

— Білмегенде ше, батырды ақын білмеуші ме еді?

— Мынау сол батырдың жауға шапқан суреті.

— Былшылдапсың,— деді тағы да Жәкең Тезекбайға өтірік ұрысқансып.— Амангелді біздікіне қайдан келсін? Танып қойындар, бұл менің Мәскеуде жасалған суретім.— Сөйтті де бізбен бірге өзі де қосыла күлді...

Мен Жамбылмен жақындығымның үзілмегенін әрдайым мақтан етемін. Алғашқы аулынан әкелген күнімнен басталған достығым ақын демі үзілгенше суыған жоқ.

Бірақ кейде, аса бір қызықты кезеңдер тұсында бірге жүре алмай қалған шақтарым да болды. Мысалы, Жәкеннің 1937 жылы Шота Руставелидің 750 жылдық тойына барған сапарына ере алмадым. Бұл жолы қартпен бірге менің талантты достарым: Тайыр Жароков, Мұхамеджан Қаратаев, Павел Кузнецовтар барып қайтты.

Жамбылды Тбилисиде грузиндер ғана емес, ұлы тойға қатынасқан сан жұрттың даңқты жазушылары тік тұрып күтіп алды. Жамбылдан алған әсерлерін көптеген ақын-жазушылар көптеген тілдерде жазды.

Жәкеннің бұл сапардан қандай әсермен оралғанын өзінен естігім келіп, үш күннен соң аулына бардым. Салт атпен көрші колхоздарды аралап келіп, дем алып жатыр екен. Шам жағылған соң оянып басын көтерді. Мен қолын алып амандасып болған соң бұрынғы әдетімше базарлығымды ұсындым (Жәкең базарлыққа шай, қант апарғанды ұнататын).

— Бұл қандай шай!— деді қағазға оралған шайды екі қолымен бірдей ұстап.

— Жақсы шай, Жәке, грузин шайы.

— Рас, жақсы екен,— деді шайды иіскеп көріп.

— Өзіңіз не базарлық әкелдіңіз, сыбаға сұраймын, Жәке.

— Сыбаға ма,— деді ол күліп. Одан соң құлағымнан ұстап өзіне тартты да, мұрнымнан шертіп-шертіп қалды,— ырзамысың сыбағаға?

— Ырза емеспін, дедім мұрнымды сипап.

Жәкең жас балаша күліп мәз боп қалды.

— Мен сені мұрынды жігіт деп санаушы едім, оным бекер екен! Мұрынның балуандары Кавказда екен ғой,— деді күлкісін тоқтатып.

Қарт ұзақ сөйледі: тік жартастай, апайтөс жігіттерді көргенін айтты, ақ теректей солқылдаған, құралай көз, қара шаш, сұлу әйелдерін мақтады. Грузиннің қонақшылдығы мен бауырмалдығын, өзіне көрсеткен ізет, құрметтерін есіне түсірді.

Шамалы тыныстағаннан кейін, оң жағында сүйеулі тұрған домбырасын алды да, қарсы алдындағы ақ самаурыннан қадалған көзін алмай қалды... Әлі үнсізбіз. Тек анда-санда сұқ қолы домбыраның қос ішегіне жарыса тиіп кетеді де, жүректі дір еткізеді. Жәкең домбыра тартқан жоқ, желдіртіп жыр да айтқан жоқ. Түпсіз теңіздей ақындық қуатының барлық алып толқындарын көкірегінен шығармай ұстап, сол теңіздің тереніне өзі ғана оңаша үнілгендей көрінді. Сол толқындардың керемет шуын өзі ғана тыңдағандай сезілді. Мүмкін соның бәрін тілмен баяндауға жүз жасаса да сөзі жетпеген болар. Ұлы ақындардың айтқанынан айтайын дегендері анағұрлым көп болар. Мен біз білетін Пушкиннен біз білмейтін Пушкин жүз рет ұлы, ірі деп танымын. Мен Жәкеңнің жаңағы суретінен, оның домбырасынан сирек дыбыстардан осы халді аңғардым.

Сөйтіп, революция босатқан, социализм жасартқан, кешегі көп өлеңшінің бірі, асқанда бір елдің мұңын, арманын ғана айтатын ақын, совет дәуірінің болат қанатымен биікке көтерілген кезінде екі жүз миллион совет елінің жүрегіндегі ең сүйікті ақын атасы болды.

Жамбылдың ақындығына 75 жыл толған тойы туралы Мұхтар Әуезовке байланысты айтылды. Қазір оны қайта сипаттап жатудың қажеті болмас. Бірақ «Осыншалық құрмет-сыйға ақынның өзі қалай қарады ек-

ен?»— деген сұрақ қана жауап тілегендей болады. Мен өз білігімше соған жауап беруге тырысамын.

Біздің ақын-жазушыларда Жамбылмен тұстас, істес болғандар аз емес. Қалмақан, Тайыр, Ғали, Қасым (Тоғыззақов) Қапандар кезек-кезек ұлы жыраудың хатшылық қызметін атқарады. Мұхтар, Сәбит, Ғабиттер де Жәкеңмен үнемі байланыста болды. Ал Сапарғали Бегалин ақынның биографиялық материалдарын жинау үстінде онымен сан рет кездесті. Демек, осы адамдардың Жамбыл мінезі мен оның үрдіс әдеті жағынан аңғарғандары және сол аңғарғандарынан жазғандар да толып жатыр. Солардың қайсысын алсаңыз да Жамбыл бірдеңеге таң қалып еді, қызығып еді деп айтпайды, мен де соны растаймын.

Мәселен, Мәскеудегі онкүндікке барар сапарда бес күн поезбен жүрдік. Жайлы орын, жұмсақ төсекте, ұшқан құстан озып отырдық. Ол кезде, әсіресе ауыл адамы үшін поезд жүрісі керемет жылдамдық. Бірақ соған Жамбыл таң қалған жоқ, қайта:

— Қашан бітер екен бұл китің-китің,— деп бізді күлдіріп отырды.

Онкүндіктің соңында Кремльде қабылдауда болдық қой. Онда да ақын өзгеміз сияқты елең-құлаң еткен жоқ. Кәдімгі ақсақалдық қалпын бұзбай, қарсыдағы столға жете беріп, Жамбылға бас изеген Сталинге бас изеді де қойды. Сол кеште, ал тарқайық деген шақта қарт тағы бір әзіл айтты:

— Сталин қонаққа шақырды дегендерің қайда, үйіне бір күн қондырмаушы ма еді қонағын?— деді күліп.

Міне, енді өз тойында да Жамбыл аталық қалпын берік ұстады. Ол өз тойының иесіндей ширақ, кеудесін көтере, көзін кеңірек ашып қаранады. Жұрттың бәрімен де тең сәлемдеседі, біреуге кейіп, енді біреуге шұлығып амандаспайды.

Ол:

— Сіз Ленин орденімен наградталдыңыз,— деп хабарлаған өкімет өкілімен сыпайы, әдепті ғана күшақтасты...

— Жәке, тойыңыз қалай өтіп жатыр, ырзамысыз?— деді апам біздің үйге шай іше келген ақынға.

— Әбден ырзамын. Патшалардың 300 жылдығынан кем емес,— деді қулана күліп. Содан соң шайын бір-екі ұрттады да, даусын төмендетіңкіреп сөйледі.— Сөз көп екен, бәрі жабылып бір шалдың мақтауын жеткізе ал-

май жатыр... Одан да ауылға жетіп атқа шаппас па, ән салмас па...

Сөйтіп, Жәкең бұл жолы өзіне жасалған құрмет неғұрлым молайған сайын, солғұрлым өзін іштей тежегіш, таспай, төгілмей, ұстанғыш екенін көрсетті. Бұл оның жорта жасаған қылығы, мүләйімсуі емес, табиғи ұстамдылығы, туа біткен кісілігі еді.

Жәкең тек үйіне келген соң, той өз аулына ауысқан кезде ғана елеңдегендей, тынышсызданғандай болды. Қонаққа қандай күтім болар екен, қабылдар жер жайлы ма, ас-су жеткілікті ме?— дегенді ойлады. Ол өзі шығып он бес киіз үйдегі әдемі жасауды, он саба қымызды, он шақты ошақты көрген соң ғана сабыр тапты.

— Жәкең аққу мінездес екен,— деді бір жолы Мұхаң,— көл де өзінікі, көк те өзінікі екенін жақсы түсінеді.

Бұл — Мұхаңның аузынан сирек естілетін мақтау. Жәкеңнің аспай-таспай, ішіне сыймастай қуанышын көрсетпей ұстағыштығын Сәбең де аңғарған, ол өзінше түсіндіретін:

— Айтқыш, сынампаз, мінемпаз болған ақын сақ келеді. Сол сақтығы Жәкеңде әбден сақталыпты. Көлденеңнің көзіне түсер, артық қылық көрсетпейді,— дейтін.

Жамбылдың қай айтысын алсақ та ақынның өзіне туа біткен бір мінезі айқын көрінеді. Ол алдымен айтысқан ақынның кісілігіне қарайды. Бергенді мақтаған, өзінен зорға жалтақтаған, қошеметшіге жалбақтаған ақындарды ұнатпаған, оларды қатты мысқылдап, аямай ажуалап отырған. Сол көзқарасын ол кейін де өзгерткен жоқ.

Жамбылдың жарып шыққан даңқы бүкіл Одақты жаңғырықтырды. Сол тұста өз елінің халықтан шыққан таланттарын қырғыз, өзбек, түрікпен, тәжіктер де көтере бастады. Біздің облыстарда да халық ақындарының өнеріне айрықша көңіл бөлінетін болды. Соның арқасында бұрыннан халыққа мәлім, кезінде Жамбылдың өзімен айтысқан, кәрі тарландар қайтадан домбыраға үндерін қосты. Ақтөбе облысында Нұрпейіс Байғанинге, Қарағандыда Доскей ақынға үй соғылды, қаржы бөлінді, хатшы бекітілді. Қызылорда мен Шымкентте Нартай мен Орынбайды, Балқаш, Қарсақбай өндірістерінде тұратын даңқты Шашубай, Тайжандар жаңа бәйгеге қосылды. Әрбір аудан өз жүйрігін іздестірді.

Сөйтіп, ақындарға деген ілтипат, жасыратыны жоқ, жазатын жазушылардан артылыңқырап кетті.

1939 жылы жаздыгүні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы бойынша Алматыда халық ақындарының слеті өтіп, оған Жамбылдан бастап, жаңағы аталған ақындар түгел шақырылды. Жиын қазақ драма театрының бұрынғы өртенген үйінде өтті. Халық ақындарын көріп, олардың айтыстарын тындағысы келген жұрт театрдың есігін бұзып, терезелерін сындырып кірді.

Мұханның сөзімен айтқанда, қазақтың ақпа-төкпе ақындары түгел жиналғандай еді. Алыстан келген саңлақтар ішінде аса жас, бала пері сияқтылар да аз болған жоқ. Бірақ сахнаға көне домбыраларын көтере шыққан кәрілер, баяғы Құланаян Құлмамбет, аруақты Сүйімбай, аңызға айналған Шөже мен Кемпірбайлардың өздері сияқты көрінді. Барлық ақындық дәстүрдің қаймағын бұзбай жеткізген осы кәрілер жас талаптарға өз жолдарын, өз үлгілерін ұсынды. Кәрілердің өз ара қалжындарының өзі айтысқа бергісіз, бірін-бірі жолбарыша тарпып өткені қараған жұртты есінен тандырғандай. Арқалы, бет-аузын бақсыша ойнататын Шашубай ақын қыза келе домбырасын лақтырып жіберіп, тепсініп жүріп айтады екен. Оның термелеп төккен жырына оң аяғының тап-тап қосылғаны әлдеқандай айбарлы ырғақ береді.

«Ал айт десең айтайын,
Неменемді айтайын?
Өзімменен қартайған,
Көп өленді айтайын,
Өздеріңмен жасарған,
Көк өленді айтайын...»—

дейді табанда жанынан шығарып, содан соң басқа бір ырғаққа түсіп, қара өлең әуенімен әндетіп кетеді.

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Болсам да малға кедей тілге баймын.
Күніне жүзді беріп, мыңды алсам да,
Қалтамның түбі тесік байымаймын...

Бұл Шашекеннің өзі шығарған «Ақ қайың» әні, мұндай кезде ол гармоньна қосылып шырқайды. Гармонь даусы шыққанда Тайжан да шыдамайды екен. Шашубай сәл аялдағанда ол көтеріп әкетеді. Ол қалың елге өзін өлеңмен таныстырады. Найманнан шыққан Тайжанмын, Үкілі Ыбырайдың жиенімін дей келе:

Кімің бар өзімменен шайқасатын
Күшім бар Жамбылмен де байқасатын,—

дейді. Гүжілдеген даусы кісінің зәресін алғандай.

Жаңа ғана аппақ сақал-мұрты кеудесін жауып, екі қолын тізесіне қойып, ақыннан кәрі қазіретке көбірек ұсап отырған қызыл шырайлы Нұрпейіс қарт лезде өзгерді. Домбыра қолына тие бергенде:

— А-а!— деді ақырып. Өзгелер жым-жырт тына қалды. Содан соң Нұрекең шұбырта, шулата жөнелді термесін. Әуелі үлкенді-кішіге сәлемдесті. Жамбылға бас иетінін, жас қауымға арқа сүйейтінін айтты. Бұл да тындаушы халыққа өзін таныстыра келіп:

— Салмаққа салсаң батпанмын,
Тереңге салсаң, океанмын.
Жарыста талай шапқанмын,
Талайдың жынын қаққанмын...—

деп бір өтті. Бұдан кейін ол білетін жырларының аттарын атап мазмұнын баяндайды. Нұрекең қырық күн бойында «Қырымның қырық батырын» жырлайтынын бірінші рет сонда есіттік. Ақын осы жырларының мазмұнын өлеңмен айтуды «желі» дейді екен. «Желінің» өзі толық айтылғанда екі сағат бойы жырланатынын кейін тындағанда білдік.

Алғашқы күнгі айтыс Нартай мен Нұрлыбектің, екі құрдастың айтысымен аяқталды. Қара мұрты қарлығаштың қанатындай гармоньмен қосыла шырқағанда екі көзі күлімдеп, ірі ақ тістері жарқылдап отыратын Нартайдың әрі биік, әрі жұмсақ даусы Жамбылдың көңілін еріксіз бұрып әкетті. «Тағы, тағылап» көбірек айтуын тілеп отырды.

Ал Нұрлыбектің айқайлап бастайтын зор даусын Жәкең қатты ұнатты.

— Мынау нардың үні ғой,— деді. Нұрлыбекке қызыға қарап. Құрдастар көп сілкісті... Бірақ бірін-бірі сыйлайтын, аяйтын адамдардың ұшқыр сөздерінде жан ауыртарлықтай, жара саларлықтай жағымсыз сөздер кездескен жоқ. Әрі кеткенде «Ой, ант ұрған», «жынданбай сөйле», «бурадай көктемдегі күркілдейсің», «борандай күзді күнгі азынайсың» деген сияқты бірін-бірі әрі көтеретін, әрі тындаушыларды күлдіретін сөздерді ғана айтты... Айтыс соңын Жамбыл қорытты. Ол осы ортаның ақсақалы, осы жиынның қазысы сияқты болғандықтан ба, жаңағы ақындарша өзін таныстырып, дәріптеген жоқ. Ол түп-тура үлкеннің алғысы секілді өлеңімен бастап, өкшелес інілеріне алғыс айтты. Алыс-

тан келген атақты жүйріктермен кездескеніне қуанышты екенін мәлімдеді. Нұрпейіс, Шашубай, Тайжандардың аттарын атап-атап, әрқайсысына арнап, дәріптейтін сөздер айтты.

Ақын бір кезде, өзгеше бір биік мінбеге көтерілгендей, алыстарға қарағандай, қауымның бастаушы қуатымен тілдескендей, жаңа ойлар айта бастады. Оның сөзінен де, үнінен де байтақ Отанға арналған батагөй ата тілегі естілді. Ол тәңіріне жалбарынғандай екі қолын алға созып, алақанын жая жырлап тұр:

Көктей түс Отанымның шаттық бағы,
Келші ұшып, сайрай түсші бұлбұл тағы.
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарыңдар,
От жүрек еркіндіктің адамдары,—

деді. Бұл өлеңнің соңғы екі жолын ол өзін қоршаған ақындар қауымына бұрыла тұрып айтты.

— Жәкең тағы көрсетті ұлы ақындығын,— деді Мұхаң қуанышын жасыра алмай,— ол өзге ақындарға жаңа үлгі ұсынды.

III

1940 жыл, июнь айының бас кезі. Москвадан телеграмма келді. «Самолетпен ұшамын, күтіп алуыңызды сұраймын. Мұхтарға сәлем. Соболев»,— деп қол қойыпты.

Мен осыдан бес күн ғана бұрын астанада болғанмын. Леонид Сергеевичтің үйінде бір кешті ұзақ отырып өткізгенбіз, бірақ Леонидтің ондағы әңгімесінде Қазақстанға келу мәселесі атымен жоқтұғын. Мен қайтарға бір күн қалғанда Александр Александрович Фадеевке кіріп бір сағаттай ақыл-кеңесін тыңдап, қоштасып шыққанмын; онда да бізге жуық арада Соболевтің келетіні айтылмағанды. Сондықтан мына телеграмма бізге жұмбақ боп көрінді.

Арада бір күн өткен соң Соболевті Мұхаң екеуіміз күтіп алдық. Машинаға отырған соң Мұхаң оған әзілдеп:

— Ал енді жұмбақ телеграмманың шешуін айт,— деді.

— Сендерді сағындым,— деді Соболев күліп.

Біз сол күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде болдық. Леонид келген жұмысын хатшылардың біріне айтып шықты. Ол: «Бір жеті Жамбылдың қасында болуым керек»,— депті. Ертеңіне Жәкеңе деген сәлем-

сауқатымызды алып, ақынның аулына Мұхаң үшеуіміз жүріп кеттік.

Ертемен шығып, лезде-ақ барып қалдық. Жәкең киіз үйінде екен. Азанмен тұрып салқында серуендеген соң бір кесе қымыз ішіп қайта жатып қапты. Жәкең оянғанша, үлкен үйдің бір бөлмесіне кіріп біз де орналастық.

Шамалыдан кейін оянған Жамбыл шаршаған адамдай ыңқылдай күрсініп, жөтеліп алды да:

— Ай, қайсың барсың?— деді әдеттегі даусымен.

— Мен бармын, Жәке, ассалаумаликум!— дедім, қасына құшақтай жантайып.

— Ой, сенбісің? Жерден шықтың ба, көктен түстің бе?— деді жақтырмай.

— Алматыдан келдім, Жәке.

— Немене тағы да өлең сұрағалы келдің бе?

— Жо-жоқ,— дедім қарттың арқасынан қағып. Ол кәдімгідей сабыр тауып, сабасына түскендей болды.

Жәкеңнің өлең сұраушылардан безер болатын себебі бар. Соңғы кезде орталық «Правда», «Известияның» тапсырмалары аз дегендей, өзге газеттердің тілшілері де келгіштей бастапты. Тіпті облыстық редакциялардан «өлең алғалы» келгендер де көбейіп кеткен.

Жамбылды жұмсартып өз «компаниямызға» қосып алу онша қиынға соққан жоқ. Шайға отыра бере, Мұхаң қалтасынан бір буат қағаз ақшаны алып қарттың алдына қойды.

— Жәке, алыңыз. Бұл Алматы баспасының кітабыңызға төлегені,— деді. Жәкең шапшаң алып жастығының астына тықты.

— Ал мынаған түлкіден тымақ тіктірерсіз. Мынау — мәсіңіз, мынау — шапанға, камзолға деген мата,— деп, оған шай-қантты қосып мен ұсындым. Осының бәрін мына мәскеулік балаң әкелді дедім Леонидті көрсетіп.

— Жарайсың, нар жігіт!— деді Жәкең Леонидтің қолын қайта-қайта қысып, содан соң маған күлімсірей қарап:

— Өзің не әкелдің?— деді қолын созып.

— Мен Айманкүлдің сәлемін әкелдім.

— Ол не деді? Маған тиемін деді ме?

— Барып кел, шалымды көріп кел, түскен ақша-базарлықтары болса тең бөліп алып кел, сонда тиемін деді.

Мұхаң біздің диалогымызды жарыса орысшалап,

Соболев жарыса жазып үлгіріпті. Біз көңілді шай үстінде бірсыпыра күліп алдық.

Жәкең шай жиналмай-ақ, колхоз бастығы, жақын інілерінің бірі Тұрап Мыржиевпен баласындай боп кеткен Сатышты (Сатыш Жамбылдың ағасы Тәйтiнiң баласы) шақырып алып, бiздiң көзiмiзше бұйыра сөйледi.

— Маған қадiрмен меймандар кеп түскенiн көрiп отырсыздар. Мәскеуден мына нар жiгiт келiптi, бұлар үш-төрт күн менiмен бiрге болады. Таудан жедел қой, қымыз алдырындар,— дедi. Бiз бұрынғыдан көрi нығырақ жайғасыңқырап отырдық.

Ұйқысы қанған, шайын сүйсiнiп iшкен күйлi Жәкең, әдетi бойынша домбырасын алды.

Мұндайда ол өлеңмен әзiлдегендi, жақсы көрген адамдарының өзiн сөзбен қажап, ырғап байқағанды ұнатады. Мұнысы тышқанмен ойнап, тырнағын жұмсап көретiн мысықтың ермегi сияқты. Ол Соболевке жымия қарап отырып өлеңдете бастады:

— Аман-есен келдiң бе, қызыл нарым,
Аяғы да мойнындай ұзын нарым.
Қыз-келiншек қуанып қалған шығар,
Кiрiп барсаң тобына бұзып-жарып,—

дедi. Мұхаңмен екеумiз бiр сөзiн жiбермей жазып үлгiрдiк. Жәкең тағы жырлап кеттi:

Меймандостық қазақтың бiр белгiсi,
Сый көрсету — ескiнiң жоралғысы.
Жорға мiнгiң келе ме, жүйрiк мiнгiң,
Тiлегiңдi айта отыр, мейман кiсi.

— Не деген таңғажайып, тамаша бұл — дедi Мұхаң ерекше қуанып, қолын шапақтап.

— Түсiндiршi маған, не ғажап болды, достар?— деп Леонид Мұхаңмен екеумiзге кезек-кезек жалтақтайды.

— Ғажап, ғажап!— дедi Мұхтар орысшалап, содан соң жаңағы жазып алғанымызды келiстiрiп тұрып аударып шықты. Нарттай қызарған Леонид Сергеевич Жамбылдың сақалынан сүйдi.

— Рақмет, Жамбыл!— дедi «Наржiгiт» егiлiңкiреген даусымен,— маған осы айтқандарың жорғадан да, жүйрiктен де қымбат.

Жамбыл да мейманына қатты риза болды.

— Бiзге импровизациялық өнер өткенiң романтикасы сияқты ғой,— деп бастады Соболев ойлана сөйлеп.— Менiң жеке басым «Сирано де Бержерактi» сахнадан он рет қатар көруге әзiрмiн... Бiрақ қазiр де сондайлар бар деушiлерге сенбеген болар едiм.

— Енді сендің бе?— деді Мұхтар күліп.

— Сенбегенде ше...— Соболев те жарыса күлді.— Сәл қарсылық көрсетсем таяғы да тиіп кеткелі тұрған жоқ па өзінің.

Мұхаң кәдімгі қызығып және қызық қып айтарындағы күйіне түсе бастады. Ол импровизациялық өнердің, әсіресе қарақалпақ, қырғыз, қазақтарда, қазақтың ішінде осы Жетісу, Сырбойылықтарда мол сақталғанын сөйледі. Толып жатқан белгілі жырау, ақындар есімдерін атай отырып, солардың қатарында Сүйімбайды, оның сүйікті шәкірті Жамбылды әңгімеледі. Айтыс өнерінің түрлерін салалап, бірнеше дәстүрлі мектепке, жанрға бөлді.

— Бұлар да шетінен Сирано,— деді Мұхаң әбден қызған кезінде.— Бұлар да қылыштасып жүріп айта бере алады, айта жүріп өле алады, нанбасаң түсіп көрші майданына. Мен сәл шағыстырсам жетеді, сосын Жәкең сені таяқтап жүріп өлендетеді,— деді.

Соболев өтірік қорыққан, өтірік бас сауғалаған болды. Онысы екі досқа жарасып тұр.

Жәкең үйден шыққанда, біз де қосыла шықтық. Көгал аралап, арық жағалап келе жатып, недәуір ұзап кетіппіз. Тоza бастаған, кейбір бұтақтары сойдынып жапырақсыз қалған қара ағаштың көлеңкесіне кірген соң көйлегімізге дейін шешіп әжептәуір желпініп қалдық.

Мұхаң Сүйімбай ақынның өткірлігін, жүректілігін түсіндіру үшін әуелі Тезек төре жайлы сөйлеп берді. Оның өзін хан деп санағанын, жігіт ұстап ұры жұмсағанын, соларының үстіне ақын болғанын баяндайды.

— Малды айдатып алады да, төреден қорыққандар білмегенсіп қуып келмейді екен. Ал малын іздеп келе қалғандарға:— Бұл менің саған салған салығым,— дейді екен оған. Дау айтушылардың табанда басын кесіп алады екен. Осындай қаһарлы Тезекке «ұрысың» деп Сүйімбай ғана өлеңмен айта алған. Мұхаң Сүйімбай өлеңінің бір шумағын:

«Тезек төре!
Қоймаған елден жылқы кезеп төре,
Тентек пенен теліні тияд десе
Өзің ұрлық қыласың әттегене».—

деген жерін айтып және бір сөзінің де күшін әлсіретпей орысшалап берді.

— Сонда Тезек қылышын суырып алмап па, шаппап па сыншының басын?— деді Леонид әңгімені қыздыра түскісі келгендей асығып.

— Сен асықпай қоя тұр. Мұның қызығы алда,— деді Мұхаң көңілдене күліп.— Ел сүйетін даңқты ақынға қылыш көтеру қайда?

Тезек ақыннан кешірім сұрапты, шапан жауып, ат мінгізбек болыпты. «Тек мынау өлеңді елге жайып жіберме»,— депті. Төренің жігіттері бір ат әкеп көлденең тартады. Тезектің сыйлығын қабылдауға шыққан ақын атқа қарап тұрып тағы өлеңдетіпті:

Тезек-ау, мынау атың сары ат екен,
Қатып қалған кірпігі кәрі ат екен.
Көкжал барақ қашқанда көп қуып па ең,
Жеті атаңнан бері қарай бар ат екен.

Таксыр-ау, мынау аттың тәуір түрі,
Қоя берші, жайлауға бір жыл құры.
Тезек ұран шақырар «тұлпар» екен,
Ұстап мінгін атыңды келер жылы.

Осы өлеңге Соболев түсінер деп ойлағам жоқ. Нағыз қазақ ұғымындағы, басқа тілге аударылса, сол ұлттық тілдегі өткірлік, дәлдік, дәлелдік күшін жойып алатын сөздер, тенеулер жетпей қалады деп білдім. Бірақ Мұхаң аударған кезде тіпті басқаша шықты.

«Қатып қалған кірпігі кәрі ат екен»,— деген жолдың аудармасын Леонид тіпті ғажап қабылдады.

— Кәрі аттың кірпігі қатып қалатынын Толстойдың өзі де аңғармаған болу керек!— деді қатты дауыстай сөйлеп. Ол осы екі шумақ өлеңді түгел жазып алды. Сөздердің мазаққа, мысқылға, уға толы жерлерін қайта-қайта анықтап алып жазды. Мұхаң тағы сөйлеп кетті.

— Сүйімбайдың осы өткірлігі мен жүректілігі Жамбылға түгел ауысқан. Үлкен ақыннан бата алған Жамбыл оның ұстанған жолын, қайсар мінезділігін, кесіп айтқыштығын тұтынбаса оны жұрт сыйламас еді. Оның:

Менің пірім Сүйімбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай,
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйімбай деп сөйлесем
Сөз келеді бұркырап
Қара дауыл құйындай,—

деген жолдарына сенбес еді.

Біз серуеннен қайта оралғанша таудан қымыз да келіп қапты. Бірақ жаңа ғана ұйықтаған Жәкең тынығып жатыр екен. Біз сусын ішу үшін үйге кірдік.

Соболев бүгінгі әсерлерін толығырақ жазғысы кел-

гендей тағы да қағазға үнілді. Ол жазып отырып кейде өзімен-өзі сөйлескендей күбірлейді, кейде барлық денесімен селкілдеп күліп алады, бір кезде ол басын көтеріп алдындағы қымызын сіміріп тастады да, маған бұрылды.

— Сен не білесің, Әбділда?— деді өте сүйкімді жымыып.— Жамбылдың Сүйімбайға ұқсаған, өткір айтқандары есінде ме?

— Неге болмасын, бар,— дедім мен салқын қымызды сіміріп болған соң.— Мәселен, Жамбылдың ақын Досмағамбет молдамен айтысқанындағы сөзі бұл елге түгел тарап кеткен. Оны мен де білемін. Сондай-ақ болыс пен песірге күлген сөздерін де жатқа білеміз.

Мысалы деп мен оның:

Большка жолдас болды песір деген,
Жігітке жарамайды кесір деген.
Екейді қаңғып келіп Шыбыл жейді,
Құдайдың уақты шығар жесін деген,—

дейтін өлеңін айттым. Мұхаң күліп жіберді. Ол тағы да орыс тіліне аударып және әр сөзін жан-жақты түсіндіре талдай отырып сөйледі:

— Байқаймысыңдар?— деді ол бізге жақындай түсіп,— өлеңнің сырт көрінісінде қарсылық сияқты айқайлап тұрған ештеңе де жоқ, қарапайым ғана болмысты айта салған сияқты. Бірақ іші зілді жатыр. Ол «құдайдың уақты шығар жесін деген» соңғы бір жолында бүкіл заманды айыптап отыр.

— Осы Жамбыл революция жылдарында өзін қалай ұстады екен? Ондай материалдар жоқ па?— деді Соболев.

— Неге болмасын, бар. О жылдардағы ақынның кейбір айтқандары жиналып, кезінде «Темір қазық» деп аталатын журналға да басылған.

«Кедей көтеріліп қырда жүр,
Байлар бұғып ойда жүр,
Жамбыл сайрап мұнда жүр!»—

дегенді осы Ұзынағаш базарында айтқан. Сонда Жамбыл ат үстінде жарқылдап, қуана жүріп жырлапты. Соны көріп, білген шалдар қазір де бар,— деді Мұхтар салмақты сұраққа салмақты жауап беріп. Леонид Сергеевич бұл естігендерін де түгел жазып алды.

— Сен ендеше мынаны да жаз,— деді Мұхаң,— Жәкең революция тұсындағы кейбір бассыздыққа, тәртіпсіздікке төзбейтін, ашулы өлеңдер айтқан. Ол жаңа

сайланған совет болыстарының бір жиынына келіп отырып:

Тобына келсем сыйым жоқ,
Тентегіне тыйым жоқ,
Қиелік десе, киім жоқ,
Базарға барса, бұйым жоқ,
Сөзді тындар сендер жоқ,
Айтпай тынар мен де жоқ»,—

депті.

— Мұнысы шын жүректілік екен. Революцияның халыққа не беру қажет екенін де айтқан ғой,— деді Соболев, жазғанын тоқтатпай отырып, өлеңнің үндестігін, жүйрік айтылғандығын аңғарыпты ол.

Біз бірінші күнді осылай өткіздік. Сұраудан Соболев шаршамады, түсіндіруге Мұхтар шаршамады, түнде үшеуміз бір бөлмеде жаттық, шам өшкен соң да көпке дейін әңгіме тынған жоқ.

— Импровизаторлық деген не?

— Кәдімгі ақындық.

— Әбділда, сен де ақынсың ғой... сен өзінді импровизатор деп санаймысың?

— Мен көбірек ішкенде импровизатормын.

— Ендеше мен де импровизатор.

— Сен қанша жол өлең жатқа білесің?

— «Евгений Онегиннің» жартысын жатқа айта аламын... «Мыс салт аттыны» да білемін.

— Ал Жамбыл «Көрұғлыны» он бес күн айта алады.

— Ол «Манасты» да айтады.

— Барлық қазақ эпосын, өзіне дейінгі ақындар айтысын түгел жатқа біледі.

— Миллион жол өлең оның бір басында сақтаулы.

— Бұл — ғажап екен, достар!— деген Соболев атып тұрды да, шам жақты. Бізге естірте отырып «Жамбыл миллион жол өлеңді жатқа біледі!»— деп жазды.

Біз Мұхаң екеуміз жарыса күлдік. Содан соң Мұхаң да басын көтеріп, көңілдене сөйлеп кетті.

— Рас, ғажап қой бұл!— деді Мұхаң екі қолын бірдей жайып.— Бір Жамбылдың басында миллионнан артық ұйқас бар. Ал ырғақ, ассонанстар қанша? Осыған оның ұлы ақындық талантын қоссақ не шығады!

— Ура!— деді Леонид отырған жерінде секіріп.— Онда ұлы импровизатор шығады.

— Ақын — жауынгер, ол күнде сайыс, күнде атыста жүрген солдатқа ұқсайды десек, оның жадындағы миллион ұйқас лентаға тізілген пулемет оғы емес пе?— деді

Мұхаң жақсы бір салыстыру тапқанына қуанған пішінде.

— Тұрып қара мұндай пулеметшінің алдында!— деп Соболев тағы да жөнелді...

Түнімен гүжілдескен үш жолаушы қатты ұйықтап-пыз және ұзақ жатып қалыппыз. Әлдеқашан тұрған, іші пысқан Жамбыл, бізді өзі іздеп келіпті.

— О, ұйқы тәтті болсын!— деді ол дауыстап. Біз киініп болғанша ол креслоға жайғасып, әрқайсысымыздың жуандығымыз бен жіңішкелігімізге арналған мысқыл сөздер айтып отырды.

— Шайға жүріңіздер,— деді Тезекбай.

Жамбылды алдымызға салып сыртқа беттедік.

Сол жақтағы үлкен айнаның алдында кідірген Жамбыл сақалын сипап, мұртын сылап тұр. Оның қасына барып Соболев те қатарласа қалыпты.

— Здравствуй, Жамбыл ата!— деді айнаға қарап иіліп.

— Ұнай ма, мына шал?— деді Жамбыл Соболевке бұрылып.

— Ұнайды.

— Жылап тұр ғой мына шал мұнын айтып, есіте-місің сөзін.

— Бақытты адам жылай ма?— деп, Соболев енді Жамбылдың өзіне қарады.

— Кәрілік — бақыттылық па?— деді Жәкең тесіле қарап. Соболев үндемей қалды.— Сен одан да мына шалдың мұнын тында.

Сақалым темір күрек борға малған,
Селеудей шашым селдір зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай
Кәрілік немді қойды қорламаған.
Кұлпырған қызыл шырай түсімді алды.
Аузымды опырайтып, тісімді алды,
Босатып буынымның шегелерін,
Сыпырып тұла бойдан күшімді алды,—

деді Жамбыл, әрі күліп, әрі жылаған дауыспен. Мұхаң ұйқассыз ырғақсыз сөздермен өте шапшаң аударды, бірақ барынша шабытты аударды.

— Жамбыл ата!— деді Соболев карт ақынды барлық мейірімен бауырына қысып.— Мен мұнда келіп сені көргенімді, осылай құшақтап тұрғанымды үлкен бақыт деп санаймын өзіме. Кешір, ата, жаңағы жеңілтек сұрауым үшін.

Шайдан кейін Соболев папкесінен үлкен жалпақ дәп-

терін алып жазуға кірісті. Ол ешкімнен ештеңе сұраған да жоқ. Жамбылмен сөзімізді аудартқызыған да жоқ, өзімен өзі бола берді. Осы босаған тұсын пайдаланып, Мұхаң Жамбылмен еркін еркелей сөйлесе бастады.

— Шоң қазақ, әнгіме айтшы (Жамбыл Мұханды «шоң қазақ» дейтін),— деп сөзді Жәкеңнің өзі бастаған-ды.

— Не айт дейсіз, не қалайсыз?— деп Мұхаң да жақындай түсті.

— Құнанбай баласын қарғапты, теріс батасын беріпті деген рас па?

— Қарғады деген артық сөз болу керек, араларында келісім болмағаны рас.

— Қажы баласының ақын болғанын ұнатпапты десеңі ғой?

— Ақын болғаны үшін емес, сыншыл өлеңдер шығарғаны үшін, Жәке.

— Солай ма?— деп Жамбыл ойланып қалды.— Ащы сөзді кім ұнатады дейсің, баласының дұшпаны көбейе ме деп қорыққан шығар.

— О да мүмкін,— деді Мұхаң қысқа қайырып.

Жамбыл алысқа қарап, әлдеқашанғы бір суреттерді көріп отырған сияқты. Өзімен өзі сөйлескендей күбірлейді. Бір кезде дауыстап сөйлеп кетті.

— Намыс қой еркекті отқа да, суға да айдайтын. Қорқып тартынғанша, қарсы шауып өлейін дейсің де қойып кетесің. Сондай тұста ашулы жыландай барлық уынды бірақ төгесің емес пе?— Жамбыл бүлк-бүлк күліп алды да, Мұхаңа қарай еңкейді:

— Шоң қазақ, Абай өлеңдерін айтып көрсең қайтеді, ә?..

— Дұрыс, Жәке, Әбділдаға айтқызайық,— деп Мұхаң маған қарады,— кәне, бір-екі өлеңін оқып бер. Білсең юмор, сатираларынан бастағаның жөн.

«Жамантайдың баласы Көжек деген,
Әркімге өсек тасып безектеген.
Досын келіп досына жамандайды,
Шіркінде ес болсайшы сезед деген».

Жәкең мені қасына шақырып, өлеңді екінші рет тыңдады, тыңдады да күле кідіріп, ойланып қалды.

— Адамның қоры дәл осындай болады,— деді Мұхаңа бұрылып.— Атысып-шабысу мұндайдың қолынан келмейді. Маса құрлым, сона құрлым да шаға алмайды. Тек сөз тасуға, былықтыруға ғана ұста.

Жәкең өлеңнің екінші жолын қайталады. «Әркімге өсек тасып безектеген». Содан соң:

— Тағы айтшы,— деді маған құлағын тоса бұрылып, енді басқасын, ұзынырағын айт.

Мен қайда жүрсем де папкемнен түспейтін Абай жинағын алып шетінен оқи бастадым.

«Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек»,— деп кірістім. Жәкең ең бір жақын адамының сырын тыңдағандай ұйып қалды. Сәл ғана естіртіп «дұрыс, дұрыс» деп қояды. Ондай кезде мен де баяулатыңқырап оқимын. Өлең бітіп, мен тоқтауға айналғанда Жәкең «тағы» деп қолын ілгері қарай сілтеді.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан»,—

деп тағы бастап кеттім. Жәкең менімен сөйлесіп отырғандай басын изеп: «Рас, рас айтасың»,— дейді.

«Қабаған итше өшігіп шыға келет,
Мен қапсам, бір жеріңді бөксерсем деп»,—

деген жерге келгенімде «тоқта» деп қолын көтерді.

— Тап осындай Сыламқұл деген бір кісіні мен де білуші едім,— деді күліп алып.— Тайқы маңдай, қайқы мұрын, шұбар қара болатын. Асынды ішіп отырып дастарқаныңа түкіріп кететін. Өзінің аузына келгенін құсатын, боқтампаз, пәлеқорлығынан басқа төбелесудің де әдістерін әжептәуір білетін, сонысына сеніп қит етсе қамшысын ала жүгіретін-ді. Бір тойда өзінен күштірек бір жігітке кездеспесі бар ма?

— Сойған екен ғой сұмды!— дедім Жәкеңнің аузына үңіліп.

— Көптен өші бар біреу екен, жығып салып тұрып, ал кеп бір соқсын, қолы талған соң, аяғымен тепкілей бастады.

— Соған дейін арашашы шықпады ма?

— Шықпады. Бір пенде ара түспеді.

— Сіз неге арашаламадыңыз, обал емес пе, Жәке?

— Қайдағы араша, мен ішімнен қосыла сабап тұрдым,— деді Жәкеңнің шынын айтқанына бәріміз күлдік.

— Бұл не күлкі?— деп қағазын кейін сырып қойған Соболев жақындады.

— Мұны мен далаға шыққан соң түсіндірейін,— деп Мұхаң түрекелді. Бәріміз де бірден көтерілдік.

— Ай, ай!— деді Жәкең отырған жерінен қолын соза итініп. Мені де ала шығындар.

Леонид Сергеевич шапшаң бұрылып Жәкеңді сүйемелдеді. Леонидке асыла басқан Жамбыл, кебісіне аяғын сұға алмай недәуір кідіріп қалды.

— Вот, Жәке, вот!— дейді нар жігіт күле кебісін көрсетіп.

— От болса, от!— деп Жәкең кебісіне еңкейді.

Бір аяғын киіп, екінші аяғын сұғынып жатып бір ауыз өлең айтты.

— Жігіт едім жасымда қысылмаған,
Көрсеткен жоқ тірі жан қысым маған.
Тар саңлаудан дәл соққыш мерген Жамбыл,
Кең кебісін кие алмай пысылдаған,—

деді. Есіктен жаңа ғана шыққан Мұхаң күлкіден аузы жуыспай қайта кірді.

— Мінеки саған импровизацияның ат басындай алтыны!— деді Мұхаң Соболевке қарап.— Жаз тез, жаз. Жаңағы бір ауыз өленді түсіндіріп, талдауымен ұзағырақ орысшалады. Бірақ Леонидке түгел жетті, барлық екпін, жарқылмен, өткірлігімен жетті.

— Мен қазақ болсам,— деді Леонид Сергеевич далаға шыққан соң бізге қарап.— Тек Жамбылмен ғана бірге болар ем, аузынан шыққан сөзін жаза берер ем, жаза берер ем...

Біз ертеңіне машина шақырып алып Алматыға қайтық. Жамбылмен тату-тәтті өткізген үш күніміз бәрімізге де естен шықпастай әсер қалдырды. Көп келгіш байларға көріне бермейтін, көрінсе де көңілін ұсына қоймайтын ақын, бұл жолғы келген адамдардың кімдер екенін жақсы таныды. Үлкен екі қонақтың бірін «Шоң қазақ» деп атап, екіншісін «Нар жігіт» деуі де содан болатын.

— Қымбатты Жамбыл,— деді Соболев қарт атаны бауырына басып.— Мен осында өткізген, өзінмен бірге болған бақытты күндерімді еш уақытта ұмытпаймын. Мен үш күнде Жамбыл университетінен өттім, Жамбыл тайниктерінің есігін аштым, сізге сансыз алғыс айтамын, Жәке,— деді.

— Саған да алдаразы болсын, шырағым, сағындырмай, сарғайтпай келіп тұр,— деп Жамбыл да барлық ықыласымен қоштасты...

— Жамбыл түсінде де жаңа өлеңдер шығаратын болу керек,— деді Леонид Сергеевич, жол бойындағы көріністерге көз тоқтата алмай қарап.

Соболев Алматыда екі күн болған соң, Москваға

қайтты. Жүрер алдында ол бізге келген себебін де айтты:

Сталинге арыз түсіпті. Ол арызда: «Жамбыл деген дүниеде ақын жоқ. Ол өтірікшілердің жандарынан шығарып жүргендері, бұдан былай Жамбылға сенбеңіз»,— депті. Сталин арызды тексеруді Жазушылар одағының бастығы Александр Фадеевке тапсырыпты. Ал Фадеев «Барып кел, көріп кел, біліп кел»,— деп Леонид Соболевке тапсырыпты. Біз Леонид Сергеевичпен құшақтасып, сүйісіп қоштастық. Бірақ «Мәскеуге қандай пікірмен барасың?»— деп сұраған жоқпыз.

Сұраудың қажеті де болған жоқ.

IV

Мен 1941 жылдың январь, февраль екі айы бойында күнделік жазыппын. Соның бірсыпыра күні Жәкене байланысты өтіпті. Аз да болса, соны пайдалана кетуді мақұл көрдім.

21 январь. Қызмет кезінде Кулитов телефон соқты (Кулитов Джек Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жұмысын басқаратын хатшысы болатын. Ә. Т.) «Ертең Жамбылға барайық»,— деді. Мен: «Болады»,— дедім (мен ол жылдары Қазақстан Жазушылар одағының председателі едім. Ә. Т.).

22 январь. Қазір Жамбылға кетіп барамыз. Кеше түнгі сағат он бірге дейін өлең айтып жұртты күлдіріп отырған Жәкен түн ортасында қатты ауырыпты, бізден бұрын барған Барлыбаев (Барлыбаев Хабиб — ақынның дәрігері, Ә. Т.) бар күшін салып, көрер көзге жанын қорғап қалды. «Отравление желудка» дейді, біз оны бір сөзбен ұшынған дейміз ғой. Ыстығы 38,6-ға дейін барды. Мені танымады. Тек ішін басып, басын шайқады. Гүрсіл қағып, шыдай алмай терлеп жатты. Мен құсық қысып жатқанын білсем де үндемедім... ішін тазартып, укол жібергеннен кейін жарты шылапшын сап-сары запыран құсты. Тамырының соғуы қалпына түсуге айналды, ыстығы 38-ге түсті. Қалаға әкетуді де кеңестік. Профессорлар жіберуге уәделесіп, Жәкенді тастап кеттік. Жетпіс бес шақырым жерге суық күнде ауруды машинамен әкелу қауіпті еді. Әкетпегеніміз ақыл болды. Біз қалаға келген соң, Ғали мен (Ғали — Жамбылдың хатшысы белгілі ақын Орманов, Ә. Т.) Хабиб телефонмен хабарлады:

— Ыстығы 37-ге түсті, тамырының соғуы дұрыстал-

ды. Ертеңге дейін күтеміз. Ертең тағы хабарлармыз,— деді.

23 январь. Жәкең ауруханаға түсті. Мен кешкі сегізден түнгі бір жарымға дейін қасында күзетінде болдым. Тағы да өкпесінде воспаление. Мен көтеріп, басын биіктетіп едім, ол мені тас құшақтап, екі бетімнен кезек сүйді:

— Айналайын, көп жаса, қарағым,— деді. Жасы жеткен адамның қаупі өзгемізден мықты ғой. Қоштасқандай бейне көрсетті, көзімнен жасым ыршып кетті. Бірақ білдірмедім, кетерімде:

— Жәке, тыныш, сабырлы болыңыз. Берілген дәрілерден бас тартпаңыз.— Ертең тағы да келемін,— дедім құлағына аузымды тақап. Ол бетіме қарады да:

— Жақсы шырағым... шешене сәлем айт!— Дәмітұзын көп татып едім,— деді... Мен кеткенде ыстығы 38,4 болып қалды.

24 январь. Тағы да кешегідей Жәкеңнің қасындамын. Ыстығы бір қалыпты емес, бірақ тәуір сияқты. Дәрігерлер көрер көзге жанын сақтап қалып, ажал бетін тура қаратпай тұр. Ерлік осыларда ғой... таңертең апам келіп көңлін сұрап еді, оны құшақтап сүйді.

27 январь. Жәкең тіпті әлсіреп кетті. Түнгі сағат төрттің кезінде үйде телефон сылдырлады. Жәкең шақыртқан екен, барсам гүрсіл қағып жатыр, күндегі әдетім бойынша тамырын ұстадым, тамыры бір-екі соғып тоқтап қала береді. Тағы қайта соғады. Қолымды қысып ұстап бетіме қарап еді, кәрі көзі жасқа толып кетті.

— Шырағым, бала досым ең, мені қалада сүйретпеге сала бермей ауылға жеткізіп қойындар,— деді...

— Жәке, қорықпаңыз, ондай сөз айтпаңыз... әлі-ақ жазылып кетесіз.

— Жо-жо-жоқ болмас,— деді ол...— Жасыннан жетімдік зарын көп тартып ең... біздің ана ересек жетімдерге қарасып жүр, ішігімді Сатышқа беріндер... жаман да болса тетелесім сол еді.

Дереу Барлыбаевқа телефон соқтық. Ол бейшара да әлі ұйықтамаған екен, іле-шала жетті. Укол салды. Кислород берді. Алғашқы кезде Жәкең күмпиген қаптан (кислород қабы) сескеніп жуымап еді, түсіндіріп айтқан соң, жұта бастады. Әрі-беріден соң:

— Ананы әкелші, тағы да жұтқызшы,— дегенді шығарды. Көкірегі жай тапты. Ұзақ уақыт аласұрып, шаршаған жан ұйықтап қалды.

Мен қатты қорықтым.

— Енді газетке материал даярлаудың артықшылығы болмас,— дедім естіртіп.

— Рас, қатерлі,— деді Барлыбаев ойланып.— Ертеңгі кеңестен кейін жауабын берейік.

28 январь. Емханаға сағат 8-ден кейін бардым. Дәрігерлер кеңесіне үлгірмедім. Бірақ Хабиб Барлыбаев сонда екен. Ол күліп:

— Сірә, қартты бермейміз-ау деймін. Демеуі жетсе, арыстанның жүрегі алдыратын емес. Бүгін жақсы боп қалды,— деді. Рас екен. Жәкеңнің ажары кіріп, қуаттанып қалыпты. Маған ол:

— Жас сорпа ішіп жақсы боп қалдым,— деді.

29 январь. Жәкең бүгін қуанып қалған. Енді бізді кеселден қорыққанынан емес, іші пысқанынан аңсайтын сияқты. Бүгін ол тіршілік әңгімесіне кірісті:

— Қырғыздар жылда шақырады, жылда бара алмай ұят болды. Осы тойына (он бес жылдығын айтады) бару керек-ақ еді. Әлде болса біреулерің барсаң еді, ел ғой.

Мен Қазақбаевтардың (Қазақбаев сол кездегі Қазақстан Жоғарғы Советі Президиумының председателі, Ә. Т.) кетейін деп жатқанын айттым, содан кейін тыншыды.

30 январь. Кешке Жәкең кешігіп бардым. Ол маған:

—Е, бүгін көрінбей кеттің ғой, босамадың ба?— деді.

— Жиналыс болды, Жәке!

— Ананы-мынаны сөйлеп уақытты текке өткіздік, десеіші!

Қартайған Жәкең соңғы кезде жатып қала беретінді көбірек көрсете бастады. Кейде ескі дағдысымен дәрігерлер қоспаған ауыс астарды жеп қойып ауырса, кейде бала сияқты ауыс терлеп отырып жүріп кетеді, содан суық тиіп ауырады. Осы жолы өкпесінен ұстаған суық кәрі ақынды недәуір меңдетіп тастап еді, бірақ ақыры қайырлы боп, жазылып қайтты.

Дегенмен, осы жолы ақынның денсаулығын күту мәселесі басшылар арасында недәуір сөз болды. Денсаулық министрін шақырып ақынды мықтап бақылауға алу керек, ауыра қалса асқындырмай емдеу керек, деп тапсырды. Сол «көз жазбай бақылаудың» нәтижесінде ақын 1941 жылдың июнінде больницаға қайта түсті. Аздаған ыстығы болып түсті.

— Беті бері қарап, ыстығы түскені болмаса, әлі әбден айығып болған жоқ,— десті дәрігерлер.— Енді он

бес күн жатқызып, суық шалған өкпесі әбден жазылған соң шығаруымыз мүмкін.

22 июнь күні «Соғыс» деген сұмдық сөз байтақ Отанымыздың дәл ортасында бомбаша жарылды. Күндіз радиодан Молотов жолдастың Ұлы Отан соғысы басталғанын өкімет атынан жариялаған, совет халықтарын күреске, жеңіске шақырған тарихи сөзін тындадық. Бұл сөзді барлық халық естіді, жалғыз-ақ Жамбыл естіген жоқ. Әрі кәрі, әрі кесел ақынға ауыр тие ме деп сақ бола тұрдық. Республика басшылары да, дәрігерлер де солай ұйғарды.

Горький атындағы паркте өткен жиыннан кейін Орманов Ғали екеуміз ақсақалға бардық.

— Торға түскен торғайдай жалпақ жалғанға алақандай әйнектен ынтыға қарап жатырмын,— деді.

Мен Жәкең жұбанды, тыншыды-ау деген кезде үйге қайттым.

Сол түні 12-де Ғали маған телефон соқты:

— Тез жете көр, Әбділда. Шал шатақ шығарып жатыр,— деді.

Он минут өтпей-ақ мен де жеттім. Әуелі бас дәрігердің кабинетіне кірдім, әңгіменің бәрін сонда естідім. Тыныш отырған Жамбылға кешкі қызметке келген әйелдердің бірі соғыс басталғанын айтып қойыпты, шатақ содан басталыпты.

— Кереуеттің үстінде төрт сағат бойы жантаймай отыр: «Соғыс басталғанын жасырдыңдар»,— деп, мені таяқпен салып қалды,— дейді Ғали.

— Киімін сұрайды, машинамыңды шақырындар, ауылға қайтамын дейді. Кеселі асқынып кетеді-ау деп дәрігер ренжіп отыр.

Сыбағалы таяғымды көтеру үшін мен де кірдім. Ғали көрінбей гардеробты тасаланып отырды. Жәкең малдасын құрған, таяғы алдында көлденең жатыр, кереуеттің үстінде отыр екен. Менің дыбысымды есітіп, көзін ашты да, үн қатпай қадала қарап қалды. Мен қарсы алдына отырып төмен қарадым. Әлден кейін ашусыз, дірілдеген дауыспен тіл қатты.

— Соғыс басталғаны рас па?

— Рас, Жәке.

— Менен неге жасырдыңдар?

— Науқасыңыз қайталап қала ма деп сескендік.

— Сөз-ақ екен, мен соғысты бірінші рет көрген шығармын,— деді аздап ашу сездірген, ызалы үнмен.

— Ғали қайда екен?— деді сәл жымып.— Шекесіне таяғым тиіп кетіп еді, өкпелеп жүрген жоқ па өзі?

— Қасындамын, Жәке!— деді Ғали орнынан тұрып келіп қасына отырды. «Көп жаса, балам»,— деді Жәкең көңілі бұзылып, одан соң Ғалидің шашынан сипап. Осы кезде кезекші дәрігер келді. Жәкең оны қолымен нұсқап, жанына отырғызды.

— Енді кесел-месел деген сөз болмайды,— деді ол дәрігерге қарап,— шалтай-балтай менікі тындамайды, түсіндің бе, доктыр.

Біз докторға орысшалап ұғындырдық. Ол басын шайқады, Жәкең таяғын көрсетті.

— Қайтуды ертең сөйлесейік, сіз қазір жатып ұйықтаңыз, дем алыңыз, міне, сағат екі болды,— деген дәрігер сөзін Жәкеңе қазақшалап айттық. Жәкең көнген кісідей, бізге құлақ асқандай үндемеді.

Жәкең 23 июнь күні машинасын алдырып жүріп кетті.

Ұлы ақынның осыдан кейін қаншалық қайрат жинағаны, жауға қаһары мен зәрін төккені, жеңіске шақырғаны оның дамылсыз жалын атқан жырларынан белгілі. Ақын 95 жасында бойындағы кеселін сыпырып тастап, совет халқы қашан жауын талқандағанша домбырасын тастаған жоқ. Егер Жамбылдың жауынгерлерге көрсеткен көмегін, оның майданнан алған хаттарымен дәлелдеуге кіріссек, онда жүздеген хатты көшіруге міндетті болар едік.

Жәкең өзінің шәкірттеріне тағы бір жаңа үлгі көрсетті: ол күрең атқа қайта қонды, қалың елін қақ жара аралап, халықты еңбекке шақырды, майданға жүргелі жатқан эшелондарға барып қоштасу жырын айтты.

— Жауды жеңбей қайтпаңдар, ұлдарым!— деді.

Жамбыл өзі жүріп араласқан, жылағанды жұбатқан әрекеттерінің үстіне бүкіл совет халқына батырлық рух беретін көсемдік сөзін де жырымен айтты:

«Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде:
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде,
Көз жібердім мен елге.
Сонда елімнің түрінен —
Қаһармандық аңғардым
Жау сазайын берерге.
Жау тиді деп саспастан,
Аяқтарын нық басқан,
Айбатынан көресің —

Аспанмен күші астасқан.
Кұйған құрыш тәрізді
Тұлғасында күші ызғар
Батырлықпен ұштасқан».

Жамбылдың мұндай жырлары күнде туып, барлық тілдерде айтылып, басылып, тарап жатты. Ауылынан көп жігіт және солармен өз баласын, Алғадайын қоса аттандырған ақынның жауға деген өшпенділігі ерекше еді. Ол әке болып, ата болып ызаланды, содан барып оның ақындық ызасы туды. Жамбыл ауылда, Алғадай майданда, осы екеуінің арасындағы әке мен бала байланысы Жамбыл жырларына айрықша жылылық және сезімталдық берді.

...Правдада «Жамбылға» деген жауынгер хаты басылды. «Рақмет сізге, ардақты, ақын ата,— дейді жауынгер нағыз балалық сезіммен — бізді қуанышқа кенелткеніңіз үшін солдаттық алғысымызды жолдаймыз. Сіздің өлеңдеріңізді енді бәріміз де білетін болдық. Біз оны кескілескен айқастарда, қиян-кескі ұрыстарда өзімізбен жеңіс жоралғысындай алғы шепке ала барамыз... Қан төгіс қырғындарда біз, сізді жауынгер серігіміздей, алқызыл туды алға қарай алып бара жатқан бастаушымыздай сүйікті Отанның ыстық лебіндей сеземіз».

Бұл құбылыстың ғажайып нәрсе екенін сол кезде «Правдаға» А. Н. Толстой да жазды. Ол былай деді: «Біз ғажайып құбылыстың куәсі болып отырмыз. Соғыс дабылы ақын үнін өшіріп, оны окоптың тар шеңберіне әкеп қысып тастайтындай көрініп еді, бірақ соғысып жатқан халық өмір мен өлім белдескен қанды қырғын күресте, өз бойынан адамгершілік — рухани қуатты барған сайын мол тауып, ол өз әдебиетінен өктем де өнегелі сөзді көбірек талап етуде. Сондықтан да совет әдебиеті соғыс күндерінде нағыз, шынайы халықтық өнер, халықтың қаһармандық үні болып отыр...

Бүгін совет поэзиясының атақты ақсақалы тоқсан бес жастағы Жамбыл қайтадан жас жігіттей атқа қонды. Ол жігерлі де сергек, бар даусымен шырқап, Отан соғысының ерлерін жырға қосып отыр. Бұл Жамбылдың екінші жасаруының, қайта туған халық поэзиясының қайта жандануының бейнесі...»

Соғыс басталған соң-ақ көп жазушыларымыз, әсіресе ақындарымыздың көпшілігі жауынгерлер қатарына шақырылды. Бірақ соған қарамастан қалғанымыз әліміз келгенше тыпырлап бақтық: Жамбылға үнімізді қосуға тырыстық. Облыстарда халық ақындарының бригада-

лары ұйымдасып, елді жеңіске шақырған жырларын ту қылып көтерді. Олар: майдан пайдасына қаржы, жылы киімдер жинасты, еңбекте еселеген қайрат көрсетуге шақырды. Осындай тұста халық ақындарына жазатын ақындар да қосылып кетіп отырды. Республикалық, облыстық газетіміздің беттері өлен, жырларымыздан босаған жоқ. Біздің даусымыз радиода да үзілген жоқ, біз малшылар, егіншілер, шахтерлер, завод жұмысшыларының арасынан шыққан жоқпыз. Сол кезде майданға қазақ халқының атынан өлеңмен жазылған хаттарға да алдымен біз қатыстық.

Сонымен қатар, ең алдымен Жамбылға көңіл бөлдік. Ұлы ақынның майданға жаңа қарудай жетіп жатқан ғажайып жырын әлсіретіп алмасқа тырыстық. Ол үшін ақынның да денсаулығын күзеттік, оған жеңіс үшін істеліп жатқан Отан тірлігінің бәрін жеткізіп, майдандағы қиын халдерді, соған қарамай жауға соққы беріп жатқан батырлықтарды айтып отырдық.

Август айының жиырмасы шамасында, мен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне шақырылдым. Ол кездегі бірінші хатшы Николай Александрович Скворцов кідіртпей қабылдады. Қаны қашыңқы сұрғылт тартқан хатшы, шаршаған дауыспен:

- Отыр,— деді.— Шай ішемісің?
- Рақмет,— Николай Александрович.
- Жамбыл қалай?
- Әзірге мықты.

— Маған «Правдадан» телефон соғылды, редакторы ленинградтықтарға арналған, оларды темірдей төзімділікке, жеңіске шақырған Жамбыл жырын сұрайды. Қалай, жырлатамыз ба шалды?

— Әрине...

— Өзім де барып қайтар едім, қазір ЦК-да менен басқа кісі жоқ,— деді хатшы орнынан тұрып:— Жол болсын, Жамбылға сәлем айт, жақсы жырлап берсін!— соңғы сөздерін күліп айтқан Скворцов қолын созды. Мен қоштасып шыққан бетімде ақын Марк Тарловскийді алып Жәкеңе тартып кеттім.

Марк барынша сыпайы, таранып, қағынып жүретін таза кісі болатын. Жай ғана, сызылып сөйлеп отырып-ақ күлдіргі сөздерді де көп айтатын.

— Жамбыл мені сабап тастамас па екен?

— Сабатпаймыз, мен таяғын күзетіп отырайын,— дедім. Екеуіміз жарыса күліп алдық.

Ойнап айтса да Марктің сөзінің жаны бар. Павел

Кузнецов өзі сұранып майданға аттанарда Жамбылға барып қоштасыпты, жылап сақалынан сүйіпті. Оған қосылып Жәкең де жылапты. Енді бүгін Кузнецовқа бір жері ұқсамайтын, ұялшақ, үні әрең шығатын, өткен-кеткенге шегіншектеп жол беріп, орын ұсына беретін Тарловскийді жатырқауы мүмкін.

Айтқандай-ақ, алғашқы көріскен бетте Жәкең Маркке бөтен біреу келгендей ұнатпаған көзімен қарағандай болды. Мен әдемілеп түсіндіруге тырыстым:

— Бұл сізді жақсы көретін үлкен ақындардың бірі. Біздің батырлар жырын оңды аударған адам. Жылы шырайыңызды беріңіз,— дедім.

— Сен мені осыған үйлендіре келгеннен саумысың?— деді күліп. Бірақ Тарловскийге күлімсірей қарап, жылы сөз айта бастады.

Түстен кейін кабинетке кіріп Ленинград туралы сөйлестік. Дәудің сәлемін айттым¹.

— Сізге сәлем бергісі бар екен, бірақ қолы босамады,— дедім.

— Сәлемет болсын,— деді Жәкең. Содан соң өзі бастап Ленинград туралы сұрай бастады. Біз, Тайыр екеуміз Ленин қаласының күйін кезектесе суреттей бастадық.

— Үлкен қала қалың жаудың қоршауында, жан-жақтан атқылау үзілмейді. Қалада тамақ жоқ, су жоқ, жарық жоқ...

— Не дейді?— деді Жамбыл ызаланып.— Сонда жұрт аштан қырылмай ма?

— Ашықса да қаланы жауға бермей соғысып жатыр. Әсіресе кәрілер мен балаларға обал.

— Жау не дейді сонда?

— Қалаға жол ашындар, беріліңдер! Сонда тамаққа тойындырамыз,— дейді.

— Біздің адамдар не дейді оған?

— Жаудың нанын жеу үшін берілгенше өлгеніміз жақсы, бір адам қалғанша соғысамыз!— дейді

— Солай ма?— деп Жамбыл орнынан тұрып кетті.

— Алып көрсін енді жау! Ел берілмесе, ешкім де сындыра алмайды ерлікті! Шіркін, тиер ме еді, сыртынан барып дұшпандардың алар ма еді алқымынан!

Жәкең оң қолын созып, саусағын жыбырлатады. Бұл оның домбырасын сұрағаны екен. Біз дереу домбырасын ұстата қойдық.

— Бір қаланың миллион халқы тас-түйін боп түйілген. Өлуге бар, жеңілуге жоқ екен ғой, шіркіндер!—

¹ Жамбыл Скворцовты «Дәу», «Үлкен кісі» деп айтатын.

деді Жамбыл өзімен өзі тілдескендей.— Ел деп осыларды айт, ер деп осыларды айт!— деді бізге қарап, біз Жамбылдың кәрі көзінен мөлтілдеген жас көрдік. Түнде туған ғажап жыр, ертеңіне орысша аударылып телеграфпен Москваға жөнелтілді. 1941 жылы 5 сентябрьде Марк Тарловский аударған даңқты жыр «Ленинградцы — дети мои» деген атпен «Правдаға» шықты.

Ленинградты қорғаушылардың бірі, белгілі жазушы-драматург В. Вишневский Жамбыл өлеңінің әсері жөнінде былай жазды: «Біз бұл өлеңді көзімізге жас алмай, қуанышқа бөленбей, тебірене толқымай оқи алмаушы едік. Біз бұл өлеңнің қуатын өзімізге көмекке тағы да бір күшті жауынгер жасақ келгендей сезіндік. Қазақстан халқы бізге достық пен сүйіспеншілігін, туысқандық сәлемін жолдады, біз күшімізді еселеп, ұрысқа аттандық». Келтіре берсек мұндай мысалдар толып жатыр.

Талайлар ақын сөзін оқып тұрып жылаған, жылай тұрып кектенген. Кектене тұрып, жаумен бетпе-бет найзаласуға, пышақтасуға барған, өлтіру үшін батыл барған. Ақын сөзі олардың көкірегіне ырғақты, ұйқасты халық өміріндей ұялаған...

Газет-журналдарда басылған өлеңдерінен басқа, ол жеке адамдармен, жақын достарымен хат алысып тұрды. Келген хаттарды хатшыларына оқытып тындап, артынша соларға хат жазып, жауап қайтарып отырды. Орысқа жазсын, грузинге жазсын, бәріне де «балам» деп бастаушы еді Жәкең.

«Павел қарағым, араларыңнан шыққан батыр жігіттерге сәлем айт Жамбыл атасынан. Бәрекелде, балаларым, ырзамын!»— депті де. Ердің ерлігі осындай күнде көрінеді ғой, тегі. Өзіміз кәрілік «қой-қойлаған» соң отырмыз. Әйтпесе аянатын немене бар, тәйірі. Әттең, кәрілік! Отырар ма едім әйтпесе.

«Алдына найза өңгеріп,
Артына сауыт бөктеріп»,—

дегендей, біз де кетпес пе едік жорыққа! О, дүние десеңші!

Сөз қысқасы осы, балам!

— Бәрінің де қолдарыңды қысып, беттеріңнен сүйдім, қарақтарым! Тойларыңның ішіндемін. Күліп-ойнап көріселік. Атаң Жамбыл. (Өзінше қол қойған). 1943 жыл, январь».

Жәкең барлық совет елінің ақыны екенін, барлық

елдің ең жасы үлкен атасы екенін жақсы біледі, сол сезімін бір рет те бәсеңдеткен жоқ.

Жылдардан жыл, күндерден күн өткенде жау қолынан «Киев босады!», «Одесса босады!» «Барлық совет жері жаудан тазарды!»— деген қуанышты хабарлар келіп жатты. Жәкең ұлы сабырмен іштей қуанып «шүкір» деген сөзді көбірек қайталаушы еді. Міне, осындай жеңіс сарыны жер бетін тітіренткен күндердің өзінде де әзіз ата бір күн күлсе, бір күн жылап жүрді. Майданда өлген біреудің жалғызы мен біреудің жарының хабарын өзгеден бұрын ақын еститін.

Қаралы үйге Жамбыл кіріп жұбатса дәрмен алады, жұбанғандай болады. Бірақ сырттай сыр білдірмеген жұбатушы ешкімге сездірмей іштей өзі жылайды. Себебі, ол жұрттың бәріне әке, кімнің баласы өлсе де оның өз баласы сияқты. Көзінің жасын, даусының мұңлы бояуын жасырады да жүре береді. Көршілес отырған бес-алты колхоздың барлық үйін, барлық жанын тегіс танитын Жамбылға осындай күйлер басқамыздан гөрі көбірек кездесіп тұрды.

Енді кезек Жамбылдың өзіне жетті. 1943 жылдың жазында Алғадайдың ерлікпен өлгені туралы хабар келді.

— Естіртпей тұра тұрайық. Жүзге жетіп қалған қартқа ауыр соғар,— деушілердің бірі мен болдым. Расында күте тұруға әбден болушы еді, сирек те болса «қара қағаздан» кейін өлді деген солдаттың тірі қайтып жатқандары да кездесетін. Соны желеу қып: «Сабыр ете тұрайық!»— дегендер дұрыс кеңес айтқанды. Шалды шамалы сақтай алсақ, жүз жасын тойлағалы отырмыз. Бұл — бүкіл Одақ үшін керек оқиға.

Бірақ бұл пікірге ешкім құлақ аспады. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Қазақбаев бастаған бір топ адам Жамбыл аулына жүріп кетті.

Бүгін де көз алдымда. Алма ағаштарының саясына төсек жайылып, Жамбылды ортаға алғандар отыра бастады.

— О, неге келдіңдер? Немене айтпақсыңдар, түге!— деген Жәкең әрқайсысына үрке қарай бастады. Мен ақынның ажарынан сескеніп шегініп кеттім. Анадай жерге ағашқа сүйеніп тұрмын. Жүрегім дір-дір етеді.

— Жетті!— деді Жәкең жан даусы шығып. Қазақбаев сөзін бастай беріп тынып қалды. Мен Жәкеннің сылқ түсіп, төмендеп қалғанын өз көзімен көрдім.

«Көп күндер өтіп жатыр ем болмайтын»,— дегендей

қарт жүрегіне қанжардай тиген сұм хабар Жәкенді қалжыратып, бұқтырып кетті.

— Балам, домбырам қайда?— деді қарт ақын қалтыраған, көне қолын созып, Ғали үнсіз домбырасын ұстата берді.

Көптен ұсталмай кебіңкіреп қалған ішектер иесінің қолы тиген соң, қайта жұмсағандай баяу мұнды үндер шығарды.. Ол зарлы күйді кәрі ақын жай ғана сөзбен қайталайды.

Жаңа домбырасын бергенде күлімдеп, атасынан үміттеніп қалған Ғали, енді түнерген күйде, жас басқан көзі алдындағы қағазды әрең көреді. Әйтседе, ата жоқтауының бір сөзін жібермей, әніне қосыла қайталай жазып алып отыр.

Жыл өтті. Соғыс бітті! Берлин берілді! Фашизм қара туымен қосыла құлады. Жәкең «Уһ!» деп терең дем алды.

МӘЛІҚ МҰРАДОВ

ЖАМБЫЛДЫҢ «ӨКІЛ ҚИЗИ»

1968 жыл. Әлішер Науаидың 525 жылдық мүшел тойын кеңінен атап өтуге қызу әзірлік жүріп жатқан кез. Ұйымдастыру комитетінің тапсыруымен М. Ломоносов атындағы шыны заводы жасаған той сауғаларын алып қайтуға Ленинградқа бардым. Кетерде юбилей комиссиясының жетекшісі мені шақырып алып, атақты ғалым Виктор Максимович Жирмунскийге жолығып көмек сұрауыма болатындығын ескерткен еді.

Өкінішке орай Виктор Максимович екі-үш күнге тығыз шаруамен Москваға кетіпті. Хат арқылы танысқан кісім тарих ғылымының докторы Д. Н. Тихоновты іздеп Неваның жағасындағы этнография музейіне келдім. Жұмыс істемейтін күні екен. Есіктің алдында дағдарып тұр едім, көшемен өтіп бара жатқан бір орыс әйелі мені көріп кідірді. Бет-әлпетіме қарап тұрды да:

— Қазақсыз ба?— деді.

Реңімнің қазаққа ұқсайтыны рас.

— Иә, қазақпын,— дей салдым.

Әйелдің жүзі жылып, жадырап кетті:

— Хош келіпсіз, бауырым! Тоңып қалған шығарсыз.

Кане, біздің үйге жүріп шай ішіңіз. Бәлки, келген шаруанызға менің де көмегім тиіп қалар.

Мен не істерімді білмей екі ойлы болып қалдым. Соны сезгендей әлгі әйел:

— Қорықпаңыз, мен Жамбыл атайдың қызымын,— деді.

Қоярда-қоймай мені үйге ертіп кетті. Шай үстінде мынандай хикаяны айтып берді.

...1941 жылдың қара күзі. Қатерлі жаудың қоршауында қалып, қиын-қыстау күндерді басынан кешіріп жатқан Ленинградтың көшелерінде барша жұрттың назарын аударған бір плакат пайда болды. Өтіп бара жатқандар тоқтай қалып үніле қарайды. Жұмысшылар да, солдаттар да, үлкен-кішінің бәрі де іздегені табылғандай плакаттың алдына жиналып жатыр. Мен де бардым. Басына бөрік киген мейірбан жүзді, ақсақалды кісі дуалдан маған нұрлы көзімен қарап тұр. Суреттің астында мынадай сөздер жазылған:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!..

Жасым он бірге аяқ басқан. Ата-анам, туыстарым бәрі соғыста, бәрі аштықтан өлген, тұлдыр жетіммін. Балалық не істетпейді? Кісілер сирей бастаған кезде плакатты дуалдан жұлып алдым да, қойныма тығып зыта жөнелдім. Ешкім қумады. Үйге келіп, плакатты қабырғаға жапсырдым да, қайта-қайта оқып, мағынасына түсінгендей болдым. «Бұл жақсы кісі екен, іздеп тауып, ата қылып алайын»,— дедім.— Өзі де «ленинградтықтар, балаларым менің» депті ғой. Содан былай қарай Жамбыл атаға қыз болу арман болып, кейде ақсақалды шал түсіме де кіріп жүрді. Әркімдерден сұрастырып, атаның қайда тұратынын да біліп алдым. Жолға әзірлендім. Бір күні көшеден қарным ашып үйге келдім де, плакаттың қасына барып жылап жібердім. Сонда Жамбыл ата: «Қамықпа, қапаланба, қызым»,— деп мені жұбатқандай болды.— Бұл күндер өтер, ашыққан қарын тойынар. Біздің ауылға кел. Сен менің қызым боласың. Мұқтаждық көрмейсің...»

Мен енді Қазақстанға Жамбыл атаның ауылына баруға бел байладым. Бұл ниетімді біліп қалған көрші-қолан, таныстарым бетімді қайтармақ болды:

— Алматы қайда, біреу қайда! Поезд бір жарым ай жүреді. Сенің паспорттың да, басқа документің де жоқ...— десті.

Жамбыл атаның бейнесіне қарап тағы да тілдесемін: «Ата, не істеймін енді, айтшы»,— деймін.—«Талаптыға нұр жауар» деген қызым,— деп мені жігерлендіргендей болады ол.— Жолға шықсаң жетесің! Мен: «Документім жоқ қой»— деймін. Ол: «Ақынның қызынан кім документ сұрайды? Жамбылдың қызымын десең ешкім саған тимейді»,— дейді. Сөйтіп апталар, айлар өтіп жатты. Ұшарға қанатым жоқ. Қиялым алыстағы Алматыда, өзім қоршаудағы Ленинградта. Тегі, Жамбыл, атаның сөздері мені суықтан сақтап, аштықтан аман алып қалуға себеп болды, арқашан оның мейірбан жүзіне қараған сайын қайраттанып жүрдім. Бір мен ғана ма?..

— Кейін Алматыға бардыңыз ба?

— Жоқ, Алматыға барып, Жамбыл атаны көру маған нәсіп болмады. Күрсініп қойды да, сөзін сабақтай түсті.— Үлкендер жұмысқа орналастырды. Заводта істедім. Соғыстан кейін де атаға барып зиярат етіп қайтуға, қолымдағы сол плакатты музейіне табыс етуге талай рет оқталдым. Сәті түспей-ақ қойды. Әлі де «ештен кеш жақсы» деп жүрмін...

— Әрине барғаныңыз жөн.

— Денсаулығым жараса... Әйел ақырын ернін жыбырлатты.

Жау түнегі аршылар,
Тағы сайрар бұлбұлдар.
Тағы жайнар жұлдыздар,
Масайрасар ұл-қыздар.

— Қандай көреген қарт,— деді ол.— Осындай абыз атаны берген халыққа мың да бір алғыс!

Біз үнсіз отырып қалдық. «Сізге де рақмет!» деген сөз тілімнің ұшында тұрды. Бірақ осынау ойлы тыныштықты бұзуға батылым бармады...

— Әттен, мен ақын емеспін,— деді әйел жүзіне қан жүгіріп.— Сол кезде шығарған бір ауыз өлеңім де бар еді, соны естіп кетіңіз.

Ленин бабам қаласына
Жамбыл атам келіпті.
Ленинградтың ұл-қызына
Ақ батасын беріпті.
«Ленинградтық өрендерім,
Жау қамалын бұзі!»— депті,
Кетерінде әкетпек боп,
Атам мені іздепті...

Өмірде күтпеген жәйттер бола береді-ау! Науан юбилейінің шаруасымен жүріп, Жамбылдың «өкіл қызына»

кездестім. Өзім де қазақ болып қалдым... Мен бұған қуандым. Себебі Жамбылдың ленинградтық қызы Людмила Петровна Сейгиздің көмегімен келген ісім де тез бітті.

Міне, оған да едәуір уақыт өтіп қалыпты. Биылғыдай Жеңіс мерекесі жылы Жамбыл атаның «Ленинградтық өренім» деген қайырымды да қанатты сөзі жиі ойға оралады. Сонда осы оқиға әрдайым көз алдымда тұрады. Иә, ұлы ақынның мұрасы ғана емес, мұрагерлері де көп екен-ау деп ойлаймын...

ҒАЛИ ОРМАНОВ

ҒАСЫРЛЫҚ ҒҰМЫРДАН БІР ТАҒЫЛЫМ

Күнделік

Бір жағдайға бір жағдай себеп деген бұлтартпас ақиқат шындыққа қаделі көзбен қарап, қасиетін тану үшін де уақыт керек. Поэзиямызға өзіндік сыршыл нақыш, ерекше әлеуметтік әуен әкелген атақты ақынымыз Ғали Орманов Жамбылға бір кезде хатшылық қызмет атқарғаны мәлім. Міне, біздің алдымызда оның қолжазбаларының арасынан табылған 1939 жылдың 18 январынан 1940 жылдың 12 августына дейінгі аралықты қамтып жазған күнделігі жатыр. Яғни, бұл 1 жыл 7 ай 12 күн. Осынау елеулі уақыттың аралығында не жазып, не қойды дегенге келсек, ақын Ғали Орманов алып жырау Жамбылдың күнделікті өмір-тұрмыстағы жаратылыс, болмысын барлап байыптағандығын көреміз. Әдебиетіміздің әлі балаңдау кезінде, эпистолярлық жанр мәдениетінің кең үрдіс алмаған уақытында болашақ ұрпаққа кәделі дүниені жазып қалдыру, бұл — азаматтық ерлікке бара-бар.

Күнделік латын ғарпімен жазылыпты. Қалың оқырман қауымның назарына ұсынбас бұрын бір жағдайға ерекше тоқталып өткіміз келеді. Берер дерегі мол бұл қолжазбаны құнттап сақтаған ақынның серігі Айтбала апамызға әуелі ризалық алғысымызды білдіреміз.

18 январь, 1939 жыл. Ертеңгі сағат 8-де Рахимов Күрішбай Алматыдағы екінші балалар үйінің бір 13 жасар баласын шақырып алып, Жамбылға айтты: «Мынау

жетім бала»,— деді. Жамбыл оған ақша беріп: «Жетімдіктің ісі қиын, бұл қиындықтан оқысаң құтыласың, оқы, балам!» деп ақыл айтып, машинасына мінгізіп Ұзынағашқа алып кетті.

19 январь. Жамбыл ауданы «Қастек» колхозынан Егіншінова Саябала деген домбырашы әйел келді. Еш бұйымтайы жоқ әшейін амандық білу үшін келгенін айтып, Жамбылға домбыра тартып берді. Өзінің күй тарту өнерімен халық таланттарының республикалық слетіне қатысқан Саябала Жамбылдың өнерпаздарды тонның ішкі бауындай көретінін жақсы білетін. Өткен-кеткен ақын, әнші, күйшілер жайында әңгіме-дүкен құру әдеттері екен. Ш. Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батырының» 750 жыл толу тойына Кененді серік етіп таңдауында да осындай сыр ұшығы жатыр. Саябаланы да құрақ ұша қарсы алған Жамбыл түнгі сағат 11-ге дейін әңгімелесіп, домбыра тартысты. Сонынан колхоздың жайын сұрады. Мысалы, қысқы мал азықтары туралы.

20 январь. Бір жаққа жол жүрерде Жамбылдың ертелетіп тұратын әдеті. Бүгін сөйтті. Кеше Саябаланың тартқан күйлерін әжептәуір елтіп тыңдаған болатын. Соның әсері әлі тарқамағандай. Қимылы бір түрлі кунак. Шай үстінде Саябалаға ұзақ шүйіліп қарады. «Е, Бағай батырдың келіні, жарайсың»— деді. Содан соң «О, Бағай-ай, шіркін, жауырыңы жерге тимеген палуан еді. Батыр аңғал келеді деген рас»,— деп болымсыз жымып та қойды. Бір әңгіменің шетін шығаратын сынайынан тез айнығандай басын төмен сылқ түсіріп, бірқауым сәт үн-түнсіз отырды да қойды. Бір уақыттан соң барып басын көтерді. «Қырғыз-қазақ бас қосқан жиындарда намысты қолдан беріп көрген емес Бағай!»

Сауытын кейін Мақышқа шешіп бергенін көзім көрді. Мақыш та сом темірдей мықты еді марқұм. Өленді мұрнынан айтатын айыбы ғана бар болатын. Әйтпесе, ақындығы қызыл желдей екпінді еді. «Майтөбе басың биік, бауырың тастақ» деп Жамбыл Мақыштың үш-төрт ауыз өлеңін нөсерлетіп айтып шықты.

Ұзынағашқа кетер алдында Саябаламен жылы қоштасты. Ұзынағашқа машинасымен барып, аудандық партия комитетіне Саябаланың келіп қонғанын, домбыра тартып бергенін айтқан. Қысқы мал азығы жайында сөз бастап, өзі тұрған колхоздың шөбі жетпейтіндігін мәлім етті. Соған жәрдем беріндер деп құлаққағыс етті. Артынша ауылға қайтып келді. Сол күні кешке таман

Жамбыл ауданындағы «Қызыл әскер» колхозының бастығы Еділов, колхоздың завхозы Үсенов қарт келіп Жамбылмен амандасты, Жамбыл Үсенов қарттан «Қанша малың бар?» деп сұрады. Тұрсынбек Үсенов қырық бес қой, он бес-он алты қара малы бар екенін айтты. Жамбыл бұлармен де колхоздың жай-күйі жайлы әңгімелесіп, шаруашылықтың кейбір мәселелеріне кенес берді.

21 январь, 1939. Жамбылға Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінен Кржижановский деген келді. Бұл жолдас Қазақстанға өзінің қандай шаруамен келгендігін айтып болғаннан кейін, сол көрмеге Жәкенді шақыра келгенін айтты.— Баруыңызды сұраймын!— деді ол. Жамбыл:— Барсақ барармыз, аудандағы колхоздың малын тегіс қарадыңдар ма? Қанша мал жарайтын болыпты?— деді. Кржижановский:— Қазақстанда көп екен, өзіңіз отырған ауданда да асыл тұқымды мал жеткілікті,— деді. Жамбыл бұған көңілденіп қалды.

22 январь, 1939. Таңғы сағат 7-де тұрып, машинасымен сейілге шықты. Қарақастекке барып детдомдағы балалардың арасында көп уақытқа дейін болып қайтты. Балалардың оқу тәрбиесімен танысты.

23 январь, 1939. Жамбыл ерте тұрып, сағат 11-ге дейін әскерге ат әзірлеп жатқан комиссияға барды. Бұлардан өзінің тұрған ауданында қанша ат әскерге жарайтынын сұрады. Комиссия:— Көп ат шықты,— деп жауап берді. Жамбыл қуанғандай болып:— Әскерге жарамды жақсы ат дайындаңдар,— деп тапсырды. (24-26-сына дейін Жамбыл ауырып қалды. Доктор шақыртып, ем қабылдап жатты).

27 январь, 1939. Бұл күні Жазушылар одағынан екі адам келді. Бұлармен Жамбыл көңілді түрде әңгімелесіп отырғанда, сөзден сөз туып Жамбыл былай деді:

— Сүйінбайдай ақын қайда? Оның қасында мен «әриайдай» емеспін бе,— деп өзінің ұстазынан тағы басқа бұрынғы өткен атақты ақындарды мақтап жатты. Өзін үлкен санамайтынын айтты. Қажым Жұмалиев Махамбеттің өлеңдерін айтқанда Жамбыл:— Бұл өлеңдерді мен сенен бұрын да білетін едім,— деп Махамбеттің «Ереулі атқа ер салмайын» айтып жіберді. Ертеңіне ол көктемгі егіске әзірлік туралы өлеңін айтты. Оны Тайыр жазып алды.

29 январь, 1939. Бұл күні Жамбыл Совнаркомның ауруханасына барып жатты. Содан 12 февраль күні сауығып қайтты.

14 февраль, 1939. Жамбыл машинасымен Ұзынағашқа барып, қазақ-орыс мектебінің балаларымен кездесті. Балалар «ата» деп қоршап алып өлең айтқызды. Онан соң:— «Қалай оқып жүрсіндер?»— деді. «Жақсы оқындар, жақсы азамат болындар»,— деп аталық ақылын айтты. Мұғалімдер Жамбылды ертіп келіп машинасына мінгізді.

16 февраль, 1939. Бұл күні аудандық партия комитетінің секретары Көшекөв келіп, көп уақыт Жәкеңнің көңілін көтеріп отырды. Жамбыл Ұзынағашқа барғанын, мектепте болғанын айтты.

— Балалардың мектебін, оқуын әлі де жақсарту керек екен,— деді.

Көшекөв «мақұл» деп уәде берді.

17 февраль, 1939. Жамбыл таңертең атқа мініп Қарақастектегі балалар үйіне барып жағдайын біліп қайтты.

18 февраль, 1939. Жамбыл Ұзынағаштағы базарға барды. Қайтарында аудандық партия комитетіне соқты. Мәжит Көшекөв (бірінші хатшы) үйіне ертіп барды. Шай үстінде айтқаны:

Ел жана елу жылда, жүз жыл кайда?

Жігітке жатқаннан да, жүрген пайда.

Жасасын күннен жарық ұлы көсем

Қараған тоқсан жаста біздің жайға.

19 февраль, 1939. Бұл күні Жамбыл Ұзынағашқа машинамен барып орден алғандардың құрметіне митингіге қатысып өлең айтты. Өте көңілді қайтты. Кешкісін Тайыр жақында тойланатын Қызыл Армия күні туралы айтты. Жәкең біраз ойланып отырды да, маған «домбырамды әперші?» деді. Мен әпердім. Тайыр жаза бастады. «Жамбыл, Жамбыл болғалы, жыр санаға толғалы» деп, ұзақ жырлады Ворошиловты, Буденныйды мадақтады. Ертеңіне Тайыр екеуміз оқып отырып: «Біздің дәуірдің батырлары» деп ат қойдық.

20 февраль, 1939. Бұл күні Жамбыл өзінің тұрған колхозын атпен аралап жүрді. Бригадаларға, фермаларға барды. Малға салақ қарағандарға қаттырақ сөз айтып, неге жөндеп қарамайсындар, деді.

23 февраль, 1939. Бұл күні Жамбылға Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Қазақбаев келді. Жамбыл көктемгі егіс жайын әңгімеледі. Және өзінің тұрған колхозындағы колхоз бастық, парт-орг, бригадирлерді колхоздың кеңсесіне жинатып, Қазақбаевпен кездестірді. Осы жиналыста аудандық пар-

тия комитетінің секретары Көшекөв көктемгі егіс, мал шаруашылығы жайында біраз баяндап шықты.

24 февраль, 1939. Жамбыл машинасымен Іле ауданындағы колхоздың Жарықбасов деген председателіне барып қонып, әңгімелесіп оларға бірқатар өлеңдер айтып берді.

25 февраль, 1939. Жамбыл Алматыға келіп Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Скворцовқа барып «Орден алғаның құтты болсын» деп оған құттықтау өлең айтты. Кешке үйге қайтып келді.

27 февраль, 1939. Жамбыл машинасымен ауданға барып қайтты. Өз колхозының шаруаларын айтып көмек сұрап келді.

3 март, 1939. Жамбыл Алматыға барды. Барғандағы жұмысы өзінің тұрған колхозындағы егістік жері жеткіліксіз болғандықтан жер туралы және өзіне сүтті сиыр сұрап, «Совнаркомның орынбасары Шәріповпен әңгімелесіп қайтты.

6 март, 1939. Бұл күні Совнаркомнан және Жазушылар одағынан адамдар келіп, Жамбылдың өтініші орындалатындығын білдіріп, Шәріповтың өзі әңгімелесіп қайтты.

7 март, 1939. Жамбыл машинасымен Алматыға барды. Тарас Шевченконың 125 жылдық тойына қатысып, оған өлең айтты.

9 март, 1939. Жамбыл ертемен тұрып, өзінің тұрған колхозын тегіс аралап шықты. Мұндағы себеп — колхозшылардың шөп жетіспейді деп айтқан арызы бойынша барған еді. Содан қайтып келген соң колхоздың бастығын шақырып алып: «Мынау малды қайтесіңдер? Аман сақтау үшін шөп сатып алмайсыңдар ма? Керек болса, менің бір мая шөбімді бөліп бер, күзде сондай шөп қайтарарсың»,— деді. Колхозшыларға шөп сатып алуға ақша да берді. Бастық рақмет айтып шығып кетті.

14 март, 1939. Жамбыл машинасымен Қарақастекке барды. Селпоның жиналысына қатысып өлең айтып берді. 15-і күні кешке келді.

17 март, 1939. Колхозға жаңа келген адамдармен жолығып амандасты. Жамбыл оларға: «Қайдан келдіңдер»,— деді. «Жекеше болып әр жерден, әр елден жұмыс іздеп жүр едік. Енді осы сіз отырған колхозды әдейі қалап келдік»,— деп олар өтінішін айтты. Жамбыл: «Мақұл, колхозға мүше болыңдар, тұрақтаныңдар, там салып, бақша егіндер. Біздің колхозға келген адам жаман болмайды. Жақсы жұмыс істеңдер»,— деп ақылын

айтты. Келген адамдар Жамбылға рақметін айтып шығып кетті.

20 март, 1939. Жамбыл машинасымен саяхаттап Шамалғандағы оқып жатқан баласына барып келді.

21 март, 1939. Жамбыл Ұзынағашқа барды. Райзодағы жиналысқа қатысты. Оларға егіс жайында өлең айтып бір сағат отырғаннан кейін машинасымен қайтып келді.

22 март, 1939. Ертемен өзінің тұрған колхозының парторгі келді. Бұған Жамбыл жайлауға көшетін уақыт болғанын айтты. Оған дайындалу керек. Мен кеше ауданда болдым. Жиналысқа қатыстым. Биыл біздің колхоз егісті тез бітіруі, сапалы аяқтауы керек. Сен коммунистермен әңгімелесіп осы жағына басшылық етпейсің бе?— деп ақыл айтты.

30 март, 1939. Жамбылға Алматыдан Жазушылар одағынан адамдар келді. Сол күні Жер халық комиссариатынан Бектасов және Тәжібаев келіп әңгімелесіп отырды. Бұларға Жамбыл колхозының көктемгі егісі, және жер шаруасы туралы әңгімесін айтты. Бектасовқа: «Жер жетіспейді. Егістік жерді молайту керек»,— деді. Олар Жамбылға екі-үш күннің ішінде жер көлемін көбейту жөнінде, жаңа егістік жер қарастыру жөнінде уәде берді.

2 апрель, 1939. Жамбыл азанмен тұрып атпен өзінің колхозын аралап шықты. Егіс бригадасына, мал фермасына барды. Содан қайтып келіп отырғанда, кешкі сағат алтыда «Правданың» тілшісі келіп әңгімелесті. Бұлар келіп амандасып болған соң, Жамбыл шаршағанына қарамастан оларға біраз жыр айтып берді. Онда колхоздың егіс айдап жатқан бригадирлері жөнінде айтты.

3 апрель, 1939. Бұл күн Жамбыл атпенен мал фермаларын аралап шықты. Малшылармен әңгімелесті. Малдың төлдерін аман сақтауды айтты. Төл туралы өлеңін айтып отырды.

7 апрель, 1939. ЦК-дан және Жазушылар одағынан адамдар келді. Жамбылдың денсаулығын сұрады. Жамбылдың айтуымен олар Алматыдан дәрігерлер шақырты. Сегізі күні сағат 10-да докторлар келіп Жамбылдың денсаулығын қарап, Жазушылар одағынан үш адам, 6 доктор барлығы әңгімелесіп отырды. Сонда Жамбыл әлгілерді көңілдендірмек болып өлең айтты.

Өлең шіркін қиын ба өнерпазға,
Кім бар кім жоқ, ендігі келер жазда?

Алты белдің астынан ән шырқасам,
Ұксамай ма дауысым коңыр қазға,—

деп өлең айтып күлісіп отырысты.

12 апрель, 1939. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінен Скворцов, Шаяхметов және Жазушылар одағынан бір топ адамдар келді. Жамбылмен ұзақ уақыт әңгімелесті. Бұлардың әңгімелескен кезін суретшілер, киношылар жүгіріп жүріп киноға, суретке түсірді. Ертеңінде көктемгі егіс туралы өлең айтты.

16 апрель, 1939. Жамбыл машинасымен Алматыға барды. Жазушылар одағына соғып жинағы жөнінде сөйлесті. Ақша тағы басқа жұмыстарын айтты.

18 апрель, 1939. Машинасымен Ұзынағашқа барып, аудандық партия комитетіне соқты. Көшеков егіс жағдайы нашарлау дегенді айтып еді, Жамбыл бұған егістік кештік қылмайды, биыл көктем жақсы. Екі-үш күннің ішінде бітірсендер дұрыс болады,— деп отырды.

21 апрель, 1939. Жамбыл атпен колхозын аралап шықты. Қасында парторг, бригадирлер бірге жүрді. Егіс жайын, мал жайын ұзақ әңгімеледі. Жайылым туралы Жамбыл көп ақыл айтты. Колхоздың озат шопаны Ауғанбасов Ахмет деген қойшыны мақтап келді.

23 апрель, 1939. Жамбыл Алматыға барды. Мұғалімдер жиналысына қатысып, өлең айтты. Оны Қалмақан жазып келді.

28 апрель, 1939. Жамбылға Түркістан-Сібір теміржолынан Михайлов және Қазақстан комсомол комитетінен Мәмбетов жолдастар және Жазушылар одағынан жазушылар келді. Бұлардың келгеніне Жамбыл қатты қуанып қарсы алды. Олардың келгендегі жұмыстары туралы Михайлов жолдас қолындағы картасын алып Қарталыдан Ақмолаға дейін Сібір темір жолының салынатынын айтты. Бұл жолда істейтін көпшілігі 18-дегі жас комсомолецтер. XVIII съезден кейін басталып Октябрь мерекесінде бітіру керек. Бұған жұмсалған қаржы көп деп айтып түсіндірді. Жамбыл: «қазір қанша жерге жол төседі»,— деді. Михайлов жолдас: «Он күннің ішінде 18 километрге жетті»,— деді. Жамбыл айтты: «қарқынды бұдан да өрістету керек»,— деді. Жамбыл оларға: «Жол салып жатқан балаларыма сәлем айт. Менің мына өлеңімді соларға жеткіз»,— деп домбырасымен біраз өлең айтты. Михайлов: «Сіздің сәлеміңізді, өлеңіңізді жеткіземін»,— деді.

29 апрель, 1939. Жамбыл машинасымен Алматыға барды. Барған соң домсоветтің жақсы бөлмесіне орна-

ласты. Өзіменен үш адам майдың екісіне дейін болдық.

Бұл күні домсоветте жатқанда өзінің Майға арнаған өлеңін және де тағы басқа халық-ақындарының Майға арнаған өлеңдерін күнделікті газет-журналдағы хабарлармен таныстырып отырдық. «Газет-журнал шығарып отырған партияға көп рақмет. Қай жерде не болып жатқанын қайда жүрсең де біліп отырасың. Халық тегіс біледі»,— деп Жамбыл шаттанып қойды.

4 май, 1939. Жамбыл атпен өзі тұрған колхозды аралап колхозшылармен әңгімелесіп, бақшадағы Демеуіл қартпен тағы сол сияқтылармен ертедегі көрген қызықтарын айтып отырды. Халықтың ертедегі өткен жолы, бүгінде дала, қала қандай қызықты істер істеп жүргенін айтып, шалдарды күлдіріп, өлең айтты.

6 май, 1939. Жамбыл машинасымен Алматыға барды. Барғандағы жұмысы қолындағы баласының еншісін бергенде оған там салып беремін деген уәдесімен барған еді. Ағаш сатып алып, оның ақшасын төледі. Ұсталарға ақысын берді. Жамбыл қайтып келіп шалдарға: «Басында уағда беріп қойғаннан кейін қиын екен. Сонымен уәдеден тая алмай ағаш алып бердім. Үй салдыратын болдым»,— деді.

12 май, 1939. Жамбыл машинасымен сейілге шықты. Сонымен қатар аудандағы колхоздарды көптен араламағандығын айтып, «Октябрь», «Амангелді» колхоздарына барып, бастықтармен әңгімелесті. «Новая жизнь» колхозында екі сағаттай болды. Әскерге ат қарап жатқан комиссиялар бар екен. Бес колхоз, бір МТС-тің малын түгелімен көріп, олардың өзімен бірге аралап, үйге көңілді қайтып келді.

14 май, 1939. Жамбыл машинасымен қой совхозына және Ақсенгір фермасына барып қайтты. Малшыларға өлең айтып берді. Соңынан ертедегі Ақсенгірде болған бір оқиғаны жырлады. Шопандар қызыға тындады.

17 май, 1939. Жамбыл аудандық партия комитетіне, Көшековке, Павловқа жолықты. Шаруашылық жайын әңгімелесті. «Денсаулығым жайында доқтырдан дәрі алуға келіп едім»,— деді. Содан «Қарасу» колхозына барып аудандық партия комитетімен бірге колхозды аралап қайтты. «Қарасу» колхозының бастығы Әбішев: «Науқанды абыроймен орындаймыз»,— деп уәде берді.

19 май, 1939. Жамбыл Қастек МТС-нің директоры Спасовқа, аудандық партия комитетінің секретары Көшековке жолықты. Бұлармен Жамбыл өзінің жаңадан салынып жатқан үйі туралы әңгімелесті. Барлығына

қамқорлық жасап отырған Коммунистік партияға деген ырзашылығын білдірді.

Тағы да әңгімесін жалғады. МТС директорына әзілдеп: «Маған енді әйел тауып бер, орыстан аламын»,— деп қалжындап күлді. Директор: «Табамын, Жәке, екеуіміз құда боламыз. Құдалық тойында өлең айтып берсеңіз болады. Кәнеки, айтыңызшы!»— деді. Жамбыл тағы өлең айтты.

Отырсың қонақ болып осында көп,
Құдана айттың дағы сөйлегін деп.
Ауылыңа қонақ бола мен де барам,
Қоярсың береріңе бірдене деп.

Құдамыз келіп отыр құдамын деп,
Бұйырған құдасының дәм-тұзын жеп.
Орыс-казак бірігіп құда болсақ,
Берерсің қызыңызды алып келіп.

Құдағи, сен де тыңда айтқан сөзім,
Ескі адамнан қалғанмын менің өзім.
Орыс, казак бірігіп құда болдық,
Күтіп әзір аламын тұрып өзім.

Осы өлеңді айтып жұрттың бәрін күлдірді.

20 май, 1939. Жамбыл машинасымен детбольницаға барып, балалар үйіндегі балалардың арасында ұзақ әңгімелесті. Детдом директоры — балаларды жақсылап бағуға тырысып жатырмыз,— деді. Жамбыл өзіне керекті дәрілер алуға аптекке барып қайтты. «Ауырғандарға доқырлар қандай жақсы қарайды. Жаңағы детдомның балалары бәрі жаңадан киінген. Балаларды осылай жақсылап тәрбиелеңдер»,— деп үйіне қайтты.

21 май, 1939. Атпен Жамбыл тауға шықты. Шығудағы жұмысы жылқы, сиыр фермаларын аралап, мал бағушылармен әңгімелесіп қайту еді. Жылқы фермасына барған соң, жылқышы Шаштай Күшікбаевқа малға жақсы қарау керек. Қазір жас құлын мен құлындайтын биелерге тек күтім керек. Оған жақсы әзірленген жөн,— деп ақылын айтты. Жылқышы Жамбылдың аталық тапсырмасын орындап шығамын, үшінші бесжылдықтағы социалистік жарысқа үн қосамын деп уәде берді. Кейін сол уәдесін орындады.

24 май, 1939. Жамбыл науқастанып Совнаркомның ауруханасына барды. Ауруханада жатып 28 май күні қайтып келді. Бұл жолда жазушылар ұйымынан, Совнаркомнан, обкомның адамдары барлығы келіп Жамбылдың көңілін сұрап тұрды. Және оның жаңадан салынып жатқан үйіне керекті материалдар алуға жәр-

демдесті. Келген комиссияларды қарсы алып көңілді әңгіме айтып отырды. Арасында Жамбыл өлең айтып, оларды көңілдендірді.

30 май, 1939. Жамбыл машинасымен Алматыға барып 31 күні қайтып келді. Келген күні Шаштай, Сағымбек, Сәрсембек т. б. ауылдың адамдары келіп әңгіме сұрады. Шаштай:— Сәтіна қызбен күй тартысқаныңызды айтып беріңізші?— деді. Жамбыл Сәтіна қызбен айтысқанын, сонынан күй тартысқанын айтып берді. «Өтеді-ау дәурен» деген күй тартты. Бұл күйлерді қайта-қайта тартқызып, Шаштай үйреніп отырды.

1 июнь, 1939. Жамбылға Совнаркомнан Мұстафа, Вознесенский деген докторлар бастаған төрт дәрігер келді. Денсаулығын қарап отырғанда Жамбыл бұларға: «Арнайы келіп қарап, денсаулығымды молайтып, өміріме өмір жалғап отырған коммунист большевиктер партиясына көп рақмет. Балаларым сендерге де рақмет!»— деп алғыс айтты. Докторлар бұл сөзін толық түсінісіп, Жамбылға керекті дәрілерін бергеннен кейін қош айтысып қайтты.

3 июнь, 1939. Жәкенді Алматының Ленин ауданы, Жамбыл атындағы пионерлер үйіне шақырды. Мәскеуден Андреева, Порыбаева бастаған 25 адам келіп пионерлерге, мектептегі оқушыларға сәлем жолдады. Сонымен бірге Жамбылға ала келген киноочерктерін көрсетті. Суретке бірге түсуге сұранды. Жамбыл бұлардың келуін өте көңілді қарсы алды. Баланы жақсы көретін Жәкен балаларды ертіп саты үстіне шығып, шаттанып күліп, балалардың сөзін тыңдап отырды. Оларға өлең айтып берді.

14 июль, 1939. Жамбылға Қаскелең ауданынан Жамбылдың жақын ағаларының баласы Жүзбай Исабеков деген балаларымен қонаққа келді. Бұлардың келуін қарсы алып Жамбыл өзінің өлеңін айтты. Жартыбай ақынды шақырып алып өлең айтқызды.

15 июнь, 1939. Жамбыл атпен Шамалғанға барып келді. Қолашыдағы Атығайдың үйіне түскенін айтып отырды. «Қаракыз деген келіншек менің өлеңдерімді біледі екен. Әсіресе «Бесік жырымды», «Ұлы заңымды», өз әнімен айтып бергеніне ішім жылып қалды». Жәкен осыны айтты да: «Сусын әкеліндер»,— деді. Қымыз сапырылды. Облыстық жастар комсомол комитетінен, аудандық партия комитетінен адамдар келіп Жамбылға амандасты. Жамбыл бұлардан мән-жай сұрады. Өнер жөнінде көп әңгімелесіп, біраз өлең айтты.

18 июнь, 1939. Машинамен Жамбыл саяхатқа шықты. Ұзынағаш поселкесіне барып Ленин орденін алған тракторист Белғожаевпен әңгімелесіп, Белғожаевқа былай деді: «Еңбек етуде ерінбеген адам осы заманда халыққа қадірлі. Сондықтан, балам, социалистік жарысты колхоздардың арасында ұйымдастыра отырып, өкіметтің жоғары тапсырмасын абыроймен орындау керек. Осыған жастарға сен үлгі бол. Мен саған сенемін»,— деп ақыл айтты.

19 июнь, 1939. Жамбыл советтік Қазақстан жазушыларының II съезіне барып қатынасты. Өлең айтты.

20 июнь, 1939. Қопабай және бір-екі туысы келді. Қопабайға айтты Жамбыл: «Екеуміз ертеде Арысқа, Түркістанға барғанымыз есінде ме? Майлықожа, Құлыншақ ақындардан «Шора батыр», «Қыз Жібек», «Мұңлық — Зарлық» қиссаларын тыңдап, қайтарда атымызды ұрлатып жаяу қалғанымыз, ел болып ат мінгізіп қайтарып еді. Ой, ол да бір қызық күндер екен ғой!»— деп жас кезін еске алды.

24 июль, 1939. Қеш. Мал өрістен қайтқан азан-қазан кез. Қешкі шайды ала бергенімізде Алматыдан Тайыр, Мита (Дмитрий Снегинді айтады) Қалмақан келді. Жәкең оларды тани кетіп «Қайырмысын», «Ұзынбала жоғары шық», «Қажымұқанның баласымысың?» деп қалжындай сәлем алды. Олардың шаруасы: «Халкин-Голда соғысып жатқан Шығыс жауынгерлеріне жыр жіберу керек екен, соған келіпті. Ет желініп болды. Шаруа әлі айтылған жоқ. Өйткені, Жәкең домбырасын көлденен ұстап ойланып отырып қалды. Тайыр батыл сұрайды: «Жәке, не ойланып отырсыз?» Жәкең: Жасымда «Қарқара» жайлауында Сара сұлумен айтыстым,— деді. «Әбсер барсаң, әбсер бар, Қызылжар бар» деп сонсын Жәкең бір әуенді ыңылдап айтты. Жақсы ән, оны Тайыр жазып, үйреніп отырды. Түн ортасы. Жәкең біраз термеледі де: «Кәне оқышы»,— деді Тайырға, ол оқыды. «Енді сен оқы» деді Қалмақанға, ол оқыды. Шал екеуін де жаратпай жыртты да, лақтырып жіберді. Шал екі-ақ сағат ұйықтап, ерте тұрды. Тайырды оятып: «Жаз!» деді. «Бұл күнге Жамбыл жеткенше, өлеңнен нөсер төккенше» деп басталатын толғауы сол жолы туды. Оны Снегин аударып Алматыға алып кетті.

25 июль, 1939. Жәкеңді Алматыға ертіп бардық. Озат малшылар кеңесіне қатыстырдық. Жиында оған сөз берді. Біраз өлең айтты. Тайыр жазып алды. Түнделетіп ауылға келдік.

28 июль, 1939. Ертеңгі шай үстінде Тайыр екеуміз Москвада Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесі ашылатынын айттық. Оған барлық республикадан асыл тұқымды малдар, жоғары сортты дақылдар сондай жетістіктер қойылады дедік. Жәкең тыңдап отырды да: — Біздің Дегерестің сәйгүліктері де бара ма?— деді.— Иә, барады, Жәке, барлық жетістіктер сонда көрсетіледі,— дедік.

Жәкең біраз толғанып отырды да өлеңді қоя берді...

13 август, 1939. Бұл күні Жәкең кештетіп Әбілқасым деген інісінің үйіне барады.

Әбілқасым, үйіне келдім төтен,
Бұл күнде бір-ақ уыс қандай тәтен?
Қолқалап қолтығымнан сүйемесен,
Үйіңе кеш болса да қонбай кетем,—

деп, жантая кетіпті Өзі әбден шаршап қалса керек. Шай алып отырып:

— Белтоғандағы тойдан келемін,— деиді.

Нұриланьң жақындары келін түсірген екен, күн-түн сонда болдық. Саяділ, Үмбетәлі бәріміз кезекпе-кезек Нұриланьң өлеңдерін айттық.

11 октябрь, 1939. Түн. Жамбыл үйінде. Қаладан келген хатшылармен әңгімелесіп отыр. Тізем ауырып, қыңқылым көбейіп жүр.

Босансырап бар арқау
Жамбыл кейде самарқау...

Мәскеуге жүрсем деген ои бар. Басшылардың не ойлағаны бар. Кім білсін...

12 октябрь, 1939. Жамбыл ерте тұрды. Жаяу көп жүрді. Хатшыларына кірді. Таяғымен: «Тайырды түртіп жіберейін бе»,— деп қалжыңдайды... Атына мініп ауыл аралап қайтты. Өзі әлжуаз кейігіш тәрізді.

25 октябрь, 1939. Қаладан хатшысы Кузнецов келді. Құшақтасып амандасты. Жамбыл аса құрметшіл. Хатшылар жаңа салынған үйдің қайта түзеу жұмыстарын көріп, бірсыпыра жүріп оралды.

— Немене, өздерің тіпті үріккен киікше орғи бересіңдер ғой,— деп күлді Жәкең оларға. Кешкісін Барлыбаев докторы келді. Науқасының жайын айтып, көп әңгімелесті. Қаралды. Ем жасатты.

26 октябрь, 1939. Кешкісін Жәкең «Октябрь толғауы» деген өлең айтты. Әуелі Жартыбайға өлең айтқызды. Онысы ұнамаған кезде өзі оған: «Жөндеп айту керек»,— деп домбырасын қолға алды. Толғап болды, Жартыбай-

ға бақсы туралы әңгімені айтып берді. Онан соң Ыбырайым шежірешіменен шежіре салыстырып отырды. Ыбырайым шежірені көп талдап, таратып айтатын кісі екен.

28 октябрь, 1939. Жамбыл Алматыда болды. Бірсыпыра мәселе жөнінде Мәскеуге бару, жерді реттеу, т. б. Ондасыновпен сөйлесті. Көңілді шықты.

30 октябрь, 1939. Ұзынағаш станциясына барып қонып қайтты. Ол ауылдағы жегжатында екі тайы бар екен. Соны дайындап келді.

7 ноябрь, 1939. Жамбыл ауылда. Күндіз Қарғалы фабрикасының жұмысшылары келіп құттықтады. Концерт берді. Күн жылы еді. Жамбыл жана үйінің алдында оларды қабылдап, жауапқа өлең айтты.

...Скворцов жолдастар келді. Ұзақ әңгімелесті. Жер мәселесін сөйлесті. Бір реті келгенде Жамбыл:

— Бұл жұмыстың өзі қашан тынар екен?— деді.

— Төрт күнде,— деген жауап болды.

— Төрт, төрт,— деп бөлшектеді. Қырық ретке толды ғой,— деп күлді Жамбыл. Сөзінің аяғын өлеңдетіп кетті.

9 ноябрь, 1939. Жамбыл халық ақындарының слетіне, Алматыға барды. Келген халық ақындарымен сөйлесті. Жәкеш қызық, Орынбайға «Тауқұдіретпісің» деп амандасты. Қененді «Е, Келібасым келдің бе» деп, иығынан қақты. Үмбетәліні «Қара жорға», Нұрлыбекті «Арқардың құлжасы»— деп күлді.

10 ноябрь, 1939. Кешкі сағат 8-де драма театрында ақындар слеті ашылды. Жамбыл слетті жырмен ашты. «Елдің ақын ұлдары» деп бастаған жырын Тайыр екеуіміз жазып алып «Үндеу» деп атадық.

11 ноябрь, 1939. Жамбыл күндіз қаланы аралады. Кешкісін бір танысында қонақта болды. Ол Чекалин еді. Сол кеште науқастанып қалды. Алайда бұл күні көп әңгімелер айтты. Балалардың жайын баяндады. Балаларым жасық,— деді. (Киноға түсті. Өлең айтты, Чекалин суретін салды).

12 ноябрь, 1939. Доктор шақырылды. Барлыбаев келгенде:

Қазақта көптен жүрген мен бір тауық,
Шырағым емдегейсің емін тауып.
Жауырымнан қаттырақ қысар болса,
Жүрегіме келмей ме ешбір қауіп.
Емдетпей осы күйі жүре берсем,
Денеме кетпес пе екен түгел шауып...

14 ноябрь, 1939. Емханадан ерте шықты. Киноға түс-

ті. (Нұрпейіс қарт қасында болды). Кешкісін тынықты. Аздап терледі. Сонда терезеден жел соққанына шіміркеніп: «Қартайған кісі, тіпті жыртық үйдей саңлау-саңлау болып кетеді екен. Анау терезені қымтаңдаршы!»— деді. Жәкең Райымбек, Түкі батырлар туралы бір айшықты әңгіме айтты. Бір ұры туралы қызық әңгімені тағы да айтты.

15 ноябрь, 1939. Жамбыл ауылына келді. Дүрілдетіп көп күйлер тартты. Оны Шаштай тындап отырды. Ертеңіне атқа мініп екеуі ауылды аралады. Жамбыл жүре беруді, әңгіме айтуды жақсы көреді.

19 ноябрь, 1939. Дәрігер Барлыбаев келді. Ақынның тамырын ұстады. Сонда Жәкең айтты:

Жүрек неге соғады өрге қарап,
Жағар-жақпас білмеймін ішкен тамақ.
Байдан сауған кедейдің сауынындай,
Барлыбаев, отырмыз саған қарап...

23 ноябрь, 1939. Дегерес жылқы-совхозына барып келді. «Ой, шіркін, халықтың құрметі-ай!»— деп разы болып қайтты. Біраз өлең айттым деп отырды.

27 ноябрь, 1939. Жамбыл Мыржы деген кісінде қонақта болды. Өмірзақ, Көбей, Қопабай т. т. отырды. Мұнда көп әңгімелер айтты. Осында отырып, елдің қазіргі достығын айта келіп, ол замандағы халықтың шапқыншыға өшігетінін суреттейтін бір әңгіме айтып соңынан келіп түйіндеді... «Ұзынағаш», «Қарғалы», «Қаскелең» аттарының шығуы туралы айтып отырды.

1 декабрь, 1939. Жәкең наукастанып қалды. Алматыдан, ауданнан дәрігерлер келді. Шаштай, Қопабаев келіп көңілін сұрады. Арғы аталарын сөз етті. Шаштай күй тартты.

3 декабрь, 1939. Ұзынағашқа барды. Аудандық комитетте болды. Қолхоздар арасындағы жер мәселесін сөйлесті.

5 декабрь, 1939. Конституция күнін ауылда мерекеледі. Қолхозшыларға «Ұлы заңды» айтып берді.

11 декабрь, 1939. Ізтілеу деген баласын отау қылып бөлді. Баласының торсып өкпелегеніне реніштігін айтты. Оған көп әңгіме айтып сабақтады. Бәрі бір жұрттық, бәрі отау болып жатыр. Сен неге өкпелейсің? Мен де бір кемпір аламын ба деп жүрмін,— деп күлді. Бір шал:

— Жасырағын алыңыз,— дейді.

— Ә, жармасайын деп жүрсің-ау!— деп күлді екіншісі.

Әйелін тастаған бір жігіт туралы әңгіме қозғады.

— Е, Мыржы балаңның не ойы бар, әйелін қоя берді ғой. Мұрты қияқтай болып, қыздан үміт қылып жүрме?— деді Жамбыл.

— Осы колхозда бір-екі бойжеткен қыз бар көрінеді,— дейді Мыржы.

— О, шіркін, жаман неме! Жаман бүркіт қорадағы козыны алар дегеннің кері десеңші!— деп күлді Жәкен. Күн ашық. Жер қара. Жамбыл көңілді.

15 декабрь, 1939. Қолхоздың темекі сарайында сайлаушылар жиналысы болды. Жамбыл кандидаттыққа ұсынылғанда айтқан өлеңі:

Алтындай болып бағалы,
Халқына болып қалаулы,
Кәдесіне елдің қараңдар,
Ұл-қызым ылғи саналы.

Жиналыстан соң жирен жорғасымен ауылды аралады. Тайғанақ қия беттен тайынбай тіке жүріп, ағаштардың арасымен өткенде өзің таңырқайсың. Бір жерде ат үстінде тұрып ауыздығын өзі алып атын суғарды.

— Жәке, жығыласыз ғой?— десең.

— Біздің тақым — аттың терлігіне жабысқан тақым ғой,— деп күлді.

Көшеде келе жатып:

Айналайын, аршын төс Айкүміс жан,
Арнап сырды әуелі айттым саған.
Ақ төсіңнің үстінде дем алайын,
Анық көңлің басқада болмаса алаң...

деп өлең айтып, күлдіріп келді.

18 декабрь, 1939. Алматыдан қонақтар келді. Жамбыл әзірленді. «Оңдасыновтың темірі қаттылау еді. Бәрін баптап дайындаңдар»— деді балаларына. Оның келмей кеткеніне қатты ренжіді.

20 декабрь, 1939. Қарақастектегі дәрігер Досымбековтікіне барды. Досымбековтың үйінде Бақтыбай ақынды еске түсірді. Бір кезде Бақтыбай Жамбылға келіп жолыққан екен. Сондағы Бақтыбайдың өлеңін айтты:

(Біздің ауыл Қаратал,
Шаңырақтың бойында.
Мен үйімнен шыққанда,
Сен бар едің ойымда...

деп басталатын ұзақ жыр Жамбыл жинағында жарияланғандықтан қысқартылды, Н. Т.).

Мұнан кейін бұрынғы батырларды Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай деген аңыздарды айтып келіп, Қабанбайдың тоқсанға келгенде қырғыз Атеке

батырды өлтіргенін, елдің жауласып ерлер үшін егес болғанын айтты. Балпық батырдың екі жүз кісіні аларда жолдастарына: «Қарамен қол көбейер, қозымен қой көбейер» — деп, дем беріп, он бес кісі екі жүз кісіні сөйтіп алыпты»,— дейді. Онан ақындарды аңыз қылды. Түбек ақын Құрманғалиға айтыпты:

Бір сырым бар айтатын Құрымалы,
Құс ұядай болсайшы жігіт жаны.
Он бес ақын айдаған Түбек едім,
Сабырбайды жене алмай жүрмін әлі.

Мұнан соң Мәскеуге барғанын аңыз қылды.

— Ой, Мәскеу үйлері,— дейді жоғары қарап,— тау сияқты. Үйлері биік, адамдары мейірлі болады. Жер астында заулаған поезы қандай, үлгіні Мәскеуден алу керек қой жігіттер,— деді. Кешкісін Жамбыл Алматыдағы сайлаушылар жиналысында болды. Сайлаушыларға жауап берді

6 февраль, 1940 Жаңа үйінде бірнеше кісілермен әңгімелесіп отыр едік. Бір реңді жас әйел келгендерге қызмет қылып жүрді. Жәкен домбыраны ала салып:

Өлмейтін пенде болмас жаратқанда,
Күн шығар шыр айналып таң атқанда.
Қанбай ма көз құмарың құралайдай,
Бұрылып қиғаш қасты қаратқанда...

Қатын деген еркектің бауыр еті,
Қыз құшақтау көңілдің ғанибеті.
Жөні келсе Жамбылды ескере жүр,
Келіншектен қалған жоқ әлі ниеті.

* * *

Өлеңім ор қояндай жортасың ба?
Өр көңіл өлең айтпай қорқасың ба?
Талайдың екі көзін жаудыраттың,
Жиырма мен отыз жастың арасында...
Жүрген жақсы жақынмен араласып,
Женге жүрер ортада жан таласып,
Женгеден де ойнауға келін тыныш
Жаулығымен жататын бетін басып...

Дәрігері Досымбеков келгенде оған қалжыңдап былай деді:

Докторым отыр бермен белің шешіп,
Бұл өмір әр пендеге берген несіп.
Аймалап қиғаш қасты құшам ба деп,
Аландап бара жатыр күнім кешіп...
Әкелсең маған арнап қатын тауып,
Сүйгеніңе келер ем атпен шауып
Ұрғашыны көргенде бас айналып
Естен танып кетемін ауық-ауық.

онан соң Кәден дейтін әйел келді. Жамбыл өлеңді тағы қоя берді:

Кәденжан, қайдан келдің күндей болып,
Жаңғырып таудан шыққан үндей болып,
Анда-санда көргенде мауқым басып,
Риза болып қаламын көңілім толып.
Жақсы менен жаманның түрі басқа,
Қонып алып таранар тоты тасқа.
Қасың қара, болғанда мойының кез,
Жарықтығым, мауқым бас — аралас та.
Қарасаң көзің күндей күлімдеген
Бір серпіліп қаламын үніңменен.
Көзің қырын сала жүр, жарықтығым,
Біз де жігіт болғанбыз дүрілдеген...

7 февраль, 1940. Кейбір жаман адамдардың мінезін сынап отырды.

Жүреді жақсы кісі елді бағып,
Ақылымен өзінің елге жағып,
Жаман кісі дауменен шырмалады,
Қылжақтап, жоқты шатып ыржаң қағып.

8 февраль, 1940. Бір жалқау жақындары жөнінде ашуланып отырып, мынадай әңгіме айтты:

Бұл кәдімгі «Біреудің жалқау баласы болыпты»,— деп басталатын ертегісі.

9 февраль, 1940. Жамбыл Мәскеудегі «Учитель» газетінің тілшісімен жолықты. Оқушылар мен мұғалімдерге өлеңмен сәлем айтты. Тілшіге айтты:

— Балаларымыз жақсы оқиды. Бірақ мектептері оңды емес. «Учитель» газетінен осыған көмектесуді сұраймын,— деді.

10 февраль, 1940. Жазушылар одағынан Әбділда Тәжібаев келді. Көп өлең айтылды. Біз жазып отырдық.

(Күнделіктің 11 февралындағы айна алдында айтқан «Иісті майға» деген өлеңі, 12 февральдағы Ғалиға айтқан «Кекілік ұшып дүр етті», 15 февральдағы «Кәрілік туралы» шағын өлеңдері жинақтарына түсініктерімен жарияланғандықтан қысқартылды).

14 февраль, 1940. Жамбыл бізге қарап былай деді: — Асып тұрған ақылым жоқ. Жер тесіп кеткендей шешендігім жоқ. Біліп тұрған білімім жоқ, оқымаған кісімін. Әйтседе байқаймын, халық көп біледі. Менің білімім сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым.

17 февраль, 1940. Жамбыл Алматыға барды. Жол бойы өлең айтып, күлдірумен болды.

18 февраль, 1940. Жамбыл Ұзынағаш базарына бар-

ды. Жер батпақ. Біз толарсақтан жүре алмай жүрміз. Жамбыл бізге қарап қалжындайды:

Көше батпақ қоймалжын,
Мұның сенің қай қалжын.
Галошыма жармастың,
Менікі деп таластың...

Сөйтіп, ауылға күле-күле қайттық.

19 февраль, 1940. Күн тұмандау, суық еді. Жамбыл әңгіме айтып отыр.

— Осы жаурай бастадық қой өзі. Бала күнімізде то-ну дегенді кім білген. Бала күніміз. Осындай аласапыран кез еді. Мынау Алатаудан қойды етекке айдадық. Қар телегей-теңіз. Су көлкіп жатыр. Сонда жалаң аяқ-пыз. Қойды айдап отырып Тарғаптың өзіне бардық. Құдай басқа салмасын, өзен ботана болып тасып жатыр. Өзі жаман әліне қарамай қатты тасиды екен. Құрық салып көрсек бойламай кетеді. Қалай өтеміз деп өзенді жоғары-төмен жағалап жүрген жұрт. Бір жердің мұзы қып-қылта жіңішке болып жатыр екен. Сонымен қойды ептеп өткізе бастадық. Бір қора қой өтіп кетті. Енді біздің қой тең жартылап өткен кезде мұз күрт етіп түсті де кетті. Уда-шу, қым-қуыт. Қой деген қандай дүлей, алды өткен соң арты жүгіріп әлек қылды. Судың беті құжынаған қой. Қойшы, әйтеуір, өлдім-талдым деп шығарып алдық-ау. Алашапан, аласапыран қар бар. Далада түнедік. Сонда жалаң аяқ жүріп тоңған емеспіз... Білмеймін енді бүрсендегіш боп кеткенімізді...

24 февраль, 1940. Жамбыл қырғызда жүрген кездерін айтып отырды. Ертеректе Тоқтағұлмен кездесіпті. Оны біраз күн ертіп жүріп жыр айтқызыпты. Сусамырға дейін ертіп шығарып салыпты. Осыны айтып Тоқтағұлдың «Ой, бұлбұл» жырын біраз айтып шықты.

23 февраль, 1940. Мен Алматыдан келдім. Жамбыл сағынып қалыпты:

— Е-е, Ғалиым, келдің бе?
Айтшы маған кебің не?
Не хабар бар еліңде?
Сен бітіріп келер деп.
Мен отырмын, сенімде...

29 февраль, 1940. Самсыдағы қайын жұртына барып қайтты. Бір жігіт үйіне шақырыпты. Ол арақ ішкіш екен. Түрін көріпті де: «Атаң сенің Таңат-ты, Жұртты аузына қаратты, Алып келіп арақты, сыйламақшысың ба»,— деп ұрсып, атының басын бұрып кетіп қалады.

4 март, 1940. Жер лайсаң, күн суық. Жамбыл Дегерес совхозына барамын деп қоймады. Бәріміз:

— Қиналып, тоңып қаларсыз. Бірер күн аялдаңыз, жер дегдісін дедік. Болмады. Кетті. Машинасының майы таусылып, батпақтап кешкісін шаршап зорға жетті. Сонда айтқаны:

Шолжаңдаған баладай,
Шалқып жүрген шалмын ғой.
Сөз жүйесін тапқан сон,
Дәлел тауып айтқан сон,
Төбеге ұрған танадай,
Дымы шықпай қалдым ғой.

9 март, 1940. Жамбыл Ұзынағашқа барды. Прокуратурада болып, бір арыз жайын сөйлесті. Тұрап деген ағайыны жас қызды алды деп біреу арыз беріпті. Бір үйге түстеніп бірнеше қартпен әңгімелесті. Ыбырайым, Қопабай т. т. Бір шал айтады:

— Иә, Жәке, есіңізде бар шығар баяғыда астыңызда сұр көжегіңіз бар. Ел қыдырып жүріп тары бастырып жатқан бізге келдіңіз ғой. Сонда сіз былай деп едіңіз:

Ақмырзаның баласы,
Ежелден еді сыр десте,
Атым арық карашы,
Көргендердің жаны ашыр.
Тарыннан бер бір десте...

Сөйткен Жәкең едіңіз, енді Совет дәуірінде мұратқа жеттіңіз, өлеңіңіз өрледі. Енді сізде не арман бар?— деді. Жамбыл:

— Менің өлеңімнің де өрши беретіні содан емес пе?— деді.— Ана бір жылы Сәкен келіп қонақ болғанда көп өлең айтқызды. Жазып алды. Сонда өлеңің өткір деген болатын. Ой, ол да бір алғыр ақын екен...

11 март, 1940. Жамбыл Алматыға барды. Қалаға жеткенше өлеңдетті. «Қарағайлы», «Ақсай», «Боралдай» (жер аттары) өлеңдерінде баяғыда көкпар салғандағы қызықтарын айтып келеді. Кешкісін Қазақбаевтікінде болды. Көп әңгімелесті. Өлең айтты. III съездің жайын сұрады. Тамақ үстінде Әпсамат:

— Жәке, тамақтың қайсысын жақсы көресіз, алып отырыңыз?— деді. Жамбыл: «Бәрін де жақсы көремін. Ешқайсымен ұрсып-төбелескенім жоқ»,— деді. Әпсамат жеңіліп қалды.

13 март, 1940. Жамбыл Тәжібай деген таныс шалдікіне барды. Көңілденіп домбыраны бірер қағып жіберді:

Жасымнан атым аян Жамбыл едім,
Сүрінбес кара өлеңге даңғыл едім.
Самғасам сары түнде шалдырмайтын,
Қақырап қайран даусым қалды менің.
Шалқыған самғап көкке қайран әнім,
Кіргіздің талай жерде тойдың сәнін.
А десем, ауызымнан бытырайды,
Шіркінге не болғанын біле алмадым,
Тәжібай, саған қалай менің мұным,
Бұл сенен бір сұраған нағыз сырым.
Әнді алған көмейімнен сыңғыраған,
Кінәлі бәлкім бұған кәрілігім...

Жамбыл кешкісін ауылда болды.

14 март, 1940. Жамбыл салт атқа мінуге құмар. Атқа мініп олай-бұлай қыдырамын,— дер еді. Түс кезінде күрең жорғасы үйіне қашып келді. Жамбылды іздедік. Кілеттің алдында отыр екен. Атын апардық. Атына ашуланып:

— Жем жегізіп, сыйлағанды білмейсің. Көз етің өскен екен,— деп атын таяқпен бүйірлеп нұқып-нұқып қойды. Сені енді мініп алып зарлатайын...

15 март, 1940. Жамбыл Қазақстан Компартиясының III съезіне қатысып өлеңмен құттықтады, орысшасы да оқылды. Қол соғылды. Үзілісте Президиум буфетінен тамақ іштік. Сыра ішкендерді: «Ішіне боқ қатқан сиырша сарысу ішкендер»,— деп күлді.

(22 март күні Алматыдан Тайыр мен Ғалидың келгені, екеуіне асау тайды бас білдіргендегі — «Асау тайға мінуші ек» деп басталатын өлеңін айтқаны, 23 мартта дәрігер Досымбековтың келгені, 24 мартта Қәрібозов деген мұғалім сәлем бере барғанда оған «Май сатқан келіншек» деген өлеңін айтқаны жазылған. Бұл өлеңдер мен түсініктемелер ақын жинағында бар болғандықтан қоспадық. Н. Т.).

24 март, 1940. Тілеуқабыл аулына барды. Қайын жұрты екен. Илиястың үйіне қонып, жатарда бойжеткен сұлу қызға: «Төсекті қалың сал» деді де.

Балдызжан, жаба салшы ішірімді
Шәулетпей байлап қойшы күшігінді.
Көрпемді ашып, қойныма кіріп келсен,
Оятып алар едім, бұзығымды.

— Тағы не айтасың, кәрі жезде?— деді қыз.

Жамбыл:

— Ой, қарағым, мұндай өлең көп қой. Ертеде бір байдың үйіне қондым. Бойжеткен қызы бар екен. Қыз үйдің артына шөп төсеп қойыпты. Күйеу бала келді. Ел жатысымен екеуі далаға шығып кетті. Әлгі шөп жақ

тысырлады. Ертеңгі шай үстінде мен «түс көрдім» дедім. — Е, айтыңыз,— десті бәрі.— Өлеңмен бе?— дедім.— Өлеңмен,— деді олар. Сонда мен:

Бай үйінің артында шөп жатқанда,
Мына қыздың күйеуі кеп жатқанда.
Шөп төсектің үстінде сылпылдатып,
Шолақ қасқыр бірдеме жеп жатқанда.

Кыз тұра қашты, жұрт күліп жатты.

27 март, 1940. «Үш бұлақ» колхозына барды. Күйеуге тұрақтамай жүрген бір әйелге өлеңмен тоқтау айтты:

Шүйгігенде байдан-байға
Табам дедің қандай пайда?
Беттен өшті ар мен ұят
Көрінгенге күлкі болып,
Сөйтіп жүріп атың сөніп,
Бойдан қашып жігер-куат,
Қор болуға арланбай ма!..

(28 март күні Ғалиды ертіп тойға барғаны, тойда кемпір, шалдармен көп қалжың сөз айтқаны, 29 мартта Сарыбас ақынның Сарыбайға айтқан өлеңі, қариялардың Ұлы жүз, Домалақ ана шежіресін талдағаны, 30 мартта «Тезекбайға» деген өлеңінің түсінігіндегі әңгімелер жазылған).

1 апрель, 1940. Жәкең Алматыға аттанды. «Қаладан әрі Белбұлақ жаққа барып қайтамын. Сырымды ешкімге айтпаймын»,— деді. Күн ашық. Жылы. Құлпырып көк шығып келеді. Ұзынағашқа келдік. Совхоз базасында бензин жоқ.

— Апырай, енді қайттік. Жамбылды жаяу арқаламасандар жақсы болар еді-ау, Ғали,— деді ол. Райкомнан май сұрадық. Секретарь Көшеков пен Павлов әр жерден май сұрап, телефонда тұр.

— Ештеңе бар ма?— деп сұрап қояды Жәкен.

— Іздеп жатырмыз ғой, Жәке, табылып қалар,— деді. Ішігімізді арқалап, шаң-шаң болып ауылға қайтпасак игі еді,— деді Жәкең. Сөйтіп отырып өлеңдетеді:

Қайраттарыңды салындар,
Омырауға алындар,
Омырауға алмасан,
Далада қалар шалың бар,—

дейді екеумізге.

МТС-тен май алып Алматыға келдік. Жәкеңнің үстіне қышыма пайда болып Совнаркомның ауруханасына орналасты. Апрельдің 1-нен 5-не дейін сонда болды. 5-і күні кешке Мәскеуге баратыны айтылды. Жамбыл қуан-

ды. Кешке жуык қарт жолдасы тамыршы Тәжібайға барды. Тәжібай тамырын ұстап... «Жазыласыз, мұнан өлмейсіз. Күшалаға шомылып ал,— деді Жамбыл қуанып:

Баяғыдай емес қой кәрі Жамбыл,
Жас баладай есім бар менің бал-бұл,
Денсаулығым сауығып кетсе осыдан,
Түсер едім жорғалап жолға данғыл.

Кешкісін күшәла еріткен суға түсті. Одан қайран болмады білем. Қыңқылы көбейді.

6 апрель, 1940. Мәскеуге жүруге әзірленді. Ауыл-аймағын шақырып қонақ қылды. Көшеков пен Сапарғали келді. (Жазушы Сапарғали Бегалинді айтады). Қышымасы күшейіп отыр еді.

— Қыршаңқы жылқыша үйкеленіп жүріп поезды қиратып аламын ба?— деп жұртты күлдірді.

7 апрель, 1940. Ауыл-аймағымен есендесіп жолға шықты. Ұзынағаш. Райком секретары:

— Бұл қотыр қайдан жұқты?— деп ренжіді.

— Бұл қотыр емес,— дейді Жәкен.

— Қан құтырса құрт болады демеуші ме еді. Бұл қандағы пәле ғой,— дейді. Бұл күні ЦК-ға барып Шаяхметовке жолықты. Көп жұмыстар тапсырды. Қолхоздың жері, бір шалдың көзін емдеу жөнінде т. б.

8 апрель, 1940. 9-шы поезбен Мәскеуге жүрді. Қасында Кенен, Кузнецов, Тайыр, Тезекбай, Ғали т. т.

— Бір арықты алып шықтыңдар. Енді аман алып қайтсаңдар жарар еді-ау. Ойдой, батысқа қарай зулап келеміз,— дейді Жәкен. Түнде тыныштанды. Ұйықтады.

9 апрель, 1940.— Әулиеатаға келдік, балалар,— дейді Жәкен терезеден қарап.

— Жамбыл қаласына келдік деңіз,— деймін мен.

— Әулиелердің атын тартып әпердіңдер ғой әйтеуір,— деп күлді. «Атыңнан айналайын Әулие ата, атымды ап қойды деп болма қапа...»— деп күбірледі.

Вагон алды қалың адам. Жәкенді көруге ынтығып тұр... Жәкен жол бойындағы жерлердің әр алуан әңгімелерін айтып келеді. Айша бибі аңыз. (Бөлек дәптерге жазылды — Ғали).

13 апрель, 1940. Мәскеу. Жазушылар, журналистер, қарсы алды. Мәскеу қонақ үйі. Жәкен лифтыға келіп түсті. Ал енді жоғары шығамыз,— деді, Жәкен Шәріповке. № 861-ге орналасты. Дәрігерлер келе бастады. Алғашқы күн тыныш ұйықтады.

14 апрель, 1940.— Бүгін тәуірмін,— деді ол.

Танертең шашын алдырды.

— Иә, шіркін, Мәскеу, жақсысың-ау, қартайған кезде келдім-ау. Кәне, қандай қызығың бар көрсетші?— деді терезеден қарап.— Мавзолейді бір көріп, көсеммен бір амандасам арманым болмас еді-ау!— деп бізге қарады.

15 апрель, 1940. Жәкең Маяковский пленумына бара алмады. Кремль ауруханасынан дәрігер келді. Күн жауын еді. Ауруханаға алып бардық... Күн-түн дөңбекшиді. Талай күндерді бірге өткіздім. Ақыры Мәскеу дәрігерлері Жәкенді науқасынан жазылады,— деді. Жәкенді емдеген Роман Исаевич Рижков жолдасқа бәріміз де риза болдық.

4 май, 1940. Дәрігерлердің кеңесі болды. Ганшаловский, Виноградов, Рижков т. т. қарап тәуір болдыңыз, жақында қайтарамыз,— десті. Жәкең оларға:

— Рақмет, шырақтарым. Мен партияға, Мәскеуге, Кремльдің дәрігерлеріне ризамын. Мені жазғандарың елге, Қазақстанға абырой болды. Жарайсындар. Жасаңдар, шырақтарым!— деді.

5 май, 1940. СССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары Горькин келіп Жәкеңе сәлемдесіп, орден тапсырды.

— Бұл орден, Жамбыл жолдас, Сіз арқылы бүкіл қазақ халқына, оның таңдаулы адамдарына берілген орден. Орденіңіз құтты болсын!— деді. Жәкең Калининге сәлем айтты. «Науқас болып бара алмадым»,— деді.

9 май, 1940. Ауруханаға бірге қондық. Жәкең «қайтамын» деп қандай қинады. Танертең маған:

— Тез кел, шырағым, қаланы ең болмаса бір аралап кетейін,— деді.

10 май, 1940. Кешкі сағат төртте Кремль ауруханасының қызметкерлері Жәкенді машинаға әкеліп мінгізді. Бір дәрігер, бір сестра ілесті. Ерекше вагон. Он жарым мың сомға алыныпты. Жәкең соған отырғызылды. Мәскеулік жолдастар үсті-үстіне келіп қоштасты. 10-поезд Қазан вокзалынан жүріп берді. Жәкең бәрін шолып отырып:

— Бұл не деген дәулет, не деген құрмет, не деген сыйлық! Бұған шашың жете ме, жасың жете ме?

Ақтөбе. Жәкең Нұрпейісті сұрады.

— Алдымнан неге шықпайды. Әй, ку семіз. Ол осындай болып қайтса, мен тіпті шыдай алмас едім. (Нұрпейіске хабар берілген жоқ еді).

15 май, 1940. Алыстан бұлтпен араласып Алматы тауларының басы көрінді. Жәкең киініп терезе адында

отыр. Көзі Алатауда. Жәкең қатты босады. Көзі жасқа толып, ағыл-тегіл жылады.

— Неге жылайсыз?

— Тоқсан жаста туған топырағынды көргенде қалай егілмейсің!— деді.

Алматы. Жазушылар, қала халқы түгел қарсы алды. Жәкең тағы жылады. Жәкеңді ауруханаға апардық. Бармаймын,— деді. Балаларыма бір көрініп, мауқымды басып келейін,— деді. Қымыз ішті.

20 май, 1940. Жәкеңнің сүйікті адамының бірі Кенен Әзірбаев ауруханаға келді. Жәкең дереу басын көтеріп амандасуға аузы келмей, еңкілдеп жылап жіберді.

— Өліп тірілдім, шырағым. Сол науқастың қатаң күнінде де есімнен сен кетпедің. Көрмеймін ғой деп едім. Көрдім, шырағым. Бәріңе, өкіметке де көп рақмет!

27 май, 1940. Жәкең ертеңгі сағат онда ауруханадан шығып, аулына қайтты. Шіркін, қандай қуанды десеңізші сонда! Қасында бәріміз және дәрігер, сестра бар еді. Оны әбден сыйлады. Ауыл-аймағымен жылап көрісті. Емшілер кетер алдында: «Ауруыңыз әлі айыққан жоқ, әлі де келіп тұрыңыз»,— деп қоштасты. Дәрігер Досымбеков пен сестра Сара екеуі қасында болды.

10 июнь, 1940. Жәкең дәрігерлерді шақыртты.— «Жайлауға шығамын»,— деді. Дәрігерлер тоқтау салды. Сонда ол: «Қалың шыбынның ішіне қалай, қамап қоямысындар»,— деп күлді.

17 июнь, 1940. Жазушылар одағының бастығы Тәжібаев Әбділда келіп қонды. Оған Жәкең:

— Арықтаған шал деме, ақша тауып бер. Айықсам әлі-ақ орнын толтырамын. Өлең ойдан, қуат бойдан кеткен жоқ әлі,— деді.

24 июнь, 1940. Алматыға бардық. Жәкең біздің үйде.

— Қалаңда қандай жаңалық бар?— деді Элжаппарға (Әбішевті айтады).— Қарыс жер мұң болып отырғанда өздерің келіп хабарласып тұрмайсындар ма? Сендер келсеңдер менің қуанып қалатынымды білесіндер ғой. Мен де қазір тәуірмін. Майға бөленіп жатырмын. Күн ыстық. Жайлауға шығамын. Биік таудың басына шықсам, сарқыраған өзен бойында жүрсем көңілім көтеріледі. Күркедей бірдеменің ішіне тықтындар да қойдыңдар. Бұл немене?— деп бәрімізге ұрысты.— Айтпақшы, іші өткеннің арты біледі,— деп аяғын сүйрете басып, әлгің Мәскеуге кетті ме?— дейді (онысы Әбділда еді).

5 июль, 1940. Мәскеуден кинооператорлар мен суретшілер келді. Оларды жақсылап орналастырдық. Жәкең:

— «Кетер қызды керіп қал» демекші, осы Жамбыл енді ауыра қалса, қалай болар екен деп суретке түсіргелі жүрсіндер ғой,— деп қалжыңдады. Күн ашық. Суретке, киноға түсті. Кешкісін Дина Нұрпейісова келді. Құшақтап амандасты. Қой сойғызды.

— Енді сені жібермеймін,— деді Динаға.— Сыңғырап тұрған мынау көк үй, ішінде ұрғашы жоқ. Өзің іздеп келдің. Енді осы үйге сен не бол?

Дина:

— Қауқарың бар ма сонда,— дейді.

Тасбақаның да өзіне лайықтысы бар демекші, азды-көпті бірдеңе табылады ғой, әйтеуір,— деп Жәкең жұрты күлдірді.— Жаныма жат...

— Жатайын, бірақ ұялып қалып жүрме?— дейді Дина.

— Ой, жыланды үш кессе де кесірткедей әлі бар ғой,— дейді Жәкең тағы да. Динаның қасында отырған баласына Жәкең: «түр, әй, айда жөнел, енеңді ұрайын, біздің қалжыңымызды тыңдауға ұялмайсың ба?»— деп оны далаға шығарып жіберді.

7 июль, 1940. Келген қонақтарды аттандырдық. Жәкең:

— Ал, Ғали, мен жайлауға шығамын. Ана қыз қайтсын. Жамбыл масыл болды ғой демесін. Жәкең аспазшысын, дәрігерін ертіп жайлауға шықпақ болды.

15 июль, 1940. Жамбылды жайлауға көшірдік. Күрен жорғасына мініп алып, колхозды аралай жорғалатып председателге, бригадирлерге жолықты да, көш артынан жайлауға қарай жөнелді.

17 июль, 1940. Жайлауға келдік. Жәкең көңілді. Шығу шыққан бір байталды сойғалы отыр екен. Сатыш келіп:

— Тәте, байталды сояйық па?— дейді.

— Неғыл дейсің, сойыңдар,— деді. Байтал сойылды. Арықтау екен.

— Тәте, міне, қаранызшы,— деді Сатыш.

— Ой, ыржиған аузыңды... Мен соны көрсет дедім бе, әлде бауыздалған малды қайта қоя бер деп айтады дейсің бе... Далада отырмыз. Жылқының қартасындай белес-белес жасыл жайлау.

— Қарандаршы, бұл не деген жайлау! Көрдіндер ме, мендеі емес көздерің жетік қой. Анау қызарып бұлдыраған Құмбел жотасы. Содан бері қарай көсіліп жатқан жазық төс. Не құламасы жоқ, не өрі жоқ. Не деген сұлу

жер! Бұл жерге кім келмеген, кім кетпеген десеңші! Осының мына шыңдарында, тастарында ешкідей ойнақтап жүруші едік. Енді міне, кеше көшкенде жап-жатық жолынан қорқып зорға келдім. Мұндай жайлау қайда? Ойда басымыз әңкі-тәңкі еді. Қазір жазылды. Мынау жатқан Қарақия. Қалың елдің жайлауы еді. Анау жатқан Қарабастау — біздің жайлау, бер жағы Құлансаз. Құлантөбе жайлауының қымызы жігітінді ұрып жығады. Баяғыда қырғызда бір қызық болды. Сонкөл жайлауына бардым. Қымыз ішемін деп, екі кеседен кейін тынысым бітіп, өліп кете жаздадым. Мақыш су жұтқызып азар дегенде тірілтіп алды. Ол жердің жылқысы қырауытып тұрады екен. Осы жайлауда үш жылқымызды қырғыз алып кетіпті. Іздеуге өзім шықтым. Белімде бір құлаш шылбырым бар. Домбырам тағы бар. Күн батып кетті. Қырғыздың жылқысына тап болып, біреуін ұстадым. Сүйреп барып тоқтады, өзіміздің бие екен. Жетекке жүрмеді. Жылқышылары келді. Мені ұстап алды. «Ұры қазақ, айыра шапқыла»,— десті. Біреуі таныды. Азар құтқарды...

18 июль, 1940. Түн, ай жарық. Жайлау таулары бәрі ұйқыда. Азанда ЦК-дан, ауданнан қонақтар келді. Ет жеп болған соң қонақтарға бір-бір ат ертетті. Жәкеңді жартасқа шығарып күрең жорға үстінде суретке түсірді. Күрең жорға, ақ қалпақ, жібек шапан, кеудесінде үш орден. Жайлауды аралап жүріп ол: «Кәне, жарысасыңдар ма?»— деді.

— Ойбой, Жәке, құлап қаласыз,— десек болмады. Бәріміз аттың басын қоя бердік. Жарысып келе жатып ол райком Көшековты аттан аударып ала жаздады. «Шалын мықты»,— дестік.

Түстік кезі. Алдымызға ет келді. Жәкең сөз бастады:

— Осы жайлауымызды көрші совхоз аламыз деп жүр. Бізге берген жер сонау Ақтаста, алыс. Осыны ой-ландар,— деп жырға кезек берді.

Шырағым, жайлау жайын айттым саған,
Білесің алыс емес — сен де өз балам.
Жайлауын Жамбыл шалдың өзіне бер.
Қылмасын жала-жанжал ешкім маған.

Совхозға жайлауымды берді десен,
Жүрмеймін көп аралап, мен бір мешел,
Шал демей қарт атанды есіне алсаң,
Жасарып менің-дағы көңілім өсер.

— Иә,— деп Өмірзақ әңгімеге кірісті...

21 июль, 1940. Бірсыпыра жігіттер жайлауды аралап кетті. Мәскеу суретшілері қалды. Жәкең:

— Бұлар да кезбе екен. Тіпті жайлауды келе аралап кетті ғой,— дейді. Келесі күні Жәкеңді суретке тағы түсірді. Жамбыл оларға жайлаудың салтын көрсетті. Жайлау үстінде Жәкең өміріндегі талай қызық әңгімелерді ағытты. Мәскеуліктер туралы, қазақтың тойы, салты туралы сыпайылық, мешкейлік туралы, Намаз ұры туралы әңгіме айтты. (Мұның әрқайсысы өз алдына бір-бір дәптер болып жазылды).

7 август, 1940. Жәкең атқа көп мінбейтін болды. Бүгін бір жегжаты (Насырқожа) шақырды. Жәкең бәрімізді ертіп соған барды. Жолда әрбір жұрт, әрбір тума туралы әңгіме айтып берді.

— Баяғыда осы жайлауда бір саудагер өзбек жүрді. Өзі менің осы кезім сияқты атқа бос еді. Сол бір күні қырғызға кетті. Жолда бір ұры жолығыпты. Әлгі ұры кездескен жерде бет-аузын қисайта қойыпты. Бір жерде өзбек аттан түсіп түзге отырған екен, ұры оның атын алып қашыпты да кетіпті. Өзбек Шабданға келіпті.— Атымды тонап кетті, тауып бер,— депті. Шабдан жігіттерін жинап оған көрсетіпті. Сонда саудагер оларға қарап жүріп біреуін «беті түзулігі болмаса, дәл осы сияқты еді»,— депті, әлгі ұрыны танып.

Қызық толып жатыр ғой, шырақтарым. Қарақастектің басындағы шыңнан Жәкең қаймықпай түсіп: «Түйе сойса да, келетін жер емес екен»— деп күлді. Шақырған жерге келдік. Совхоз директоры үйінде екен. Қозы сойды. Жәкең оған: «Алпыс мың қой айдаған бай болсаң да, арық тоқтыға әлің келмейтін мүсәпір екенсің»,— деп қалжындады. Жәкең қозы етін сүйсіне жеді. Тамақ піскенше кейбір жігіттер ұйықтап қалды. Жәкең: «Мына жігіттерімнің абыройын ала көрме»,— деп күлді. Баяғыда қасымда екі кісі бар. Бір айқымдікіне келіп түстік. Бірі — старшын, бірі — би еді. Өзі семіз, қып-қызыл кісі еді. Шай ішкен соң жайланып жаттық. Мен ояумын. Биім пырылдап ұйықтап жатыр еді, бір кезде қозғала беріп, тарқ еткізгені құдай ұрғанның: «Әй, бір жерлерің айрылып кетті ме?»— деп, үй иесі кіріп келді. Би де оянып кетіп, білмегенсіп жан-жағына қарады. Үй иесі:

— Қатын, кел тез, мыналардың бір жері жыртылып кетті білем, тігіп бермесең болмас,— деп ұялтқаны бар ғой. Бидің басы, көзінен тер моншақтады...

8 август, 1940. Жәкең ертеніне совхоз директоры Тастанбековты шақырып қонақ етті. Өлең айтты:

Мен бір шал осы күні дәурені өткен,
Тайғанап жүре алмаймын қия беттен.
Ел кезбей, атқа мінбей, араламай,
Жатамын үйде тыныш сол себептен.

Бұл күнде белім бүкір, көзім бұлдыр,
Белге алып шыға алмайды тізе құрғыр.
Құлағым қаңылтырмен қапталғандай
Естілмейді елдің сөзі қаңғыр-күнгір...

«Етектен өрт шықты» деген сөзге Жәкең тысқа шықты. Көрмесе де көңілімен болжап: «Астық өртенді-ау»,— деп қатты күйінді.

9 август, 1940. Күн бұлт. Бүркіп кеткелі тұр.

— Жайлаудың бүрк-сарқ етіп, борандата салатын мінезі болушы еді. Отын-суларыңды қамдап алсаңдар!— дейді Жәкең келіндеріне. Кешке қарай қарлата бастады. Түнімен жауды.

10 август, 1940. Жасыл жайлауды ақ ұлпа қар көміпті де салыпты. Жәкең төсекте.

— Мен бүгін тұрмаспын,— деп күліп қойды. Мен оған:

Тоңбайды қар жауса да бай баласы,
Үйі жылы, киіз тұтқан айналасы,—

деп Абай айтқандай, бұл үйде отырып сіз тоңбайсыз ғой,— деймін.

— Абай рас айтқан ғой. Шыр айнала кілем, киіз тұтқан үйден қалай кісі тоңсын,— деп ырғалып қояды. Түс қайта күн ашылған соң біз етекке түстік.

— Қош, үлкендерге сәлем айт. Ертең мен де барып қалармын,— деді Жәкең.

12 август, 1940. Жәкең Алматыға келді. ЦК-да болып, Скворцов жолдаспен отырып көп мәселелерді шешіп алып (жер, колхоз туралы) қайтты.

— Сұраған жер тиетін болды. Колхоз қосылмасын (басқа колхозға) делінді. Колхоз председателі орнынан алынсын,— деді.

— Колхоз жаман болса, сен маған ұрсасың. Саған көсем ұрсады. Сен басшысың. Басқара алмасаң жаман болады. Біздің жұмысымызда соның бірі. Соны жөндеп қой, шырағым,— деді Скворцовқа.

ӨН БОЙЫ ТОЛА ӨЛЕҢ-ЖЫР

Күллі республиканың үлкен-кішісі жыр алыбының жүз жиырма бес жылдық тойын думандатып жатқанда мен ауруханада едім. Оңаша палатадағы жападан-жалғыз жабырқау жанның көз алдында дүйім жұрт думандап жатқан тойдың шаттық көріністері көлбендеді де тұрды.

Аулаға шығатын сығырайған жалғыз терезесі бар сопақша тар бөлме күндіз құлаққа ұрған танадай. Әдетте, мұндай тылсым тыныштық, үп етер леп жоқ, ми қайнатқан аптап тіршілік атаулыны түгел діңкелеткен шілде тамыздағы сүлесөк теңіз төсінде ғана ұшырасар еді. Шақырайған күн астында ұшы-киыры жоқ ұлы теңіздің аппақ ақ тымық айдыны көз шағылыстыра жалтырайды. Жағадағы ақ қайраңда жамбасынды құмға қыздырып дел-сал боп маужыраған бір сәттерінде осы бір тілсіз тыныштық тұңғығына жым-жырт боп батып бара жатқандай сезінетінсің. Ондайда қайдағы бір қапырық сезімдерге берілмегенің дұрыс. Мен де төңіректі түгел дүсірлеткен дүбірлі тойдың қызығын, шартараптан шақырылған дос-жарандардың салиқалы мәслихатын, бәрін-бәрін көңілімнен қуып шығуға тырысып бақтым. Сол-ақ екен, көзі құрғыр кереуеттің бас жағындағы терезеге түсті. Терезенің ар жағында, үшінші қабатқа ілініп қалған көк аспанның алақандай ғана бір шаршы үзігі қайта-қайта жанарынды жадырай азғырып, жалтақтата береді. Әлгінде ғана аспан ап-ашық сияқты еді. Енді ұзынша әйнектен бір уыс ақ түбіттей ақша бұлт бірте-бірте төмен сырғып барады. Көк жүзінде көшіп жүрген бұлтқа көз сарылтып ұзақ қарасаң қашанда есіңе өте-мөте таныс көрініс елестейтіні, сірә, мәлім. Қазірде әлгі бір шөкім ақша бұлт бірте-бірте дөңгелек сусар бөрік киген, ақылды көздерін әлдеқалай сығырайта қараған, салалы ұзын сақалды, бір өзің жақсы білетін, өте-мөте таныс кісі келбетке айналып бара жатқандай. Көптен білетін айрықша аяулы адамдарымның біреуінің кескініне келетін сияқты. Қолыма оқулық ұстаған сонау бала кездерден белгілі әлпет...

Мен еріксіз күлімсіредім. Науқастанып жатқан адамның қиялы қандай кезбе еді. Өн бойды өртше жалап бара жатқан қызудан қиналып жатып, осы бір есіңе түс-

кен сайын танданбауың мүмкін емес тамаша адам жайында ойға баттым.

Ол бір ғасырға жарты-ақ жыл жетпейтін ұзақ өмір сүріпті. Ол туғанда біздің әке-шешеміз дүниеге әлі келмеген екен. Ол сонау ұлы бабаларымызбен тұстас. Солардың қызығын бірге көріп, қайғысын бірге қайғырған кәрі тарлан көпке дейін біздің арамызда жүрді. Сондықтан да жұмыр жердің үстінде көп жасаған көненің бірі оны, ылғи көз алдымызға белі бүгілген қаусаған қария қалпында елестетеміз. Мынау қайдағы бір ақша бұлт та менің тереземнің алдына сол әліппеден бастап барлық оқулықтың бәрінде де бар кейуананы алып кепті. Ол бірақ өмір бойы осылай өтті дейсің бе? Оның да тепсе темір үзгендей тегеурінді жігіт кезі болған шығар. Егер марқұм бабаларымызды бір сәтке тірілтіп алар құдірет табылса, күні кеше ғана арамызда жүрген қаңтар сақал қарияны тани алмай қалар еді. Өйткені, олар оны қылшылдаған жас шағында көрген-ді. Ол ат құлағында ойнаған алыс жылдарда бүгінгі көзқарақты біз тосырқап қарайтындай талай-талай олпы-солпылары болғанмен, заман да, адам да басқа еді. Жұрт сәби сияқты-тұғын. Оңай қорқып, оңай қуанар еді. Өңі жылыны көрсе, «түсі игіден түнілме» деп елпек қағып, ызғар қабақ ысқырынған жан көрсе, бүгежектеп бұғып қалар еді. Адамда болар зұлымдықты төңірегіндегі нәрсенің бәрінде бар деп қалған үрегей көңіл сәл нәрседен үрпий шыға келетін. Ол кезде адам пақырдың тонмойын табиғаттың қатпар-қатпар құпияларын түсіне түсіп, түбегейлеп білуге әлі де жүрегі дауалай қойған жоқты. Ұлан-ғайыр жаратылыстың қай құбылысына да дауыл алдындағы долы теңізге қарағандай, жағаларын ұстап, зәрулері ұшатын. Табиғаттың құшағынан әлі қара үзіп шыға қоймаған пенде шіркін ол заманда не қоян жүрек қорқақ, не ақиқөз аңғал батыр боп келуші еді. Өйтпегенде қайтсін: мал соңындағы қазақ қыстың көзі қырауда алағай да бұлағай бораннан қайтіп қорықпайды; сүмендеген сүмелек күзде сүйегінді ұңғитын сүргін жауыннан қалай қысылмайды; шілде-тамызда аспан астын қызыл тілімен жалап-жұқтап қырып бара жатқан қиянды аптаптан қайтіп айылын жинамайды; көзге түртсе көрінбес қараңғы түнде түнекті жамылып, азуын білеп, сойылын саландатқан қасқыр мен қарақшыдан қайтіп үрейленбейді. Шырқ айнала тартып алам, шауып алам деп анталай шабынып тұрса, зәрең зәр түбіне кетпестей қауқарың қайсы?!

Сол бір аузың ылғи «тобаңда», қолың ылғи «жағаңда» жүретін қытымыр заманда қалтырап күн кешкен ата-бабаларымыздың арасында: сырт қарағанда алып-жұлып бара жатқандай ештеңесі де жоқ, бір киіктің асығындай шып-шымыр денелі қапсағай қара жігіт жүріпті. Айтыстарда талай-талай орақ ауыз, от тілділер оны қырық саққа бір жүгіртіп сынап, мінеп бағыпты. Бірақ о да ондай-ондай теперіштің тоқсанына төтеп бере алатын, қисайған жағынан қырық рулы ел түгел жабылып тұрғыза алмастай нағыз қиқардың өзі еді. Заманында жыр дүлдiлі атанған Құланаян Құлманбет те оны мысы әбден құрығасын, «жаман тайпақ қара» деп бір тілдеп ап, тізе бүгуге мәжбүр болыпты.

Біз оның бозбала жігіт кезінен қанша бейхабар болсақ, балаң ақын кезінен де сонша керқұлақпыз. Ол бізге алғашқы беттерін алыс жылдардың құтырынған құйындары жыртып, ортасынан ауа аман жеткен көне кітаптай көрінуші еді. Дәлденкірей түссек, ол әлі парактары сарғыш тартқан жалба-жұлба жыртық кітаптың өзінен гөрі, соған жазылған ескі қиссаның тоқпақтай тұлдыр, тобадай жалғыз кейіпкері — ежелгі ерлерге көбірек келіңкірейтін еді. Тау тұйығында оқта-текте бір есетін кезбе желдей үзік-үзік, келте мәліметтердің айтуынша: бабаларының арасында батыр көп болыпты. Ал өзі әке батасын аттап, жағын сатып күн көрген жалба тонды ақындықты қалады. Аталары ақбас Алатаудың көк майса сай-салаларынан өрбісе, өзі тұлдыр даладағы жалаңаш Жамбыл таудың етегінде жерге түсіпті. Анасы оған Қоқан ханы Құдиярдың құрығынан қашып жүрген ұлы сүргін тұсында тосыннан толғатыпты. Сөз реті қаза кетпесін: Құдияр оның бабаларына көрсеткен қоқан-лоқысын менің бабаларыма да жасапты. (Кер тағдырлы ата-баба сүрлеуі қалай-қалай ойқастап, көнтерілі уақыттың қай-қай белеңінен тоғысады десеңізші!) Қайталап айтайық: кейуана қарияның сақал-мұрт басқан салғырт жүзіне қарай отырып тал бесікте уілдеп жатқан жас иіс сәбидің періште бейнесін көзге елестету қандай қиын болса, дүлдүл ақынның кезі, балауса шағы шамамен мынандай болған шығар деп бал ашу да сондай қиын. Бар білетініміз: ел Екей ақындық жағынан ерекше салымды бопты.

Екейде елу баксы, сексен ақын,
Сарнайды жын қаққандай кешке жакын,—

десе дегендей-ақ, Екейдің әйел-еркегі күні бүгінге дейін оңтайы келгенде өлеңдетіп қоя береді.

Ол — ұлы Абаймен құрдас екен. Құрдасы торқа жамылып, топырақ астына кеткен соң да ол қанша ғұмыр көрді. Совет заманына жетіп, өзіне бұйырмас бақи өмірге өлеңін ие етті. Бірақ Абайдың алғашқы жаттығу машықтарынан бастап, бар жазғаны төгілмей-шашылмай ұрпақтар қолына жетті. Бұл арада ардақ Әуезовтің асқар таудай еңбегі қандай қызмет атқаратынын қайтіп айтпассың?! Ал Жамбылдың құмға сіңген Шу дариядай құрдымға жоғалған жырлары қанша, қасқыр талағандай қып жылдар жұлмалаған дастандары қанша?!

Ол асарын асап, жасарын жасап бітті дейтіндей шағында күллі совет поэзиясының «айналайын, алыбым» деп алдына ұстар аруағына, желпілдетіп төбесіне көтерер туына айналды. Қызыл тілін қылыш кеспес қиқар шал мұндай қошамет-қолпашка қандай рай танытты екен? Ол арасы бізге беймәлім. Біздің білетініміз: ол өз бойындағы өнерді ерекше қастерлеген, қадір тұтқан. Өзіне де, өзгеге де бірдей қатал кәрі ақын көрінгенге ақтарыла беретін аңқылдақтардан емес-ті. Өмірінде екі-үш жерде ғана жүрек түбіндегі жан сырын айтып, тіс жарыпты. Сондағы мәлімдегені: жырының құтпаны — жолбарыс екен. Құлағын киссаға қақтап, жұрт сенген нанымның көбіне өзі де сенген кәрі жампоз әлгі кереметіне имандай ұйыса керек. Екі жақтың да қырғи тілі найза боп түйрескен қызды-қызды айтыстар тұсында адуын ақынның шабыты тап берер тарғыл жолбарыстай тосыннан шапшымақ түрі бар.

Кәрі жампоз көз жұмарда, басы Сәбит Мұқанов пен Әбділда Тәжібаев болып, бір топ ақын көңілін сұрауға барыпты. Мұндайдағы үрдіс бойынша: «Тәте, әлі-ақ жазылып кетесіз», — деп жұбатқылары келсе ақын басын шайқапты: «Жоға, шырақтарым. Дәл сендер келерде босағамда жататын жолбарысым орнынан тұрып, жөнеле берді. Шақырып едім, қарамады. Өлім-екең онша алыс болмас».

Жолбарыс жыр қайрылмай бара жатса, қалған ғұмырдың қажеті де шамалы еді оған!

Ол туралы үзік-үзік мәліметтер ойынды қайта-қайта бөле береді.

Жамбыл Жабаев болғалы ол туралы айтылмаған кітап, жарияланбаған мақала, қорғалмаған диссертация жоқтай. Орта мектеп пен жоғары мектепте оның өмір жолы мен творчествосы арнайы, сабақ болып өтеді.

М. Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтында Жамбылға әдейі бөлім ашылды. Бірақ ол туралы білмейтіміз әлі көп. Әсіресе революцияға дейінгі өнерпаздық жолының талай беті тайға басқан таңбадай ақи-тақи анықтала қойған жоқ. Алайда Сарыарқа мен Жетісудың қай ақынын да бетке қаратпаған айтыскер ақын болғанын жақсы білеміз. Онымен айтысқандардың бізге аты жеткендері: Айкүміс, Бөлектің қызы, Нұрилла, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Майкөт, Шашубай, Досмағамбет. Әсіресе Алатаудың атақты жайлауларының бірінде Құлманбетпен айтысқаны ақын атын алты алашқа әйгі қылды. Ол айтыс төкпе поэзиясының теңдесі жоқ биік үлгісі болып табылады. Оған дейінгі айтыстары арқылы жүйрікті алқалы жиынға апарар жолдағы әзірліктер сияқты еді.

Тоғыз ақынды топалаң асырған Құлманбет те нағыз іздегенге сұрағанның өзі еді. Босағада жауырыны жерге тиген пұшайман палуандардай сүмірейіп сөзден жығылған тоғыз ақын отырды. Қастарында құдды ат үсті сайыста қолдарынан ұшып түскен сойылдай қылжиып-қылжиып тоғыз домбыра жатты. Шаршы төрде шалқып отырған Құлманбеттің үстіне есіктен еңкеймей Екейдің жыршысы кірді. Құлманбет түлкі көрген қырғидай тұра бас салды.

Айтыста ұрымталдан тап беріп, алдымен киліккен ақынның ұтары көп. Кәнігі Құлманбет жас жігітті қапысын тауып, қанжығасына байламақ еді, сойыл тиген бөрідей қалай сұлап түскенін өзі де аңғара алмай қалды. Әрине, Жамбыл Құлманбеттей емес, әлеуметтік құлашы аса кең ақын-ды. Оның үстіне кәрі ақын кәрілігін істеп, үйреншікті сүрлеуді шиырлап кетті, руға килікті, ата-бабаға тіл тигізді, тек қуалап, тегін олжа іздеді. Қырдағы қара табанның зығырданын қайнатқан зәһәр сөздерді көкірегіне аямай жинаған азу тісі балғадай жас ақын, пірі Сүйімбай сынды, өңмендеген өр кеуделердің өлер жерін қапысыз тапты.

Былайғы тірлікте үстем тапта талай-талай есесі кетіп, езгі көріп жүрген кедейлер сонау арғы заманда қиянаткерлерінен кекті қылыштың жүзі, көк сүңгінің ұшымен ала алмағанда, кейде осындай айтыстарда ақынның тілі есе қайтарып беретін. Айтыстарда ақыны жеңген халық құдды бәйгеден аты келген, күресте палуаны жыққан елдей еңсесі бір көтеріліп, аруақтанып қалатын.

Айтыста айқын өз табының сойылын соғатын жана-

шыр жақтаушысы немесе дәріптеп мақтаушысы ғана емес, шын мәніндегі суырып салма ақын өз табының нағыз адал, азамат перзенті. Ондай азамат ақын кедей табының жел жағында қорғанышы, панасы болғандықтан да осындай ірі-ірі айтыстарда зорлықшыл қиянаткерлерді өткір тілімен өлтіре түйреп, жиналған жұрт алдында үкім шығарушы, әшкерелеуші де. Былайғы бар кезде үстем тап өкілдері жұрттың тіліне тұсау, ойына бұғалық сап булықтырып ұстап жүрсе де, ақындар айтысының сонау атам заманнан бермен қарай ел үрдісінде сақталған демократиялық дәстүрлі салты бойынша, екі жағы да осы тұста ірікпей ойындағысын ашық айта-тын-ды.

Халық мұнын қатты білетін сұңғыла ақын есесі кеткендердің кекті сөздерінен асқан тегеурінді сөз табылмайтынын терең ұққан-ды. Қаршадайынан айтыстың арғымағының жалына жабысқан жас жігіт, ұшқыр шабыт, ұтымды ойға әбден ұсталанып алған-ды. Мұхтар Әуезов айтқандай: айтыста да шешендік өнердегідей жеңіс тағдырын кімнің ұзақ жырлап, ажарлы сөйлегені емес, жұлыннан тиер жүйелі ой, тапқыр сөз шешетін-ді; сондықтан да, ол ақыннан өзін қоршаған әлеуметтік ортаның жай-жапсарын жақсы біліп, жұрт көкірегіндегі өзекті сауалдарға өз жауабын тайсалмай айта білуді талап ететін-ді; халықтық творчествоның қай төскейіне салсаң да алқынбайтындай алқымы кең, жан-жақты талантпен қоса халықтардың сан ғасырлық тарихының, ру-тайпа өмірінің егжей-тегжейінің, өлке-өңірдің географиясының, тағысын тағы жағдаяттардың ұңғыл-шұңғылына дейін жетік сұңғылалықты қажетсінетін еді.

Жамбылдың үлкенді-кішілі шығармаларын біздің заманымызға ұмыттырмай жеткізген — жыр дегенде ішкен асын жерге қоятын ақынжанды халықтың құйма құлағы. Бір жақтан ақ патша, бір жақтан Қоқан хандығы қоқандаған қысталаң заманда халық жадында көрінген сөздің тегіннен-тегін жаттала да, сақтала да қоймайтыны өз-өзінен түсінікті. Жамбылдың да талай-талай жырлары ереуілді жылдардың сергелдендерінде естен шыққанмен, көпшілігі-ақ көшпелі халықтың күнделікті күйбең-күйбең қамының бәрін ұмыттырып, санның сандығында сары алтындай сан жылдан сақталып келді. Ол жыл өткен сайын қордалана түсіп, бүкіл бір ұлттық көп ғасырлық күрес жолының ұлан-ғайыр шежіресіне айналды.

Жақын жүріп, жақсы білген адамдардың айтуы бо-

йынша, ол өмірді өлердей сүйген, жастарды жақсы көрген, жаны сергек адам болыпты. Әншейінде бабы таптыра қоймайтын қытымыр, кінәмшіл қарияның енді бір кезде сәнді сұлу келіншек ұшырасса тез жадырап, түлеп сала беретіні бәз бір замандастарына ерсі көрінуі де мүмкін. Ол шын арқалы ақындардың қай-қайсысы секілді оңай елігіп, оңай әсерленетін ұшқыр шабыт иесітін. Сондықтан да қашан көзі жұмылғанша сұлулық атаулыға ынты-шынтымен ғана ынтық боп өтсе, оның танданатындай ештеңесі жоқ-ты. Бұл ретте ол ақтық сағатына дейін ғашықтықты жырлап өткен ұлы Гетені еске түсіреді.

Нұрила мен Айкүміспен айтысқанда ол былай демеуші ме еді:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп.
Арыны басылмаған арсыз көңіл,
Тағы да етіп отыр сізден үміт...

Шабытты ақынның қай шығармасында да жан-тәнімен сарқыла сөйлейтін әдеті. Әлгінде ғана түнгі алаудай лаулап отырған аңқылдақ ақын айтыс біткен соң, көшіп кеткен керуеннің жұртында сөніп бара жатқан өлімші қоламтадай сарғайып сала береді. Ондай кезде Жамбыл да оңашаны сағалап, өз-өзінен тұйықталып, беті ауған жаққа теңіреп, сенделіп кететін көрінеді. Кіреукелі көңіліне жұбаныш іздегендей, ұлан-асыр жаратылыстың әлде бір тұңғиығынан жұмбақтап тіл қатқан бармақтай түз құсының үздіккен үніне ғана құлағын тосып, қалған дүниемен шаруасы болмапты дейді.

Ол ауылдан-ауылға сапар шегіп, ат үстінде жүргенді ұнатады екен. Осы кезге дейін далиған дала төсінен айдау қара жол кезіксе, артына домбыра өңгеріп, алағызып ойын бөлмейтін тұғжым торының китің жүрісіне күнірене үн қосып, Жамбыл келе жатқан жоқ па екен деп жалтақтай берем.

Қашан, қайдан оқығаным есімде жоқ: өзіңмен өзің қалған оңаша сәттердің рахаты жайсаң шараптың жандүниенді балбыратар бал ләззатынан кем түспейтін көрінеді. Жетісудің жасыл жондарында жападан жалғыз Жамбыл келе жатыр. Артында — қарлы басы көк тіреген заңғар Алатау; алдында — далиып құшақ ашқан дарқан дала; төбесінде — тұңғиық аспан; төңірегі — жұпар аңқыған бөрте жусан...

Көңіліңнің қай-қайдағы құрыс-тырыстарының бәрі жазылып, көкірегі жаздың көкпеңбек аспанындай жа-

дырай ашылып, көмейін бір сиқыр сөздер қытықтап, көңіліне шым-шым енген тұма суындай, мөлтендеген өлең оралды. Арқасындағы домбыраға қолын сонда да созбайды. Ақын көкірегінің қара шанағы өз-өзінен күмбірлеп келе жатқанда қос ішекті безектетіп қайтсін...

Жайсаң табиғат Жамбыл жанымен алабөтен жарастық тауып, екеуі енді біржолата ажырамас, бүтін бір тұтас әлемге айналады. Дала оған, ол далаға тіл бітіргендей. Лүп-лүп жүрегінен түлеп ұшқан періште канат балапан жырлар заматта қаршыға боп канат қағып, қазіргі түгілі болашақ ғасырлардың ұлан-ғайыр жазираны тегіс көрінетін уақыт, биігінде батыл самғап бара жатады. Өзінің аты соңырағы күні шартарапқа аңыз боп жетер дала Гомеріне қалай айналып бара жатқанын сезбей де қалды. Қандай асқан талант болса да, кез келген ақынды құлағынан сүйреп баяғы Гомердің қасына апарып, қатар қоя алмайсың. Ол орын тек Жамбылға ғана жарасқан. Адамзат поэзиясының көл-дария дастарқанының қақ төрінде уақыт атты топаннан өз халқының жүрегін жырға айналдырып аман алып өткені, екі кемеңгердің тізе түйістіріп бірге отырғаны қандай ғажап!

Мен оның өмір жолының соңғы жылдарына әдейі тоқтамай отырмын. Өйткені, бұл кезде оның аузынан шыққан әр сөз кең байтақ Отанымыздың түкпір-түкпіріне түгел жетіп жатты. Халықтың көз алдында туған бұл жырлар сол бір күллі ел боп шабытқа мінген жасампаз жылдарға тән от-жалын жігерге толы. Ақынның өз ойымен айтсақ, маңдайымен жер тіреп қалған қаусанған кәрі еді, еңсесі көтерілгенде қайта жасарып, бойын тіктеді. Еліміздегі ең жасы үлкен адам жаңа өмірге жас сәбидей тамашалап қарап, тамсана жырлады.

Жастайынан құлағында қалған, талай рет өзі де айтқан қиссалар мен ертегілердегі кереметтер көз алдында шындыққа айналып жатты. Ол өмір бақи саз кешіп, ел бостандығы үшін ереуілдеп өткен өз кейіпкерлері: Өтеген батыр мен Сұраншы батырдың осынау жерұйықты көре алмай, қапы кеткендеріне өкінді. Бәлкім осы өкініш пен халық үшін жан пида ерлерге деген айрықша махаббаты кәрі ақынның шабытына шабыт қосқан болу керек: ол жаңа заман ерлерін ерекше бір ыстық ықыласпен жырға қосты, партия мен мемлекет басшылары, жеңімпаз Қызыл Армия жауынгерлері мен қолбасшылары туралы терең тебіреніске толы толғаулар туғызды.

Совет халқы, әсіресе оның соғыс жылдарындағы

өлендерін ерекше қастерлейді. Оқ бораған қан майданда өзі жүргендей, халық кегінің от лебінен жаралған оның жырлары, алдыңғы шепте шайқасып жатқан жауынгерлердің жүрегіне Отан даусындай әсер етті, қажымас жігер, қайтпас ерлік боп ұялады.

Жүз жасаған қария сөзі қиын-қыстау күндері кімкімнің де еңсесін көтеріп, ата жауды құртуға үндеді. Оның кәрілікке мойынсұнбай, өмірге, бейбітшілікке, жеңіске ынтыққан жүрегінің әр лүпілі фашизммен айкаста жүрген әр алуан халықтардың ұл-қыздарына қалтқысыз жетіп жатты. Оның аузынан шыққан әрбір сөз өзінің жан сырындай көкейіңе қона кететін. Бүкіл совет жауынгерлерінің ортақ бабасына айналған аяулы ақын жыры окоптағы солдат жүрегін өз мейірімімен жылытып, ол ата жауға қорғасын оқ боп атылды. Оның әрбір жаңа жыры күркіреген зеңбіректердің үнінен де күш асырып, майдан аспанын жай отындай жаңғырқытырып тұрды. Сол бір жылдары көзімізді жасқа, көкірегімізді кекке толтырған атақты «Ленинградтық өренім» толғауын қайтып ұмыта аларсың? Төпеген оқ пен аштықтың қысымында қалған қаланың қаһарман халқына бұлай тіл қатуға тек ғасыр жасап, күллі совет халқының айрықша сүйіспеншілігіне бөленген ақын Жамбылдың ғана моральдық хақысы бар еді.

Сөйткен Жамбылдың, өзімізбен бірге колхоз құрып, қала тұрғызып, каналдар қазып, заводтар салып, жаумен шайқасып жүрген ардақты ақынның өмір жолының ұлы сүрлеуінің қай кезі де дәл осындай ерлікке, ел үшін, халық үшін жан пида қаһармандыққа толы болса керек-ті. Халық сөзінің алтын қоймасы Жамбыл көкірегіндегі қазынаны түгелдеп алып қала алмағанымыз, әсіресе революцияға дейінгі творчествосының етек-жеңін жия алмай қалғанымыз өкінішті-ақ. Сонау 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігінен шаттанып қайтқан ұлы ақын өзінің тетелесі Кенен ақсақалға «Көрұғлы» жырының өзі толғайтын нұсқасын алты күн бойына шабыттана жырлап, ақыры шетіне шыға алмай қойыпты. Ал атақты дастанның сол Жамбыл айтқан нұсқасы қайда, ақынның қай кітабына кіріп, қай ғалымның архивінде сақтаулы?...

Жәкеңнің тамаша композиторлық дарыны болғанын, жас кезінде әлденеше әдемі әндер мен күйлер шығарғанын өмірімде алғаш рет, қаптап жүрген әдебиет, музыка зерттеушілерінен емес, ұлы ақынның революцияға дейінгі өмірі туралы деректер жинаумен шұғылданып

жүрген қарапайым журналистен, аудандық газет редакторынан естігенде құлағымнан от шықты. Талай-талай ардақтымыз бен асылдарымыздың атын аузымыздан тастамай, таңдай қағуға келгенде алдымызға жан салмағанымызбен, осы жайсандарымыздың өмірі мен еңбегін тыңғылықты зерттеуге келгенде тым енжармыз.

Мен бұл мақаламда өз халқымыздың жыр мұхитындағы санаулы, азғантай айсбергтердің бірінің су астында салмағымен батып жатқан көзден таса бөлігін әдейі көбірек сөз етуге тырыстым. Өйткені, адам қашанда құпияға құштар ғой. Жаңа заман поэзиясының Сыпыра жырауы — Жәкең өмірінің егжей-тегжейіне тереңдеп үнілген кісі бәлкім қазақ өмірінің кәтерімізден аулақ қалған талай-талай тылсым сырларына тіл бітірер ме еді?

МҰХАМЕДЖАН ҚАРАТАЕВ

АҚЫН ДАҢҚЫ — ХАЛЫҚ ДАҢҚЫ

Жамбылдың өзі өз болғалы жарық көрген тұңғыш кітабы «Песни и поэмы» деген атпен орыс тілінде осыдан отыз жыл бұрын әуелі Алматыда, соңынан Москвада шыққан болатын. Толық жинағы қазақ тілінде Сәбит Мұқановтың бас мақаласымен 1946 жылы шықты. Мұны бүгінгі жас оқушылар жұртшылығы көп аса біле бермейді, әрине. Кітаптың беташарында бірсыпыра фактылармен қазақтың тоқсаннан асқан қарт ақынының бас-аяғы бір-екі жылдың ішінде бүкіл Одақ көлеміне қалай әйгілі болғаны айтылған-ды.

Енді мына жолы сондағы алғаш бұрқ етіп шыққан ақын даңқының сырын және оның осы отыз жыл ішінде шарықтап шыққан биігін бүгінгі оқушыға да аңғартуды артық көрмедік.

1938 жылы 20 майда Алматыда Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толған юбилейі өткізілгенде Совет Одағының ең жоғары наградасы — Ленин орденімен наградталғанын, Ұлы Отанның барлық түкпірінен ақын, жазушылардан, құттықтау телеграммалар келгендігін былай қойып, сонау Европаның жүрегінен, алыс Франциядан Ромен Роллан жіберген телеграмманың бір өзін айтсақ та, қазақ ақынының даңқы қанша жерге кеткенін топшылау қиын емес. Онда ұлы француз жазушысы:

«Батыс Альпінің жүрегінен Қазақстан даласының жүрегіне, өзінің қазақ халқының және жаңа адамзаттың жыршысы Жамбылға туысқандық сәлем!»— деп жазған еді. Жазушылығының үстіне оның бір кезде А. Затаевич жинаған қазақ әндерінің байлығы мен әдемілігіне таңтамаша қалып, керемет жоғары бағалаған музыка маманы екені мәлім. Сол Ролланның енді Жамбыл арқылы дала перзенті — қазақтың халық поэзиясын, оның Алатаудағы алып жыршысын ардақтауы жай емес, бір іздегі табиғи, мағыналы көзқарастан туған баға еді.

Содан екі жыл бұрын, Москвада қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі болғанда, токсандағы Жамбыл да астанаға барып, абыройға бөленіп, көкірегіне Еңбек Қызыл Ту орденін қадағанда: «Орден алған мен емес, қазақтың халық сөзі»,— деуі де Роллан пікірімен үндесетіні сөзсіз.

Ежелден белгілі — «Ерді ел туады, ел данқын ер шығарады». Отанын, туған жерін қорғаған, халқының арнамысын жырлаған, азаттығын арман еткен батыр, дана, ақын, ардагер ер-азаматтар басқа елдердегідей біздің қазақ халқымызда да аз болмаған. Бірақ не пайда, халық басынан кешкен қара түнек замандарда, Ленин айтқандай, талай таланттар тапталып, жаншылып, тұншығып мерт болып отырған, талайдың жігері құм болып, жарыққа шықпай қала берген. Жамбыл осы іспетті халық таланттарының ішінде табиғи дарыны үздік үлкенінің бірі еді. Сондықтан да ол революциядан бұрынғы жетпіс жыл жасаған өмірінде оқымаған сауатсыз бола тұра, бүкіл Жетісу өңіріне аты шыққан дарқан ақын болды. Қазақтың қараңғылық халі, қырық бөлініп қаналған мешеулік жағдайы оның өрісін бұдан ары жібермеді. Соның өзінде ізсіз-ошарсыз өшіп қалмай, сөніп қалмай, жер бетіне жарып шығып, жұрт көзінде жоталы дарын иесі екенін таныта алуы, кейін осы қалып, дәрежеде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының елеулі бір ақындық образына негіз салуы — Жамбылдың көптің бірі емес; ілуде бір ұшырасатын өрен талант екенінің айғағы.

Ал бірақ талант, озат дүниетану тұрғысы болмаса қанаты қырқылған қыранға ұқсайды. Сондықтан революция қарсаңында Жамбыл шыққан әлеуметтік арман биігі туған халқының 1916 жылғы стихиялық қозғалысының деңгейінен аса алған жоқ. Асуы мүмкін де емес еді. Сауатсыз Жамбыл түгіл оқыған азаматтардың өзі ол тұста осы деңгейге бірі жетсе, бірі жетпеді.

Баспа жүзінде қазақ оқушысы Жамбыл есімін ең алғаш 1923 жылы Шамғали Сарыбаевтың хабарлауынан естіп білді. Онда қарт ақын Жамбыл Жетісудің он алты ақынының алдында бірінші аталған. Бір өкініші — Жамбыл есімі содан қайтып он екі жыл бойы баспа жүзінде естілмей қояды.

Бірақ Жәкен жырын тыйған емес. Ешкім елеп, көңіл бөлмесе де, қарт ақын өз төңірегінде революция заманы жаңалықтарына әрдайым үн қосып, халқының күрес жолын, бақыт жолын жырлап отырды. Әттен, амал не, сондағы жырларының дені, ешкім жазып алмағандықтан ізсіз-шарсыз жоғалып кеткен. Тек 1924 жылы Жетісу жері Түркістаннан бөлініп Қазақстанға қосылғанда шығарған «Қазақстан тойына», 1927 жылғы жер бөліс науқанына арналған «Замана ағымы» дейтін бірен-саран жырлары ғана сақталған.

Сәбит Мұқанов Жамбылдың мынадай бір сөзін келтіреді: «Тілі бар кісі сөйлейтін заман туғанда, мен нелер жырлар айтпады дейсің, балалар, талай жырлар айтылған да, айтылған орнында қалып қойған». Нағыз нанымды сөз!

Халық ақындарының алғашқы он-он бес жыл ішінде қағажу көру себебі жиырмасыншы жылдары бізде халық творчествосы өкілдеріне әдебиет ұйымдары тарапынан тиісті көңіл бөлінбеген жағдай болды. Әуелі пролеткультиң, кейінірек РАПП-тың өткен мәдени мұраға, әсіресе халық творчествосына менсінбей қарауының салдарынан осындай жағдай туған.

Партиямыздың Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23 апрельдегі тарихи қаулысы бойынша РАПП-тың қателері сыналып, оның орнына Совет Жазушылар одағы құрылуы, Одақтың басшылығына ұлы пролетарнат жазушысы Максим Горькийдің келуі халық поэзиясына деген көзқарасты мүлдем өзгертіп жіберді. Горький: «Өнер басы — фольклор, зерттеңдер оны, үйреніңдер», — деп Жазушылар одағының бірінші съезінде халық поэзиясын қастерлегеннен кейін бұрын еленбей келген халық творчествосының жарқын таланттары жарқ етіп шыға келді. Олар: Сүлейман Стальский, Жамбыл Жабаев сықылды озық дарындылар еді.

Съезден кейін іле-шала Қазақстанда халық творчествосының слеті өткізілуі Горький бастаған үлкен науқанның бір көрінісі болатын. Өз республикасына Жамбыл сол слетте ғана танылды. Өз өлкесінде, әсіресе ақындар ортасында Жамбылдың қаншалықты қадірлі

адам екенін слетке қатысушылардың өздері-ақ жақсы көрсетті. Слет мәжілісінде Кенен Әзірбаевқа, Үмбетәлі Кәрібаевқа сөз беру кезегі тигенде, олар: «Алдымен Жамбыл ағамыз сөйлесін, біз оның шәкіртіміз — ол тұрғанда бізге жол қайда?!»— деп тұрып алғаны есімізде. Мұнан жиылған жұрт Жамбылдың әдебиет қауымына белгісіз болғанмен, төңірегіне белгілі кәрі шөңге жүйрік екеніне көзі жетті. Қандай жүйрік екенін Жәкең сол жолы сахнада домбыраға қосып айтқан жігерлі де жалынды жырымен көрсетті. Слетте тоқсанға келген тұлғасымен, тебіренген толғауымен топ жарған майталман ақын Москвада өтетін онкүндікке бүкіл өнер иелерін бастап барды. Бүгінгі бақытын тапқан халқының таудай құрметіне бөленіп, шаттықпен шабытына мінген Жамбылдың Москваға сапар шегуі алдында слетте айтқан «Туған елім» дейтін толғауы орысшаға аударылып ақынның суретімен бірге «Правда» газетіне жөнелтілді.

Өмірінде бірінші рет поезға мінген Жамбыл байтақ Отанды кесіп өтіп астанаға жүргенде, дүниеге көзі жаңа ашылғандай болғанын әрзаман аузынан тастамай кетті.

Қазақ өнерінің өкілдерін Москва оркестрмен, қызыл жалау, жұпар иісті гүлдермен қарсы алды, құттықтау сөздер, жылы достық әңгімелер айтылды, әр түрлі сұрақтар қойылды. Сонда Жәкең кәрі-жастың, ер-әйелдің лебізінен өзінің есімін естігенде: «Апыр-ау, осылар мені қайдан біледі?»— деп таң қалды вокзалда тұрып: Оның таңдануына жауап ретінде алдында «Туған елім» толғауымен суреті басылған «Правда» газеті жайылды. Сонда тұрып ол өзіне-өзі: «Өлме енді, Жамбыл!» дегені бар. Осы заматтан бастап бұрынғы тау қойнауында жатқан дала ақыны правдист (правдашыл ақын) болды да кетті. Баяғыда Байрон: «Бір таңда атақты боп ояндым»,— деген екен. Сондай-ақ, Жамбылдың атағы «Правдадағы» бір ғана жырымен бүкіл Одаққа әйгілі болды. Бұл — сирек кездесетін оқиға.

1936 жылы он сегізінші май күні Жамбыл шын ықыласымен сұранып, В. И. Ленин мавзолейіне тағзым етіп шықты. Мавзолейден ақсақал үнсіз, ойлы, терең тебіреніс күйінде оралды. Сол күні кешке толғаған жыры орыс тіліне аударылып «Правдада» жарияланды. Бірнеше күн өткен соң, Ленин тақырыбына қайта соғып, Жәкең данышпан туралы тағы бір жыр төкті.

Он күн бойы қарт Жамбыл тыным таппай Москваны аралап, метроға түсіп, театрларда болып, астаналық-

тармен кездесіп, ылғи домбырамен жыр шертіп жүрді. Осы тұста басқалармен бірге Жамбыл да наградталып, оның Кремльде М. И. Калининнің қолынан Еңбек Қызыл Ту орденін аларда шығарған өлеңі орыс тіліне аударылып, ертеңінде Кремль залында барлық республика өкілдеріне оқылды,

Сөйтіп, бар болғаны он күн ішінде «Правда» мен «Известия» арқылы, радио арқылы қазақ ақыны Жамбылды күллі көп ұлтты Отанымыз, көп миллион халқымыз біліп алды. Біліп қана қойған жоқ, сүйіп оқитын болды, оның кезекті жырын тағатсыз күтетін халге жетті. Мұндай сүйікті ақынның өмірін қалың оқушының біле түскісі келуі, оның өлең-жырларын газеттен ғана емес, кітаптан оқығысы келуі әбден табиғи еді. Осы ықлас, талаппен тұс-тұстан хаттар, өтініштер төгілді — жасы, ұлты, кәсібі, жынысы әрқилы адамдардан түскен өтініштер... Бірақ ол тұста жазылған кітабы да, өмірбаяны да жоқ болатын. Қағаз бетіне түскен жырларының саны оннан аспайтын. Сондықтан 75 жыл ақындық құрған Жамбылдың шығармаларының есте қалғанын, ел аузында жүргенін жазып, жинап, жариялау, өмірбаянын жасау, орыс тіліне аудару — бірден-бір маңызды, кезек күттірмейтін міндет болды. Бұл міндет орыс ақыны Константин Алтайскийге жүктелді. Ол арнайы Алматыға келіп, жедел іске кірісті. Маған кітаптың беташары тапсырылды.

Мәселенің қиындығы — Жамбылдың хат танымауы еді. Сол себепті оның қасына хатшы қойып, тақырып беріп бұрын-соңғы жырларын жазып үлгіру бір қиындық келтірсе, жазып алғанды әдеби жөнге келтіріп, орысшаға аудару екінші қиындық туғызды. Қалайда даңқты ақынның тұңғыш кітабының шығуы бүкіл Одақ бойынша мәдени өмірдің үлкен оқиғасы боп табылды.

Ал ақынның өмірбаянының жасалуы да оңайға түскен жоқ. Тоқсан жылдық өмірді толық еске түсіру тіпті де мүмкін емес-ті. Әйткенмен Алтайский анкета жасап, 56 сұраққа жауап алғанда, ақын өмірінің кейбір елеулі кезеңдері көзге елестеді. Сөйтіп, Жамбылдың ең бірінші өмірбаяны пайда болды. «Ақын өмірі» деген атпен ол әуелі «Литературная газетада» жарияланды да, кейін мектеп хрестоматияларына енді. Бұдан кейін кімде-кім мақала жазсын мейлі, кітап жазсын мейлі — осы өмірбаянға соқпай өтпейтін болды...

...Жер, көкті қаптап түтеген ақ боран. Аңадайда Жамбыл тауының нобайы көрінер-көрінбес. Түйелі көш

сол тауды бөктерлей ызғып барады. Көштің сонын ала қуғыншыларға тосқауыл болу үшін аттылар шеп құрған. Бұлардың қашып келе жатқандары — Қоқанның басқыншы озбырлары. Қашқын көште Ыстыбай баласы Жабай батыр бар, оның екіқабат әйелі Ұлдан бар. Ұлдан қоршау ішінде толғатып ұл туады. Боранда туған баланы жабағыға орап, Жамбыл тауының атын қояды. Бұл 1846 жылдың февраль айы еді.

Жамбылдың балалық шағы көшпелі ауылда, киіз үйде өтеді. Таяқ мініп, қозы бағады. Әкесі оқытпақ боп молдаға берсе, оның шыбығына шыдамай қайсар бала қашып кетеді. Тентек бала аталуы да сондықтан.

Жамбылдың нағашы ағасы Қанадан қобыз да, домбыра да тартады екен. Жамбыл одан домбыра үйренеді. Бала кезінен-ақ домбырамен өлең шығара бастайды. Бірақ мұнысын әкесі ұнатпай, Жамбылдың өлеңші болуына тыйым салмақшы болып: «Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген атақ аз боп жүр ме? Сексен бірінші боп қайтесің, — дейді.

Бірақ әке тыйымын өлеңге деген құштарлық жеңбей қойған жоқ. Естіген өлең, жыр, дастан, ертегілерін қағып алатын зерек жас Жамбыл соның бәрін жадында сақтап, ауыл арасында домбырамен айтатын болады. Арагідік өз сөздерін де кірістіріп қояды. Сауатсыз болғанмен ауыз әдебиетін дәл танып, дұрыс бағалайтын сахара жұртшылығына құлақ асар жаңалық айту — ілуде біреудің ғана үлесіне тиетін іс. Жетісуға атағы әйгілі Сүйімбай ақынды бір көріп, батасын алу Жамбылдың жастайынан арман-мүддесі еді. Бір күні аулына Сүйімбай келіп Жамбылдың өнерін көрген соң тәнті болып, Жабайға «балаңның бағын байлама» деп ақындық «кәсіпке» ұлықсат әпереді. Мұны Жабайдың беделді ағайыны Сарыбай да қостап: «Баланың бетін қақпа», — дейді.

— Қадамың құтты болсын, балам! — дейді Сүйімбай. — Айтсаң өшпейтін өз сөзіңді айт! Айтқаның бірге емес мыңға жақсын. Тамағың жырламасын, жүрегің жырласын!

Жамбыл өз аулында жиырма жеті жасқа шейін тұрып, кейін ел кезіп кетеді. Оған бір себеп ақындық болса, екінші — сүйген қызынан еріксіз ажырауы еді. Алып қашып қосылған қызы Бұрымды елдің жуандары тартып алып шалға сатады да, күйінген Жамбыл домбырасын өңгеріп, Жетісу өңірін, Шу, Сыр бойын, қырғыз, өзбек жерлерін аралап кетеді.

Ақын атағы айтыста шығатыны белгілі. Шаршы топтың алдында белгілі бір ақынды жеңбей тұрып ешкім ақын деп танылмаған. Сондай-ақ, Жамбылдың атағы да көп ақындармен айтысып жеңгеннен кейін әйгілі болады. Еңбекші бұқараның мүддесін көздеген Жамбыл өзімен пікірлес Майкөт, Бақтыбай, Сары сықылды ақындармен жай ғана зілсіз қағысса, Құлмамбет, Сарыбас, Досмағамбет сықылды үстем тап жыршыларымен айтысқанда қырқысып, барлық уыт, зәрін төгіп, оларды қалай да әшкерелеп, жеңіп шығуға жанын салғанын көреміз. Сондықтан да Жамбылдың абырой, данқы осы айтыстарда асып, ақындық шеберлігі шындалады.

«Айтыстың арыстаны» аталған Жамбыл өткір, уытты жырлармен қатар кең тынысты ұзақ эпикалық туындылар шығарады. Халық эпосы мен ертегілерінің және тарихи жырлардың дәстүрінде ақын «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сықылды белгілі поэмаларын туғызды. Бұл поэмаларда Жамбыл халық бақытын көксейді, халықтың жақсы өмір, құнарлы жер туралы асыл арманын жырлайды. Осы арманмен халқына бақыт, жерұйық іздеп шығанға шығып, талай қиындықтарды жеңген Өтеген батырды мадақтайды. Өтеген өмірде болған адам. Ақын оның образын миф әдісімен жырлайды. Туған халқын шексіз сүйген Өтеген батырдың ерлік образы, фольклордан келген қиял ертегілерінің әсерлі бейнелері, айшықты өлең, лирикалық сарын, әсем бояулы тауқұз, өзен, даланың әсем суреттері — Жамбыл поэмасының тамаша көркі сол.

«Сұраншы батыр» дастанында өмірде болған адамның іс-әрекетін реалистік жолмен суреттеген. Мұнда Қоқан хандығының озбырлығына қарсы күрескен Сұраншы батырдың өз образымен қатар оның орыс, қырғыз жолдастарының да образдары жасалып, халықтар достығы сезімі ақынның сүйекті шығармасына өзек етіп алынған.

Бірақ үлкен бір өкініш: Жамбылдың революциядан бұрынғы творчествосынан сақталғаны аз-кем-ақ. Неге десеңіз — ешкім оның өлең, жырларын жазбаған, тек халық жадында ғана бірсыпырасы сақталып, ауыздан ауызға көшіп келген. Әсіресе үлкен айтыс жырлары мен поэмаларын бізге жеткізген оның Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Өтеп сықылды ақын шәкірттері. Мысалы ақынның революцияға дейінгі «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық», совет тұсындағы «Қазақстан тойына», «Замана ағымы» сықылды жырлары бізге осылай

жеткен. Жамбылдың өзі және оны жақсы білетін жұрттың айтуына қарағанда, ел ішінде ертелі-кеш қандай елеулі оқиға болса, соның қай-қайсысына да халықшыл өжет ақынның тебірене үн қатпағаны жоқ.

Жамбыл қазақ жеріне келген орыс шаруаларына жылы қарап, аралас-құралас болғанмен, патшаның озбыр, паракор чиновниктеріне жаны қас болыпты.

1913 жылы Россияда және оның алыстағы отар түкпірлерінде Романовтар семьясының 300 жыл патшалық құрғанын тойлайды. Сонда ауыл-ауылдарға шабарман жаршылар жіберіп, ел ішіндегі ақын, палуан атаулының бәрін Верныйда (Алматыда) болатын үлкен жиын-тойға шақырады. Осы жиынға он бес ақынның басы болып алпыс алтыдағы Жамбыл да келеді. Бірақ басқалар патша жұрағатын мақтап, мадақтап жатқанда, Жамбыл оны өткір тілімен түйреп қайта мазақ етеді.

Ал үш жыл өткеннен кейін қазақ даласында атакты 1916 жылдың қарулы көтерілісі басталғанда, Жамбыл да халық күресінен сырт қалмай, өзінің кекке толы айбынды жырларымен халықтың жауынгерлік рухына дем береді. Сол үшін патша сақшылары қайсар ақынды түрмеге жабады.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы қазақ халқына бақыт таңын атқызбаса, Жамбылдың өмір жолы, ақындық дәурені осымен үзілген болар еді. Жетпіске келіп, жер қауып қалған «кәрі тарланның» қайтадан еңсесін көтерген сәулетті Совет заманы Жамбыл творчествосының жаңадан қайнар бұлақ көзін ашты. Ол өлең айтудан бұрын алдымен өзі жаңа өмір құрылысына жан сала араласып кетті. Алғашқы совет сайлауына, жер бөліс, кәмпеске, колхоздастыру науқанына белсене қатысып, Ерназар дейтін ауылда колхоз ұйымдасқанда, сексеннен асқан кәрілігіне қарамай, Жәкең колхозға бірінші боп кіреді.

Совет өкіметінің қазақ даласына енгізген жаңалықтары Жамбылдың ақындық шабытын қоздырып, дана жыршы сүйікті партиямыз бен ұлы көсем Ленин туралы, Советтік конституция мен халықтардың достығы, бауырмалдығы туралы, жұмысшылар мен шаруалардың қызыл армиясы туралы, әйелдердің азаттығы мен комсомол, пионер ұрпақтарының жайнаған жастығы туралы тамаша жырлар қоздатты.

Совет заманында жасаған отыз жылдың орайында, әсіресе соңғы тоғыз жыл ішінде жасы жүзге қарай ойысқан жыр атасы Жамбыл совет поэзиясының алдыңғы

шебіне шықты да, оның керемет толғаулары СССР халықтары мен шет ел тілдерінің көбіне аударылып, ақындар ақсакалының атағы жер жүзін шарлап кетті.

Осы сөздің авторының Жәкеңмен жақын жүріп, жақсы білген кездері аз болған жоқ. Сондағы жаны жас, жайдары да қайратты, эзілкештігі мен аздаған кесірлік мінезі де бар дарынды ақынның жарқын адамгершілік бейнесі бүгінгідей көз алдымда.

Жамбылмен етене араласқан тұсым — Кавказға барған жолы. 1937 жылғы декабрь айының басы еді. Алматыға жаңа ғана ақ мамық қар жауған. Ағаш бұтақтары аппақ тиін түктес үлпілдек көбік қарға оранып тамылжып тұр. Жел де жоқ, ешбір сыбдыр да жоқ. Астанада тұңғыш трамвай жүре бастаған. Оның дөңгелек салдырына тау жаңғырығы жауап береді. Бір күні Москвадан, СССР Жазушылар одағынан В. П. Ставский қол қойған телеграмма келді. Қазақ жазушылары делегациясын Тбилисиде болатын мереке мен СССР Жазушылар одағының пленумына шақырыпты. Мереке мен пленум Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасының 750 жылдығына арналған. Телеграмма да «Қазақ делегациясын Жамбыл басқарып келсін», — дегенді ашып айтыпты. Жол алыс. Токсандағы кісіні қалай апару керек? Мәселені өзіміз шеше алмай, Орталық Комитетке барып, Леон Исаевич Мирзоян жолдасқа кірдім. Леон Исаевич сәл ғана қабағын шытып:

— Қиын екен. Шалдың өзінен сұраңдар. Барғысы келсе, тоқтатпайық. Бірақ жолда бірдене болса, сендер жауап бересіңдер, — деді.

Ауылдан Жамбылға машинамен Қалмақан Әбдікадыровты жібердік. Сол күні кешке Жамбылды алып келді. Жәкең бармаймын деп отырып, ақыры жүруге көніпті. Бірақ шәкірті Кенен мен баласы Сатышты ертіп жүруді шарт етіпті. Шалдың шартын қабылдауға тура келді.

Делегация Тбилисиге поезбен Москва арқылы жүруге аттанды. Міне, осы сапарда біз Жамбылды халықтың қалай қадірлейтінін көзімізбен көріп ғажап қалдық. Қала бас сайын, үлкен станция бас сайын жұрт сүйкімді ақынын салтанатпен қарсы алып отырды. Қарсы алғандар қолдарына жалау ұстап, гүл ұстап, оркестрмен келіп, станция басында сөздер сөйленді, интервьюлер жазылды, бүкіл совет халқына ортақ қадірлі ақынның денсаулығын сұрасты. Комсомол жастар келіп, өздерінің іс, жеңісі жайлы рапорттар берсе, пионерлер сырнайла-

тып, барабандатып келіп, ақын атаны құттықтаумен, ардақтаумен болды. Мұндай кездесулер тек Қазақстан жерінде ғана емес, кең байтақ Россияның Орынбор, Қуйбышев, Саратов қалаларында да болды. Ең ғажабы сол — Жамбылды осынша кең орыс жұртшылығы бас-аяғы бір жарым жылдың ішінде біліп алған. Осыған орай айта кету керек, сол бір-екі жыл Жамбыл творчествосының алабөтен жемісті кезеңі еді. Өйткені К. Алтайский мен П. Кузнецов сықылды орыс аудармашылары осы тұста Жамбыл боратқан жырларды әзер-мәзер аударып үлгіргені әлі есімде.

Жолға шыққан күні Жәкеңнің жүрегі лоблып, басы айналып мазасы кетіп қалды. Бәріміздің зәре-құтымыз қалмады. Жамбыл станциясында (онда ол Мирзоян деп аталатын-ды) бізді қарсы алуға колхозшылар келіпті. Ішінде Жәкеңді танитын шалдар да табылды. Олар даңқты жерлесіне бал татыған сары қымыз бен тоқтының бас салған уыз етін алып шығыпты. Халқының ықыласына қатты риза болған Жәкең бір заматта жайсыз күйінен айығып сала берді. Поезд Түлкібастан өткен тұста Жамбыл купеде оңаша қалды. Терезеден тау бөктерлеріне төне қарап отырған. Бір мезетте ол Тайыр Жароковты шақырып алып:

— Қайыр, (Тайырды Жәкең, неге екенін білмеймін, Қайыр деуші еді және сонысы біртүрлі жылы естілетін) қағаз қарындаш алшы! Жаза алар ма екенсің...— деді.

Мұнан бұрын Жамбылдың жырларын аз уақыт оның әдеби хатшылары болған Қасым Тоғызақов, Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, Қалмақан Әбдіқадыровтар жазып алып келген. Жазып алғанын олар Жәкеңнің өзіне оқып беріп, ең соңғы өңдеу енгізетінін талай көргенмін. Бұл жолы да солай болды. Ақын домбырасын дыңғырлатып отырды да жыр өлеңдерін төпей жөнелді. Тайырдың қарындашы да домбыра қаққан ақын саусағымен жарыса жанталасты. Көп ұзамай Жәкең жырын тоқтатып, домбырасын алып қойды. Тайыр жазғанын оқып шықты. Автор тағы бір-екі сөз қосты. Бәріміз отырып жырдың атын қойдық: «Кавказға сәлем» бәлсын делінді. Мен табанда жолма-жол аудармасын жасадым. Павел Кузнецов орысша өлеңге айналдыруға кірісті.

Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларында да тамаша кездесулер болды. Оның бәрін еске түсіру қажет емес шығар. Орыс жеріндегі кездесуді айтсақ та жетер.

Поезд Орынборға түнде келді. Жамбылдан басқамыз ұйықтап қалыппыз. Түн ортасында бізді қарсы ала-

ды деген ой келмепті. Біз вагондағы шудан оянып кеттік. Біреулердің: «Жамбыл қайда?», «Ұйықтап жатқан жоқ па?»— деген дауыстары естіледі.

Үстінде халат, басында тақия, Жәкең келгендердің алдынан шықты, Орынборлықтардың қоршауында тұрып ол:

— Балаларым-ау, түн ішінде несіне әуре болдыңдар?— деді.

— Сіздің әуреніз біздікінен үлкен ғой,— деді тыңдаушының біреуі:— Сіз біздің балаларымыз үшін «Бесік жырын» айтыпсыз. «Известиядан» оқып, жаттап та алдық.— Бәрі де қарт ақынға көп-көп жылы сөздер айтып жатыр.

Москвада «Националь» атты қонақ үйіне тоқтадық. Осы арада мынадай бір көріністі еске ала кетейік. Қонақ үйінің сыртқы есігінен кіре бергенімізде, үлкен залдың төр жағында жас қыз тұрған. Сары шаш, көгілдір көз, талдырмаш қыз бала жүгіріп келіп Жамбылдың бетінен сүйіп былай деді:

— Мен сіздің бір өлеңіңізді де жібермей оқимын. Көбін жатқа білемін. Мысалы: «Пушкин туралы жыр» мен «Бесік жырын» жанымдай жақсы көремін...

Шай ішкеннен кейін жатып едік. Ұйықтап кеткен екенбіз. Телефон шыр ете қалды. Сағат төрт болыпты (Алматы уақыты бойынша сағат жеті). Трубканы көтерсем, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Мирзоян екен. Жамбылдың қалай жеткенін, денсаулығын сұрады. Мен бәрі жақсы екенін айттым. Мирзоян «Жамбылды Москвадан қайтарындар, біреуің ертіп әкеліндер, ұзақ жолды қарт адам көтере алмай, ауыртып аларсындар»,— деді. Оянып кеткен Жамбылға Леон Исаевичтің не дегенін айтып едім. Жәкең жұлып алғандай:

— Мырзажанға айтқын. Мен бір шыққан соң жарты жолдан қайтатын қатын емеспін. Қайтпаймын,— деді шытынап.

Шалдың намыстанып айтқан сөзін естіп, Леон Исаевич ха-хахалап күлді де:

— Барсын олай болса,— деді.

Содан кейін:

— Ал бірдеңе болса, сіздер жауап бересіздер,— деді.

Келесі күні Тбилисиге жүріп кеттік. Поезд үстінде Қавказ туралы, Грузия туралы, Шота Руставели туралы, осы Қавказға бір кезде жер ауып келген Пушкин

мен Лермонтов туралы, Қазақстан жеріне айдалып келген Тарас Шевченко туралы әңгіме болды. Бұл әңгімені ақынның жаңа жырына тақырып беру мақсатымен, әдейі қозғап отырған Тайыр екеуміз. Соңында мен Жәкене:

— Тбилисиде, үлкен жиылыста домбырамен бірдеңе дейсіз ғой,— дедім.

— Жоқ!— деді шал үзілді-кесілді.— Оқыған өздерің сөйлей беріңдер.

Кейде оның өстіп кесір сөйлеп, қиқарланып қалатынын білетінбіз. Әйткенмен сескеніп қалдық: алыстан әдейі келіп тұрып, атақты Жамбыл бір ауыз сөз айтпай қойса қайтеміз?..

Тбилисиге поезд екі сағат кешігіп келді. Жаңбыр жауып тұр. Әйткенмен перронда Жамбылды күтіп тұрғандар тым көп екен. Барабанымен, гүлдерімен күткен бір топ пионерлер, аппараттарымен ерсілі-қарсылы жүгіріскен фотографтар, журналистер, кинооператорлар. Бұдан бір күн бұрын ашылған Жазушылар одағы правлениесінің пленумы Жамбылды қарсы алу үшін мәжілісіне үзіліс жасап, вокзалға көп жазушылар келіпті. Ішінде мен танитындардан: Демьян Бедный, Владимир Ставский, Янка Купала, Павло Тычина, Георгий Леонидзе, Семен Чиковани бар.

Вокзалдағы депутаттар бөлмесіне 4—5 минут дем алдырып, Жамбылмен амандасып болғаннан кейін он шақты машина «Ориенталь» дейтін қонақ үйге тартты. Мұнда Жамбылды бес бөлмесі бар үкімет номеріне түсірді. Жәкеңмен бірге біз бесеуміз де сонда орналастық. Кішкене отырып, жүрер алдында Ставский Жамбылдың ертең пленумда сөйлейтінін хабарлады. Бұған да шал қиқарланыңқырап:

— Не деймін мен онда келмей жатып? Сөйлегіштер бар ғой,— деді. Бірақ бұл сөзді мен орысшаламадым. «Шаршағанын айтады» дей салдым. Ішімнен енді шын қысыла бастадым. Шал қырсығып расында сөйлемей қалса, не қылмақпыз деп бүкіл делегация болып абыр-жыдық.

Жамбыл пленумның президиумына шыға келгенде, күллі зал тік тұрып құрмет көрсетті. Грузиннің ақын қызы:

— Бүкіл Одақтың бұлбұлы — ұлы Жамбыл ақын жасасын!— деп дауыстап жіберді.

Пленум мәжілісін басқарып отырған Всеволод Вишневский Жамбылға сөз берді. Домбырасын қабынан шы-

ғарып, қолына ұстата қойдым. Қыңыр шал қырсығып сөйлемей қойса, не бетімізді айтамыз деп жанымыз тырнақ ұшында. Байқасам, алдыңғы қатарда блокноты мен қарындашын әзірлеп отырған Тайырдың қолы дір-дір етеді.

Ақын домбырасын қолға алған кезде зал іші тына қалды... Әуелі тамағын кенеп, қанатын қомданған қырандай аз-кем құнжындап, екі иығын бүлкілдетіп, домбырасын қағып-қағып жіберді. Сонан соң сөзсіз үнін созып бір қайырды да, нөсер жаңбыр секілді сөз бұршағын төге жөнелді. Қарасам, Жәкеңнің бүйрек бетіне күренітіп қан жүгіріп, маңдайынан шып-шып тер шығып тұр екен. Ақынның саусағымен бірге жауырыны да ойнақшып, жыр тасқынын барған сайын үдете түсті. Қарт дүлдүлдің талай шабысын көріп едім, бірақ бұл секілді шабытпен, бұл секілді құшырлана да құлшына сілтегенін көруім бірінші рет. Түйдек-түйдек түскен тенеу мен образдар, үсті-үстіне төпеген арынды өлең шумақтары басқа түгіл біздің өзімізді таң қалдырды. Бір замат алда отырған Кенен мен Тайырға көзім түсіп кетіп еді — екеуінің де көзінен жас ағып отыр екен. Жолда айтылған әңгімелер бекер кетпепті. Көбін іліп, көбін ұғып қалыпты сақ құлақ жыршы. Көз алдымызда Асан Қайғыдан бастап, грузиннің Шота Руставелиі, украинның Тарас Шевченкосы, орыстың Пушкині — бәрі бір қатарда тізбектеліп, керемет жыр желісін тартып, ұрпақтардың мираскерлігін, халықтардың өшпес даналығын, өзара достығын, адамзаттың мәңгі өлмес өмірін ақындық образдармен дәлелдеген тамаша туынды пайда болды. «Өмір жыры» деп аталған бұл өлеңінің басталар жеріндегі:

Еске алсам ертегідей ертеңі өткен,
Талай жан жүрегінің жырын төккен.
Еңіреп ен даладан бақыт іздеп,
Таба алмай, аңсап Асан Қайғы да өткен,
Құландай қақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен,—

деген шумағы әлі есімде.

Бұл туысқан елдердің Шота, Пушкин, Шевченко сықылды даналары туралы толғау алдында логикалық кіріспе, ақындық кілт іспетті айтқаны еді ақынның. Қазақтың Асан Қайғы, Қорқытының тағдыры мен грузин, орыс, украин ақындарының тағдырынан Жамбыл тарихи ұқсастық таба сөйлеуі қазақ ақынын барлық халыққа жақындата түсті. Жамбылды бүкіл ұлт жазушылары

мен оқушыларының шын жүрегімен қарсы алып, құрмет көрсетуінің негізгі бір себебі осы болу керек.

Жыр аяқталған кезде, тыңдаған жұрт бірнеше минут тырп стпей тынып қалды. Қазақша түсінетіндер жаңа туған жалынды жырдың көркемдігімен бірге мазмұнына да мәз-мейрам болса, қазақша түсінбейтін сөз шеберлері жыр текстінің әсем музыкасын, лек-легімен ағытылған толқынды өлең шумақтарының ырғағын, халық поэзиясының асқақ патетикасын сезіп сүйсінді. Қалың қауым бұл жолы халық ақынының орысшаға аударылған дайын жырын оқып қана тәтті болған жоқ. Алдымен сол жырдың қазақ тілінде туу процесін көріп таңтамаша әсерге бөленді.

Осы әсерге ұйып құлаққа ұрған танадай, бір мезет тынған тыңдаушылар ду қол шапалақтап, залды басына көтерді, айқай ұран, құттықтауларға айналды.

Вишневский келіп Жамбылды құшақтай алды.

— Міне, данышпан шал!— деді Ставский.

— Ақындардың әкесі ғой!— деді Николай Тихонов.

Сондағы әсерін Н. Тихонов көп жыл өткен соң еске алып, Жамбыл туралы «Ақындардың атасы» деген мақала жазғаны мәлім.

Осы әсерді президиумда тік тұрып тыңдаған Микола Бажан, Янка Купала, Георгий Леонидзе де қоштап тұрды. Пленумда туып, «Өмір жыры» деп аталған Жамбыл жыры Тайырдың жазып алып, Павел Кузнецовтың аударуымен орыс тілінде келесі күні Тбилиси еңбекшілерінің салтанатты мәжілісінде оқылды. Грузия астанасы Қазақстан жыршысын тік тұрып овациямен қошемет көрсетті. Бір күні Гори қаласына барып қайтпақшы болып вокзалға келдік. Әлденендей себеппен поездға бірер секунд кешігіп қалыппыз. Поезд жылжып жүріп барады. Соңғы вагондағы кондуктор жүгірген Жамбылды танып, өз жауапкершілігімен поезды тоқтатты да, бәріміз де үлгіріп кеттік. Мұның өзі қарапайым адамдардың алыстан келген қазақ ақынын қаншалықты қастерлеп қадірлейтіндігінің айғағы еді.

Грузияға бару сапары Жамбыл творчествосы үшін жемісті сапар болып табылды. Жолда, атақты қалалардан (Орынбор, Чапаевск, Махачкала, Дондағы-Ростовтан) өткен тұстарда, Москвада болған күндерде туған жырлар «Путешествие на Кавказ» деген атпен 1938 жылы Москвада кітап болып жарияланды.

Жамбылдың Грузия сапарына байланысты жырларының қалай пайда болғаны туралы мұншама көп сөз

етудегі мақсат мынадай бір түйткіл сұраққа жауап беру: көп адамдар Жамбылды жақын білмей тұрып, сырттай тон пішіп, күдік айтатыны бар. Сауаты жоқ қарт ақын мұның бәрін қалай біле береді, заманның күрделі мәселелеріне қалайша үн қоса алады — басқа біреулер жазып бермей ме екен дейді олар. Басқа кездері өз алдына, Жамбылдың осы бір сапарда туған жырларының қалай туған жағдайын көрген кісінде әлгідей күдік болмас еді. Біз өз көзімізбен көрдік. Жамбыл ештенені оқып білген емес, естіп, тыңдап білген. Естігенін, тыңдағанын жадына жазып алып қалатын ғажап қабілеті бар еді. Таң-тамаша қалатын қабілет! Ал бірақ мәселенің байыбына барсақ, осының өзінде белгілі заңдылық бар. Бұл, арғы жағын айтпай-ақ, баяғы Бұхар жыраудан бастап, осы заманның Жамбылына дейін талай-талай саққұлақ, сұңғыла ақындарының бәріне тән қасиет. Олар айнала дүниеден оқып хабар алмаса да, ұзынқұлақтан естігенін, яки өз құлағымен тыңдағанын жазатайым жібермей қағып алатын айрықша талант иелері болған. Ұлы думан айтыстарда әйгілі ақындардың екі жақтағы ел өмірін керемет білгендігіне қазір де таң қаласыз. Айнала дүниені томағасын алған қыран қырағы көзімен қандай тез шолса, ақын да әлем дүниесін сақ құлағымен естіп білген. Осы дәстүрмен тәрбиеленген ерекше талант иесі Жамбылға белгілі бір тақырыпқа түсінік берсе жеткілікті: айтқанынды қағып алады да, арғы жағын өзі-ақ қиялымен қазбалап, тереңдетіп алып кетеді. Дарынды қазақ ақындарының осы бір ежелгі дәстүрлі қасиетін білген адамға Жамбылдың ұғымталдығы күдіктендірмейтін заңды қасиет болуға тиіс.

Жоғарыда айтқанымыздай, сол жылы май айында Алматыда Жамбылдың ақындық творчествосына 75 жыл толғанын атаған айрықша юбилей өтті. Мұндай юбилей әдебиет тарихында бірінші болса керек. Тойға Совет елінің көп жерлерінен өкілдер келді. Соның ішінде Жамбылмен Тбилисиде танысып, достасқан украин ақындары Павло Тычина мен Микола Бажан да бар.

Даңқты жыршының атына тұс-тұстан телеграммалар жауды. Вешенская станциясынан Михаил Шолохов:

«Сіздің құдіретті талантыңызға тәнті бола отырып, Сіздің жырларыңыздан тапқан қуанышым үшін шын жүрегімнен алғыс айтамын. Сізге перзенттік ыстық сәлемімді жолдап, деніңіздің сау, көңіліңіздің шат, күшқуатыңыз мол болуын тілеймін», — деген телеграммасында. Сондай-ақ, Берлиннен Иоганнес Бехер: «Неміс

жазушылары шын жүректен құттықтап, ыстық сәлем жолдайды»,— деген. Парижден жоғарыда айтылған Ромен Ролланның телеграммасы келді.

Ал Қазақстанның өз ішіне келсек, мұнда Жамбыл тойы бүкіл халықтық мерекеге айналды. Тойға республиканың барлық жерінен ақындар қатысып, әрқайсысы ұлы ақсақалға өз жырларын әкеп сыйлыққа тартты. Көп ұлтты, көп тілді Ұлы Отанымыз тоқсандағы жыршының жаз күніндей жайнап құлпырған екінші жастық шағын көріп шат-шадыман сезімге бөленді.

Ат үстінде жігіт, от басында байсалды отағасы, ақындар ортасында ұстаз, адамға жақын, қарапайым сөзге тапқыр да өткір жыр бұлағы Жамбыл кімді болса да тәнті қылып, таң қалдыратын еді. Оны Тбилисиде көрген Симон Чиковани мынадай телеграмма жіберіпті: «Жасасын халықтың данышпаны, данасы, совет поэзиясының мақтаны, біздің ұлы заманымыздың, Ұлы Отанымыздың жыршысы мәңгі жас Жамбыл... Күн бейнелі Руставелидің Отанынан гүлденген қазақ елінің ақынына жалынды сәлем».

Жалпы совет халқының сүйіктісі болған Жәкең бейбітшілік жылдары Социалистік Отанымызды, халықтар достығын жырлап өтті. Ал Ұлы Отан соғысының өрті лап еткен тұста дарқан ақынның музасы қаһарлы рух алып, совет азаматтарын ерлікке, күреске шақырды, фашист басқыншыларының арам ниетін әлем алдында әшкерелеуге бағышталды. Жамбылдың сүйікті ұлы Алғайдай майданда ерлікпен қаза тапты. Өзінің қайғыдан туған мұңды өлеңінде де Жамбыл ұлы шайқастың қасиетті мән-мағынасын терең ұғынып, жауды жеңбей тынбауды насихаттайды, ал жеңу жөнінде дана жыршының сенімі таудай, оған зәредей күмәні жоқ.

Оның соғыс тұсындағы жырлары дұшпанға қарсы жұмсалған сұмдық қаһарлы құрал болды. Жүздеген әскери бөлімшелерден, әскери аэродромдар мен корабльдерден Жамбылға совет жауынгерлері ағыл-тегіл хаттар жіберіп, ақын жырларының жауға автоматтан, танкіден, «катюшадан» бір де кейін тимейтінін жазысты. Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» атты атақты жыры плакатқа жазылып, қоршауда қалған Ленинградтың дуалдарына ілініп, ленинградтықтарға керемет әсер жасағанын, оларға күш-қуат, рух бергенін көп майданшы жазушылар есіне алысады. «Жамбыл Ленинградқа келіп, қаланың қорғаушыларының қатарына тұрғандай болды,— деп жазды Н. Тихонов «Литературная газета»

да». — Ол ленинградтықтарды өз ұлдарым деп бауырына басты. Ақын бойында лап беріп лаулаған ұлы әкелік сезіммен біз совет халықтарының туысқандығы дегеннің не екенін қиналған жанымызбен нақты сезіндік. Сол күні әрбір ленинградтықтың үйінде Жамбылдың үні естіліп тұрды. Радио оның өлеңін майданға жеткізді».

«Правда» газетінде Всеволод Вишневский «Ленинградтық өрендерімнің» әсері туралы былай деп жазды: «Бұл жолдауды біз көз жасынсыз, қуанышты тебреніссіз оқи алмадық. Бұл хаттың құндылығын біз күшті резерв келіп жеткенге барабар бағаладық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, махаббатын және достық сезімін жіберді де, біз қуатымыз екі есе асып, ұрысқа кеттік».

Өнер туындыларына СССР мемлекеттік сыйлық беріле бастаған тұста, Жамбыл бұл сыйлыққа Қазақстанда алдымен ие болды. Үкімет қаулысында қарт ақынға сыйлық «Әмбеге аян жырлары» үшін берілді делінген.

Шынында «Ленинградтық өрендерім» Жәкеннің «Әмбеге аян жырларының» маңдай алдысы еді. Бұл жырында бүкіл Социалистік Отанның жаршысы Жамбыл ақын ел басына қатер туған шақта дәуір биігінен үн қатып, күллі совет халқының ұлы күшіне, ер ұлдарына сенім канатын байлағандай еді.

Барлық елім, бар ерім,
Қаптады, қаптайд калмастан!
Қуаты өткір алмастан,
Талқандайды қоймастан
Фашист иттің қалғанын!
Таба алмастан баспана
Көрерміз сонда доңыздың
Онда өртеніп жанғанын.

Ұлы шайқаста совет халқының женетіндігіне шексіз сеніп, жіті көрегіндікпен толғаған Жамбыл жырлары совет жауынгерлерінің жүрегіне таусылмас жігер қосып, қарт ақынның даңқын көкке көтерді. «Ленинградтық өрендерім» көркемдік ерекшелігі жөнінен халық поэзиясының эпикалық кең тынысты дәстүрі мен философиялық және патетикалық толғау тереңдігін жалын атқан патриоттық идея арқылы ұштастырған Жамбыл талантының шарықтау шегін танытты.

Соғыстың қиын-қыстау жылдарында Жәкен:

— Женісті көзіммен көрмей өлмеймін, — дейді екен.

Айтқанындай, дана ақын жеңісті көріп өлді. Ол 1945 жылы 22 июнь күні дүниесі салды.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, Қазақ республикасының үкіметі Жамбылдың қайтыс болғанын хабарлағанда, оны «халық поэзиясының алыбы, ХХ ғасырдың Гомері» деп атаған.

Жамбыл қазасының жаңғырығы дүние жүзінің түкпір-түкпіріне жетті. Ақын табытын Алматыдан туған ауылына алып жүргенде, ағылған жұрт жетпіс шақырым жолда бір де үзілген жоқ. Күміс күмбезді мавзолейдің ішіне қойылған Жамбылдың бейітіне, қасындағы музейіне осы күнге дейін зиярат етушілер бір тынбайды.

Алайда Жамбылдың тірлігі мен даңқы оның өлмес жырларында, оны сүйіп оқитын халқының бақытында. Жамбыл шығармалары СССР халықтарымен қатар, шет ел тілдеріне де аударылып, ақын даңқын әлемге әйгілі етті. Бұрын қазақ елінен хабары жоқ көп елдер қазақ халқын Жамбыл арқылы білген фактылар белгілі. Мұны біз Ташкенде болған Азия, Африка елдерінің жазушылары конференциясы болған тұста, Польшаның халық республикасына барған жолы құлағымызбен естіп, көзімізбен көрдік. Варшава университетінде поляк студентінің: «Жамбылды туған халықтың эпикалық және данышпандық тұлғасын көрмесем де көз алдыма келеді»,— деген сөзі әлі есімде.

Жамбыл есімі Қазақстанның бір облысы, екі ауданына, Қазақстанның мемлекеттік филармониясына, Алматының үлкен бір көшесіне, сондай-ақ колхоздарға, мектептерге, өндірістерге, пароходқа қойылған. Жамбыл қаласының алаңында ақынға ескерткіш орнатылған. Жамбыл образы полотнода, ағашта, бронза мен мраморда бейнеленуде. Кілемшілер ақын бейнесін салып, кілем тоқиды. Жамбыл туралы талай кітап жазылды, көркем фильм жасалды. «Жамбылдай бол», «Жамбылдың жасын берсін!» деген бата, тілек сөзді әрбір семьяда кездестіруге болады.

Мұның бәрі қазақтың ұлы халық ақынының дүниежүзілік өшпес даңқының айғағы. Ал ақын даңқы — халық даңқы. Жамбылды туған да, өсірген де, атақ-даңқын көтерген де оның халқы, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан поэзиясы. Екінші жағынан — халқының да атақ-даңқын көтерген оның дарынды дана перзенті Жамбыл. Міне, осы үшін де біз Жамбыл есімін мақтан етуге тиіспіз. Ол туған қазақ халқының екі ғасырын, екі заманын, екі түрлі тағдырын көріп, өткендегі қайғы-қасіретіне де, кейінгі қуаныш, шаттығына да ортақ бол-

ды. Өткен заман ақын талантын тұншықтырып, ақын арманын аяққа басса, сәулетті совет заманы ақын талантын шарықтатып шырқау биігіне шығарды. Профессинал әдебиеттің емес, коммунистік идеямен жаңарған, жаңғырған халық поэзиясының биігіне көтерді! Бұл екі биіктің ара жігін ажыратуға болмайды. Рас, бүгінгі қарыштап өскен кемелді жазба әдебиетімен өз дәстүрін өрбітіп келе жатқан халық поэзиясының арасында адам аспас асу да жоқ,— бұл екі арна бір-біріне арагідік құйылып, қанаттас дамып отыратын ағымдар. Өйткенмен екеуінің де өзді-өзінің даму заңдылықтары бар екені даусыз.

Жамбыл — халқымыздың советтік өрлеу дәуірінде шалқып өскен көркем өнерінің барлық саласының бір-біріне ықпал, әсер жасап отырған ұшан-теңіз дамыған процесінің жарқ етіп танылған ғажап құбылысының бірі. Мұны басқа құбылыстармен шатастыруға да, басқа құбылыстарға қарсы қоюға да жарамайды. Жамбыл өз басы екі заманның куәсі болды десек, Жамбыл творчествосы, тұтас алғанда, халық поэзиясының екі замандағы өшпес ескерткіш, зәулім белгісі. Оны дұшпаны да кеміте алмаса керек. Ал біздің жазушы-ақындардың ортасында Жамбылға осы рольді қимайтындар жоқ емес. Олар әр түрлі менсінбеушілік білдіріп, мін таққансып қалайда Жамбыл есіміне, Жамбыл даңқына нұқсан келтірмекші болады. Сондағысы: сауатсыз еді, хатшылары мен аудармашылары көп көмектесіпті, өлеңдерін тапсырма бойынша шығарыпты, көп шығармаларында Сталинді дәріптеген т. т. деседі. Сырттай осы айтқанның бәрінде де растық бар: Совет өкіметі орнағанда жетпістен асқан шал оқи алған жоқ, хатшылардың сауатсыз ақынға елімізде және жер жүзінде болып жатқан оқиғаларды ұғындырып, ой салып отыруы қажет болды. Бұрынғы халық ақындарының дәстүрімен суырып салып айтқан жырларды қырнап, әдеби өңдеу де табиғи көмек еді, ал Отаны мен халқын шексіз сүйген ақын осы сөзін халықты бақытқа бастаған коммунистік партияға, оның сол кездегі беделді басшысына арнаса, онда да табиғи заңдылық бар.

Қалай дегенде де халық ортасынан жарып шығып, жүз жыл жасаған жалынды ақынның қашан да өз ортасынан қол үзбей, оның биік арманын, мұң-мүддесін талантты жырлауы, түнекте жарық, жарықта жаршы бола алуы анық. Мұны ешкім кеміте алмайды. Оның үстіне туған халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ауыз

әдебиетінің азаматтық дәстүрін, поэтикалық тіл байлығын социалистік жаңа заман идеалына сай сәтті пайдаланып дамыта да жаңарта түсіп, жаңа мазмұнды, жаңа сапалы патетикалық жырлар туғызуы және сол түрі ұлттық, мазмұны социалистік жырлардың басқа тілдерге аударылғанда барлық халықтардың көкейіне қонып, жүрек отын тұтатуы — Жамбылдың ұлт мәдениетіне қосқан ұлы үлесі, сіңірген өшпес еңбегі. Жамбыл даңқының дүниежүзілік өріс алу сыры да осында.

Әрбір өнер иесі өз даңқын, халық даңқын бүгінгі адам баласы алдында Жамбылдай, Әуезовтей жая алса, ана сүтін, халық қарызын одан артық ақтау болмайды.

Алексей Толстой сөзімен түйсек, «Жамбылдың қайта тууы — ауыз әдебиеті қайта тууының бейнесі».

КАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ

ЖАМБЫЛДЫҢ АУЛЫНДА

— Ақ қалпақты батыр қырғыз, айтыла ма жырым сенсіз,— деп өмір бойы жырынан орын берген Жамбыл қарт аңсап келген бауырының алдынан шықты. Өзінің сүйіп тындайтын, атын аузынан тастамайтын қырғыз ақындары Қалық, Әлімқұлды құшақтап қарт ата бауырына басты. Мұншалық ыстық жүрек, айрылмас достық ондаған ел өкілдерін, жас жазушылардың жүрегін тербетті, халықтар достығының бейнесін көзге елестетті.

Кенет Майбұлақтың бауырын қырғыздың пернесіз үш ішекті домбырасының үні кернеп сала берді. Жетісудың жеті арнасындай жыр бұлағы ағыла жөнелді.

Алатаудың аясынан,
Фрунзенің қаласынан,
Социалистік шат өмірлі
Қырғыз халқы баласынан,
Жамбыл ата, сізге сәлем,—

деді, қырғыздың халық ақыны Қалық Ақиев.

Енді Әлімқұл суырылып алға шықты да, комузын безектетіп былай термеледі:

О, қария, құлақ сал!
Әлімқұл, Қалық ініме,
Құмар боп келдік алыстан
Дидарыңды көруге.
Көріп сәлем беруге,

Алатауды жайлаған
Күлкісі шаттық жайнаған
Қайта туған өмірге,
Тұрмыстың шыққан төріне,
Елден сәлем береміз.
Жасыл жібек жамылған,
Гүл-бәйшешек тағынған,
Бетегелі көк пүліш
Белден сәлем береміз.
Үйрек ұшып, қаз қонған
Аққу жүзіп ән салған,
Күміс сулы тұп-тұнық,
Бұйра толқын ақ көбік,
Көлден сәлем береміз.
Тепсе темір үзгендей,
Тегеуріні тең біткен
Ақтарып жер қойынның
Алтын төккен күректен,
Винтовкасы қолында
Отан шегін күзеткен,
Егін салып, мал бағып
Салтанатын түзеткен,
Халықтан туған тас түлек
Ерден сәлем береміз.
Ақ мақталы, күрішті
Даладан сәлем береміз.
Большевиктер бастаған
Социализм орнаған
Астанамыз Фрунзе
Қаладан сәлем береміз.
Бұрынғы сұмырай заманда
Азаттық аңсап сан ақын,
Өткенін де білеміз.
Жау қолынан жазым боп
Кеткенін де білеміз.
Асыл жыры олардың
Дастан болып біздерге
Жеткенін де білеміз.
Сіз солардың бәрінің
Өкілісіз өзіңіз.
Барлық ғасыр жасаған
Дастандардың сөзісіз.
Октябрьдің бұлбұлы,
Шаттық жырдың бүгіні,
Қайнар бұлақ көзісіз.
Қария Жамбыл, құлақ сал,
Аузында асыл жырың бар,
Отаныңа арналған
Жырыңда терең сырың бар,
Қарт бұлбұл деп құрметтеп
Отырған қалың халқың бар,
Ақындардың алыбы
Әлемге кеткен данқың бар.

Қырғыз халқының екі ақынының осы кезектесіп айтқан жыры бір сағатқа жақын ағылды. Жамбыл қарт

жырмен жауап берді. Қырғыз халқының таңдаулы, сүйікті ақындары Әлімқұл мен Қалық оқпанға құлаған өзендей жырды, тағы да дестелей берді.

Қазақстан бауырым,
Нұр бөлеген ауылым.
Бағына қонған бұлбұлы,
Алматы шаһар бағынын.
Шыңсыз жатқан кең дала,
Нұр бөленген айнала.
Алтын-күміс ақтарып,
Қойны толған кең дала.
Жамбыл ақын, ұстазым,
Бақыт кілтін ұстадың.

Қырғызстан халық ақындары ескі өмірдің соққысын көрген өз халқының атақты ақыны Тоқтағұлдың өмірін жырмен баяндады. Бұрынғы езілген халық өмір кілтін қолына алып салтанатты өмір жасағанын, бұл шат өмірдің бейнесі күллі халықтың көсемі данышпан Ленин екендігін жырлады.

Қырғыз ақындары мен Жамбыл қарттың бас қосқан екі күн, екі түн — бұл екі халықтың айнымас достығының бір куәсі есебінде естен шықпайтын белгі болды. Қонағын шығарып салып тұрып қазақтың орденді халық ақыны Жамбыл қарт былай деп жырлады:

Қырғыз халқы бақытты батырыма,
Бірлік туын ұстаған жақыныма.
Сәлем айтам меруерт жүрегімнен
Жыр жырландар партия асылыма.

Жамбыл қарттың елі, оның туған аулы думан тойға бөленген. Ақын бақыт жырын бұлбұлдай сайрап, шарықтата жырлады. Домбырасын көкке сермеп, ән шырқады.

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

ЖЫР ЖОЛЫ

Жамбылдың ертедегі өмірбаяны, ақындық жолы, замандастары, қандай сүбелі шығармалары болғаны жайында ел аузынан, өзінен сұрап қағазға түсіру маған 1944 жылы тапсырылған еді. Мен осы тапсырмамен 1944—1946 жылдарда үздіксіз Жамбылдың замандастарын, үзеңгілес ақындарын, ел ішіне ауызекі тараған

өлең, тақпақтарын жинап біраз еңбек еттім. Оның барлығы болмаса да біразы «Жамбыл» атты шағын кітапшада жазылған да еді. Бірақ ол кітапқа кірмеген тың мәліметтер әлі де қолжазбаларда аз емес.

Жамбылдың ең алғаш баспасөз бетінде аты айтылып, ақындық өнерінің хабары 1924 жылғы жеке кітапша болып шыққан «Терме» журналында басылды. Оның басылуына себеп болған сол 1920-1923 жылдарда Жетісу, Сырдария облыстарында қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдерінің ауыз әдебиетін жинау, көзі тірі ақындармен әңгімелесіп, білетіндерін қағазға түсіру мәселесі еді. Соны жинау жұмысымен сол кезде шұғылданған адамның бірі Шамғали Сарыбаев. Сол кісі 1922 жылы, Ұзынағаш селосында Жетісу елінің қосшы ұйымының жиынында Жетісу тарихын, қандай дастан-жыр білетіндерін қағазға түсіріп тамаша еңбек жасаған. Сондағы өзінің очеркінде Шамғали сөзді былай деп бастайды:

— «Жетісу ақындарының ішінде жасы 70-ке келген белгілі арқалы ақын Жамбыл Жапаұлы бар. Бұл ақын, құйындатып айтқанда бөгелместен «Көрұғлы Сұлтанды» 15 күн жырлайды»,— деп Жамбылдың ең бір сүйіп айтатын дастанын қызыға айтады.

Шамғалидың бұлай бастауы, кездейсоқ емес. Шынында да, Жетісу еліндегі төкпе ақындарының ақсақалы Жамбыл болғанына айқын дәлел. Жамбылдың ең алғаш баспасөз бетінде аты аталып, ақындық өнерінің желісін Шамғали осылай жазған еді.

Енді біз өзіміз зерттеген, Жәкеннің өзінен, замандастарынан сұрастырып қағазға түсірген, оның ақындық жолынан біраз шолулар істеп көрейік.

* * *

Кімге де болсын сабақты өмір береді. Жолды өзі өскен ортасы ашады. Жамбылдың туып-өскен елінде қазақтың қара өлеңмен қажасатын «қайым айтыс» деген саласы өте мол болған. Күні бүгінге дейін анық: он-он бес кісі бір жерге бас қосса, әйел-еркек болып айтыспай тарамайды.

Бұл сияқты айтыс тек белгілі ақындардың ғана айтысы емес. Қыз-бозбала, жігіт, келіншек қай-қайсысы болсын белгілі ел аузындағы қара өлеңмен қарпыса келеді. Елдің әдеті болған осы айтысқа заманының өзі қатарлы жасы ретінде Жамбыл да тіпті ерте араласады. Жамбыл сол жас күнінен-ақ, бір жағынан, халықтық қа-

ра өленге сүйенсе, екінші жағынан, өнімді сөз тапқыш, белгілі айтысқыш жігіт болып ерекшеленеді. Соның өзі Жамбылдың өлеңге үйірлігін де өсіре түседі.

Албырт, жаңа өсіп келе жатқан Жамбыл бойындағы ақындық өнерді игере алмай жүрген кезінде ел аралап өлең айтуды жарапазаннан бастайды.

Осы сияқты өлеңге бет алып, жарапазан, той-тома-лақтың айтысы — той бастарын айтып жүрген кезінде Жамбыл жырына жол ашардай өз басынан бір әсерлі үлкен уақиға кешеді. Ел жайлауда отырғанда бір ауылда той болады. Ол тойға Шапырашты елінің бәрі келеді. Жігіт-желең, қыз-келіншек бас қосып айтыс, көкпар, көп тамаша болады. Осы тойда Жамбыл Қыдырма қызы Бұрым сұлумен кездесіп, танысады.

Қыз Жамбылға өзінің атастырған күйеуін менсінбей-тінін айтып, Жамбылмен көңіл қосып жолдас болуға сөз береді. Артынан ретін тауып қызбен кездесіп, алып қашатын жағдай іздеп жайлауда қисын таба алмайды. Ел жайлаудан бауырға (күздеуге) көшкенде қызды Жамбыл алып қашады. Алып қашқанда өз үйіне әкелмей, Сарыбайдың інісі Саржанның үйіне түсіреді. Өзі сыр білдірмей Сарыбайдың үйіне келіп, сонда болады. Қыздың төркіні сұрастыра келіп, Жамбыл алып қашқанын біліп Жапаның аулына кісі салады. «Жамбыл қызымызды алып қашты, қайдан тапса да тапсын, болмаса қолдасамыз ба»,— дейді. Жамбыл ол қызды алып қашқаным жоқ деп мойындамайды. Жер түбінен анығын біліп келген Тәйти Сарыбайға қызды Жамбылдың алып қашқаны анық екенін айтып ұғындырған соң, Сарыбай оңашалап сұрайды. Жамбыл шынын айтады.

«Мен бірақ бұл қызды қайтармаймын»,— деп көнбей отырып алады. «Қызды қайтармайтын едім, Сарекемнің екі сөзі ой түсірді. Бірі — «Екей жаңа ел болып келе жатыр еді, тағы бүлінеді ғой. Мына қыздың қайны ұрқөппе, қау бөрік ел еді, айтқанға көнбейді. Екінші, әкенің тірнектеп жиған аз дәулетіне кесір қыласың ғой. Атаң атастырған қалыңдығыңды ал. Оған тоқтамасаң, осы елдің ішінен басы бос бір таңдаған қызды тауып жіп так, өзім алып берейін»,— дейді. «Оған заман болып кетті ғой, Сарекемнің күшінен аса алмадым ғой, осы сөзден аса алмай әрең дегенде көндім. Қызды үш тоғыз айыппен қайтарып бердім»,— деп өз аузынан 1944 жылы 12 августа Жәкең өз үйінде айтты.

Сарыбайдың абыройынан аса алмаған Жамбыл да

тоқтайды, қыздың қайны, төркіні де тоқтайды. Бірақ Бұрымның арманы жас албырт ақынның жүрегіне үлкен жара салады. Ол көп уақытқа дейін арман уына оралып, өлеңмен, домбырамен көңіл жұбатады. Жамбылдың ақындығының бір кілтін ашқан, ашынып сөз айтып, мұңды жүректен күйлі сөз шығартқан осы Бұрым әңгімесі еді.

«Айрылдым арманменен, қайран Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ нұрын.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын»,—

деген арман, өксік өлеңін Жамбыл өмір бойына айтқан тәрізді. Осы арман ақын ойын тереңдетіп, сонымен қатар бұрынғыдан гөрі өрісті ұзарта, өлеңге біржолата бет алуға себеп болған.

Жамбылдың ұсақ-түйек өлеңдерінен бөлек алғашқы ауызға ілінген жері Сайқал деген қызбен айтысқаны. Бұл қызбен Жамбыл Талас бойында кездеседі. Сайқалдың атын естіп Жамбыл бір тойда әдейі іздеп барады. Жамбылдың сол елге келіп, өзімен кездесуге ізденіп жүргенін біліп, қыз да әзірленеді.

Қыз отырған үйге Жамбыл баса-көктеп кіріп келеді. Қыз Жамбыл екенін біліп, жалаң аяқ көк сауыр кебістің басын іліп отыр екен, көсілген аяғын жимай өлеңдетіп қоя беріпті.

«Жіп айыл, күр құйысқан, киіз терлік,
Япыр-ау, бір соны елді жаңа көрдік.
Жиылған, ақсақал мен бозбалалар,
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік»,—

депті.

Жамбыл отыра беріп:

«Арканың жардай болад сары нары
Кетпейді Алатаудың жаздай қары.
Істікке шанышқан сирақтай құп-қу қылмай
Қуартпай аяғыңды тартсаңшы әрі»,—

депті. Екеуі көп айтысады. Аяғында қыз дарақы әдепсіз өлеңге барады. Одан Жамбыл да аянбайды. Қыз жеңіліп, Жамбыл жол алады. Жамбылдың атағы елге жайылып кетеді.

Мұны айтқан Аманкүл Желдібай баласы. Амангелді колхозында қазірде жасы алпысқа келіп қалған адам. Ол Шубай деген кісінің айтқанынан ұқтым, Шубай да ойынан өлең шығаратын кісі еді, дейді.

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы, бұл — Жамбыл ақындығының үлкен бір белеске шыққан тұсы. Жамбылдың ақын атын аспандатқан да осы айтыс болады. Өйткені Құлмамбет Жетісу еліне аты ерте жайылған, айтысқан ақынды беттетпеген. Орақ ауызды ақын болған. Ел арасындағы бірнеше ақындармен шайқасып және Сүйімбай айтысы, Бақтыбай айтысы, Қатаған айтысы сияқты үлкен айтыстарды өзіне сабақ еткен, өзінен үлкен деп санаған атақты ақындардың ой-өрісі, сөз құрамына құмар Жамбыл Құлмамбетпен бір кездесем деп жүреді. Жамбыл Құлмамбетті ертеден білген, онымен бірнеше аста, тойда қатар өлең айтады. Сарыбай асында да бірге болады. Бірақ айтысып өріс көріспейді. Қалайда бір айтысып көрсем деп ізденіп те жүреді. Осы кезде Жетісу облысы бас қосқан бір үлкен жиылыс болады. Жиылыс Іле көпірінде өтеді. Осы Іле станциясы тұрған жерден аз жоғары, сол жерге үй тігіледі. Алматы, Қапал уездері келеді. Топқа ақындар жиналып, айтыс болады. Айтысты тілмәш арқылы түсініп отырған ояз Құлмамбетті көтермелеп, сыйлық береді. Енді мұнымен айтысар кім бар деп іздегенде, «Таздан басқа ақын құрып па. Сүйімбайдың інісі Жамбыл бар»,— дейді.

Жамбыл Құлмамбеттің бетінен, әрі он шақты ақынды жеңіп тастаған екпінінен қорғалап қашқақтап жүреді Жамбыл сыртта кіре қоймай тұрғанда:

...Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды,
Ақын болса қайда жүр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Қудеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға,
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға,—

деп, Құлмамбеттің лепіріп отырған серпінінен жүрексіне береді.

«Осы сөз сүйегімнен өтіп кетті. Домбырамды алып Құлмамбеттің алдынан келіп қарама-қарсы отыра қалдым»,— дейді екен Жамбыл. Бұл естелікті Үмбетәлінің айтуынан келтіріп отырмыз. Жамбылдың осы айтысын Үмбетәліден жақсы білетін де, айтатын да кісі жоқ. Үмбетәлі Жамбылдың өз айтуынан жаттаған.

Айтыс аса қызу болады. Өзімшіл, өркөкірек Құдайберген Құлмамбеттің Шапыраштыны азырқана, кеміте

сөйлегеніне терісіне сыймай ыза болып отырады. Жамбылға кезек келіп, Шапыраштыны мақтап, әсіресе Сұраншы, Саурықтың батырлығын айтқанда, Құдайберген: «Сені тапқан шешеннен айналайын»,— депті.

Бірнеше рет кезек айтысып, Құлмамбетке кезек келгенде домбырасының ішегі үзіліп кетіп, енді домбыраның ішегін жалғағанша ыза болып отырған тентек Құдайберген үстелде жатқан бәйгені жұлып алып қалтасына салып: «Сен домбыраның ішегін жалғағанша біздің Жамбыл отыра ма, біздің Жамбыл жеңді»,— деп өз кісілерін ертіп тұрып кетіпті. Құлмамбет қалып қояды.


Мұны Жамбыл өз аузынан осылай айтады екен. Осы топта Жамбыл атағы аспанға ұшқандай болады. Он шақты ақынды бет қаратпай қойған Құлмамбетті Жамбыл жеңген деген сөз бүкіл Жетісуға тарайды. Бұл айтысты ел сол жерден бастап жаттап әкетеді.

Іле көпіріндегі бұл той шамасы 1896 жылдың тұсында болған. Өйткені ол айтыста Сүйімбай тірі, бірақ ауру, үйінде. Жиынға бара алмапты. Сүйімбайдың тірі екеніне Құлмамбеттің өз сөзі де дәлел. «Сүйімбай сонда ауру еді, келер жылы өлді» дейді, Сүйімбай 1898 жылы өлген.

Жиын тарап, әркім өз үйіне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбет пен Жамбыл бұрынғысынан да жақын танысады. Өзінен жасы да үлкен, әрі атағы да ерте көтерілген Құлмамбетке Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап, өлең айтып, екеуі бұрынғыдан да достасады. Жамбыл Құлмамбеттің қасында бірнеше күндей болады. Екеуі айрыларда Құлмамбет Жамбылға: «Сен қырғыз еліне таныс көрінесің, сол елге барып мен бір өлең айттайын деп едім, осыған мені бастап апар»,— дейді. Жамбыл апаруға уәде қылады. Бірақ Құлмамбет еліне барып қайта келмек болады. Жамбыл да өз ауылына қайтады. Сол жылы күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғыз асады.

Жамбыл сөзді бетің бар, жүзің бар демей реті келген жерде тіліп салатын болған. Құдайбергеннің болыс күнінде үйіне Жамбыл келеді. Қысқы уақыт болса керек, Жамбыл сәлем беріп амандасса, Құдайберген Жамбылдың жанына тиіп:

— «Бір жыңды Екеймен жарысам деп, атым өліп қалды»,— депті. Есқожа елі Екейді үнемі кеміте сөйлейтін әдеті болыпты.



Жамбылдың Д. Фурмановқа домбыра сыйлап тұрған сәті.

Жамбылдың В. И. Ленин мавзолейінен шығып келе жатқан кезі.





Солдан оңға қарай: Ғ. Мүсрепов, Жамбыл, М. Қаратаев.

Жамбыл халық ақындары арасында.





Жамбыл қырғыз ақындарымен бірге.

Жамбыл мен Сәкен Сейфуллин.





Жамбыл мен Дина Нұрпейісова.

Жамбыл мен Күләш Байсейітова.





Жамбыл мен Сәбит Мұқанов.

Жамбыл мен Ғабит Мүсрепов





Жамбыл жұмыс үстінде, хатшысы Қ. Әбдіқадыров.

Жамбыл аудармашысы П. Кузнецовпен әңгімелесіп отыр.





Солдан оңға қарай: Күләш Байсейітова, Жамбыл және Тайыр Жароков.

Жамбыл ақын, жазушылар арасында





Жамбыл ақын, жазушы, өнер адамдары арасында.

Жамбыл өнер иелері мен ақын, жазушылар арасында.



ЛЕНИНГРАДТЫҢ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЛАСЫ



Ленинградцы, дагы мен!
Ленинградцы, гордость моя!

Жамбылдың өлеңі ба-
сылған плакаттың бір
түрі.

Жамбыл ат үстінде.






Жамбыл серуенде.



Жамбыл өзінің балалары, ағайын-туыстары ортасында.

Жамбыл мен баласы Тезекбай.





Жамбылдың домбырасы мен «Ұлы заң» атты жинағы.



Жамбыл тойында. Солдан оңға қарай: халық ақындары Нұрлыбек Баймұратов, Кенен Әзірбаев, Жұмағали Саин және Ғали Орманов, Асқар Тоқмағанбетов т. б.

КОЛОННЫЙ ЗАЛ
ДОМА СОЮЗОВ

СРЕДА 3 ИЮЛЯ

1846

1946

ВЕЧЕР,
100-ЛЕТИЮ

ПОСВЯЩЕННЫЙ
СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ



НАРОДНОГО ПОЭТА КАЗАХСТАНА

ДЖАМБУЛА

Председатель вечера — Н. С. ТИХОНОВ

Вступительное слово — В. И. ЛЕБЕДЕВ КУМАЧ

Выступят также
первоклассники

Аделина АДАЛИС, С. Я. МАРШАК, Илья СЕЛЬВИНСКИЙ
Арсений ТАРНОВСКИЙ, Марк ТАРЛОВСКИЙ

КОНЦЕРТ

Артисты-инструменталисты
Музыкального училища им. П. И. Чайковского

Е. Д. КРУГЛИКОВА

Всеволод АКСЕЧОВ

Е. Н. ГОГОЛЕВА

Николай ПЕРШИН

Евгений ИВАНОВ

О. В. РАММИХ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СИМФОНИЧЕСКИЙ ОРКЕСТР СОЮЗА ССР

Дирижер — Н. П. АНОСОВ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ РУССКИЙ НАРОДНЫЙ ОРКЕСТР


Художественный руководитель — Дмитрий ОСИПОВ

Начало в 8 чм. вечера

Сцена — 1000 мест

Билеты во льготный период

Жамбылдың 100 жылдық мерекесіне арналып Мәскеудің Колонналық залында өткізілген кештің афишасы.



Жамбыл бейітінің басына тұрғызылған сағана.

«Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,
Пенденің бойында көп қатер-қауіп,
Екейдің жындысымен жарысам деп
Сенің де кетіпті ғой есің ауып,—

депті.

Құдайберген еш нәрсе айтпапты. Өйткені Құдайберген астында аса семіз аты бар, Ұзынағаштан келе жатса, Екейдің Таңат деген бір адамы қасынан шауып өте шығыпты. Екейден атым қалса атым Құдайберген болмасын деп, бұ да тұра шауып содан екеуі ерегісіп, ауылға жеткенше Құдайбергеннің тұнып тұрған семіз аты зорығып, өліп қалыпты. Сол есер мінезін бетіне айтып, өзін көзбе-көз жерлеген.

Бүкіл Жетісу еліне белгілі Әжіке руынан шыққан Смайыл баласы Мөңке болыс пұшық екен:

«Жанғойлық болыстары пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде
Көздерін тағы қысып келеді»,—

деп бетпе-бет айтыпты.

Жамбылдың ерте кезде ел арасында айтқан бір ауыз, екі ауыз өлеңі өте көп, бірақ жазылып, жиналмаған. Және жатқа біліп айтқан адамдардың көбі де қазір жоқ.

«Құтырған» деген бұлақтың бойына жиырма үй ортадан тары айдайды. Тары тәуір шығады. Тарыны жинап аларда сол жерге Жамбыл келеді. Жамбыл келгенде Райымқұл, Бекторы деген ағайынды екі жігіт тарыға таласып жатыр екен.

Бәрі де Базарқұлдың баласы ғой
Ұялмай сол ұшыққа таласа ғой.
Бір уыс біреуіне артық кетер,
Сал-дағы саптыаяққа санаса кой,—

деп өлеңмен тоқтатып тастайды.

Батыс Қастек болысына қараған елдің Абылқасым Андасов деген және Қасқарау Сүлейменұлы деген екеуі бірі — старшын, біреуі — елу басы, елді жеп аты шыққан атқамінер жебірлер болса керек. Осы екеуі алымның үстіне қара шығын түсті деп бірнеше адамды қан қақсатып жүргенін Жамбыл да естиді. Сол елдің Рақмет деген кедейінің қара шығынға, алым өсіміне беретін ақшасы болмай, үш пұт жоңышқасының ұрығы бар екен, соны алып кеткенін ел арасы сөз қылып жүреді.

Жамбыл бір жақтан келе жатса, әлгі екеуі етектегі елден алым жиған ба, әйтеуір кездесе кетеді. Екеуі

Жамбылға сәлем беріп, біраз жерге бірге жүріп, өлең айтыңыз деп түрткілейді.

«Төментіннен келесің екі қуым,
Елдің жәйін білесің буын-буын.
Қан соруға екеуің аттаныпсың,
Тағы кімнің тартасың сары суын.
Елден тиын қоймайсың түгін санап,
Есебіңнің аяғын шығарарда,
Рақмет пұшықты алдың талап»,—

дегенде, екеуі: «Енді айта көрмеңіз!»— деп Жамбылға жатып жалыныпты.

Ақын әсіресе атқамінер старшын, би, болысқа ащы тілін аямай жұмсаған. Бұл жөнінде әзілдес болғанмен, Қисыбайға айтатын сөздері кісі көңіліне қарап, дәулетінен, «кісілігінен» именбейтіндігін көрсетеді. Жамбыл ұзын сарын, өзекті, сөрелі сөзді құлаштап айтумен қатар бір ауыз, жарым ауыз осы сияқты өлеңдерімен өзінің осы жолын сала жүрген.

* * *

Жамбыл өміріндегі және ақындығына қор күйғандай бір тәуір кезең, үлкен белес атақты Шөже ақынмен кездесуі деуге болады. Ақын Шөже Жамбылға үлкен сабақ болады. Шөженің ел шетіне келгенін естіп, іздеп барып жолығып, қырғызға да еріп барады. Сөйтіп біраз күн қасына ереді. Шөженің Қемпірбаймен айтысын Жамбыл сол жүргенде үйреніп, кейіннен елге таратады.

* * *

Жаз. Ел жайлауда отырған өте бір көңілді кез болады. Бұдан көп жылдар бұрын, Арқадан ақын Шөже алуан үлгілі жырлар айтып өзіне жаңа жол көрсеткендей болып үлкен өзекті жыр, ұтымды сөзді аңсаған Жамбыл үйінде отырғанда Манақ ақын келеді. Бұл — Жамбылдың жасы кіші болғанымен көп кездесіп әріптес болған ақыны. Жамбылға сәлем бере келіп жайлауда айтып жүрген өлеңін толғап отырып, ол жаңалық хабарлайды.

«Баяғы Шөже ақын келетін Көкшетаудан тағы бір ақын келді»,— дейді. Манақ ақынның айтқан әншісі Қараөткелден келген Балуан Шолақ болады. Ел аузына сол кездің өзінде-ақ балуанның мықтылығы тарала бастайды. Біреулер жолбарыс соғыпты. Біреулер жанда-

ралды өлтіріп қашыпты, біреулер абақтыны қиратып, көптеген солдатты соғып кетіпті деген әртүрлі лақап тарап қалған кез болады.

Жамбыл Манақтан Балуанның түрін, күшін сұрайды. Манақ: «Мен өзге күшін қайдан білейін, өзім ондай тұлғасы бар адам көргенім жоқ. Және Сарыүйсін Қалиды екі қолының ұшымен балаша көтергенін көзім көрді»,— дейді. Бір ішкенде бір саба іркіт ішетін, арбаға мінгенде жеке ат тарта алмайтын Қалиды балаша көтерді деген мақтау Жамбылға қатты әсер етеді.

Қалидың өзі жасында ірі балуан болған. Үйіне келген кісіні, әсіресе бір кісілік күші бар кісіні көргенде екі қолының ұшымен қақпақыл тасша біресе ол жағына, біресе бұл жағына қойып ойнатып отыратын Қалиды олайша көтеру кімнің қолынан келеді. Ол ерекше күштің ғана қолынан келеді. Әрі әні мен ақындығын естіп қызыққан, әрі балуандығын артық көрген Жамбыл Балуан Шолақты көруге атқа мінеді. Жамбылдың қасына әрі сайыскер, әрі балуан Мақыш, Сәдібек ақындар ереді. Топар бойындағы Сарыүйсінге келгенде Балуан Шолаққа кездеседі.

Ел аузындағы сөзден Жамбыл Балуан Шолақпен бірге біраз болып әніне қанып, күшін де көреді. Жамбылға Балуан Шолақ ерекше әсер қалдырады. Әсіресе Балуан Шолақтың өз басынан кешкен әңгімелері ерекше ерлік болып әсер етеді. Аз күн жолдас болғанда Балуан Шолақ өзінің әншілік сері мінезінен, алуан құбылысты балуандық өнерінен бөлек аса бір терең сыр сездіреді. Ол жаңа күрестің жалынды туын көтеруге бет алған әзірлікте жүрген батыр болып көрінеді. Оның әрбір ісінде, сөзінде жаңа күрес сарыны естіліп тұрғандай болады. Елдің мұны мен сырын өз басына көп жиып, тұншығып жүрген Жамбылдың ойына Балуан жаңа жалын ұшқынын тұтатқандай болады.

Жамбыл Балуан Шолақпен қош айтысып қайтарында, өзінің дәмеленген жайынан көп нәрселер айтады. Алатау сыры сияқты аса сырлы жыр айтып қоштасады. Өзі де үлкен ой олжасын теңдеп үйіне келеді.

Жетісу елін Алматыға тойға шақырыпты, әнші, домбырашы, ақын-жырау, жүйрік ат, қыран бүркіт — бәрін әкелсін деген бұйрық болады. Осы тойға баруға Жамбылға да хабар келеді. Жылқыбай, Шалтабай, Тәйтелі сияқты атты, жабдықты байлар тойға жүргенде Жамбыл да жүреді.

Той-жиын дегенде арқаланып көтеріліп кететін Жә-

кең бұл тойға аса көңілденбейді. Бірақ ақынды қалдыр-масын деген бұйрықпен болыстар қалдырмай алып жүреді. Жәкең бұл тойдың не екенін, қайда, кімге өлен айтатынын онша біле қоймайды. «Сол жылғы жазда, жайлау да кедейленген өмір түріндей сұрғылт көңілсіз еді»,— дейді екен Жәкең өзімен сөйлескенде.

Бәйгі атын алып, жорғасын мініп тойға жүрген байлармен Жамбыл да бірге аттанады. Жамбыл айналасы Мақыш сияқты, әрі батыр, әрі ақын Үмбетәлі сияқты шәкірттерімен шоғырланады.

Бұл Романовтар әулетінің 300 жылдай үздіксіз патшалық құрған құрметіне жандарал жасаған әрі той, әрі көрме болады. Алматы қаласының тау жақ қырындағы үлкен арықтың сыртынан үй тігіліп, жұрт сол жерге жиналады. Ақындар, әншілер, домбырашылар бір үйде болады.

Тойға 15 ақын келген.

Майкөт ақынның баласы Арқабай ақын, оған еріп Мамырайым ақын, Мүсіреп баласы Сәдібек ақын, Жанақбай ақын, Қарабек ақын, Әбдікадыр Қасымбаев ақын, Қасқараудан Мұхамбетжан ақын, Ескожадан Өмірзақ жыршы, Жамбылдың жақын шәкірттерінің бірі Үмбетәлі ақын, Шұқтай ақын.

«Осы жиналған ақындардың бәрі де Жәкеңнен кіші еді, көбі өзінің шәкірттері еді. Сондағы ұлықтар Жәкеңді осы ақындарға басшы етіп қойды, әрі ешқайда бытыратпа, әрі патшаны мақтап өзің үлгі көрсетіп өлен айтқыз деп бұйрық етті»,— дейді осы жиында бірге болған Өмірзақ Қарғабайұлының айтуынша.

Бірақ Жәкеңе бұл той ешбір әсер етпейді, шарықтап өлен төгерлік ықыласы болмайды. Жандаралдың тілмашы Бақия, уездің тілмашы тапсырманы ұғындырады. Бірақ ақындар не жырлады, нені айтып жатыр онымен ұлықтардың жұмысы аз болады. Сол жерде тойға келген ақын-әншілерді қатар отырғызып суретке түсіріп алады. Мұның өзі оларға маңдайына жоғалмас таңба басқандай болып көрінеді. Ол сурет осы күнде бар. «Түс мезгілі еді. Үйде отыр едім, уезд Дихановтың өзі кіріп келді. Мас екен. Тілмаш арқылы «басқа ақындар қайда, оларды неге тараттың»,— деп маған ақырды. Мен «Ақынға қойшы емеспін және тамақтары аш бір үйде қамалып жатсын ба, тамақ іздеп кеткен шығар»,— деп ем. Сен соны айттың деп Диханов келіп мені төбемнен қойып қалды. «Мынау қайтеді» деп домбырамды қолыма ала

беріп едім, тілмаш маған қолымен ымдап: «Мені мақтап өлең айтсын»,— дейді деп бұйрық етті.

«Әділі жоқ ояздар,
Әділетін бұрады.
Ақ таяқша айналып,
Есігінде тұрады.
Жазығы жоқ Жамбылды,
Төбеге келіп ұрады.
Басыма бір қойғанда,
Миым кетті айналып,
Дихановтай уезге,
Басым отыр байланып,
Басында сөзін ұқпадым,
Ұқпағаннан бұққаным,
Қайдан бағып отырам,
Аш ақынның ас іздеп,
Қаңғырып сыртқа шыққанын»,—

дегенімде тағы бірі жерді тепкілеп зекірді. Ол екі ортада, Шарғын деген бір көзі соқыр ақын бар еді, оны бір солдат желкелеп әкеліп үйге кіргізді. Сөйтсем ол үйдің қасындағы бақтан алмұрт алып жеп жатқанын көріп желкелеп әкеліпті. «Сендерді құрметтесе ұлықтың бағынан жеміс ұрлайсындар, бәрінді жаптырып қоямын»,— деп тілмаш қорқытты. Сол жерде сыртта жүргендер жиналып қалды. Бірақ ұлыққа кім қарсы сөз айтады. Жұдырығы қатты неме екен басым ауырып қалыпты деп, еске алып еді Жәкең 1944 жылдың 12 август күні.

* * *

Қара түнек дүниені басқан зіл серпілді. Зілді бұйрық айтылған шерлі күн өтті. Патша орнынан құлады. Оны орнынан жұлып түскен қандай күш деген сұраққа Жамбыл: «Кедей табы, жұмысшы мен солдат»,— деген аңыз сияқты ұзын сарын естіді. Бірақ оны бастаған дана кім, өзі өмір бойы іздеген халықтың шын қамқоры болған ұлы батыр кім? Ол кезде жете біле қоймайды.

Совет өкіметі орнады, жарлы мен жалшының, кедейдің, еңбекшінің үкіметі деген жаңалық, қуанышты күн туғанға Жамбыл тамаша қуанған. Ол қуаныш толқынынан ағытылған талай жырын айтады. Бірақ ол жырлар елеусіз, жинаушысы жоқ қалып қояды.

«Апыр-ай, мына кісінің арқасы ұстап жүр-ау, тіпті ойнақшып бір жерге тұрмай жүйткіді ғой»,— дейді базардың шетінде тұрған Мәңке болыстың баласы Иманбай. «Арқасы ұстаса сені жетістірді ғой, ойың тілі тиген жерін ойып түсетін у қорғасын емес пе?»— дейді Сәттің

баласы Темірболат.— «Біздің бір жерде топталып шеттеп тұрғанымызды көріп айтты ғой»,— деді Жұмақан баласы. Бұлар үшеуі де байдың балалары — шеттеп базарға кіре алмай тұр еді,— деп еске алады Саяділ Керімбеков. Бұл — 1920 жылдың көктеміндегі бір жиылыстағы Жамбылдың жүрісі. Бостандық, теңдік алған кедей-кепшіктің тобына сүйсініп, жырын ағытар орын таппағандай толғап тұрған ақын шабыты елестейді.

Сол 1920 жылдың жазында жаңа сайлау жүреді. Алматыдан Ұзынағашқа қазақ жігіті сайлаушы болып келіп Ұзынағаштың батыс жағындағы Қарасу колхозының жанындағы бұлаққа үй тіккізіп түседі. Кедейден болыс сайланатын болып және сайлау өткенше қасымда болсын деп ақын, әншілерді жинап алады. Сонда Қордайдан Кенен де келеді. Қарақыстақтан Мақыш келеді. Бармақ ақын да болады. Үмбетәлі де болады.

«Олар ақын болса, ұлық болса, мен де ақынмын. Менің де іздегенім сол. Олар менен бұрын ақын болып па, мен де кірем»,— деп ақындар мен сайлаушылардың үстіне келеді Жәкең.

«Жәкең көп отырып, талай өлең айтады. Онда бостандықты жете түсіне алмай, атқа мінген жігіттердің кейбіреулері бетімен шабуылда жүрген кезі. Біз сонда Жәкеңнің сөзінен қорқып отырдық. Бұрыннан да тура айтатын кісі. Осы жолы да бетің бар, жүзің бар демей қатты айтты. Ол Совет үкіметі алғашқы орнаған кез, базарда киім-кешек аз, ақша да бағалы емес, заң тәртібіне халық жете түсіне қоймаған кез еді.

Бірақ сайлаушы жігіт Жәкене қатты еш нәрсе айтқан жоқ. Көп жырларын қалап айтқызып, қасында қондырып, сыйлап қайтарды»,— деп еске алады Кенен ақын.

Жамбылдың бұл келуі тек өлең айтып, ел аралау емес, сайлауға шыққан жігітті көру екен. Ел арасында жүрген кейбір тентек уәкілдердің басбұзар қылығын айтып ой салу; халықтың күйін айтып, ел жайына көңіл қой деп халық уәкілі сияқты болып келуі. Жәкеңнің бар кемдікті туралап сонша батыл айтып беруі бір ауыз сын айта алмай, ылғи мақтап отырған бізге сабақ болды. Жәкең кеткеннен кейін сайлаушы жігіт бізге: «Міне, шын ақын өлеңді осылай айтуы керек. Шындықты қандай жақсы айтты, ал сендер: «Теңдік болды, кеңдік болды»,— дегеннен басқа түк айтпайсындар деп жатып сөкпесі бар ма,— дейді бұдан соң Кенен Әзірбаев.

Осы жолғы сайлауда Қордай еліне Кенен волисполком бастығы болады (болыстық атқару комитетіне бас-

тық болып сайланады): Қастек еліне Мақыш Райымбек баласы болыс болып сайланды. Бұл екеуі де ақын. Сонда ел аузында ақындар болыс сайланатын жыл деген белгілі уақыт болып қалады.

Мақыш Қастек еліне волисполком бастығы болып сайланып келгенде, Жәкең Мақышты өте жақсы көріп көп қалжындайтын және ылғи жанына тие сөйлеп отыратын адамы болған.

«Көкпек жеген түйедей аузынан дем алатын ұры неме де болыс болды-ау»,— деп қалжындапты Жамбыл. Мақыш та жасы үлкен демей Жамбылға қатты қалжындайды екен.

«Басынды осы жерде кессейін бе,
Тілінді қанжарыммен тесейін бе,
Ұры деп ел алдында жамандайсың,
Ішінді шершеуіннен есейін бе»,—

деп Жамбылға тиісіп өлең айтады.

«Басымды кессе осы ұры кесіп алар,
Ернімнен ашуланса тесіп алар.
Садыбектің баласын жнып келіп,
Таудан отын алдырып өшін алар.
Кедейдің одан басқа несін алар»,—

депті оған Жамбыл.

Жамбыл осы Мақыш болыстыққа сайланғаннан кейін бұрынғы бай, жуандардан билік кетіп, әйелге бостандық болып, шын кедейшіл үкімет орнағанын осылайша таныған. Салмақ байға түсіп, кедейден сайланған болыстар кедей жағына болысатынын, Совет үкіметінің негізгі заңы солай екенін мына бір ауыз өлеңінде дәл айтып берген:

«Түспейді бұрынғыдай кедейге зор,
Байларға кедей болыс түйілген сор.
Еркіндік қатын-қыз бен алды кедей,
Болмайды топты қатын бір байға қор».

Жамбылдың Мақышты жақсы көретіні жайлы және бір ауыз сөз. Біріншісі — Мақыш ақын, сері жігіт болған. Жамбылдың қасына көп еріп серік болған. Екіншісі — Мақыш қырғыз-қазақ бас қосқан бірнеше үлкен аста жеке батыр сайысқа шығып, қырғыздың Тістеуік сияқты ірі батырларын шаншып түсіріп бәйгі алған аса ірі батыр болған. Үшіншісі — 1916 жылғы көтерілісте Қастек еліне Сатайға барып қосылып атқа мінген осы Мақыш болған. Батырды, батырлықты, сері ақындықты жақсы көретін ақын Жамбыл Мақышты осы үш себептен өте сүйген.

1921 жылы осы күнгі Жамбыл колхозының күншығыс жағындағы Шотай бұлақ деген жердің қабағынан Ермекбай деген ұста дүкен салып, Оспан ақын (о да ұста) екеуі іс соғады. Онда ел колхоздаспаған, ақы алып елдің атын тағалайды, соқасын таптайды, орағын соғады, арбасын істейді. Күзгі қара қатқақ кез, астында арық боз жорға дөнені бар Жәкең де келеді. Оспан ұста дүкен алдынан Жәкене сәлем береді де қайтадан дүкенге кіргенше Жәкең:

«Ей, Оспан, сенің атың Тастемір Таңабай ма,
Большевик кедей күйін жаңалай ма.
Бозжорға кібіртіктеп жүре алмайды,
Қайтеді, Оспан мұны тағалай ма?
Екеуіңе бергенім жалғыз бақыр,
Ақсақ ұстаң қайда жүр бермен шақыр.
Сол бақырды бергелі үш ай болды,
Бітпес пе екен болғанша заман ақыр.
Қарсы алдында отыр ғой соқыр кедей,
Орақ алып қолына отыр кедей.
Бір орақтан алсаң да бір бұт бидай,
Қалтақтайсың Ермекбай ішпей-жемей.
Күнгеі беттен Ермекбай дүкен сапты,
Антұрған күнгеі бетті қайдан тапты?
Біреуің ақсақ болғанда біреуің сау,
Қайдан қостың екеуің ынтымақты»,—

дегенде Оспан да, Ермекбай да Жәкеңнің атын тағалап, бақырын да бітіріп береді. Жәкеңнің сөзіндегі соқыр кедей деген сол жердегі бір нашар адам екен. Екі ұста бидай әкел деп орағын істемей отыр екен, оның да орағын істеп береді. Сол жылы қысты күні Рақмет деген кісі қыз ұзататын той істейді. Тойға Жәкең де келеді. Келген кісілердің атын байлап, үйге кіргізіп жүрген Төлеген деген жігітке, Жәкең аттан түсіп, үйге отырғаннан кейін:

«Менің мініп келгенім жирен дөнен,
Жорға басып аяғын кирендеген.
Таса жерге байла да, Төлеген, шөп салып қой,
Біреу мініп кетпесін сүйрендеген»,—

деп тапсырады. Жамбылдың осы бір ауыз өлеңінде, сол кездегі көп уәкіл лаушыл жүрістің сыры тамаша айтылған.

* * *

Жамбылдың қолына домбыра алуды сиретіңкіреген, алса да тек өзі үйде күніреніп тартатын шағында, кеңшілік заманның қуанышы, ежелгі серігін қолына қайта

алдырады. 1925 жылы Алматы қаласында Қазақстанның автономия алғанына 5 жыл және Жетісу, Сырдария елдерінің Түркістан өлкесінен бөлініп Қазақстанға қосылғанына бір жыл толуына үлкен той жасалады. Бұл тойға Жамбылдың шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Өмірзақ, Сәдібек, Бармақ, Қарабек тағы толып жатқан ақындар келеді. Бұл той 1913 жылғы өздерін бір үйге қамап патшаны мақта деп пристав, стражник күштейтін той емес. Той — халық тойы, елдің әйелі, еркегі бірдей тойлаған, шапқан ат, алған көкпар, балтыры жарқырап күрескен балуан, салыстырған жорға — бәрі халықтың өз мерекесі. Тойды басқарған, ойын-сауық тізгінін қолға алған Кенен, Мақыш сияқты өзінің шәкірттері.

Алыстан сарқылып келген арман түйіні шешілгендей, елі масайрап еркіндік алғанда, ері ел билеп, күні кеше үні естілгенмен үйірімі кетіп тозғындаған қазақ елі бас қосқанда Жамбыл жыр теңізін ақтарса керек. Жамбыл осы тойда Ұлы Ленинді анықтап естіп, ісіне қанық болады. Еліне еркіндік берген, кедейдің кемелді өміріне жол ашқан, ұлт құлдығын жойған, шын батыр кім деген сұрағына жауап табады.

«Халықтың енді, міне, жетілгені,
Құрыштың білінбейді кетілгені,
Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп, ірге қалап бекілгені»,—

дейді. Бірақ бұл өлені кезінде жазылып алынбай қысқарып қалған.

Жамбылдың осы 1925 жылдан 1927 жылғы шөп бөлісіне дейін қандай жыр айтып, сол уақыттағы үкімет істеріне нендей мән бергені қолға түспейді. Бірақ Жамбыл сол жылдарда шын мәнісінде атқа мініп, ел аралағыш, кейбір той-думандарға барғыш болған. Мысалы, Жамбылдың жақын туысқаны және құрдасы Тәйтелінің ауылында той болады. Осы тойға Үмбетәлі келіп өлең айтады. Оның үстіне Жамбыл келіп, Үмбетәліге әзілмен соқтығып, екеуі біраз қағысып қалған.

«Үйқыда жатырмысың, қара бала,
Сөйлесе бұл Жамбылдың сөзі дара,
Тұрмайды тұлпар дуда деген осы,
Жамбылдың тойға келген қалпын қара»,—

деп соқтыққан.

1927 жылы жаздыкүні шабындық бөлуге шығады. Бұрын байлардың ата мұрасы, мүлкі болып келген жер бөліске түседі. Өз ауылындағы өзімен ауылнайлас бай-жуандарының шабындығы кедейлерге бөліске түседі.

Осы бөлісте бұрын уыс құлақ шөп алып көрмеген кедейлердің есеге қолы жетеді. Бала-шағасымен Жәкең де тандаған жерінен шабындық алады. Пішен бөлісі боларда Ұзынағашта барлық ел бас қосқан жиналыс өткен. Жиналысты қосшы ұйымының мүшелері басқарады. Жер бөліске түсетін болып мойнына су құйылған бай, жуандар іріктеліп топтан шығады. Сол топта:

«Сексен бірге жас келіп,
Әр немеден жасқандық,
Кәрілік деген тақымдап
Өлім қалды жақындап.
Суырылып сөз келді,
Жамбыл сынды қартыңнан,
Мұнша жасқа келгенде
Не көріп, не білгеннен.
Бір ауыз сөз айта алмай,
Қалса үлкен мін ақынға,
Елестер сан белестер.
Соның бәрін ашқанда,
Қол жеткізген асқарға,
Маркс, Ленин — кемеңгер,
Жер мен суды қолға алып,
Жетісіп тұр енді елім»—

деп ұзақ жырлайды.

1934 жылы Алматы қаласына шақырылған жас көркемөнершілер мәжілісіне келіп Жамбыл жыр айтады. Бұл жырда Жамбыл бір кезде азып-тозып кеткен халықтың ата мұра асыл қазынасы талапты жастардың қолына тиіп көркейе бастағанына қуанады. Соған арнап:

«Уа, термеден сөзді бастайын,
Жас жігерлер алдында.
Топтан озған тарлан ең,
Шабысыңнан тандың ба.
Тұяғың тозып, топас боп,
Шаршы топқа түскенде
Китіндеумен қалдың ба,
Шабысы болар шалдың да»,—

деп өзін жастар алдында сөзден сүрінбейтін жігермен қайрап жыр ағызады. Жамбыл бұрынғы бір ауыз, жарым ауыз сөзбен түйіп тастаудан гөрі созып, желілеп, молайта айтуға, бұрынғы ойда бұғып келген жыр желісін ұзартып, өлеңді көгеннен ағытқандай құлашты кең тастайды.

Жамбылдың бұл кездегі айтқан әрбір кезенді жердегі жыры заман бейнесін суреттеуге кеңінен қамтылған

жыр болады. Бірақ бұл кездерде де тек бір мереке, иә бір болған уақиғаға байланысты арнаулы жыры болмаса, Жәкеңнің ел ішінде айтқан күнделікті жыры жазылмаған.

1935 жылдың ішінде Жәкең өз елінің жайлау, күзек, көктеу мекендеріне барып, колхозшылар арасында үздіксіз жыр айтады. Сол жырлары да жиналып жазылмаған.

1936 жылы Қазақстан көркемөнерпаздарының Москваға баратын дайындығы болады. Осыған арналып ақын, әнші, күйші өнерпаздарының слеті шақырылып, барлық жүйрік жарысқа түсті. Бұл жиналыс-бәйгі кәрі тарлан Жамбылға аса ұнайды. Ол осы жиналыста бұрын атын естіп, өзін көрмеген сан өнерпазды көреді. Солармен бәсекесіз өнер салыстыру бәйгесіне түскендей аса көңілденеді. Бір шеті Оралдан, Каспийден, бір шеті Қытаймен шектес Алтайдан келген жүйріктердің өнеріне сүйсініп сүйікті жыр толғап, топтың алдына түседі.

Москваға баратын өнерпаздардың ақсақалы болып Жәкең аттанды. Жәкеңнің ұғымынан терең орын алған Мәскеу жұртшылығының достығы. Партияның қамқорлық басшылығы гүлдендірген елінің бейнесін Жәкең кеңірек толғап айтуға ойланып жыр төгеді. Бұл жыры әрі сыр, әрі қуаныш жыры болып өрісі өте ұзаққа тартылды. Жәкеңнің осы жырлаған «Туған елім» деген жыры жүлделеніп шыққан жаңа белесі болып, аса әдемілігі мен бірнеше тілге де аударылып бір ғана қазақ поэзиясы емес, бүкіл Советтер Одағы поэзиясынан үлкен орын алады.

КАСЫМ АМАНЖОЛОВ

ЖАМБЫЛ ЖАСТАР АРАСЫНДА

1937 жылдың көктемі еді. Бірнеше жас ақындар және журналистер болып Жәкеңе барып, сәлем беріп қайтқымыз келді. Жәкеңе барған соң құр алақан баруға болмайды. Сондықтан өзімізше сыйлық дайындадық. Жәкең үшін ең құнды сыйлық осы болар деген оймен әрқайсымыз бірен-саран өлеңдерімізді қалтамызға баса бардық.

Демалыс күн еді. Машинаның күймесінен Майтөбе-

нің бауырына қотарыла төгілдік. Жастық үніміз үйді жанғыртып кіріп келсек, Жәкең үйі толған қонақ екен. Жәкеңнің қонақтары, көбінесе, кім болушы еді, әрине, өзінің нөкеріндей болған ел ақындары екен. Екі жағы сақылдап Үмбетәлі ақын сайрап отыр екен. Біз кіріп барған соң Үмбетәлі тына қалды. Біз «айта беріңіз» дегендей ишарат білдіріп едік, Жәкең орнынан бір ырғалып қойып шабытты, көтеріңкі дауыспен:

— Келіндер, балалар, мұнда келіндер,— деп өзі ығыса бастады. Жәкеңнің ығына ере, бірнеше ел ақындары да ығысып, бізге нақ төрден орын босатты.

Біз кезекпен барып Жәкеңнің қолын алдық. Жәкең әр қайсымыздың қолымызды ұзақ ұстап, жүзімізге әкелік мейірбандықпен күлімсіреп қарай берді.

Жәкеңмен бұрын да талай кездескен едік. Сондықтан көпшілігіміздің атымызды ұмытып қалғанмен жүзімізді танитын.

Қатар отырған Дихан Әбілев екеуімізге қарай оңтайласа келіп:

— Әбіл аман ба? Бала-шаға аман ба?— деді.

— Тегіс аман. Сізге сәлем айтты,— деді Дихан...

Марқұм Әбіл ақсақал баласы Диханмен қатар өсіп келе жатқан жас ақындардың бір қатарына әкедей болған адам еді. Сол кісінің үйіне Жәкең жиі келіп отыратын. Жәкең келген сайын Әбекеңнің үйіне жас ақындар толатынбыз. Екі қарттың әзіліне құмарта құлақ салып, кейде Жәкең өзімізбен де қалжындасып, ұзақ отыратын едік...

— Тезекбай — деген даусы санқ ете түсті. Жәкеңнің баласы Тезекбай келді.

— Мына замандастарың келіп отыр ғой. Қалада жұмыстары көп, асығыс та шығар. Тезірек қуырдақ қуыртып жіберіндер,— деді де, Жәкең ойын бізге қарай кенет бұрып:

— Ал, балалар, біздерге не әкелдіңдер,— деді. «Біздерге» дегенде үй толы ақындарды қолымен бір қаузап өтті.

— Бәлендей еш нәрсе әкеле қойған жоқпыз. Сізге сәлем бере келдік,— деді Жұмағали Саин.

Жәкең «менің ишаратымды түсінбеді ме» дегендей, жымия бір қарады да:

— Өлеңдерің бар ма, өлеңдерің,— деді.

— Е, ол жағы табылады ғой,— деді Тайыр Жароков.

Жәкең жанындағы бір ақынның домбырасын алып, бұж-бұж саусақтарымен домбырасын қағып-қағып жі-

берді. Сол мезетте оның бейнесі ескі тұғырда отырған қарт бүркіттің бейнесі сияқты еді. Бет әлпетіне қарасаң қарт жолбарыстың бет айбыны бар сияқты еді. Домбырасын Тайырға ұсынып:

— Мә, Қайыр (Тайырды Қайыр дейтін) сен айтшы,— деді Жәкең, Тайыр Жамбылдың жақсы көретін әні:

«Әбсәр барсаң — Әбсәр бар, Қызылжар бар
Өзім сылқым, өзім сал, мен кімге зар.
Шыңға біткен біреудің шынарымын,
Көлеңкемнен аулақ жүр, менде нен бар»,—

аңыратып ала жөнелді.

Жәкеңнің «өйт» деген даусы тағы да саңқ ете түсті.

Бұдан кейін әрқайсымыз өзіміздің өлеңдерімізді оқыдық. Кейбіріміз ән салдық, өлең мен әнге үйір еместеріміз не бір көңілді, қызық сөздер айттық. Ерсілі-қарсылы сапырылысқан сөз дариясына түстік те, ел ақындары мен жастар жан-тәнімізге дейін араласып кеттік. Өлең, әңгіме барған сайын қыза берді. Жәкеңнің жүзіне ерекше бір шырай кіргендей болды. Ол тіпті тоқсанның күпісін лақтырып тастап, жиырма бестің жібек шапанын жамылып, құлпырған бір жас болып шыға келді.

— Әттең сендердің замандарыңда, сендердің жастарыңда болмадым ғой,— деп қояды Жәкең, әрбір әңгімені қорыта келіп.

— О, не дегеніңіз, Жәке, кейбір жастардан сіз кәзірдің өзінде де жассыз,— деді біздің бір досымыз, сол мезетте. Үйдің іші ду күлді. Жәкең әлгі сөзді айтқан жігітке шұқшия бір қарады да, домбыра алды қолына. Тына қалдық, Жәкеңнің дүние сырын көп жұтқан тұңғық кеудесінен гүрілдеген бір үн шықты. Сол-ақ екен жыр тасқыны ақтарыла бастады.

«Бұл Жамбыл көрген бұрын талау-таран,
Кез болды енді оған алтын заман.
Кең жатқан байтақ ұлан шежіремін,
Тарихтың домбырасын қолына алған.
Жамбылдың ардақталып бұлбұл сөзі,
Гауһардай нұрын төккен екі көзі.
Тоқсанда қайтып алам жиырма бесті,
Жасарып қарт бабаңның тұрған кезі...»—

деп ала жөнелді. (Кейіннен осы өлеңі «Қайтып келген жастық» атты өлең боп жинағына басылды). Бұдан кейін Жәкең өзінің шәкірт ақындарын жырлатты. Бәленің бәленге айтқанын айтшы! Ананың анасын, мынаның мынасын айтшы деп, Жәкең ылғи жетектеп отырды.

Кейде қызып кетіп, өзі айтып жіберіп отырды. Ұзақ отырдық. Бірақ Жәкенмен өткізген уақытымыз бір тамаша думан болды да уақыттың өткені де, жұрттың шаршағаны да білінген жоқ. Бір ғажабы бірнеше сағаттар бойы осы аткөпір думанда болған тоқсан жасар қарт Жәкеннің шаршағаны да сезілген жоқ. Шынында да ол жастар арасында отырса жасарып кететін сияқты еді.

Кетерімізде Жәкен бұрынғы жайраңдаған кейпінен өзгеріп, әкелік салмақпен:

— Қарақтарым, бірің қанатым, бірің құйрығымсыңдар. Жақсы болып өсіңдер. Жамбыл деген мына бір қарттарыңды ұмытпай келіп тұрындар,— деді.

Біз машинаға отырып жүріп кеткенімізше, Жәкен соңымыздан ұзақ уақыт қарап тұрды.

АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВ

ЖАДЫМДА ҚАЛҒАНДАР

...Мен осы алып ақын Жамбылдың өзім көрген, өзім бірге жүрген кезімдегі қызықты кезеңін еске түсіргім келеді. Әрине мұндай естеліктерді айтуға да бір себептер болады. Оған басты себеп: Жамбылдың туғанына 125 жыл толуы болып отыр...

...Отан соғысының отты жылдарының бірі еді. Түнгі сағат 12 кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті республика Жазушылар одағының президиумы мүшелерін түгел шақырды. Бастығымыз Сәбит Мұқановты алдымызға салып (ол кезде машина жоқ) жаяулап ЦК-ға әрең жеттік. Келсек олар күтіп отыр екен. Бюро мүшелері түгел жиналған. Әңгіме майдан жайында болып жатыр.

— Ленин қаласына қауіп төніп тұр. Ленинград қоршауда қалды. Бұған рух беретін өлең керек,— деді Орталық Комитеттің секретары. Ақындар өзара келісе келе, ол жырды айтуға Жәкеңе кезек берген дұрыс дедік. Оның үстіне Жәкен Ленинград жайлы кейінгі күндері жиі сұраушы еді.

Түнде сағат үш шамасында үйіне барсақ, Жәкен әлі ұйықтамаған екен. Кіріп келгенімізде қолын көзіне қойып көлегейлеп бізге қарады. Барғандардың ішінде: Мұхтар, Сәбит, Әбділдә, Тайыр және мен бар едім. Бә-

ріміздің де шашымыз дудардай қобырап, үрпиіп тұр екен. Жәкең қолын беріп жатып:

Шаштары бар дудар-дудар,
Сөз андыған өңкей кулар,—

деп сәл жымыды да кенет сұрланып:

— Алғадай аман ба, жүрістерің суыт екен,— деп қыран бүркіттей қомданып шаңқ ете түсті де тесіле қарады. Көзінен ыза мен кектің, ашудың оты шашырап тұрғандай еді. Бәріміз де келіп Жәкеңнің қолын алуға ұмтылып едік, бірақ Жәкең қолын бермей қойды.

— Алдымен баламның амандығың айтындар, жаман хабар жоқ па?— деп тамыры шыққан қартайған қолы дір-дір етіп кідіріп қалды. Алдымен Мұқаң сөйледі:

— Пәлі, біз ондай жаман хабар болса, бірден топырлап алдыңызға келеміз бе? Алғадай аман, Жәке, — деп құлағына аузын тосып айқайлады.

— Ендеше жеті түнде не бітіріп жүрсіндер топырлап.

— Ленинградты білесіз ғой, Ленин тұрған қала. Қазір сол қала қауіптің үстінде тұр. Жан-жағынан жау қамап жатыр. Соған арнап сіз өлең жазыңыз. Сондағы өрендеріңіз марқайсын, «Қаһарлы сөз қамал бұзады» деген ғой, Жәке, Сіздің өлеңіңіз де барып неміс фашистеріне ойран салсын. Соны айтқалы келдік.

Жәкең тындап алды да, толғанып, ыңыранып отырып қалды. Жаралы жолбарыстай ауыр-ауыр күрсінді. Бәріміздің көзіміз Жәкеңде. Жақ жүні үрпиіп, мұрты тікірейіп, кәріліктен суалған екі беті бүлкілдеп тұрғандай сезілді.

— Әперші, ана домбырамды!— деді біраздан соң Жәкең.

Әлде өз құлағы естісін дей ме? Көп жасаған құндақты қара домбыраны қолға алып қатты бұрады. Бұрап алды да, домбыраға қосылып жырлап қоя берді.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!—

деп бастады. Осы екі жол өлең бұлақ көзінің тығынындай болып тұр екен, екі ауыз өлең шыққан соң лықсып, ағылып-төгіліп жүре берді. Төрт адамды жазып алуға даярлап қойғанбыз. Олар ағытылған жырды арабша түртіп қалып отырды.

О, қаһарман өренім,
Мақтанышым, беделім...

Сол сол-ақ екен сөз тасқыны үсті-үстіне лақылдап құйыла жөнелді. Тайыр бір шумағын, Әбділдә екінші шумағын, Ғали тағы бір шумағын, мен бір шумағын жазып отырмыз. Ақшулан тартқан түксиген қасын бір сипап қойып, көзінен жасы сорғалай отырып, Жәкең көпке дейін толғай берді. Біз жазып отырмыз.

Қатты майдан алда бар,
Жанышталар айдаһар,
Жата алмаймын төсекте,
Жаным қалай жайланар,—

дегенді айтқанда бұрынғыдан да екі есе қатулана соқты.

Жазған шумағымыз табан астында бізбен бірге келген Тарловскийге қолма-қол, сөзбе-сөз аударылып жатты. Ондағы қиыншылықтың салмағы Мұқана түсті. Кен маңдайын қолымен бір сипап қойып, байсалды, биязы сөзімен жайлап орыс ақынына жеткізіп отыр. Жәкең домбырасын жастығына сүйеп қойып жатып:

— Мен қазір тоқсан үштемін. Бірақ жаспын, бақыттымын, мен әлі атқа отырамын. Қуанышты, қуатты, ба-тыл ұлдарым, немерелерім мен шөберелерім қоршауда. Мен өзімнің социалистік Отанымды өлшеусіз жақсы көремін. Отанымды барлық жаулардан қай минутта болса да өлеңмен және мылтықпен қорғауға даярмын,— деп шын адал жүрегін ашып салды.

Жамбыл ақынның «Ленинградтық өренім» деген өле-ні ауыр күнде, отты түндерде Отан соғысының жалыны лапылдап тұрған кезінде осылай жазылып еді. Мен сол күндердің зілдей меңіреу түндерін, Жәкеңнің домбыра-сына қосылып көзінің жасы сорғалап отырғанын еш уақытта ұмытпаймын. Әсіресе Жәкеңнің:

Жылан басы жаншылар,
Жау түнегі аршылар.
Тағы сайрар бұлбұлдар,
Тағы жайнар жұлдыздар,
Масайрасар ұл-қыздар!—

дегені өмірімде естен шықпайды.

Тағы бір естен кетпейтін оқиға Жамбылдың жақсы көретін баласы Алғадайдың қайтыс болуы туралы еді.

...Бір күні ұрыс даласынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне хат келіпті. Ол хатта Жамбылдың сүйікті ұлы Алғадайдың елін қорғап жүріп оққа ұшқаны, айтылыпты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыр қазаны Жамбылға естіруге Қаныш Сәтбаев, Мұх-тар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жа-роков және мені жіберді. Сағат 10 шамасында келген

біздер сағат он екіге дейін Жәкеңе қалай естіртудің лажын таппай оңаша сөйлестік. Өйткені Жәкең наукас әрі құлағы да есітпейді. Құлағы есітпеген адамға баласының өлімін естірте салу оңай да емес. Жамбыл бұл күндері төсек тартып, ауырып жатып қалған. Ойласа келе Қаныштың тапқан ақылы былай болды.

— Жәкеңнің өзімен тұстас, әрі жақсы көретін үзеңгілес адамдарын түгел жинайық. Кенен, Саяділ, Үмбетәлі, Қарғабай, Жартыбайлар да қалмасын. Олар түгел келісімен Жәкеңе жіберейік. Үзеңгілес іні ақындардың басы қосыла қалғанына қалай таңданбас екен? Сосын арғы жағы белгілі ғой...— деп Қаныш насыбайын ата отырып, сұлу келбетті жүзін жаңа шығып келе жатқан күннің нұрына тоса түсіп, бір көзін қыса сөйледі. Қаныштың бетіне қатты үніле қарағаным да сол еді. Данышпан адамның түс-келбеті өзгеріп, қаны қашып сұрланып тұр екен. Ат жақты жүзі әдемі шашы азынаған желмен көзіне түсіп желбірейді. Жүзінде соғыстың қарарлы күндерінен түскен әжімдер білініп тұрғандай. Оған жалғас отырған Мұқаң да саусағымен оң танауын сипалап отырып, қасқа боп біткен маңдайынан желкесіне дейін тап-тақыр боп қалған басын ұстай отырып, сөйлеп отыр. Бәрінде де қайғы ізі бар. Бәрінің де көзінің алды жасаурап, мөлтілдеп тұрғандай.

Түс ауа жіберген машинамен Кенендер келді. Бәрі де үрпиіп шошып қарайды. Бәрінде де қауіп бар. «Не болды екен?» деген ойларында қатерлі сөз жатыр. Оларға Қаныш пен Мұқаң жайлап отырып түсіндірді.

— Жәкең наукас екен, ойласа келе сіздерді алдырдық. Енді сіздер Жәкеңе кіріңдер, арттарынан біз де барамыз,— деді. Олар киімдерін шешпестен, басына Жетісудың қаусырмалы қаракөлінен тіккен бөріктерін киген бойымен Жәкеңе кірді. Киім шешпеудің өзі де сезік туғызып, Жәкең бір нәрсе сұрар деген үміт еді. Оның бәрі ақыл боп шықты. Жәкең жатқан орнынан басын көтеріп, қауіптеніп:

— Сендерді кім шақырды? Әлде менің Алғадайыма бір нәрсе болды ма? Айтыңдар, Алғадай аман ба?— деп көзінен жас сорғалап қоя берді.

— Иә, Жәкең солай болды,— деп алдымен Кенен барып құшақтады да солқылдап жылады. Оған қосыла бәріміз де жыладық. Сол сол-ақ екен өзі қалжырап отырған қайран Жәкең сылқ құлап, төсегіне жата кетті. Сол жатқаннан төрт күнге дейін жастықтан басын көтермеді.

Міне, біз Қаныш пен Мұханның ақылымен Жәкеңнің соғыста өлген баласы Алғадайды осылай естіртіп едік. Бұл да бір ойдан шықпайтын ауыр күннің бірі еді.

* * *

...Жаздың күні еді, Москва жайнап тұр. Жамбыл ақсақал «Москва» қонақ үйіне тоқтаған. Бір күні кешке «Мені Кремльге, Лениннің қабіріне апарындар» деп тілек жасады. Жамбылды ертіп Қызыл алаңға бардық, ол кездегі Жамбылдың хатшысы Тайыр Жароков болатын. Қазақ жазушыларының көпшілігі де сонда еді.

Мұхтар Әуезов тағы да басқалар болып Жәкеңмен бірге далаға шықтық. Жәкеңнің құлағы ауырлау еді, жай сөйлегенінің өзі қатты шығатын.

— Әй, Қайыр, құдайдың рақаты Кремльдің түбінде екен ғой. Салқын самал соғып тұр. Ине жасырынар жер жоқ, жарқыраған ілектір.

— Жәке, Лениннің Мавзолейіне жақындадық, отырсақ қайтеді?

— Әлі де, жүріңкіре, Ленинге жақын барайық.

— Алдында сақшылары бар, жақын жібермейді, Жәке.

— Неге жібермейді, Жамбыл келе жатыр де, жібермегенін көрейін,— деді Жәкең таяғын көтеріп, куақыланды. Бәріміз оған рақаттанып күлдік.

— Егер керек болса, мен қазір Сталинге де кіріп барам, онда қайтер екен. Шашабойынды неғылам,— деп Жәкең тағы да күлді. Мавзолейге жақындап келіп отырдық.

— Әй, Мұхтар, осы анау қызыл үй кімдікі?

— Ол Лениннің музейі, Жәке.

— Ертең мені соған апарындар.

— Мынау Қызыл туы желбіреген, қай үй күмбезі күлдіреген?— деп тағы сұрады.

— Бұл Калинин тұратын үй де... Айтамын-ау, мәртебесі биік үй сияқты еді. Ленин тірісінде осы үйде де болған ғой шамасы.

— Дұрыс айттыңыз. Ленин отырған үй.

— Жөн-жөн, бүкіл дүниеге көрінетін үй десей. Мына тұрған мұнаралар Ленинді күзетіп тұрады-ау,— деп күрсінді Жәкең, Кремльдің биік мұнараларына қарап.

Сөйткенше Кремльдің сағаты сегіз рет соқты. Оны Жәкең де есіткен болу керек.

— Сағат бізге, енді үйлеріңе қайт,— деп тұрған жоқ

па? Әй, Мұхтар, Кәстенсімізге қайтайық,— деп дауыстады.

Кремльдің сағаты онды соқты,
Есімізге түсірді ойда жоқты...

— Жәке, біз Мәскеу өзенін жағалап шаршап қалдық. Сәл отырып қайтайық,— деп еді Мұхтар:

— Сендер асықпасаң мен асықпаймын, мына бір самал соғып кетті ғой,— деді де Жәкең,— әлгі Сталин отыратын үй де осында ма?

— Осында, Жәке.

— Дұрыс, өзім де солай ойлап едім,— деп орнынан көтерілді.

Бәріміз де орнымыздан көтеріліп «Москва» қонақ үйіне қарай беттедік. Жәкең таяғын тықылдатып, Қызыл алаңмен келе жатты. Ыңылдап өлең айтып келе жатыр.

Тірі де көре алмадым Ленинді мен,
Ол кезде аша алмадым көзімді мен.
Ол кезде бұл Мәскеуді көру қайда,
Танымайтын кезім ғой өзімді мен,—

деп ауыр күрсініп қойды.

Ертеңіне Жәкең қатты сырқаттанып қалды. Шайдан басқа нәр татқан жоқ.

— Жәке, неге тәбетіңіз тартады?— десек:

— Маған қымыз бен қымыран, табылса тары-талқан, қою қатық, көженің суы, езген құрт керек. Оларын жоқ болса айраның мен котлетінді жеймін деп, қаталап қалдым ғой,— деп теріс қарап жатып алды...

— Мен Қазақстанда өсіп қартайған адаммын. Сол жердің топырағын иіскемесем, қымызын ішпесем, қазысын жемесем қарным тоймайды, бүйірім шықпайды. Шабытым да келмейді. Жайқын далада жойқын өскен адаммын ғой. Қаланың ауасы қою екен, соның да әсері тиді ме, сырқаттанып қалдым. Енді елге жетуге асығып отырмын, мүмкіндігі болса мені Калинин өз вагонымен Алматыға жеткізіп салсын, алғысымды алсын,— деп күлімсіреді.

Мұхаң майын тамызып, орысшаға аударып берді. Оған отырғандар қол соқты, күлді, жадырап қалды.

— Біздің Жәкең жай адам емес, ауызды мол салған жоқ па?— деп Тайыр маған сыбырлап отыр. Сөйтіп Жәкеңе М. И. Калининнің арнайы вагоны берілді. Біз сол вагонмен ауылға Жәкеңді алып қайттық. Жәкең Ақтөбеге жақындағанда төсегінен тұрып айқайлап отыр.

— Балалар, қымыран мен қымыз табылса соны алыңдар, сөк әкеліндер,— деп бұйырады.

Айтқанын тауып әкеліп ек, балаша қуанды.

— Енді Жамбыл балталасаң да өлмейді, жүзге жетсіді,— деп селкілдеп күлді, көзі жайнап кетті. Сол кездегі түрі қасқырға түсетін қыранның көзіндей оты шығып жалындап тұр.

— Әпер, менің домбырамды?— деді бір кесе қымыранды сіміріп тастап.

— Жарықтық жусанның иісі бұрқырайды. Бұл ауруға ем ғой,— деп терезеден кең далаға қарады.

Күндегі әдетімен дәрігер қыздар Жәкеңе келді. Күнде байқамай ма, әлде өзі көңілсіз болған соң көңіл бөлмей ме бүгін Жәкең көңілді отыр. Көзін сығырайта қарап:

— Бұл қыздар қай жердің періштесі?— деп әзілдеді.

— Кремльдің дәрігер қыздары, Калинин ақсақал қосып берген,— деді Тайыр құлағына жақындап.

— Е-е Кремльдің ақ қанатты періштелері демейсің бе? Сәйдіс, қыздарым, беттерінді әкел, алдымен бір сүйіп алайын...

Қыздар беттерін тосты. Әкесінің сүйгеніне олар масаттанып қалды.

— Иісі қандай еді, жұпар аңқиды. Енді мен, жігіттер, бұлар хордың қызы болса, мен періште болдым, деп рахаттанып күлді.

Бізге жол жүру көңілді болып кетті. Өйткені, Жәкең көңілді, қолынан домбыра түскен жоқ. Бұл кісі 100-ге жасы жақындаса, өткен жүз жылдың әңгіме, аңызын біледі. Екі ғасырды білген адам тегін бола ма? Оның үстіне Жәкең қара сөзбен сөйлемейтін адам, ылғи өлеңмен айтады. Бір ғажабы өткен жылдың оқиғасын айтқанда я жылын, я күнін ұмытпайды. Қай оқиға қайда болды. Қай жерде өтті. Соның бәрі тайға таңба басқандай, әрі тамаша, әрі қызықты болып айтылады.

Әр қалаға келгенде терезеден қарап, оның қай қала екенін сұрап алып, оның тарихына тоқтайды.

Поезд Қызылордаға тоқтап еді. Қызылорда екенін сұрап алып:

— Е, бұл Қалмақанның ауылы екен ғой. Бұл астана болған, аруақ орнаған жер. Мұнда Қажымұқан да болды, Әміре де болды,— деп аузын күбірлетті де қолымен бетін сипады.

— Жігіттер, қауын-қарбыз әкеліндер,— деп Тайырға қарады. Қашан ұзап кеткенше терезе алдынан кетпеді.

Поезд Жамбыл станциясына тоқтағанда, одеялын жамылып жатып алды.

— Жарықтық Әулие-ата, атыңды мен тартып алғаным жоқ, халық солай атады,— деп, Әулие-атаның алдында айыпты адамдай жатып қалды, тек Алматыға жақындағанда барып орнынан көтерілді.

— Айналайын Алматы, желің қандай жұмсақ, суың қандай моншак, тауың қандай заңғар, бауырыңдағы бауың қандай гүлзар,— деп өлеңдетіп жіберді.

Алматыға келгенімізді білмей қалдық.

ҚАПАН САТЫБАЛДИН

ЖИЫРМА ТОҒЫЗ КҮН

Күндізгі сағат он бірдің кезі. Таңертеңгі шайды енді ала бергенімде есікті қағып аласа бойлы, карасұр пальтолы бір адам кіріп келді.

— Саламатсыз ба, Қапан Сатыбалдин сіз боласыз ба?

— Иә, мен боламын,— деп аң-таң қалып бетіне үнілдім.

Жүзі жылы. Көк көздері күлім қағады.

— Төрлетіңіз. Жоғары шығыңыз,— деп орындық ұсындым. Келген кісі отырған жоқ, есік алдында тұрды да қойды.

— Мен сыртта күте тұрайын. Шайыңызды тезірек ішіп шыға қойғайсыз. Сізді Орталық Комитет секретары қабылдайды,— деді де, шығып кетті.

Үйдің іші болып бұл хабарға таң-тамашамыз. Қаламы қатпаған, жинағы да шықпаған жас жазушыны Орталық Комитет секретары неменеге керек етті екен?

Шыны аяқтағы шайды шала-пұла ұрттай салып, апыл-апыл киініп шықсам, қақпа алдында көлденеңдеп қара «ЗИС» тұр. Оны көргенде таңдануым одан сайын молая түсті.

Дзержинский көшесімен жоғары тартып келеміз. «Жай ма?» деп сұрауға батпаймын.

— Иә, не жазып жүрсіз?— деді машинаның арт жағында қатар отырған әлгі кісі.

— Бақыт туралы өлең жазып жүрмін.

Расында да, ол кезде өлеңдеріміздің бәрі бақытпен басталып, бақытпен аяқталатын. Өлеңдеріміздің аттары кілең — «Бақыт даусы», «Бақыт күні», «Бақыт жыры»

болып келетін. Осы күні жас ақындар сияқты махаббат, табиғат лирикасымен әуестенбей, көбінесе саяси тақырыптарды төңіректейтінбіз.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретарының қабылдау бөлмесінде отырмын. Уақыт жылжып барады.

Бағанадан алып ұшқан ой жүйрік енді ғана бір тиянақ тапқан тәрізді, алабұртқан көңіл басылып, жүрегім орныға түсті. Не қылса да бір маған жағымды, маңызды мәселеге шақырған тәрізді болады. Іштей жорамалдаймын. Бірақ нақ не нәрсеге керек болғанымды, онда да бірінші секретарьдың өзі ауызекі сөйлесерліктей не жұмыс екенін біле алмай далмын. Бірақ бірінші секретарьдың қабылдауында болуды өзіме-өзім қомсынамын.

Шамасы қырық минуттай уақыт өткенде, маған көмекші жігіт есікті көрсетті.

Есіктен кіргеннен ұзыннан-ұзақ кабинеттің қақ төрінде отырған секретарьға көзім түсті. Командирге бет алған солдатша қарыштап келем. Үстінде Кировша гимнастерка киіп, белін жалпақ былғары белбеумен буынған, тығыршықтай, отыздың о жақ, бұ жағындағы көк көзді қоңыр шашты адам мені стол басынан бері шығып қарсы алды. Секретарьдың бойы менен аз-ақ қалқыңқы. Бірақ тоқтының асығындай шып-шымыр. Содан көк шұға жабылған ұзын столдың жанына келіп отырдық. Онда алма толы ваза тұр. Сөз бастамас бұрын Секретарь алма ұсынды.

— Не жазып жүрсің?

— Отан, бақыт туралы өлең жазып жүрмін.

— Өте жақсы. Жамбылдың өлендері саған ұнай ма?

— Ол — қазақ поэзиясының атасы ғой, Жамбыл жыры. Бүкіл халық жақсы көрген Жамбылды мен неге жақсы көрмейін, баласымын ғой. Қай жағынан алғанда да мен өзімді жыр алыбы Жамбылдың баласымын деп санаймын, — деп, не қылса Жәкеңді жер-көкке сыйғызбай мақтай сөйлеп жөнелдім.

— Соның дұрыс, Жамбылды сыйлау, құрметтеу — бәріміздің міндетіміз, Жамбыл жырының нар жолы біздің жеңісіміздің шежіресі, — деп секретарь өзінің жұмыс столынан сол жақ шетінде тұрған Жамбылдың қызыл лидеринмен тысталған бір томдығын ашып жіберіп, бір өленді тамағын кенеп, дауыстап оқи бастады.

— Тамаша емес пе?!

— Тамаша! Біздер ұлы Отанды, кемеңгер көсемді халықтың бақытын қалай жырлауды Жамбылдан үйре-

нуіміз керек,— деп аяқ-қолым жерге тимей елпілдей түстім. Не қылса, бұл кісінің алдында білгір, байыпты әрі қарапайым көрінгім келеді. Сондықтан да ұстараның жүзіндей төңкерілдім.

— Өте дұрыс,— деп секретарь бір көтеріліп қалды. Байсалдана қалып, содан негізгі әңгімесіне көшті.

— Жамбылдың жетпіс бес жылдық мерекесімен байланысты Ленин орденімен наградталғаны есінде шығар. Орденін жаздығүні барып алуға қарт кісіге жол жүру қиынға түсетін болды. Сондықтан Жамбылды Москваға жібермедік. Енді күн суытты. Жамбыл Москваға барып, Калинин жолдастан орденін алып қайту керек. Осы сапарға қарттың қасына сені ерткелі отырмыз. Оған қалай қарайсың?— деді секретарь бетіме қадалып.

Мен қуанып кеттім.

— Сенімдеріңіз үшін рақмет! Тапсырмаларыңызды бұлжытпай орындауға бар жанымды салуға бармын. Орталық Комитеттің сенімін ақтауға бар күшімді салармын,— дедім екі бетім қуаныштан дуылдап, дегбірім қалмай.

Жәкең аулына түнгі он кезінде жеттік. Жәкең шошалада от басында жантайып жатыр екен. Аздап сырқат сияқтанды.

Біз — Павел Кузнецов, мен, Михаил Перевозчиков үшеуміз сау етіп кіріп келгенде, Жәкең ала көлеңкеде әуелі аңғарған жоқ. Әлден соң барып Кузнецовты тани кетті. Жылт-жылт еткен ошақ оты.

— А, Шернейсоппысың?

— Ымырт қой, Жәке! Хал қалай?— Кузнецовтың бар қазақшасы осымен сарқылды.

— Бұлар қай балалар?— деді Жәкең бізге қадала қарап.

Кузнецов таныстырды. Біз Жамбылмен сәлемдестік.

— Сырқатпысыз?

— Е, шал кісінің ыңқыл-сыңқылы көп болады ғой, жай әншейін деп жуып-шайды.

Мен Жәкенді бірден қуантайын деп келген бұйымтайымызды айттым. Шалға түсінікті етіп, термин қоспай сөйледім.

— Жаздығүні сізді тойыңызда Ленин орденімен наградтады ғой. Сол орденді Калинин тұстасыңыз өз қолымнан алғалы Мәскеуге келсін деп шақыртыпты. Ертең Мәскеуге жөнөйсіз, ертең аттанамыз!

Жәкең қуанышы қойнына сыймай, қуанып кетті. Мен бірден «Қара бала» атандым.

— Солай де, Қара бала, жақсы болған!— «Жақсы болған» Жәкеңнің көп қолданатын жағымды сөзі.

Жақсы лебіз — жарым ырыс. Қарт көңілі жадырап, соншалық қарапайым, қуанышты хабар қуат құйғандай қарт Жамбыл кәдімгідей ширап, екі көзі күлім қағып, жадырап сала берді.

— Бұл — менің Жамбылмен жақынырақ көрісуім еді. Ресми түрде — хатшысымын. Бұрын көппен бірге қолын алып, Қазақстан Жазушылар одағына келгенде амандасқаным болмаса, Жәкеңе жақын жолап көрген жоқпын-ды. Қарттың мазасын алғамыз жоқ. Алайда түнімен біз тыныға алмадық. Жамбылдың балаларымен жол жайын кеңестік. Жәкең жолға қандай киіммен шығады? Ол аз проблема емес. Ауыл арасында киіп жүретін қара елтірі бөрік келіспейді. Тойға келген толып жатқан шапандардың ішінен осы жарайды-ау дегенін сайладық. Жәкең мінезіне қанық емеспін. Барлық шалдар сияқты Жәкең де жарқырап киінгенді жақтырмайды екен. Мынаны ки, ананы ки дегенмен шалдың қытығына тиюіміз мүмкін. Сондықтан Жамбылдың Мәскеуде киер киімін чемоданға өзіне көрсетпей салып алдым. Жәкеңнің көңіліне қаяу салмау — маған жүктелген партиялық міндет. Қарт жырау М. Калинин алдына шаршап-шалдықпай баруы қажет. Осы сапардан ауырып-сырқамай абыроймен қайтса, менің жүктелген міндетті ақтағаным.

Жақсылық хабар жата ма? Жәкеңнің Мәскеуге жүретінінен колхозшылар құлақтанып қалыпты. Ауыл түгіл қаланың өзінде ауыздан шықты дегенше, жақсылық хабар жатқан ба? Жәкеңмен Мәскеуге, алыс жолға шыққалы аттана бергенімізде, колхоздың үлкен-кішісі ақын аталарын жаппай шығарып салды.

* * *

Алматыда Жәкең «Советтер үйі» қонақ үйіне түсті. Жыраудың жанына ерген кісі әзірге үшеу едік. Мен, әдеби хатшы есебінде әрі аудармашымын. Павел Николаевич Кузнецов — әдеби аудармашы, Григорий Михайлович Перевозчиков — шаруашылық мәселесімен айналысатын көмекші, Клавдия Михайловна — дәрігер.

Әрқайсымыздың өзіміздің еншімізге тиген жұмысымыз бар. Мен Жәкеңнің аузынан шыққан жыр жолдарын қағазға түсірем, содан жолма-жол аударма жасап орыс-

шалап берем. Павел Николаевич көркем аудармамен айналысады. Бұл сапардың шаруашылық мәселелері түгелдей Перевозчиков мойнында, Клавдия Михайловнаға жүктелген міндет те осал емес, бұл кісі Жамбылдың денсаулығын, ішетін тамақтарын қадағалауы керек.

Алматыға келген бетте Жәкең ресми кеңселерде болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші, екінші секретарьларымен, Халық Комиссарлар Советінің Председателімен сәлемдесті. Жұмыстары басынан асып жатса да, басшылықтағы жолдастар Жәкең ақсақалды жақсы қарсы алып, аялап, асты-үстіне түсіп жатты. Ақынға көрсетілген бұл құрмет-қошемет те соншалықты қалтқысыз.

Жәкеңнің бұл сапары соншалықты салтанатты, соншалықты қызықты көрінді. Жамбыл әуелі Мәскеуде біраз күн болып, содан Ленинград барып, қайтып оралып, тағы да астанада болуға тиісті.

Кеш түсе поезға міндік. Халықаралық вагон түгелдей біздікі десе де болады. Вагон іші бірақ онаша емес, поездда келе жатқан халық бұл вагонда Жамбылдың кетіп бара жатқанын естіп, Жамбыл жатқан вагонға, Жамбыл жатқан купеге анталайды.

Қайдан құлақтанғаны белгісіз, біз келген станцияға поезд тоқтай қалды-ақ, вокзал басында самсап тұрған самала жұрт халықаралық вагонға ұмтылады. Купелерді көздерімен тесіп, Жамбылды іздейді. Не деген құрмет, не деген қошемет. Қарапайым халық жырауына деген көл-көсір құрмет-қошемет, жай ғана көруге құмартып қойса бір сәрі ғой, сорпа-суымен қарсы алғанын қайтерсің. Кейбір станцияға таянып келгеннен-ақ қолдарына пісірген ет ұстап тұрған адамдарды көреміз. Жәкең сыбағасы купелердің жоғарғы қабатындағы қуыстарға сыймай кетті. Күндіз-түні етке лықып, кекірігіміз азып біз келеміз. Жәкең сыбағасына басқа вагондарда келе жатқан пассажирлер де, жақсыдан шарапат дегендей, сен же, мен же жағдайында.

Қарт өзі бір-екі жапырақ аузына салса салды, салмаса ол да жоқ. Оның үстіне Жамбылды тамақтандыру мәселесін біржола өз міндетіне алған Клавдия Михайловна Жәкеңе ет бермейді. Берсе бір-екі жапырақ етін қара кесек, жұмсақтауынан, құдды мантиға салатын сияқты күлдей етіп жапырақтап береді.

— Мына қызым мені торғайға айналдырды-ау? — деп күледі бұл мезетте Жәкең. Бірақ тәртібі берік: дәрігер-

дің де, біздің де айтқандарымызға құлақ асып, тәкаппарлыққа баспайды.

Жәкең екеуміз бір купедеміз. Қазақ өлеңінің қарт атасы Жамбылға қарай берем. Жәкең көбінесе терезеге қарап, жер көріп отырады. Жасы жүзді алқымдап жүрсе де, жай қарамай, сергек, кейбір қарттар секілді көп қисая бермейді. Қолымен ұстаған әсем ақ таяғын ақырын тықылдатып, ыңылдап өлеңдетіп отырады. Жамбылдың жаратылысынан ақын екені, өлеңсіз өмірі, күні жоқ екені байқалады, ермегі де, еңбегі де өлеңі екені байқалады. Ағып тұрған өлең. Бір минут өлеңсіз отырмайды. Оны-мұны өлеңдетіп, қолма-қол ұйқастырып отырады. Аузынан өлең кетпейді. Әттең, жасы ұлғайғанына өкінесің. Әйтпесе, Жамбылдан лириканың жеті атасы шығар еді.

Поезд түс ауа Жамбыл қаласына келді. Жыр алыбының аты қойылған қаланың тұрғындарының қошеметі елден ерек. Осыдан былай қазақ жерінен Жамбылдың сыбағасы алдынан шықты да отырды.

Ағыл-тегіл молшылық. Шымкентте де, Қызылорда да Ақтөбеде де осындай құрмет-қошемет.

Поезд Мәскеуге таяп қалды. Байқаймын, Жәкең қырғыз қалпағымен, қоңыр шапанымен шыға салатын түрі бар. «Жаңа бірдене кию керек болар?»— десем, шал қиқар мінезіне басып: «Е, осы да болады да. Мәскеуден мен бір қыз алып жатырмын ба?»— деп болмайды. Бұл арада маған да қайсарланып сіресіп қалуға тура келді. Жамбылмен ұстасу оңай емес. Шалдың мінезінің ылғи қыбын табу керек. Жамбыл екеуміз осылай бір-бірімізге бұртнысып біраз отырдық. Екеуміздің жас алшақтығымыз жетпіс бес жыл. Ол маған қай жағынан да әке емес, баба сияқты. Мен оның шөбересі есептімін. Шал ашуынан тез қайтып бір мезет Мәскеу маңын қызықтай бастады. Сол сол-ақ екен, мен де чемоданды ашып жіберіп, ақ жібек шапан мен түлкі бөрікті суырып алғанда:

— Әй, Қара бала, өзің сондай қу екенсің!— деді Жәкең, басын шайқап, қолымен нұқып күліп жіберді.

Кешкі сағат бес шамасында поезд Қазан вокзалына тоқтады. Перронда тосып тұрған халықтың күткені Жамбыл екен, бәрі халықаралық вагонға лап қойды. Ақ жібек шапанды Жамбыл халықаралық вагоннан шыға келгенде, дәл бір митингіге жиналған сияқты, перронда тұрған халықтан көз тұнады. Қазақ даласының қарапайым шалы — кәдуілгі Жамбыл — дәл бір шеттен

келген мемлекет қайраткері сияқты. Ақ жібек шапаны асқақ дананың кейпімен Жәкеңе жарасып тұр.

Жамбылды қазақ әдебиетінің байырғы достары — Леонид Соболев, Всеволод Иванов бастаған бір топ орыс жазушылары қарсы алды. Басқа мәдениет мекемелерінен де адамдар бар. Фотографтардың, кинорепортерлардың жұмысы қырғын, Жамбылдың алдына келіп түсіріп алып жатыр. Орталарында — жыр алыбы Жамбыл, ығы-жығы жұрт, жыртылып айрылады. Бәрінің де көзі жыр алыбы Жамбылда, қазақ поэзиясының шежіресі де, шешені де Жамбыл.

Жамбыл «Националь» қонақ үйінің 215 номеріне люкске орналасты. Келімді-кетімді кісі көп. Жеке жазушылар, мәдениет қайраткерлері, Москвада оқитын қазақ студенттері бірінен соң бірі келіп, Жамбылмен сәлемдесіп, әңгімелесе, келген адамдарға Жамбылдың жүрегі де, есігі де ашық. Жасы жүзге жуықтаған қарт болса да люкстің төргі бөлмесіне барып, бүк түсіп жатып алмай, үлкен қалы кілем төсеп тастаған кең қабылдау бөлмесінде келген кісілермен әңгіме-дүкен құрады.

Бір күні түс кезінде үстінде сары қоңыр коверкот костюмі бар, аласа бойлы, кең маңдайлы татар жігіті кірді. Жасы отыздың о жақ, бұ жағында.

— Мен татар ақыны Мұса Жәлил боламын,— деді ол кісі өзін таныстырып.

Мұса Жәлилді мен сырттай жақсы білетін ем, оның Москвада орысша шыққан екі жинағымен таныспын-ды.

Татар халқының болашақ қаһарман ұлы, мақтанышы Мұса Жәлил Жамбылдың барлық сипатын көкейіне құйып алғысы келгендей, қоңырқай отты көздерін қарт жыраудан бір алмай, оның әр қимылын, әр сөзін бағып таңырқай қарап отырды. Мұса Жәлил жайдары, ашық мінезді көрінді.

Жамбылға сәлемдесе келген сан қилы адамдардың ішінде енді бір есте қалғаны — негр Родо. Негрді бірінші көруі. Сондықтан Жәкең Родоның түсіне таңдана қарап отырды. Мұнымен мен де сырттай таныс ем. Родо жаңадан ғана бізде шыққан «Том Соьер» атты киноға түскен. Еңгезердей тұлғалы, еріндері екі елі, көмірдей қап-қара негр Жамбылға керемет әсер етті. Қарт жырау оны жатсынған жоқ, қайта аяныш сезім білдіріп, ол келгенде ылғи жақсы шырай білдіріп отырды.

— Көзін көрдің бе, Қара бала, жетім ботаның көзіндей. Осы қайғы басқан адамның көзі дайым осындай болады. Ішқұса күйік жеген байғұс екен бұл,— деді Жам-

был, бірде бізбен бірге дәм татып отырған Родоға қарап.

Ол да Жамбылды етене жақын тұтып, оны мақтанш көргендей өзімсініп келіп тұрды. Жамбылға деген өз жүрегінің ыстық сезімін Родо әнмен білдіріп, бір келгенінде бірнеше негр халық әндерін орындады. Әндері мұңды, адам зары. «Ботасы өлген інгеннің боздағаны сияқты. Әні зарлы екен, мына бейшараның көрген күні күн емес шығар, Қара бала?»— деп қойды Жәкен.

Жәкеңнің әр сағаты есептеулі. Ақын Москвада көптеген мәдениет орындарында, заводтарда, мемлекеттік театр өнері институтында, Совет Армиясы офицерлері арасында, Москва автозаводында болды.

Менің бұл күндері бір таң қалғаным — халықтың Жамбылға деген құрмет-қошеметі. Совет Одағында бірде-бір ақын, бірде-бір жазушы ешуақытта дәл Жамбыл секілді Кремль арқылы хат алып көрген жоқ. Дәл 1938 жылдың декабріндегі Жамбылдай дүниені дүрілдетіп көрген жоқ. Бұған бір ғана дерек — ұлан-байтақ Ұлы Отанның әр түкпірінен қарт ақынға келген хаттар. Оларда қисап жоқ. Москвада жатқан Жамбылға келген хаттарды көбіне Кремль қала байланысшысы әкеп тұрды. Өйткені барлық хаттардың сыртындағы адрес: «Москва. Кремль. Жамбылға».

Хаттардың мазмұны бірінен-бірін айырып алғысыз. Бәрі де алғысқа, жүректің тереңінен шыққан ынтық сезімге толы...

Жамбыл Калининмен сәлемдескенше асықты. Қара-көк бостон костюмінің омырауындағы «Еңбек Қызыл Ту» орденінің қасынан орын сайлап, өзінің номеріне күнде ертелі-кеш келіп тұрған Қазақстан басшыларына Жәкең Кремльге тезірек ертіп баруларын сұрап тілек ете берді. Жамбыл тілегі тез болды.

3 декабрь күні, таңертең Жамбыл Кремльге шақырылды. Жамбылдың қасында Қазақстанның сол кездегі үш басшысы, Павел Кузнецов және мен бармын. Жоғарғы Совет Президиумының секретары Горькин кабинетіне ертіп кірді. Басшылар Калининге кеткен. Горькиннің кабинетінде Жамбыл, Павел Кузнецов үшеуіміз отырмыз.

Екі көзіміз есікте. Қазір осы кабинетке Жамбылға орден тапсырғалы Калинин келуге тиісті. Горькин жолдас қарт ақынның хал-ахуалын сұрап, ілтипат білдіріп отырды.

— Шаршап қалған жоқсыз ба?

— Қуаныш шаршатпайды ғой.

Көп уақыт өтпей қасында біздің республика басшылары және тағы бір жас жігіт бар Калинин келді. Жүріс-тұрысы тын.

Кірген бетте Жамбылмен қолдасып амандасты да, шұрқырасып хал-ахуалын сұрады. Калининнің бетіне күлімсірей қарап тұрған Жәкеңнің омырауына Михаил Иванович Ленин орденін қадады.

— Игілігіңе так, Жамбыл! Ұлы Отанды біздің тамаша өмірімізді, істерімізді халыққа паш еткендей көп-көп өлең жазуына тілектеспін,— деді Михаил Иванович, Жамбылдың қолын қысып тұрып.

Калинин қолын босатысымен, Жәкең домбырасына қол созды. Іркілген де жоқ, домбырасын шыңылдатып кәрі даусын азырақ кенеп алып, Жамбыл түйдек-түйдек ағыза жөнелді. Михаил Иванович езу тартып, қарсы алдында диванда тындап отыр. Дәл бір Жамбылдың не дегенін ұғып отырғандай көзін Жамбылдан алмайды. Домбыраға да, домбырадай кәрі Жамбылға да таңданып отыр. Енді бір мезет Жамбыл толас тапқан кезде, Калинин қолын көтерді.

— Рақмет, Жамбыл! Көп рақмет! Өлеңіңе сондай сүйсіндім. Шаршап қалма!

Мен аудардым.

— Жақсы! Саған да рақмет!— Орденді өлеңіме бола беріп тұрған жоқпысың? Михаил Иванович: «Не дейді» дегендей бізге қарады. Мен аудардым. Михаил Иванович жылы шырай білдірді. Жамбылды іш тартып, арқасынан қақты да, домбыраны ұстап тамашалап қарады.

Қуанышқа аударманың керегі жоқ. Калининнің өзіне жақсы, жылы сөз айтып тұрғанын іштей түсінген Жамбыл:

— Жақсы! Жақсы! Сипа! Сипа!— деп басын шұлғып езу тартып тұрды.

— Денсаулығы қалай? Ауырып-сырқамай ма?— деп Калинин маған қарады.

— Еш жері ауырмайды, денсаулығы өте жақсы,— дедім мен.

— Өте жақсы. Байқандар, ауырып қалып жүрмесін,— деді Калинин.

Жамбылдың не тілесе де, бар тілегін беретін түрі бар.

Содан Калинин Жәкеңнің қолын алып:

— Өлеңіңе рақмет! Сондай бір мәз болып тындадым. Қош, Жамбыл, сау бол!— деп қолын қатты қысты да сергек басып шығып кетті.

Іле-шала біз де шықтық. Жамбыл көңілді. Ашық машинада қаланы тамашалап келеді. Әттең, жас емес, әйтпесе, Мәскеуді жаяу аралауға құмар, қуаныштан қанат алған Жамбыл сол күні көңілденіп жасарып кетті. Калинин өз қолымен таққан орденге қарап қояды. Күн ұзын домбырасы қолынан бір түскен жоқ, бір ауық жай шертіп, бір ауық ойына түскен өлеңдерін ақырын әнде-тіп айтып отырды. Тоқсанның аты — тоқсан. Сексен, тоқсан, — дейтін өлеңі бар. Өткеннің бірде-бір ақыны тоқсанды онша жақсы жас деген. Жәкең жүзді алқымдап отыр.

Жамбылдың қуанышын тойладық, ырым жасадық. Ленин ордені — біздің елдегі ең ірі құрметті сыйлық. Оны омырауына тағу — адам біткеннің үлесіне тие бермейтін бақыт. Бұл сыйлыққа еңбегі елін сүйсіндірген адам ғана ие болады. Қонақ үйге келген соң қасындағы біздер Жәкеңді қолға алдық.

— Жәке, қуанышыңызды тойлайық та?!

— Жақсы болған, балалар. Қарақтарым, өздерің біле берсеңдерші!

Жәкең жатқан люкстің алдыңғы бөлмесіндегі үлкен үстелдің үсті ағыл-тегіл тағам, Алматының алмасы, Ташкенттің анары, өрік-мейіз, колбаса, консервінің неше әкесі тұр. Уылдырық атаулының бәрі: қара уылдырық, қызыл уылдырық деймісің — бәрі түгел. Онша-мұнша ішімдік те бар. Жәкең Москваға келгелі бұл дастарқан жиылып көрген жоқ.

Келім-кетімді кісі көп. Жамбылмен жүздесуге, сәлемдесуге, сөйлесуге құмар. Кеше театр өнері институтында болдық. Сан ұлттың өнерпаз ұл-қыздары оқитын, Жәкеңді қақ жарылып көше жасап тосып алды. Олар Жәкеңді тамашаласа, Жәкең оларды тамашалайды. Жамбыл бір жасады. Ағыл-тегіл ән, күй, би. Осы институтта сол кезде оқып жүрген Родо сол күні тағы да өз халқының азалы әнін аңыратты. Ағылшын тілін білетін Соболев негрдің не дегенін түсініп отырды. Менің бір аңғарғаным сол өлеңнің текстінде «май пипыл» — «менің халқым» деген сөз тым жиі екен. Өлең мұнды, тыңдаған адамның сай-сүйегін сырқыратқандай. Ішінде бір халықтың қайғы-шері жатқан өлең қайтіп ащы болма-сын. Өлеңде көз жасы бар, зары бар, ақ нәсілдің зорлық-зомбылығы әбден арқасына аяздай батқан сорлы халық бар мұның әнмен ағытыпты. Родоның өлеңін тыңдағанда, қарт ақынның қабағы түсіп, іштей толқып отырды.

Рододан кейінгі кезекте сан ұлттың өнерпаз санлақтары өлеңнің үлкен өкілінің алдында бар өнерін салды. Қавказ халықтарының екпінді, тегеурінді қызу қанды билері, қазақ әні, қарақалпақ қошығы бірінен соң бірі кезек алды. Мұндағы қызық кездесу думанға айналды. Жамбыл шаршаған жоқ. Әр ұлттың өнерпаз жас түлектерінің әндерін де, билерін де беріле қызықтап, ақ таяғына сүйеніп, езу тартып отырды.

Төртінші декабрь күні Жамбыл үшін де, оның қасындағы біздер үшін де қиын күн болды. Кеше Коминтерн атындағы радионың адамдары келіп, 5 декабрь күні Жамбылдың ұлы заңға арнап микрофон алдында өлең айтуын сұраймыз дегені. Олардың тілектері орынды.

Өлеңнің арқасында ұшпаққа жеткен Жамбыл. Ұлыстың ұлы күнінде ақындар ішіндегі алғашқы кезек Жамбылдікі. Өзінен өлең тілей келгендерге қарсылық білдірген жоқ. Әрі Қазақстан басшылары да Жамбыл даусының Коминтерн атындағы станциядан жер дүниеге жетуін мақұл көрді. Қалайда бұл жағдайды қалт жібермеу керек. Коминтерн атындағы станцияның аудиториясынан Жамбыл даусы күллі әлемге кетеді. Ендеше, мұндай қолайлы мүмкіндікті босатуға болмайды.

Қазақстан басшылары құлшына құптаған соң, Жамбыл көнген. Кеше кеште Жамбылмен бүгін айтар жыр желісін кеңескенбіз. Шама келгенше Жәкең жырында неге көңіл аудару керектігін айтып баққан сияқты едім. Оған қоса Қазақстан басшылары да түнде Жамбыл номерінде отырып, бүгінгі Жәкең айтар жыр жайын қадағалап кеткен.

Міне, енді Жамбыл алдында микрофон тұр. Номерде Жамбылдан басқа Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары, Халық Комиссарлар Советінің төрағасы, Жоғарғы Совет Президиумының төрағасы, мен, Павел Кузнецов бармыз. Бәріміздің көзіміз де, көңіліміз де Жамбылда.

Жоғарғы Совет Президиумының төрағасы ана екеуінен гөрі Жамбылға жұғымды. Ескі сөзді көп білетін кәрі құлақ адам. Жәкең екеуі тез тіл тауып, әңгімелері жараса қалады. Президиумның төрағасы түнде осында болып, бүгін не деу керек екендігін Жамбылдың құлағына құйған.

Жәкең домбырасын біраз қағып алды да, кәрі даусын қоңырлатып, зікір салған адамдай безектете жөнелді. Қазір Жәкең сахнада, ойын үстіндегі актер есепті. Оған өлеңнің кейбір жолдарын жайшылықтағыдай

қайта-қайта айтқызып түзеттіріп алу мүмкін емес. Жамбылдың аузынан шыққанды микрофон қағып алып пленкаға түсіріп жатыр.

Осы отырғандардың ішінде ең қысылып отырған адам, әрине, мен. Бейсауат біреудің аты ақынның аузына түссе, маған жақсы болмайды. Мен онда дәл бір Жамбылға түнімен жаттатқан болып шығуым ғажап емес.

Жамбыл халықтың азаматтығын, бақытын, Ұлы Отанның жеңістерін жырға қосты. Жамбыл он минут өлендетіп басылды. Тарлан ақын сүрінген жоқ. Жасы жүзді жағалап жүрсе де, қажыған түр білдірмеді.

Жәкең домбырасын жанына қойып, маңдайын сүртіңгенде бөлмеде отырғандар Жәкеңе риза болып, қолын алдық. Бұл өлең ертеңінде Коминтерн станциясы арқылы дүниеге кетті. Қазірде де пластинкасы болуға тиісті.

Жамбылдың төкпе ақын екендігіне осы арада көзім жетті. «Нар жолында жүк қалмайды» деп осындайда айтылған шығар. Жәкең қиын кезеңде тарлан екенін танытты. Дәл осы күні Жәкеңе қатты сүйсіндім.

Басшылар кеткен соң, Жәкең менен манағы өлең жайында пікір сұрады:

— Қара бала, жаңағы айтқаным жобаға келді ме?

— Келді, ата, келгенде қандай!

— Жақсы болған! Келсе болды онда. Әлгі шоң бар, бәрің тұс-тұсымнан анталап отырғаннан-ақ осы айтатын сөзім мәністі сөз екенін сездім өзім де,— деп сақалын қолымен салалады.

Сол күні кеште Москва автозаводында болдық. Заводтың мәдениет сарайының іші дәл кәдімгі қызықты премьеры күнгідей лық толы халық. Орын жетпегендер қабырғаға тіресіп, сығылысып тұр.

Мұндайда көбірек сөйлейтін Павел Кузнецов пен екеуміз. Жәкеңді жиылған көпке таныстырамыз. Жәкең домбырасын алып кәрі даусы қырылдап жыр айтады. Бұл жырында ақынның не дегенін көпке қолма-қол жеткізу — менің міндетім. Шамам келгенше Жамбылдың асыл жырын аудиторияға әрі аудармай, әрі бар нақышымен жеткізуді мақсат көрем, сөздерін кестелі етіп жөпелдеме жөндеп аудару да қиынға түседі кейде.

Жамбылдың аузынан шыққан әрбір сөзі — зал толы жұртқа інжу-маржан. Жамбылды заманның қариясы, сәуегей санайды олар. Оның сөзіне кішілік, балалық ілтипатпен құлақ асады. Жүз жасар қарт ақынды көріп қалу — бұларға бір өмірде өшпес жақсылық.

Сағат он бір кезінде Соболев келді.

— Жамбыл ақсақалға Москваны көрсетейік. Конституция қарсаңында салтанат түзеген Москваны көрсін,— деді ол.

Жамбыл, Соболев, мен — үшеуміз ашық машинада келеміз. Қарсы қарап шофердің қасында отырған кино-репортер әжемнің қара құманындай аппаратын көзіне тосып, Жамбылды киноға тартып келеді.

Москва бүгін күндегісінен де сәулетті. Қызыл туға малынған көкпен тілдескен бірнеше қабат үйлердің салтанаты ерекше. Дүниенің ең нұрлы, ең көңілді түсі — қызыл түс. Бүгін астананың аспан зәулім тас болаттары қызыл жалын жамылып, лапылдап тұр.

Жамбыл осыдан он жыл бұрынғы Жамбыл емес, бұл сапар — оның Москваға үшінші рет келуі. Ақын Москва салтанатына көзі қанып келеді, бірақ балаша таңданбайды. Мәскеуді алғаш көріп тұрған маған ғана бәрі қызық. Жәкең болса көпті көрген көненің көзімен қарайды. Аса алысқа ұзағанымыз жоқ. Кремль қабырғаларын айналып шықтық. Қызыл алаңда, Манеж алаңында болдық, Қырым көпіріне, Горький көшесі мен Белорус вокзалына дейін барып оралдық.

Әрине, мұндағы кештердің ішінде ең кереметі — Одақтар үйінің атақты бағаналы залында өткен Жамбылдың астана интеллигенциясымен кездесуі.

Зал лық толы — онда да, осында отырғандардың бәрі көркем өнер мен әдебиет дүниесінің көрнекті өкілдері. Бұл кеште сөйлеген Абилқасым Лахути мен С. Маршак.

Жәкең шаршайын деді. Мәскеуге келгендегі алғашқы күндеріндегідей емес, артта қалған тоқсан мен алда тұрған жүз Жамбылға оңай еместігін сездіре түсті. Кеш түссе, қарт ауырлап жантая түсуді көбейтті.

Біз жақсы түсінеміз. Бізге қызық. Павел Кузнецов екеуміз, мұндай кештердің көбірек бола түскеніне құштармыз. Жүрегіміз алып ұшып, ұлы Москвамен, оның ақжарқын жақсы тұрғындарымен танысқан сайын таныса түскіміз келеді.

— Е, Жәке, Мәскеу жақсы ма, Ұзынағаш жақсы ма?— деп қарттан сыр тартсақ, ол кісі:

— Мәскеу жақсы ғой. Үлкен астана, шаһар. Бірақ Жамбылға Ұзынағаштай жер қайда?— Данышпанның сөзі.— Әрі туған жер ыстық, Алматының орны бөлек-ау!— деп қояды, ойын-шыны аралас.

Мына жағдайда Ленинградқа бару Жамбылға ауыр

тиетін секілді. Соболев пен Қазақстан басшылары ақылдаса келіп, Ленинградқа баруды әзірше қоя тұру керек десті. Топырақтан аман болса, алда бірде бара жатар. Қайда барамын десе де, Жамбылға жол ашық қой! Ауыртып алып жүрерміз! Жаман айтпай жақсы жоқ, жасы жеткен кәрі кісі тіпті жол үстінде олай-бұлай болып кетіп жүрсе, сапардың әкесі сонда болар.

Егер Павел Кузнецов екеуміз құлағына күйсақ, Жамбыл шаршағанына қарамай жүре беретін түрі бар. Бірақ біздің Жамбылдың көңіл аңқаулығын саудалағымыз келген жоқ.

— Жәке, Ленинградқа барып қайтуымыз керек еді... Бірақ сіз шаршаған сияқтысыз. Қайтасыз ба, қайтеміз? Әлде тәуекел деп, шаршасаңыз да осы сапарда Ленин қаласын көріп қайтасыз ба?— дестік бәріміз.

(Очерк аяқталмаған).

ҚАЛЫБЕК ҚУАНЫШБАЕВ

ЖАСАРҒАН ЖАМБЫЛ

Басында жалбыраған ауыр қоныр бөрік, үстінде өңсіз көнерген киім, сақал-шашы аппақ құдай, әбден қартайып, белі бүкірейген, дөңгелек бетті қара шалдың қатпарланып әжім басқан бетінен қайғы, ашу, арманның белгісі айқын көрініп тұр. Сол бетіндегі ызаның ызғарлы белгісінен оның сұм заманнан соққы жеп тарыққанын, зарыққанын сол зәрлі заманның улы аңызқаптабы оның сақал-шашын мезгілсіз қуартқанын, жанын жаралап, жігерін жасытқанын айтпай-ақ байқауға болатын еді. Шаршаған, арыған, тарыққан қарияның қолында шегі тозған ақ домбыра, ол домбыра қарттың бала жастан бірге өскен сырлас серігі. Қарт өзінің ызалы, қайғылы, ашулы, арманды үнін, осы ақ домбыраның күңіренген күйіне қосады. Бірақ қарттың да, домбыраның да үні жайрандап жарқылдап ашық шырқайды. Қарт жаяу-жалпы жүріп, ел аралайды. Оған қарға адым жер мұң, жүрісі өнбейді. Қарт бүкіл халықпен біте қайнады, сондықтан ол, сол халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлады. Сол халықтың қайғысына ортақтасты. Сол халықтың мұңын өз мұңы етіп жырлады. Сондықтан

халық та, Жамбылды, оның тәтті жырын барынша сүйді, оның өлендерін жаттап алып, өздеріне күш етті де, дұшпандарына оқ, қылыш есебінде жұмсады. Қарт халықпен бірге үн қосып, азаттық таңын аңсап сағынды, сұм өмірді ащы өткір тілмен барынша соқты. Бірақ қарт күн сайын мүгедектенен берді. Бұл Жамбылдың Октябрь революциясынан бұрынғы өмірі еді.

Ленин бастаған Октябрь революциясы, ескі дүниенің қараңғы түнегін быт-шыт қылып, азаттықтың алтын таңын жарқ еткізіп атқызды. Халықтың да, Жамбыл қарттың да арманы орындалды. Қысым, қанау, қайғыдан құтылып, бойын жазып, қуанышты көңілдері жазғы күндей жадырап, рақат, шаттық, бақыт нұрына бөленді. Совет өкіметі, бір кездерде тозаңмен көміліп қалған, халық өнерлерінің қайнар бұлағының көзін ашты. Ескі дүниенің соққысынан тауы шағылып, торыққан талай дарындарды жарыққа шығарды. Соның бірі болып, тозған ақ домбыраны жаңартып, баптап, жаңа ішек тағып аңқытып, көркем сөзді көмейден көлкітіп, Жамбыл қарт шықты. Оның домбырасының үні, енді бұрынғыдай күңгірлемей, аспанды жаңғырықтыра саңқылдап, шарықтап шығатын болды. Оның әлсіреген денесіне күшті қуат енді, бүкірейген белі жазыла бастады. Әжімденіп солғын тартқан бетіне қызғылт нұр жүгірді. Жамбыл күлім қақты, қуанды. Өзінің бұрыннан арман етіп тілеген бақытты заманының неше алуан тамаша қызықтарын шабыттана жырлай бастады.

Жамбыл қарт 1943 жылы қазақтың өнерпаздарының Бірінші жиынына қатысып өзінің асқан тамаша талантын, әрбір сөзінің достарына алтыннан қымбат, балдан тәтті екенін, ал дұшпанына жайдың оғындай өткір екенін айқын көрсетті. Жамбылдың дауыл екпініндей айбаты күшті үні, сол кездегі арам ниеттерін бүркеп, жасырынып, көркем өнер жұмысында отырған жаулардың зәресін алды, өңменіне оқ болып тиді, олар есі шыға қорықты. Сондықтан олар Жамбылдың тамаша дарынын жарыққа шығармай бүркемелеуге барынша тырысты. Бірақ ол сұмдар Жамбылға қарсы қанша дұшпандық әрекет жасаса да, Жамбылды көрсетпей біржола бүркеп тастауға шамалары келмейтін болғандықтан ылажсыздан 50 сом пенсияға ғана іліктірді. Соның өзін де мезгілімен беріп тұрмады. Ол пенсиясын алу үшін Наркомпросты өзі іздеп таба алмай сенделіп жүрген жерінен талай рет өзіміз тауып берген күндеріміз болды.

Ол жаулардың арам ниеті Жамбылды ренжітіп бетін

қайтару, сөйтіп, оны үкімет пен партиядан аулақтату еді. Бірақ жаулардың ол ойы болмады. Қарт Жамбыл партия мен үкіметті, бақыт таңын туғызған Ленин партиясын сүйген үстіне сүйе түсті. Сөйтіп өзінің сүйген ұлы отанын, бақытты халқын, оның еңбек ерлерін ең асыл әдемі әніне қосып жырлай берді.

Ақын Жамбылдың құлашын жер-жаһанға жая сермей, аспанға шарықтап көркем жырдың тәтті шәрбәтін тау суындай тасытуы, Қазақстан көркем өнерінің 1936 жылғы тарихи онкүндігінен басталады. Жамбыл ақын, бұл онкүндікте СССР-дың жүрегі Москваны көрді, Кремльдің төрінде күндей күліп жатқан адам баласының асқан данасы, дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі, Ленинді көрді. Совет өкіметі, оның омырауына орден тақты. Бұл секілді қуанышты сапар Жамбылдың қайрат күшін тасытты. Оның жыр көзін ашып, қуатын онан сайын арттырып, жасартып жіберді. Жамбыл осыдан бастап кәрілікпен қоштасып, 25-ке қайта келді. Ардагер ақын әбден бабына түсіп, аяқты аннан-саннан бір тастап, жыр дариясының тиегін ағытып кеп жіберді, көл-көсір болып, жер-жаһанның жүзін алды да кетті. Өлеңнің асыл қазыналарының аузын ашып, еңбекші халықтың алдына түйдек-түйдегімен төкті-ай кеп, ту, несін айтасың!..

Жәкеңнің бір көрінісі әлі есімнен шықпайды. Біз Қастекте Амангелді фильмін түсіріп жүрсек, жал-құйрығы төгілген, күрең төбел жорғаны ағызып арындатып, тәтті өленді төгілте шырқап, Жәкең келе жатыр екен. Оның сол минуттағы көрінісі кәдімгі ертегідей, Қыз Жібектің күймесінің қоңырау үнін есітіп, көк жорғамен салдырып келе жатқан Төлегеннің бейнесіндей көрінді бізге. Оны қарсы алуға бірнеше жігіттер алдынан шықтық.

Жәкең Қастектің өзеніне жақындай бергенде нақ 25-тегі бозбаладай күрең төбелді төгілтіп, келе жатқан бетінде оның ауыздығын ат үстінен еңкейіп алып, суғарды да, өте бере жас жігіттей секіріп түсті. Сөйтті де, күрең төбел жорғаның шылбырын шұбатып кейін қоя салып, судыраған қызыл-қоңыр жібек шапанды шешіп жерге жайып тастап, сусары бөрікті сілкіп-сілкіп жіберіп, оның үстіне қойды да, мөлдір, таза суға беті қолын жуып отырып:

— Уа, су!

Сенде сірә, мін бар ма?

Жәндікте сенсіз күн бар ма?

Сылдыр суға жуынбай

Өте шығу не жайда?— деді, бізге қарап насихат айтқандай. Әбден жуынып болған соң қайта киініп жатып:

— Тарт бері күренді,— деді, біз атын әкеліп, қолтықтап мінгізейік дегенімізде.

— Жоқ, жігіттер, мен баяғы кәрі Жамбыл емеспін, жасарған Жамбылмын, атқа өзім мінемін,— деді күлімдеп. Сөйтті де Жәкең атқа ырғып мінді. Ол бізбен бірге Амангелдінің тобына қосылды. Сондағы оның топқа келіп тұрып айтқан бір ауыз сөзі әлі есімде.

— Уа, сүйеймін десе, сүйеген

Сүйемен десе түйреген.

Қастасқан қас дұшпанын

Ақ қайыстай илеген —

батыр Амангелдімнің жау жүрек отрядтары, амансыздар ма?— деді бәрімізге сүйсіне қарап. Азырақ әңгімелескеннен кейін, киноның жайын сұрады.

— Киноның бір жеріне енгізу үшін сіздің суретіңізді алсақ — деді режиссер.

— Жарайды,— деді Жәкен. Ол бір кезде кенет кеудесін керіп:

— Уа, әлгі серке тартатын жері қайда?— деді.

— Өтіп кетті — деді режиссер.

— Қап, серке тартамын деп келіп едім, ендеше жүрмін. Кешке Алматыда болуым керек,— деді.

— Бүгін жете аласыз ба, Жәке-ау?— дедік.

— Бәлі, шіркіндер, көп болса, 70—80 шақырым шығар. Ол күрең төбел мен маған үш-ақ сағаттық жол емес пе?

Жәкең күрең төбел жорғаны ағызып жөнелгенде, Қобыланды батырдың Тайбуырылға міне шапқандағы бейнесін еске түсірді. Бұл — Жәкеннің жасаруының фактісі.

Жасарған Жәкең қазақ халқының советтік поэзиясына есепсіз асыл қазыналар қосып, байытты. Совет жазушыларының үлгі беріп отыратын ақылгөй атасы болды.

ҚАЗЫНА

1939 жылы февральда Совет Одағындағы ақын жазушылардың қатарында Жамбыл «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Осы жылы июнде Қазақстан жазушыларының ІІ съезі болып өтті. Жамбыл съезге бастан аяқ қатынасып келген ақындардың сөзін, өлеңін тындап, өзінің бағасын, сынын айтып отырды. Ақын Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болып сайланды.

Осы жылы Жамбыл Жетісудағы өзінің бірнеше шәкірт ақындарын шақырып үйіне жинады. Оның ішінде әрі асқақ үнді әнші, әрі ақын Кенен, қарт жыршы Өмірзақ, ақпа жүйрік, шешен Үмбетәлі, тапқыр, әр сөзін салмақтап айтатын Саяділ, шапшаң жазғыш Әбдіғали және Жартыбай, Досайбаев Хасен, Оспантай тағы басқалары бар еді. Бұлардан басқа сол кезде Алматы төңірегіндегі колхозда тұратын, атақты ақын Иса бар. Өзінің хатшыларынан Тайыр мен Қалмақан болды. Оған бірқатар жазушылар, сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының бастығы ақын Дихан Әбілев те қатынасты. Жамбыл бұлардың бәріне дастарқанынан дәм татқызып отырып, домбырасын қолына алып бірталай өлең-жыр айтты. Ол айтқандарының ішінде Қазақстанның шаруашылық байлығын, салтанатты өмірін елестеткен «Халық қазынасы» сияқты толғаулары, жас кезінде айтқан шағын әзіл өлеңдері, Құлмамбет, Шашубаймен айтыстары да бар еді. Ақын өзіне келіп отырған ақындардан Иса мен Саяділдің өлеңдерін тындағанда: «Міне, көрдіңдер ме, оқығанның аты оқыған ғой, бәрімізден асып түсіп жатқан жоқ па?»— деп бір көтеріп тастайды.

Иса өзінің сол кезде айта бастаған «Қавказ» поэмасын жырлағанда Жамбыл:—«Қавказды көрдің бе? Ол мынау Алатауға ұқсамайды ғой. Сен де Алатауға ұқсап кеткен жерің жоқ па?»— деп еді, шапшаң Иса:— Алатауға ұқсаған жоқ, Алтайға ұқсап кетсе ұқсар, Алтайды аралап кеп жырлағандығымнан ба қалай,— екеуі бірауыздан мақұл көрді. СССР Ғылым академиясының қазақ филиалы мен Қазақстан Жазушылар одағының ұсынысы, инициативасы бойынша 1939 жылы 10 ноябрьге халық ақындарының республикалық слеті шақырылды.

Слетке Қазақстанның әр түкпірінен 50-ге тарта атақ-

ты ақындар жиналды. Слеттегі халық ақындарының творчестволық міндеті тақырыбына арналған (С. Мұқанов пен Е. Ысмайыловтардың) баяндамалары тыңдалғаннан кейін, айтыс басталар алдында Жамбыл ақындарға Үндеу өлеңін жырлады. Бұл үндеуінде Жамбыл Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналып келген ақындарды атай отырып, совет заманының шындығын ең күшті ақындықпен жырлауға шақырды.

Слет 3 күнге созылып, оның екі күнінде ақындар өзінің жаңа дастан, толғау жырларын айтып сынға салды, үшінші күні Қазақстан мемлекеттік драма театрының сахнасында Қызылордадан келген Нартай мен Семейден келген Нұрлыбек екеуі ұзақ айтысып, әр ақын өз елінің, өз облысының байлығын айтып мақтай келіп, өз облыстары партия мен үкімет алдында алған міндеттерін қаншалық орындағандықтарын жырлады.

Осы слет үстінде драма театр сахнасындағы бірнеше ақындардың ресми арнаулы айтыстарынан басқа Жазушылар одағында, Ғылым академиясының қазақ филиалында әр ақын өзара айтысып, өнер жарыстырып, сол айтыстардың көбіне Жамбыл өзі қатынасып отырды.

Бір күні бір топ ақындар өзара бас қосып, өлеңмен бірін-бірі қағытып, кеңесіп отырғанда ақындардың бірі — «Сіз Құлмамбетпен, Сарыбаспен, Шашубаймен айтыстарыңызды өзіңіз айтсаңыз екен, біз басқалардың айтуынан естіп жүрміз»,— деп еді, Жамбыл:— Олар қашанғы ескі жыр, көбі ұмытылған да ғой, алайда есімде қалғандарынан бірер ауыз айтайын»— деп, әр айтыстың ең қызықты түйінді жерлерінен үзіп-үзіп желдіртіп айтты. Үмбетәлі отырып, осы айтыстарыңыздың бірталайы толығымен академияда жазулы тұр деп еді. Жамбыл: «О, олар қайдан алыпты, ендеше оқытып тыңдайықшы олардан», деп қасындағы ақындарын ертіп Жамбыл СССР Ғылым академиясының қазақ филиалына келді.

Ақындар жайлап отырғасын, Жамбылдың айтыстарын архивтерден алып оқи бастадық. Бізде Құлмамбет пен Жамбыл айтысының екі варианты бар еді, біреуі 1932 жылы Сәкеннің «Қазақ әдебиеті нұсқалары» жинағында басылғаны, екіншісі 1938 жылы Кененнен жазылып алынғаны еді. Екеуін де оқып беріп едік, Жамбыл аса ықыластанып тыңдап отырды да: «Көп жері бүлінген екен, Медеу байды мақтаған жоқ едім, бұл сөз менікі болып кіріп кетіпті. Енді, шырақтарым, осы айтысты Үмбетәлі екеумізден жайланып отырып қайта жазып алыңыздар,— деді.

Онан кейін Шашубаймен екеуінің айтысын оқып бердік, оны Өмірзақ пен Шашубайдың өзінен жазып алғамыз, оқып отырғанда қасындағы Шашубайға қарап қойып, өз сөзінен де, Шашубайдың көтеріліп, шелденіп сөйлеген мінезін де бір түрлі қызық көріп сүйсінгендей рақаттанып, қатты күліп отырып тыңдады. Айтыстың аяғында қолжазбада «Жамбыл жеңіпті» деп жазылған екен, ол да байқамай оқылып кетті. Шашубай айтысты оқып отырғанда Жамбылдың рақаттанып күліп тыңдағанын өзінше ауыр көргендей салқын отыр еді, енді «Жамбыл жеңді» дегенді естігенде шыдай алмады білем мұрты тікірейіп, көзі ежірейіп орнынан бір қозғала берді де, гармоньын жұлып алып толқытып күйлеп, өлеңді бастап айта жөнелді.

Жамбыл да, басқа ақындар да кілт тынып тыңдай қалды. Шашубай Жамбылдың жолы үлкен аға екенін, даңғыл жүйрік екенін айта келіп, Байбұланың үйінде өзінің жеңілмегенін Жетісу елі көптігін істеп есе бермей кеткенін айтып, Жамбылға тие қағыта сөйледі. Шашубайдың сөзін аяқтатпай домбырасымен айқайлап бір жағынан Үмбетәлі өлеңді төпеп қоя берді.

— Рас, сен Жетісуға келген қадірлі қонақ едің, сені ол кезде бүкіл еліміз төбесіне тік көтеріп сыйлады, бірақ сен Жамбылдың ширегіне келмейтін ақын едің. Сонда арақ ішіп мас болып айтысқандықтан жеңіліп қалғасың, топтан озған жүйрік болсаң, жасың Жәкеннен кіші, осы заманда, осы күнге дейін топқа түсіп көрінбей, Балқаштың қамысында жасырынғандай, қайда жүрдің,— деп баспалатты. Үмбетәлінің соңынан іле шала Жартыбай да Шашубайға төне қарап: «Ай, мен сенің төбенде құйындай ойнаймын»,— деп келе жатыр еді, манадан бері күліп, ажарланып тыңдап отырған Жамбыл, Жартыбайға келгенде қабағын шытып, оны қойғызды да, өзі екі ауыз өлеңмен тоқтау айтты.— Арқаның ақындары бәрі сері, ерке, асқақ келеді. Кешегі Біржан, өзіміз көрген Шолақ, мынау отырған Шашым, Иса бәрі де ақындық, әншілік өнері бірдей сай келген ерке ақындар ғой. Сол айтысымызда сенің гармонияға қосылған әнің басым жатты да, менің домбыраға қосылған сөзім салмақты жатты ма деп ойлаймын. Бірақ «Мен жеңдім» деп өзімізді мақтамайық, оны ішінде болған ара кісілер айта жатар. Ал бүгінгі Шашым інім мен Үмбет інім екеуіндікі де менің алдымдағы еркеліктерің ғой. Сендердің еркеліктеріңді мен көтеріп алдым деп қысқа айтысты тоқтатты.

Осыдан кейін Жамбыл қалаға келгенде немесе өзіне

арнай бізден адам шақыртып алып, өзінің барлық айтыстарын, бұрыннан білетін жырларын жаздырта бастады. Тағы бір келгендерінде Жанақ, Түбек, Орынбай, Шөже, Құлмамбет, Мәйкөт, Тезек сөздерін өзі айтып отырып, одан басқа қандай сөздері, өлеңдері барын бізден сұрап, бір қатарын оқытып тындады. Орынбай мен Шөжені ерекше атап — айтыста бұл екеуінен асқан ақын жоқ еді. Шөжемен жігіт кезінде бірталай жолдас болып, қырғыз елін аралағанын, қырғыз Бәйтік батырға барғанда Шөженің айтқандарын жырлап берді. Сүйтіп Жамбылмен жақын араласуымыз арқылы 1939-1940 жылдары Тайыр, Қалмақан, Ғали, Қалижан бәріміз айтқызып, тындап Жамбылдың Құлмамбетпен, Сарбаспен, Досмағамбетпен айтыстарын толық түрде жазып алдық. Жамбылдың өзі ұмытқан жерлері болса оның шәкірт ақындары Кенен, Саяділ, Үмбетәлі, Өмірзақтардан сұрап, солардың айтуымен толықтырып, Жамбылдың өзіне оқып шығып қаратып алып отырдық. Мұның бәрі де Жамбылдың бұл кездегі аса бір күрделі творчестволық еңбектері еді.

1938 жылы Жамбылдың ақындығының 75 жылдық мерекесін өткізген мезгілде ақынның революцияға дейінгі жырланған желілі дастан, көлемді айтыстары жалпы аталғаны болмаса, дәл тексті қағазға түсірілмегендіктен арғы дәуірдегі творчестволық жолы қандай екендігіне толық жауап берілмей қалған еді. Әсіресе Жамбылдың ірі айтыс ақыны екендігін, ол айтыстардың идеялық мәнін ашу аса қажет еді. Міне, осы келелі мәселелердің шешілуіне жоғарғы жазып алынған көлемді шығармалар бірталай жауап беретіндігі даусыз еді. Сондықтан Ғылым академиясы Жамбылдың академиялық толық шығармалар жинағын бастырып шығаруға кірісті. Әуелі 1939 жылы Жамбылдың «Сұраншы батыр» поэмасы мен бірталай таңдамалы поэмаларын бастырып шығарды. Келер жылы Жамбылдың толық шығармаларының I томын бастырып шығарды, оған жоғарыда аталған айтыстар мен «Сұраншы батырдың» толық нұсқасы, 1916 жылы айтқан «Зілді бұйрық» өлеңі мен 1927 жылы жырлаған «Замана ағымы» атты дастаны тағы басқалар басылып шықты. Және «Сұраншы батыр» поэмасы мен өлеңдер жинағы орыс тілінде П. Кузнецовтың аудармасымен басылып шықты.

1940 жылы да ақын үлкен творчестволық қызметтен тоқтамады. Ол күн сайын дүниеде болып жатқан жаңалықтарды көруге, білуге, сезінуге құмар еді. Және сол

біліп, сезгені туралы өзінің ой-пікірін тез айтуға тырысатын.

Батыста империалистік қырғын соғыс жүріп жатқан кез, Финляндия уақиғасы болып өтті. Міне, осы жағдайда ақын Отан қорғау тақырыбына айрықша көңіл бөледі. Қызыл Армия күнінде «Болат тонды батыр» деген толғауын жырлап айтты. Сол жылы ақын Қазақстанның 20 жылдық мерекесімен байланысты қазақ халқының социалистік қоғамдағы бақытты өмірін кең суреттеген «Әлемде бір жұлдыз бар» атты толғауын жырлап аяқтады. Ақын социалистік еңбек, халықтар достығы тақырыптарына және туған жеріндегі колхоз тұрмысына, өзінің ақындық өміріне арналған өлең-жырлар, шағын тақпақтар жырлайды. Сөйтіп, 1940 жылы Жамбыл 20-дан аса өлең жыр айтып таратады. Мұның ішінде «Өмірдің тууы» атты әңгімесі ақынның творчестволық өмірінің кейбір кезеңін суреттейді.

Бұл жылдары Жамбыл ара-тұра сырқаттанып қалып, әрі кәрілік ақынды еріксіз меңдетіп тастап отырды, ол көңілінің өсіп жасарғанын еске түсіріп, қаншама қайратқа мінсе де, кеудесін кернеген кәрі жөтел қысып, кейде тынысын ұзақ тарылтып, жөнді ас та іше алмай, сөйлей де алмай қалып жүреді. Сондықтан сол жылдары Жамбыл өзін қараушы дәрігер Барлыбаевқа «жүрегімді тынысымды» кеніте түсерлік, тұла бойымның құрысын жарарлық не емің бар»— деп, бір ауыз өлеңін айтады.

Өзінің замандастары — Тәжібай, Маңғұтты, Өмірзақтармен кездескен де:

Сөйлесем сары түнге шалдықпайтын,
Қақырап қайран даусым қалды менің»,—

деп, өзінің кәрілігін, даусы басылып, сөніп бара жатқанын мойындайды. Жамбылдың құлағы да тосаңсып, айқайлап айтпаса естімейтін болады. Сондықтан осы кезде айтқан бір өлеңінде:

Құлағым қаңылтырмен қаптағандай,
Ел сөзін естімейді қаңғыр-күнгір»,—

дейді.

Алайда Жамбыл кәрілікке мойынсұнғысы келмейді, өзінің дәрігерін әр мезгіл шақырып кеңесіп немесе Алматыға келіп, Совнаркомның ауруханасына жатып ең білгіш қарт профессорларға көрініп емделіп жүргенде, бәріне де: «Осы бүкіл дүниенің тілін тылсымдай білген ғылым, кәрілікті жеңетін бір амал таппағаны ма?»— де-

ген бір сұрауды айрықша сұқтанып қояды. Бәрінен де өзіне пайдалы, көңілін толтырарлық жауап ала алмаған соң «өлім хақ екен ғой, жазмыштан адам құтылуға болмайды екен»— деп тағдырға сенгіш ойына бекінгендей болады. Алматыдағы Қаскелең, Ұзынағаштағы бұрыннан жақын дос-жар кәрі шалдарының үйіне жұма сайын барып ұзақ уақыт сырласатын еді, жетім-жесір, мүгедек адамдарға жәрдем көрсететін еді.

Жамбыл Москваға барсам біраз көңлім сергір ме еді, қайтер еді, Москва менің қағбам ғой деген оймен бір күні Ғали мен Тайырды шақырып кеңесіп еді, олар: «Сізді Маяковскийдің қайтыс болған күніне арналған СССР Жазушылар одағының пленумына шақырған хат келгелі бірталай болды, бірақ ауырлап қалар деп көңіліңізді бөлмеп едік, барғыңыз келсе, құба-құп» дейді Ғали. Жамбыл қайта сергіп көтерілгендей, тез дайындалып, бір топ ақынмен өзінің сүйікті Москвасына сапар шекті.

...1941-1942 жылдары Отанымыздың бостандығына қауіп төніп, Ленинград қоршауда, оқ астына алынып қаласы қиратылып жатқанда, Москваға шапқыншы жау таяп келгенде, Сталинград түбінде қанды қырғын майдан болып жатқан мезгілдерде Жамбыл бір де бір күн дамыл алмай, біресе Алматыға келіп үкімет басшыларымен, басты ақын, жазушылармен кеңесіп, біресе өз аулында колхозшылар арасында болып, біресе газет редакцияларында, радиоға өзі барып, жаңа толғау жырларын беріп қайткен күнде де зұлым жауды талқандауға болысатын творчестволық еңбегін сіңірумен болды. Соғыс кезінде Жамбылды мен де жиі көріп өлең-жыр, әңгіме айтқан мезгілдерін талай тыңдадым. Бірер қабат Сәбитпен бірге, кейде Ғалимен, кейде Тайырмен бірге, енді бірде Әбділда, Қалижан бәріміз Жамбыл отырған мәжілістің әңгімесін тыңдап, ақынның өмірі, импровизациямен айтудағы творчестволық процесс туралы материал жинап жазып алып жүрдім.

1942 жылдың майында ақынның інісі Сатыштың үйінде жарты айдай жатып Жамбылды күн сайын көріп, сөйлесіп жүрдім. Соғыстың жайын, соңғы жаңалықты қадағалап көп сұрайды, барлығын қадағалап, жадына тоқып, ол да өзінің кезекті айтпақ болған толғау жырларына материал жинағандай. Бірақ білгеннің бәрі толғаным тудыра бермейтін сияқты. Тайыр Жароковтың жазуында қоршаудағы Ленинградтың тарихы, сұлулығы, ерлігі туралы ұзақ әңгімелердің арасында өз баласы Алғадайды еске түсіріп, Ленинградтағылар сол Алғадайдай балала-

ры екенін кеңінен түсінгенде Жамбылдың ақындық толғанысы басталып кеткендігі қызық әңгімеленеді. Ақын соғыс дәуірінің ерлігімен қатар, бізбен халықтар тарихындағы ерлік, ақындық дүние туралы да әңгімелерді көп айтады. Қырғыздың «Манас» жырындағы, Көрұғлыдағы соғыстарды бір жүйелеп өлең-жыр араластыра әңгімелейді, осы замандағы аспан, су асты соғыстарының жайын айтқанында ол осыған салыстыру ретінде «Сейфилмәлік» дастанындағы самұрық мінген Хасеннің, перілердің соғысын, «Құламергендегі» су асты дүниесін тартып кетеді. Бүгінгі соғыс дүниесі де, ертедегі қиял дүниесі де ақындық өмірінен бірдей орын алған, оған бәрі де қызықты сияқты. Бәрін де жырлағысы келеді. Ақындық творчествосындағы дүние қиял, елес түрінде қалмайды, барлығы да советтік патриотизм тұрғысынан жырланған жаңа поэзиялық туындылар еді. Ол қажырлы еңбектері, Совет Армиясының зеңбірек, пулеметтерінің жауға қарсы атылған оғындай, совет елінің отаншылдық, елдік намысын қыздыра жырлаған өзінің жалынды, өткір сезімді өлең, жырлары еді. Жамбылдың «Ленинградтық өренім», «Москваға», «Аттан, батыр ұрпағым», «Совет гвардеецтеріне», «Майданға хат», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Балама хат», «Воронеж батырларына» сияқты толғау жырлары Ұлы Отан соғысы дәуірінің сұрапыл бейнесі мен совет халқының зұлым жауға қарсы теңдесі жоқ қажыр-қайрат, алып ерлікпен Отанды қорғаған батырлық тұлғаларын кең, толық сипаттаған, терең идеялы патриоттық поэзия еді...

Соғыс кезінде Жамбыл Алматыға жиі келіп, үлкен мәжілістерге қатынасып отырды, өзінің ауылында да жиі мәжіліс, бас қосулар өткізіп Совет Одағына белгілі ғылымның, өнердің, әдебиеттің талай адамдарымен кездесіп кеңесті. Академиктер Комаров, Бардин, Сәтбаевтармен, Уланова, Завадский, Александровская тағы басқа Совет Одағындағы өнердің көрнекті қайраткерлерімен, Алексей Толстой, С. Маршак сияқты жазушылармен кездесіп, кеңесетін еді. Отан соғысы майданынан келген Совет Одағының даңқты батырларымен кездесіп, оларды арнайы үйіне шақырып, қонақ қылып, құрметтеп кеңесетін еді.

Жамбылдың ең жақын сырласы, достарының бірі қарт халық ақындары еді. Хат арқылы, қатынаған адамдар арқылы сәлем айтып, әр облыстағы ақындардың хал-жайын біліп, не айтып, не жырлап жатқанын, тұрмыс хал-жайының қалай екенін, біліп отыратын еді. Олардың Алматыға келгені болса үйіне қонаққа шақырып немесе

өзі барып кездесіп, өздерінің көңіліндегі достық, жақындық сырларын айтысып, ұмытылмай сақталған қызықты, мағыналы жырларды еске түсіріп айтып отырушы еді.

1942 жылы бір жағынан сырқаттанып, екінші жағынан өзінің бірқатар көлемді жырларын жаздыру мақсатымен Алматыға Нұрпейіс Байғанин келді. Нұрпейіс Жамбылдан 14 жас кіші; ол Жамбылды ақын ағам десе, Жамбыл батыр інім дейтін. Шынында Нұрпейістің өзі кесек денелі, тұлғалы, келбетті адам болатын, жас күнінде ақындығымен қатар балуан болыпты. Оның үстіне Нұрпейіс батырлар жырын көп біледі. Көп жырлайды. Осы жайларының бәрін білетін Жамбыл еркелетіп, оны «Батыр інім» деп кетті.

Екі ақын Алматыда, одан кейін Жамбылдың үйінде әр мезгіл бірге болып, ұзақ уақыттар отырып кеңесіп, ішкі сырларын ақтарғандай өздерінің жастық кезіндегі бастарынан кешкен кейбір қызық әңгімелерін де көңіл жадырата айтысатын. Мұндай өзара араласқандарында қасында өзі құрбылас қариялармен отыруды ұнатушы еді. Осындай кеңесулерден кейін Жамбыл жеңіл-желпі сырқатынан айығып, бір жасарып кеткендей болушы еді. Мұндай кездесулердің бірінде біздің қатысуымызбен Нұрпейіс Қобыланды, Құбығұл, Нарғыз туралы дастандардан жырлады. Жамбыл бұл жырларды қызыға тыңдады, әсіресе батырлар жырының желісі деген толғауын қатты ұнатты. «Шабысыңнан бір таймаған кәрі тарланым-ай, ұзаққа шабатын жүйрігімсің ғой. Сен де қара жердің құшағына кетесің-ау»,— деп, бір жағынан сүйсіне, екінші жағынан кәрілігі жеңіп келе жатқан қарт жолдасын өлімге қимағандай өкініш айтады. Осы кезде Жамбыл Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы тарапынан Нұрпейістің барлық жырын түгел жазып алу жұмысымызды қатты қолдады. Нұрпейістің бірталай жырын жазып алуға ақын Мәриям Хакімжанова, Қуандық Шаңғытбаев қатынасты.

Жамбыл Қазақстандағы даңқты ақын-жыраулардың көбімен жақын араласып, бұл күнге дейін білмеген өлең-жырларды, елдер тарихының әңгімелерін естіп тыңдауға құмар еді. Әсіресе өзі тіршілігінде аралап бармаған ең алыс түкпірден келген ақын, жыршыларды өзіне көбірек шақыратын. Тарихи жырлардың жүйрігі Қазанғап ақынды (Қаратау бойынан), Көкшетаудың сал-сері ақындарының өмірі мен жырын айтатын Молдахметті, Амангелді сарбазында болған Омар мен Сәтті, Абайды көрген Төлеуді, Гурьев ақыны Сатығұлды, Сыр бойының даңқты

әнші ақыны Нартайды, Ақмола, Қарағандының ақындары Доскей, Қайыпты бәрін де үйіне шақырып тыңдайтын, өзіне де, бізге де ақындық дүниенің жаңа сырларын ашып бергендей болатын.

Соғыс кезінде Жамбылдың айрықша ықыласпен қарсы алған адамының бірі — Мұрын жырау. Қазақтың батырлар жырын керемет дамытып жырлаған ұлы жырау Мұрынды біз 1939 жылы анықтап білсек те, сөзін жазып алуды ұйымдастыру жұмысын 1942 жылы жүргіздік. Мұрынды Маңғыстау түбегінен СССР Ғылым академиясының филиалы Алматыға шақырып келтіріп, ол жырлайтын «Қырық батыр» жырын жазып ала бастадық. Мұрынның жыр айтуы, ақын, жазушы, ғалымдарды қайран қалдырды. Осыны естіген Жамбыл да Мұрынды іздеп келіп жолығып, бірнеше күндей Мұрынның ұшы-қиыры жоқ таусылмайтын батырлар жырын тыңдады. Мұрын дауысы зор, айғайлап домбыраға қосылып жырлайтын жүйрік жыршы еді. Жамбыл сау сол құлағын тосып, құлай тыңдап: «Теңіз жағасында өссең, жырың да Каспийдің теңізіндей таусылмайтын мол екен» — деп, қатты сүйсінді. Мұрынның жырларын жазып алып жатқан біздерге мың-мәртебе алғыс айтты.

Осындай жақын құрбыларымен үнемі кездесіп жүргенде бір күні Кенен мен Үмбетәлі келіп отырып, Жамбылға бір жаңалық хабарды айтып, сырласты: «Газет пен радиодан естідік, сол жақтан келген адамдар да айтып отыр. Қарағанды, Қызылорда облысындағы ақындар бір-бірімен қызу айтысып жатыр екен, айтыста әр ақын өзінің өндірісін, туған колхозын мақтап, қарсы ақынның өндірісіндегі кемшіліктерді сынға алады екен. Жәке, біз Жетісудың ақындары қалай қарап қаламыз. Айтыс ашқалы, сол туралы сіздің ақылыңызды алғалы келдік», — деді.

Жас шағында өзі араласқан ақындық майданның бұл жайын естігенде, Жамбыл қатты риза болған сезім білдіріп: — «Бұл өте жақсы игілік қой, мен осы айтысты кейінгі ақындар тастап кетер ме деп қауіп ойлаушы ем, айтысындар. Айтысты барлық облыс ақындарын жинап Алматыда өткізген жөн болар», — деді. Аудан, облыстарда басталған ақындар айтысының саяси маңызын және Жамбыл мен Жазушылар одағының ұсыныстарын еске ала отырып Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақстан Халық Комиссарлары Советі 1943 жылы күзге қарай Алматы қаласында ақындардың республикалық айтыстарын өткізу туралы нұсқау берді. Бұрын бас-

талған ақындар айтысы облыстарда қыза түсті. Айтыс үстінде жаңа ақындар, жаңа таланттар жарыққа шықты. Әуелі бір облыс ішіндегі аудан мен аудан ақыны, бір өнеркәсіп пен екінші өнеркәсіп ақыны өзара айтысып, одан жеңіп, озған жүйріктері облыс атынан екінші облыс-ақынымен айтысуға дайындалды.

1943 жылы декабрьде Алматыға 60-қа тарта халық ақындары жиналып келіп, Абай атындағы опера және балет театрында ақындардың республикалық айтысы басталды. Айтысқа ақындардан басқа облыстағы жазушылар, партия, совет ұйымдарынан көптеген адамдар келіп қатынасты. Осы айтыс күндері Жамбыл дамыл тапқан жоқ. Ат шабыс, дүбір десе бүйірі қызып, кермеде тұра алмайтын жүйрік тұлпардай, Жамбыл да кәрі тарлан жүйріктігіне бағып, сол айтысқа қатынасатын ақындардың ақындық майданын қуанып, қызығып қарсы алғандай, ерекше шаттанып кетті. Ақындардың айтысын Жамбыл өзі бастады.

Жамбыл домбырасын қолына алып күйлеп отырып, өзінің ақын дос інілерімен сырласқандай жырын толғай жөнелді:

«Алатаудан, Аркадан
Ақындарым келіпсің.
Тілдеріңнен бал тамған
Жақындарым келіпсің.
Жүрген жері думан жыр —
Сендер елге көріксің.
Шаршы топқа төгілген
Сөздеріңді сағындым,
Өздеріңді сағындым»,—

дегенде залдағы ақын достары қатты риза болып, «Жарықтық-ай, көкірегі кең даңғылым-ай»,— деп айғайлап, кейбірі көзіне де жас алғандай болды. Жамбыл жырын кеңінен, тереңнен қайырып толғап, айтысқа ақындар жиналғанда өзінің тыныш жата алмағанын мұндай ұлы дүбір жарысқа астананың халқымен бірге қуанып, көтермеші болып келгенін айтып, ақынның асқан шеберін, өнерлісін жүйрік тұлпарға, қыран құсқа, камалды бұзған батырға теңеп, елдің бұрыннан келе жатқан ақындық салтына тоқталды, кешегі Сүйімбай, Қатаған, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Мәйкөттер салған ақындық жол, дәстүр барын еске салды.

Біз солардың өнері,
Көк дауылдай боратып,
Сөз бастандар келелі»,—

деп, ақындардың осы айтыстағы міндетін, нені мақтан етіп жырлайтынын термелей сөйледі. Байлыққа, кенге завод-фабрикаға, еңбек дүниесіне ұлан-байтақ еліміз бар, сол елімізді жаудан қорғап соғысып жатқан ерлеріміз, қол бастаған батырларымыз бар, елге лайықты еңбек майданының батырлары да бар, бүгін міне осыны жырлайтын күн:

«Уа, Орынбай, Шашубай,
Сендер өзен басындай.
Ағытындар өленді,
Жазғы тұрғы таскындай
Нартай, Кенен, Нұрлыбек,
Майасар, Қуат, Жаксыбай,
Өлең-жырды дүрілдет,
Жаркылдатып жасындай»,—

деп, әр ақынды ақындық майданға қайрап салғандай, олардың міндеттерін атап айтып береді. Айтысқа келген ақындар Жамбылдың бұл ағалық ақылын толық еске алды, бәрі де соғыс уақытындағы еңбек ерлігін, майданда жауды қиратып жеңген батырлардың ерлігін ардақтап жырлады.

Айтыс бес күнге созылды. Қарағанды мен Семей, Солтүстік пен Қостанай, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облысы мен Алматы, Жамбыл облысының ақындары айтысты. Дауысты күшейтіп беретін радионың қалқанын (громкоговорительді) құлағына жақын қойғызып, әрбір айтысты қадағалап тыңдап, әр ақынның айтыстағы ақындық өнерін салмақтап, келтірген дәлелімен көркемдік сөз шеберлігін бірдей сынап, баға беріп отырды. Айтыс үстінде жоғарыда өзі атап өткен жүйрік ақындардан басқа Қостанайдан Нұрқан Ахметбеков, Семейден келген Төлеу Көбдіков, Солтүстіктен келген Молдахмет Тырбиев, Қарағандыдан келген Жолыкей Нұрмағамбетов сияқты жаңа ақындар танылып көзге түсіп, бәйгеге ілінді. Жиырмаға тарта ақынға бәйге берілді. Жамбыл, Шашубай, Орынбай сияқты ақындарға ат бастатқан бас бәйге берілді, бәйгенің арты бір-бір шапан болды.

Жамбыл айтыста озған бір топ ақынды аулына қонаққа шақырып, бас қосып, кең мәжілістесіп отырып, ақын достарымен кетерде қоштасқандай бәрінің де көңілін толқытқандай бір сөз айтты: «Балаларым, бауырларым, сендердің айтыстарыңды естіп бір жасап қалдым. Кәрілік дегенің тақымдап, ажал дегенің күнде құлағымнан қақылдап, мазаны алады. Сендерді енді қай-

тып көре алам ба, көре алмаймын ба, құдай біледі. Бәрін де бақыл болындар, қалжыңмен артық-кем талай сөздерді айтқан шығармын, алдымен, Шашым бауырым, сенен кешірім сұраймын. Менің арманым жоқ. Дүниенің ең қызықты бақытына осы заманда барымша кенелдім. Ата-бабамыздан бері естіп білмеген қызық дәуренді міне бізге совет заманы көрсетіп, қайта жасартып, бұлбұлдай сайратты. Елім жауды талқандап жеңіп жатыр, біздің елге орнаған бақыт күні өмір бақи сөнбейді. Сөнбейтін бақыт күнін жырландар. Менің айтар ақырғы сөзім де осы»— деп, Жамбыл әр ақынмен қоштасты.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

СӘЛЕМ БЕРЕ БАРҒАНДА

— Екі ай демалысыңыз біткеннен кейін Алматыдан бірден майданға қайттыңыз ба, Бауке?

Бауыржан. Екі айдан асыңқырап қайттым. Жолда Жуалыға соқтым. Одан бұрын, енді бірер күнде қайтамын деп әзірленіп жүргенімде бір күні Сәбит:

— Әй, Бауыржан, мен бір білместік істеп алыппын, кешір, ұят-ай, ұят болды,— деді, сол үйден түстік ішіп отырғанымызда.

— Не боп қалды, Сәке?

— Біз бүгін кешке қарай Жамбыл қарттың ауылына барып келейік. Жәкеңнің алдын көріп, сәлем беріп қайтқаның орынды болады.

— Жарайды.

Сол күні кешке Ұзынағашқа бардық. Жамбылдың үйіне кіріп, бір бөлмесінде жантайып жатқан жұдырықтай ақсақалға сәлем бердік.

— Тәте, баяғы Ғазіреті Ғали сияқты, майданда жауды жайпап жүрген Бауыржан деген батыр балаңыз осы,— деді Сәбит Жамбылдың құлағына дауыстап.— Талай немісті қырып салған нағыз ердің ері. Соғыстан келіп еді, енді соғысына қайта кеткелі жатыр. Сізге сәлем беріп, батаңызды алып кетемін,— деп келді.

Жамбыл менің бетіме сығырая қарады. Оның сынап отырғанын байқап, мен де қабағымды түйіп, оған жеірейе қалдым. Содан соң Жамбыл Сәбитке қарай мойнын бұрды да:

— Мына қызынды...— түсі тым суық екен, батыр болса болар!— деді.

Сәбит оған қарық болып күліп жатыр. Менде үн жоқ. Жамбыл күлместен маған қайта қарады.

— Батыр болсаң сен Өтеген мен Сұраншыдан күшті-місің, соны айтшы,— деді.

Мен ойланбастан жауап бердім.

— Өтеген қаптап келе жатқан өрт сияқты да, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүниеде от пен судан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына пар келе алмаймын. Мен — оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке,— дедім.

Жәкеңнің өлеңінде өзі айтатын «борға малған» сақалы шошаң-шошаң етіп қалды. Ол атамыздың күлгені екен. Енді көзі шырадай жайнап, жылы ұшқын шашып, тағы да Сәбитке қарады.

— Әй, Балуан, мынауыңның түрінде ғана емес, тілінде де бірдене бар екен, қоныңдар,— деді. Жәкең Сәбитті мол денесіне байланысты ылғи осылай, Балуан Шолақ деп атайды екен. Жамбыл «Балуан Шолақ»— десе, Сәбит: «Ау, тәте» деп жауап береді.

Біз жайғаса бастадық. Сырт киімдерімізді шешініп жатқанымызда шалдың сақалы су бетіне секірген ақ қайрандай болып, бір жарқ-ете қалған еді. Енді жайланып отыра бергенімізде ай мүйізді ақ қошқардың үстіне салт мінген біреу, табалдырық алдына тоқтай қалды да:

— Әумін,— деп алақанын жайды.

Малдас құрып отырған Жәкең мойнын бұрды да:

— Әй, Балуан Шолақ, өзің жасаушы ма едің, әлде батырың беруші ме еді батаны?— деді.

— Ойбай, тәте, өзіңіз жасаңыз,— деді Сәбит.

Жамбыл алақанын жайды да:

Батырдың жолы болсын!
Самсаған қолы болсын!
Түсі де суық екен,
Ісі де долы болсын, аллақпар!—

деп бетін сипады.

Ақ қошқар ауыз үйде сойылып жатты. Бір кезде ішек-қарын аршыған әйелдердің де дыбысы естіле бастады. Олардың үстіне сырт жақтан мұрнынан міңгірлей сөйлеп тағы біреу келді.

— Екіндіде елге сүйкімді қонақ келеді деуші еді. Бір қадірлі қонақ келген-ау тегі... Ойбай-ай, шарбысын-ай ақтарылып жатқан! Тура бір тегене май түсіпті ғой. Өй, мыналарың Жәкемнің ең сыйлы қонаққа соямын деп

жүрген ай мүйізді ақ қошқары ғой, қарақтарым-ау. Кім келгенін айтсаңдаршы өздерің!..

Осылай деп есіктен төртбақ денелі, жалпақ бет біреу кіріп келді. Келді де:

— Ой, айналайын, жүрген жері құт Сәбитімнің өзі екен ғой. Әйтпесе Жәкем ай мүйізді ақ қошқарды кімге союшы еді? Өзім де біліп едім-ау!— деп, қос қолдап келіп Сәбиттің алақанын алды. Содан соң бұрылып маған қарады да:

— Мына литенант жігіт кім?— деді Сәбитке. «Лейтенанттың» да бір әрпін қымқырып жіберді деп ойладым ішімнен.

— Ой, Ғали, қара бассын сені,— деді Сәбит.— Лейтенант емес, полковник Бауыржан Момышұлы ғой.

— Ойбай, қалқам, атыңа қанықпын. Тек мынау жұлдызға ғана шорқақпын. Келші бері бетіңнен сүйейін,— деп бетімнен сүйді. Сөйтсем, ол Жамбылдың сол кездегі әдеби хатшысы атақты ақын Ғали Орманов екен.

Ауыл адамдары жиналып, солармен әңгімелесіп, Жәкеңнің соғыс, майдан жайындағы әр түрлі сұрақтарына жауап беріп, ұзақ отырдық. Түннің бір кезінде алдымызға ет келді.

— Ал, балуан, ал, батыр, сыбағаларыңа қол созыңдар,— деді Жамбыл табақты нұсқап.

Сәбит пен Ғали етті шеңгелдеп асай бастады. Мен табаққа қол созбай отырып қалдым.

— Делбе болған жылқыдай, мына қызталағың неғып отыр ет жемей,— деді Жамбыл Сәбитке, сақалын шошаң еткізе мені негімен нұсқап.

— Әй, Бауыржан, неге жемейсің, бөгіп қалғанбысың?— деп Сәбит табаққа қайтадан қол соза бастады.

— Жемеймін!— дедім мен қатаң үнмен.

Сәбит табақтан қолын тартып алып, менің бетіме қарады.

— Әй, Бауыржан, саған не болды?— деді ол үні одан сайын қарлыға шығып.

— Мен мұнда сыбаға жеу үшін келгенім жоқ,— дедім Сәбитке дауысымды қаттырақ шығарып.— Сыбағаны немістерді жеңгеннен кейін жеймін. Ал мұнда ұлы Жамбылдың, соғыстағы бар солдаттың ұлы әкесінің сарқытын ішуге келдім. Ол үшін Жәкең анау тұздыққа сақалын батырып ұрттасын да, қалғанын табақтың үстіне құйсын. Мен етті сонда ғана жеймін. Және барлық солдаттарға Жәкеңнің сарқытын ішкенімді айтып барамын!

— Әй, мынауың дұрыс екен!— деп Сәбит қарқылдап

кеп күлді. Содан кейін Жамбылдың құлағына еңкейіп, менің сөздерімнің бірін қалдырмай айтып берді.

— Бұл қызталақтың мұнысы да жөн екен,— деп Жамбыл басын изеп, анадай тұрған тұздыққа қарай қолын созды.— Бірақ сақалымды батыратын мен суға еңкейген теке емеспін, мұртымды тигізейін. Мына батырына түсіндіріп айт.

Жәкең осылай деп Сәбитке қарап, қутындап иек қақты. Қарт ақынның бұл тапқырлығына біз қыран күлкіге баттық.

Сөйтіп Жәкеңнің жүзін көріп, қолынан дәм татып, төрінде жатып, қонақ болып аттандым. Ертеңінде поезға мініп майданға қарай бет түзедім.

МӘЛІК ГАБДУЛЛИН

ЖӘКЕҢНІҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ СӘЛЕМІ

Ұлы Отан соғысына дейін Жәкеңді сан рет Алматыда сырттай көргенім, өлең-жырларын білетінім болмаса, онымен ауызекі сөйлескен жан емеспін. Ақындық өнердің алыбымен кездесу, оның әңгімесін, даналық сөздерін тыңдау — сол кездегі үлкен арманымыздың бірі болатын.

Міне, сол арманым 1943 жылғы август айының 23-күні жеткен сияқтымын. Тап осы күні мен Жәкеңмен жүзбе-жүз кездестім. Кездесіп қана қойған жоқпын, ұлы ақынның құрметті қонағы болдым. Ол былай болып еді.

Июль айының аяқ кезінде Москвада, Совет Армиясының бөлімдеріндегі ұлт жауынгерлері арасында саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізетін партия-комсомол қызметкерлерінің семинар-мәжілісі болып өтті. Бұл жиынға барлық майданнан келген өкілдермен бірге Калинин майданынан да бір топ адам қатысқан едік.

Аталған семинар-мәжіліске шығар алдында маған бір айлық демалыс беру туралы майдандық Саяси басқармасының (Политуправление) бұйрығы болған. Басқарманың бастығы генерал-майор Дребеднев:

— Москвадағы семинар біткеннен кейін бір ай демалыңыз, ел жағыңызға барып қайтыңыз,— деген еді.

Жиынымыз да аяқталды. Оған қатысқан жолдастар келген бөлімдеріне қайта бастады. Ал мен поезға отыр-

дым да елге тартты. Беталысым: Петропавловск (Қызылжар), одан ары Көкшетауға жету.

Ол кезде кісі таситын поезд әрі сирек, әрі шабан жүретін. Сондықтан болу керек Москвадан Петропавловскиге үш тәулік дегенде әрең жеттік. Вокзал басынан бір топ адам қарсы алды. Оның ішінде Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші секретары Николаев, тағы бірнеше жолдас бар екен. Бір-бірімізбен танысып жатырмыз.

— Демалысыңыз осы арадан басталады,— деді Николаев.— Сіздің осылай қарай демалысқа шыққаныңызды екі-үш күн бұрын естідік. Содан кейін Алматымен байланыстық.

— Демалысқа келе жатқаным рас. Ойым: ауылдағы ағайын-туыстарыма жетіп, сол арада біраз күн демалған соң майданға қайту,— дедім.

— Оныңыз түсінікті. Сол еліңізге келдім дей беріңіз. Осы арадағы халық бәрімізге ағайын-туыс болады,— деді қарсы алушының бірі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жауапты қызметкері Қаһарман Серікбаев. Ол Солтүстік Қазақстанда командировкада жүрген өкіл екен.

Вокзалдан шықтық та обкомға келдік. Обком секретары Николаев жолдас өте жайдары, ақкөңіл адам екен. Ол менің демалысымның қалай өтетіні жайында жасалған жоспармен таныстырды.

— Алматымен келісіп,— деді ол,— сіздің демалысыңыз туралы жоспар жасадық. Ертең кешке дейін сіз осы қалада боласыз. Мұндағы өндіріс орындарына апарамыз, митингілер өткіземіз. Онда сіз сөйлейсіз, майдангерлерге көмекті аямай беріңдер дегенді айтасыз. Содан соң кешке поездға отырғызып Көкшетауға шығарып саламыз.

— Бәрі де жақсы екен. Бірақ демалыс жайы қалай болмақ?— дедім.

— Әлгі айтқанымның бәрі демалыс болады. Қазір дем алып, шалқайып жататын кез емес. Қызыл Армиямыз шабуылға шығып, жау қолынан көптеген жерді азат етуде. Бұл шабуыл күн сайын үдеп барады. Кеше Совет Армиясы жаудан Орел қаласын босатты. Осы жеңіске арнап Москвада бүкіл Армиямыздың тарихында бірінші рет салют берілді. Мұның бәрі халықтың рухын көтеруде. Осындай жағдайда өткізілетін митингілер мен үгіт-насихат жұмыстарына майдангерлердің өкілі ретінде сіздің қатысқаныңыз өте пайдалы. Сізді Алматыда да

күтіп отырған көрінеді. Оған жеткенше жолшыбай көп жерде боласыз, бәрінде өтетін жиналыс, митингілерге қатысасыз, сөйлейсіз. Міне, әдемі демалыс деп осыны айтамыз.

— Алматының жоспары бойынша,— деп жалғастырды сөзін Николаев, сіз Көкшетауда бір күн, ауылыңызда екі күн боласыз. Ол жерлерде де жоғарыда айтылғандағыдай жұмыстарға қатысасыз. Содан кейін Бурабай, Макинка, Ақкөл, Ақмола (қазіргі Целиноград ол кезде солай деп аталатын). Нұра бойын аралап, Қарағандыға жетесіз.

Николаевтың бұл айтқандары рас болып шықты. Қарағандыға дейін көп жерлерді араладық. Қарағанды көміршілерінің арасында шахталарда болдық. Соның бәрінде, барлық жерде, аянбай еңбек етіп жатқан халықты көрдік. Бәрінің тілегі де айтары да: «Фашистерді талқандап жеңу үшін жан аямаймыз, майдангерлерді қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешекпен толық қамтамасыз етеміз. Ал майдандағыларға жолдар сәлеміміз: қаскөй жауды қайсарлана соғындар, совет жерін фашистік сұмдардан тез аластандар, туған елге жеңіспен оралындар!»— дейді.

Халықтың бұл аманатына мен майдангерлер атынан жауап қайырып, жеңеміз жауды, фашистердің тас-талқанын шығарамыз, елге тек жеңіспен қайтамыз. Ал қаскөй жауды кирата соғу үшін, елдегі ағайын-туыстар, көмектеріңді аямандар, қару-жарақты көп беріндер деймін.

Демалыс дегенінді осылай өткізе отырып, август айының 18 күні Алматыға жеттік. Орталық Қазақстан еңбекшілерінің арасында жүргізген үгітшілік қызметіме Алматының аэропортында-ақ кірісуге тура келді. Содан кейін бұл жұмыс Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жасалған жоспар бойынша жүргізіле берді. Күн сайын төрт-бес жерге барамыз, онда не жиналыс, не митинг өтеді. Бәрінде сөз сөйлейміз. Сонда айтарымыз: «Совет жерін фашистік зұлымдардан тазарту үшін, жауды күйрете жеңу үшін, тылдағы еңбекшілер майданға деген күш-көмектеріңді аямандар, ал біз, жауынгерлер Отан алдындағы борышымызды абыроймен орындаймыз, дұшпанды жеңіп қайтамыз, елге тек жеңіспен ораламыз!»

Августың 22-күні төрт жерде жиналыс өткізіп, інір түсе таудағы демалыс үйіне қайттық. Жаңағы жиналыстардың бәріне белгілі жазушымыз Сәбит Мұқанов та қатысып отыратын. Ол соңғы жиынға бармады да, ЦК-

ға кіріп шығатын жұмысым бар еді деп кетіп қалған еді. Кештетіп демалыс үйіне жеткен Сәкең үлкен қуаныш хабар ала келді.

— Ертең кешке Жамбылға барамыз. Ол кісі сені келеді деп күтіп отырған көрінеді,— деді Сәкең.

— Сонда қай мезгілде жүреміз және қанша адам барамыз?

— Күннің ыстығы қайта, кешкі сағат алты шамасында жүріп кетеміз. Машинаға бір-ақ сағаттық жер ғой. Барамыз деушілер біраз адам сияқты. Ал нақты кімдер баратыны ертең белгілі болады.

— Жәкеңмен кездесу, ұлы ақынның қасында отырып ауызба-ауыз сөйлеу мен үшін үлкен арман болушы еді. Енді оған да жеткелі отыр екенбіз. Бұл қандай қуаныш десеңізші!— деп Сәкеңе шаттық ойымды айтып жатырмын.— Сіз Жәкеңнің мінезін жақсы білесіз ғой. Ал мен бұл жағынан хабарсызбын. Ертең барғанда не істеуім керек? Алдымен сәлем берем, содан кейін...

— Не сұрап, не айтқалы келе жатқаның түсінікті,— деп Сәкең шәкірттеріне сабақ беретін мұғалімше сөйлеп кетті.— Жәкең сәлемінді алғаннан кейін құшақтап бетіңнен сүюі, қасына отырғызуы, содан кейін майдандағы жауынгерлерге арнап бір азырақ жыр айтуы мүмкін. Оның сені шақырып отырғандағы негізгі бір себебі — жаумен қалай соғысып жатқандарыңды, қандай ерлік жасап жүргендеріңді өз аузыңнан есту болса керек. Сондықтан жауынгер жолдастарыңның майданда жасаған ерліктері жайында қызықты әңгімелер айтып бергенің дұрыс болар.

— Ондай әңгіме айтам деп Жәкеңді шаршатып алармыз.

— Жоқ, оған Жәкең шаршамайды. Қайта ол мұндай ерлік әңгімелерді ықыластана тындайды, тіпті таң атқанша қалжырамасына мен кепіл. Тек әңгімеңде бір ғана нәрсені есіңе ал. Бүгінгі соғыс құралдарын, қазіргі соғысу тәсілдерін айтқанда, олардың Жәкеңе түсінікті болу жағын ұмытпассың. Өйткені осы айтқандарыңды ол өзінің кейіндегі бір жырларында пайдалануы мүмкін. Айтпақшы, сен Алғадайды білесің бе?

— Жәкеңнің баласы ғой, майданда асқан ерлік жасап қаза болыпты дегенді естігенім бар.

— Сол Алғадайын,— деді Сәкең әңгімесін жалғастырып,— Жәкең аса жақсы көріп, «өзге балаларым — бір төбе, бұл — бір төбе» деп отыратын еді. Алғадай әскер қатарына алынып, майданға барғанда көп ерліктер жа-

сапты, жауға қарсы жан аямай күресіпті. Бұл жөнінде оның командирі Жәкеңе хат жазып, Алғадайдың қандай ерліктер жасағанын хабарлапты. Алғадайдың өзі де әкесіне жазған хаттарында кейбір ерліктерін айтқан екен. Мұның бәріне қатты қуанған Жәкең баласының ерлігіне сүйсіне отырып:

Есінде, балам, бар шығар,
Айтқаным Отан әмірін,
Шегінбе жаудан, жанды сал,
Шешілмек содан тағдырың!—

деп рух береді. Хатын Жәкең:

Достарыңа сәлем айт,
Жауларыңды жеңіп қайт!—

деп тілек білдіре аяқтайды. Сөйткен Алғадай шиеленіскен бір ұрыста ерлікпен қазаға ұшырайды. Қайғылы бұл хабарды Жәкеңе үкімет адамдары арнайы келіп естіртті де көңіл айтты: «Ауыр жүкті нар көтереді, ауыр қазаны ер көтереді» дегендей, Жәкең Алғадайдың қазасын ерлікпен көтерді. Қазасы қанша ауыр болса да, уайым тартып құлдырап кетпеді. Қайта баласының халық үшін, Отан үшін ерлікпен құрбан болғанын жыр етті. Жәкең майданда ерлік жасаған жігіттердің есімін естігенде «Менің Алғадайымдай екен ғой» деп отыратын болды. Мұның бәрі еске алып жатқан себебім: ертең Жәкеңмен бас қосқанда, соғысып жатқан жігіттердің ерліктерін әңгімелеумен қатар, біз Алғадай үшін де кек алып жүрміз дегенді айтуды ұмытпа деу.

— Жаксы, мұны ұмытпаймын.

Сәкеңмен осылай әңгімелесіп отырғанда түн ортасынан ауып кеткен екен. Жатып демалдық. Ертеңіне түске дейін тағы бір-екі өндіріс орнында жиналыста болдық та, түс ауа Жәкеңнің ауылына тарттық. Біз бірнеше адамбыз. «ЗИС-101» деп аталатын машинаға орыс балалары әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Самуил Яковлевич Маршак, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Төлеген Тәжібаев, Сәбит Мұқанов — төртеуіміз отырдық. Екінші машинада тағы бір топ адам бар.

Заулатып келе жатырмыз. Ұзынағаштан аса бергенде тас жол екіге бөлінеді екен. Бірі ілгері тарта береді де, екіншісі Жәкең ауылына бұрылады екен. Машинамыз Жәкеңе апаратын жолға түсті. Сол кезде көз ұшында екі-үш салт атты көрініп еді, олар біздің келе жатқаны-

мызды тезірек жетіп ауылға хабарлағысы келді ме, әлдеқалай, ілгері қарай шаба жөнелді.

Күн бата машинамыз Жәкең үйінің алдына тоқтай қалды. Машинадан түстік те, қасында бір топ адамы бар Жәкеңе қарай беттедік.

— Тәте, ассалаумағалайкум!— дегенді қаттырақ айтып, Жәкеңе бірінші болып қол берген Сәкең болды. Сол ретпен басқаларымыз да амандаса бастадық.— Күтіп отырған және майданнан келген балаң, мына жігіт,— деп ол Жәкеңе мені таныстырды.

— Өзім де танып тұрмын. Балам, бері келші!— деп Жәкең мені құшағына алды. Аймалап, бетімнен сүйді.— Мен сені Қобыланды батыр сияқты еңгезердей екен десем, талдырмаш қана жігіт екенсің ғой. Әлі-ақ өсіп кетесің. Жас шыбықты отқа қыздырсаң күймейді, қатаяды ғой. Сендер де сол секілдісіңдер. Ал кәне, не тұрыс бар, үйге кірейік,— деп Жәкең қонақтарын ішке бастай жөнелді.

Жәкеңнің үйі үлкен де кең, бөлмелері көп екен. Жәкең бізді өзі отыратын бір үлкен бөлмеге жайғастырды. Қазақы дөңгелек столды айнала отырыса қалдық. Дастарқан жайылып, қымыз да құйылып жатыр.

— Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы шал алдынан шығар деген мақал бар екенін білсем де,— деді Жәкең қонақтарына қарап,— сонау Алматыға баруды денсаулығым көтермеді. Өздерінді бүгін келеді деп күн ұзаққа далада тосып отырдым. Сапарларың оң болсын!

Содан кейін ірге жақта тұрған домбырасын алды да бұрай бастады. Бәріміз ішіп отырған қымызды қоя салып, Жәкеңе қарай қалдық.

— Бұл келістерің мен үшін үлкен той, қуаныш қой. Сондықтан үйдің үш ауызын өзім айтып берейін, ал ауылдың алты ауызын мына Балуан Шолақ айтар,— деп Жәкең әзілдеп Сәбитті нұсқады. Бұған бәріміз мәз-мейрам болып жатырмыз.

Домбырасының әуенін келтіріп алды да, Жәкең жырлай жөнелді. Ол фашистерге қарсы қаһарлана соғысып жатқан ер-азаматтардың ерліктеріне қанық та разы екенін, майдандағы жауынгерлердің халық алдындағы борыштарын тамаша ерлік істерімен орындап жүргенін әңгіме етті. Содан соң ол батырлық іс халқымыздың ежелден келе жатқан ерлік дәстүрі екенін, ертедегі Қобыланды, Ер Тарғын, кейіндегі Сұраншы, Саурық, бертіндегі Амангелді, Чапаев, Клим сияқты батырлардың ел қорғау жолында жан аямағанын, жасанған жауды

талқандауда қаншама тамаша ерлік көрсеткенін еске алды. Бүгінгі батырлар да сол ерлік дәстүрді ілгері дамытып, фашистерге аяусыз соққы беріп отырғанын, осындай ерлік күрес үстінде көптеген жас батырлардың шыққанын мақтан ете жырына қосты.

Жәкең ұраны бір, тілегі бір көп ұлтты Совет халқының қаһармандық күш-қуатын, Коммунистік партияның даналық басшылығын, батырлық пен ерлік совет адамдарына ғана тән асыл қасиет екендігін жырлап отыр. Бүгінгі кеште жыр әңгімесін ол біраз айтып та тастады. Содан кейін:

— Міне, үйдің үш ауызы осымен болды,— деді.

— Тәте, шаршап қалған шығарсыз, демалыңыз,— деді Сәкең.

— Тапқан екенсің мұндайда шаршайтын Жамбылды,— деп Жәкең домбырасын қолына қайта алды.— Бір кеш емес, бірнеше күн бойына жырларлықтай жайым бар. Тек өздерің шаршамасандар болғаны.

— Біз шаршамаймыз,— деді манадан бері үндемей отырған Төлеген Тәжібаев,— жырыңызды тыңдаудан жалықпаймыз да...

Осы кезде кешкі астың даяр болған хабары келді. Қонақтарына арнап Жәкең бағлан сойдырған екен. Бәріміз асқа отырдық. Төргі үйде қонақтарымен бірге болған Тезекбай (Жәкеңнің кіші ұлы) әрқайсымызға жаутаңдап, әлденеге қипақтағандай қарай берді. Оны түсіне қалған Сәкең:

— Болмайды ғой,— деп Жәкең жаққа көз тастады.

Бұлардың нені айтып, нені жұмбақтап отырғанын біле қойған Жәкең баласына:

— Барың болса берсейші!— деді. Содан кейін бізге қарады:— Мыналардың сөзі арақ туралы болып отыр ғой. Мен өзім ол пәлеге жуыған жан емеспін. Бұл үйде еш адамға арақ татыртпаушы едім. Ал бүгін рұқсат етейін. Бірақ шектен шығып кетпеңдер.

Ас ішіліп болған соң, әңгіме дүкені қайта құрылды. Ауылдың алты ауызы да, басқа өлең, ән де айтылды.

— Тәте, бағанадан бері өзіңіз сөйледіңіз, басқамыз сөйлеп жатырмыз,— деді Сәкең,— ендігі әңгімені майданнан келген балаңыздан естісек қайтеді. Жаумен соғысып жүрген батырлардың ерліктерін тыңдайық.

— Менің ойымды дәл таптың. Мұны мен айта алмай отыр едім, сен жақсы айттың. Майдандағы батырлардың ерлігі де үлкен жыр, хикая ғой. Тыңдайық.

Мен әңгіме айтуға шорқақ адаммын. Солай болса да

Жәкеңмен бас қосқан кеште майдан өмірінен біраз нәрсе айтып бердім. Фашистерге қарсы күресте совет жауынгерлерінің, соның ішінде қазақ жігіттерінің тамаша батырлық істер жасап жүргенін баяндадым. Бұған дәлел ретінде есімдері Жәкеңе таныс генерал Панфиловтың, Бауыржан Момышұлы мен Төлеген Тоқтаровтың, тағы басқаларының ерліктерінен мысал келтірдім. Жәкең де, басқалар да майдандағы жауынгерлердің ерліктерін сүйсіне тыңдап отырған сияқты. Бір мезгілде Жәкең:

— Әттеген-ай, Панфиловтан айрылып қалғандарың өкінішті-ақ. Оның қол астындағы жігіттердің бір командирін сақтай алмағаны бейқамдық болған екен,— деді.

— Соғыс шығынсыз болмайды ғой.

— Ол рас. Бірақ сақтық та керек шығар,— деп Жәкең бір ойын айтып салды.— Жаумен соғысып жүрген жігіттердің ерліктеріне бұрын да қанық едік. Енді оны өз аузыңнан естіп, разы болып отырмын. Осылай соғысандар фашистерді тез күнде құртып шығасындар, оған сенемін. Менің Алғадайым да жаумен батырларша соғысқан екен, соған шүкіршілік етудемін. Айтпақшы, майданда Алғадайды кездестірген жоқсың ба?

— Алғадаймен бір бөлімде болған жоқпын. Бірақ оның ерлігіне қанықпын, сүйсініп отырамыз. Жауға қарсы талай рет атой салғанда «Алғадай үшін!»— деп фашистерден кек алғанымыз бар. Және де жаумен Алғадайша аянбай күресуді көздейміз.

— Уә, бәрекелді! Міне, осылай еткендерің жөн. Жаудан кек алу, жауды жайрата соққыға жығу үшін бірлесе қимылдандар, бірің бастап басқаларың қолдап отырған шақта істерің нәтижелі болады,— деп жатыр Жәкең.

Соғыс майдандарында фашистерге қарсы ұрыс жүргізіп жатқан совет жауынгерлерінің ерліктері жайындағы әңгімеміз түн ортасына дейін созылып кетті. Мұндай әңгімені тыңдаудан жалығар кісі жоқ та секілді.

— Ал енді қонақтар демалсын,— деді Жәкең,— батырдың әңгімесін ертең де тыңдармыз. Бүгін шаршаған боларсындар, жатып тынығындар.

Ертеңіне Жәкең бөлмесіне қайта жиналды. Жәкеңе уақытымыздың аздығын, күтіп отырған жұрт барын айтып, қайтуға рұқсат сұрадық. Ол рұқсатын берді.

— Сізге әдейі арнап сәлем беруге келген балаңыз,— деді Төлеген Жәкеңе,— енді біраз күнде қайтадан майданға аттанады. Майдандағы жігіттерге айтарыңыз, жолдайтын сәлеміңіз болса, қазір соны естиік. Және сіз-

дің бұл сәлеміңізді мына балаңыз өзімен бірге ала кетсін.

— Дұрыс сөз, мұны өзім де түнімен ойланып шығып та талай айтқам, тағы да айтайын, қайталағанның артықшылығы жоқ болар,— деп Жәкең домбырасын қолына алды.

Жәкең майданшыларға деген сәлемдемесін жырлауға кірісті. Біз тына қалдық, ұйып тыңдадық. Ол Совет жауынгерлерінің фашистерге қарсы соғыста, әсіресе Москва түбінде, Сталинградты қорғауда аса тамаша ерліктер жасағанын айта келіп, ұлы күрес пен зор аяқастың әлі алда екенін ескерте жырлады. Содан кейін «майдандағы әрбір совет жауынгеріне Жамбылдың жолдаған сәлемі деп айта бар» дегені: «Қасиетті Отан үшін жан аяма, басқыншы жауды жапыра соқ! Жеңіс кілті сенің қолыңда, жеңіске жету үшін керекті көмекті біз аямаймыз. Еліңе жеңіспен оралған күндеріңді жырлаушы өзім болам!»

— Сәлеміңізді бұлжытпай жеткізем,— дедім.

— Сөйт, қарағым! Осы айтқандарыма разы бол, амандықпен көріселік!— деп Жәкең мені құшағына алды. Сонан соң қош айтысып аттанып кеттік.

ДМИТРИЙ СНЕГИН

АҚЫННЫҢ БІР ТҮН, БІР ТАҢЫ

— Жамбылмен тірі кезінде жиі ұшырасып тұруға көп реті келмеді. Сөйткенмен, бақытыма қарай, көңілімде өшпес із қалдырған кездесулер аз болған жоқ. Олардың әрқайсысы туралы ұзақ-ұзақ әңгімелер айтуға болар еді. Бірақ бүгін солардың тек біреуі жөнінде ғана айтып беруді жөн көріп отырмын.

Бұл кездесу сонау алыс кезде, жапон самурайлары Халхин-Голде соғыс қимылдарын бастаған тұста болған еді. Өзінің интернационалдық, одақтастық міндетіне берік біздің әскерлер халықтық Монғолиядағы бауырларына көмекке келді.

Сол кездің өзінде-ақ Жамбылды көп ұлтты советтік еліміз бен шет елдер де жақсы танып-біліп, сүйіп оқи бастаған болатын. Қазақ ақыны шығарған жалынды жырлар халқымыздың өмірлік қажетінен туып отырды. Көпшілік ақын жырларынан қуаныш пен күш-қайрат, бола-

шаққа деген сенім мен үміт, жаңғырған, жаңарған заманның белгілерін молынан тапқан болатын. Сондықтан да, Қиыр Шығыстағы жауынгерлер мен командирдің өздеріне арнаған Жамбыл жырын тындап-естігісі келуі ешкімді де тандандырмаса керек.

Халхин-Голде шайқасып жатқан жауынгерлердің өтінішін тез арада Жамбылға жеткізу керек болды. Әдетте мұндай жағдайда ақынға оның әдеби секретарьларымен бірге тұрақты аудармашысы Павел Кузнецов баратын. Өкінішке орай, Павел Николаевич тап сол сәтте Алматыда болмай қалды да, оның орнына менің баруыма тура келді.

Араб-парсы тілінің білгірі «Мың бір түнді» қазақшаға аударған Қалмақан Әбдіқадыров, ақын Тайыр Жароков және мен үшеуіміз тездетіп Қастекке жүріп кеттік. Біз ақын ауылына кештете, мал өрістен қайтқан кезде, келдік.

Жамбыл үйінде болып шықты. Дұрысы, жазғы киіз үйінде отыр екен. Ортада дөңгелек аласа стол, жасаулы дастарқан. Қасында самаурын бұрқылдап, ысылдап тұр. Кешкі шай кезі болса керек, ақын қақ төрде, шынтағында құс жастық, жамбастай жатыр.

Ол алғаш біз кіріп келгенімізде қонақжайлық сыңай таныта қоймағандай болды. Бірақ біз қол жуып дастарқанға жайғасқан соң, ақын жайма-шуақ қалыпқа түсті. «Онша денсаулығы болмай отыр»,— деп сыбырлады, қасында отырған жақындарының бірі. Сол сәтте Жамбыл нақ бір осы сөзді жоққа шығарғысы келгендей, соншалық жылдам қимылмен ет салған табақты маған қарай ысырып қойып жатып:— Әй, ұзын бала, вилки нет, кушай руками, будет вкусно!— деді, орыс тілінде едәуір дұрыс сөйлеп. Өзі ақырын күліп отыр. Осыдан соң-ақ үй-іші көңілді күйге бөленіп жүре берді. Алайда біздің мұнда келуіміздің себебін айтатын мезгіл әлі жетпеген секілді. Негізінде, Жамбыл бала жасынан қалап алған өнерпаздық ақындық жолында әлеуметтік заказға барынша ден қойып, соған үйренген. Сондықтан да, біздің осыншама кештетіп келіп отырғанымыздың себебін жақсы түсініп отырса керек, әбден уақыты жеткенше үндемейді, жөн-жосық сұрамады. Әңгіме де өрістеп кете алмай, үй іші, ауыл-аймақ төңірегінен ұзамады. Осылайша түннің бір уағына дейін отырған соң, ғасырлар бойы қалыптасқан рәсім-дәстүр ретімен дастарқан жиналды. Жамбыл киіз үйге кіргізілген электр жарығының жарығы көзін қарықтыратынын айтып, тап бір өткір бәкімен тілгілеп-сұқ-

қылап жатқандай әсер етеді деді. Электр жарығын қызыл орамалмен орап қойды. Үй ішінде тұнжыр да қоңырқай тыныштық орнады. Келген шаруамызды таңертеңге дейін қоя тұратын болдық қой деген шешіммен, орнымыздан тұруға қамдандық. Осы кезде Жамбыл бас жағында тұрған домбырасын қолына алды. Арада бір минут, екі және бірнеше минут өтті. Бірақ ауыр еңбекпен күн қағып, қоңырқай тартқан ақын қолы домбыра бетіндегі қос ішекті қапсыра ұстаған күйі әлі қимыл-қозғалыссыз жатыр.

Ақын үнсіз, домбыра да үнсіз, біз де үнсізбіз. Тек әлден уақытта барып, мұндай сәттегі батылдығына басып, бірінші болып тыныштықты Тайыр бұзды:

— Жәке!— деді ол дауыстап.— Тап қазіргі сәтте не ойлап отырғаныңызды білуге болар ма екен?

Маған ақын дәл осындай көңіл-күй мен ой үстінде отырған кезінде, мынадай бас артық сұраққа жауап бере қоймайтындай көрінді. Бірақ мен қателесіппін. Жамбыл шынтақтап жатқан орнынан көтеріліп, Жароковке қарай еңкейе түсіп, сондай бір көтеріңкі көңілмен былай деді:

— Сенің жасыңда... саған мұны түсіну қиын.

— Түсінуге тырысып бағармын!— деп ұшқындай жауап берді Тайыр асқақтай шекесінен қарап. Сол арада бізге де насаттана көз қырын тастап қойды. Бұрын Тайыр ақынның болмыс-бітімін, мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін білмейтін адам, оны мына қалпында қылжақпас немесе көлгір біреу деп қалуы да мүмкін. Бірақ оны жақсы білетін жақын достары, оның ондай жан емес екенін өте жақсы түсінетінбіз. Бұл Тайырдың осындай сәттегі әдісі, қаруы болатын. Тап қазіргідей жағдайда ол Жамбылды қажетті әңгімеге тезірек тарту үшін өзінің сыналған, ең сүйікті әдісін қолданып отыр. Мұндай сөздің қарт ақынның қытығына тиіп, домбыра алдыраын, одан соң ақпа-төкпе суырып салма жырға басатынын ол жақсы білді. Сондықтан да Тайыр әлгіден де ұшқындай, асқақтай түсіп:— Түсінуге тырысып бағармын, Жәке,— деді.

Жамбыл жастыққа қайта жантая кетті. Ол тағы да өз-өзіне беріліп, терең ой құшағында отыр. Үнсіз тыныштық таңға дейін созылу қаупі туды. Ақыр соңында ол ұстамды қалпын сақтай отырып:— Өткен күзден бері әлдебір белгісіз нәрседен көңіліме күдік кіріп, мазамды алып жүр,— деді.

Салмақты да ақылды, сабырлы, үнемі іштей ой құ-

шағында отыратын Қалмақан манадан бері үнсіз ғана тындап отырған қалпын бұзып, бұл сөзге риза еместігін білдірді:

— Ол не қылған күдік-сезік тағы?

— Мен өзімнің соңғы жырымды айтып үлгермеспін деп қорқамын.

Бұған әлгідегіден бетер риза болмаған Қалмақан:

— Оны ешкім де білмейді,— деді.

— Ешкім білмесе, мен білемін!— деді Жамбыл үзілді-кесілді. Тіпті бұл сөзді ол ренішпен айтты.

— Мен бұл дүниеден қашан өтерімді білмеймін, бірақ ең соңғы жырымызды айтып үлгірмейтінімді анық білемін!— Мұны ол соншалық бір қатал әрі үзілді-кесілді түрде айтты. Бұдан кейінгі сәтте оның жүзі жылып, көзінің астына қуақы әжімдер жиналып:— Егер біз әрқайсымыз өлшеп берілген ғұмыр-мерзім ішінде көп, тіпті аса көп іс тындырсақ, одан әрісі — ең соңғы басты шаруамызды да бітіріп кетсек, онда біздің балаларымыз бен немерелеріміз іссіздік пен қолбостықтан азғындап кетер,— деді.

Оның әңгімесі әрқашанда тай жамбыдай құйма, өткір де дәл, әзіл-оспақ пен юморға, афоризмге толы болып келетін. Бұл тек аса талантты нағыз суырып салма ақынға ғана тән қасиет болса керек.

Қалай болғанда да ақынмен ортақ тіл тапқандаймыз. Осыны сезінген Тайыр әдейі келуіміздің мақсатын айта-тын мезгіл жетті деп сөз бастауға оңтайланды. Жамбыл тағы да оның алдын орап кетті.

— Естеріңізде болсын, соңғы мақсат-арманымызды іске асыру бізге жазбаған екен деп, сары уайымға салынуға болмайды. Тек қолдан келгенінше көп тындыруға күш салу керек. Сәл үнсіздіктен кейін:— Ал енді маған қандай шаруамен келгендеріңді айта беріндер,— деді.

— Тек бізге ғана емес, Жәке, бүкіл халыққа, күллі Қызыл Армияға керек,— деп бастады сөзін Тайыр.— Сіз, әрине, біздің айбынды әскерлеріміздің монғолдық достармен бірлесе жүргізіп жатқан шайқасынан хабардарсыз...

— Жапон самурайларына қарсы де,— деді Жамбыл одан әрі жалғастырып:— Білемін!— Даусы үзіліп, қатаңдана түсті. Қасірет күйініштен жүрегіне қан құйылғандай. Жол таусылар жерде өлу — достар мен жақындар үшін ең зор қасірет. Ал жол басталар жерде өлу, зорлық пен күштен өлу — бүкіл халық үшін қайғы-қасірет.

— Жәке, Отанды қорғау...— деп шыдамсыздана бастай беріп еді Тайыр. Жамбыл тағы да оны бөліп кетті.

— Білемін, не айтқалы отырғаныңды. Отанды жаудан қорғау жолында жаныңды қию — келер ұрпақпен бірге өмір сүру деген сөз демекшісің ғой... Бала жасымнан қорқаулар мен тонаушыларды, күш көрсетушілерді жек көрдім. Бала жасымнан мейірімділік пен әділеттік туралы арман етіп, өмір туралы өлең шығардым. Ондай жарқын өмірді жетпістен асқан шағымда көріп, халқыммен бірге қуана қарсы алдым. Ал егер бүгін самурайлар бізге соғыс аша келсе, менің жырым да, жүрегім де сол Халхин-Голде соғысып жүрген жігіттермен бірге, балаларыммен бірге!

Арада біршама уақыт өткеннен кейін қарт ақын айтылған әңгіменің мән-мазмұнын іштей сараптап, болашақ жырдың құрылысын, нобайын кестелеп алсын, кедергі келтірмейік деген оймен сыртқа шығып кеттік.

...Түн жарымы ауған шақта Жамбыл бізді үйге шақыртты. Сол баяғы ортадағы аласа дөңгелек столды толтыра дастарқан жасалыпты. Ақынның өзі бұрынғы орнында отыр — аппақ қардай кең, мол пішілген жейдесінің өңірі ашылып кетіпті. Қолында домбырасы. Өңінен шаршаған белгімен қатар қайрат-жігер аңғарылады. Дүниеге жаңа жыр әкелу оңайға түспегені, қиынға, тым қиынға түскені бірден байқалады.

Біз дастарқанды, шайды ұмыттық. Қойын дәптеріміз бен қарындашымызды шығарып дайын отырдық. Ақын домбырасына қосылып, жырлай жөнелді. Даусы қатты емес, баяу ғана. Қалмақан мен Тайырдың қарындаштары да ақын жырымен жорғалап кетті. Табиғат Жамбылға қартайса да, мұқалмаған таңғажайып есте сақтау қабілетін сыйлаған. Бірде-бір сөзді қалдырып қоймай жазып алу керек: ол секретарьларының мұндай кемшіліктерін кешірмейтін. Қалып қойған сөздер мен қолдан қосылған жолдарды бірден біліп қоятын. Бұл менің Жамбылды творчестволық шабыт үстінде алғаш рет көруім болатын, сондықтан да барынша ойда сақтап қалуға, танып-білуге күш салдым.

Көптеген оқырмандар мен ақын творчествосын зерттеушілердің ойлағанына қарамай, тап сол кештегі біздің де соншалық ыстық ынта-тілегімізге қарамай, өлең шіркін біз ойлағандай тау суындай ағыл-тегіл ағытылған жоқ. Тек қана фрагменті, нобайы ғана, дұрысы — фрагменттің әр түрлі нұсқалары ғана туды. Ал олардың арасы, бір-бірімен байланысы ашық, үзілген күйінде қа-

лып жатыр. Ара-арасында ақынның тоқтап қалуы, үнс з сөз жұптауы, қайта жалғастыруы, тағы да құлаққа ұрған танадай, өлі тыныштық орнауы және бар

Осылайша екі, бәлкім үш сағатқа созылған шығар Бітті. Домбырасын арт жағындағы жастыққа сүйеп қойды. Ақын денесін тіктеп алақанымен күмістей аппақ сақалын ақырын сипады. Құдайға шүкір! Қиыр Шығыс тағы жауынгерлерге арналған өлең-жыр дүниеге келді, тұтас жазып алудың да сәті түсті. Жамбыл шай құйдырып алды, бірақ кесеге қол тигізген жоқ.

— Оқы!— деп бұйырды ол кенет Жароковке Тайыр асығыс жазылып алынған өлең жолдарын еш сүрінбей-қабынбай, бірен-саран сөзін қалдырып қоймай дауыстап мәнерлеп оқып берді.

— Ағындап, арқырап тұрсын, ә, жас тұлпардай,— деп Жамбыл күңк ете қалды да, Қалмақанға қарап

— Оқы!— деді. Әбдіқадыров оқымады, ән қып айтты. Кәдімгі ежелгі халық ақындарының әуен-сазына салып айтуға күш салды. Бірақ оның орындауында да өлең-жыр бас-аяғы тұтас туынды болып шыға қоймады. Қызарыңқырап кеткен кірпіксіз қабағымен көзін жауып алып шыдамдылықпен тындап шыққан Жамбыл, сол сәтте секретарьларынан дәптерлерді жинап алды да, өлең жазылған беттерін жыртып алып, уысына қыса жұмарлай ұстай отырып қалды. Сәлден соң кенет езу тарта күліп:

— Нағыз өлең-жыр күрес пен шайқаста шаршап-шалдыққан адамға күш-қуат, қайрат береді. Мұны сендер жақсы білесіңдер. Бірақ ол шаршаған, тіленіп сөз терген ақынды сыйлап жақсы көрмейді... Барындар, демалындар!— деді.

Біз әрқайсымыз іштей мазасыздана ойлап кете бардық...

Ертеңінде Қалмақан екеуміз ұйқыдан бір мезгілде қатар ояндық. Тайыр, таңғы ұйқы тәтті емес пе, қатты ұйықтап жатты. Оны оятып алмайық деп, ақырын абайлап басып сыртқа шықтық. Тысқа шықсақ киіз үйдің есігі мықтап жабылған екен. Үйді айналып қалың бақтың ішіне еніп кеттік. Сөйттік де түбінде жалтырап су ағып жатқан, онша терең емес жардың қабағында қалт тұрып қалдық. Алаурай қызарып атып келе жатқан таңда Жамбыл қарсы алдымызда отыр. Ол қолдан тоқылған кілем үстінде отыр екен, шамасы жаңа ғана таңғы намазын оқып болған беті болса керек. Тез кетіп қалғымыз-ақ келіп еді, бірақ әлдебір белгісіз нәрсе ор-

нымыздан қозғалтпады. Әп-сәтте ақынның даусын да ести алмаған едік, табан астында оның жұмыс істеп отырғанын бағамдап-бағдарлай да алмаған екенбіз.

— Әзір ол үйге орала қоймайды. Кеттік,— деп ақырын ғана шақырды Қалмақан мені.— Байғұс Тайыр ұйықтаймын деп мынадай ғажап көріністі көре алмай қалды,— деп мұңая күрсінді ол.

Біз колхоздың жорғаларына мініп, егіс аралап кеттік, малшыларға бардық. Уәделескен уақытта қайта келсек, киіз үй әлі сол күйі жабық екен.

Жатқан жерімізге келсек, Тайыр орнында жоқ. Сәлден кейін біз оны Жамбыл екеуін терезеден көрдік. Олар бірін-бірі қолтықтап аяндап бақ ішінен шып келеді екен. Екеуі киіз үйге барып кірді. Онда олар таңертеңгі тамаққа дейін бірге болды, бізді шақырмады.

Бәріміз таңертеңгі дастарқан басында қайта бас қостық. Тайыр жалт-жұлт ете ұшқындап, көп мағына бере қойын дәптерін ашып, әлденелерді жазып отыр. Бір сәтті кезеңде:

— Жәкеңнің «Жеңіс жыры» ғажап болып шықты!— деді. Жамбыл бұл сөзге мән бермей, үнсіз ой үстінде отырды. Қонақтың кішісі ретінде бір кесек ет пен қызарып піскен бауырсақты маған қарай ысырып қойып, ақын өзі де ықыласпен ас алды.

Таңертеңгі тамақтан соң Қиыр Шығыстағы жауынгерлердің өтініші бойынша дүниеге келген жырды қайталап оқуды сұрады. Тайыр келістіріп оқып берді, ақын риза болды. Содан кейін секретарьлары мен маған қатты тапсырып:— Орыс тіліне аудару үшін ең қарапайым, әрі жақсы сөз табуға күш салындар,— деді. Шынымды айтайын: менің аудармам нашар болып шықты... Сөз реті келгенсін айта кетуіміз керек, Жамбылдың «Жеңіс жыры» секілді басқа да өлең-жыр мұралары әлі күнге дейін өзінің аудармашы-ақынын күтулі.

Ал сол күні таңертең ақынның берген ақыл-кеңесіне аздап өкпелеп қалған Қалмақан ептеп қана:— Үнемі ойлағандай бола бермейді. Мәселен, сізде де кеше...— деді.

— Кінәң дұрыс-ақ,— деді Жамбыл, біртүрлі оның өкпесін аңғарып, байқамағандай сынай танытты.— Рас, кеше ойдағыдай болмады. Сөйткенмен, бәрі текке кеткен жоқ қой. Әрлі нәрсенің басы, бастауы қайда? Оны табу үшін өзінді табуың, жан дүниенді соған ыңғайлауың керек. Сонда ғана өз бойыңнан халық қажетіне жарай-

тын жыр табасын. Жылусыз жүректен — жылымшы жыр туады. Ол кімге керек?!

Өзінің тылсым сырын жетік білген ұлы ақынның жыр тудыру өнері осындай болған. Сондықтан да халық оның жырларын сүйген, әлі де сүйе бермек. Мәселен, Қызыл тулы Айрықша Қиыр Шығыс Армиясының қызыл әскері А. П. Сандалов өзінің сүйікті ақынына сол кезде былай деп жазды: «Сіздің жырларыңыз менің бойымда, Жәке, өзіңізге деген ыстық сүйіспеншілік сезім тудырды. Сіздің шығармаларыңыз оқырман көңіліне бүгінгі күнің рухын, яғни коммунистік рухты егіп, адамның еңбекке деген ықыласы мен көңіл-күйін көтерумен бірге, өз Отаныңды сүюге тәрбиелейді, «Адамдар бойына бүгінгі күннің рухын егеді»,— дейді. Бұдан асырып әрі дәл етіп айта алмайсың!..

БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВ

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

1940 жыл. Москваға ұлы Жамбыл келіпті деп естідім. Мен ол кезде Москвада қызмет атқаратын едім. Маяковский тойы өтіп жатыр еді. Абзалы, Жәкең сол тойға келді. Жасы ұлғайып, атағы дүрілдеп, ұлт әдебиеті мерейін көтеріп жүрген қарияға барып сәлем беруді ойладым. Қасыма әйелім мен қызымды ертіп алып қонақ үйіне бардым. Қазақтың белгілі бұлбұл ақыны Ғали Орманов есік ашты. Ол — Жәкеңнің хатшысы, Амандық-саулық сұрасқан соң Ғали мені Жәкеңе таныстырды.

— Осында Жоғарғы Советте шығатын «СССР Жоғарғы Советі ведомствосы» атты басылымда істейді, аудармашы, сыншы, жазушы, зерттеуші...

— Калинин істейтін жер ме?— деді Жәкең.

— Иә, сол кісінің қарамағында қызмет атқарады,— деді Ғали.

— Қай туған боласың?— деді Жәкең.

— Ақболат,— деп мән-жайымды айттым.

— Е-е, Орта жүздегі Ақболат батырдың ұрпағы екенсің ғой,— деп Жамбыл менің ата-бабаларым жайында шежіреге түсіп кетті.

— Ол кезде сенің аталарың Ақболат атанбайтын

еді»,— дейді Жәкең.— Орта жүздің үлкендері, бектері, билері тойға жиналыпты. Сонда он екі жасар Ақболат ағасының артына мінгесіп барыпты тойға. Бәйге басталады. Атқа кім шабады?— дегенде, қолайлы бала табылмапты. Сонда он екі жасар бала: «Мен шабамын» депті күлшынып. «Қой жассың ғой» деп қариялар рұқсат бермепті. Үлкендердің қарсылығына қарамай он екі жасар қаршадай бала аламан-тасыр бәйгеге ағасының ақбоз атын міне сала араласып кете барыпты. Сөйткен бала бәйгенің алдында келіпті. Содан ақ боз атты бала деген мағынада ол Ақболат атанып кетіпті.

Жәкең әңгіме шертіп отыр. «Осының бәрін қайдан біледі?»— деп қайран қалып мен отырмын. Сөйтіп отырғанда Жәкең біздің ата-бабамыз жөнінде екінші бір аңызға түсіп кетті.— Жау шапты дегенде Ақболат жүйрік атына міне қарсы шауыпты. Бұл енді Ақболаттың толысып, жүйрік ұстап жігіт болған шағы. Сонда қалмақтардың бір шоғыр жасағын жалғыз түйреп түсіріп, аттарын алдына салып айдап келеді ауылға. Содан ол Ақболат батыр атанып кеткен. Осы маңызды шежіредей таратқан Жамбыл: «Е, сен сол Ақболат батырдың тұқымы екенсің ғой»,— деді. Мен: «Бұл аңызды қайдан, қалай естідіңіз?»— деп сұрай берем дегенше, Жәкең қасымдағы әйелім мен қызыма қарап:

— Бұлар кім?— деді.

— Бірі — келініңіз Меңжамал, мынау — қызым Шолпан. Тоқсан беске келген Сіздің қолыңызды алсын деп тәбәрік тұтып әдейі ертіп келдім,— дедім.

— Ертеде сенің аулында болғанмын. Ол жиырма бес жасар кезім еді. О, шіркін дүние, балалық-ай. Түркістанды қоныстап қалған Нұртаза есімді ағайын бар еді. Соның үйіне түстім. Оңтүстік ақындарын көрейін деген көңілде арман бар. Әсіресе Шәді төреге жолықсам деймін. Үйіне іздеп барып едік, ол кісі үйінде болмай шықты. Әзірет Сұлтанды аралап көрдік. Екі-үш күннен кейін Түркістандағы бір тойда Майлықожа, Балқы Базарға кездесіп думанда бірге болдық. Сол жолы Құлыншақтан «Шора батырды» тыңдап, үйрендім. Ертеңіне Базармен айтысып қалдым. Айтыс аяғы бәдікке айналып бара жатыр еді, жұрт екеумізді қой-қойлап аяғында әзер тоқтатты. Майлықожа: «Балам, сенікі жөн, тоқта енді» деп арқамнан қақты. Мен сол сапар Майлықожаны ұстаз тұтып қайттым,— дейді Жәкең. Біз қарияның әңгімесін ұйып тыңдадық.

...1945 жылы 22 июнь күні, қарт ақын Жамбыл қай-

тыс болғанда Қазақстан өкіметі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті хабарлау жазды:

«Совет халық поэзиясының алыбы, қазақ халқы ғасырлық даналығының қазынасы, совет заманының жыршысы, XX ғасырдың Гомері — Жамбыл Жабаев қайтыс болды», — деді.

Бүкіл совет халық поэзиясының алыбы Жамбылдың Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жарты ғасырлық өмірі мен қызметі қазақтың барлық поэзия байлығына қанғанша суарылып, мол жетігіп, өз тұсындағы домбырамен өлең айтатын, табанда жанынан шығарып айтатын ақындардың ең жүйріктерінің бірі болып танылу, поэзияны еңбекші халық мұқтажының құралы есебінде, қиянатқа қарсы құралы есебінде пайдалану болды.

Ой ұшқырлығы мен ділмарлықтын, білгіштік пен алғырлықтың басты сынындай болған айтыс жанрына ысылған ақын шебер айтудың үстіне заман күйін, ел мұңын, ер арманын төгіп жырлайтын жаңа үлгіге айналдырды, жаңа арнаға салды. Қазақ поэзиясының ең жақсы дәстүрін бүгінгі көп ұлтты, ең озық, ең идеялы совет әдебиетіне әкеп ұластырды.

Жүз жасаған Жамбылдың шын шарықтаған, барлық ақындық қуатын түгел жұмсап, гүлденген тұсы — Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі кез, жаздай жайнаған социализм дәуірі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы, бұрын халықпен бірге қыспақта болып, жаншылып, жапа шегіп келген Жамбылға да бостандық берді. Оның жанына да, тіліне де еркіндік әперді. Асыл сөздерінің тек қазақ халқына ғана емес, Советтер Одағындағы барлық халқына еркін жетуіне мүмкіндік берді.

Ақын жаңа заманның жаңа шындығын, социализмнің ұлы жеңістерін жырлады: өзгерген елді, жасарған жерді, жүздеп, мындап өсіп келе жатқан өндірісті, гүлденген колхоз, совхозды, өзінің сүйікті социалистік Отанын қорғаушы совет жауынгерлерін, еңбек ерлерін, бақытты балаларды, әрі бақыт дүниесін орнатушы, әрі жеңістен жеңіске бастаушы коммунист партиясын, Совет Одағын мекендеген халықтарымыздың мызғымас достығын, совет адамдарының Отанға, партияға деген махаббатын, жауға деген қаһарын жырлады.

Соның бәрін Жамбыл тың сезім, ашық оймен сүйе де, сүйдіре де жырлады. Сөйтіп ол өзінің айбынды, жігерлі жырымен барлық күрес майданындағы миллион-

даған жеңімпаздарды ырза қылды, жаңа жеңістерге үн-деді.

Партиямыздың орталық органы «Правда» газеті Жамбыл туралы бір мақаласында былай деп жазды:

«Қазақстанның даңқты ақыны Жамбылдың теңдессіз лиризмге толы, ұмытылмастай образдарға бай, ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің жүрек соғысын сезеді, дәуіріміздің ілгерілеген қимылын аңғарады, ақындықпен сипатталған өз өмірін, өзінің асыл ойын, қиялын көреді»¹.

Жамбыл 1846 жылы февраль айында, қақаған суық түнде, Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде туады. Әкесі оның атын сол тау атымен атап, Жамбыл деп қояды.

Жамбыл ескіше оқымаймын, ақын боламын, батанды бер деген өтініштеріне Жапа «Оқуға бармасаң барма. Бірақ ақын болмай-ақ қой. «Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген атақ аз боп жүр ме? Сексен бірінші болып қайтесің»,— дейді. Жамбыл бетінен қайтпайды, әкесінен жасырып, өлең-жыр шығарады, ауыл арасындағы қыз-келіншектер, тең құрбыларымен өлең айтыса береді. Солардың қай-қайсысынан болсын озық шығып, көзге түседі.

Бір жолы Жамбылдың аулына Ұлы жүздің сол кездегі атакты ақыны Сүйімбай келеді. Сүйімбай (1827—1895) ақындығының үстіне елге беделді, тоқтаулы адамдардың бірі болса керек. Ол осы келуінде Жапаның үйіне қонады. Осыдан былай Жамбыл үнемі Сүйімбайды сағалайды, соның соңына ереді. Өлең айтып, оған өзінің ақындығын сынатады.

Сүйімбай бір күні Жапаға: «Балаң ақын екен. Бетін қақпа» — дейді. Сол күннен бастап Жамбыл ақындық жолына біржолата түседі. Сүйімбайдан үйренеді, оны өзіне ұстаз тұтады.

Сонымен, Жамбыл — жөргегінде түсіне өлең кірген ақын — жиырма жасынан, 1866 жылдан бастап өлеңді жан-жолдасы етеді. Үнемі ел қыдырып, ас-тойда, жын-думанда өлең-жыр айтып, алуан жүйрік ақындармен айтысқа түсіп жүреді. Байтақ ел еңбекші халықпен біте қайнап өседі. Оның ақын атағы елге бірте-бірте жайыла береді.

Жас ақын әуелі, төрт-бес жылдай көбінше өз елі маңын аралап, өлең айтады. Көбірек үйрену, халық қай-

¹ «Правда» 1938 жыл, 20 май.

раткерлігіне әзірленуде болады: шаршы топты көп көріп, көп тыңдап іштей тоқиды. Өзін өзі тай жарысында сынағандай шағын жиындарда, тең құрбылары арасында көрінеді. Кексе атақты ақындармен кездескенде көбінше, олармен дидарласып кеңеседі. Олардың жақсы үлгі-өнегелерін, білген өлең-жырларын, қисса, дастандарын үйренеді.

Сонымен бірге, еңбекші ішінен шыққан талапты ақын жүрген жерлерінде халықтың тұрмысына, халжайына зер сала отырады. Сонда ол халықтың бір жағы қаналушы қалың ел, бір жағы қанаушы атқа мінер, бай, датқа екенін, өз заманының қара түнек екенін, айдаһардай ысқырып, у шашқан, қанқұмар заман екенін аңғарады; еңіреп босқан елді, зарлаған жанды, сорғалаған қанды көреді.

Өмірі мен ақындық қызметінің осы алғашқы кезеңі туралы, өз руы ішінде көргені, сезгені туралы Жамбыл «Менің өмірім» деген әйгілі шығармасында айтады.

— Байлығымен, даңғойлығымен аты шыққан Кәдірбай деген бай бір рет той жасады. Байдың малын күзететін бір иті өліпті. Байдың жігіттері көп жыраулар мен домбырашыларды жинады. Кәдірбай оларға: «Кімде-кім менің итімді жоқтап өлең айтса, менің дәулетімді мақтаса ол үлкен сыйлық алады»,— деді.

Байдың есігінде жүрген жалған жыршылар терілеріне сыймай қожайынын мақтап, оның дәулетін, күшін, мейрімділігін дәріптеді. Мен шеткері отырып, олардың өлеңдерін әбден тыңдадым. Олар басылған кезде... жыршыларды да, Кәдірбайды да түйреп жырладым:

Ей, жыршылар, жыршылар.
Жыр айтар ма осылай!
Сөздеріңнің дәмі жоқ,
Күйлеріңнің сәні жоқ...
Итің жаман демеймін,
Көпшілікті бүлдіріп,
Ұрлап алғандарыңды,
Айтсам сөзім нанымды.
Өлең оттай жалынды,
Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан, ауылды,—

дедім.

1913 жылы Романов тұқымдарының таққа отырғанына 300 жыл толуына арналып, Алматыда той болады. Сол тойға болыстар, уезд начальниктері ел ішінен ақын, жыршыларды жинайды. Солардың ішінде Жамбылды да еріксіз алып келеді.

Ұлықтар ақындарға патшаны мақтап өлең, жыр шығарындар, үгіт айтындар дейді. Жамбыл патшаны мақтау, үгіт айту орнына «Өстепкеде» деген жыр шығарады. Ұлықтар алдында бас шұлғып, қамыстай жапырылып құлдық ұрған қоян жүректерді бүкіл ел көзінше қатты шенейді. Өзінің тәкаппарлығын, батылдығын көрсетеді.

1916 жылы, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі шыққанда, патша өкіметінің заң орындары елдегі бірсыпыра ақындарды, солардың ішінде Жамбылды да ұстап, біраз күн тұтқын етеді. Бұл жолы Жамбыл «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» атты өлеңдер шығарады. Онда:

Би, болысты тәңірі атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еңіретті,
Көз жасына қарамай,—

деп, би, болысты сынайды, халық мұңын шертеді:

Енді ойласақ не қалды?
Ата жұрттан кету бар,
Жолға тігіп не жанды
Тәуекелге беку бар...
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетеміз?
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтіп өтерміз?—

деп, енді не істейміз? дегенді ел атынан айтады. Халықты белді бекем буып, жанды тігіп, күресуге үндейді.

Жамбыл «Менің бақытым» деген шығармасында өзінің революциядан бұрынғы өмірі мен ақындық қызметін мынадай сөздермен қорытады:

«Мен өзімнің барлық өмірімде қыр қожайындарының бетіне шындықты қорықпай айтып, шайқасумен өттім. Сол үшін олар мені жек көрді. Ал халық әрбір сөзімді сүйіп бағалады».

Сөйтіп, Жамбыл өзінің революциядан бұрынғы көптеген өлең, жырларында, бір жағынан, өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы-молдаға, төре, тілмашқа, болыс-биге ызалы, оларды кісі құрлы көрмейді, қатты сынайды; екінші жағынан, халықтың мұң-зарын, арман-үмітін жырлайды; ел қорғаны болатын ер туса екен, ел көзіндегі жасты тыйса екен, жаңа күн туса екен деп жырлайды. Алысты арман етеді, жарқын болашақты көксейді.

1917 жылы елімізде большевиктер партиясының да-

нышпан басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңген кезде Жамбыл жетпістің ішіндегі қаусаған қарт еді. Өзін өзі енді белім бүгілді, тілім күрмелді деп білген кезі еді. Баласы Жамбылды өлең, жыр айтудан тоқтады, енді оның орнын өзім басам деп, қарт ақынның батасын, өмірлік серігі домбырасын сұраған еді.

Октябрь революциясы кәрі нардай шөгіп қалған қарт Жамбылды орнынан қайта тұрғызды, күрмелген тілін босатты, тозған домбырасын қолына қайта ұстатты. Бұл жөнде ақын кейін, 1938 жылы шығарған «Менің бақытым» деген өмірбаяндық шығармасында мынаны айтады:

«...Өмірімнің жетпіс екінші жылында мен бақытты өмірге жеттім... Мен шыңыраудан шығып тамаша гүлдерді, жұпар иісті шөптерді, қыруар малдарды, сымбатты үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім; таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым; менің жаным да алма ағаштай гүлдеді; көзім жұлдыздай жайнап кеудемді шаттық кернеді: өлеңдерім көктемдегі Іле өзеніндей тасыды; мен жасардым. Он сегіз жасар жігіттей шағыма келдім»,— дейді.

Жамбыл кезінде өз халқымен бірге, Октябрь революциясын зор қуанышпен қарсы алды. Ақын ол жөндегі өзінің ең алғашқы естіген-көргендерін, сезген-білгендерін былай баяндайды:

Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,
Николай ұрған доптай тақтан ұшты.
Жарқырап бостандықтан сәуле түсті,
Жабырқаған халықтың көңілі өсті,
Данышпан Лениннің ұлы есімі,
Құлаққа санқылдады күшті-күшті,—

дейді.

Елде Совет өкіметі орнаған күннен бастап, Жамбыл партия мен үкімет ауылда жүргізген саяси, шаруашылық, мәдени науқан т. б. шаруаларды көзімен көрді; қосшы ұйымына кіріп, кеңес сайлауларына, 1927 жылы өткен шабындық, егістік жерлерді қайта бөлу, 1928 жылы жүрген феодалдар мен ірі байлардың мал-мүліктерін конфискелеу жұмыстарына араласады. Бірте-бірте совет шындығына, социализм жеңістеріне қаныға береді. Қаныққан сайын халқымен бірге қуанып, сол бүкілхалықтық қуанышты асқан ақындықпен серпілте жырлайды.

Коммунист партиясы мен Совет өкіметінің ұлт сая-

саты арқасында 1924 жылы бұрын Түркістан республикасының құрамында болып келген Орта Азия халықтары әрқайсысы өз алдына республика болып ұйымдасты. Соның нәтижесінде бұрын Түркістан республикасына қараған қазақ облыстары (бұрынғы Жетісу, Сырдария — қазіргі Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары) Қазақ АССР-на қосылды. Республика халықтың ежелгі атымен аталды (бұрын қырғыз деп аталып келген еді).

1925 жылы Октябрь айында Қазақ республикасының бесжылдық мерекесі өткізілді. Соған байланысты Алматы қаласында жиналыс болады. Ол жиналыста Жамбыл «Қазақстан тойына» деген жыр шығарды.

Жамбыл ол жырында әлгі тарихи іс-оқиғаны әбден түсініп, дәл суреттейді; партия мен үкіметтің ұлт саясаты арқасында қырдағы, сырдағы қазақ түгел бас қосты; өз алдына үй тігіп, ірге қалап, бекінді; өзінің ежелгі атымен аталып, ел болып қайта туды. «Советтің өкіметі көп жасасын!»— деді.

1927 жылы өкіметтің ерекше декреті бойынша, Қазақстанда егіндік, шабындық жерлерді қайта бөлу жұмысы жүргізілді. Бұрын көбінше феодалдар мен ірі байлардың қолында болып келген егіндік, шабындық жерлер кедейлер, жалшыларға бөлініп берілді.

Сол жылы егіндік, шабындық жер бөлісі туралы Ұзынағаш селосында кедей, жалшылардың жалпы жиналысы болады. Онда Жамбыл сөз сөйлейді — «Замана ағымы» деген ұзақ жыр айтады.

Ол жырында Жамбыл әуелі қазақ халқының әрі заманынан бастап Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін басынан кешкен халін ұзақ толғайды. Жамбыл онан соң қазақ халқының Октябрь революциясынан кейінгі халін ұзақ толғайды: бұрынғы тұрмысы мен бүгінгі тұрмысын салыстырады, бұрынғыны түнге, бүгінгіні күнге теңейді. Қазақ бұрын қараңғыда қармаланып келіп еді, енді жарық дүниеге шығып, даңғыл жолға түсті.

Осы жолды өмірлік
Ленин бізге бастаған...
Ленин туын қолға алған,
Халық қайрат қозғалған,
Жалшы, кедей досым-ай,
Күн де туды сен үшін,
Ай да туды сен үшін,
Серпіле түс, серпіле,—

дейді.

Осыдан 1920-1930 жылдары партия мен өкімет елімізде колхоздастыру жұмысын жүргізгенде, Жамбыл халыққа колхоз жайын үгіттейді, ол жөнінде ел қыдырып өлең, жыр айтады. Өз аулында колхоз ұйымдас тырылғанда ол колхозға бірінші болып кіреді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Жамбыл 95 жаста еді. Қартайып, қажыған, оның үстіне сырқат еді. Соған қарамай ол Отан соғысының алғашқы күндері-ақ «Ата жаумен алыстық», «Өлім мен өмір белдесті», «Аттан, батыр ұрпағым!», «Кеңес жауынгерлеріне» деген сияқты бірсыпыра өлең, жыр шығарды.

Қарт ақынның бұл өлең, жырлары мейлінше жалынды, жауға деген ыза-кек, өшпенділік, қаһар, отанға, халыққа, партия мен үкіметке деген зор махаббат, совет халқының жеңуіне шексіз сенім, нағыз советтік патриотизм жыры болды.

Жамбыл бүкіл совет халқымен бірге, өзін Отанды қорғауға, жаудың көзін құртуға аттандым, майдандамын деп санады. Жамбыл халыққа Отанымыздың басына қауіпті күн туғанын түсіндіріп, оны қорғаудың жауды талқандаудан малды да, жанды да, ештеңені де аямауға шақырды.

1943 жылы декабрь айында халық ақындарының республикалық айтысы болды. Айтысты Жамбыл бастап, ұзақ жыр айтты; ақындарды жеңіс жырын шырқауға, Отанды, Отанды қорғаған ерлерді жырлауға шақырды.

...Жырға лайық елін бар,
Елге лайық ерің бар.
Қыруар завод,
қалаң бар.
Гүл жайнаған далаң бар,
Сол даланы жайнатқан
Жұртқа үлгі адам бар,
Жауды қырған жөнкілтіп
Жас арыстан пішінді,
Жауда ойран салған бар,
Батыр сынды, мүсінді,
Қаһарман көп жасаған
Халқымызда заман бар,—

деді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбыл, әлгі өлең, жырлары сияқты көптеген патриоттық сезімге, қаһар, жігерге, махаббатқа толы жыр, дастандар шығарды. Жаумен қиян-кескі ұрысып, Отанымызды қорғаған, ерекше ерлік көрсеткен жеке қалаларға, жеке

жауынгерлерге әскер бөлімшелеріне, бүкіл Совет Армиясына арнап өлең, жыр шығарды. Мысалы, ол «Москваға», «Ленинградтық өрендерім», «Кенес гвардеецтеріне», «Майданға хат», «Темір тұлпар мінген қыз», «Аттандыру», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Воронеж батырларына», «Қамал бұзған қаһарман», «Жау ажалы жақын» т. б. өлең, жыр, дастан шығарды.

Жамбыл өзінің осы жігерлі, жалынды барынша патриоттық рухта шығарған өлең, жырларымен армияны, халықты, майдан, тыл ерлерін жігерлендіріп, төзімділік, батылдыққа, ерлік қаһармандыққа, Отан үшін, партия үшін жанқиярлыққа үгіттеп, жұмылдырып отырды.

Мысалы, Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім!» деген өлең-жыры қоршауда қалып, жаумен қиян-кескі ұрысып жатқан ленинградтықтарға үлкен әсер етіп, олардың күшіне күш қосқан.

«...Біз Жамбылдың өлеңін көзімізге жас іркіп, көкірегімізге кек толып оқыдық. Қазақстан халқы бізге туысқандық сәлем, достық пен махаббат жолдаған деп ұқтық. Бұл бізге зор жігер берді. Бейне бір запаста тұрған тұтас әскери күш келіп қосылғандай сездік. Еселенген күш, қуатпен, жігермен ұрыстық»¹,— деп жазды Ленинградты қорғауда болған жазушы Вс. Вишневский.

1945 жылы 9 май күні совет халқы Коммунистік партиясының данышпан басшылығы арқасында фашистік Германияны тас-талқан қып жеңді. Жеңіс қуанышымен Жамбыл үйіне жиналған ел оған жыр толғауын өтінді. Ақын сол жеңіс, қуаныш жырын, жалынды, жігерлі жырын «Енді өлсем де арманым жоқ»,— деп аяқтайды.

Халық поэзиясының алыбы, социализм дәуірінің жыршысы, XX ғасырдың Гомері, жүз жасаған Жамбыл поэзиясының негізгі қасиеттері, өзіне тән ерекшеліктері қандай деген мәселеге келсек, ол мынадай дейміз.

Жамбылдың ақындық күші — ол үнемі халықпен бірге жасап, солардан көріп, үйреніп отырады. Өмірде, халық тұрмысында болған, болып жатқан жағдайды, оқиғаны, өзгерісті, жаңаны, өмір, халық алдына көлденең тартқан, тілеген нәрсені өмір, халық тілегендей етіп, халық мүддесіне сай етіп жырлайды. Күнделікті өмірді бүгінгі күннің, жарқын болашақтың мүддесі тұрғысынан суреттейді. Осыдан ұлы ақын шығармалары

¹ «Правда», 1944 жыл, 4 декабрь.

реалистік, халықтық болып, терең идеялы болып келеді.

Жамбыл шығармаларында халықтық тарихи мотивтер мен күнделікті жаңа мотивтер ұштасып отырады. Ақын бұрынғы мен бүгінгі, болған мен болып жатқанды, болашақты салыстырып айтады. Бұрынғының жақсы өнегелі жақтарын тауып алып, бүгінгіге үлгі, өнеге етіп, бүгінгінің жақсы, өнегелі асқақ, озат жақтары болашақты меңзеп жырлайды.

Ақынның осылай жырлауынан бұрынғыға қарағанда бүгінгі, бүгінгіге қарағанда болашақ әрі зәулім, заңғар, әрі ғажайып қызық болып шығады. Көзге түсімді, көңілге қонымды, әсерлі болады.

Жамбыл ақындығының ерекшелігі — ел, халықтың бұрынды-соңды болған ақындық мәдениетін, ақындық дәстүрін, рухани байлығын жете біліп, толық меңгерген. Сондағы неше алуан тәсіл, бейне, образдарды теңеу, салыстыруларды, сурет әшекейлерді, өлшем, шумақ-ұйқастарды сарқа пайдаланады. Оларды жаңа мағына беріп, жаңа ой, жаңа сезіммен байытып қолданады, түрлендіріп шығарады.

Мысалы, Жамбылдың жырларында қолданылатын жорға, арғымақ, кеме, ай, күн, сұңқар, асқар тау, дария т. б. тенеулері қазақтың бұрынғы ауыз әдебиетінде көп ұшырайды. Бірақ соларды Жамбыл жаңартып, жаңа мазмұн беріп, қиыннан қиыстырып, тамаша күшті етіп шығарады.

Яки Жамбыл өзінің барлық өлең, жырларын дерлік қазақ халқының ежелгі қарапайым өлеңдерінің, жыр-толғаулары мен терме-тақпақтарының үлгісі бойынша шығарады; ондағы шумақтарды, өлшемдерді, ұйқастарды түгел қолданады. Осыдан Жамбыл өлеңдерінің шумағы, өлшемі, ұйқасы әр алуан, көп түрлі, әрі терең мағыналы, әрі келісті.

Сонымен бірге, жаңашыл ақын — Жамбыл кей ретте өлеңінің шумағын, ұйқасын, жаңаша, өзінше қиыстыруды да, Абай шығарған үлгілер ізімен қиыстыруды да қарастырады. Мысалы оның «Жаңа жыл сәлемі» (1943) деген өлеңі кей жерінде үш тармақты болып келіп, бұрынғы жырлардағы сыңар ұйқасқа да ұқсайды; көп жерінде, бір жағынан, алты тармақты болып келіп, екінші жағынан, ұзына бойына бір ұйқаспен жалғасып (Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңі сияқты) Абай үлгісіне де ұқсайды. Асылында олардың еш-

қайсысы емес, өзінше жаңа. Оның басқы шумағы былай келеді

Жастар маған гүл тартып, а
Мен жастарға жыр тартып, а
Жаңа жылды тойладым, б
Жан қызыққа құмартып, а
Өмірімді ұзартып, а
Ортасында ойнадым. б

Жамбылдың бірсыпара өлеңдері осылай келеді. Оның мейлі қазақ халқының ежелгі өлең, жырының үлгісімен шығарған өлеңдері болсын, мейлі қазақтың ертедегі өлең, жырларының ізімен, Абай өлеңдерінің ізімен, өзінше қиыстырған өлеңдерінің ізімен болсын іші мен сырты, мазмұны мен түрі қатар түсіп, сай келіп отырады. Іші, сырты бірдей алтын болып келеді. Осыдан олар Абай айтқандай, «жүрекке жылы, тілге жеңіл»

Жамбылдың жаратылыстық қасиеті ол өлең, жырды табанда, лезде шығарып айтатын ағыл-тегіл, ақпа жүйрік, суырып салма — импровизатор ақын. Ағыл-тегіл айтқанда мақсатын дәл айтатын, көздеген нысанасына дәл тигізетін ұшқыр ойлы, өткір тілді, ұғымы, ой жүйесі күшті ақын, нағыз көркем поэзия салтындағы ақын.

Жамбыл поэзиясының ерекшелігі — ол жігерлі, жалынды саяси, лирикалық жыр. Ақын мейлі тарихи әңгімені сөз етсін, мейлі табиғат көріністерін суреттесін, мейлі үй іші, от басы, сүйіспендік мәселесін жырласын, мейлі әлеуметтік тұрмысты, іс-оқиғаларды жырласын — бәрін де өзінің ойы, сезімі, үміті, ішкі дүниесі, сыры етіп жырлайды

Мысалы, Жамбылдың революциядан бұрынғы өлең, жырлары ақынның өз көргені, өз тұрмысы, ойы, ұғымы, сезімі, сыры болып, сонымен бірге көпшіліктің, халықтың көргені, тұрмысы, ойы, сезімі, үміті, сыры болып келеді. Ақын оларды дәл, нақты, жарасымды етіп, сынсықақты етіп айтады. Өмірдің қараңғы, жиренішті жағы, кежегелі, кертартпа жағы жөнінде көргенін-түйгенін сын, сықақ етіп, жақсы, жарқын жағы, ілгері, үмітті жағы жөнінде сезген-түйгенін мадақ етіп шығарады.

Ал Жамбылдың революциядан кейінгі өлең, жырлары совет халқының күнбе-күнгі әлеуметтік тұрмысы, ісі, ой-қиялы жөнінде ақынның көрген-білгені, сезген-түйгені. Соны ақын өзінің тұрмысы, ішкі дүниесі етіп жырлайды. Онысы, сонымен бірге халықтың да өмірі, ішкі дүниесі болып шығады. «Правда» газетінің сөзімен айт-

қанда, онан совет халқы еліміздің өмірінің ілгері басқан қимылын, өзінің жүрек соғысын, өмірін, қиялын көреді.

Адам баласының ұлы данышпаны Лениннің, коммунист партиясының басшылығы, ұлы орыс халқының көмегі арқасында қазақ халқы капиталистік дәуірге соқпай, орта ғасырлық қалыптан социализм жолына түсті, ұлы асу асты.

Аз уақыт ішінде советтік қоғам құрылысы жағдайында Қазақстан өзінің ортағасырлық қалпын бүтіндей өзгертіп, саяси, шаруашылық, мәдениет жөніндегі мешеулігін жойып, гүл жайнаған одақтық республика, индустриялы, аграрлы, мәдениетті ел болып отыр.

Халқымен бірге Жамбыл да осы ұлы асудан асты, халқы сияқты бүтіндей жаңарды: Советтік, социалистік көзқарасты, ойшыл коммунизм идеясын жырлаушы ақын, белсенді қайраткер болды.

Жамбыл өзінің жырларында советтік құрылыстың алып артықшылығын, сарқылмас күш-қуатын, социалистік тұрмысты, совет адамдарының әл-ауқатты, сәулетті, бақытты тұрмысын, патриоттық ісі мен сезімін, Ленин мен коммунистік партиясының даналығын жырлады.

Жамбылдың жырлары совет адамдарын, Совет мемлекетін, коммунист партиясын сүюге, жауға қатал, қатпарлы болуға, коммунизм жолында жанқиярлықпен күресуге баулиды, үндейді.

ҚАНАБЕК БАЙСЕЙІТОВ

ҚҰШТАР КӨҢІЛ

...Концерт дайындап жатқан кезіміз болатын. Бір кезде кабинетіме кірсем, Ораз Жандосовтың қасында бір бейтаныс қара шал қалғып отыр. Араларында Сәкен, Ілиястар да бар, біраз кісілер алқа-қотан отыра қалған сәт екен. Амандасқан соң:

— Мына кісі — Жамбыл деген атаң, — деді Жандосов. — Жақында газетке шыққан «Туған елім» деген өлеңін оқыған боларсың, енді өзін тыңдап көрсін деп әкелдім, осы жүргеннің көбінен күшті ақын, — деп маған айта отырып басқаларға да ақсақалды таныстырып

шықты Сөйтті де:— Мына отырғандар қазақтың атақты ақын-жазушылары,— деп Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтарларды таныстырып өтіп,— ақсақал, тұрыңыз, бірдеме айтып беріңіз балаларыңызға!— деді. Сонда Жамбылдың қасында бірге жүретін бір жас бала бар еді, бірақ оның қай бала екендігі есімде қалмапты, ешкімнен кезінде анықтап сұрап та алмаппын.

— Не айтам?— деді Жәкең Жандосовқа карап.

— Қазақ өнерін астанамыз Мәскеуге апарып көрсеткелі жатырмыз. Сәті түссе, бәлкім, өзіңіз де барып қаларсыз. Жол болсын айтпайсыз ба балаларға?— деді Жандосов.

Жәкең алдымен домбырасын әлдебір терме әуеніне салып түзеп алды. Қырылдаңқыраған дауыспен ал кетті дейсің, құдды күні бұрын жаттап алғандай.

Ара-арасында Жандосов даусын көтеріп:

— Қазақстанның байлығын айт, Алматы мен Москва туралы айт!— деп бағыт сілтеп отырады. Соның бәрін дереу Жәкең жырға қосады. Өленін айтып біткен соң:

— Шаршадыңыз ба?— деді Жандосов.

Жәкең жымың етті:

— Өлең айтудан ақын шаршаушы ма еді?!

Жәкеңнің өлең айтысына бәрі риза болысты.

Сәкен, Ілиястар да бастарын шайқап:

— О, мына кісі керек екен ғой,— десті.

— Естіп жүрген ақындарымызда бұ кісіден асатыны бола қоймас,— деп жатырмыз.

Осыдан кейін-ақ Жәкең жаңа тұғырға көтерілді. Оның өлеңдерін жазып алуға қасына хатшы белгіленді Алғаш хатшы болған ақын Әбділдә Тәжібаев еді.

Содан онкүндікке баратын халық ақындары да іріктеле бастады. Жамбыл, Нұрпейіс, Орынбай, Кенен, Нұрлыбек, Нартай, Доскей — барлығы алты-жеті ақын.

Жүрер кезге жақындағанда Жамбыл қарт бір қызық жасады. «Ал, ақсақал, Мәскеуге баратын болдыңыз»,— деп куантқалы жүрсек, ол: «Бармаймын,— деп қырсық салды,— мені кәрі маймыл құсатып несіне апарасындар, немді көрсетесіндер, аузымда бір тіс жоқ, не түр-түс жоқ»,— деп тұлады.

Жәкең Ораз Жандосовты, одан кейін Күләшті тыңдайтын еді, Күләштің әкесі Жасынды жақсы танитын болып шықты. Солар айтып, түсіндіріп жүріп Мәскеуге баруға көндірді.

— Ой, Оразжан-ай, өлең керек болса, осы жерден-ақ жазып алсандаршы!— деп күлдіретін.

Содан бір күні Жәкеңді театрға шақырттық, киім тігу керек болды. Жәкең келді де кабинетке кіріп шынтақтай жатты. Ораз бен Күләш екі жағынан қолтықтай тұрғызып тігіншілерге алып келді.

— Жәке, қандай материалдан киім тіктірейік!— деді Жандосов.

— Ши барқыттан,— деді Жәкең. Біз күлдік. Күлдіре түсейін дей ме, Жәкең бір қылықтан кейін бір қылық шығарады.

Бір-екі күннен соң Жәкеңе жаңа киімдерін киіндірдік, өңкей үлде мен бұлде, басында сусар бөрік.

— Жо, маған ши барқыттан тігіндер,— деп Жәкең сонда да көнбеді. Ақыры ши барқыттан да тіктірдік.

Кейін, Мәскеуге кетерде, ескі киімдерін баласына беріп жатып:

— Әй, мыналарды үйге апар,— деді Жәкең.— Ауылға барғанда осыларды кимесем, мына киімдеріммен жүре алмаймын.

— Біз оған да мәз боп күлдік. «Күлсең, кәріге күл!»— деп қазақ бекер айтпаған болу керек. Жәкеңнің әр сөзі, әр қылығы сондай еді.

Мен Жәкеңе өмір бойы сүйсініп өткен адамның бірімін, қартайған адам дәл Жәкеңше қартайса, армансыз деп ойлаймын. Күләштің әкесі Жасын кейінгі жылдары бізбен бірге тұра бастады, сол кездерде ол кісімен сөйлесуге Жәкең де анда-санда келіп тұратын еді, сондай шақтарда мен Жәкеңнің әзіл әңгімелерін қағытпа сөздерін естіп қатты риза болатынмын. Аз сөзбен ғана дәл суреттерді сала қоюшы еді, әсіресе адамның түр-түсіне, жүріс-тұрысына байланысты әзілдері өткір келуші еді. Үлкенмен де, кішімен де Жәкең бірдей қалжыңдасатын, кезі келгенде қыздары Күләш пен Шараға да талай әзіл-қалжыңдарды айтып тастайтын.

Мен бірде Жәкеңнің Динаға да қалжың айтып отырғанын естідім:

— Әй, шіркін-ай, ауылдың сыртындағы соныны ат аунағандай қылып талай жапырдың-ау!— деп отырды.

Мұхтарға, Манарбекке, Серкеге, Қасым Тоғызақовқа талай әдемі әзілдер айтып, біздерді талай қыран күлкіге кенелтті ғой Жәкең. Өтіп бара жатқан, үйге кіріп келген кісілердің бір сөйлеммен ғана портретін бере қойып күлдіретін. Ақын адамға жалпы өнер адамдарына әзіл де бір азық сияқты нәрсе, рухани күш пе

деп ойлаймын. Жәкеңнің қылықтарынан мен соны байқаушы едім.

Жамбыл атамыз туралы кезінде талайлар айтқан, талайлар, жазған: алып ақынның қыры көп, бірін айтсақ, бірін айтпай кетеміз кейде. Менің байқағаным Жәкеңнің жай сөзінің өзі өлең болушы еді. Ортамызға түсе қалғанда: «Жәке, ананы айтшы, мынаны айтшы!»— деп қайтсек те қарияны сөйлете түскіміз келіп тұс-тұстан өтініш жаудырамыз. Сол әдейілігімізді, қасақана тиісетіндігімізді ол кісі де сезеді-ау, сірә. Көзі күлім етіп қана қуланатын. Иә, әзілдеп, нә қасақана қайтер екен деп әр түрлі жауаптар қайтарады. Сонда жауабын не ұйқастырып, не мақамдап айтатын, мақал сөздердей әсерлі шығатын.

Кәдімгі қарт кісілердің әдетімен Жәкең де боқтаурап сөйлейтін. Және үлкенге де, кішіге де жарасымды боқтаулары болатын. Әзілдің өзі, сірә, адам жанының жомарттығын да, кеңдігін де білдіретін болу керек. Жәкеңнің әзілі қай кезде де таусылып көрген емес, әйтеуір.

Жәкең Күләшті сұмдық жақсы көретін. Күләш та «аталап» еркелеп тұратын. Жас ерекшеліктеріне қарамай екі талант, екі дарын түйдей құрдастарша түсінетін. Екеуінің әзіл жарастығын көргенде, өмір сүрудің соншалық әдемі екенін сезінетінсін. Көзіне жас келердей әлдебір ерекше күйге түсетінсін.

Біздер қаншама оқып біліп жатсақ та, жақсы мінезді бойымызға құтайта алмай әуреленеміз, қаншама мәдениетті жұртпен араласып жүрсек те, қара басымызды қайтіп мәдениетті көрсетерімізді білмей шала бүлінеміз, ал Жәкең өзінің ежелгі әдеті мен жүріс-тұрыстарын сақтап-ақ заманның көшіне ілесіп кетті, оның мінезі де, мәдениеті де адам қызығарлық айрықша еді. Жұрттың өмір бойы түсіне алмай келе жатқан әдет-ғұрыптарын Жәкең жарты ауыз сөзден-ақ жадында сақтап қалатын. Біздің социалистік заманды, оның саяси-экономикалық бағытын мейлінше түсініп, барынша сүйсініп жырлаған ондай қарт ақын біздің елде бола қойған жоқ шығар. Оның ойы да жүйрік, мны да ұтқыр; замана бойлары ақын деп келе жатқан қасиетті бабаларымыздың бейнесін, солардың алыптығын кейінгі ұрпақ сол арқылы көз алдарына елестетсін дегендей дара тұлға еді ғой.

Жәкеңді мақтаймын деп басқа ақындарды да аласартқым келмейді. Жалпы алғанда, мен өз басым суы-

рып салма ақындарды айрықша бағалайтын, оларды өзгелерден жақын тартып тұратын адаммын. Өйткені мен олардың өлеңді табан астында құрастыра қоюларына қарап бала кезімнен көп қиялдарға батып келем, олардың бойында бүкіл халыққа тән мінездер, қылықтар көбірек сақталып қалған сияқтанады. Еш дайындықсыз-ақ, «аттан!» деген дауысты естісімен жауға шапқан ғой бабаларымыз, суырып салма ақындар да сөйтеді: табан астында сөз табады. Бүкіл бастан кешкенін қазақ халқы арқылы ғана сақтап келген ғой, сол ұғымталдар — осы ақындар. Сондықтан болар, сірә, менің оларды айрықша қастерлейтінім. Әнші ақындар Кенен, Иса, Нартайлар да, төкпе ақындар Нұрпейіс, Доскей, Орынбайлар да бәрі да маған сонау Асан Қайғы бабамыздың ортамызда жүрген кездері секілді сезілетін.

Сонымен сөзімізге оралсақ, ақыры аттандық Москваға. Біздің жалпы құрамымыз үш жүз адам болды. Сапарға бесінші май күні кешкісін шықтық, арнайы поезд алып жүрді. Сол сапарға шығар алдында украиндықтардың қорытынды концертін естіп шыққамыз, олардың табысы орасан болды. Әншілерінің даусын естігенде, денеміз дірілдейді. «Мынандай мықтылардан кейін мәскеуліктер бізге мұрнын шүйіріп жүрер ме екен?» — деп қорықтық.

Ол кезде екі астананың арасына поезд алты сөткеге жуық жүреді. Жол бойы да талай қызықтарды бастан өткердік. Сол қызықтардың ең әсерлі, ең ұмытылмасы да баяғы Жамбыл қарттың қасында болды. Біздер Күләш, Шара, Құрманбек төртеуіміз халықаралық, ал Жәкеңдер жұмсақ вагонға орналасқан болатын. Тамақ ішкен соң-ақ бәріміз Жәкеңнің қасына жетіп барамыз, өйткені ән мен өлең де әзіл мен қалжың да әрқашан қарт ақынның қасында екенін білеміз.

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна» дейтін қазақ емеспіз бе, қартты жан-жақтан қаумалап алуан түрлі сұрақтар қоямыз.

— Қалай, тоқал аласыз ба? Мәскеуден келген соң алып береміз, — деп те әзілдедік. Әзіл сөзден Жәкең сасқан ба, өлендетіп қоя берді.

Кыз түгіл, енді бізге кемпір қайда?

Текке қарап жүргеннің өзі пайда.

Аршын төс, алма мойын, ақша бетті

Алқымдап жатушы едік терең сайда, —

деп салды. Сәл дөрекілеу айтылғандығын лезде құрас-

тырғандығы елетпей жіберді, ер-әйел болып бәріміз күлдік.

Біздің поезд Куйбышевтен өткенде «Правда» газетінің жаңа саны қолымызға тиді, онда Жәкеңнің әйгілі «Туған елім» атты өлеңі басылыпты. Қарттың өзі де, біздер де сапарымыздың сәтті боларын сезгендей қуандық. Сол өлеңі арқылы Мәскеу халқына Жамбыл бәрімізден бұрын танысып үлгерді. Кейін Москва жұртшылығының: «Жамбыл қайда? Жамбылды көрсетші!»— деп іздеп қарсы алғандығына сол өлеңнің «Правдада» басылуы себеп болды. Жәкеңнің Жәкең екенін біз де осы сапарда білдік...

НҰРТАС ОНДАСЫНОВ

АСҚАР ТАУДАЙ АЛЫБЫМ

Жамбыл 1936 жылы 90 жасында қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатынасушылар құрамында бірінші рет Москваға барды. Ол алдымен В. И. Лениннің Мавзолейіне тағзым етті, көсемге шын жүректен сәлемін жолдады. Астананы қызыға аралады, бұрын есіткен оның тарихи жерлерін көзімен көріп, естен кетпес ләззатқа бөленді, дүниетанымы тереңдеп, көңілге көп нәрселер түйді.

Шілдеде Алатаудың ұшар басында қатып жатқан мұзды еріткендей шат-шадыман жаңа әсерлер Жәкеңнің ішкі сезімін байтақ даладай кеңейтті, ол алып бұлақтың тасқын суындай өлеңдерін селдетті. Оның шығармалары бірінен соң бірі баспа беттерінде жарияланып, радиомен беріліп жатты. Сыншыл да әділ жұртшылық ақынның Гималайдың шыңындай биік дарынын сүйсіне мойындады. Осылай Жәкеңнің қадірлі есімі алғаш рет Одаққа, қала берді әлемге танылды. Сөйтіп, Жәкеңнің бұл сапары оң болып, үкімет наградасы төсінде күндей жарқырап, үлкен абыроймен туған еліне оралды.

1938 жылдың июнь айында жаңа Конституция бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы өтті. Оның бірінші сессиясын ең қарт депутат Жамбыл ашты. Сессияда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председательдігіне Әбдісәмет Қазақбаев сайлан-

ды, мен Қазақ ССР Халық Комиссары Советінің Председателі болып тағайындалдым.

Қадірлі қария ертеңіне келіп біздерді құттықтап, бағасын берді.

СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1938 жылдың ноябрінде қазақ поэзиясының алыбын қонаққа шақырды. Мен ол кезде Москвада едім, Жәкеңді қарсы алуға Қазан вокзалына келдік.

Қалай білгені белгісіз, халық толып кетіпті. Қарт ақынның вагоннан түсуі мұң екен, жиылған көпшілік: «Хош келуіңізбен!», «Ұлы Жамбыл жасай берсін» деп қолдарын созып, гүлдерін ұсынған жұрт шат-шадыманға бөленіп, алаң кенет ойламаған салтанатқа айналып кетті.

Жәкең «Националь» мейманханасына орналасты. Оған сәлем беруге күні-түні шұбырған адам.

Мен күн сайын кешке барып Жәкеңнің халін біліп тұрдым. Бір күні келсем, оның номері толған шет елдік адамдар. Олар қоштасып шыққанша дәлізге үлкен топ пионерлер жиналып қалыпты. Олар да қабылданды.

Бір күні Орталық радионың қызметкерлері келіп ақынның даусын пленкаға жазып алуға көмектесуді өтінді. Ол кезде пленканы қиып жөндеу әдісі жоқ болатын. Сондықтан қапелімде пленкаға керексіз сөз түсіп кетпесін деген мақсатпен мен столда жатқан Жәкеңнің кітаптарын қарап шығып, бір әдемі шумақты тауып алып: «Жәке, сіздің мына бір өлеңіңіз жұртқа аса ұнайтынын білеміз, соны тағы да өзіңіздің орындауыңызда тыңдағымыз келеді»— деп өтінішімді білдірдім. Оның түрі бұзылып: «Иә, сендер енді Жамбыл болдырған, оның өнері таусылды деп ойлайсындар. Жамбыл бір айтқанын екінші рет қайталамайды»,— деп бізбен әрі қарай сөйлеспей қойды. Мен дыбыс жазушыларға: «Аспаптарың құрулы тұра берсін. Ақын қалыбына ертелікеш бір келеді,— дедім.

Ертеңіне келіп едім, маған жабырқап қана қолының ұшын берді. Екінші күні күлімсіреп амандасты. Байқаймын Жәкеңнің көңілі әжептәуір жадырап қалыпты. Сеннің жүре бастағаны анық сезілді. Ол домбырасына қосылып жырлап жіберді. Сөйтіп, ақыры көпшілік біле бермейтін Жәкеңнің дауысы пленкаға түсті. Ол қымбат дүние радионың «Алтын қор» аталатын қазынасында ұқыпты сақтаулы. Осы сәттердің үстінде ақынның өткен өмірі көз алдыма елестей берді. Сонау 1913 жылы Романовтар әулетінің 300 жылдығына арналған Жетісу

ақындарының жиыны еске түсті. Олардың кейбірі жанын салып патшаны, оның өкіметін мақтап жатқанда, қалың топтың арасында өскен алып емендей Жамбыл қорқып-саспай патшаны айыптап шықты. Қандай ерлік!

1938 жылдың 2 ноябрінде СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Михаил Иванович Калинин Жәкеңді аса жылы пейілмен қабылдап, оған Ленин орденін тапсырды. Бұдан үш күн өткен соң, Колонна залында үлкен әдеби кеш өтті. Онда Жамбылдың творчествосы туралы Леонид Соболев баяндама жасады. Ақынның адресіне бағышталған қаншама жылы сөздер айтылды, жұпар гүлдер ұсынылды, Ә. Лахути, М. Исаковский және басқа да белгілі ақындар шабытты өлеңдерін оқып берді.

Соғыс жылдарында, ленинградтықтар үшін ең қиын уақытта, қазақ халқы оларға бірінші болып туыстық қолдарын ұсынды, Ленин қаласына төнген қауіп-қатерге, зор қайғыны шын ағайынша бөлісуді өзінің қасиетті парызы деп санаған.

Ленинград қорғаушыларына тез көмектесу науқаны басталып кетті. Бұл ізгі іске қатыспаған адам қалған жоқ десек — шындықтың шындығы. Қысқа мерзім ішінде 140 вагон тарту жиналды. Атқарылған істің қорытындысы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросы, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы, Қазақстан Халық Комиссарлары Советінің біріккен мәжілісінде қаралды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының сол кездегі Председателі Ә. Қазақбаев басқарған делегация құрамы бекітілді. Халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға, қасиетті Ленин қаласын қорғаушы қаһармандарына арналған үндеу өлеңін жолдаса мақұл болар еді,— деген ұйғарымға келді. Бұны ұйымдастыру Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюро мүшесі және сол ұсыныстың авторы маған жүктелді.

Біз Әбділда Тәжібаев басқарған бір топ ақынмен ерте-азанда Жәкеңнің аулына келдік. Ақын атпен серуендеп жүр екен. Ол бізді қуана қарсы алды. Біз дастарқан басында келген мақсатымыздың себебін айтып бердік. Жәкең ел тарихын жақсы білетін. Солай бола тұрса да үзілістер арасында Ленинград тарихына қысқа-қысқа шолулар жасалды. Ақындардың дана да дүлдүл атасы «Ленинградтық өрендерім» деген өзінің атакты үндеу өлеңін зор өрлеу шабыт үстінде жырлап берді. Өлеңді әйгілі орыс ақындары аударды.

Тоқсан бес жастағы халық поэзиясының алыбы Жәкеңнің өлеңі газеттерде басылды, үлкен әріптермен теріліп және автордың суретімен көркем плакат болып Ленинградта баспадан шықты. Оның тексі үздіксіз радиомен беріліп тұрды. Оны оқығандардың, тындағандардың жандарына жаққаны, жүректеріне жол тапқаны соншалық, көзіне жас алмаған адам қалған жоқ.

Жәкең — үлкен дарын иесі, батыл, орақ тілді ақын, халық қамқоршысы. Ол патшаны, төрелерді, бай-манаптарды би-болыстарды, надан ишан-молдаларды өзінің шебер де көркем, өткір сөздерімен әшкерелей, түйрей білді.

Жәкең ұзақ ғұмырында өмірдің ащы-тұщысын мол татқан халық университетінен өткен жан. Ол туған халқы және көршілес елдердің бай ауыз әдебиетінен: «Алпамыс», «Қобланды», «Шахнама», «Манас», «Көрұлы», «Мың бір түн», «Фархад — Шырын», «Қыз Жібек», «Жүсіп — Зылиха», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Айман — Шолпан» сияқты жазба дастандарынан, ұрпақтан ұрпаққа жеткен ақын-жыраулардың маржан мұраларынан, жаңа заманның әдеби үлгілерінен сусындаған.

Жәкең өзі ғана үйреніп қойған жоқ. Ол замандастары үшін үлгі болды, оның айналасына Кенен Әзірбаев сияқты дарынды ақындар жиналды. Олар Жәкеңнің дарындылығын мойындады, одан тәлім алды, оны ұстаз тұтты. Нұрпейіс Байғаниннің «Жамбылша жыр нөсерін төгемін», — деуі, осы айтылғанның шындығының айғағы.

Ұлы ақын Жамбыл Жабаев елінің рухани сарқылмас қазынасына, ұрпағына асыл мұра қалдырды. Ол, міне, өз халқымен 140 жыл өмір сүріп, дүлдүл ата қалпымен поэзия көшін бастап келеді. Уақыт өткен сайын ол мұраның бағасы шексіз арта түседі.

СЕЙІТЖАН ОМАРОВ

ҰМЫТЫЛМАС СӘТТЕР

I

Отыз жетінші жыл Жамбыл өмірінің естен кетпейтін ғажайып кезеңі еді. Алып ақынның атағы бүкіл планетаға мәшһүр болып, әлем аспанында еркін шарықта-

ған шағы. Ақындық өнерінің 75 жылдық той-думанын барша елімізде жалпы халықтық ұлы мереке етіп өткізуге әзірленіп жатқан кез.

Ол кезде жанның бәрі Жамбылға ғашық еді. Өлең-жырдың асқарлы тауына тағзым етіп, даусын естуге шартараптан ала жаздай ағылып келіп қайтқан адамдар қаншама?

Үлкені бар, кішісі бар Жамбылға арнап өлең шығармаған ақын қалған жоқ. Солардың бәрін бірдей газет-журналдарда жариялау тіпті мүмкін емес еді. Мен ол кезде «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшы болып істейтінмін. Осы газеттің бір өзіне ғана сол жазда Жамбылға арналған мыннан астам өлең-жыр түскені әлі есімде. Ақындықтың ауылынан бірте-бірте қашықтап, қара сөзге қарай ойысқан мен де өз әлімше Жамбылға арнап өлең жаздым. Соның бір шумағын келтіре кетейін:

Жамбыл қайта жасарды жаңа өмірде,
Алтын дәурен тойында алды жүлде,
Ғасырлар асқарынан асып өтіп,
Мәңгі бақи жасайды елмен бірге...

Мұның өзі қуанышты көңілдің ыстық лебізі еді. Бұл өлең бұдан бұрын ең аяғы қабырға газетінде де жарық көрген жоқ. Енді міне, арада отыз үш жыл өткенде сол бір қарапайым өлеңнің жалғыз шумағы Жамбыл жайындағы естеліктің кәдесіне жараса, ол да маған ғанибет.

Орайы келгенде ілгерілеп барып, мынадай бір елеулі жәйтті айта кетейін. Әсіресе отыз сегізінші жылы Жамбылдың жетпіс бес жылдық тойында «Әдебиет және искусство» журналына жергілікті ақындардан, астана ақындарынан түскен өлеңдерді пайымдап қарап отырсаңыз ақындардың дені Жамбылға еліктеп жазды. Қалай дегенмен, соншама көп өлеңдердің арасынан Жамбыл өлеңдерінің деңгейіне жетпек түгіл, шаңына ерген бір өлең көрген емеспіз. Осы орайда көрнекті орыс жазушысы, қазақ әдебиетінің шоң досы Леонид Соболевтің керемет пікірі есімнен кетпейді. Ол кісі Қазақстан жазушыларының отыз тоғызыншы жылы жазда өткен екінші съезінде ұзақ сөз сөйлегенді. Құрметті мейманымыздың осы сөзін тәржімәлап, «Социалистік Қазақстан» газетіне жариялау менің үлесіме тиген. Сонда Леонид Сергеевич қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің өзара байланысын, достық қарым-қатынасын жан-жақты сипаттай келіп, енді бір сәт Жамбылдың

ақындық өнеріне аялдаған. Күн астында, жер бетінде қазақ деген бақытты халық бар екенін, оның нешеме ғасырлардан бері өмір сүріп келе жатқан, совет заманында еркін қанат жайып, қарыштап өскен бай халық поэзиясын Жамбыл арқылы барша әлем танығанын аса бір тасқынды қуаныш сезімімен баяндап берген. «Жамбыл поэзиясы көркем сөздің шырқау биік шыңына айналды,— деген Л. С. Соболев,— бір ғажабы біздің ұланбайтақ елімізде Жамбылға еліктеуші ақындар қисапсыз көбейді. Поэзия алыбының бір ғана «Туған елім» атты тамаша өлеңіне еліктеп жазылған мындаған өлеңдер туды. Байыптап қарасаңыз, мұның өзі ақынның ұлылығын танытатын, оның ғажап дарынына ден қойғызып, бас игізген заңды жәйт. Ал бірақ түптеп келгенде әлгі өлеңдердің бірде-біреуі Жамбыл өлеңдерінің дәрежесіне жетпегені былай тұрсын, солардың көлеңкесі болуға да арзымайды. Неге десеңіз, ұлылық егіз тумайды, ұлы құбылыс қайталанбайды».

Ғажап пікір! Ой жүгіртіп, қиял толғап қарасақ, мұның өзі тұтастай көркемөнер аталатын рухани дүниенің тұңғық терең сыры болса керек. Әлемде талай керемет сұлу биік таулар бар. Солардың әрқайсысының мәңгілік мұз жамылған, жотасын күн сүйген шырқау шындары, құз-жартастары, миуалы бау-бақшалары, асау өзендері, қысаң шатқалдары,— әйтеуір не керек, әр елде табиғаттың өзі әдейі мүсіндеп соққан бар-барша болмыс, қасиеттері бір-біріне тіпті ұқсас емес. Әлемде жалқы жаратылған жалғыз ғана Алатау бар. Ол өзіне ғана тән ерекше асыл қасиеттерімен, қайталанбас көркем сипатымен жеке-дара. Ендеше, біздің Жамбыл да поэзия әлемінің оқшау біткен Алатауы.

Екінші съездің құрметті төрінде Жамбыл да отырған. Леонид Соболев сөзінің мазмұнын ақын Әбділда Тәжібаев түсіндіріп бергенде Жәкең күлімдеп орнынан көтерілді. Кәрі көзінде қуаныш ұшқыны жалтылдап, әжім жүзі нұр жайнап, оң жағындағы Леонид Соболевті қапсыра құшақтап алды да, маңдайынан сүйді. «Сені тапқан орыс халқына рақмет, өркенің өссін, бауырым!»— деді.

2

Отыз алтыншы жылдан былай қарай мен Жамбылды жиі-жиі көріп жүрдім. Оны анда-санда Жазушылар одағына келген сәттерінде, үлкен жиындарда көбірек

көретінбіз. Ал бірақ Жазушылар одағында арагідік болғанында сәлем беріп, есендік айтысып қалғанымыз болмаса, сұхбаттасып, әңгіме дүкеніне араласуға біз секілді жас әдебиетшілердің қолы жете бермейтін.

Жамбыл кей-кейде, аса бір көңіл күйі тасыған сәттерінде Одақ бастығының кабинетінде, өзін айнала қоршаған қошаметшіл жігіттердің ортасында домбыра шертіп, әндетіп шалқып кететұғын. Мұндай кездерде көбінесе айтатыны Жетісудың Сүйімбай сынды майталман ақындарының өлең-жырлары. Осындай шақтарда Жамбыл тау өзеніндей тасып, мұзбалақ қырандай қиянқияға шарықтап кетер еді. Жәкең ешқашан да өзін елден асып туған ерен ақынмын деп санамайтын. «Менің сарқылмас нәр алып, мейірім қана сусындаған бастау-бұлағым өзімнен бұрын өткен атақты ақын-жыраулар, ақындық пірім Сүйімбай» деген пікірді Жәкеңнің өз аузынан талай естігенбіз.

Мен белгілі ақын Саяділ Керімбековпен өле-өлгенінше дос болдым. Ол кісі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетті ұштастырған, қандай тақырыпқа жазса да қаламын еркін сілтейтін саңлақ ақын еді. Саяділ қазақ әдебиетіне сүбелі үлес болып қосылған талай-талай дастандар мен өлең-жырлар жазды. Саяділ ешуақытта асып-тасуды білмейтін, атақ-даңққа мастанбайтын. Мақтай бастасаң ұялып қалатын. «Мені несіне айта бересіңдер, Жамбылдың тобығынан да келмейтін күйкі ақын емеспін бе», деген еді бірде. Жәкең айтып еді, Жәкең солай деп еді деп ұлы ағасын әрқашан да дәріптеп отыратын. Жамбылмен бір оңашада кездесіп қалғанымызда бұрынғы өткен ақындар мен бүгінгі Жамбылдың шәкірттері атанып жүрген ақындар туралы сөз қозғалды дейді Саяділ. Сонда бір сөздің ретінде Жамбыл: «Арғы-бергі ақындардың оң жамбасыма тура келгендерін өлең-жыр сайысында түгел жықтым. Ал енді, осы күнге шейін жығу түгіл, белдесуге де шалдырмай келе жатқан бір палуан ақын бар ғой, сендер оны білесіңдер ме?»— депті. Саяділдер бұл сұраққа бірден жауап бере алмай тосылыңқырап қалса керек. Сонда Жамбыл күліп: «Соны да білмей отырсыңдар ма? Палуан ақын дегенім Сүйімбай емес пе?»— депті.

Сол мәжілісте Үмбетәлі ақын Жартыбай ақынмен өлеңмен қағысып қалыпты. Жартыбай Үмбетәлінің ширегіне келсін бе, айналымға келмей жеңіліпті. Сол мезетте Саяділ отырып: «Уа, Жәке! Осы Жартыбайдың өленде несі бар, жөні түзу екі ауыз сөз құрап айта ал-

майды, қой деп неге айтпайсыз»,— деген екен. Жамбыл Жартыбайға бір, Саяділге бір күле қарап қойыпты да: «Жартыбайда нелерің бар. Бәріміз бірдей данышпан болсақ, өлең шіркіннің қызығы да болмас еді. Арамызда сөзді бүлдіріп, елді күлдіріп жүретін Жартыбайдай бір жартыкеш ақынның болғаны да теріс емес»,— депті.

Саяділ марқұм Жәкен жайындағы небір қызық әңгімелерді көп білетін. Әттен, не керек, одан кезінде жазылып алынбай, шежіреге қатталмай, тәркі дүние есебінде ескерусіз кете барды. Ең болмағанда бала жасынан бермен қарай Жамбылдың көзінен таса болмаған, өмір бойы қасында жүрген, күні кеше дүние салған Үмбетәлі ақынның естеліктері де көкірегінде кетті.

Жамбылға көп жыл көмекші болып, қасына ерген белгілі ақын Қалмақан Әбдіқадыров еді. Ол да екі кісі бас қосса Жәкен жайынан алуан түрлі қызық әңгімелер айтып отыратын. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей, Қалмақанның Жәкенге байланысты деректерін көбінесе күнделікті әзіл-қалжыңға сайып, ескермеген екенбіз.

Қалмақан марқұмның жиған-терген архив дүниеліктерін ақтарса, Жамбылға байланысты небір қызықты да құнды деректер табылар еді деп ойлаймын.

3

Жамбылмен етене жақын жүрмегендіктен, оның өмір-тірлігіне, ақындық шалқар дүниесіне іштей араласпағандықтан, көңілде жүрген көпке мәлім сан-сапалақ естеліктер қиюын таппай, қисыны келмей өз жайына қала берді. Қыруар естеліктердің ортасынан бірді-екілі маңыздылары ғана тілге оралды.

Мен көзі тірісінде Жамбылдың үйінде небәрі екі-ақ рет болдым. Біріншісі — отыз жетінші жылдың жазында «Литературная газетаның» тілшілерімен бірге баруым. Бұл сапарда москвалық әріптестеріме тілмаштық етіп, Жамбылмен екі арасына дәнекер болған едім. Сондықтан да болар, бұл сапардан дәл бүгін қопайтып айта қоятындай елеулі деректер есімде қалмапты.

Енді елеулі бір кездесу жайынан сыр шертейін. Отыз жетінші жылдың күзі кетіп, қыс басталған. Жазушылар одағының сол кездегі жауапты хатшысы Мұхамеджан Қаратаев бастаған бір топ ақын-жазушылар астанадан Жамбыл ауылына жол шектік. Сылтауымыз — Жәкенге сәлем беріп, хал-жағдайын білу, жаңа

жырларын қағаз бетіне түсіру. Түптеп келгенде, мақсатымыз — жыр алыбының үйінде қонақ болып, үлгілі сөздерін естіп, өнерпаздарымыз домбыра шертіп, ән шырқап дегендей, сайрандап қайту. Солардың ішінде Асқар, Тайыр, Жақан, Әбділда, Қалмақан, Қасым, Дихан, Ғабдол, Иван Шухов, Павел Кузнецов, Саяділдер бар еді.

Алатауды бөктерлеп зулатып келеміз. Күн суық. Тау шатқалынан ұйтқи соққан жел ызғары бетімізді шарпиды. Қалай дегенмен де тоңғанымызды сезбейміз. Жамбылға еліктіріп әкеле жатқан тасқынды қуаныш жылуы бізді тіпті тоңдыратын емес. Қайта, қырбық қар жамылған даланы күмбірлетіп ән саламыз, әзілдесіп, қалжындасып, қыран-топан күлкіге батамыз.

Жүк машинасы қорабының артқы жағында төрт аяғы буылған қоңыр бағлан домалап жатыр. Қант-шай толы жәшігіміз және бар. Жазушылар одағынан Жәкеңе апара жатқан сый-сауқатымыз.

Қоңыр бағлан дамылсыз тыпырлайды. «Аясаңдаршы, аяғымды босатсаңдаршы»,— дегендей ішін тарта маңырайды. Бағлан қақсай берген соң Қасым оған тура қарап қойып, өлеңдете бастады.

— Уа, бағаным, бағаным,
Неге осынша зарладың,
Бәрібір бүгін өлесің,
Жазмышқа сірә көнесің.

Біз ду күлдік. Қасым бағланның маңдайынан сипап, мұрнын қысып қойды.

Әзіл-қалжыңмен, әнмен жол қысқартып, Жамбыл аулына келіп те қалдық. Ауылдың ортасындағы еңселі ақ шаңқан үйге тоқтап, машинадан ошарылып түсіп жатырмыз. Жеңіл машинамен бізден әлдеқашан ілгері кеткен Мұхамеджан, Шухов, Кузнецовтар шай ішіп те үлгеріпті. Жүздері жайнап, терлеп-тепшіп рақатқа батып отыр екен.

Бізді тыста Сатыш пен Тезекбай қарсы алған.

— Бір топ жазушы келе жатыр дегенге алыс жерден келгендер екен ғой десем, өзіміздің жігіттер ғой,— деп, Сатыш бізді қомсынғандай сынай көрсетіп еді. Тайыр оған әзіл тастады:

— Немене, біз адам емеспіз бе? О несі-ай, мынаның. Қарашы, мұның көкуін,— деді.

— Сатыш ағам айта береді, қош келіпсіңдер, үйге

кіріндер,— деп Тезекбай бізді қошаметтеп үйге бастай берді.

Жәкең өзінің жатын бөлмесінде, төсекте қисайып жатыр екен. Оған бізді Сатыш бастап апарды.

— Тәте, басыңды көтер! Қаратаевпен бірге келген жазушылар саған сәлем береміз дейді.

— Мақұл, кірсін!— деген Жәкеңнің даусы шықты ішкі жақтан.

Сол-ақ екен, біздер саптағы солдаттардай бір-бірден тізіліп бөлмеге кіре бастадық. Жәкеңмен қолдасып есендестік. Көңіл күйі жақсы екен. Бізді жылы шыраймен қарсы алып, ілтипат білдірді.

— Қадамдарына гүл бітсін, балалар! Сендер мені сыйласаңдар, сендерді ел-халықтарың сыйласын,— деді.

Біз Жәкеңе ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейтінімізді білдіріп мәз боп тұрғанымызда Сатыш сөзге араласты:

— Жазушылар саған арнап бір семіз бағлан әкепті, бір жәшік қант-шәйі және бар,— деп еді, Жәкең аса ризалық білдірген сыңаймен күлімдей сөйледі.

— Өркендерің өссін! Әй, Сатыш! Сен бұларды өздері әкелген тамақпен алдама, өзіміздің семіз қойдың біреуін сой, олардың әкелген қойын кейін маған сойып берерсің,— деп тұжырымды әмір берді.

Шай ішіп, бой жылытқан соң Жәкеңді ортаға алып, әңгіме дүкенін құрдық. Әңгіме тақырыбы сан алуан. Жәкең аз сөйлеп, көп тыңдайды. Қиыс айтылған, қиынсыз кеткен бір сөзі жоқ.

Бір мезет шалқып кетті. Тоқсанға келгенде осынша қадірлеп, атағын әлемге таратқан партияға, халыққа деген ризалық сезімін білдіріп, ара-арасында жырлап кетіп отырды. «Есекке мініп ел аралап, атағы Алатаудан аспаған ақын Жамбылың Мәскеуге де барып қайтты, омырауына орден тақты. Енді менің не арманым бар»,— деді сөз арасында. «Құрғақ әңгіме таусылмайды, сонша жерден маған әдейілеп келген екенсіңдер, енді, жігіттер, домбыра шертіндер, ән шырқаңдар, күнде мұндай қызық табыла бермес»,— деп көпшілікке салмақ тастады.

Әнді Тайыр бастады. Ол сахнаға шыққан атақты әншідей қанаттанып, аса бір өршіл шабытпен орнынан ұшып тұрды да, бірден шырқап кетті. Жәкеңнің сүйікті әні «Әпсер барсаң, әпсер бар» әнін асқақтата салғанда біз оны көтермелеп жібердік. «Тағы да айт, Тайыр, тағы да!»— деп Жәкең де сүйсініп жатыр.

Тайыр барған сайын қызынып, түйдегімен төрт ән айтты.

Иван Шухов пен Павел Кузнецов та орыс әндерінің бірнешеуін айтып тастады. Жайшылықта топ алдында әу деп аузын ашпайтын Жақан да татардың халық әндерін айтып, отырған жұртты бір кенелтті.

Ән кезегі Қасымға келгенде, ол тоят тілеген қырандай қомданып, үкілі домбыраны қолға алды. Домбыраны сұңқылдата шертіп, Мәдидің «Қаракесегінен» бастап, бес-алты ән айтып берді.

— Өнерлі бала екенсің, шырағым! Кәрі құлағымның құрышын бір қандырдың, айналайын!— деді сүйсінген Жәкең.

— Сізге арнаған бір өлеңім бар еді, Жәке, рұқсат болса, соны айтып берейін,— деді мақтау алып, рухы көтерілген Қасым.

Отырған жұрт шартылдатып қол соқты. Жәкең де ыңғай білдірді. Қасым орнынан ширақ көтеріліп сайрай жөнелді:

Уә, Жәке, енді бізде бар ма арман,
Өмірдің ансағаны орындалған,
Кел, Жәке, сіз бастаныз, біз қостайық,
Даусымыз кетсін асып ғасырлардан.

Дәл кеше сіз жүргенде зар еңіреп,
Мен сізді ойлап па едім көремін деп.
Жалғыз-ақ түнді жарған зарлы даусың,
Алыстан естілуші ед талықсып кеп...

— Көп жаса, балам! Ақындық өнерің Алатаудай биіктей берсін,— деді Жәкең жайраңдап.

Ән қайта басталды. Дихан Жаяу Мұсаны, Ғабдол Мұхитты сөйлетті. Тіпті әнге шорқақ мен де делебем қозып, Атбасардың жайма-шуақ, жайқоныр термелерін айтып бердім.

Араға екі-үш ән салып, өнер базары қыза түскенде Жәкеңе арнаған өлеңін айту кезегін Асқар ақын алып еді.

— Атың Асқар болғанда сен де төбешік ақын болмасаң керек, ал кәні бір сайрап берші, бұлбұлым,— деп Жәкең оны көтермелеп жіберді.

Сары кісінің аса қуанғанда нарттай қызарғанын көргенім осы. Асқар әуел баста булығыңқырап барып, сәлден кейін қоңыр даусымен сызылта жөнелді.

Өткен күн сен сөйлесең жыл сөйлейді,
Жүз жылдың артындағы күн сөйлейді,

Жадыраған жаз күндей Жамбыл ғасыр,
Сенімен халық өмірі бір сөйлейді.

Сайра ақын — халық ақыны, ақын Жамбыл
Бау-бақша ортасында жайнаған гүл,
Келтірмей тоқсан жасты тобығыннан,
Советтің дәуірінде сайра, бұлбұл.

— Ақындардың сізге арнаған өлеңдерін жинасақ қалыңдығы бес елі кітап болар еді,— деді Мұхамеджан,— ондай өлең осында отырған ақындардың бәрінде де бар. Енді өлеңді осымен тындырайық та, өзіңізді сөйлетейік.

— Мақұл, солай болсын,— деді Жәкең,— мана өздерің келгеннен бері осыларға қандай жыр сыйласам екен деп толғанып отыр едім. «Қайта келген жиырма бес» деген өлең туды. Соны айтып берейін.

Жұрт қол соқты. Жәкең домбырасын тыңқылдата шертіп отырып, қарлыққан қатқыл даусын кенеп алып, сайрап қоя берді. Қарындашын жалақтатып, қойын дәптерін сайлап отырған Тайыр өлеңнің бір сөзін де қалт еткізбей табанда жазып алды.

— Осы өлеңнің жолма-жол аудармасын қазір жасап бере ғой, мен бүгін орысшаға аударып, ертең газетке жариялатайын,— деп Павел Кузнецов Тайырға қолқа салды.

— Қоя тұр, Паша, ең әуелі қазақшасы газетке шықсын, Алматыға барған соң өзім реттеп берейін,— деді Тайыр.

Сапарымыз сәтті болды. Жәкеннің қонақасын жеп, қош айтыстық. Дүрілдетіп астанаға қайттық. Сол сапардан оралысымен ертеңіне «Жамбылмен кездесу» атты суреттеме жаздым да, «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияладым.

Жамбылдың біз барғанда туған «Қайта келген жиырма бес» өлеңі сан тілдерге аударылып, бүкіл әлемді шарлап кетті.

ЖЫР ДҮЛДІЛІ

...Дөңнен төмен ылдида қырман бар екен; соған біраз адам жиналыпты.

Бидай ұшырып жатыр білем. Барайық,— деді Толқын.

— Мақұл...

Ағаш күректер желге қырын сілтеніп, бидай меруерттерін жаңа батып бара жатқан күн сәулесінің соңғы шапағына шомылдырып түсіріп жатқаны сезімді қытықтайды. Қарай түскің келеді. Екі-үш арбада бидай толы қапшықтар тиеліп үлгеріліпті.

— Ал, тарт!

— Шүү де.

— Қимылдаңдар, қас қарайып кетеді.

— Иә, ертеңге қалдырғанымыз ұят та!

Қырманның батыс бетінде отырған — омырауына түскен сақалы алқалы тізгін ақ күмістей төгілген орта бойлы, келте танау ірі қарт шаңқ ете қалды:

Бүгінгі ертеңге,
Қалдыру деген немене?
Әуес болмай селтенге,
Беріндер көпке өнеге!—

дейді.

— Бұл кім?— дедім қасымдағы Толқынға.

— Тәтем!

— «Тәте» дегенің кім?

— Жамбыл.

Жәкең әлгіні айтты да, орнынан тұрып, бидай қауыз ұшқындары басқан «ақ үкі» үстіне, қанатына тұрған қырауын дәл ұшарында сілкінген кәрі бүркітше сілкініп жіберді де, қырманның сырт жағында байлаулы тұрған, ерінің артқы қасына кестесі көне қоржын бөктерілген көк есекке қарай беттей беріп еді.

«Тәте!» деп бір-екі жігіт артынан еріп, есегіне қолтықтап мінгізді. Жәкең есегін тебініп қырман басына төніп кеп, жігіттерге:

Келмеспін, енді келмеспін,
Келсем маза бермеспін.
Бітіріндер! Бұл не, бұл?
Мазак болмай маңайға.
Әуп!— деп көп нар күш қосса,

Жүк қалған ба жолында,
Бітіріндер қалайда!—

деп кетті.

— Бітіреміз, Тәте! Бітіреміз!

Жәкең үйі осы қыстақта, дөңнің нақ басындағы ескі қоныр кірпіш үй екен.

Біз де үйге беттедік. Жолда Толқын қарияның жайын айтып келеді.

— Біздің Жетісудың атақты ақыны Жамбыл осы қария!

Қырғыз-қазақта оны жеңген ақын болған емес. Құл-ланаян Құлмамбетті де, атақты Айкүмісті де жеңген. Сенің Арқанның Шашубай ақынымен де айтысыпты. Қазір жасы тоқсанда.

Ал батырлар хикаясын толғап бергенде түнді күнге, күнді түнге қосады. Өле тыңдайсың! Ежірейме, ол шын!

Толқын сөзіне мән бермейтін әдетіме бағып, «солай ма?»— дедім де қоя салдым. Үйге келдік. Ақ жеңгенің құрметі, мінез-ажары ішпей-жемей тойғызады. Мені бір туған інісіндей іш тарта ілтисат етеді.

Біраздан соң күйеуі келді. Еңселі, ер мінезді жігіт екен. Ақ жеңгейдің ықыласын үстей түсті. Қой алдырып сойып тастады. Дастарқанды қайта-қайта толықтыртты. Ауыл жастарын, достарын жидырып, үлкен бір «тойлы кешке» айналдырып жіберді.

— Қойлыеке, мана қырман басында тоқсандағы ақынды көріп едім. Мына Толқын інізіз сол кісіні өлгенше мақтады, Абай айтқандай:

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы»,— деп, менің де сондай бірқақпайым бар еді,— дей беріп едім, Қойлыекең ар жағын айттырмады.

— Қазір! Қазір!— деді де, нажағайдай шапшаң жарқ етіп, орнынан атып тұрды. Ол шығып бара жатқанда жеңгей:

— Кенжем біледі ғой, Диханға Тәтемнің жырларын тыңдатпасақ... Қалай риза етеміз? Жайлап алып кел Тәтемді. Үлкен қонағым өзі. Көптен біздікінде болған жоқ қой Тәтем... Бас, жамбас, әлгі өзі жақсы көретін мипалауын, бәрін әзір етеміз. Шамдандырып алма. Жайлап шақырып алып кел!— деді.

Сөйтіп, менің Жәкеңмен алғашқы кездесуім де, танысуым да, тануым да сол күнгі кештен басталған еді. Бұл 1935 жылдың январь айының басы болатын.

Сонда, сол кеште үйдің шағын төрі, Жәкең келіп

отырысымен бүкіл бір ғасыр төрлегендей, өзінен-өзі келіп сала берген тәрізді болды.

— Ақ келінімнің адамшылығы үшін келдім және мына алыс туыс қонақ бала бар дегенсін!— деді Жәкең бір сөздің ретінде.

Дауысы шаңқ етіп шығып, баяулап отырады екен.

Шай дастарқаны жиыла бергенде шынтағына тас-талған қос жастықты жауырынына қарай ығыстырып тіктеп, арқасын соған сүйеп алды да:

— Арқа жақтанмын де... Ым... Сонау бір жылдары Балуан осы елге кеп еді...

Көтердім елу бір пұт кірдің тасын...
Сындырдым Күрең балуан кабырғасын...
Жас қыз бен келіншекке мазасызбын,
Бар мінім бойымдағы, міне, сол-ақ.

— Міне, азамат!— деп Жәкең сәл езу тартты. Өзінің де жігіт шақтарын есіне түсірген бейнеде, бірде түйіліп, бірде күлімсіреп отырып қалған еді.

— Тәте, қонақ балаңыз бар, бәріміз бар жыр дәме етіп отырмыз өзіңізден.

Қария қабағы селт етіп, көзін шымылдықтаған бозғылт кірпігі сілкініп қалған болды да:

— Ә, Ә... Уау, не дейсіндер? Не деп отырсындар?! Не деп отырсын, Қойлыбай?— деді.

Қойлыбай жым болды. Жақтырмай қалды ма деп ойлады-ау деймін. Сол сәтте жеңгей биязы үнімен:

— «Дария келгенде шөліркегеніміз қалай болды» деп отырғаны ғой інііздің!— деді.

— Е, бәсе солай де! Солай демейсің бе?— деп Жәкең жадырап сала берді. Сыры кетсе де сыны кетпеген қасықтай қара домбырасына қол созды. «Я, сәт!» дестік. Жәкең шаңқ еткен кәрі үнімен:

Олай болса, балалар,
Ал тындаңдар, тындаңдар,
Халқының шерткен арманын.
Жамбылда қандай жырлар бар,
Кәне, қайсын айт дейсің?

- Өтеген батырды!..
- Саурық батырды!..
- Сұраншы батырды!..
- Иә, Сұраншы батыр! Тәтемнің өз жыры.
- Иә, «Сұраншы» тұрғанда өзгені қайтеміз.
- Сұраншы!
- Сұраншы!

Жәкең домбыраны көп күйлеп отырмайды екен. Кәрі саусақтарымен қос ішекті біреп қағып жіберіп:

Ақ домбыра қолға алып,
Ай мен апта толғанып,
Өзен күйған теңіздей,
Жырдың селі тасқындап,
Ақ семсердей жалтылдап,
Шағылысқан күн шалып...—

деп толғай бастағанда-ақ көкірегінің шаңын жыр дауылымен сілкінгендей сергектей берді. Құп-қу бозғылт өңі көкке аунаған бурылдай қунақшып шыға келді.

Мана қырман басында көргенімде, жасы әбден жеткендіктен қаусап қалған қартты бұлайша жыр толғайды деп ойлаған жоқ едім. Сондықтан да, жана мына отырғандардың «жыр толғаңыз, тәте!»— деп қолқалауларын орынсыз көрген едім де:

— Ей, ағайын, қойыңдар, қарияны қинап қайтеміз!— деген едім. Менің оныма көпшілік көнбеген.

Тәтемнің жаны жырда!

— Жырлай бастаса көресің, жиырма беске қайта келгендей, қырық-елулерге келіп, құлшына құлаштайды.

Ал қазір ше! Сырын жақсы білетін оның жас өрендері дұрыс айтыпты. Бастаудан көз алған қайнар бұлақ шапшып атып, шымырлап ағып өзенге айналып, алысқа сілтеп барады. Құлағым сөзінде, көзім өзінде, ұйып тыңдаймын. Толғап-толғап бір тастап қайырып, сәл тыныстап қайыра сілтенген сәттерінде тозығы жеткен боздай өңіне болар-болмас жұқа қызғылт пайда болып қалып отырды. Мыналардың «Тәтемнің жаны жырда» дегендері рас екен»— деймін ішімнен.

Сөйтіп... «Сұраншы батыр» дастанын тындап отырмаз.

Ақын Жамбыл мен болып,
Өскен ем өрен кең болып,
...Әнші деген ат болмас —
Әуезі көңіл жұбатпай,
Алатаудан арындап,
Асқан судай құлатпай,
Қыбыршыған көңілдің
Қытығын тауып сұратпай,
Досың болса күлдіріп,
Сүйсіндіріп жұбатпай!
Жауың болса бүлдіріп,
Домбыраң берен, сөзің оқ
Дәл тигізіп сұлатпай,—

деп, төгіліп, тасып отырған шақтары айызынды қандырып, жаныңды шымырлатады. «Қыбыршыған көңілдің қытығын тауып» қана қоймай әлдеқайда шарқ ұрғызады. Озған күн, тозған заман сырлары шертілгелі келе жатқанын сезініп, тез тыңдауға асығып жаның тыпшиды.

Патша үкіметі мылтығын түтіндетіп, әскерлі Колпаков пен Черняевті Жетісу өлкесіне аттандырғанда бұл елдің бұрынғы билеушісі Қоқанның ханы Құдияр қарсы шығып жеңіліс табады да: «Сендер, бәрібір орыс алатын, соған бағынатын қазақсың!»— деп Жетісу елін қызыл-жоса қыра бастайды. Оған қырғыздың Орман ханы қосылып ел шабады. Рахымсыз қырғындайды. Дулаттан шыққан Сыпатай батыр (кәрі) «Анырақайдың тасына тығылып» жатып алады. Сонда халық: «Ел бастар ер іздейді. Естеріне Көктөбеде көше алмай қалған кедей — Сұраншы батыр — жас батыр түседі. Белді де беделді адамдарын жіберіп, халық басына төнген қара бұлтты, қанды қырғынды айтып, қол бастауға, жаудан елді айыруға шақырады. Сонда «халық кегі көкірегінде тасыған түлек бүркіт көзіндей шатынатты батырды». Жетісу азаматтары қолын бастап және Егор деген орыс солдатымен (қасында он сегіз жолдасы бар) достасып алып, Сұраншы батыр хан әскерлерімен айқасады. Ақыры жеңіп шығады.

«Үш күн, үш түн ұрыста»
Қасқырға шауып арыстан
Хандардың сору кайнады...

Ол жолы жеңіліс тапқан Құдияр хан мен Орман хан есін жиып, күш сайлап қайыра соғыспақшы болады. Сұраншы батырды өлтіріп, елін басып алмақ. Сұраншыға: «Батыр болса өзі келсін, қатын болса халқының басын берсін»— деп жаушы жібереді. Сонда Сұраншы батыр: «Халқымды қанға батырмаймын, өлсем мен өлейін, елім аман қалсын»— деп, қасына жан ертпестен жалғыз өзі Орман ханға беттейді.

Ақ тұяққа ер салды
Азығына малта алды...
...Ақ тұяқтың үстінде
Аш қасқырдай бүгіліп,
Қарына ілген қалқаны
Ілгері, кейін жүгіріп.
Жарқыраған сүңгісі
Күндік жерден көрініп.
Таң жаңғыртып күмбірлеп,

Көк темірге көміліп,
Княдан шалған қырандай
Күн астында үңіліп,
Алатау асты Сұраншы...
Қаражал атты жотада
Жасақ жиған Орман хан:
«Келеді батыр жалғыз»— деп,
Хабар алды жаушыдан...
Батыр елді аяпты,
Сондықтан қосын алмапты,—
Қырғызға түгел тараған»...

Содан былай «Сұраншының жауы — қырғыз халқы емес, — хан екен» деп қалың ел тарап кетеді де, хан қасында сегіз жүздей ғана жасақ қалады. Сұраншы батыр жалғыз келіп, ханның өзін жекпе-жекке шақырады, хан өзі жекпе-жекке шыға алмайды. Бұқай, Байтыл, Битуған деген батырларын бірінен соң бірін жекпе-жекке шығарады. Сұраншының осылармен жекпе-жек сайысын жырау шамырқана сілтейді:

Орманнан келген үш батыр,
Үш жағынан тап берді.
Ашу қысып Сұраншы
Астыңғы ернін тістенді
Белі үзілген күзендей
Алдымен келген Битуған
Бетін баса бүктелді.

Үш батыры бірден Сұраншыдан жеңіліп қаза болғансын Орман хан сегіз жүз қолды түгелімен жалғыз Сұраншы батырға жауып жібереді, хан жасағы сонда да жеңіліс табады. Сол шайқаста бетпе-бет кездесіп қалғанда Сұраншы найзасынан жараланған Орман хан ордасына жетісімен қаза табады. Қоршауда қалған жаралы Сұраншы батырды Егорлар келіп құтқарады... Бірақ не керек, осы соғыс — осы ерлік Сұраншының соңғы ерлігі болады.

Сол соғыстан:

Ақыры келіп о да өлді,
Алатауға көмілді...

Күндікке, Сұраншы батырдың туған елін сүйген сүт жүрегін, халық тірлігін өз жанынан артық көрген адамшылық, қаһарман азаматтық батырлығын шалқып тындап, ширығып отырған біздер, есіл ерді өлімге қимадық. Менің көз алдымда да, көңілімде де Сұраншының тірліктегі өшпес ерлігі, отты тұлғасы, жолбарыс жүректі қаһарман бейнесі бұлт жарған нажағайдай жарқылдайды... Тамсана да тандана ұйып қаппың.

Қарт ақын осынша ұзақ дастанды айтып шыққанында түк шаршағандық білдірмеді. Қайта, кәрі жүзіне кәдімгідей бір рақат сезім толқыны ұрғандай, жұқалаң қызғылт рең көрініс беріп отырды.

— Ғажап!

Жәкең жолбарыс мінез, сұңқар тамақ екен! Қой етінен бірер жапырақ қана шөкіп жеді. Мипалау жасап бердік. Қалайы қасықты қолына алып тарелкадағы мипалауды шетінен ғана араластырып «ым, ым!»— деп ойлы отырып, өлеңдетіп жіберді:

Атан сүйектерін күйреткен
Арыстанның азуындай тістерім.
Мипалауға мені мынау үйреткен
Аузымнан сендер түгел кеткенің!
Жігіт Жамбыл, мойында енді, мойында...
Тобықтай шал боп тоқсанға жеткенің,—

деп күлдірді. Расында күлу емес, ұғына білген адамға толғаныс саларлық сөз айтып салған еді.

Қоштасарда қолын алып едім:

Сөкпей кет, қонақ балам, қонақ шырақ,
Бар болса көкірегінде жырлы бұлақ,
Бар сөзде ақ пайғамбар өлең ғана,
Қор қылма өтсең де оны қайыр сұрап!

Қош! Келіп жүр, балам!— деді Жәкең маған.

Алматы келдім. Оқуымыз да басталды. Бірақ менің көз алдымнан Жамбыл кетпеді. Күмістей ақ сақалы жапқан төстек кеудесі, балуан жауырыны, кәріліктен жақ еті семе бастаған сүйікті дөнгелек беті ғана емес, жыр толғарда «ап» деп шаңқ еткен үні мен дана көкірегіндегі шежіре толқынды жырлары елестейді. Қасықтай қара домбырасының ақынның жүрек жырына дем бере баяу да сыршыл сөйлеген кәрі үні құлағымнан кетпейді. Институттағы жолдастарыма хикая етіп тауыса алмай жүрмін.

Иә, екінші рет кездестім. Иә, бұл жолы даңғыл жыраудың өзімен емес — өлең-сөзімен кездесіп отырмын.

— Бәсе осылай, болса керек!— деймін. Даусым шығып кетсе керек.

— Не? Не деп отырсың? Жыныңмен сөйлесіп отырсың ба?— деп Толқын әзілдейді.

— Жынмен емес, жырмен сөйлесіп отырмын. Сенің былтырғы ақын тәтеңмен. Мә, оқы,— деп Толқынның қолына «Социалистік Қазақстанның» сол күнгі санын ұстата бердім.

Бұл 1936 жылдың май айының бас кезі болатын.

Біз — озат оқитын төрт-бес студент Алатаудағы «Каменское плато» курортында дем алып жатқанбыз. Толқын газеттен Жамбылдың «Туған елім» деген өлеңін көре сап:

— Тәтем! Тәтемнің өлеңі!— деп дауыстап жіберді.

— Жәкең енді сенің ғана Тәтең емес, бәріміздің атамыз! Ақын атамыз...

Менің сөзіме құлақ асар Толқын жоқ, Жәкең өлеңін зулата оқып жүре береді.

Кейбіреулерінің қолында газеттері (осы саны), кейбіреулері жәй сейілдеп жүрген курорттағы достар біздің қасымызға жиылып қалды. Иә, бәріміздің жыр атамыз. Екі ғасырда бірдей жасаған дүлдүл жырау — Жәкең бұл өлеңінде («Туған елім») өзінің Октябрге дейінгі басынан кешкен ауыр халін жыр ету арқылы бүкіл халқымыздың хал-күйін — тарихын толғайды. Хан мен патша билеген замандағы қайғы-қасіретті, халық арманын шертеді. Бұл жыр біздің тарихи шындық шежіреміз тәрізді. Сондықтан да:

Жиналып жұртым алдымда
Тыңдауға мені келіп тұр,—

депті.

Расында солай. Дем алып жатқан Балқаштың, Қарағандының, Ертіс жағалауының, Баянауыл өңірінің, Қостанай даласының, Атырау атырабының азаматтары — бәрі-бәріміз ұйып тыңдаудамыз. «Өмірде көзі көрмеген қайратты» Ленин көрсеткеннен бастап қазаққа қимылдарлық әл кіргенін, кеудесіне жан кіргенін жыр етеді. Жан кіріп қана қоймай, ел боларлық сән кіргенін, «Қартайғанда ән салған көріндер мені — Жамбылды!»— деп шаттана дауыстайды. Халық жүрегінің махаббаты мен лүпілі жатқан бұл жыр бізді Алатау шыңдарынан да жоғары, сонау ақша бұлттар арасында ойнақ салып жүрген лашын шабытындай көтеріңкілікке жетектей Жәкеңнің осы «Туған елім» өлеңі «Правдада» басылып шыққанда бұрынғыдан да нықтана түстік. Жыр дүлдүлі Жәкең бейнесі Алатаудай биіктеп барады. Ол күнгі, одан кейінгі күндердегі де әңгімеміз тек қана Жәкеңнің сол жыры боп жүрді.

Қазақ ақындығының алып көрінісі — сол жылы тұңғыш рет Москвада өткен қазақ мәдениетінің тұңғыш онкүндігі өтті. Сол онкүндікте қазақ поэзиясы, құм теңдеп шапқан тұлпардай дүбірлетіп, ерен жүйткүімен бүкіл совет халқын жыр күдіретіне сүйіндірді. Жәкең өзі айта беретін «ай қасында туған жарық жұлдыздай»

жарқырап, айдай балғын сәулетті өмірімізге мақтаныш, сұлу сымбат құя түсті. Жыр жүрегі дүние жүзін күм-бірлете жөнелді. Ол қуанышымыз бен мақтанымыз заңды еді. Ал Жәкең өзі ше? Қайта жасарып барады. Өлең-жыры күн сайын бар әлем аспанындағы ақ бұлттар ішінде күркіремей жарқылдаған найзағайдай көңіл серпіді! Онкүндік жүріп жатыр. Біз мұнда Алатауда отырып сырттай рақаттанамыз.

— Қайран Жәкең!— деймін.— Бәсе! Бәсе!

— Қайран қазақ жыры! Қазақ поэзиясы!

Қазақ әдебиеті мен өнерінің сол алғашқы онкүндігі біздің республика мәдениет тарихының байтақ отан алдында алғашқы сынағы, ашылған алтын шымылдығы тәрізді...

1937 жыл. Осы жылы институтты бітірдім. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мені Жазушылар одағына жауапты секретарь етіп жіберді. Бастық — Мұхамеджан Қаратаев.

Осы қызметте болуым мені Жәкеңмен бұрынғыдан да жақындастырып жіберді. Туған әке мен бала мейірбандылығындай сезімде болып кеттік. Талант атты бір жұмыртқаның уызындай үйірілісіп қандасып кеттік. Бұрын Әбділданың, Сәбиттің, Қалмақанның үйлеріне ғана түсіп жүретін Жәкеңнің ендігі бір үйі біздің үй болды. Бірінші кездесулерінде-ақ Жәкең мен Әбекең (Әбіл менің әкем) бір-біріне қашаннан таныс, сыйлас, сырлас құрбыдай көңілдес боп кеткені мені іштей қуантты. Жәкең біраз күн қалаға келмей кешігіп келгенінде, Әбекең:

— Уа, Жәке, мұныңыз қалай? Сағындырдыңыз ғой?— дейтін еді.

Жасынан өжет, жүректі Жәкеңе біздің Әбекеңнің де турашыл, бір сөзділігі, сүйек басының бітімділігі, тазалығы, аз сөзділігі ұнаса керек. Бір сөздің ретінде Жәкеңе Әбекең:

Нағашым Алтын торы Айту-Байту,
Болмаған ол жандарда жалған айту.
Жандарал жанын алам деп тұрса да,
Болмаған ол жандарда серттен қайту,—

деп салғаны бар. Соған жалғастыра түп нағашысы жаңағы Қаржас, Алтын торы, Бұхар жырау екенін де сөз еткен. Баламның да нағашысы сол Алтын торы Бұхар жырау деген.

— Е, бәсе! Бәсе!— деді Жәкең.

Екі қария кейде тіпті сонау алыс жылдарын шолып

кетеді. Жәкең жас шағындағы алғашқы махаббатын да шертеді.

Жәкең ақындығының жетпіс бес жылдығына дайындық қызу жүріп жатқан кез. Кешкі сағат сегізде телефон сылдыр ете қалды.

— Мен Мұхамеджан ғой, Дихан!— дейді дауыс.— Қырғыз ағайындардан жазушы қонақтар келіп қалды. Қонақүйде орын жоқ екен. Соларды үйіңе қабылда. Жәкеңе келіпті. Таңертең қырғыз қонақтарды өзің бастап сонда жүріп кетерсіңдер!

Жазушылар одағы басқармасының секретары Мұхамеджан Жамбыл ақындығының жетпіс бес жылдығына баяндамаға дайындалып жатқан. Пәтеріміз басқа, корпусымыз бір болатын.

— Мақұл,— дедім.

Фрунзеден машинамен келген төрт қонақты үйге алып келдім. Айналасы екі-ақ бөлме үйіміздің бар кен бөлмесіне қонақтарды қабылдап, құрмет еттік. Қонақтарымыз қырғыздың белгілі ақыны Мәліков Қуанышбек бастаған Оспанқұл, Қалық деген атақты халық ақындары мен композитор Малдыбаев екен.

— Қырғыз, қазақ егіздің сыңарындай ел емеспіз бе? Жәкең тойына ертелетіп келдік. Сәлем беруге келдік!— дейді Мәлік.

Тонның ішкі бауындай жақын, ыстық ниетпен келіпті. Ертеңіне түстен кейін қонақтарды алып Жамбыл аулына жүріп кеттік.

Күн райына қауыша бергенде Жәкең аулына жеттік. Қонақтарға Жәкеңнің немере інісі — колхоз бастығы Тұраптың үйі лайықталған екен. Сонда түстік. Ауылдың үлкен-кіші, кәрі-жасы түп-түгел ыстық ықыласпен қарсы алды. Үйге кірдік. Шам жағулы, кілем, көрпелер жаюлы. Әр қонақтың шынтағына қос-қос мамық жастықтар қойылған. Кең дастарқан жайылды. Тағамдар қойылды. Әндетіп сары самауырлар келіп жатыр. Ал бірақ, қырғыз қонақ-ақындар:

— Әуелі Жәкеңе сәлем берсек. Тағамды содан соң!— дейді.

Жауапты Тұрап берді.

— Тілектеріңіз де, әдептеріңіз де өте дұрыс, қырғыз ағайын! Бірақ тәтем сырқаттанып қалып жатыр... Амандық болса таңертең сәлемдесерсіздер!

— Япыр-ай, бұл қалай болды?

— Біздің жолымыз қатты болғаны ма?— Қонақтар абыржыды. Тайыр екеуміз Жәкеңе барып шықтық. Төрт

қанат коңыр киіз үйдің төрінде Жәкең төсек үстінде екен.

— Естіп жатырмын. Қырғыз ағайын жақын туыстығын білдіріп қалған екен. Тәуір болсам... ертең дидарласамын... Ертең!— деді.

Сөз сонымен бітті. Байыптап қарасақ онша ауыр сырқаты жоқ сияқты. Қуанып қайттық.

«Политотдел» колхозында тұратын Саяділ мен Киров колхозындағы Үмбетәлі ақындарды алып, Қалмақан да келіп қалды. Ақындар бас қосқан жер — жыр жәрмеңкесі. Қазақ, қырғыз ақындары жыр тұлпарын жүйіткітті. Аралығында кеңесіп, әзілдесіп, сырласып ұзақ отырып қалыппыз. Бәрі жақсы! Бәрі жарастықты!

Жәкеңе таңертең барғанымда:

— Кімдер келіпті?— деді.

— Оспанқұл, Қалық деген ақындары бар. Қуанышбек ақын мен Малдыбаев деген композиторы бар — төртеуі!— дедім.

— Білем, Қалықты білем. О да мені тілерсектеп қартайып келе жатқан шораяқ, тарғыл сексеуілі, тарлан жүйрігі еді қырғыздың,— деп сүйсініп, келгеніне риза боп айтты. Сөйтті де, бір ойға кетіп, іле ол ойдан серпіліп.

— Сен онда мені Қарақастекке дәрігерге апар.

— Құп, Жәке! Құп!

Қарақастекке дәрігерге жүріп кеттік.

Жолда сырласып келеміз. «Әзілің жарасса атаңмен ойна» деген бар. Мен Жәкеңе әзіл-шыны аралас:

— Қонақ қырғыздарды қалай қабылдауыңызды ойлану үшін «ауыра» қалғаныңызды кеше-ақ түсінгенмін. Оны «ыңқылыңыздың» өзі-ақ айтып беріп жатқанды. Иә, иә! Иә, мен де «білгішпін» дедім қуланып, жүзінен көз айырмай күлімсіреп отырып айттым.

— О, мынау деген, «ыңқылдың» тілін қайдан түсінесің, дәрігер емесісің?

— Дәрігер де қазір соны айтады, қара да тұрыңыз!

— Саған дауа жоқ екен! Нәп-нәзік боп алып, бәлесін қарашы-ей?!

— Бұл Жамбыл,— деді Жәкең, жығылмауды жас күнінен мұрат еткен. Мен қазақтың Жамбылы боп бұл күнге жеткем жоқ. Қырғыз елін де жырмен шарлағам. Егіздің сыңарындай екі Алатауды жайлаған екі ел, Жамбыл жырын егіз емген-ді. Елінің құрметін, сыйсияпатын көп көріп едім. Сол елдің ақын-жыраулары

сап етіп, саулап құйылып келіп қалғанда, сыйға-сый, «алаған қолым береген» бола алмай қалар ма деп ойланлып, «ыңқылды» бола қалғаным. Сонымды сездім де... міне, Қарақастек келе жатырмын емес пе? «Жазылып» қайтам.

— «Е, бәсе, жөні осы ғой. Жәке бекер «ойланған-сыз». Қырғыз ағайын сізге сәлем бере ғана келген. Жолжораны, сый-сияпатты қазақ үкіметі әзірлейді.

— Солай де. Сонда да тас түскен жеріне ауыр болмақ керек! Елінің дәмін көп татып едім...

Қарақастектен күн еңкейе қайттық. Ауылдың сыртындағы көк жота үстінде қырғыз қонақтар асыға күтіп отыр екен. Көлденең жолмен зулап келе жатқан машинадағы Жәкең:

— Аналарға тарт! Күтіп отыр екен!— деп көк жотада отырған топқа қарай бет түзеттірді.

Машина жақындай бергенде-ақ қырғыз қонақтар Жамбыл екенін танып, орындарынан (кілем үстінен) атып-атып тұрысып, ақ бұлтқа мініп, аспаннан сорғалап қонғалы келе жатқан ертегінің ақ пайғамбарын қарсы алғандай, оң қолдарын жүрегіне баса тағзымдап Жәкеңе құрмет көрсетті. Қырғыздың тарлан ақыны Қалық Жәкеңді машинадан қолдап түсіріп, қолтықтап барады.

Еңкейген күннің ендігі бар нұры осы көк жотаға ғана төгіліп тұрған тәрізді. Ауыл жақтан үлкен-кіші, әйел-еркек, қызыл, жасыл гүл шоғындай қыз-келіншек кемпірқосақ жолақтанып жотаға беттеп келеді. Жәкең ақ жағалы, күрең жібек шапанын жел қайырған сол жақ өңірінің астынан беліне қарай жіберген сол қолын әсем ұстап, сонау бір жас шағындағы серілік сәнін елестеткен даңғыл күйімен оң қолындағы сырлы таяғын шекіп басып, айдынға қонған аққуша мамырлап кеп көк дөңнің күн моншағы қонақтаған жотасына отырды. Жәкеңнің осы тұлғасына көктемгі кең даланың төрі де толғандай!

Жәкең қайда да, қашан да өз орнын, қадір-бағасын жақсы білетін. Өзін тәкаппарсымай-ақ құдіретті ұстайтын. Бұл жолы да солай. Сөйте тұра қырғыз ағайындарға жылы ілтипат жасап отыр. Амандық, есендікті білісті, ел-жұртын сұрады. «Хош келіпсіндер, бауырларым!» деп отыр. Содан соң, алдында жатқан сырлы күрең таяғымен сырласқандай «ым-м» деп отырды да, былай деп толғап жіберді:

— Хош келіңіз, рақмет, ақ қалпақты бауырым,
Алатауды жайлаған аман ба, аймақ-ауылын.
«Манасың» бар ел едің, сүйетін жыр дауылын,
Жамбылы едім екі елдің, өткізген талай дәуірін.
Бағы жанып елімнің бакыт құшқан қауымын.
Көкірегінен екі елдің өлең еміп өсіп ем...
Зарлы күн кетті келмеске, алдымда екен несібем.
Сырқат ем кеше, ал бүгін
Сендер келді дегесін
Құлан таза тәуірмін!—

деп төгіп тастады. Қонақтар қатты риза боп, рақаттанып қалды.

Кеш. Тұраптың үйінің төрі Жәкең кеп отырысымен әрі кеңіп, әрі толып көріктене бастады. Жақын төніректегі халық ақындары осында. Уақыт апрельдің орта шені ғана болса да ол бір мамыражай кеш еді. Жәкең сөзді өзі бастаса да аз сөйледі. Ойлы-нәрлі сөздер айтты. Қырғыз қонақтар бал қасыққа аузын тосқан балапан нәрестеше тамсанады. Осы тұста, үйдің оң жақ қабырғасындағылардың орта тұсында отырған мысық мұрт, сүйір иек, бас бітімі үш бұрыш, жағында жаныр ет жоқ, қайыс қара ақын Үмбетәлі (Жәкеңнің ең жақсы көретін шәкірті) ешкім тілек етпестен, ешкімнің рұқсатын сұрамастан:

Алтын тәтем арқасы осы думан!
Мәскеуде де бұл думан санат құрған.
Мынау біздің Жамбылтау, Суықтөбе,
Хош келіңіз, кіндіктес қырғыз туған!—

деп аңыратып қоя берді. Сөзі айқын, үні өткір шықты. Содан бастап түнімен жыр жәрмеңкесі қызды. Үйге сыймай әйнек терезеден, есіктен өлең-жыр, әңгіме-әзіл тыңдаған ауыл жұртының ынтықтығы есікті де, терезені де ашып тастауға мәжбүр етті. Бұл көрініс қонақтардың бойын балқыта, ойын шалқыта әсер еткен ыстық махаббат еді. Сөйтіп, өлең-жыр бұл түні тіпті мол сілтенді. Қырғыздың халық ақыны Оспанқұл Жәкең:

Сүймейтін ақын едім жасырғанды,
Шымшық торғай секілді жасың қалды.
Өзіңе тартқан, Жәке, мінезім бар —
Жек көрген бай-манапқа бас ұрғанды.
Қазақтың, қырғыздың да жыр жүрегі
Беріпті бір өзіңе ғасырғы әнді.
Өмірі көрмей өтсек дейді қырғыз,
Сіздің жыр толғанудан басылғанды!—

деп тастап, жырлай жөнелді дейсің!

Жәкең кең тындап, көңілді әңгімелеседі, қырғыздың

тарлан ақыны Қалыққа көбірек назар аударады. Оның бейнесінен қырғыз халқының тұтас бір ғасырының шежіресін көріп отырғандай. Ел, жер жайын сұрайды. Белгілі ақын-жырауларын еске түсіреді.

Бір кезде Жәкең:

Ей, Оспанқұл, Оспанқұл!—

деп өлендетіп жіберді де, жүзін Оспанқұлдан алып, кәрі көзін алысқа ой көзімен жүгірткендей толғана сөйлеп кетті:

Мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Тындаушымды таң кылдым...
Қырғыз, қазақ өзің айт...
Аяқты қашан калдырдым...
Қайта туып жасарған
Бұл күнде мен де балдырмын!—

деп жібереді.

— Уау!— деген.

— Адалы сол! Біз қырғыздар, Жәке, сізді солайша шоң білеміз, ол күннен!

Жәкең енді бір кезде өмір жолының тарлан толғанысына кетті білем. Бүкіл қырғыз, қазақ халқына мәлім өмір жолын шертіп отыр. Шыңырауда туып, жарық күнді көп аңсағанын сөз етті. Осы бір ауыр өмір жолында қазақтың байлары мен қырғыздың датқалары тағалап жорға мінгізіп, содан соң тағалап өзін мінбек болғанын, оған өзінің көнбегенін, көнбесе де өлмегенін, ақыры арманына жеткенін (халық бақытын) толғайды:

Жамбыл ем, кеше кім едім,
Дуадақ едім шөлі жоқ.
Аққу едім көлі жоқ,
Сыбызғы едім үні жоқ,
Асыл едім құны жоқ,
Енді міне кім болдым,
Елім сүйген жыр болдым,
Оспанқұл інім, қырғызым,
Сендер де менің қызығым!
Бүкіл қырғыз бауырыма
Тілеймін өмір қызығын,
Тілеймін өмір ұзынын!—

деді.

Сөйтті де және бір дана сөз айтты. Онысы «сөздің саласын табу қиын емес, анасын табу арман», «Өлең сөз ананың ақ сүті, жүрегіннің қаны»— деп отыр. Сол «ананың сүтіне адал бол!»— деді дана ақын.

Ертеңіне таңертең ояна сап далаға шықсақ, Жәкең күрең жорғасын тайпалтып әр үйдің есігінің алдына барып тоқтайды да:

— Ей, шығып кет! Насыбайың бар ма?— дейді дауыстап. Сөйтсек қырғыздың қарт ақыны Қалық насыбай атады екен. Түндегі отырыста Қалықтың насыбайға құмартқанын Жәкең ғана сезіпті:

Қонақтарды Ұзынағашқа күрең жорғасына мініп өзі шығарып салған Жәкең жол айрығында тоқтай қалып, жорғасынан түсіп, шылбырынан жетелеп кеп қырғыз ақындардың алдына тартты.

— Еліңнің құрметін көп көріп едім. Әрі өзіне, Қалық, әрі бүкіл еліне менің өз тартуым осы Күрең жорғам! Ақ сақалындай ақ жанымен айтты. Жорғасын қырғыз бауырларға шын жүрегімен, бар жанымен, адал қанымен сыйлап ұсынып тұр.

* * *

Тойы алдындағы күндерде Жәкең біздің үйде еді. Жәкеңе сәлем бере келген көптеген халық ақындары — өлең сөздің боз тарландарының бәрі бар сол күнгі кеште біздің үй телефонында тыныс болмады. Соның бірі:

— Алло, Әбілеуікі ме?— дейді.

— Иә, өзіңіз кімсіз?

— Қалмақанмын ғой. Шашубай ақын біздікіне түсіп еді. Жәкеңе сәлем берем дейді. Рұқсат етсін, өзіне айтыңдар!— деп отыр. Бұл жай маған таң көрінді. Алайда Жәкеңе кеп айттым. Жәкең ойлана қалып, тез серпіліп:

— Сәлемді рұқсат сұрап бермек пе екен ол сайтан?— деді де, шай ішіп отырған кесесін дастарқанға қойып, балбұл күреңітіп отырған шырайлы кәрі өңі әлдене бір алыстап кеткен жылдарын еске түсірген ойлы жүзге ауысты да, кенет:

— Келсін! Жыр-думанның дәу перісі ғой ол сайтан. Келсін!— деді.

Шашубай ақынды естігенім болмаса, бұрын көрген емеспін-ді. Қызғылт өнді шошақ бетіне тән шоқша сақалы мен едірейе-едірейе біткен тікенек мұрты, қартайса да жайнақы көз, расында құйын қимылды, алғыр да шапшаң, ойнақы екен. Кіре берісте қарсы алған маған Шашекең бейнесі осындай көрінді. Қасында гармонь көтерген (Шашубайдың гармоны) бәдәуи түстес өзіміздің Қалмақан ақын.

— Кіріңіз, төрлетіңіз, Шашеке! Жәкең де, барлық халық ақындары да осында! Ана төргі үйде! Жүріңіз!

Төрде өлең-жыр алыбы Жәкең, оған тізелес Нұре-

кең (Нүрпейіс Байғанин), жерге жайылған кең дастарқанды айнала басқа да көп ақындар отырған-ды.

Әрі ойнақы, жалын өжет Шашекең қария дастарқанды жағалай отырған басқаларды көзіне де ілмей, шапшаң адуын басып төрдегі Жамбылға барып, қол беріп амандасты.

— Уа, Жамбыл, танысың ба, Шашубаймын!

— О, сайтан!— деді Жәкең әзілдеп, сөйтті де:

О, сайтан қуанамын, тірі ме едің,
Арқамды қоздырар жыр «пірім» едің!—

деп қасынан орын беріп, құрметтеді. Жамбыл даналығына, үлкендігіне тән осы бір көрініс есімнен кетпейді.

Жамбыл Шашубайды «сары сайтан» дейді екен, Шашубай Жамбылды «жынды қара» дейді екен. Жас кездеріндегі сол бір әзілдерін осы кеште де ойнатып рахаттанысып отырысты.

— Сөйле, сары сайтан!— деді Жәкең әзілдеп Шашубайға.

Шашекең ұшқыр үнмен:

Мен сөйлер сөзді Жамбыл сен айтыпсың,
Көрттайған кәрі жырды тыңайтыпсың!—

деп, арт жағында тұрған гармонь қолына алып басып-басып жіберді:

Шашубай ескі ақынның «жандаралы»
Жамбылдың жер шарлады салған әні.
Өзің боп, өзім болып, өзге болып
Жасасын көк тербелтіп ән созғаны!—

деп бір тастады. Гармонь дауысымен ырғала шыққан мәнді сөз отырған барша жұртты бір көтеріп тастады.

— Жөн сөз!

— Адалы осы ғой, өзі!

— Бәріміздің көкейіміздегіні айттың, Шашубай.

— Рақмет, Шашеке!

Жамбылдың оң жағында иықтас отырған аз сөзді, салауатты сахаба Нүрпейіс осы тұста ғана селт етіп, қозғалақтап қалды да:

— Шашубай десе Шашубай екенсің ғой. Естуім бар да, есендесуім осы ғана еді. Көмейіңнен айналса болмас па бұл жұрт сенің!— деді.

— Бұл «сайтанның» қасында басқамызды былай қой!— деп бір қалды да:— Ал енді, баяғы алыс-күліс ала құйындығынды тастап, жөн сөйлеп жорт, «сай-

тан»,— деді Жәкең. Әзілін де, адалын да сомдап айтты. Шашубай да іркілмеді:

Уа, Жамбыл тие берме сайтаныма,
Шашубай сөз табады айтарына.
Топ жарып тоқсанында сен шыққасын,
Жібердім сайтанымды қайтардым да!

Ақын құрбылары күлісіп, мәз боп қалды. Кәрі жандарын Шашубай шындық әуенімен толқытып жіберген тәрізді.

— Шашубай десе, Шашубай екенсің ғой. Басқалар Жәкең тойына арнаған шашуын уысынан шашса, сіз көкірегіңізден көңіл маржандарын төге салдыңыз, Шашеке! Рақмет!— деді біздің Әбекең.

Мен қарт ақындар бірін-бірі сырттай білсе де, жүзбе-жүз кездескендеріне өз аузымнан айтып таныстыруды өзіме парыз көрдім де, Нүрпейістен бастап Саяділге дейін сөз еттім. Содан Жәкеңнің сол жағында отырған Шашекеңнен бастап, самауырдың қасында шай құйып берісіп отырған Әбекеңмен тізелес отырған қаз мойын, кең маңдай, қоңырқай жүз сырбаз ақынды:

— Бұл кісі атақты Естай әнші, Естай ақын!— деп едім. Бәрі Есекеңе ғажаптана, манадан бері көрмей отырғандай-ақ, өте бір сүйіспендікпен тандана қарайды.

— Е.. ым-м! Естай сен бе едің? Болсаң боларсың! Бері қасыма келші,— деді Жәкең.

Сыпайы мінез, сырбаз сері Естай Жәкеңе кішіпейілдікпен тілек етіп, отырған орнын өзгертпеді.

— Оң жағыңызда отырған Нүрекең мен сол жағыңыздағы Шашекеңнің иығын сізден айырғаным әдепсіздік болар. Орнымда отыра берейін, Жәке, рұқсат етіңіз!— деп өтінген еді.

Естай есімі аталғасын, сол Естай өздерінің ортасында Жәкеңнің тұспа-тұс қарсы алдында отырғансын жыршы қауым Естайды тыңдағысы келді.

— Өзінің айтқанын тыңдасақ!

— Сөз бар ма... Айтқызайық...

— «Қорланын» тыңдасақ!

— «Жайқоңыры» да ғажап қой!

Аты жоқ қолында (саусағында) Қорлан берген мәңгілік махаббат белгісі — күміс жүзік Қорлан боп күлімдеген тәрізді, электр жарығымен шағылыса жалтылдайды. Сырбаз сері Естай ақын әуелі қолындағы жүзікке кәрі көзін жаутаңдата бір қарап қойып, көкірегінде көріне бірге кететін махаббат шерін күрсініп жібергендей «Аһ» деп қалды да әндете жөнелді.

Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын...»— деп жүрегінің терең түбінен шалқыған махаббат жалынын қоңыр үнмен суыртпақтап суырып, сонау бір алыста қалған арманын тірілткендей кең уілмен ырғала әндетіп қоя берді. Екі ғашықтың арманда сөнген махаббат жүрегінің аруағын ән ырғағымен тербеп, тірілтіп, әлдилеп, ардақтап отырған тәрізді. Қаз мойыны биіктей түсіп, күре тамыры білеуленеді. Ән созымдарындағы, ырғақ қайырмаларындағы кең байтақ қоңыр жай уілі бір ғасырда басталып, сол ғасырды бұйдалы нардай боздатып жетектеп бұл ғасырға, осы күнге бізге жеткізіп отырған сарын тебіренеді. Бір ысынып, бір суынбай жайбарақат тыңдауың мүмкін емес.

Ал Есекеннің өз айтуында (бүгінгі кеште біз тыңдап отырған сәттегі) «Қорланның» әрбір сөзіне тән үнінің өзі әр сөзінің — жан сарайын ашып, екі ғашықтың «аһ» ұрған армандарын, күрсініс күйзелістерін, махаббат іңкәрін, тар заманның тағылық мінезінен бір-біріне қосыла алмай өткен жастар жүрегінің шер жырын шежірелеген бұл әнді құлақпен емес жүрекпен тыңдау ләзім екен. Жәкең де, сабырлы Нүрекең мен ойнақы Шашубай да, басқаларымыз да балқып тыңдадық.

Өйткені, үні мұндай болғанда сөзі қандай, тілден емес, жүректен суырылғандай еді.

— Ой-хой, дүние!— деді де, Жәкең ойға шомып кетті. Өзінің жас шағындағы осындай бір арманы көкірегіне күңіреніс берген тәрізді. Сөйтті де, кенет қалғып кетіп оянған кәрі бүркіттей «ау!»— деп шаңқ етіп сөйлеп кетті.

— Ей, Естай, жаңағы ғашықжар арманың сені мына менен де көп жасатады. Сөз — сол,— деді. Аз кідіріп «ымм-імм» деп отырып қайыра сөйлеп кетті.

— «Нағыз «Қорланды» тыңдағаным осы. Жамбыл жалған айтуынды білмейді. Осында... әр әншінің айтуын (Қорланды) бұл Жамбыл талай тыңдаған. Садаға кетсін олар сенің жаңағы өз айтуыңнан.

— Нүреке, Әбеке,— Нүрекең мен Әбекене көз жүгіртіп алып, сол жағынан орын беріп, өз қасына отырғызған Шашубайға топшысына көз тастаған бүркітше бұрыла қарап,— не ұқтыңдар жаңа! Осының ән үнінің әр толқыны, созымы қайырым уілі, ырғақтары әр сөзінің ботасы боп боздап әндетті ғой... Беу, махаббат, беу, арман!...

Жәкең кенет тағы да бір ойға шомып барып, тағы

қайта серпілді. Біздің бар жан күйіміз Жәкеңнің қасқабағында, лебізінде.

— Ей, Естай,— деді Жәкең енді,— жана айттым емес пе, сен мына менен де көп жасайсың деп. Иә, жаңағы «Қорланың» сөйтпей қоймайды. «Қорланыңа» қанша құмар болсам да сені, сонау Маралды — Ертісіңе мен іздеп бара алмас едім. Сен де мені іздеп келе қоймас ең. Енді міне, бәрімізді Алатауда табыстырып, сайраттырып отырған жаңа заман. Өркені өссін заманның, аллауакбар!— деп сақалын бір-ақ сипады. Дана сөз. Заман сырына, ақындарына берген бағасы мен батасы әділ сыршылдығымен, шыншылдығымен ой тербетті.

Жәкең ұтылуды білмейтін тапқыр еді. Бір күні таңертең Жазушылар одағына келді. Құндыз бөркі де, пальтосының құндыз жағасы да Жәкеңнің қазіргі көңіл күйіндей қатқыл көрінді. Орнымнан атып тұрып қарсы алып, орындық ұсындым да:

— Саулығыңыз...— дей беріп едім:

— Мені ана үлкен басшыға апар? Қазір!— деді. Үлкен басшы деп отырғаны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Николай Александрович Скворцов жолдас.

— Қазір, Жәке! Қазір! Ол кісімен әуелі телефонмен сөйлесіп... сізді айтайын,— дедім.

Скворцовқа дереу телефон соғып тілдестім, Жәкеңді қабылдайтын болды. Алаңы тай шаптырым үлкен кабинеттің төріндегі қызмет үстелінде төртпак, толық денелі Скворцов орнынан салмақпен тұрып, сабырлы басып кеп Жәкеңді қарсы алды. Қолтықтап барып бюро мәжілісін өткізетін ұзын үстелдің басындағы өз орнына жақын орындыққа Жәкеңді отырғызды. Жәкең сәл ғана ентігін басқан кезде Скворцов жолдас Жәкеңнің амандығын, саулығын сұрап, құрметтеп отырды. Сөйткенше болған жоқ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Жұмабай Шаяхметов келіп кірді.

— Ассалаумағалайкум!— деп сәлем беріп, Жәкеңнің қолын алды. Содан соң Жәкеңе қарсы тұстан барып үстел басына отырды. Жүмекең келгеніне алдымен мен қуандым. Өйткені Жәкең қазір келген шаруасын айтады. Оны Скворцовқа мен жеткізгеннен гөрі Жүмекең орысшалап берсе тиімді болар,— деп ойлаған едім. Солай боп шықты.

Жәкеңнің бұл жолғы шаруасы — өте қиын шаруа. Буынсыз жерге пышақ сілтегенмен бірдей шаруа. Сквор-

цовта бұрын да екі рет осы шаруамен болған. Шешімін табу қиын боп жүрген мәселе.

Колхоздарға жер мемлекеттік актпен бөлініп беріліп қойғанын Жәкең білсе де «күшке» басып жүр. Оны істетіп жүрген ауылдағы ақсақалдар. Жамбыл колхозының біраз жері колхоздарға мемлекеттік актімен бөлініп-өлшеніп берілгенде өздерімен іргелес колхозға кетіпті. Жәкең сол жерді өз колхозына қайтарып беруді талап етеді.

Скворцов жолдастың кабинетіне бірсыпыра наркомдар келіп сәлемдесіп, орналаса бастады. Жамбыл тілегін сөзбе-сөз Шаяхметов жеткізіп отыр. Скворцов кинала ойлануда. Госактімен бөлініп берілген колхоз жерін бірінен-біріне ауыстыра салу — заңсыз іс. Жәкең осыны бұдан бұрын да айтып түсіндіріп көргем. Оған Жәкең көнбейді. Енді, бұл жолы қайту керек? Тағы да сол тәртіпті жайлап айтып, жақсылап-ақ түсіндіріп көрді.

Жәкең талай ақындармен айтыстағысындай ұтымдылығын бұл жолы да жасап жіберді.

— Сен,— деді Жүмекене,— бұған айт, осынша жасқа келген Жамбылдың ата жеріне зорлық жасатпай өз колхозына қайтарып берсін. Оған әмірі жүреді. Білем оны. Егер,— деді таяғының ұшымен еденді тықылдатып, ашуын білгізіп,— егер осы жолы шешіп бермесе... Мәскеуге барып шағым айтам,— деп оң қолын құлағының тұсына апарып, телефон аппаратын иегімен көрсетіп:

— Қазір сөйлестір! Сталиннің өзіне айтам!— деп салды.

— Шешеміз, Жәке! Ренжіменіз, қазір... қазір! Ақылдасайық!— деп жер шаруашылық наркомы Бектасов Әшімбекке телефон соқты.

— Тез кел!— деді.

Скворцов жолдас орнына отыра бергенде есік ашылды. Беті үлкен-үлкен ақ орамал дастарқандармен жабулы екі-үш поднос әкелінді. Жәкең келетінін білген Скворцов жолдастың әзірлеткен тағамдары болу керек. Өз алдына қойылған апельсинді, бифштекс, жұмыртқаны Скворцов Жәкеңнің алдына қойды. Боржоми бөтелкелері ашылып бокалдарға жағалай құйылып жатыр.

Адам сынағыш Жәкең әлгі әзірде ғана кіріп, өзімен Скворцовтың аралығынан отырған екінші секретарьға бұрылып:

— Бұл кім?— деген.

Қазір сол Сәлкен Дәуленов Жәкеңе шанышқы-пышак ұсынып: «Тамақ алыңыз!»— дей бастап еді. Жәкең оң қолын кеудесіне апарды да, алақанын жазып жіберіп, кесе-көлденең тартып қалды. «Тамақ жемеймін» деген кесім белгісі.

— Онда, мына Кавказ суын алыңыз?

Жәкеңде үн жоқ. Орындығын кейін сырғытып, қолымен кеудесін басып: «Жүрегім,— деді,— ауырып қалды. Скворцов бас боп бәрімізде үрей қалмады.

— Дәрігер шақыр!— деді Скворцов көмекшісі Мәсімхан Бейсебаевқа.

— Ауруханаға!

Жәкең басын шайқап, қолымен ымдап: «Кетемін. Алып шығындар!»— деп Тайыр екеумізге үнсіз әмір етті.

— Бұл кісі дәрігерлер емін жақтыра бермейді,— деп Жүмекең Николай Александровичке түсіндіріп жатты. Жәкеңді Тайыр екеуміз екі қолтығынан көтере демеп бірінші қабатқа түстік. Есік алдына Жәкеңнің кара машинасы көлденең тартылды. Соған отыра:

— Ұзынағашқа тарт, ауылға!— деді шоферға.

Жәкеңнің кенет ауырып қалғанына мазасызданған Скворцов жолдас сол күні қызмет аяғында мені қайтадан шақыртып алып, Жәкеңнің жайын сұрады.

— Больницаға жатпай кетті дейсіз бе? Көнбей кетті дейсіз бе?

— Иә, Николай Александрович. Ол кісіні өз дегенінен басқаға көндіру қиын. Қарт адам дәрігерлердің емдомын жаратпайды.

— Иә, солай болса болар... Тентек қарт, тентек,— деп басын шайқап күлімсіреді.

Әңгімеміздің ақыры — біздің тез Жәкеңе жүріп кетуіміз керектігі болды.

— Мына Нүсіпбеков жолдас пен (Ақай Нүсіпбеков Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде мәдениет бөлімін басқаратын) Шарипов жолдас (Шарипов Исағали Совнарком председателінің мәдениет жөніндегі орынбасары) үшеуіңіз барыңыз. Қазір жүріп кетіңіздер!

Жүріп кеттік.

Жәкеңнің халі жақсы екен, қуанып қалдық. Ол кісі де бізді көңілді қарсы алды. Әзілдей сөйлеп:

— Білем, сен үшеуің бірдей неге келгендеріңді. Үшеуіңді де ана үлкен кісі жіберген ғой. Им-м...— деп шай кесесін жерге қойып, әрқайсымыздың жүзімізді кәрі көзімен барлап сыр бағдарлайды. Үлкеніміз — Исағали. Ол кісі отырып:

— Жәке!— деді аузын Жәкеңнің құлағына таман жақындатып.— Ертең таңертең Скворцов жолдастың өзі келеді сізге. Жұмабай Шаяхметов жолдас та келеді. Екеуі бірдей келеді,— деді. «Екеуі бірдей өздері келеді» дегенді ерекшелеу үнмен, құрметтеп айтты.

— Неге келеді? Шақырған жоқ едім ғой оларды?— деді Жәкең әзілдей.

— Сәлем береміз дейді сізге, Жәке. Басқа шаруалары жоқ болса керек. Егер бар болса өздері айтар келгенсін.

Жәкеңнің ауыл-аймағы, үлкен-кішісі сол үйге жиналып қалған. Сатышты, Жартыбай ақынды, Тезекбайды (баласы) былай қойғанда ақсақал, қарасақал бұрыл сақалдар да, мұртты, мұртсыз жастар да кепті. Бәрі осы үйде.

Дана ақын ар жағын сұрамай, қалғып кетіп ояндай:

— Әй, балалар!— деп шаңқ ете қалды.

Біздер жүзіне жалт қарадық.

— Маған енді жер керек емес, «көр ғана керек!»— деп салды. Шошып кеттік. Бұл не сөз?

— О не дегеніңіз, атасы, айтпаңыз ондай сұмдықты!

— Халық үшін жасай түсіңіз!

— «Жамбылдың халық үшін қалған жасы» дейтініңіз қайда?

Мәнін тарқата алсақ, Жәкең біздің келуімізді ғана емес, Скворцов пен Шаяхметовтың ертең келуін тегін емес деп ойлайды. Шыны да солай. Таңертең Скворцовтың кабинетінде өзі сөз еткен жер дауы жөнінде келеді олар деп біледі.

Ертеңіне таңертең Жәкеңнің ағаш үйінің ауыз бөлмесінде жаңа ғана шай ішіп отыр едік.

— Кеп қалды!— деп Тезекбай кіріп келді даладан.

Есік алдына шықтық. Сырлы көк қақпа алшысынан ашылды. Екі ЗИЛ машинасы көсіле жорғалап кеп тоқтай қалды. Алдыңғысынан Скворцов әйелімен, екіншісінен шикіл сары, дөңгелек бет, күрең көзі шапшаң қимылдайтын Жүмекең қасында (5-6 жасар ұлы бар) машинадан түсті. Құрметтеп қарсы алдық. Жәкең қақпа алдына шықпады. Көк шатырлы, төрт бөлмелі жаңа ағаш үйі басқышының үстінде құндыз бөркі басында, сырлы таяғын қолына таянбай ұстап, күміс сақалы омырауына төгіліп тұрып қарсы алды.

Төменгі бөлмедегі столға Скворцов пен әйелі отыра бергенде Жұмабай Шаяхметов мені ертіп төргі бөлме-

ге кірді де, төрдегі жаюлы кілем, көрпе үстіне оң тізесін бүгіп, сәл отырып тұрды. Содан соң ғана төменгі бөлмеге келіп, столға отырды да:

— Мен қазақ дәстүрін істедім,— деді Скворцовқа.

— Оныңыз өте дұрыс болған. Біз де сүйтейікші! Біз де осы елдікпіз ғой!— деді әйелі Скворцовқа.

Жәкең түнде қатты эзірлік жасатқан-ды. Бірақ қонақтар асығыс екен.

— Паһ-паһ-паһ! Асығыс та асығыс!— деді Жәкең.

— Айып етпеңіз! Жайымыз солай!— Содан соң Скворцов Шаяхметовқа:— Бұл кісінің әлгі жер жайын тындыруымыз керек қой, сол үшін келдік емес пе! Соны айтыңыз, құрметті Жамбылға!— деді.

Жұмабай Жәкене қазақша жеткізіп еді, Жәкең кен тыныспен, келісті жүзбен:

— Жамбылға енді жер керегі жоқ, ол жөні енді бітті! Рақмет бұл үлкен кісіге. Сол туралы ғана келсеңдер екеуіңе де рақмет Жамбылға жер керек емес. Бар жерді ұқсатып алсын-ақ бұлар!— деді.

...Мен де майданға аттанып кеттім.

Бірде жараланып, госпитальдан өз бөліміме қайтып келе жаттым. Жаудан жаңа ғана босаған деревняның бір үйіне паналауға тура келді маған. Хал-жағдай нашар. Тек қана жүректің тынбай соғуын тілейсің.

— Қай жерденсіңдер, ұлдарым?— деп сұрады біз түнеп отырған үй иесі сары шал. Біздер туған елімізді айттық.

— Оралданмын!

— Мен Севаннан!

— Қазаннан!

— Мен қазақтың ауылынан, Жамбылдың Алатауынанмын,— дедім мен.

Шал:

— Естуім бар Жамбылды. Өз көзіңмен көрдің бе?— деді.

Мен:

— Адалымды айтып отырмын, қария! Қазақтар өтірік айтуды өлім көреді. Нанбасаңыз міне, көріңізші!— деп планшетім ішінен Жамбыл суретін (өзім бірге түскен) суырып алып қолына ұстата бердім. Шал ортада тұрған гильза шам жарығының сықсиган сәулесіне тосып, суретке тесіле қарады да: «Толстой сияқты екен, жарықтық!»— деді.

Содан соң ше? Әлгінде «жоқ» деп бермеген махоркасының қалдығын ұсынды бізге.

— Мұнсыз да мен күн көрем, бәрін тарт!— деді.

Міне, мен Жамбыл құдіретінің, оның жалынды жырларының қасиетті дәрменін осынау қатулы орыс шалы берген махорканың шылымы ұшынан шудалана созылып көтерілген көк түтіннен де көргендей болдым. Сонда қаншама мақтаныш, қаншама күш-қуат шымырлады өн бойымда!

«Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі «Правдаға» басылып шыққанда майдандағы баршамыздың жанымыз тебіреніп сала берді. Ия, ол бір сондай, заманалар поэзиясында сирек кездесетін толғаныс еді ғой!

— Біз де газетімізге басуымыз керек!— дедім.

— Дұрыс!— деді Сәду.

Сөйтіп Жәкеңнің «Ленинградтық өрендерімін» майдан газетімізге басып шығардық. Әрине, біздің де, барлық майдан газеттерінен де бұрын «Правда» жариялаған еді. Жамбылдың бұл өлеңін ол күндері көзіне жас алмай оқыған бірде-бір ленинградтық болмаған болуы керек.

* * *

Қайран Жәкең дүние салды. Отан соғысы жеңіспен аяқталысымен мен шығыстағы әскери округта қызмет етуге бұйрық алдым. Әрине, жеңістен кейін жай тіршілікте, азаматтық өмірде болғың келеді. Лаж не? Бұйрықтың аты — бұйрық! Отан әмірі!

Саяси бас басқарма маған жолда үйіме — Алматыға соға кетуіме бір жетілік уақыт берген. Мен Алматыға келдім. Вокзалдан бірсыпыра жолдастарым, ағаларым (бастығы Сәбит Мұқанов болып) құрбыларым, жеңгелерім қарсы алды. Бәрінен де ең ыстық алты айлық майдан бөбегім — Невель. Маһруза деген жеңгем бөбегімді қолына көтеріп, толқына нұрланып тұрған Мертайыммен қатар келе жатқан сәті, дүниеде мен үшін ұмытылмас ыстық минут еді. Балапанымға ұшып жеттім. Амандық-есендіксіз бөбегімді (Невелімді) қолыма алып иіскей бердім, бетінен, маңдайынан иіскей бердім.

Машинадан үйге түскенімде ақ сақалы ақ дастарқандай жайылып әкем (Әбіл) шықты алдымнан. Сол сәтте бөбегіме күлімсіреп, бетіне тойымсыз қарап:

— Әркімнің өз әкесі өзіне! Әркімнің өз баласы өзіне!— деп қуанышты дауыстап, баламды Мертайдың қо-

лына беріп, әкемді құшақтай алдым. Көзімнен боз маржандар да ыршып кетті.

Қажырлы әкем:

— Мұның не? Жасығанбысың?— деді.

— Жоқ, аға, сағынышым мен қуанышым ғой,— дедім мен.

— Алдыңнан шыға алмадым, ренжідің бе?

— Жоқ, аға.

— Соның жөн. Алдыңнан шыға алмауым,— деді әкем төмсара қалып,— Жәкең қайтыс болған. Операда табытта жатыр. Соған қайта-қайта барып... қоштасып қайтуда болдым

— Апыр-ай, не дейсіз?

— Ажал. Тағдыр солай. Айрылдық аяулы қарттарыңнан!— дейді әкем.

Иә, шын солай екен.

Тез жуынып, жаюлы дастарқаннан бір шыны аяқшай іштім де, мен де тез Жәкеңмен қоштасуға — опера театрына бардым. Халық мың-миллион. Жеке адамдар кіретін есіктен кірдім. Білегіме қара лента байланып, құрметті қарауылда болдым. Сөйтіп, кейін шегініп, кең аланды залға шықсам, Жүмекең (Жұмабай Шаяхметов) өзі тұр екен. Мені көре салып маған қарай бірер адым ілгері басып:

— Дихан!— деді.

Шапшандата басып жетіп, қол беріп амандасып едім, ол кісі мені айқара құшақтап маңдайымнан сүйді.

— Айырылып қалдық Жәкеңнен,— деді де.— Енді сендер сілтендер, жоқтатпандар поэзияларында Жәкеңді!

Аузыма сөз түспеді. Жүзімді төменшік салып тұрып қалдым. Сонымды көрді ме, әлде жаны сезімтал, бауырмал апалығы ма, Күләш (Байсейітова) кеп амандасты. Қара көйлек киген, қара шәлі жамылыпты.

— Жәкеңнен айрылып қалдық қой, Дихан!— деді.

Біздің әкей төртінші рет топқа ілесіп сүйікті сырласы, аяулы досы, ұлы Жамбылға қоштасып қайтты. Осы төртіншісінен кейін үйге келгенінде:

— Жарықтық, ұйықтап, тынығып жатқандағысындай сонша нұрлы. Өмірге риза боп аттанған сияқты!— деді.

Өз көкірегіндегісінің дәлін ғана айтатын Әбекеңнің бұл топшылауын ел жүрегіне тоғысып жатқан тәрізді сезіндім.

Сөйтіп, Жәкенді ақтық сапарға шығарып салмақпыз енді...

Алматыдан Жәкен қыстағы 75 шақырым. Жәкен сол өз қыстағында жерленбек. Алматы — Жамбыл қыстағының арасы ұзақ-ұзақ кинолентасы сияқты машиналар тізбегі. Солардың орта шеніндегі бір автобуста мен де кетіп бара жаттым.

Қаралы қоштасуда үлкендер сөйледі. Қазіргі мавзолейі тұрған жердегі қабіріне Жәкенді жерлерде ойналған азалы музыка бүкіл Алатау заңғарларын күңірентеді. Жыр алыбымен ақырғы рет қоштастық. Сол сәтте уыс-уыс жамбылар, күмістер шашылды. Міне, қызық! Сол шашылған күмістен Невеліме ырым қып мен де алайын десем түк ілікпейді қолыма. Өйткені халық сонша көп, күмістер аяқ астында, алып болмас жәйтте қалып жатыр. Шеткері шықсам алармын деп шеткерілеп те көрдім... Алайда, ешбір күміс ала алмадым. Менің сонша ынтызарлығымды көрген бір жасамыс ана:

— Қарағым, мә! Сен алшы!— деп он бес тиындық екі күміс берді де:— Неге бүйттің?— деді.

— Дүниеге келген жалғыз ұлым — Невелім бар. Төрт баламыздан кейін (олар қайтыс боп кеткесін) көрген қуанышым еді, шаңырағымның иесі еді. Соған ырым етейін деп едім...

Ана жүзіме қарады да:

— Қарағым, танымасақ та иман жүзді екенсің! Бөбегің көп жасасын! Жәкеннің жасын берсін!— деді. Ішім жылып сала берді.

— Айтқаныңыз келсін!— дедім елжіреп.

Қайттық. Авобустамыз. Бір кезде, алдыңғы орындардың бірінде отырған Айманкүл апайға (Әбділданың шешесі) көзім түсті. Ол кісінің қолында да бір жартылық қымыз. Арамыз жақын еді.

— Айеке!— дедім.

— Әу, Диханжан! Сен де осында ма едің?

— Иә, Айеке!

— Қолындағы бөтелкең қымыз ба?

— Иә, Айеке, Невеліме татырайын деп ырым қып... Жәкеннің жасын берсін деп...

— Соның жөн. Өйтпесең ұрсар едім саған. Мен де Рүстемжаным (немересі)...— деп, қымыз толы бөтелкесін қолымен көтере көрсетті.

Жәкеннен айрылған сәтте қазақ әдебиетінің төрі үңірейіп қалғандай болды. Бірсыпыра жыл етене, өз

әкемдей, жыр әкемдей көріп арқа сүйеген, мақтаныш еткен алыбынан айрылып, аңырап қалған жүрегім:

Уә, Жәке, балаң едім құрмет еткен,
Мұның не бізді ерте тастап кеткен?
Шынында Алатаудың өзін тұрсын,
Баурайы бесігінде жыр үйреткен.
Өлім жоқ өзіне де, сөзіне де,
Тірлікте адам жанын тебіrentкен!—

деп толғанып бір кеткен едім.

Құрметті жыр алыбы, тірісіз әлі. Ортамызда, төрімізде өзіңізсіз!

ЖАҚАН СЫЗДЫҚОВ

ҚЫЗЫЛ КІТАП

...1938 жыл. Апрель, май, июнь айлары. Мен Москва қаласындамын. Бұл жолғы сапарымның мақсаты — Жәкеңнің өлеңдер жинағын бастыру еді. Ақынның жинағын бастыру, әрі редакторлық міндетін атқарып, мезгілінде қадағалап шығару маған жүктелген болатын-ды. Бұл кітапты қалай да болса, Жәкеңнің әдеби еңбегіне 75 жыл толған тойына үлгіру керек болды. Уақыт тығыз. Жұмыс қауырт. Күн сайын Алматыдан:

— Жақан-ау, кітапты қашан үлгіртесің? Қашан басылады? Тойға үлгіресің бе? Тез бітіру керек!— деген телефон сылдыры, асығыс телеграммалар үсті-үстіне соғылады.

Шлюзовая набережная көшесіндегі 10 номерлі «Полиграфкнига» баспаханасында тынымсыз жұмыс істеудеміз. Жинаққа әдемі қағаз табу, шарт жасасу, редакторлық міндетіммен бірге, бір әрпін қате жібермей корректорлық ету, мұқабасын әсемдеп, көркем өрнектермен шығару, басылып біткен тираждарды облыстарға, кітап дүкендеріне әлсін-әлсін жөнелтіп отыру оншалықты оңай да жұмыс емес. Әйтседе бұл жұмыстардың қауырттығына қарамастан, барлық күшімізді салудамыз. Әсем баспахананың оңаша бір бөлмесінде отырып жинаққа қосылатын өлең, жырларды, поэмаларды рет-ретімен орналастырудамыз.

Баспахананың әріп терушілері берілген материалды лезде-ақ теріп, әбден састырады.

— Тағы да материал керек,— дейді әріп теруші цехының басқарушысы.

— Үлгере алмай жатырсыңдар,— деп бір әріп теруші қынжылғандай болады.

— Нәрсеге соңға қалып отырасыздар,— дейді бір татар әріп теруші.

Қаншама уақыт тығыз, мезгіл таяу болғанымен жинақты үлгеріп шықтық. Бірақ Жәкеңнің 75 жылдық тойына қатысуға мүмкіндік болмады. Біз 75 жылдық тойды Москва қаласында өткіздік.

Осы сапардан қайтып оралғаннан кейін, кітаптың 10 данасын алдым да, Жәкене жүріп кеттім. Ондағы ойым Москвада басылған жинақты тарту етпекші болдым. Үйіне кіріп келсем, Жәкең домбырасын алып, керуеттің үстінде отыр екен. Сәлемдесіп болған соң, қолымдағы басылған кітапты көрді де, маған бір қарап:

— Мынау не?— деді қарт ақын.

— Москвада басылған сіздің кітабыңыз, әдейі сыйлыққа әкелдім.

— Көрсетші өзін.

— Кәзір, Жәке.

Кітапты қолына алды да:

— Жаксы басылған екен. Өзі неше бет болды?

— 228 бет.

— Бағасы қанша?

— 8 сом.

— Неше өлеңім басылды бұл кітапқа?

— 70.

Қарт ақын кітапты олай-бұлай қарастырып алды да:

— Қәне, ең бірінші беттегі өлеңімді оқып жіберші.

Токсандағы Жамбылға
Толқындалып сөз келді,
Көктеменің көгіндей
Кәрі өмірім өзгерді.

— Иә, бұл менің орден алғандағы айтқан өлеңім ғой.

— Тағы да орта кезінен бір оқып жіберші.

Көңіл көкке шарықтап,
Қуанбасқа немене?
Құйғандай қуат сергітім,
Токсандағы денеме.

— Бәрекелді, балам! Бұл менің «Сәлем бүкіл халықтан» деген жырым ғой.

— Енді «Қымыз» дегенімді оқышы, Жақан?

Үйірілген, қышкыл, тәтті, сары қымыз,
Ауруға ем, сауға қуат дәрі қымыз,
Ыстықта ұрттар сусын таппағанда,
Ерте-кеш, байлар ішкен кәрі қымыз.

— Әй, Тезекбай, әкел қымызды! Әңгімелесе, шүйір-келесе отырып, Жәкеңнің «дәрі қымызын» сіміріп алдық.

— Рақмет, балам! Кітап жақсы басылған екен. Әңгіме соқ, қонып кет!

Жәкең үйіне қонғанда, күні бойына құлақ құрышын қандырып, біресе ойға жетектей, біресе күлкіге қарық қылып талай келелі сөздерді сөйледі.

Жәкеңнің қайтыс болғанына 10 жыл толғанда, әрі қарт ақынның мейірбан тұлғасы, әрі оған тарту еткен қызыл кітап көзіме елестейді.

Мәжілісі қызық, алды кең, тамаша еді Жәкең. Ата десе ата еді ол. Барған сайын, жолыққан сайын қарт ақыннан үлгі алып, өнеге көріп, масайрап қайтатын едік. Оның шалқыған жыры бізді қанаттандыра түсетін еді.

ШАМҒАЛИ САРЫБАЕВ

ФОЛЬКЛОРДЫҢ БІЛГІРІ

Мен Жамбыл ақынды 1922 жылы 9 июньде Ұзынағашта болған Қосшы ұйым мүшелерінің мерекесінде көрдім. Сол мерекеде Жамбыл көп жас ақындардың ұстазы сияқты көрінді. Жамбыл Жабаев сол жылы 68-де еді (жылы қоян). Көп өлендер айтушы еді. Жамбыл жасы ұлғайған адам болса да, жаңа тұрмыспен бірге өрлеп келе жатқан ел ақыны. Жамбылдың бұрын-соңғы өлендерін жинап алу керек. Жамбылдың ерте уақыттағы өлендерінің бірқатарлары мыналар еді:

1. Көрұғлы (15 күн ұдайымен айтады деседі).
2. Ерназар-Бекет.
3. Сүйінбай мен Қатағанның айтысы.
4. Садыр патша мен Жамбыл патшаның заманы.
5. Тезек пен Сүйінбай
6. Жамбылдың (өзінің) Құлманбетпен айтысы.
7. Шалтабай дастаны.

8. Абылай ханның Бұхар жыраумен үш жүздің баласын аралағаны.

9. Шежірелер

10. Әр түрлі термелер.

Жамбыл сынды таланттар халық фольклорын елінің өскеніне қарап өрлетіп отыратын тарландар. Олар біріншіден, жаңадан өлең қосса, қайнар бұлақтың көзін ашса, екіншіден, бұрынғы хан тұсында ықтиярсыз өзгерілген ел өлеңдерін өз қалпына түсіріп, айтып бере алатын дарындар. Бұл іске Қазақстан көркем әдебиет баспасы мұрындық болар деп сенеміз.

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ

АТАМЫЗ ЖАМБЫЛ АҚЫНҒА

— Мен Жәкеңді көргенім жоқ, Мәке. Бірақ Жәкене соғыстан өлеңмен хат жолдаған едік.

— Жәкең жауап берді ме сендерге?

— Берді. Сол хатты қалай жазғанымызды және Жәкеңнің жауабын қалай алғанымызды айтайын ба Сізге?

— Е, айт.

— 1943 жылдың январында біз Калинин майданында едік. 16 март күні дивизион командирінің орынбасары капитан Рахматуллин мені батареядан штабқа шақыртты.

— Сержант, саған аса жауапты міндет жүктеледі,— деді ол, менің бас-аяғымды бір шолып өтіп.— Осыдан жүз километр жерде Таборы дейтін станция бар. Сол станцияның төңірегіне армияның қару-жарақ қоймасы орналасқан. Содан барып тығыз түрде дивизионға үш зеңбірек, танкіге қарсы ататын 15 мылтық (ПТР) әкелесің. Төртінші күні қайтсең де осы жерде болуың керек. Қарауыңа 9 адам, 18 ат беріледі, осының бәріне ба-сыңмен жауап бересің!

Бұдан кейін капитан қайтарда жау самолетінен сақ болуды, көбіне түнде жүруді ескертті. Біз баруға тиісті деревняларды картадан көрсетіп, қағазға жазып берді. Адамға да, атқа да төрт күндік азық алып, дереу жүріп кеттік.

19 март күні кешке дивизион штабына келіп, капитан Рахматуллинге бұйрықтың орындалғанын баян еттім.

Ол біз әкелген қару-жарақты көзімен көріп, қабылдаттырды да:

— Сержант, саған тағы да тығыз бұйрық бар,— деді маған.— Сені үш күннен бері бригаданың саяси бөлімі қатты керек етіп, іздеп жатыр. Подполковник Бәйішевтің өзі телефон соқты. Сені «келе сала бригада штабына жібер» деп бұйырды. Осы қазір жөнел. Старшинаға барсаң астыңа тың ат, қасына атқосшы қосып береді. Бірақ барысымен аттарды кері қайтарып жібер.

Бригада штабына біз екі атты танаулатып, қас қарая жеттік. Жеткенше мен: «Тығыз түрде неге шақыртты екен?»,— деп ойлап, әрі-сәрі болдым. «Әлде офицерлік оқуға жіберетін болды ма екен? Әлде бригада газетінің редакциясынан маған орын босады ма екен»,— деймін ішімнен. Олай ойлайтыным, бір ретте әскери училищеге кетпек болғанымда, подполковник мені өзіне шақыртты.

— Не себепті әскери училищеге барғың келеді?— деп сұрады ол.

— Офицер болсам Отанға пайдам көбірек тие ме деп ойлап едім, жолдас подполковник.

Подполковник сәл ойланып қалды.

— Нағыз коммунист,— деді ол, біраздан соң менің бетіме тура қарап,— сержант болса да, солдат болса да Отанға өз пайдасын тиісті дәрежеде тигізе алады. Сен зенбірек командирісің, үгітшісің, ақындық талабың тағы бар. Ендеше осы орында да сенің Отанға тигізер пайдан аз емес.— Содан соң ол сәл күліп қойды.— Осында бүкіл бригада мені, менен кейін сені біледі. Мен подполковникпін, құрама командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасарымын, сондықтан біледі. Ендеше, екеуіміздің бригаданы тастап кетуіміз жөн бе?— Подполковниктің бұл әзіліне мен не дерімді білмей, сасқалақтап қалдым. Соны аңғарды да, ол қолын менің иығыма салды.— Сен училищеге бармай-ақ қой. Газетте онсыз да нөмір сайын мақалаң шығады. Редакцияда орын босаса, сонда орналасарсың. Одан соң офицер болу қашпайды. Мақұл ма?

— Құп, жолдас полковник,— деп, мен аяғымды сарт еткізіп, оң қолымды шекеме көтергем.

Содан бері үш айдай уақыт өткен. Менің орныма училищеге басқа біреу кетті де, мен батареяда қала бердім. Бірақ менде редакцияға орналаса қойсам-ау деген ой және болған жоқ. Өйткені мен редакцияны өз үйімдей, ондағы үш қызметкерді: Қасым Шәріповты, Жекен Жұмахановты, Диханбай Қосановты туған аға-

ларымдай көремін. Мен редакцияға бармасам бармай-ақ қояйын, тек осы ағайлар аман болса екен деп тілеймін. Олар да мені үнемі іздестіріп, сәлем айтып, блокнот, ақ қағаздан сәлемдеме жіберіп жатады. Құрамамыздың дұшпанмен жүргізген әрбір ұрысынан кейін кездескенімізде олар: «Апырай, сені осы ұрыста аман шықса деп тілеп едік»,— деп, мені қуана қарсы алады. Мұндай қамқор жандардан кімнің айрылғысы келеді?

Капитан Рахматуллин маған бірден Трулино деревнясындағы редакцияға барып түсесің деген еді. «Тегі, мен сонда қызметке алынатын болғаным ғой. Апырау, сонда кімнің орны босады екен: Жекеннің бе, Диханбайдың ба? Босағанда ол қайда кетеді? Әлде жараланып, әлде жазым болып қалды ма?»

Осы оймен деревня шетіндегі редакция жайғасқан қамыс шатырлы шаруа үйінің босағасын аттап, ішіне кірдім. Кірсем, үш ағамның үшеуі де аман-есен, өз орындарында отыр: Қасым ұзын үстелдің қақ ортасында, Жекен мен Диханбай екі жақ басында 57 миллиметрлік зеңбіректің гильзасынан жасалған май шамның түбінде бұқиысып гранка оқып жатыр. Қуанғанымнан мен оларды шеттерінен бас салып құшақтай алғым келді. Осы ниетпен есік жақта отырған Жекенге қарай ұмтыла бердім. Жекен басын тез көтеріп алды да, қара көлеңкеде сырттан кірген мен екенімді бірден таныды. Ол үн шығармастан ернін жымыра қойды да, маған жотасын беріп ары қарап отырған Қасымды иегімен нұсқады. Мұнысы: «Алдымен Қасымға әскери тәртіппен рапорт бер»,— дегені еді. Капитан Шәріпов қарамағындағы екі адамды қатаң әскери тәртіппен ұстайтын. Олардың редакциядан шығарда немесе бір жақтан келгенде белбеулерін түзеп, капитанның алдында қаздып тұра қалып, оң қолдарын шекеге қойып, бір жерге баруға рұқсат сұрап, бітіріп келген істерін баяндап жататынын талай рет көргенмін. Мен де дереу қолымды шекеме апарып, редакторға қарап қалшия қалдым.

— Жолдас капитан, артдивизион командирінің орынбасары капитан Рахматуллиннің бұйрығы бойынша редакцияның қарамағына келдім.

Капитан Шәріпов орнынан тұрып, тіп-тік бола қалды. Бірақ мен баяндап болғаннан кейін, бұрынғыдай бірден қолын созбады.

— Сіз подполковник Бәйішевтің бұйрығын неге

орындамайсыз?— деді қатқыл үнмен.— Осы күнге дейін келмей қайда жүрсіз?

Мен дивизион командирінің бұйрығымен төрт күн командировкада болып, бүгін кешке қарай оралғанымды, келе сала редакцияға жетуге тапсырма алып, жаңа ғана аттан түскенімді айттым.

Осыдан кейін ғана капитан менің өзгелермен сөйлеуіме рұқсат етті. Біраздан кейін олар алдарындағы гранкаларын оқып бітірді де, біртіндеп әңгімелесе бастады. Капитан өзіміздің бригада газетінің бір нөмірін алып, бірінші бетін нұсқады да:

— Мына өленді оқыдың ба?— деді.

Қолыма алып қарасам, Жамбылдың «Балама хат» деген жаңа өлеңі екен. Газеттің мен бөлімнен жолаушы кететін күнгі нөмірінде басылыпты.

— Жоқ, капитан жолдас, менің бес күннен бері газет көріп тұрғаным осы.

— Ендеше жақсылап оқып шық.

Мен өленді оқуға кірістім. Капитан шинелін жамылып сыртқа шығып кетті. Диханбай қоса шықты.

— Ә, бәлем, өзінді біздің мықты жақсылап тұрып бүріп алды-ау,— деді Жекен әзілдеп.

Мен күліп, басымды изедім.

— Неге өйтті?

— Оқы андағы өленді. Осыған байланысты саған тапсырылатын үлкен шаруа бар.

Өленді оқып шықтым. Жамбылдың баласы және достары ақынға хат жазғанға ұқсайды. Бұл қарт ақынның соларға жолдасқан жауабы тәрізді. Жәкең баласын да, басқаларды да ерлікке шақырған. Бірақ баласының аты кім екені айтылмаған сияқты. Сондықтан мұны барлық майдангерлерге арнаған десе де болғандай екен.

Сырттан бір қап аязды қоса алып үйге капитан мен Диханбай кірді. Шинелін іліп, қолын уқалап келіп капитан менің қасыма отырды да:

— Ал өлең қалай екен?— деді.

— Жақсы, жолдас капитан.

— Қай жері ұнады?

— Бәрі де, әсіресе «Алғадай, ылғи алда бол, аянған адам болмақ қор»,— деген жері жақсы.

— Міне, міне,— деді капитан ентелей түсіп.— Алғадай деген — Жамбыл жолдастың туған баласы. Ол осы өзіміз сияқты майданда жүр. Бұл өленді Жамбыл жолдас сол баласына арнаған. Сонымен бірге бұл өлең саған да, маған да, мына екі жолдасқа да,— капитан иегі-

мен Диханбай мен Жекенді нұсқады,— қала берді бүкіл совет жауынгерлеріне арналған, бәрімізге де жігер беретін жыр. Солай емес пе?

— Солай.

— Ендеше Жамбыл жолдасқа біздің жауап жазуымыз керек. Подполковник: «Тездетіндер»,— деп қысып жатыр. Хат тек қана өлеңмен жазылатын болады. Және оны сен жазатын болдың. Бригаданың барлық тарихы өзіңе таныс. Солардың ерлігін Жамбыл жолдасқа жеткізу керек. Бүгін тынық та, ертең таңертеңнен бастап осы іске кіріс.

Әріп теруші Досқали Есентаев қайнатып әкелген кешкі шайды іштік те, бәріміз жатуға қамдандық. Әлгінде ғана өзіміз жағалай отырған үстел енді лезде капитанға төсек болды да, Диханбай, Жекен және мен үшеуіміз, апанға кірген аюдың балаларындай боп, оұрыштағы орыс пешінің қуысына жайғастық.

Ертеңінде мен іске кірістім. Түнде өзім ұйықтап шыққан жер — орыс пешінің қуысы менің «кабинетім» болды. Есентаевтың тақтай жәшігін стол етіп алдыма қойдым да, Жамбылға жауап жазуға кірістім. Төменде, едендегі үстел басында Қасым, Диханбай, Жекен үшеуі өз газеттерінің кезекті нөмірін шығарып жатты.

Мен қабағым түксиіп, ернімді қайта-қайта тістелеп, ойлана отырып, хат жолдайтын адамның келбетін көз алдыма елестетуге тырыстым. Бірақ одан ештеңе шықпады. Өйткені мен Жамбылды бұрын көрген емеспін. Мен оның суреттерін ғана білемін. Қазақтың кәдуескі дөңгелек бөрік, қаусырма шапаның киген ақсақалды қарт. Ондай қарттар әр ауылдан кездеседі. Сондықтан олардың жүзі өз атаңның жүзіндей таныс, өз әкенің өңіндей жылы. Мен өз ауылымның қарттарын көз алдыма келтірдім. Ауылымыз жазыққа орналасқан, жатаған қазақы үйлерден тұратын еді. Оның шығыс жағында шағындау өзен болатын. Көктем мен күзде өзеннің буы бұрқырап жататын. Сол ғажайып будың ар жағынан мұнартып, сенгір-сенгір таулар көрінеді.

Бұдан соң менің көзіме бірден Алатау елестеді. Көк-орай шалғын, көк майса алап, қырмызы гүл, қызыл алмаларды көргендей болдым. Алдымнан жауатын күндей күркіреп, үйірлі құландай дүркіреп, Алматы өзені шыға келді. Ол өзеннің бойында біз шатыр тігіп, лагерьде жатқанбыз. Сол жерде, қойтастарды қуалап, тайдай тастарды тулатқан қуатты тау өзенінің жағасында әскер өнеріне жаттыққанбыз. Жауды тастай домалатып, ал-

дыға сап қууды сол өзеннен үйренгенбіз. Сол арадан біз майданға аттанғанбыз. Атадай мейірбан Алатауды артқа тастап, мыстан кемпірдей зымиян соғыспен беттесіп, белдесуге келгенбіз.

Неміс фашистеріне қарсы біздің алғаш ұрысымыз Қалинин облысының Молодой Туд деревнясының түбінде басталды. Осы жерде Қазтай Әлжанов, Райымжан Әшкеев, Қажым Көшекөв сияқты командирлер шейіт болды. Сержант Қарабек Бұрышев жаумен қапысыз ұрысып, ол қаза тапты. Бұдан кейін біз дұшпанмен орыстың ескі қаласы Великие Лукидің түбінде шайқастық. Ертіс бойының ер ұлы Әбдірақман Бимурзин бір ұрыста жаудың бес танкісін бірден өртеп жіберді. Қазақ үкіметінің бұрынғы басшыларының бірі Елтай Ерназаровтың баласы Мырзаби Елтайұлы Ерназаров үш танкіні жойды. Бұл екі азамат та ерлікпен қаза тапты. Олар өлгеннен кейін, сол взводтың командирі сержант Рымбек Байсейітов жаудың үш танкісін жалғыз өзі құртып, жолдастарының кегін қайтарды. Бұдан кейін бригададан бүкіл майданға аты жайылған құралайды көзге атқан атақты мерген Ыбырайым Сүлейменов шықты.

Мен Жамбылға осы ерлерді сыпаттай айтуды қажет деп білдім. Менің жазғаным нағыз өлең болмай-ақ қойсын. Бірақ мен ұлы ақынға осылардың аттарын атап, еткен ерліктерін баяндап берейін. Содан соң Жәкең оларды өзінің өлмес жырына қоссын.

Осылай деп ойлаған мен сусылдатып жаза бердім. Бас көтермедім. Бір кезде капитан Шәріповтың команда берген даусы құлағыма келді.

— Встать! Смирно!

Ойым кілт үзіліп, басымды көтеріп алсам: есіктен етіктерінің қары сықырлап, екі адам кіріп келеді екен. Алдыңғысы — үстіне шолақ ақ тон киген, орта бойлы кісі. Тани кеттім — подполковник Бәйішев.

Үстел жаққа қарасам, екі аға лейтенанттың екеуі де де орындарынан атып тұрып, қолдарын жамбастарына жапсыра ұстап, тіп-тік боп тұр. Қағазымды жәшіктің шетіне сырғыта салып, пеш үстінен төмен секіріп түстім де, мен де қаздып қалдым. Подполковниктің: «Жарайды, Қасым, вольно, вольно!» — дегеніне қарамастан, капитан оның алдына көлденең тұра қалып, рапорт берді:

— Жолдас подполковник, редакция қызметкерлері кезекті нөмірді әзірлеп жатыр. Сіздің бұйрығыңыз бойынша сержант Нұршайықов Жамбыл жолдасқа хат жазуға кірісті. Баяндап тұрған капитан Шәріпов.

Подполковник капитаннан бастап бәрімізге қол беріп амандасты.

— Сенің мұнда кеткеніңді кеше артдивизионнан маған баян етіп еді,— деді подполковник, менің қолымды босатып жатып.— Осында тек сенің жайыңды білейін деп қана келдім. Қалай, Жамбылға хат жазуға шабытың бар ма?

— Бар, жолдас подполковник.

— Болғанда қандай,— деді капитан пештің қуысындағы жәшікті иегімен нұсқап.— Бұл өзі бірсыпырасын жазып та тастады.

— Немене, сендер өздерің бұған пеш үстінен үйшік жасап бергенсіңдер ме?— деді подполковник, көзін көлегейлеп пештің қуысына қарап.

— Үйшік емес, кабинет қой,— деді Диханбай.

Подполковник күліп жіберді. Біз де қосыла күлдік.

— Үстелдің басына өздерің отырып алып, мұны пештің қуысына тығып қоясыңдар да, кабинет жасап бердік дейсіңдер, ә?

— Атамаңыз, жолдас подполковник, тіпті де олай емес,— деді капитан күлкісін тез тыйып.— Бұл жер суық, еденнен жел гулеп тұр. Мұны тоңбасын деп әдейі жылы жерге орналастырдық. Әйтпесе ол орын — мына екі аға лейтенанттың күнде таласып отырып жұмыс істейтін жері.

Жекен мен Диханбай «рас» дегендей, бастарын изесті.

— Онда оқасы жоқ,— деді подполковник маған бұрылып,— әзірше осы пештің қуысында отырып-ақ өленді жаза бер. Ертең, соғыс біткеннен кейін, сенің де ат шаптырым кабинетің болады. Сонда осы үшеуін өз үстеліңе жолатпай, сарғайтып, қабылдау бөлменде отырғызып қой. Мақұл ма?

Подполковник тағы да көңілдене күліп, маған иек қақты. Менің орныма жымия түсіп Жекен жауап берді.

— Жолдас подполковник, соғыс бітіп, аман-есен болсақ, бәтірекесі, осының-ақ қарауында қызмет істейік...

Бұл сөзді Диханбай да күле қостады. Тек капитан ғана тырс етіп тіс жарған жоқ, не жымияп, езу тартқан жоқ. Әзілді көп ұнатпайтын, өзін көбіне ресми қалыпта ұстайтын ол әңгімені дереу басқа жаққа бұрды.

— Жолдас подполковник, шешініп төрге шығыңыз, қонақ болыңыз.

— Жоқ, жігіттер, асығыспын, батальонға бара жа-

тырмын. Тек тізе бүгейін,— деп подполковник шешінбестен орындыққа отырды.

— Жолдас аға лейтенант,— деді капитан Жекенге иегін көтеріп,— сіздің подполковникке деп сақтап жүргеніңіз бар емес пе еді?

— Иә, айтпақшы сол бар екен-ау,— деп, Жекен бүкендеп бұрышқа қарай жүгірді.

— Оларын не?— деді подполковник Шәріповке.

— Мына Жұмаханов жолдастың үйінен сәлемдеме келген еді,— деп капитан күлімдеді.— Содан сізге әдейі арнап қойғаны болатын.

Үйден келген сәлемдеме дегенде, мен де елең ете қалдым. «Не нәрсе екен, қалай келді екен?» деп ойлады да, Жекенге қарадым. Ол бүккендеп барып үйдің бұрышында жатқан үлкен қара тонның арасын ашты. Одан кенепке оралған бір нәрсені алды. Кенептің ішінен ақ шүберекке оралған шағындау жәшік шықты. Жекен, оң иығы қайта-қайта қозғалып, жәшіктен опырып бірденені алды да, ішінде от жанып жатқан пештің аузына қарай бүкендеді.

— Қазір мен мұны ысыта қояйын.

Диханбай мен Жекен екеулеп жүріп буы бұрқыраған бір ыстық асты қаңылтыр мискаға салып әкеп үстелдің үстіне қойды. Үстел жанында төрт орындық болатын. Соның бос тұрған біреуіне подполковник мені, екіншісіне өзімен бірге келген фотограф Ыбырайымовты отырғызды. Жекен мен Диханбай түрегеп тұрды. Буы бұрқыраған тәтті ас бәрімізді тамсандырып жіберді.

— Ау, жігіттер, мынау қуырдақ қой,— деді астан алдымен дәм татқан полковник.

— Иә-иә, қуырдақ,— деді Жекен жымия бас иіп.

— Алындар, жігіттер, бұл бір ғажап тәтті дәм екен.

Подполковникке ілесе табаққа біз де қасықты салдық. Шынында да бұл өзгеше бір керемет ас екен. Тіл үйірген тәттілігі сондай, тіпті адам оны тамақтан ары қарай өткізуге қимайды. Дәмін аузында сақтап, тұра бергің келеді. Дүниеде дәл осы қуырдақтан тәтті тағам жоқ та шығар деп ойладым мен.

— Апырау, мына қуырдақ мұнда қалай жеткен, қандай ыдысқа салып жіберген?— деп сұрады подполковник Жекеннен.

— Осылай етіп пісіріп, қарынға салып жіберіпті.

— Кім жіберген, келін бе?

Жекеннің көзі жайнап, нұрланып кетті.

— Бұл — ана жіберген ас,— деді ол мақтана жыми-

ып қойып. Жаңасемейдің жанында, Жоламан деген ауылда кәрі әкем мен шешем тұрады. Бұл дәмді солар жіберген.

— Жент те бар, жент те келген,— деді Диханбай табақтағы қуырдақтан алып, түрегеп тұрып асап жіберіп.— Әй, Жекен, жентіңнен әкелсеңші!

— И-я, жент те келген,— деп, Жекен қара тұлыпқа қарай қайтадан бүкендеді.

Подполковник женттен де ауыз тиді. Содан соң рақмет айтып, орнынан тұрды:

— Қалай, хатты күні бойы бітіріп, кешке маған алып келе аласыңдар ма?

Ол капитан екеуімізге кезек қарады.

— Бітіреміз, жолдас подполковник,— дедім мен.

— Осы отырған бәрің қарап болғаннан кейін, түнде де болса маған алып келіндер.

Осы тапсырманы айтып, подполковник кетіп қалды. Оны капитан мен екі аға лейтенант есік алдына шығарып салып, қайтып келді.

— Ал сілте, сержант,— деді капитан, өзінің ескі әдеті бойынша, екі қолын қайта-қайта уқалап.— Қайтсек те кешке подполковникке жетуіміз керек.

Подполковник келгенде, мен хаттың Бұрышев, Бимурзин туралысын тәмәмдап, Ерназаров жайындағы тарауына келген едім. Кешке дейін қалған бөлімін бітіріп, жазғанымды редакция қызметкерлеріне оқып бердім. Олар көп түзету жасаған жоқ. Жекен мен Диханбай артиллеристер көп айтылып кетіпті деп, Байсейітов туралы шумақты алдырып тастады. Шәріпов хатқа алғашқы ұрыста опат болған батальон командирі Райымжан Әшкеевті қосу керек деген ұсыныс айтты. Ол менің алғашқы өз жоспарымда бар еді. Асыққандықтан болу керек, қалдырып кетіппін. Оған арнап тағы бір шумақ қостым. Содан кейін барлық жазғанымды қайтадан таза қағазға көшіріп, подполковникке баруға әзір болдым.

Түн аяз, ай сүттей жарық екен. Капитан екеуіміз шыны қарды шықыр-шықыр басып, деревняның екінші жақ шетіндегі саяси бөлім орналасқан үйге қарай жеделдей аяндадық.

Саяси бөлім қамыс шатырлы шаруа үйіне орналасқанмен, оның бастығы майор Әбдірахман Досанов пен құрама командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары подполковник Сақтаған Бәйішев екеуі жертөледе тұрады екен. Жертөле жанына қойылған сақшымен тіл-

десіп капитан оған сол күнгі парольды айтты. Содан соң емеуіміз биік жер баспалдақпен төмен түсіп, ішке кірдік.

Кең жертөле екі бөлме тәріздендіріліп, ортасынан плащ-палаткамен бөлініп тасталыпты. Кіре берістегі темір пешке бір қызыл әскер маздата от жағып отыр. Төрдегі екі жертөсектің біріне жайғасып алып майор Досанов радио тыңдап жатыр да, плащ-палаткаға тақау қойылған үстел басында, подполковник алдында тұрған ондық шамның жарығымен қағаз жазып отыр екен. Капитан Шәріпов екі бөлменің есігі іспетті ашық жерге тұра қалды да, оң қолын шекесіне көтерді.

— Жолдас подполковник, сіздің тапсырмаңыз орындалды. Жамбыл жолдасқа жазылған хаттың тексі дайын. Баяндап тұрған капитан Шәріпов.

— Ә, келіп қалдыңдар ма?— деді подполковник, ресми баяндамаға мән беріңкіремей.— Кәне, шешініп жоғары шығындар.

Біз шешініп, майор Досановпен сәлемдестік.

— Хал қалай, жолдас сержант?— деді ол маған.

— Жақсы, жолдас майор.

— Дұрыс. Жәкеңе арналған хатты тез жазып әкелгендерің жөн болды.

— Ал қане, тыңдаймыз ба?— деп, подполковник алдындағы қағазын жинап, төсегінің үстіне апарып қойды.

— Тыңдайық, тыңдайық — деп, майор үстел басына қарай ыңғайланды. Оның қасына подполковник, бер жағынан Шәріпов келіп отырды. Шәріповтен төменірек мен орналасып, ондық шамды жаныма жақындатып алдым да, бар демімді ішіме тартып, хатты оқи жөнелдім. Тегі зуылдатып, тез оқып кеттім-ау деймін, подполковник ескертпе жасады.

— Тоқта, сен автоматтың оғындай бытырлатпа,— деді ол,— әр сөзіңді мергеннің оғындай айқын қадап, жайлап айт.

— Өзіміздің Сүлейменовтың оғындай етіп,— деді капитан Шәріпов, подполковниктің сөзін қостап.

Мен қысылып қалдым да, басынан қайта бастап, жайлап оқуға кірістім.

Хатты подполковник те, майор да ұнатты. Бірді-екілі жеке сөздерге ғана түзету жасады.

— Ал енді бұл хатқа бригаданың орден, медальмен наградталған ең таңдаулы адамдары қол қоюы керек. Кәне, соларды атаңдар,— деді подполковник қарындашпен қағазды өзі қолына алып.— Әр бөлімнен де адамдар болсын.

— Ыбырайымнан бастау керек,— деді Досанов.— Сүлейменов деп жаз.

— Дұрыс. Бірақ бірінші етіп автордың қолын қоямыз,— деді Бәйішев қағазға менің аты-жөнімді жазып жатып.— «Қиіз кімдікі болса — білек соныкі» деген емес пе?

— Айтпақшы, солай екен-ау. Ол жөн,— деді Досанов бас изеп.— Онда Ыбырайымды екінші етіп жаз.

— Бұл хатқа құрамымыздағы қазақ қыздарының өкілі есебінде Сырлыбаеваның да қолын қойдыру жөн ғой деп ойлаймын,— деді Шәріпов.— Қатарымызда қазақтың ұлдары ғана емес, қыздары да бар екенін көрсету керек болар.

— Дұрыс,— деді майор.— Әттегене-ай, бір қызымыздың ерекше ерлігі болып, соны жаңағы жігіттердей, жеке шумақ етіп жібергенімізде қандай жақсы болатын еді.

— Ойбай-ау, олардың бәрі қамалып санотрядта отырған жоқ па, жолдас майор,— деді осы кезде босағада сүйеніп түрегеп тұрған жауынгер Сағынтай Керімқұлов.

— Неге, алғы шепте де бар ғой, Сағынтай,— деді майор басын көтеріп, есік жаққа бұрылып.— Жақында сержант Мәншүк Мәметова өзі тіленіп, штабтан пулемет батальонына кетті емес пе?

— Ол біреу-ақ қой,— деді Керімқұлов саусағын шошайтып.— Жалғыз қыз жеке батыр болғанша не заман?

Подполковник бұл сөздерді ойлана отырып, үнсіз тыңдады. Содан соң маған қарай бұрылды да:

— Ал артиллеристерден кімді ұсынасың?— деп сұрады.

Мен лейтенант Мәті Құсайыновтың, сержант Әлімжан Мамырбаевтың, қызыл әскер Мұқан Омарбаевтың, аға лейтенант Шайзада Әтеевтің, капитан Ыдырыс Истаевтың есімдерін атадым.

Бригаданың әр бөлімінен бірнеше адамның аттары тізілді. Ең сонынан барып подполковник өз фамилиясын жазды.

— Сағынтай, шайың бар ма!— деді подполковник, жертеленің екінші жағына қарай дауыстап.

— Бар, дайын, жолдас подполковник.

— Онда тез әкеле ғой. Қазір саған тапсырылатын жұмыс бар.

Подполковниктің қолқанат жауынгері Сағынтай Ке-

рімқұлов шай жасады. Подполковник, майор, капитан және мен төртеуіміз сол отырған орнымызда шай іштік.

— Газеттеріңнің келесі нөмірі қашан шығады?— деп сұрады подполковник капитаннан.

— Ертең. Одан кейінгісі 24 мартта.

— Бұл хатты 24 марттағы нөмірде жариялау керек болар,— деді Бәйішев Досановқа қарап.

Майор басын изеді.

— Құп болады, жолдас подполковник,— деді Шәріпов орнынан атып тұрып.— Ертеңнен бастап тергізе берейік.

— Онда,— деді подполковник, түрегеп тұрған капитанға қарап.— Қасым, сен қайта бер. Хаттың Жамбылға баратын данасын мына Сағынтай авторды қасына ала отырып, әдемілеп көшірсін. Мен бөлек қағазға қысқаша хат жазайын. Сөйтіп, мұны тездетіп елге жөнелтетін болайық.

Капитанды есік алдына шығарып салып, тез қайтып оралған Сағынтай жертөлеге сөйлей кірді.

— Мен бұл хатты мәңгі өшпейтін етіп бір жазайын, кәне, әкелші бері.

Сағынтай Керімқұловпен бұдан төрт-бес ай бұрын танысқанмын. Партия мүшелігіне кандидат болып өтіп, кандидаттық карточкамды алуға саяси бөлімге келсем, билет толтырып отырған жігіттердің бірі осы Керімқұлов екен.

— Газетке өлең жазып жүретін сен екенсің ғой,— деді ол маған.

— Иә.

— Ендеше саған партбилетті мен жаздым.

— Рақмет.

Жөн сұраса келе екеуіміз бір облыстікі болып шыққанбыз. Сол жолы мен оның подполковник Бәйішевтің қолқанат жауынгері екенін білгенмін. Сондықтан ба, ол маған өктем сөйлеген. Ол бұл жолы да маған өктем сөйлей бастады. Өктем сөйлегені емес пе: «Мен бұл хатты мәңгі өшпейтін етіп жазайын» десе. Оның жазуының әдемі екені рас. Бірақ мәңгі өшпейтін жазу бола ма? Осылай ойлап мен күлдім де:

— Сағынтай, сен қалай мұны мәңгі өшпейтін етесің?— дедім.— Ондай жазу бола ма?

— Мен жазсам болады!— деді Сағынтай, сенімді түрде.

— Сағынтай рас айтады,— деді майор Досанов, ра-

диокабылдағыштың құлағын қайтадан бұрауға кірісіп.— Ол жазса, өшпейді.

Сағынтай брезент сумкасынан аузы бұрандалы сия сауыт пен қаламын алды. Менің қасыма отырып, сия сауыттың қақпағын ашты да:

— Иіскеші,— деді.

— Спирттің бе, арақтың ба иісі шығады,— дедім мен танауымды тыжырып.

— О, гәп осында,— деді Сағынтай, сұқ саусағын шешайтып.— Мұны тушь деп атайды. Есінде болсын, тушьпен жазған жазу ешқашан да өшпейді. Ал, кәне, сен айта бер, мен жаза берейін.

Мен оған екі сағат бойы айтып отырдым, бірақ бір айтқан сөзімді бірнеше рет қайталап айтуыма тура келді. Өйткені Сағынтай саспайды екен. Ол мәнерлеп бір жолды жазады. Жазып болған соң нүкте немесе үтір қоя берген кезде, мен екінші жолды айтамын. Сағынтай оны тындайды. Басын біресе оңға, біресе солға қарай қисайтып, өз жазуына өзі сүйсіне кеп қарайды. Кейбір әріптерінің мүйізі шықпай қалса, оны саспай отырып, қайтадан өндейді.

— Немене, сен өзің партбилет жазып отырғандай, соншама сығалайсың ғой,— деймін мен оған.

— Сен қалай ойлайсың,— дейді Сағынтай ежірейіп.— Бұл — Жамбылға, демек бүкіл қазақ халқына, жазылып отырған хат. Ендеше мен бұған партбилет толтырғандай жауапкершілікпен қараймын.

Мен Сағынтайдың бұл сөзіне дау айта алмай, бөгеліп қаламын. Менің аузымды аштырмағанына риза болған ол, дүрдиген қалың ернін жыбырлатып, жазғанын тағы бір оқып шығады да:

— Ал айт,— деп, қаламын қайтадан ыңғайлайды.

Өстіп отырып біз хаттың тексін, одан соң хатқа қол қойған адамдардың фамилияларын жазып, ең соңын: «20 март 1943 жыл, Майдандағы Армия» деп тәмамдадық.

Ертеңінде хатқа онда аталған жауынгерлердің, командирлердің, саяси қызметкерлердің қолдары қойдырылды. Келесі күні хат Қазақстанға жөнелтілді. Хат ішінде шәкірт дәптерінің екі бетіне жазылған мынадай шағын жолдама жатты:

Жамбыл ата!

Біздің бөлімдегі қазақ жігіттері сізге арнап хат жазып, жүрегіндегі сезімін жолдап отыр. Бұл хат неміс-

фашист басқыншыларына қарсы күресте көргенімізді, істеген істерімізді суреттейді. Бұл күресте Отан соғысы майданындағы Сіздің балаларыңыздың арасынан талай ержүрек батырлар шықты. Бұлар қасық қаны қалғанша алысып, мыңдаған фашистерді жер жастандырды. Көптеген танкілерді құртты, ондаған деревняларды фашист тырнағынан босатты. Жаудың жүздеген қару-жарақтарын қиратып, қолға түсірді.

Енді Сізден Отан алдындағы борышын, ата сөзін ақтап жүрген осы ақиық жігіттер туралы тағы да ерлікке, батырлыққа бастайтын, неміс-фашист басқыншыларын түпкілікті құртқанша рухани күш беретін жыр шығаруыңызды сұраймыз.

Деніңіз сау, өміріңіз ұзақ болсын.

Жауынгерлік сәлеммен —

Н. құрамасы командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары подполковник Бәйішев.

Адресіміз: Полевая почта 73655 «Ж»

Келесі күні Қазақстанға жөнелтілген хаттың толық тексі бригадалық «Сталин үшін алға» газетінің бірінші бетінде мынадай боп басылып шықты:

Атамыз Жамбыл ақынға

(Біздің құрама жауынгерлерінің, командирлерінің және саяси қызметкерлерінің хаты).

Қазақ поэзиясының алыбы, халық ғасыры қарт Жамбыл, Сізге, Н. қазақ құрамасының жауынгерлері майданнан жалынды сәлем жолдап, қолыңызды қатты қысады. Біз, жауынгерлер, бұл хатты әрқайсымыз өз үйімізге жазып отырғандай сезіммен, адал жүрегімізбен, алтын күннің әлемге нұр шашқан жағына көз тіге, сүйікті қазақ даласын көңілге елестете отырып, Сізге жолдаймыз. Сізді өзіміздің туған әкеміздей ыстық, махаббатпен сағынып еске аламыз.

Қадірлі әкеміз Жамбыл! Сіздің «Балама хат» деген өлеңіңіз таң алдындағы шығыстың майда желіндей желіп бізге жетті. Біздің жігерімізді тасытты. Біз бәріміз де, осы хатты жазып отырғандар, батыр достарымыз туралы сіздің тәтті жырларыңызды тағы да оқимыз деген үміттеміз.

ТЫҢДАҢЫЗ, АТА,
ҰЛДАРЫҢЫЗДЫҢ ҮНІН

Әкеміз Жамбыл алыстан,
Ғасырды көрген данышпан,

Тындап құлақ салыңыз.
Ұлдарының майданна
Жауынгерлік сәлемін
Қабыл көріп алыңыз.
Ұлынды батыр сансыз мың,
Желіндей желпіп жеңістің
Жетті Сіздің хатыңыз.
Жолдаған сәлем жүректен,
Жалынды, жақсы тілекпен
Күш берді қарт атыңыз.

Уа, қадірлі атажан,
Ұлы жолға аттанған
Ұлдарыңа сеніңіз.
Жауды аяусыз қырамыз,
Тұрғызбастан ұрамыз
Тазарғанша еліміз!
Көкорай шалғын көліміз!
Асуы асқар беліміз!
Босағанша жеріміз
Тоқтамаймыз бір минут
Таусылмаса деміміз!

Фашист деген зұлым жау:
Ойнамайды, күлмейді,
Адамның тілін білмейді.
Кісі өлтіру, қан ішу —
Өзгені көзге ілмейді.
Сөйлесу керек олармен
Қызыл оттың тілімен,
Көк зеңбірек үнімен,
Үшқыр октың сөзімен,
Егеулі найза өзімен,
Болат қанжар жүзімен!
Ұғады соны фашистер,
Түсінеді шынымен.
Осындай сұмның талайын
Келтіріп тілге үйреттік,
Ат артына сүйреттік.
Аз келгенін аздырып,
Бір-бірлеп тобын сиреттік.

Қызыл отты қақ жарып,
Жауған оққа қасарып,
Дұшпанның жатқан жеріне
Іркілмей кірді ол барып.
Жүректі батыр Бұрышев
Гранатын қолға алып,
Қас батырша толғанып,
Бірін оңға құлатып,
Қырғидай тиді фашистке,
Жаңбырша оғын боратып.

Батыр ұлың Бимурзин,
Әбдірахман өз аты.
Тіліп түсер дұшпанын

Жігіттің өткірі болатын.
Ежелгі жауын көргенде,
Асығып сабыр тағаты
Қырып салар қынадай
Жеткенде мезгіл сағаты.
Жау құтылып кетер деп,
Үзбейтін, сірә, күдерді.
Жылдамдығы нажағай,
Қимылы жай оғындай
Жасымайтын жігерлі.
Бір ұрыстың үстінде
Фашистің бес танкісін
Бір-бірлеп өртеп жіберді.

Көк зеңбірек сүйреткен,
Егескен жауын күйреткен
Ерназаров Мырзаби —
Ұлыңыз ол да асқан ер.
Ұшқан құсты ілетін,
Желдей жүйрік жегіндер
Ауыздықпен алысып,
Түпке жеккен қарагер,
Зеңбіректі тартатын,
Кедергі болмай ылди-өр,
Жаяу әскер соңынан,
Көмек берді әрқашан
Қанатты ұшқыр жігіттер.
Атқаны аумап тиетін,
Өлік етіп фашисті,
Топ-тобымен үйетін
Талайын жойып фашистің.
Үш танкісін қиратты;
Жауды тынбай өлтіру —
Ісі еді оның сүйетін!

Қырағы қырдың қыраны,
Даланың өр құланы,
Таудың жүйрік бұланы.
Фашистерді екі жүз
Отыз тоғыз өлтірген
Сүлейменов Ыбырайым,
Қазақтың батыр ұланы.
Әшкей ұлы Райымжан,
Талай батыр баулыған,
Ақылды басшы капитан,
Ұрыста салқын сабырлы:
Қырандарын өрбітіп,
Жеңіске бастап жүрді сан.

Толып жатыр осындай,
Қаһарман батыр жігіттер,
Өзіңнің шешен тіліңмен,
Бұлбұлдай тәтті үніңмен,
Ұлдарыңды, кемеңгер,
Әлемге айқын жырлап бер.

Сұм фашисті, атажан,
Қарыс сүйем ілгері
Бастырмаймыз жеңеміз!
Сіз арқылы халыққа
Осылай серт береміз!

Хош болыңыз, карт ата,
Ұсындық, міне, қолымыз.
Талай жылдар тағы да
Сау-сәлемет болыңыз.
Ұлдарының жеңісін
Көзіңізбен көріңіз.
Асыл сөзбен ерлерді
Елге жырлап беріңіз!

Н. құрамасының жауынгерлері, командирлері мен саяси қызметкерлерінің тапсыруы бойынша: орденді жас ақын, сержант Нұршайықов Әзілхан, қос орденді мерген Сүлейменов Ыбырайым, орденді лейтенант Құсайынов Мәті, капитан Барманқұлов Олжабай, медальды мерген Матаев Заманбек, капитан Шәріпов Қасым, медальды сержант Мамырбаев Әлімжан, лейтенант Назаров Ислам, орденді аға лейтенант Исин Мәулен, қос орденді аға лейтенант Біләлов Әділ, әскери дәрігер Сырлыбаева Мариям, майор Досанов Әбдірахман, орденді қызыл әскер Омарбаев Мұқан, аға лейтенант Мақамбаев Нүрділда, капитан Қасымов Қани, аға лейтенант Әтеев Шайзада, капитан Дүйсенбеков Ғайса, капитан Исатаев Ыдырыс, медальды лейтенант Омаров Бексұлтан, лейтенант Қабдуллин Қалисар, аға лейтенант Рақымжанов Балабек, аға лейтенант Қасқарауов Жылқыбай, медальды аға сержант Баталов Жүсіп, подполковник Бәйішев Сақтаған.

Майдандағы Армия.

...Бұл күні біз тағы да ұрысқа аттанғалы жатыр едік. Түсте бар қаруымызды бойымызға асынып, алты-алтыдан ат жеккен зеңбіректерімізді сүйретіп, барлық батарея орман ішіне жиналдык. Үш батарея бірінің соңынан бірі тізіліп, дивизион штабының арбаларын алға қарай өткізіп, керуендей шұбалып, тоқтап тұрғанбыз. Мен жауынгерлерімді құрал-сайманымызды түгендеп, жегіндегі аттардың әбзелдерін тексеріп жатыр едім.

— Сержант, сізді іздеп келе жатыр,— деді солдаттарымның бірі.

Жалт қарасам, алдағы батарея жақтан бір атқа мініп бір атты жетекке алған біреу бізге қарай келе жатыр екен. Ат үстіндегіні бірден тани кеттім.— Сағынтай

Керімқұлов, жетегіне алғаны подполковник Бәйішевтің биік қара көк аты.

— Әй, Сағынтай, амансың ба?— дедім мен, оған қолымды соза ұмсынып.

— Е, көріп тұрған жоқсың ба, аман екенімді,— деді ол, атының басын тартып, сәл шірене түсіп.

Сағынтайдың әзіл сияқтандырып, осылай қыңырлау сөйлейтін мінезін бұрыннан білетінмін. Сондықтан оған мән бергенім жоқ.

— Қашан келдіңдер?— дедім, қайтадан сұрақ қойып.

— Дивизионға бағана келгенбіз. Сендердің тегіс жиналуларыңды тосып тұрмыз.

— Немене, жай ма?

— Жай емес,— деп Сағынтай маңғаздана қабағын шитты.

Ат үстінде тұрған ординарецтің бетіне күле қарардым да:

— Сағынтай, қазақта «Өзіміз би болмасақ та, би түсетін үй болып едік» деген мақал бар, білесің бе?— дедім.

— Білемін, оны неге айттың?

— Айтқаным: өзіміз адъютант болмасақ та, адъютант түскен отделение едік деп мақтанып жүрейік, түсенші атыңнан.

«Адъютант» деген сөзге ол мақтанып кетті-ау деймін. Домаланып атынан түсті де, шылбырын менің жауынгерлерімнің бірінің қолына ұстата салды.

— «Жай емес» дегенің не, Сағынтай?

— Есінде ме, анада Жамбылға хат жібергенде менің оны мәңгі өшпейтін етіп жазамын дегенім?

— Иә.

— Менің айтқаным келді.

— Қалай?

— Не қалайы бар? Жамбыл жауап жіберіпті. Бүгінгі бригадалық газетте басылып шықты. Подполковник қазір сол жайында митинг өткізеді. Майор Досанов, капитан Шәріпов және басқалары газеттің бір-бір данасын ұстап, басқа батальондарға кетті. Артиллерия — соғыс тәңірісі деген емес пе, сендерге подполковниктің өзі келді.

Барлық батареялар сапқа тізіліп, лек-легімен орман ішіндегі дөңгелек алаңға қарай тартты. Дивизион штабының бастығы, ұршықша иірілген, ақ құба өнді әдемі жас жігіт Әділ Біләловтың командасымен үш батарея

«П» әрпіне ұқсай сап түзеді. Сөйтіп, саптан төрт бұрышты қорған жасадық. Осы кезде бір шеттен дивизонның үлкен командирлері подполковник Бәйішевті орталарына алып, ішке қарай кіре берді. Аға лейтенант Біләлов жас қырандай саңқылдап, үн қатты.

— Дивизион, смирно! Равнение на середину!— Осылай деп алды да, штаб бастығы жалт етіп оң жағына бұрылып, сақылдап тұрған сап командирінің барша сәнді қимылын жасап, подполковниктің алдына барып, қазақша рапорт берді.— Жолдас подполковник, артиллерия дивизионы қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың жауап хатын тындау үшін сіздің бұйрығыңыз бойынша сапқа тұрғызылды.

Осы кезде менің жүрегім тағы да дүрсілдеп қоя берді. Подполковник ортаға шығып, қолын шекесіне ұстаған күйі:

— Сәлеметсіздер ме, жолдастар,— деді.

— Сәлем, жолдас подполковник,— деп, дивизион бірауыздан жауап берді.

Бәйішевтің рұқсатымен штаб бастығы қатты дауыстап, еркін тұруға команда берді. Осы кезде дивизион комсомол ұйымының секретары кіші лейтенант Тұраш Әбуов біздің батареяға қарай жүгіріп келіп, мені көзімен тауып алды да:

— Жүр, сені шақырып жатыр,— деді.

Кіші лейтенант екеуіміз жүгіріп, командирлер тұрған жерге келдік. Подполковник маған қол беріп амандасып, газет ұсынды.

— Мынау Жамбылдың жауабы. Қазір сен оқисың.— Содан соң ол дереу сапқа қарай бұрылып кетті.— Жолдастар, жауынгерлер, командирлер мен саяси қызметкерлер! Өздеріңізге мәлім, өткен март айында біздің бригада жауынгерлері қазақ поэзиясының алыбы қарт Жамбылға хат жолдаған болатын. Ол хат барлық бөлімдерде талқыланды. Жамбылдың хатына арналып бірнеше саяси сабақ өткізілді. Өйткені ол хат біздің Жамбылға берген, сол арқылы қазақ халқына, бүкіл Отанымызға берген сертіміз сияқты болатын. Міне, сол хатымызға жауап келді. Ал тындандар, аталарыңның үнін.— Осылай деп подполковник хат оқу үшін сөзді маған берді. Мен бар өнерімді салып, дауыстап, өзімше ақындық үнмен мәнерлеп, хатты оқи жөнелдім.

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕКТЕН

(Н-ші казак әскер бөлімі жауынгерлерінің, командирлері мен саяси қызметкерлерінің хатына жауап).

Өңкей өрім балалар,
Қолымыздан өсірген.
Ар азығын алғандар
Ананың ақ төсінен.
«Аталасан» еркелеп,
Орын берген қасымнан.
Сендер едің сол бөбек
Оң тіземе асылған.
Айтушы едім мен ертек
Қилы заман ғасырдан.
Ұға білсең боп зерек
Көңілім судай тасыған.
Өжет едің жасыннан,
Шығармаймын есімнен.
Сендер үшін басынан
Талай күнді ел кешірген..
Ер жеткізген осылай
Жасқандырмай ешкімнен!
Елдің қамқор досындай
Ер кәдесі ескіден.
Жау жағадан алғанда,
Жалаң қағып есірген,
Аттандырдық майданға
«Жауға ойран сал!»— десеумен
Хабарларыңды алғанда,
Қан майданда көсілген.
Қарсы шауып жауларға,
Қараларын өшірген!—
Соны құлақ шалғанда,
Хаттарыңа тесілгем.
Сендер қолқа салғанда,
Жырды аяйын несін мен!
Қарактарым, оқыдым,
Хаттарыңды арнаған
Батырлықты тоқыдым,
Бұрын құлақ шалмаған.
Неше алуан ер өткен,
Мұндай ерлік болмаған.
Қаһарың жер тербеткен,
Қайрат берген сол маған.
Бимурзин мен Бұрышев
Жауған оқтан таймаған.
Танкілермен ұрысып.
Найзағайша ойнаған,
Ыбырайым, Мырзаби
Жау қыруға тоймаған.
Кезегенге боп қырғи,
Көрінгенді қоймаған.
Кенес етіп соны ылғи
Күндіз-түні ойланам:
Сол батырлық болып күй,—

Өлеңімді қозғаған,
Қайсы бірін айтамын,
Көңілімді толғаған,
Хаттарыңнан байқадым,
Батырлықтың келбетін.
Мұздай темір құрсанған,
Жауар күндей томсарған,
Сталиннің әскері
Қамал бұзып, жол салған!
Қол алдында көсемі
Жеңу жолын болжаған,
Батырлары қаһарман
Бакыттарын қорғаған,
Басын тігіп жолына
Барлық жұрты қолдаған.
Несін аяр туған ел
Өзі өсірген баладан!
Есіл-дерті бір сендер
Зор үмітпен қараған.
Береді деп біле бер
Керегінді ел қалаған!
Білем: қатты майдан бар!
Көп жер жатыр жау алған
Жау қолында қалғандар
Қанды азапта қаналған...
Уа, қарағым, балалар.
Ер бол демей не дейін.
Ереуілді майданда
Үстем болсын мерейің!
Жауды қырып, айдауға
Талмай көмек берейін
Дүбір қосып айқайға
Қызыл тілді жебейін,
Сендерге өлең айтқанға
Еш шаршадым демейін.
Қан майдан боп жатқанда
Қарлығар ма көмейім!
Жүз жасаған жүректен
Жырларымды төгейін.
Көктеменің күніндей,
Жауды жеңіп күлімдеп,
Келгеніңді, балалар,
Аман-есен көрейін!
Қаһарманым, күнім деп,
Беттеріңнен өбейін!

Апрель, 1943 ж.

Менен кейін дивизион партия ұйымының секретары аға лейтенант Шайзада Этеев, дивизион комсомол ұйымының секретары кіші лейтенант Тұраш Әбуов, лейтенант Мәті Құсайынов сөйледі. Олар коммунистер мен комсомолецтер атынан, жауынгерлер атынан Жамбылға берген сертті абыроймен орындаймыз деп уәде берді. Ең

соңында подполковник қысқаша сөз сөйлеп, ұрысқа аттанып бара жатқан бізге жол болсын айтты.

Митинг бітіп, жауынгерлер тез өз зеңбіректері, арбалары тұрған жерге қарай тарады. Жүруге команда болып, дивизион жауға қарай шеру тартты. Менің ойымды Жамбылдың хаты кернеді. «Қаһарманым, күнім деп, Беттеріңнен өбейін» деп ол бізге ынтыға қарап тұрған сияқты болды. Осы кезде арт жақтан ат тұяғының дүсірі естілді. Жалт қарасам, колоннаның басына қарай оза тартып бара жатқан подполковник екен. «Подполковниктің қара көк аты — ғаламат желісті жылқы, оның желісіне шапқан ат жете алмайды», — дейтін еді Сағынтай. Расында да солай екен, садақтың оғындай сытылып, көсіле желген қара көк атқа жете алмай, Сағынтай арқан бойы алыста далбалақтап шауып келеді. Ол қасымыздан өте бергенде, мен қол сермедім. Сағынтай қол сермеген мен екенімді аңғарып, шауып келе жатқан атын кілт тоқтатып, қайырылып қасыма келді.

— Әй, Жамбыл, аман бол, тілектеспін! — деп қолын ұсынды. Аласұрып, қызып алған ат екеуімізге әрең қол алыстырды. — Бірақ бағанағы өтінішімді ұмытпа.

Осылай деп ол тақымын қысып алып, ұзаққырап кеткен подполковниктің соңынан құйғыта жөнелді.

Жауынгерлер оның сөзіне бағанағыдай қарқылдап күлген жоқ. Жай ғана езу тартты да, атының тұяғынан атқылаған дымқыл топыраққа сабырмен, аса бір ойлы пішінде көз тастады. Өйткені бұл сәтте жауға қарсы жорыққа аттанған әр жауынгердің, әр командирдің көңілінде, тек Жамбыл ғана болатын. Олардың құлақтарын Жамбылдың үні, жүректерін Жамбылдың жыры кернеп келе жатқанды. Сағынтайдың мені «Жамбыл» деп атағанынан ба, білмеймін, сол сәтте маған қабағынан қар жауған әр солдат қаһарлы Жамбылдың өзі тәрізді болып көрінді. Атқа мінген, автомат асынған, топ-топ болып, әскери арбалар мен сұсты зеңбіректерге ілескен, белдеріне граната байлап, бастарына дулыға киген сансыз Жамбыл сап түзеп, «Отанға тиген жау қайда?» деп, атой салып, қасқая тартып бара жатқан сияқтанды. Мен де өзімді сол қаһарлы көп Жамбылдың бірімін деп сезіндім.

Сол жолы подполковник берген газет менде қалған еді. Оның өзге жағын жорық кездерінде жолдастарым темекіге жыртып тауысқан, Жамбылдың өлеңі бар жағын құнттап қиып алғанмын. Сол қиынды менде осы күнге дейін сақтаулы.

Қызыл әскер Керімқұловтың: «Мен бұл хатты мәңгі өшпейтін етіп жазамын» дегені рас болды. Сағынтайдың сұлу жазуымен жазылған біздің хатымызға Жамбыл өлеңмен «Жүз жасаған жүректен» деп жауап қайырды. Ол өлең соғыс кезінде көптеген облыстық, майдандық, қызыл әскер газеттерінде басылды. Біздің хатымыз бен Жамбылдың жауабы республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 30 майдағы санында қатар жарияланды. Кейіннен бірнеше дүркін Жамбылдың жаңадан шыққан кітаптарына енді.

ҚҰСАЙЫНБЕК ӘМІРОВ

ҮШ КЕЗДЕСУ

1936 жылдың жайма-шуақ көктемі еді. Москвада қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтіп жатқан кез. Күні кеше ғана қараңғылықтың құрсауынан құтылған қазақ халқы үшін бұл онкүндік үлкен мерекеге айналды. Көшеде жолығысқан екі адам бір-бірінен жаңалық сұраса, алдымен онкүндік жайын әңгімелейтін.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Леон Исаевич Мирзоян жолдас пен Қазақстан Халық Комиссарлары Советінің председателі Ораз Исаевтың Ленин орденімен, сондай-ақ жыр алыбы Жамбыл ақсақалдың Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталуы — партияның сара басшылығының арқасында лениндік ұлт саясатының Қазақстанда қалай жүзеге асқандығының нағыз айқын көрінісі еді. Кемеліне енді келе бастаған сахна тарландары Күләш, Құрманбек, Серке, Елубай, Қалибек, Манарбек пен сол кездегі белгілі жазушылар С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқановтардың ерен дарынына халық қатты сүйсінді.

Газет пен радиодан естіп, білген қуанышты хабарымызға маз-мейрам болып, шаттанып жүрген шақта онкүндіктегілер де Алматыға қайтып оралды. Сол күні Алматы облыстық партия комитетінің бірінші секретары Андрей Дмитриевич Қиселев жолдас мені ертемен кабинетіне шақырды. Ол кезде облыстық партия комитеті қазіргі Киров көшесі мен Төлебаев көшесінің қиылысындағы екі қабатты ағаш үйде болатын. Мен ұйымдастыру — партиялық жұмыс бөлімінің меңгерушісі едім.

— Сіз тоқсандағы қарт ақын Жамбылды білетін шығарсыз?— деп сұрады Андрей Дмитриевич.

— Әрине, білгенде қандай, сырттай өте жақсы білемін. Тек жүзбе-жүз кездесіп көрген жоқ едім.

Біз солай өзара әңгімелесіп болғанша қасына Жамбыл атасын ерткен Күләш кабинетке кіріп келді.

— О, бәрекедді, міне өздері де келіп қалды. Сапарларыңыздың сәтті болып, онкүндіктен олжалы оралған қуаныштарыңызға біз де ортақпыз. Атақты Жетісудың абыройын биікке көтеріңіздер,— деп Киселев жолдас өте ризашылық білдірді. Сонан соң маған қарап:

— Мына ақсақалды ауылына апарып жайластыру жағын ұйымдастыруды сізге тапсырғалы отырмыз,— деді.

— Атаммен мен де бірге барамын,— деп Күләш та тілек білдірді.

Біз мінген жеңіл машина Қаскелеңнен өтіп Қастек (қазіргі Жамбыл) ауданына ойысқанда Жәкең өз-өзінен ыңғайсызданып, жиі-жиі қозғала берді. Мен ішімнен «ауылдастарын сағынған болар» деп ойлап қойдым. Осы ойым рас болды. Машина Ұзынағаш селосының орталығына кіре бергенде ұзын жолдың өнебойына иық тіресіп тұрған халыққа тап болдық. Енді машина жүруден қалды. Халық ентелеп келіп Жәкең отырған есікті ашып жіберді де, қарияға үлкен қошамет көрсетіп шулап кетті.

— Мен туған халқыма ризамын,— деп Жамбыл шынайы қуаныштан көзіне жас алды.

Әзер дегенде Жәкеңді халық ортасынан алып шыққан біз енді аудан орталығындағы клубқа келдік. Есік-терезесін айқара ашып тастаған клуб ішінде ине шаншар жер жоқ екен. Тіпті ауласына дейін адамға лық толы.

Салтанатты жиналысты ашқан Қастек аудандық партия комитетінің бірінші секретары Қолмогоров жолдас Жәкеңнің онкүндіктен үлкен абырой-атақпен оралғанын көпшілікке паш етті. Астанадан барған белгілі ақын-жазушылар өз туындыларын оқыды. Салтанат соңынан сөз алған Жәкең:

— Мені осындай дәрежеге жеткізіп мерейімді асқар таудай биікке көтерген осы отырған өздерің. Маған деген ыстық ықыластарың үшін мың да бір рақмет, халқым,— деп толқып кетті.

Жарты айдай уақыт жол жүріп, сүйікті астана — Москваны аралап, көп қызықтан шаршаңқырап келген

Жәкенді жиналыстан кейін біраз тынықтырып алып, тағы да жолға шықты. Ендігі бағытымыз Жәкеннің өз аулы болатын. Барар жерімізге шамамен бір шақырымдай қалғанда ауыл адамдары тайлы-таяғы қалмастан тағы да алдымыздан шықты. Еңбектеген бала мен еңкейген қартқа дейін қуана қарсы алып, қалың жұрт Жәкенді құшақтап, аймалай сүйіп көрісіп жатыр. Кейбір амандасуға қолы жете алмаған кемпірлер алыстан айғайлап:

— Ей, Жәке, сен бізді менсінбейтін болғансың ба?— деп әзілдейді. Ондайда Жәкең де қарап қалсын ба: «Е, солай, солай, сендерді енді мен қайтем» — деп қарқылдап күліп қояды.

Қаз қатар тігілген алты қанат үйлердің іші думанға толып, сол маңайдағы ауылдардың адамдары әп-сәтте жиналды. Мал сойылды. Москва сапарынан жинап қайтқан Жәкеннің әңгімесі көптің көңілін тербетіп жатты.

* * *

Жәкеңмен екінші рет 1937 жылдың апрелінде кездестім. Москвадан «Правда» газетінің тілшісі келіп, осы газетінің 1-майда шығатын номеріне Жәкеннің бір өлеңі жоспарланғанын айтты. Облыстық партия комитетінің тапсыруы бойынша тілшіні ертіп Жамбылдың ауылына келдім. Бұл кезде Жәкеннің ауылы бұрынғыдан көп өзгеріп, көркейе түскен екен. Сол күні жата-жастана отырып Жәкеңе келген бұйымтайымызды айттық.

— Жарайды, асықпай дем алыңдар, өтініштерің орындалар,— деді.

Келесі күні Жәкең сол маңдағы бір жылқышының үйіне бізбен қыдырып барды. Қыстан қалған сұр қазыны сүйсіне жеп отырып, біраз әңгімелесті. Мен сонда аңғардым. Жәкең ауызекі қалжыңға өте шебер екен. Үйге қайтып оралған соң мені қасына шақырып алып, екі-үш күннен бері көңілінде толғатып жүрген жыр шумақтарын нөсерлете төкті. Бүкіл прогресшіл адамзатты бірлікке, ынтымаққа шақырған бұл өлеңді қуана жазып алып Алматыға қайттық. Астанаға бізбен бірге Жәкең де жүретін болды. Қайтар жолымызда Қаскелең аудандық партия комитетінің бірінші секретары Сұлтанов жолдас тосып алып, қонақ етті. Сұлтановтың үйінде отырғанымызда Жәкеннің бір жиені сәлем берді. Ептеген ақындығы бар жігіт екен, қолына домбыра алып, біраз өлең айтты.

Өлең аяқталған соң оның қолындағы домбыраны, Жәкең өзі алып құлақ күйін келтірді де, сайрап кетті. Москвада болғанын, Мавзолейден Ленинді көргенін өлеңге қосып ұзақ жырлады. Сонан кейін жаңағы жие-ніне қарап:

— Сенің жаңағы айтқан өлеңің маған ұнаған жоқ. Көбіне ескі сарынмен айтады екенсің. Мұның дұрыс емес. Жыр заманына лайық болу керек, жаңа заманды жаңаша жырлау керек,— деп біраз ақыл айтты.

* * *

1937 жылдың июль айында Жәкеңмен үшінші рет жолықтым. Бұл менің атақты жыршымен ең соңғы рет кездесуім екен. Ертерек кабинетіме келіп, бір шұғыл жұмыстармен айналысып отырғам. Жәкең кіріп келді. Мен орнымнан атып тұрып қолын алдым.

— Ей, батыр, сенің бөлмен басқалардікіндей үлкен емес қой,— деп әзілдеді кірген бойда. Мен де әзілге әзілмен жауап қатып:

— Жәке, атқарылатын қызметтің аумағына қарап бөлменің де көлемі өзгеріп отырады ғой,— деп едім, ол кісі мырс етіп күліп жіберді де, іле өз бұйымтайын айтты. Бір тығыз шаруамен келген екен. Бірақ Жәкең тапсырған жұмыстың салмағы ауыр болғандықтан оны сол күні бітіре алмадым. Соған байланысты Жәкеңді үйге ертіп әкеліп, қонақ етпек болдым. Машина шақырайын деп телефонға қолымды соза беріп ем:

— Керегі жоқ, шақыртпай-ақ қой, үйің жақын болса жаяу барайық,— деді.

Астанада бірер күн дем алып, сол кезде шыққан күйсандықтан (патефон) ән мен күй тыңдаған Жәкең ертеңінде жұмысын бітіріп, үйіне қайтты. Міне, содан бері 34 жылдан аса уақыт өтіпті. Бірақ Жәкеңмен дидактасқан сол үш кездесу менің жадымда мәңгі сақталып қалды.

АЛҒАШҚЫ ДИДАРЛАСУ

1934 жылдың көктемі. Қар кетіп, жер құрғап, алғашқы көктің дидарын көріп қалған кез болатын. ҚазПИ-дың жанынан ашылған рабфактың соңғы курсында сырттай оқи жүріп, бір мезгіл «Қазақстан» баспасының ауыл шаруашылық бөлімінде кіші қызметкер болып жұмыс атқаратынмын. Мен жұмыс істейтін бөлімді Жандосова Фатима апай басқаратын (Жандосов Ораздың жұбайы). Бір күні Фатима апай:

— Мәриям, қазір маған көлік келеді. Сен жұмысыңды жина да менімен бірге жүр. Ораз жаңа телефон соқты. Жамбыл деген қарт жырауды алып келіпті. Соны барып көрейік. Бол, тез жинала ғой!..

Мен ерекше қуанып кеттім. Сол жылдары Жандосовтар қазіргі Комсомол көшесінің бойында, Пушкин мен Ленин атындағы көшелердің аралығында, республикалық кітапхананың қарсысындағы жатаған көк шатырлы үйде тұратын. Өздеріңізге белгілі ол кезде қазіргідей машина көп емес те. Сондықтан қызметкерлер солқылдақ бел арбаға пар-пар ат жегіп жүретін.

Біз келсек Ораз ағай жуынып болып, алдағы үйдегі айнаға қарап жатыр екен. Аmandықтан кейін Фатима апай:

— Ораз, ақын атаймен таныссын деп Мәриямды ала келдім,— деп жайдары сөйледі.

— Өте орынды. Дұрыс істегенсің. Қазір Бейімбет пен Мәжит те келеді. Олар келгенше Жәкеңе екеуіңді таныстыра берейін. Фая, маған жеңіл көйлек бере қойшы? Орекеңнің шашы әрі қалың, әрі қайратты болатын. Сондықтан болу керек, жаратылысынан үлкен басы одан да үлкен болып көрінетін еді. Көйлегін киіп болған соң бізді бастап қонақ бөлмеге қарай жүрді. Фатима апай шылым шегетін. Орта жолда Орекең тоқтап:

— Сен шылымыңды таста, ұят болады. Ол кісі әйел түгіл еркектердің шылым шеккенін жаратпайды,— деп бәйбішесінің шылымын алып, телефон тұрған столдың үстіндегі күл салғышқа мыжып сөндірді.

Фатима апай маған қарап көзін қулана қысып, күлімдеген бойы:

— Бұл сүйтеді. Нағыз шалдардың құрметтеушісі. Еркектердің былжыратып насыбай атқаны жарасып тұрат

та, біздің шылым тартқанымыз ұят!.. Осыны қалай түсінуге болады, жолдас Жандосов?— деп қалжындаған жолдасына. Ораз ағай бір саусағымен аузын басып «тыс» үндеме дегендей ишара етті де, есікті ашты.

Қонақ үйдің төріне салынған төрт қабат көрпенің үстінде Жәкең жастыққа шынтақтап қисайып жатыр екен. Бізді көріп басын көтерді. Жұпыны киінген, арық қара шал. Сақал-шашы аппақ. Басында қолдан сырып тіккен тақиясы бар. Ту сыртында бозғылт шүберекке ораған ұзын домбырасы тұр.

— Мына кісі біздің үйдегі келінің,— деп Фатима апайды таныстырды Орекең.

— Ал мына кісі Мәриям Хәкімжанова деген жаңа талап, жас ақын қызыңыз болады. Екеуі бір мекемеде қызмет істейді.

Жәкең қолымды ұстаған күйі:

— Сен Сарыүйсін пәленшенің қызы емессің бе? Апыр-ай, содан айнымайды екенсің,— деп жабыса кетті. Орекең бар денесімен селкілдей күліп:

— Бұл кісі Арқаның қызы. Қайдағы Сарыүйсінді айтып отырсыз, Жәке, — дегенше болған жоқ, Биғаң мен Мәжит те келді.

Үйдің іші көңілді әңгімеге көшті. Ал Жәкең болса шешіле қоймаған сияқты, меніңше. Ол кісі қорғалағандай күмілжи берді. Тек сұраған сөзге ғана жауап қайырудан аспады. Адамның ішкі дүниесін барлағыш Биғаң әңгіменің бетін айтыс өнеріне қарай бұрғанда Жәкең де жадырай сөзге араласа жөнелді. Өзімен айтысқан қырғыз-қазақ ақындарының біразын атай отырып, есінде қалған өлең шумақтарын тақпақтай айтып желдірте төгіп-төгіп жіберді. Сырт пішіні тозыңқырағанымен қарт ақынның ішкі дүниесі, ой-санасы әлі де тың жатқанын көру қиын емес сияқты. Заманымыздың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевты бұл менің бірінші көруім еді. Мен көргенде Жәкең 88 жаста болатын.

Сол жылы жаздың орта шенінде Жәкенді екінші рет Жамал Шәкенованың үйінде көрдім. Жамал апай бұрын Крайкомның әйелдер бөлімінің меңгерушісі болған. Кейін белгілі партия қызметкері болатын. Ақжарқын, ашық мінезді, тілді кісі еді. Жамалдың жолдасы Құсайын Шөкенов өлеңдер жинағы жарық көрген ақын. Олар қазіргі Совет көшесінің бойында Ізмұқан Құрамысовпен бірге бір қорада тұрады. Бұл көргенімде Жәкең анадағыдай емес, едәуір ширап, жаңғырып, жадырап қалған екен.

Бұл күні Жамал апайдың үйінде біраз адамдар бол-

ды. Солардың ішінде есімде қалғандары: Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ораз Жандосов, Ізмұқан Құрамысов, Жанайдар Садуақасов, Рақымалы Байжарасов тағы тағылар. Аталған кісілердің көпшілігі жолдастарымен келді. Тек Жанайдар ғана жалғыз келген. Ол кісінің жалғыз келгендігін Бейімбет ағайдың жолдасы Күлжамал жеңгей қалжыңдай сынап өтті.

1936 жылдың жазында қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің онкүндігі Москвада өтетін болғанын, оның жобасының бекіп келгенін, қазақ жазушыларының еңбектерін орыс тіліне аудару үшін Москваның белгілі ақын-жазушыларының келетінін, онкүндікке байланысты дайындық жұмысының қызу басталғанын мен сол жерде Ілияс ағайдың айтып отырған әңгімесінен естіген едім. Сол бас қосудан аз-ақ бұрын астанада күрделі-күрделі жиындар өткен де. Соның бірі Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі еді. Съезд июньнің 12 күні басталып, 1 күні аяқталған да. Сол жазушылар съезімен қабаттаса көркем өнер қайраткерлерінің республикалық слеті ашылды. Ол кезде Өлкелік комсомол комитетінің бірінші секретары Қайсар Тәштитов жолдас болатын. Қайсардың ұсынысы бойынша Жамбыл ата сол слетке арнайы түрде шақырылып, жас өнерпаздарға сөз сөйлеуін өтінген. «Жүйріктің делебесі дуда қызар» дегендей жас ұрпақтарының алдында Жәкең өлең мен жырдың маржанын ақтарып төге салды. Июньнің 17 күні слетте сөйлеген сөзі «Жастар алдындағы сөз» деген атпен «Лениншіл жас» газетінде басылып та шыққан. Оқушы қауым бұл өлеңді жылы қабылдады.

Сол 1934 жылдан ұлы ақынның жаңа өмірі басталды десек, артық айтқандық болмас деп білемін. Мен өз көзіммен көрген бір шындық.

Жәкеңнің жанашыры да, ақылшысы да, қамқоры да, ең жақын досы да Ораз Жандосов екеніне ешкімнің айтар дауы болмауға тиіс. Өнерпаздар слетіне қатынасар алдында Жәкеңе лайықты киім тігетін қазақтың шебер әйелдерін іздеп, Фатима апайға еріп сабылғаным әлі күнге дейін есімде. Ақыры екі шебер әйелді тауып, сол үйге алып келдік. Содан кейін Орекең Жәкеңнің бар киімін су жаңадан тіккізді. Жәкеңнің аяғындағы мәсі әрі ескі, әрі екі жұлығы жамалған екен. Сондықтан мәсі тігетін кісіні іздестірдік. «Қазақстан» баспасында аға корректор болып Әшкеев Латып дейтін азамат қызмет істейтін. Сөз реті келгенде соған айтып едім: «Дайын мәсісі бар етікшіні білем»,— дегені. Мен Фатима апайға айттым, әлгін-

дей де болған жоқ Латып етікшіден екі пар тігулі мәсі алып келді. Мәсінің жақсысы Жәкеңнің аяғына симай, нашарлауы шақ келген соң соны амалсыз алған да. Шынында мұндай қамқорлықты кез келген кісінің баласы да жасамайтыны анық. Ал Орекең халық үшін, халқының намысы үшін, қазақ мәдениеті үшін Жәкеңе осылай қызмет еткенін көзіммен көрген болатынмын.

Осындай ардагер азаматтарының арқасында қалжырап қажыған Жәкең қайратына қайта қонғандай болды. Түлкідей түлеп, бұлбұлдай сайрай бастады. Қарт ақынның өзіне де, сөзіне де разы болған Қазақстан үкіметі Жамбылдың қазақ халық әдебиетін өркендетудегі орасан зор жемісті еңбегін еске алып, оған өмірлік пенсия берілсін деген қаулы қабылдады. Бұл қаулы 24 июнь, 1934 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Көк есекке мініп, домбырасын көлденең ұстап ел кезген қарт жырау, осы жылдан бастап өрісі кен, өресі биік, ойы терең өзгеше жан атанды. Еңсесін басып езгілеген қырсығы иығынан біржола сыпырылып түсті. Жырына жаңа қанат, бойына жаңа қуат пайда болды, ел құрметіне бөленді.

1935 жылы Жәкеңнің ұстазы, атақты Сүйімбай ақынның ел аузынан жинап алған мұраларын құрастырып өз алдына жеке кітапша етіп басып шығарды. Бұл кітапты құрастырып, кіріспе сөзін жазған Фатима Ғабитова болатын. Осы кітаптың жарық көргеніне Жәкең балаша қатты қуанды.

1936 жыл ақын өмірінің асқар биігіне айналды. Осы жылы Жәкеңнің көптеген серіппелі, сезімтал өлең-жырлары дүниеге келді. Олар газет-журналдар бетінде жиі-жиі жарияланып, оқушылар қауымының назарына ұсынылып отырды. Сол жылдың апрель айында Қазақстан өнерпаздарының екінші слеті шақырылды. Слетке қатысушылардың ең таңдаулылары (өнері, ақындығы асқандары) Москвада болатын онкүндікке бармақ. Сондықтан слетке қатысқан ақындардың алдында Отанымыздың ұлылығын, шынайы шындығын, мал байлығын, кен байлығын өткір тіл, көркем суретті теңеулермен жырлансын деген игі тілек, зор талаптар қойылды.

Туған еліміз Қазақстанның байлығын, жаңалығын, қол жеткен табыстарың, еңбек адамдарын жырлау әрбір сөз шеберлерінің ой-арманы екені өзінен-өзі белгілі. Осындай терең тамырлы тақырыптар бойынша толғанбаған, тебіренбеген жүйрік жоқ десе болғандай. Әр жүйрік өз әлінше дүбірге қатысты. Ақындар жарысы үш күнге

созылды. Апрельдің 25 күні «Туған елім» дейтін әйгілі толғауын жырлаған Жәкең жалғыз қара болып топтан үздік шықты. Қарт ақынның бұл толғауына сүйсінбеген жан жоқ десе болғандай. Осы толғауы 1936 жылдың бірінші майы күні «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Орысшаға аударылғаны 7 май күні Москвада «Правда» газетінде жарияланғанды. Алып ақын адымын алысқа сілтеді. Қазақстан мәдениетінің Москвада болатын онкүндігіне бірінші болып аттанғаны жұртшылыққа аян.

Тоқсанында топ жарған дүлдүл ақын Жамбыл Отанымыздың астанасы Москва қаласын емін-еркін аралап, дүние жүзі жұмыскер табының ұлы көсемі Лениннің Мавзолейінде болды. Адамзаттың бақыты үшін, бостандығы мен теңдігі үшін қанаушы тапқа қарсы тұрған қарман жанның рухына басын иген дарынды ақын даридай толқып, желдей есілді. Москва сапарын түгелдей ой елегінен өткізіп, жыр кестесіне түсірді. Осы сапарда «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған Жәкең қырандай қырланып, одан әрі шабыттана, шарықтай түсті. Қуаныштың құдіреті құлшындырып жақсылықтың жазирасы жадыратып, жанғыртып, жанып-жанып жібергендей болды. Ежелден ақылды, түсінігі мол ақын халықтың, үкіметтің сенімін ақтаймын деп белін бекем буды. Жәкеңнің сезімтал қасиетіне разы болған, сол кездегі көрнекті ақын-жазушыларымыз, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылар, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев сияқты от ауызды, орақ тілді азаматтарымыздан бастап, сол тұстың ең жасы Қапан Сатыбалдинге дейін Жәкеңнің ақындық жолын айқындай отырып, сый-құрметтерін, творчестволық көмектерін аямады. Сондай қамқорлықтың арқасында Жәкең Жәкең болып дүние жүзін аузына қаратып жарқ етті.

Москва сапарынан көңілді оралған Қазақстан жазушыларының сол бір толықсып тұрған күндері тіріде ұмытылып, көз алдымнан кетер емес...

Жамбыл ақынның бірінші өлеңдер жинағы орыс тілінде 1937 жылы жарық көрді. Бұл жинаққа кірген өлеңдердің көпшілігі Москва сапарында жазылған өлеңдері. Ал Жәкеңнің қазақ тілінде шыққан бірінші жинағы 1938 жылы «Жамбыл» деген атпен жарық көрді. Бұл өлең-жырлар жинағы қарт ақынның ақындық өнеріне 75 жыл толу мерекесіне арналып шықты. Сондықтан да

бұл кітаптың көлемі болсын, көркемдігі болсын сапалы шыққан жинақ деп ұялмай айта аламыз. Мерекелік жинақтың редакциясын қарап, басшылық еткен көрнекті ақынымыз Жақан Сыздықов екені есімде.

1938 жылы, майдың екінші жартысында Жәкең мерекесі үлкен өрлеу үстінде өтті. Бұл мерекені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өзі тікелей басқарды. Жамбыл аузына 15 ақ үй тіккізіп, он бес саба орнатты. Әр үйге айнала кілем ұстатып, кілем, текемет төселді. Батсайы, атлас көрпелер тікшите жиналып, мамық жастықтар иін тіресіп уықтың қырына дейін жетті. Әр үйге екі жас әйел, екі жас жігіттерден қонақ күтушілер тағайындалды. Қонақ күтетін жастар түгелдей ұлт киімдерін киді. Осының бәрінің кілтін тауып кілтшанын келтірген, ұйымдастырған марқұм Тайыр Жароков болатын.

Жәкең тойына жан-жақтан қонақтар көп келді. Москвадан бастап, барлық туысқан республикалардан, Қазақстанның барлық облыстарынан келген делегаттарды салтанатты түрде қарсы алып, қонақ үйлерге орналастырдық. Мерекеге арналған қалалық жиында СССР Жоғарғы Советінің Указы оқылды. Онда қазақ ауыз әдебиетінің өкілі 92 жастағы ұлы ақын Жамбыл Жабаевқа ең жоғарғы награда — Ленин ордені берілгенін хабарлады. Указды оқып болғаннан кейін ұлы ақынның өмірі мен әдеби еңбегі жайлы сол кездегі Совминнің Председателі Ораз Исаев жолдас тамаша баяндама жасады. Баяндамадан кейін, туысқан елдерден келген қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, тарту-таралғыларын ұсынды. Астанамыздағы мекемелер мен жеке адамдардың Жәкеңе деген сияпаттары сахна төріне сыймай кетті. Сан-алуан түрлі радиоқабылдағыштар, өрелі кілемдер, құлпы ішіктер, құндыз бөріктер, береннен тігіп айнала зер төккен шапандар, күміс ер-тұрманды жорға мен жүйріктерге дейін тартылды. Қазақ халық әдебиетінің атасы Жәкеңе халықтың сүйіспеншілігін осыдан да көруге болатын еді. Мәжілістің соңына таман Жәкеңнің үзегілес достары, шәкірттері халық ақындарына кезек тиді. Қарағанды облысынан келген Доскей Әлімбаев, Ақтөбе облысынан келген Нұрпейіс Байғанин, Қостанай облысынан келген Амангелді батырдың сарбазы Омар Шипин. Оңтүстіктің атақты ақыны Орымбай Таймановтар құттықтау өлеңдерін, домбырамен әуендетіп айтып өтті. Бір кезде Сыр бойының серісі атанған сырнайлы ақын Нартай Бегежанов шықты сахнаға. Нарекең сырнайын құ-

лаштай тартып, әуенін құйқылжыта созып келді де термемен дауылдата, желдете жөнелді. Бір сөзінен бір сөзі асып түсіп, тындаушысын еріксіз еліктіріп әкетті. Нарекеңнің қияқты қара мұрты қозғалған сайын, аппақ кесек тістері шам нұрына жарқырай түсті. Бабына келген жүйріктей шиыршық атқан ақынның көзіне құйылған терін нөкер жігіттері кезек сүртіп, жан-жақтан үлкен ақ орамалмен желпіп тұрғаны әрі жарасымды, әрі ақынның ардақтылығын танытқандай еді. Сол бір тамаша көріністер естен кетер емес, Нартай ақыннан кейін белгілі ақын анамыз Айманкүл Тәжібаеваға сөз берілді. Ақын ана мінбеге жеткенше зал толған халық қол шапалақтап, орындарынан тұрып құрмет көрсетті. Сауатты, саналы, сабыр иесі ана Жәкеңе арнаған өлеңін оқып самғай жөнелді: Ақпейіл ана жыры отырғандардың маңдайынан иіскеп, арқасынан қаққандай сүйсіндіріп, тебірендіріп жіберді. Қазақ әйелдерінің туын ұстап, топқа шыққан ақын анаға бәріміз де ырзалығымызды білдіріп, алғысымызды айтып жаттық.

Бұдан кейін Қасым Аманжолов шығып белгілі «Жамбыл тойына» деп аталатын поэмасының алғашқы вариантын оқып, тындаушы қауымды сусындатып тастады. Отты сөз, ойлы да көркем жыр отырған көпшілікті серпілдіріп, көңілдендіріп жіберді. Қасымнан кейін жиналысты басқарушы мерекелік жиынның жалғасы ертеңнен бастап Жәкеңнің аулында болатынын жариялады. Содан кейін астаналық көркемөнер шеберлерінің концерті болды.

Келесі күні түске дейін қонақтар қаланы аралап, түс ауа Жәкеңнің аулына қарай машиналар тізбегі ағыла бастады. Қаладан қонақтардың шыққанын телефон арқылы хабарлады. Қонақтарды дәстүр бойынша қарсы алуға әзірленген он қыз-келіншектер мен он жігіт ұлт киімін киіп, домбыраларын тартып, әндерін шырқап атқа қонды. Қонақтарды қарсы алатын жастар тобын белгілі халық ақыны Иса Байзақов, ардагер ақынымыз Тайыр Жароков, майталман ақын атанып жүрген Ғали Ормановтар басқарды. Бұлар қонақтарды қарсы алғанда өздері айту үшін он бір буынды, бір шумақтан өлең дайындады. Ал қыз-бозбалалардың айтуына төгілген терме, желдей есілген жыр жолдарын әзірлеген-ді. Бұған мен де қатынастым. Өйткені, ауыл-ауылдан жинап алған қыз-келіншектерді жаттықтыру жігіттерге оңай соқпады. Сондықтан олардың арасында жұмыс жүргізуді Тайыр маған тапсырған еді. Қыз-келіншектер тобының жетек-

шісі Ұлжан Мәмбетова деген пысық келіншек болатын. Ұмытпасам ол басқа ауылдан шақырылған. Сұрастыра келсем Жәкеңнің пірі Сүйімбай ақынның немересінің қызы екен. Талай қыз қууға, айтысқа қатысқан қаршығадай қатқан қара келіншекте бір сыдырғы әдемі дауыс та бар. Кейін соғыс кезінде сол маңдағы «Ынтымақ» колхозының председателі болды. 1970 жылдың жазында қайтыс болыпты.

Ал жігіттер тобын Қасым Аманжолов басқарды. Оның қасында Қалижан Бекхожин, Қапан Сатыбалдин, Әли Есмамбетов, Ықылас Адамбеков, сол ауылдағы мектептің жас мұғалімдері мен Жәкеңнің Ізтілеу, Тезекбай дейтін балалары да қатысты.

Қонақтар келіп, өздеріне арналған ақ үйлерге жайғасты. Қымыз сапырылып, мал сойылып, бас үйітіліп, шай жасалып, бауырсақ төгіліп, май омырылып жатты. Осылай ауылдағы мәжіліс үш күнге созылды. Атақты ақындар айтысты. Қырғыздан келген халық ақындарының ішінде «Манасшылар» деп аталатын екі ақын «Манас» жырынан үзінділер орындады. Олардың орындау кестесі шебер де, қызықты да екен. «Манас» жорықтарын суреттейтін жерлерінде кәдімгі батырлардың айқасқанын, жауға найза салғанын, қылыш шапқанын, қанжар сілтескенін, садақ тартқанын тағы-тағыларын қимылмен қозғалыспен көрсетеді екен. Москвадан келген жолдастарға қырғыз ақындарының өнері қатты әсер еткені сондай жан-жақтан фотоға түсіріп алып жатты. Намысына от түскен Шашекең келесі күні той думанын өзі бастады. Алма бақтың саясында сырнайын серпе тартып өзінің атақты «Аққайың» әнін алуан түрлі құбылтып безілдетті-ай кеп. Шашекеңнің бас терісі өзінен-өзі ойнап тұратын. Қасын жоғары серпіп жіберсе тақиясы желкесіне барып қонатын, ал қасын төмен түсірсе тақиясы дәл қабағына келіп қонар еді.

Шашекеңнің өнеріне Жәкең ерекше мән беретін. Кейде бар денесімен селкілдей күліп, қатты сүйсінетін де еді, Шәкеңнен көзін алмай, тамашалап отырған Жәкең:

— Шашубай! Қазірде де баяғыдай төбеңмен жүре аласың ба? Әлде қартайып қалдың ба? Шіркін, бабына келгенде перідей ойнаушы едің. Донғалақ болып зымырай жөнелгенде қотанды екі-үш айналып келе беруші едің-ау. Ол күндер енді қайда?!

— Төбеммен жүру қиындау қазірде. Жас дегенің келіп қалды ғой. Ал төбемнен тік тұру қолымнан келеді.

Жәке,— деп Шашекең орнынан атып тұрып, шапанын шешіп Баймұратов Нұрлыбек ақынға ұстата салды да, шалбарының екі балағын қол орамалдарымен байлап, анадай жерден жүгіріп келді де Жәкеңнің дәл алдына төбесімен тік тұра қалды. Жасы жетпістен асқан қарт ақын қаққан қазықтай болып тұр. Көпшілік қол соғып қошеметтеп жатты. Бұдан кейін Шашекең «құрық ойнату» ойынын бастады. Кәдімгі асауға салатын ұзын, қайың құрықтың бауын алып тастады. Ақ көйлектің екі жеңін қарына дейін түрді. Құрықтың басына ет салатын үлкен темір табақты төңкеріп, оң қолының ортан саусағына тік қойып жүрді. Бір кезде табақты алып тастап, құрықтың өзін бес саусағына кезек қонақтатып, одан қарына дейін жүргізіп көрсетті. Шашекеңнің жасында цирк артисі болатындай қабілеті бар екенін көпшілік сонда көрді. Сондықтан да жас кезінде «Шаң жұқпайтын Шашубай» атанған екен.

1939 жылы Жазушылар одағының халық ақындар бөлімін Иса Байзақов басқарды. Мен сол кісінің қарамағында кіші қызметкер болып істедім. Ол кезде Жазушылар одағының бастығы белгілі ақынымыз Дихан Әбілов болатын. Жәкеңнің өзіне арналған бөлім барды. Ол бөлімді Тайыр Жароков басқаратын. Бөлім құрамында Жәкеңнің бірнеше секретарьлары, аудармашылары, дәрігері, медсестрасы, аспазшысы, шофері, электромонтері, үй жинаушысы болды. Бұлардың бәрі де өз орындарында аянбай қызмет атқаратын. Өз аппаратындағы адамдарды Жәкең де құрметтейтін. Әсіресе Тайырды өз балаларынан да артық көретін. «Тәте» деп Тайыр қасына жетіп келгенде, Жәкең балаша қуанып:

— Тартымды туған Тайырым,

Бал тандайлы шайырым,— деп арқасынан қағып, бетінен сүйетін еді. Жәкеңнің өлеңдері мен поэмаларын орыс тіліне үзбей аударып, көп еңбек сіңірген адам Павел Николаевич Кузнецов болатын. Жәкең ылғида оны «сары балам» деп атады. Сәбит Мұқановты «Балуан Шолақ» деумен кетті.

Осы жылдың жазында Қазақстан жазушыларының екінші съезі болды. Съезге делегат болып белгілі жазушымыз Сабыр Шарипов келген-ді. Сабыр ағай өте талантты, мәдениетті, білімді, кішіпейіл кісі болатын. Қазақ совет әдебиетіне өз үлесін қосқан қалам қайраткері, ардагер азамат. Октябрь күресіне белсене қатысқан қызыл сұңқарлардың бірі еді. Өзі мейлінше қарапайым болатын. Кісіні сыйлай да, өзін сыйлата да білетін еді.

Съезден кейін Сабыр Шарипов, Ғайша Шарипова, Тайыр, Кузнецов, Иса, Хабиб Барлыбаев (дәрігер) бәріміз Жәкеңдікіне бардық. Сондай жақсы қарсы алды. Жәкең аздап науқастанып қалған екен. Дәрі-дәрмек ішіп жадырағаннан кейін Сабыр ағаймен кеңесіп, өткен-кеткенді айтып отырды. Сол кезде Сабыр ағай бір повестің желісін тартып, материал жинап жүр екен. Жетісу бойындағы қырғыз, қазақ жайында сұрастырып, Жәкеңнің айтқандарын қалт жібермей іле жазып алып отырды.

Біз кешкі салқынмен қалаға қайтып кеттік. Ал Тайыр мен Кузнецов сонда қонып қалды. Жәкеңнің бір үлкен поэмасын Павел Николаевич сол кезде орыс тіліне аударып жүрді. Бірер күн тыныш жерде сол жұмысымызды дамытайық деп келісті олар.

Қазақстан жазушыларының сол екінші съезінде белгілі ақынымыз Әбділда Тәжібаевты Жазушылар одағының председателі етіп сайлады. Одақтың жауапты секретары болып ұйғыр халқының көрнекті ақыны, драматургі Қадыр Хасанов жолдас тағайындалды. Съезден кейін бірінші болған президиумда Ғали Орманов поэзия бөлімінің меңгерушісі болып, мен халық ақындары бөлімінің жетекшісі бодып бекідік. Міне сол күннен бастап менің жұмысым Жәкең творчествосымен, жалпы халық ақындарымен тығыз байланысты болды. Осы жылдары Жамбылдың көптеген еңбектері орыс тіліне қауырт аударылып жатты. Москвадан Марк Тарловский деген ақынды шақыртып, «Жамбыл мен Құлмамбет ақынның айтысын» аудартпақ болды. Қартайып қалған Жәкең мұндай ұзақ айтысты түгелдей қайдан қайталап айтып бермек... Сондықтан өзін Жамбылдың шәкіртімін деп білетін орденді халық ақыны Саяділ Керімбековты алдырдық. Ол кісі бұл айтысты Жәкеңнің айтуынан бала кезінде ауызекі жаттап алған. Саяділ ұзын бойлы, ат жақты, азғана қырбық қара мұрты бар, сымбатты, ұяң мінезді, тік кісі еді. Ұзақ жырларды, айтыстарды айтқанда тебіреніп-теңселіп айтатын арқалы ақын болатын. Жәкеңнің осы айтысын Саяділден Самат Нұржанов екеуміз жазып алғанбыз. Бұл жерде бір айта кететін гәп, 1931 жылы осы айтысты Саяділ жазып академияға өткізген екен. Соны естіп қалған Тайыр академиядағысы мен біз жазып алған нұсқаны салыстырып, соңғысын қабылдағаны есімде.

Осы айтысты орыс тіліне аударған М. Тарловский өз мойнына алған жұмысына өте жауапты қарайтын тыңғылықты, мәдениетті ақын еді. Ол көбінесе сөздік жағын көп пайдаланатын. Қай-қайдағы сөздікті іздеп кітапха-

наларды аралап сабылатын едік. Соған қарай оның аудармалары құнды болатын.

Жәкеңнің негізгі аудармашысы П. Н. Кузнецов — өзіміздің жерлесіміз. Осы Алматыда тұрды. Ол тамаша талантты, жалынды да дарынды ақын болатын. Ақкөңілдігі, азаматтық қасиеті, тұнығын шайқамай тулап, туындап тұратын ақындығы, алғырлығы ерекше жан еді. Сондықтан да ол Жәкең творчествосы арқылы Қазақ совет әдебиетіне адал еңбек етіп, мол да құнды үлесін қосқан аяулы азамат еді. Ел басына қатерлі күн туғанда, елдің алдымен сұранып, майданға бірінші болып аттанып кеткенін ұмытар емеспін.

Жамбылдың еңбектерін орыс тіліне аударуға жиырмадан астам орыстың көрнекті ақындары қатысты. Жергілікті ақындарымыз: П. Н. Кузнецов, Д. Ф. Снегин, А. Брагин, А. Жовтис, Л. Макеев, В. Копытин секілді ақындар ат салысса, Москвадан М. Тарловский, К. Алтайский, М. Исаковский, Л. Архангельский, А. Адалис, Л. Руст тағы-тағылар қатысты. Осындай ақындық өнердің сыннан өткен шеберлеріне, сөзбе-сөз тартымды, сапалы аударманы дайындайтын тәжірибесі мол екі тілді жетік білетін аудармашыларды сұрыптап алу да оңайға соқпайтын. Әсіресе Жәкеңнің еңбектерінде халқымыздың көне сөздері көп кездесетіні табиғи шындық.

1940 жылы, Қазақстанның 20 жылдық мерекесі болды. Осы мерекеге байланысты Москвадан бірқатар қонақтар шақырылды. Солардың ішінде Қазақстан топырағында совет өкіметін орнатушылардың бірі, қазақ халқының жауынгер досы, советтік Қазақстан туралы бірінші қалам тартқан көрнекті жазушы Дмитрий Андреевич Фурмановтың сүйікті жары Анна Никитична Фурмановаға арнайы шақыру телеграмма берілді. Қазақ совет әдебиетінің ежелгі досы Леонид Соболев әйелімен, Анна Фурманова бәрі бірге келді. Анна Никитичнаны менің бірінші көруім еді. Дөңгелек жүзді, қара торы, орта бойлы кісі екен. Оның екі көзі де, шашы да қап-қара. Сондайлық жайдары, қарапайым, адамға жақын-ақ. Келген күннің ертеңінде Жазушылар одағында қонақтармен кездесу болды. Бұл кездесуге Жамбыл атамыз да қатысты. Жиналыстан кейін Анна Фурманова қаланы аралағысы келетінін айтты. Аннаға қаланы аралатып көрсету үшін, барам деген жерлеріне апару үшін, әрі Фурманованың қалауы бойынша Ғайша Шариповамен екеумізді бөлді. Ғайша Шарипова Қазақстан Жазушылар одағының екінші съезінде президиум мүшесі

болып сайланған, аударма бөлімінің меңгерушісі, Абай Құнанбаевтың 100 жылдығына дайындық жүргізетін комиссияның жауапты секретары болатын. Ол жылдары біздің Одақтың кеңсесі Пролетар көшесі 11-үй, көк базарға жақын еді.

Машинаға отырып Гоголь атындағы көшемен күннің батысына қарай жүргенде сол қол жақтағы паркты көрген Фурманова:

— Ортасында шіркеуі бар парк осы ма?— деп сұрады. Сол екенін айттық та Қ. Маркс атындағы көшемен Октябрь атындағы көшенің қиысқан жағынан келіп тоқтадық. Ол жылдары бақтың бәрі де айнала темірмен қоршаулы болатын, тек қақпа арқылы кіретін едік. Машинадан түскен Анна тура бұрынғы шіркеу, қазіргі музейге қарай тартты. Жайлап жүріп музейді айналып шықты да, бір скамейкаға келіп отырып, жан-жағына қарап, содан кейін сумкасынан сырты қара, ішкі қағаздары сарғайған блокнотты алып шығып, біраз аударыстырғаннан кейін:

— Біз тұрған үй осыдан алыс емес еді. Маркұм Дмитрий екеуміз тек қолымыз тисе ертеңгілік, кешкілік осында келіп серуендеуші едік. Әрине, ол кездегіден бәрі де өзгеріп кеткен. Ол уақытта бақтың іші мұндай әдемі де емес, мұндай таза да емес болатын. Сенбі, жексенбі күндері күні-түні шіркеудің қоңырауы қағылып, азанын айтып, ақпарын түсіріп, қаланың кәрі-кұртандары осының маңайынан тарамайтын. Жұмыстан шаршаған күні Дмитрий «осы пәтерден басқа жаққа ауыссақ екен. Азан-қазан болып, азынап ұлиды да жатады...» деп кеюші еді.

Осы бақтың оң жақ бетінде гимназия болатын. Ал күншығысына қарсы Фурмановтар қызмет істеген әскер үйі болатын еді. Әлі де солай ма,— деп бізге қарады. Ғайша Шарипова:

— Бұрынғы гимназияның үйінде қазір Қазақтың Абай атындағы пединституты барын, бұрынғы әскер үйі қазірде офицерлер үйі деп аталатынын айтты. Анна блокнотын тағы да аударыстырып, Верный қаласының кейбір көшелерінің бұрынғы атын атады. Мысалы блокнотқа жазылғанда «Лепсі» көшесі деп аталатын көше, қазірде Д. А. Фурманов атындағы көше. «Фонтанная» деп аталатын көше, қазіргі М. Төлебаев атындағы көше. (Бұл көше 1940 жылы «Абай» атымен аталғанын айта кеткен жөн болар). «Торговля» деп аталған көше, қазіргі М. Горький атындағы көше. «Казначейская» деп ата-

латын көше, қазірде 8-март көшесі екенін айтты. Анна блокнотына жазып алды.

Біз бақтан шыққан соң Октябрь көшесіндегі Фурманов тұрған үйге аяндап жаяу келдік. Дмитрий Андреевич Фурмановтың аты жазылған ескерткіш тақтаның жазуын оқып, Анна терең ойға шомғандай ауыр күрсініп алды. Шағын екі қатарлы үйдің жоғарғы қатарына кіретін көшеге қараған, әшекейлеп, шатырлап жасаған бастырма бар. Сол бастырманың екі жағына да ежелден мығым етіп жасаған скамейкаға жоғары шығып отырдық. Сол үйден шыққан орта жастағы орыс әйелінен бұл үйде кімдер тұратынын сұрадық. Қазақ та, ұйғыр да, орыс та тұратынын айтты. Бір кезде Анан Никитична:

— Дмитрий осы жерге жаздыкүні танертеңгілік шығып отыратын еді. Оның бір жақсы әдеті күнделік жазуды қандай ауыр жағдайда жүрсе де ұмытпайтын. Мына блокнотында осы қаланың кейбір адамдарының аты-жөні жазылған. Солардың қазірде бары болса кездесіп көргім келеді,— деп Анна тізімді оқи бастады.

1. Ж. Бәрібаев (қазақ. Өте мәдениетті, білімді, жас жігіт. Қолынан іс келетін, қабілеті күшті. Адал, қарапайым, нағыз коммунист).

2. О. Жандосов (қазақ. Сауатты жас. Батыл да қарапайым).

3. Б. Шагабуддинов (татар. Нағыз жауынгер, сенімді коммунист, дос).

4. Б. Үмбетбаев (қазақ. Пролетариат табынан шыққан жауынгер, большевик).

5. А. Түркебаев (қазақ. Адал, сенуге болатын жігіт).

6. Т. Өтепов (қазақ. Табанды, шыншыл, батыл жігіттің бірі, коммунист).

7. Ж. Бабаев (қазақ. Қолынан іс келетін батыл жігіттің бірі, коммунист).

8. А. Айдарбеков (қырғыз. Большевиктерге барынша берілген азамат).

9. М. Масанчи (дұнған. Туғаннан жауынгер болып туған, білімді, коммунист).

10. А. Розыбақиев (ұйғырдан шыққан большевик, ақылды, серік болуға жарайтын жігіт).

11. Н. Арықова (жап-жас қыз бала. Бастауыш мектептің оқытушысы. Қоғам жұмысына өте қабілетті) деп жазған екен.

Д. А. Фурмановтың жазғанында қырыққа жуық адам бар. Ал әйелдерден жалғыз-ақ, Нағима Арықованы ғана кездестірдік. Біз бұл тізімді Фурмановтың блокнотынан

іріктеп алған болатынбыз. Жоғарыда аты аталғандарды сұрастырғанымызда тек Нағима Арықовадан басқасы дүниеден өткенін білдік. Нағима да ауруханада жатқандықтан Анна Фурманова кездесе алмады. Нағима Арықованы Аннаның өзі де жақсы білетінін айтқан еді.

— Алматыда тұрған кезде мен үшінші Түркістан дивизиясының саяси бөлімінде қызмет істедім. Сонда жүргенде біздер осы қаладан алғашқы көшпелі театр труппасын құрдық. Сол тұста жергілікті жастар үлкен көмек көрсетті. Әсіресе жас учительница менің оң қолым болды. Қандай жұмыс тапсырсаң да ол орындар еді. Кейін әскерлер арасында концерттер беріп жүрдік. Қазақ, қырғыз, орыс, ұйғыр, татар тағы басқа ұлттардан құралған оркестріміз болды. Домбыра дегенді сонда бірінші көрген едім. Айналырған екі шектен бар халықтың мелодиясын ойнайтынына әлі күнге дейін таңым бар.

Сол күні қаланы аралап, көргісі келген жерлердің бәрінде болдық, келесі күнгі қалалық мерекелі жиында Анна Никитична Фурманова сөз сөйледі. Ол өзінің сөзінде: қазақ халқының меймандостығын, жауынгерлігін, ақ көңіл, аңқылдақ екенін айта келіп, халқымыздың өскенін, мәдениетіміздің өскенін, қаламыздың өскенін тамаша тенеулермен суреттей айтып берді.

Бір кезде көшпелі театр труппасын әрең құрған Верныйда қазірде опера, бірнеше драмалық театрлар, филармония, ұлттық оркестр бар екен. Университет бар екен. Музыкалық, көркемөнер училищесі бар екен. Қандай шарықтап өскен десеңізші?

Мен, Москвадағы Луначарский атындағы өнер институтында қызмет істеймін. Қазақстаннан барған ұл мен қыздар маған тонның ішкі бауындай жақын болып көрінеді. Себебі қазақ халқын Дмитрий Андреевич өте жоғары бағалаушы еді. «Қандай қиыншылықта серік болуға, сені жауға бермеуге жарайтын адал халық» дейтін еді. Сол адал қазақтарды кім жақсы көрмейді!.. деп ақтарылған да.

Келесі күні қонақтардың бірқатарын Жамбыл ақын өз үйіне шақырды. Сол жылғы күз де өте бір айтарлықтай әдемі болатын. Алма бақтың ішіне тіккізген Жәкеңнің ақ үйінде болды қонақтар. Бар тамақты да қазақша жерде отырып ішті. Соболев әйелімен, Анна Никитична бәрі атқа мініп серуенге шықты. Оларды Тайыр Жарков пен Павел Кузнецов басқарып қыдыртты.

Қонақтар Москваға қайтарда арнайы қонақасы бері-

ліп, оларға ұлт киімдерін сыйға тартты. Сөйтіп достарымызды шығарып салған едік.

Сол жылдың аяғына жетпей сүйікті досымыз Анна Никитична кенет ауырып дүние салғанын бір-ақ естідік. 1941 жылы Д. А. Фурмановтың қайтыс болғанына 15 жыл толды. Осыған байланысты «Әдебиет және искусство» журналының үшінші санында Жанғалин Мұхтардың аудармасы бойынша, Анна Никитичнаның «Комиссар Фурманов» деп аталатын ұзақ әңгімесінен үзінді ба-сылған-ды.

1941 жылдың март айында СССР Халық Комиссарлары советінің қаулысы бойынша Жамбыл Жабаевқа Мемлекеттік сыйлық берілді. Бұл қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті үшін зор баға, үлкен қуаныш еді. Бұған бүкіл еліміз болып қуанды. Ал Жәкеңнің өз қуанышында шек жоқ. Қадірлі қарт ақ байтал сойып той жасады. Осы тойға бірқатар үкімет басшылары да қатынаскан-ды. Қазақстан музыка өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, күйші анамыз Дина Нүрпейісова, СССР халық артисі Күләш Байсейітова, Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев, атақты жазушыларымыз Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов тағы тағылар барды. Бұл мәжіліс сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының председателі Әбділда Тәжібаевтың тікелей басшылығымен жүрді. Осы мәжілісте Жәкең:

— Е, балаларым, ұлдарым мен қыздарым, тоқсаннан асқанда топ жарған Жамбыл атандырып отырған сендердің күштерің. Бұл қуаныш — тек менің ғана қуанышым емес, бүкіл қазақ халқының қуанышы. Қазақ халқына деген сый-құрмет! Бәріңе де қайырлы болсын!— деген еді.

1941 жылдың июнь айында сұрапыл соғыс басталып кетті де дүние астан-кестен болғанын қайтерсің. Осындай күтпеген жерден кездескен ойран, қарт жырау Жәкене де қатты әсерін тигізді. Алғашқы кезде ол кісі көбінде қалада болды. Жазушылар одағындағы қызмет істейтін әскер жасындағы жайсаң жігіттер жаппай көтеріле өздері тіленіп майданға аттанғалы арыз берді. Бұларды басқарып П. Кузнецов та майданға аттанды. Дәл осы тұста атақты палуан Қажымұқан да қалада, Қалмақан Әбдіқадыровтың үйінде жатқан еді. Майданға аттанатын жауынгерлерді шығарып салу үшін Жазушылар одағына көптеген жұрт жиналды. Солардың ішінде Жам-

был ақын мен Қажымұқан палуан да болды. Майданға аттанғалы отырған өрендеріне арнап:

«Уа, ұлы өрен, жас ұлан,
Асыраған сені елің.
Ақ сүтімен жасыңнан.
Еш асырған жоқ едің,
Жаудың кегін басыңнан.
Сол ержүрек өренің,
Ерлікке Отан шақырған:
— Адал ұлдар, балалар,
Олай болса құлақ сал,
Ұлдарым, бір сөзім бар
Аянбаған жауды алар!
Аянғанмен мұндайда,
Дей көрмендер жан қалар!
Қорқақ адам қор болар...
Шегінбе!— деп Отан тұр,
Шегінбе!— деп халық тұр.
Халық үшін бас тігу —
Абырой деген жарлық бұл!
Соны адал орындар,
Сонда ғана өмір бар!
Елін есен сақтаған,
Арын жауға сатпаған,
Ана сүтін ақтаған,
Балаларын сүйер шал!»

Осыны айтқанда Жәкең кәрі бүркіттей сілкініп, күміс сақалы желкілдей тақпақтап айтқан-ды. Жәкеңнің «Ата жаумен айкастық», «Өлім мен өмір белдесті» деген өлеңін Тайыр оқып берді. Жәкеңнен кейін алып күштің иесі Қажекең:

— Е, Жәке, қайратты, қайсар ұлдарыңды қан майданға аттандырғалы жатыр деп естіп келдім.

Қайырлы сапар болсын! Ер жігіт үйінен шыкса үйірі не қосылады. Талай қанды көйлек достарың алдарыңда, шырақтарым! «Ер қартайса қазаншыл болар, бүркіт қартайса тышқаншыл болар»,— дегендей, біздің қайратымыздың қайтқан кезінде, жасымыздың жеткен кезінде кездесіп отыр, амал қанша! Болат қайнауада шынығады, батыр майданда шынығады. Туған елің үшін, қасиетті жерің үшін сыналатын жер осы! Жолдарың болсын, жас жайсаңдарым!— деп барып тоқтады палуан ата. Ақындар майдан туралы жазылған өлеңдерін оқыды. Майданға аттанғалы отырған Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев, Жұмағали Саин, Сағынғали Сейітов, Әли Есмамбетов, Ықылас Адамбеков, Владимир Чугунов, Дмитрий Снегиндер де өлеңдерін оқып өтті. Осылардың ең соңында шыққан Абдолланың біздің ортамызда ақырғы рет өлең оқығаны сол еді. Бұл бұрынғыдай жайдары

жарқын емес, қанын ішіне тартып алған, ер келбеті тым қатулы еді.

«Болғандықтан белгілі атым адам,
Міндетім көп мойныма арқалаған,
Ойнап-күліп ұлы бір дүниеге
Сапар алыс, жол жүріп кетіп барам!»—

деп аяқтаған еді өлеңін. Қоштасар сағаты жеткенде атта нушылар тобын басқарып келіп Павел Кузнецов Жәкеңді айқара құшақтап, бетінен сүйіп тұрып «Тәте, біз келмей өліп қалма! Біз жауды жайрата жеңіп келеміз!»— деп қолын қысты. «Сапарың оң болсын, сары балам»,— деп Жәкең Павелдің маңдайынан сүйіп, көзіне жас алған-ды. Әке жүрегін ұққан Абдолла Жәкеңнің алдына барып қолын қысып тұрып, кеудесін жапқан ақ сақалынан сүйді. Жәкең Абдолланы құшақтап, кеудесіне басып тұрып: «Тентегім, жас дүлдүлім!» деп сүйгені әлі күнге дейін көз алдыма елестейді. Жәкеңнен босаған Абдолланы Қажымұқан құшақтап сүйіп: «Берік бол, шырағым, ерлік сапарға ерлерше аттану керек!»— деп қайрап, жанып жатты. Халқымыздың екі атақты ақсақал қарттары баталарын беріп, батырлардың оң сапарын тілеп қалған еді.

Қапыда тап беріп, тарпа бас салған зымиян жау дауылдай бұрқырап, құйындай ойнады. Күндей күркіреп, қара бұлттай түйілді, найзағайдай жарқыл қақты. Бірақ қасиетті елдің қаһарман адамдары қасқайып қарсы тұрды. Табындырам деп келген фашист басқыншыларын табандылықпен соққылады. Бейбіт елдің берекесі шайқалғанына мәз болып, күмпілдеген қарақшылар жерді ластап, елді талап, жазықсыз жандарды атып, асқанына «жеңдім» деп ойлады. Шын жеңіс әділдікті, адалдықты, шындықты тілейтінін ескермеді, озбырлыққа сүйенді. Жаудың бетінде, майданның өтінде қан жұтып, қайғы кешкен қадірлес, сыйлас достарымыз, бауырларымыз, отандастарымыз ағылып келіп жатты. Атақты ғалымдар, жазушылар, көркемөнер қайраткерлері қадірменді қонағымыз болды. Сергеев-Ценский, С. Маршак, М. Зощенко, С. Михалков, К. Паустовский, атақты артист Л. Орлова, В. Марецкая, М. Жаров т. т. Жоғарыда аталған достарымыздың бәрі де Жәкеңмен кездесті. Қарт ақынның дастарқанынан бірнеше рет дәм татты. Оның әкелік мейіріміне бөленді. Отты жырлары мен лұғатты сөздерін тындап сүйсінді. Жәкеңнің отаншыл, намысшыл қасиеттеріне қызыға, құмарлана қарайтын-ды.

Сөз қисыны келгендіктен мен Сергеев-Ценский жайына аздап тоқтап өткім келеді. 1943 жылдың марты. Ала-сапыран мезгіл еді. Бұл кезде Жазушылар одағының председателі кәдімгі Сәбит Мұқанов болатын. Сәбен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен келді де аппаратты лезде жинап жіберді.

— Орыстың атақты қарт жазушысының бірі Сергеев-Ценский Куйбышев қаласынан кеше шығыпты, ертең осында келеді. Қасында жұбайы бар көрінеді. Соларға екі бөлмелі тәуір пәтер әзірлеуіміз керек.

Арада 3-4 күн өткенде Жазушылар одағында Сергеев-Ценскиймен кездесу болды. Орыстың ұлы жазушысының бірі, майталман қаламгерді мен бірінші рет осы жиында көрген едім. Сол жиналған көп адамның ішіндегі ең сұстысы да, денелісі де Сергеев-Ценский болып көрінді маған. Оның алпамсадай зор дене бітімі, кең маңдайына дудардай болып төгіліп тұрған қою, бурыл шашы, бүркіттің қанатындай қияғы аппақ мұрты жаратылысында тұлғалы келбетіне ерекше бір айбат беріп тұрғандай. Өзінің құлағының тосандығына қарамай өте жай, байсалды сөйлейді екен. Ол кісі сөйлеп тұрғанда әйелі Кристина Михайловна қағаз-қаламын әзірлеп қасына келіп отырды. Кейін Сергей Николаевичқа берілген сұрақтарды жазып алып, шалының алдына қойды. Сол жазылған сұрақтарға қарай отырып, қарт жазушы жауап бергенді. Оның берген жауаптары әрі маңызды, әрі қызғылықты, әрі тарихи шындықпен тығыз байланысты болды.

Кейін Сергеев-Ценскийді жеке пәтерге орналастырды. Біз сол күннен бастап жақсы таныс болдық. Кеңсеге ол кісінің өзі күнде келмесе де, Кристина Михайловна күн сайын келіп кітаптар ауыстыратын. Ол кісі бір келгенде:

— Жамбыл Жабаевты көргіміз келеді, ол кісі қашан келеді қалаға? Сергей Николаевич көрсем деп асығады. Сол кісіні қалай көретінімізді білмейміз,— деп қынжылды.

Жамбыл келсе мен машина жіберетін болып сөз бердім. Арада бір жеті өткенде Жәкең де келіп қалды. Сергей Николаевичқа машинамен кісі жібердім. Аздан кейін бәйбішесімен екеуін алып келді. Олар келгенше кабинеттің іші толып та болған еді. Олар, Сергеев-Ценский мен Жәкең, құшақтап амандасты. Екі ақсақалдың қасында отырған Сәбит ағай екеуінің сөзін кезекпен еселеп аударып беріп отырды. Бір кезде домбыраға көзі түскен Сергей Николаевич Жәкеңнің домбыра ойнауын өтінді. Құрметті қонақтың меселін қайтармай Жәкең домбыраны

аздап шертті де, қарсы отырған Иса Байзақовқа ұсынды. Иса ағай домбыраны ала сала біраз шертіп содан кейін өзінің атақты желдірмесін, халық әні «Ағаш аяқты» тағы басқа бірнеше әндерді асқан шеберлікпен орындап шықты. Отырған қонақтар Исекеңнің өнеріне қатты ризалық білдіріп алғыс айтты. Әсіресе Сергеев-Ценский ақынның дарындылығына қызыға елтіп сөйлеп отырды. Ол домбыраны қолына алып көріп, айналдырған екі ішектің күшіне, үніне таңқалды. Исаны қасына шақырып алып, қалай ойнайтынына балаша қарап отырғанында Исекең «Гопакты» да ойнай жөнелді. Таңырқап қалған карт:

— Мен домбыра тек қазақ мелодиясын ғана ойнауға жарайтын шығар деп ойласам, бұл екі ішек «Гопакты» да секіртеді екен ғой. Демек бар халықтың тілін білетін қарапайым жүйрік осы екен,— деп жадырап сөйлеген-ді.

Иә, Жәкең туралы көп жазуға болар еді. Бірақ бір-бірімізді қайталауымыз мүмкін деп сақтандым.

НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ

ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРА

Менің қолымда шағын ғана қызыл қоңыр домбыра отыз төрт жылдан бері сақталып келеді.

Домбыраның оқиғасы мынадай:

1938 жылдың январында қазақтың профессионал музыкасының ардагер ағасы, ұйымдастырушысы Ахмет Жұбанов осы қызыл қоңыр домбыраны маған сыйға берді.

Сол жылдың күзінде Алматыда бір үлкен өнер жиыны болып, оған Жамбыл бастаған көптеген халық таланттары келді. Жәкең бізге аталас, жақын кісі. Өнер жиыны өтіп жатқан тұста әкем Тілендінің туған інісі Тілегеннің әйелі қыз тауып, шілдеhana қуанышына құтты болсын айтуға қасына бір топ өнерпаз ақындар Кенен, Иса, Үмбетәлі, Шашубайды ертіп Жамбыл ата біздің үйге келді.

Үлкендер енді бір кезекте маған күй тартқызып қызықтады. Мен әу баста сәл қысылып абдырап қалдым да, жұрттың «ұялма, сал барынды» деген кеу-кеуімен, Жәкеңнің өзінің Бекболат батыр көтерілісі туралы шығарған дауылды «Ұран» күйін соқтыра жөнелдім. Бәрі

сілтідей тынып тыңдай қалыпты, күй біте «ау, бәрекелді, тағы да тарт» десті. Енді Тәттімбет, Құрманғазы күйлерін, Жәкеңнің «Ой, дүние-ай» күйін тартып бердім. Ұйып тыңдаған ұлы акын, мен күйді тартып болғанда, үнсіз ғана қолын созып домбыраны маған бер дегендей ишара қылды. Домбыраны Жәкең қолына алып айналдырып, аударып-төңкеріп, әрлі-берлі қарап отырып: «Домбыраң шешен екен» деп жай ғана шегін қағып байқады, бірақ күй тартпады. Мен солақай домбырашымын, сондықтан домбыраның құлағы сол қолдың ыңғайына келтіріліп бұралған-ды.

Ақын домбыраны маған қайта ұсынып: «Жарығым, домбыранды сақта! Қазақтың қара домбырасының бойына халықтың бар өмірі мен тарихы, қуанышы мен мұң-зары, өнері сиып кеткен. Соны ыждағатпен ұқыпты үйрене білсең, осы домбыра халқыңа көп нәрсе айтып берер»,— деп еңкейіп қасында отырған менің маңдайымнан сүйіп, бата берді...

Жәкеңді соңғы рет 1942 жылдың декабрінде өзінің үйінде көрдім. Майданға жүрер алдында қоштасып, батасын алу үшін анам Салиха екеуіміз әдейі келгенбіз.

Қазір үйімде алты домбырам бар. Қызыл қоңыр домбыраны тек үлкен жиын, концерттерде болмаса қолыма ұстамаймын.

Дегенмен, ондаған жылдар өтсе де қызыл қоңыр домбыра бүгін де бабында. Мен көп шығармаларымды сол домбыраның сүйемелдеуімен жаздым. Мәселен, «Қыз Жібектегі» Қаршыға мен Шегенің қобыз бен домбыраны қосып тартатын күйі осы домбырамен тартылды. Жалпы «Қыз Жібектегі» барлық күй, бар музыкалық сүйемел қызыл-қоңыр домбыра үнімен жасалды. Сондай-ақ, оннан аса күйді пластинка табағына осы домбырамен түсірдім.

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ

АҚЫНДЫҚ ОРТА

...Жамбыл — әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жырышы Ол — шын мағынасындағы биік, парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзиямыздың жасаушысы. Жамбылдың ұлылығы оның тек шеберлігімен ғана емес, халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда,

халық ақындарының революциялық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді.

Жамбыл дәстүрін Шашубай, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, Орынбай, Омар, Доскей, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Нұрқан, Саяділ секілді халық ақындары жалғастырды. Осындай халық творчествосының асыл маржанын жасаушылардың есімі совет дәуірінде ғана бағаланды. Олар тек өздерінің алдындағы ақын-жыраулардан ғана үйреніп қойған жоқ, сонымен бірге, сан замандағы көне эпостардан, тарихи жырлар мен аңыздардан, әңгіме хикаялардан, әфсаналардан да үйренді. Олар өз өнерлерінің шын халықтық мән-мағынасын халық поэзиясының өлмес, өшпес мотивтерімен тығыз байланыстан іздеп тапты.

Біз жоғарыда байтақ қазақ даласын жырға кенелткен, осы бір теңдесі жоқ өнерді ілгері дамытқан, жаңа биікке көтерген ұлы ақындардың, ғұлама, дария-даңғыл жыраулардың ең соңғысы әрі үздігі Жамбыл дедік. Көркемдік нақыш, өрнегі тұрғысынан Жамбыл импровизациясының тіпті бөлек екені әлемге аян. Десе де, өзінің халық алдындағы азаматтық, ақындық міндетін толық өтеп кеткен Жәкеңнің ұлы мұрасы алдында әлі де өкініш — көмейінен жыр қоздаған жыраудың, қара өлеңнің таусылмайтын бұлағындай, жырдың асыл кеніндей, тіккен туындай ақынның жыр майданындағы сол ұлы сүре даңғылдығын, өлеңді өрнектеп төккен, жырдан ұрық сепкен, жырдың өрісін ұзартқан, өлеңге қанат байлаған күдіретін әлі де толық аша алмай келе жатқандығымызда. Жәкең дүние салар сәтінде әдеби хатшысы Әбділда Тәжібаевқа:

— Әбділда, енді мен оңалмаспын. Үнемі жанымда бірге жүретін Сұраншы табыс еткен жолбарысым үш мәртебе айқайласам да қарамай кетті,— депті.

Осы әңгімені кейін Әбекең әдебиетші Виктор Шкловскийге айтса керек. Москвада бір үлкен әдеби жиында Шкловский:

— Досым Әбділда маған Жамбылдың жолбарысы жайында ғажап әңгіме айтты. Талантты, дана ақындардың дәл сондай өз жолбарысы болу керек. Онсыз ақын ақын емес!— деп ұран салыпты мінбеден.

Былай қарасақ, ертегі сияқты. Бірақ Жамбылдың жолбарысы деген сөз оның ақындық күдіретіне өте үйлесіп-ақ тұр.

Жамбылдың ізінше Шашубай, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, Омар, Доскей, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Есдәулет,

Нұрқан, Әбдіғали, Саяділ секілді көктемгі нөсерден соңғы қырдың көгіндей қаулаған қалың акынның аз уақыт ішінде лап қоюы әдебиетіміздің тарихындағы аса бір елеулі құбылыс еді.

Қырандай алғыр, кеудесін жыр кернеген осы бір ұғымтал ақындардың бас арнасы — алып Жамбыл. Әйгілі жыраудың бұл атыраптағы озық өнегесі мен жаңашылдығы да әлі түгел жазылған жоқ.

Жамбылдың ақындығын баулыған өнер, жыр ортасы, ақындық төңірегі де әлі толық зерттелген жоқ. Жыр семсерін шындаған, жас қыранды баулып қияға ұшырған орта мен ақындық мектепті толық ақиқаттау — жауапты міндеттердің бірі.

«Өлең кірген түсіне

Жөргегінде мен болам», — деп өзі айтқандай, Жамбыл ана құрсағынан жарық дүниеге акын болып түскен. Өсе келе тыңдаудан, үйренуден жалықпаған.

Жамбылдың тікелей ұстазы — Сүйімбай. Десе де, Жамбыл творчествосының арналары мен тарихи тамырлары өзінің алдындағы Махамбет, Сүйімбай поэзиясында ғана емес, М. Әуезов ескерткен, кейінірек Есмағамбет Ысмайылов дәлелдеген, ғасырлар құрдымындағы эпостар мен әңгіме-хикаяларда жатыр.

Жамбылдың ақындығы жайындағы әңгімені оның өзі нәр алған екі арнадан — ақындық және шешендік орта мен дәстүрден бөліп қарауға болмайды. Сонда Жамбылдың үлгі тұтқан, өнеге алған мектебі бір ғана Сүйімбай емес, өзіміз жақсы білетін өзге де бірқатар ақындар болып шығады.

Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ
Пірім еді бас ұрған
Айтқандары нұсқа еді,
Жаралған сөзі асылды,—

деп, өз жүрегінен асыл сырын ақтарған.

Қысқасы, Жамбыл Жетісудың төрінде, жырдың тұнып тұрған, дәуірлеп тұрған шағында туған. Бұл кезде Жетісу ән мен жырдың алтын бесігінде болатын. Ақын туып-өскен Жетісу атырабы, әсіресе оның төменгі Шу, Талас бойлары, Оңтүстік өлкесі ән мен жырдың аршылмаған бастауындай, әлі де тың жатыр. Біздің соңғы жылдары жиған деректеріміз осыны түгел растай түседі.

Әйтпесе, бұл өңірде есімдері жиі қайталана беретін: Сүйімбай, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Бөлтірік қа-

на емес, сол сияқты, Дәурен сал, Кененбай, Тілеміс, Қылышбай, Бармақ, Қарқабат, Өзбек, Нұралы ағайынды Сауытбек пен Сыбанбек, Қожатай, Орақбай, Қалыбек, Рахымбай, Сатыбалды, ағайынды Егемберді, Құдайберген, Қарақожа, Төреқожа секілді ақындардың, салсерілердің; Ұлбике, Өзипа, Қырмызы, Әлмен, Айкүміс, Ләтипа, Баян, Жаңылдық сияқты айтулы ақын қыздардың өнері қанат жайған. Бұлар — артына мол мұра қалдырған, сөйтіп қазақ халқының байтақ сөз өнерінің кенішті саласын құраған сөз зергерлері, көпшілігі — айтыс ақындары. Жамбыл солардың біразынан үйренген, көбіне өзі ұстаз болған.

Ал Жамбылдың ұлылығына келетін болсақ, ол шеберлігімен ғана емес, халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір тұрғылас биік бәйтерегі болумен, басқаша айтқанда, халық аспаптарының революциялық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Ендеше, Жамбыл — сол ұстаздық бақытына ие болған ақын. Жәкеңнен көбірек үйренген үздік шәкірттерден Үмбетәлі, Кенен, Есдәулеттердің есімдері ерекше аталады. Асылы, көреген М. Әуезов: «Қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері ХІХ ғасырдан бергі жерде басқа өңірлерде бірте-бірте саябырсып, Жетісу өңірлерінде, Оңтүстік, Сыр өлкесінде шоғырлана бастаған» дегенде де, жоғарыда айтылған өнер иелері мен сол кездегі шындықты мықтап ескеріп айтқан болу керек.

Қартайғанда Арқадан — Шөже мен Түбек, Талас-тан — Майкөт секілді ғұлама жыраулардың, бертінде Шашубайдай санлақтың Жетісуға келу себебін сол дана жазушымыз айтқан шындықтан іздеу керек. Әйтпесе, бұл өлкенің іргелі ақындарымен айтысып, талай сынға түскен жыр аруағындай Майкөт сонау Таластың төменгі саласынан — етектегі елден, сонша жерден Жетісудың төріне қартайған шағында ас іздеп, ағайыншылап келмеген; ол бұл жолы да Сүйімбайдың орнына — өлеңнің қонған жұртына жыр іздеп келген болатын. Сонда Шөже мен Майкөттің жанында үнемі жырсандық Жамбыл жүрген. Сөйтіп, Жәкең Үмбетәлі, Кенен тәрізді шәкірттерін сол өзі өнеге алған ақындық ортаның озық дәстүрінде баулыған.

Мәселен, Жамбыл жырларының ойнақы өткірлігі, айтысқыштығы — Үмбетәліге; оқиғалы ұзақ дастан, жыр шығарғыштығы — Өтеп пен Саяділге; әншілігі, Отанды, партияны, халықты тұтастыра жырлайтын қасиеті Кененге дарыған.

Өлеңге Жамбыл жүйрік, әнге — Кенен,
Су жорға Үмбетәлі — қара дөнен,—

дегенде Ілияс Жансүгіров осы қасиеттерді баса айтқан ғой.

Жамбылдың нәр алған қайнар көздерін, төңірегін айқындауға, арши түсуге байланысты кейбір ойлар осындай. Жамбылдың ақындық айналасын ашу — оның өнерпаздық табиғатын, оқшау даралығын, шәкірттен ұлы ұстазға айналған бақытын айқындау, түптеп келгенде, ол — Жамбылдың жолбарысын тану деген сөз.

Жамбыл бірде өзінің шәкірті, әрі інісі Кенен Әзірбаевпен кең жайлауды аралап, Құлансаздың биік жотасынан төңірекке көз жіберіп:

— Сонау мұзбен жүгенделіп, тас аркалап қомдалған Құмбелден бері қарай картадай қатпарланып төгілген төс — Қарақия талай орғыған жеріміз. Батысқа қарай, созылып шөгіп жатқан Шетендінің жотасы — Қырғызбен шекарамыз. Қарақияның басы Қаракастек өзенінің тұйығымен құшақтасып жатыр. Соның оң босағасынан бері қарай төгіліп жатқан Қарабастау Құлансаз, Көктұма, Желдісай. Бұл жағы Майтөбеге келіп қойындасып жатыр. Көгендеген қозыдай көк бұйра адырлар қабат-қабат жасыл барқыт сияқты, қоңыр самал желі үзілмейді. Шайдай ашық боп тұрып кейде бұлты үркіп шыға келеді де, лезде шымқап алып, нөсерлетіп құя салады.

Осындай ала-құйын мінезі де бар.

Күнде басын шүйкелеп,
Аспанға басын үйкелеп
Қағып-сілкіп тұратын тау емес пе бұл!

Мұның қай сыры мәлім емес бізге? Сонау ойдым-ойдым көгергендердің бәрі елдің жұрты — көбі байдың жұрты. Он төрт жасынан бері қарай көрген жерін кісі білмесін бе. Сонау арғы жақтағы Қарағайлының кезеңі — Шалтабайдың жұрты. Майтөбенің кезеңі — Жылқыбайдың жұрты. Бұл жұрт жиырма тоғызыншы жылы ғана босады — деген екен. Жәкең өмір бойы қызықтап, жырына қосқан сол Құлансаз батысында Майтөбемен құшақтасып, одан әрі Суықтөбемен жалғасады. Суықтөбе Алатаудың сілемін Қордай жотасымен жалғастырып аяқтасады.

Міне, шапырашты — екейлер жаз бойы Құлансаз Суықтөбе жайлауларын самалдап жайлайды да, қыста Байғара, Ханжамбыл тауларының қойнауын паналайды. Жамбыл 1846 жылы февральдың аяғында осы Ханжам-

былдың бауырында қақаған қыста дүниеге келеді. Ел жиналып нәрестеге ат қояды. Атасы Ыстыбай:

— Елім-жұртым біз естіп-білгелі шапырашты екі жерде жан сақтап келеді; жаз Құлансазды жайлаймыз, қыс Ханжамбылды паналаймыз. Қалың елге пана болған, қойны жылы, қойнауы құт Ханжамбыл — қасиетті тау. Ханжамбылдай биік әрі елге пана болсын, немеремнің атын Жамбыл қойдым, — деп нәрестенің құлағына үш рет айқайлап, батасын беріпті.

Жамбыл дүниеге келгенде Жетісу Қоқан ханының қол астында еді.

Керең дүние кедейдің үнін естімейді; бір жағынан байлар жыландай сорса, екінші жағынан қулар құзғындай шоқыды. Міне, соншалық қыспаққа төзе алмаған халық алым-салықтан бас тартты, азаматтар атқа қонды. Саурық, Сұраншы, Андас, Сарыбай ел ішінен қол жинап, Қоқан ханының Жетісуға сайланған бегі Қанатшаға қарсы күреске шықты. Халықты біріктіруде аталған батырлардың еңбегі зор болды.

Саурық, Сұраншы — ағайынды кісілердің балалары, Саурық үлкен, Сұраншыны батырлыққа тәрбиелеген. Алпыс жасында Суықтөбе баурында дүние салады, сонда жерленген.

Сұраншы (1817—1864) — ержүрек, қайтпайтын қайсар; зор денелі, ұзын бойлы, сол жақ бетінде шешектен қалған дағы бар, даусы жуан, сөзге шешен, қарашұбар кісі екен.

Орыс армиясымен келісіп, Сұраншы мен Сарыбай би бес мың қол жинап, Ұзынағаш түбінде Қанатшаның самсаған қалың қолын талқандап, өз жерін Қоқан қыспағынан азат етеді. Бұл соғыста Сүйімбай Сұраншының сарбаздарына жалынды жырмен дем берген, жауынгер үгітшісі, ұраншысы болған. Шоқан Уәлиханов Гутковскийге жолдаған хатында Сұраншының орыс армиясына адал екендігі жөнінде ашық жазады. Сұраншы Қоқан хандығынан Әулиеатаны азат етіп, Ұлы жүз батырларының Қоқанға қарсы соғысында Сайрамда 1864 жылдың июлінде ерлікпен қаза табады.

Сарыбай аяғынан жараланып, Ташкенге дейін барды. Осы сапар полковник шенін тағынады. Сайрамда қалған Сұраншының сүйегін әкеліп ауылына жерлеген — осы Сарыбай.

Міне, Жамбыл осындай қарбалас кезеңде, аласапыран қыспақ заманда дүниеге келген.

Елін, туған жерін Қоқанның қыспағынан азат еткен

ер Сұраншы дүние салғанда Жетісу елі күңіреніп, аза тұтады, кәрісі бар, жасы бар, Ұлы жүз ақындары, ел жақсылары түгел жиналып, тар кезеңде пана, қорған болған батырын арулап қояды.

Деректерге қарағанда, сол жолы жалайырдан Бақтыбай, Қарқабат; найманнан Түбек; Арқадан Шөже, албаннан Құлмамбет, Бөлтірік; Қасқараудан Сарбас ақын, Кебекбай, Ноғайбай шешендер, Бердібек күйші; Шу бойынан Қуандық, Қылышбай ақындар, Бөлтірік шешен; Әулиеатадан, Шымкенттен, Құлыншақ, Майкөт келеді. Сүйінбай бастаған шапырашты ақындары аяғынан тік тұрып қызмет қылады. Өрдегі, етектегі ағайынның жақсысы мен жайсаңы түгел жиналған соң Сұраншының анасы шағынып, көп жыласа керек. Сонда Бердібек күйші, мұңды ұзақ күй тартып, батырдың анасының жылағанын тоқтатып;

— Ау, бәйбіше,
Бір күндері сауыны келген биедей едің,
Бұл күнде ботасы өлген түйедей болдың.
Кедейбайың Сұраншыдай болмай ма?
Орта түскен құрсағың толмай ма?
Кедейбай да ер жетер,
Көп жыласаң ел кетер.
«Сабыр түбі сары алтын» деген,

«Сабыр ет»,— деп, көпшілік атынан көңіл айтыпты. Бердібек айтқандай, Сұраншының баласы Кедейбай кейін ел сыйлаған азамат болады.

Жиналған ақындар Сұраншыны жырында, күйшілер күйінде жоқтаған. Жас Жамбыл осы жиынның ішінде болған. Он сегіз жасар жас ақын топ алдында ерлікті ардақтап жыр төккен.

Сұраншының ерлігін, адамгершілігін, артық сыпаттарын жырлаған Сүйінбайдың жоқтауы кейін желілі, тарихи дастанға айналған.

Задында қазақ эпостарының қай-қайсысы да батырдың қазасын жоқтаған жоқтау жырларынан, ерлігін дәріптеген мақтау жырларынан құралады. Әдепкіде батырды оның жорығына қатысқан ақын жырлап, кейін сол батырдың ерлігін неше буын жыраулар жалғастырып, әлденеше цикл жырлар біріктіріліп, батыр жайында ұзақ жыр туған.

Ал XVI-XVII ғасырлардан бергі жерде өмір сүрген батырлар жайындағы шығармалар, біріншіден, авторы сақталғандықтан, екіншіден, ол батырлардың өмірі жайындағы деректер халыққа соншалықты таныс болған-

дықтан эпосқа айналмаған, тарихи жыр ретінде қалыптасқан. Оның үстіне эпос туу үшін ұзақ ғасырлар керек еді.

Міне, соның айқын бір мысалы — Сұраншы жайындағы жырлар. Өкініші, батырдың азасында айтылған не бір айтулы ақындардың жыры сақталмаған, бізге жеткені — Сүйімбай жырлары. Әдепкіде жақын-жуықтарына жоқтау шығарып берген Сүйімбай ежелгі қазақ жырауларының салтымен Сұраншының ерлігіне ұзақ, желілі жыр шығарады. Тарихи поэмадан эпостың стилі айқын көрінеді.

Мысалы:

Қоканның ханы қағынды,
Байлаулы тұрған төбеттей,
Аласұрып шабынды,
Өз-өзінен желігіп,
Қызыл қанды сағынды.
Әскерін ертіп соңынан,
Қоканнан бәрі ағылды.
Ат бауырынан тер ағып,
Сүбесінен сабылды.
Құтырғаны емес пе?
Тыныш жатқан қалың ел,
Ұлықтарға не қылды?..

Сүйімбай Сұраншы жайындағы көлемді жырды бірден таратып айтпаған. Өзінің көңіл-күйін әдепкіде:

Батыр елден шығады,
Ұрандап жауға шабатын,—

Немесе

Әуел баста Керімді алды,
Жас батыр Қырбас сынды өрімді алды.
Сұраншы, Сауырыкпенен қатар өліп,
Опасыз дүние сенен көңілім қалды,—

тәрізді шағын жыр-толғаумен жеткізіп, кейінірек тұтас ерлік жырына айналдырады. Ұстазының ізімен өмір бойы жырлаған Жамбыл да кейінірек «Сұраншы батыр» поэмасын аяқтайды.

Ескіден есте қалғаннан,
Жасымда айтқан жырлардан
Ескерткіш еді батырға,—

деген жолдардан Жамбылдың Сұраншыны жас кезінен бастап ұзақ өмірінде үздіксіз жырлағаны аңғарылады.

Жамбыл поэмасы рухы, стилі, тынысы жағынан да Сүйімбай дастанымен үндес, әуендес келеді. Жамбыл ұс-

тазынан қалай үйренді, екі ұлы ақынның бір батырға арналған дастандары үндеседі, туыстасады деген мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді, сондықтан біз бұл жолы оған тоқталмаймыз.

Ақын творчествосы, әсіресе совет дәуірінде туған шығармалары, әдебиеттану ілімінде жеткілікті әрі терең зерттеледі. Бұл ретте академиктер М. Әуезовтің, М. Қаратаевтың, профессор Е. Ысмайыловтың, филология ғылымының докторы Ә. Тәжібаевтың еңбектерін ерекше атаған жөн. Жалпы Жамбыл жайында мақала жазбаған әдебиетші кемде-кем. Соншалықты көп жазылғандығына қарамастан, ақын мұрасы әлі толық зерттеліп болған жоқ. Шамғали Сарыбаев пен Сапарғали Бегалиннің өмірбаяндық деректері мен профессор Е. Ысмайыловтың «Ақындары» болмаса Жамбылдың ғылыми өмірбаяны әлі жазылған жоқ, ақындық ортасы толық ашылған жоқ, творчествосы шеберлік тұрғысынан нақты талданған жоқ. Осы үш мәселе шешілгенде ғана ұлы ақынның мұрасы түгел, тұтас танылатын болады.

Біраз уақыттан бері Жамбылдың ақындық айналасы, дәстүрлі, тәлім алған өнер ортасы — өнеге мектебі, творчестволық шеберлігі деген мәселені зерттеумен шұғылданып келеміз.

Бұл ретте жылда ел аралап Жамбылды көрген оның ұстаздарын, Жамбылдың алдында өмір сүрген ақын-жырауларды, шешендерді, күйші-өнерпаздарды білетін көкірегі жазулы хаттай зерделі ақсақалдармен, халық таланттарымен, қарт ақындармен кездесіп, хат арқылы хабарласып, құнды материалдар жинағанымызды еске сала кеткіміз келеді. Тың әрі қызықты деректердің көбін біз Жамбылдың шәкірті, айнымас серігі Кенен Әзірбаевтан алдық.

Атақты Сауытбековтің жиені Шу өңірінде тұратын қарт ақын Смайыл Қалипанов маған жолдаған бір хатында былай деп жазады:

Жүрсіндер білім жинап Алматыда,
Қартайып тұрған шалмыз қыр басында,
Қолымда бабалардың мұрасы бар,
Көміліп топырақта қалмасын да,
Шылықпен өтіп кетті білген өнер,
Мойынкүм, Қордай, Шудың арасында,
Өзіңе бәрін тегіс тапсырайын
Ішінен жарағанын аласың да.

Біз Смайыл ақсақалдан Сауытбектің мұрасын толығырақ, Қылышбай, Балықбай, Мырзабай, Орақбай ақын-

дардың шығармаларын, Қуандық пен Сарыбастың ұзақ айтысын жазып алдық.

Жамбыл облысы Луговой ауданында тұратын қарт ақын Қазыбай Бижанов пен Шу бойындағы Асылбеков Сауран ақсақал Балықбектің, Орақбайдың, Өзбектің, Бармақтың творчествосынан құнды деректер жіберді.

Қордай ауданындағы қарт шежіре Өмірқұл Құлшықов пен әдебиет пәнінің мұғалімі Жақып Әбдірахманов Өтеген батырдың өмірінен; Тілеміс, Әлмейін ақындардың творчествосынан, Меркілік қарт ақын Өмірбек Қабылов, Сүйінбай, Майкөт, Мырзабай, Өзбек Жидебай ақындардың мұрасынан құнды мәліметтер берді. Олардың біразы бүгінде арамызда жоқ. Соншама қымбат қазына сақтап бізге жеткізген зерделі, ескерулі азаматтарға алғыс айтуды, дүние салған қадірлі ақсақалдардың әруағы алдында бас июді өзімізге борыш санаймыз.

Қорыта айтқанда, Жамбыл алдымен халық жырларынан үйренген, ел өнерінің қайнар көзінен, мөлдір тасқынынан туған, сол өнердің бөлеуінде өскен. Жамбылдың үлгі-өнеге алған мектебі: Сүйінбай, Қабан, Шөже, Майкөт, Жанак, Түбек, Майлықожа, Құлыншақ, Бақтыбай, Қуандық тәрізді іргелі ақындар; Кебекбай, Ноғайбай, Сапақ, Бөлтіріктердей от ауызды, айыр көмей шешендер; Канадан, Байсеркедей өнері асқан күйшілер. Бұған Жамбылдың ақындығын шындаған, өзімен сайысқа түскен: Құлмамбет, Сарбас, Шашубай, Айкүміс, Досмағамбеттердей өрелі ақындарды, кезінде жиын-тойда бас қосқан, үзеңгілес Әсет, Жүсіпбек Қожа, Тілеміс, Әлмейін, Әлмен, Ләтипа, Балықбек, Мырзабай, Өзбек, Шарғын, Қарабек ақындарды; Жолдыбай, Жантай күйшілерді; Қосай шешенді, шәкірттері Мақыш, Шүкітай, Әпежек, Бармақ, Кенен, Үмбетәлі, Өтеп, Саяділ, Құстүтін, Өмірзақ, Құрма, Әбдіғали, Жартыбай ақындарды қоссақ, академик М. Әуезовтің: «Жамбылдың өз айналасына келгенде, қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өленді көруге болады»,— деген сөзі толық расталады.

Міне, осы аталған қалың, іргелі ақынның көбі әлі зерттелген жоқ. Сол кемшіліктің орнын толтырар деген ниетпен біз Қабан, Сүйінбай, Майкөт, Қуандық, Құлмамбет, Сарбас, Орақбай, Сауытбек ақындардың өмірінен, творчествосынан жаңа дерлік, мағлұмат бермекпіз. Жамбыл бұлардың біразынан үйренген, біразымен теңқатар жүрген, кейбіріне ұстаз болған.

АЛЫПТАР КЕЗДЕСУІ

Тоқтағұл келгенде. Бауырлас қырғыз халқының демократ ақыны Тоқтағұл Сатылғанов 1910 жылы Сібір тұтқынынан қашып шығады. Оның қашып шығуына орыс жолдастары көмектеседі. Тоқтағұл тайганың қалың ну орманын аралап, түнделетіп жүріп отырып Қазақстан шетіне ілігеді. Қазақ ауылдарына жетіп жүрек жалғайды, есін жинайды. Қазақ ағайындары оны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, іздеген тыңшылардан талай рет аман сақтап, күтіп сыйлайды. Тоқтағұл оларға өлең айтады. «Манасты» жырлап береді.

«Қазақ жеріне келгенде, өз еліме, өз үйіме келгендей болдым»,— депті Тоқтағұл. Ол қазақ жерінде бір күні сырқаттанып, жүре алмай қалады. Сонда оны қазақ достары аркалап жүргенін, елге келгенде жыр қылып айтқан екен. Сол достарының жәрдемімен Тоқтағұлдың өз еліне жеткеніне көптеген дерек бар. Түрмеден қашып келе жатқанда ол былай деп жырлапты:

Қанатым — қазақ туысқан,
Хабар ал жаннан ұғысқан.
Бәрің бірдей жақынсын,
Бәрің келіп тұрасын,
Жасырмастан айтайын,
Болған істің расын...

Осылайша, ол қазақ халқына өз басынан кешкен жайларды ақтарыла жыр етеді. Бұл дерек Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында және Тоқтағұлдың 1956 жылғы толық жинағында бар. Осындай деректерді кезінде Жамбылдың жанында жүрген шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Есдәулет те айтқан болатын.

1964 жылдың күзінде Кенен Әзірбаевтың өлең, жырларын жинастырып, баспаға әзірлеу үшін арнайы тапсырмамен Қордайға бардық. Кенекен біздің алдымызда ғана Фрунзе қаласынан келіп отыр екен. Тоқтағұл Сатылғановтың туғанына 100 жыл толу тойына қатысыпты.

— Қырғыз ағайындар — деп бастады ақын әңгімесін.— Тоқтағұлға зор құрмет көрсетті. Өлең, жырларын оқыды. Әндерін шырқап, күйлерін шертті. Солардың ішінде әсіресе бір ғалымы айтқан сөз және Оспанқұл ыршының Тоқтағұлдың «Қазақ жерінде» деген өленін

жырлап бергені, біздің Жәкеңмен қалай кездесіп бірге жүргені маған қатты әсер етті.

Біз білмейді екенбіз, Тоқтағұл Сібір түрмесінен қашып орманды аралап жүре беріпті. Сөйтіп қазақ жеріне жетіпті. Ауыл аралап, өлең айтыпты, жарасы жазылып, есін жинапты. Семейді жағалап, Аягөз асып Жетісуға келіпті. Қарақастекте Жамбылмен кездесіпті. Сонда Жәкең:

— Келдің бе, ақиғым, алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып асқар белден.
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,
Хан, төре айналмай ма сендей ерден.
Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп,
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан
Жетіпсің енді міне елге келіп...»

деп оны айқара құшақтап, қасынан орын берген.

Жәкең жарықтық ақынның ақынын айтпай тани білген ғой. Тоқтағұлдың тау суындай тасқындап төгілген жырына, бай-манаптарға бетің бар, жүзің бар демей батыл айтқан сөзіне тәнті болып, оны өзі ертіп жүріпті. Қастек, Қаскелең, Майтөбе, Суықтөбені аралатыпты. Екеуі Құлансаздағы тойда болыпты. Содан Қордай асыпты. Кебекбай, Ноғайбай ауылдарын ән мен жырға бөлепті. Берегіректе, Жәкеңнің қасында көбірек жүрдік қой. Қырғыз еліне де талай бірге бардық. Сонда Жәкең әсіресе Мұраталы мен Тоқтағұлды аузынан тастамайтын. Қырғыз достарына Тоқтағұлдың жырларын айтқызып, Мұратәлінің күйлерін шерткізетін.

Бүгінгідей әлі есімде, отыз сегізінші жылы Жамбыл қырғыз ағайындардың шақыруымен Фрунзеге барды. Сонда ол көптеген ыршы, күйші, ақын-жазушылармен кездесті.

— Мен жас жігіт кезімде, — деді Жәкең, — айыл, жайлауларыңды көп аралап жыр айттым. Сонда Тыныбектей манасшы, Тоқтағұл, Қалмырзадай ыршылар, Мұраталыдей күйшілермен кездесіп, дос болдым. Тыныбектен «Манасты» тыңдап ұқтым. Тоқтағұлдан «Бес қабан», «Шоң кербез», «Ой, бұлбұл», Мұраталыдан «Қамбархан» «Ботаның зары», «Қыл-қияқ» күйлерін тыңдадым. Ой шіркін-ай, ондай ыршы, күйшілер бола бермес!.. Жамбыл енді бірде қасында отырған Әлімқұл ыршыға бұрылып: — Сендердің шертпе күйлеріңді сағындым әлгі, «Қырдағы жүрген қырық арқарды» тартшы? — деді.

Әлімкүл шешен қомузын безектете жөнелді. Ақындық арқасы қозып кеткен Жамбыл:

— Сен күй тартқанда, мен тарта алмаймын ба?— деп бір күйді тартты да, сонын жырға айналдырды.

Қырғыз ұлы, құлак сал,
Ежелден кимас бауырым.
Жайлап жүрдік саялап,
Іле, Шу, Нарын ауылын.
Атамыз болған бал тату
Анамыз болған жан тату
Келін менен бозбала,
Ұлы менен қыз тату.
Қазақ айтқан қырғызға —
Батырым деп мақтаған.
Бір қыныр сөз айтпаған,
Ақ қалпақты ер қырғыз
Төрге шық деп сыйлаған.
Қазақ барса қырғызға,
«Кел бауырым, кел»,— деген.
Бала қайда, малға бар,
Бағлан алып кел деген...»

Кенен ақын әңгімесін жалғай түседі. Ол сәл ойла-
нып, домбырасын жай дыңылдатып отырды да,

— Мен Ыстық көлге жиі барып тұрамын,— деді.—
Жаздың тамылжып тұрған бір күнінде Ыстық көл жаға-
сындағы бір қырғыздың үйінде аялдап отырғанымызда
ол Тоқтағұл туралы біраз әңгіме айтып еді. Сондағы
Жәкеннің:

Айдауды көрген Тоқтағұл,
Байлауды көрген Тоқтағұл.
Зынданды көрген Тоқтағұл,
Мұң, зарды көрген Тоқтағұл.
Қол, аяғы кісенмен
Қинауды көрген Тоқтағұл,
Қайда екен сол Тоқтағұл?—

деген терме сөзі әлі ойымнан кетпейді.

Тоқтағұл мен Жамбылдың тағы бір кездесуін Жам-
был шәкірттерінің бірі — төкпе жырдың шебері Үмбетәлі
Кәрібаев кезінде былай әңгімелеген-ді.

— Ұмытпасам, 1912 жылдың жаз айы болатын. Қыр-
ғыз Алатауының «Үлкен кемин» дейтін кең жайлауында
Россия патшалығынан полковник атағын алған қырғыз-
дың манабы Шабденге ас берілді. Кең сазға үш жүздей
үй тігіліп, әр тараптан халық ағылып келіп жатты. Жеті-
судан да көптеген адамдар барды. Жамбыл, Кенен бәрі-
міз сол тойға барып қатыстық. Маған жыр кезегі үшінші
күні ат бәйгісі болардың алдында ғана тиді. Оның ал-

дында Жамбыл, Кенен және қырғыздың ірі ақындары жырлап өтті. Ақындар айтысы да аяқталды. Әр елдің өңкей дөкей бек, манаптары үлкен ақ үйде қымыз ішіп, ет жеп отыр еді, қырғыздың аға ақыны Қалмырза:

— Кәне, Үмбет ыршы, жорғаға салып тамашанды көрсет!— деді. Мен ақпалы термемді төге жөнелдім. Екі елдің достығын, ақындарын, батырларын мадақтадым. Бір кезде Тоқтағұлды атай беріп едім, төр жақта отырған бір бегі болу керек.

— Тоқтат!— деп, ақырып қалды. Сол кезде манадан бері үй сыртындағы топ адамның ішінде жүрген Тоқтағұл үйге кіріп келді. Әлгі бек Тоқтағұлға қарап:

— Шық үйден, айыпкер қашқын!— деп зеки бастады. Осы кезде кең үйдің төр жағында Мұратәлі, Оразәлі жыршы, күйшілер ортасында отырған Жамбыл:— Тоқтағұлдымысың, төрге шық,— деп, оған қасынан орын берді. Тоқтағұлға «үйден шық» деп жатқан сол елдің Бәйтік деген манабы екен. Ол өршелене түсіп:

— Ай қазақтың жалғыз атты ыршысы, билік айта-тындай бұл сенің айылыңның тойы емес, біздің қасиетті жарты патшамыздың асы, қаңғыбас қашқынды жақтамай жайыңа отыр!— демесі бар емес пе? Бәріміз сол арада дау шығып кетпесе екен деп, еліре қалыппыз. Тоқтау айтып жатқандар да бар. Мұндайда даудан да, жаудан да беті қайтпайтын Жәкеңнің екілене түсетін әдеті бар ғой:

Тұлпарды тұлпар таниды,
Ертеден шапса талмайтын.
Сұңқарды сұңқар таниды.
Ілерде жемін самғайтын.
Батырды батыр таниды,
Ұрандап жауға шапқанда,
Жауған оқтан қайтпайтын,
Жақсыны жақсы таниды,
Сыртынан ғайбат айтпайтын.
Ел бұлбұлы Тоқтағұл,
Жырымен жауын жасқайтын.
Пенде емес пе Тоқтағұл,
Ордаға аяқ баспайтын,
Қарғаны қарға таниды,
Қарқылдап қанат қағатын,
Күзғынды күзғын таниды,
Өлексеге ауыз салатын.
Болысты болыс таниды,
Параны жалмап алатын.
Манапты манап таниды,
Нашарға құрық салатын.
Ақынды ақын таниды
Сөз қадірін андайтын.

Тоқтағұл мен бұл Жамбыл,
Бірін-бірі біледі,
Жырлары сел боп ағатын.
Қиядан ұшса қос қыран,
Бірін-бірі табатын.

Осылайша термелеп төгіп-төгіп жібергенде, отырған көпшілік сүттей ұйыды. Батыл да, байламды сөз айтқан Жамбылдың сұсы басты білем, маналы бері өз буына өздері пісіп, асып-тасып, серпіле-лепіре сөйлеп отырған бай, манаптар да бірауық үнсіз тына қалды. Осы бір сәтте Тоқтағұл комузын безектете шертіп-шертіп жіберді де жырлай жөнелді:

Қазақта Жамбыл сен едің,
Шалқып жатқан көл едің,
Өлеңі оттай лаулаған,
Тасып бір өткен сел едің.
Қырғызда бір бауырың,
Тоқтағұлың мен едім.
Қай қырғыздан кем едім?
Қарсы болып манаппен,
«Итжеккенді» көргенмін,
Жаласынан бектердің,
Сібірде де өлмедім,
Қорлық көріп жүргенде,
Өлең болды ермегім.
Сағынып елге келгенде,
Намысты қолдан бермедім.
— Ей, манаптар, манаптар!
Шабденнің бұл асында
Қырғыз бенен қазақтар,
Бас қосады деген соң,
Жиналыпты санаттар.
Болыс пенен билерің,
Қазан андып бұл күнде
Бұралқы иттей жалақтар...»—

деген кезде, көп ішінен біреу «Мынау не дейді?» деп айқай салды. Қарасақ, қырғыздың бұғы-марал руынан шыққан Ешкібай манап екен. Ол орнынан тұрды да:

— Тағы да «итжеккенді» көрейін демесен, жап аузыңды!..

Осындай қасиетті үлкен тойда: «Бұралқы иттей жалақтар» деп кімді айтып тұрсың, жалаңаяқ қашқын неме?!»— деп Тоқтағұлға тұра ұмтылды. Осы кезде Жамбыл тағы да:

— Сабыр, сабыр! Ақын елдің еркесі, оған қол көтеруге болмайды, ащы айтса да соныкі жөн!»— деп әлгіні тоқтатып тастады.

Қырғызстан Ғылым академиясының қолжазба қо-

рында Шабден асының қалай аяқталғаны да жазылыпты. Оның Жамбыл мен Тоқтағұлға қатысты беттерінің қысқаша мазмұны мынадай:

Әр елден асқа келгендер тарап жатады. Жамбыл жырын мол тындап, оған риза болған Шабденнің үрім-бұтақтары оған ат мінгізіп, шапан жабады. Сонда Жамбыл:

— Бұл құрметтеріңе ризамын, мен осы сыйлықты Тоқтағұлға тартамын. Ол болса, сонау «итжеккеннен» талай қиыншылық көріп келді ғой,— деп шапанды алдына қояды.

Архив материалдарының келесі беттерінде екі ақынның тағы бір кездескені айтылыпты. Бұл 1922 жылдың күз айы екен. Тоқтамақ шаһарының ірі байларының бірі Бұланнның үйінде Тоқтағұл мен Жамбыл екі-үш күндей жатып өлең, жырдың тиегін ағытыпты. Сауық-сайран құрып отырғандар Тоқтағұлға «Ой, бұлбұл», «Шоң кербез», «Кедейхан», «Бес кабан», «Қазақ жерінде» тағы бірқатар жыр толғауларын айтқызыпты. Жамбылға «Мұңлық — Зарлықты», «Қыз Жібекті» жырлатыпты. Қымызға қызып алғандар екі ақынды айтыстырмақ болады.

— Біз екеуміз айтыспаймыз,— дейді Жамбыл,— көңіл жақын, сыйлас адамдар өзара айтыспаған. Егер айтса, қыза-қыза бір-біріне тілі тиіп, арасы суысып кетеді. Одандағы біздің қисса, күйлерімізді тындай беріндер.

Осылайша екі дүлдүл кезекпе-кезек күн-түн жырлап, күй шертеді. Ертеңіне ақындар жүрер алдында Бұлан мырза өзі арнайы шақырған Тоқтағұлға 500 сом сыйлап, Жамбылдың нығына сен-сен тон жабады. Сонда Тоқтағұл:

— Жамбыл аға,— дейді,— ана бір жылы сонау Сібірден жалаң аяқ арып-ашып, аулыңызға жеткенімде екі айдай қасыңызға ертіп жүріп есімді жинаттыңыз. Астыма ат беріп, Сусамыр жайлауына дейін шығарып салдыңыз. Онан соң, Шабден манаптың асында жалақор манаптар итше арсылдап етегімнен тартқанда, арашаға түсіп, менің сөзімді сөйледіңіз. Өзіңізге берген жібек шапан мен төртөбел жорғаны маған сыйладыңыз. Қазақ, қырғыз жиналған сол жиында мәртебемді бір көтеріп тастадыңыз. Сіз бұл ауылға меймансыз ғой, мынау мінгізген атым болсын, қабыл алыңыз деп, Бұлан бай берген 500 сомды Жамбылдың алдына қойыпты.

Сонда Жамбыл:

— Тоқтағұл бауырым, мақұл ғой, бірақ сен көп азап көрдің. Бала-шағаң бар, солардың қажетіне жұмса, тұрмысыңды түзе, ал біз болсақ ел ішінде жүрдік қой — деп, 100 сомын өзі алып, қалған 400 сомын Тоқтағұлға қайырып беріпті. «Келесі жазда Майтөбеге кел, елді тағы бір аралатайын»,— дейді Жамбыл. Бұл шақыру бойынша Тоқтағұл Жамбыл ауылына барды ма, бармады ма, ол жағы беймәлім.

1913 жылы Тоқтағұлға өшіккен қырғыз манап, болыстар оған нақақтан жала жауып тағы да ұстатып Наманган түрмесіне қаматады. Бұл суық хабарды Жамбыл сол жылы Алматыға келген қырғыз жыршылары Қалық Ақиев, Әлімқұл Үсенбаевтан естеді. Бұлар Россия патшасы Ромонавтар тұқымының патшалық құрғанына үш жүз жыл толуына байланысты Ұзынағашта ашылған көрме-жиынға шақырылған болатын. Әлімқұл мен Қалық «Тоқтағұлды босатып алу үшін қаржы жинап жүрміз»,— дейді. Сонда Жамбыл — «мұндай «жылудан» тыс қалуға бола ма, менің Тоқтағұлдан аярым жоқ, екеуің қайтарында біздің ауылға соғып, менің қосар үлесімді ала кетіндер»,— депті. Сонымен олар біраз қаржы жинап, еліне оралыпты.

1933 жылы Тоқтағұлдың қайтыс болған хабарын баспа сөзден есіткен немересі оның жинағын алып оқып отырады. Құлағын түре қойған Жамбыл бұл жырдың Тоқтағұлдікі екенін айтпай таниды. Сол арада ол өзінің қимас досын еске алып, арнау толғайды:

Немерем бір кітапты оқып жатты,
Кітап сөзі әркімнің ойын тартты.
Байқаймын, тыңдағанның көңілі шат,
Алғандай әр сөзінен бір ләззатты...
— Апыр-ай,— деді әркімдер кімнің жыры?
Берейін тағы да айтып деймін мұны,—

деп басталатын бұл жырында, ол Тоқтағұлдың батыл сөзді, өр мінезді бұқарашыл ақын екенін сипаттап береді. Естелік сонын:

Тындасақ кеше оның зарлы күйін,
Тындаймыз бүгін, міне нәрлі жырын.
Ел сүйген ізгі нәрсе ізсіз қалмас,
Жалғаны бар ма айтшы, менің мұным.
Ақынның құламайтын күмбезіне —
Осы жыр ескерткішке қойған гүлім!

деп доғарады.

Динамен дидарласу. Қашанда талантты дарындар, өнер адамдары бірін-бірі жанай жүрген ғой. Жамбыл мен Дина да сөйткен. Екеуі талай кездесіп, өткен-кеткен-

ді әңгіме еткен. Жыр, күй тыңдасқан. Токсандағы Жамбыл мен жасы сексенге таяп қалған Дина Нұрпейісова кәдімгі жастарша қалжыңдасады екен. Әзілі жарасқан екі дүлдiл талай күндерiн бiрге өткiзген, тiптен бiрер ай бiрiн-бiрi көрмей қалса, аландап, iздейтiн болған. Жамбыл кейде астанаға жеңiл машинасын жiберiп Динаны алдыратын, бiрнеше күн қонақ етiп күйiн тыңдайтын. Мұны көргендер айтады.

1938 жылдың маужыраған май айы. Заманымыздың данқты жыршысы, ақындар атасы Жамбыл Жабаевтың ақындық қызметiне 75 жыл толған торқалы тойы өтiп жатқан кез. Жамбыл аулына ел мол жиналған. Республиканың облыс, аудандарынан келiп жатқан адамда қисап жоқ. Оңтүстiктен Орынбай, орталықтан Шашубай, Ақтөбеден Нұрпейiс, Қызылордадан Нартай, Семейден Нұрлыбек тағы басқалары бар. Өзбекстаннан Фазыл, Қырғызстаннан Оспанқұл, Қалық Советтер Одағының барлық халықтарынан өкiлдер, ақын, жазушылар келгендi. Үстiнде жiбек шапан, басында сусар бөрiк, кеудесiнде қатарынан үш орденi жарқыраған Жамбыл қолдан-қолға тимейдi, солардың ортасында, келгендер құшағында. Арнау жыр, құттықтау сөз қардай жауған. Той бiрнеше күнге созылған.

— Сонда мен — дегендi, Жамбыл шәкiрттерiнiң бiрi Кенен Әзiрбаев — Жәкеңнiң жанында, оған қызмет iстеп жүрдiм.

Күләш келiп, атасын құшақтап, бетiнен сүйдi.

— Айналайын, бұлбұл қызым, — деп тұрды да, Жәкең одан:

— Дина әжең қайда? Ол неге келмедi? — дедi.

Онан соң жайрандап Шара сұлу келдi. Ол да атасын құшақтап жатыр.

Жәкең одан да «Дина қайда?» деп сұрады. Олардан соң Ақан келдi (композитор Ахмет Жұбановты айтады). Жәкең одан да:

— Ау, әлгi орталарындағы жалғыз кемпiрдi неге ала келмедiндер?! — деп жатты. Мен iшiмнен: «Бұл кiсi неге Динаны iздеп алаң болып жүр», — деп ойладым.

Екеуi осыдан үш-төрт ай бұрын кездесер алдында да, Жәкең тап осындай аландап тынышсызданған едi. Бұл Кавказ сапарынан оралған кезi болатын, Қария кiсiлер өздерiнiң замандас-сырласын iздейдi-ау шамасы. Динаның күйiн аңсай ма қайдам, әйтеуiр сол жолы да маза-сызданумен болды. Келiм-кетiмдермен де онша шешiлiп сөйлесе қоймады. Сөйтiп жүргенде бiр күнi Дина келе

қалды. Сондағы Жәкеңнің қуанғанын айтсаңшы! Екі ға-
шық сағынысып табысқандай құшақтасып жамырасты
да қалды. Арада жөн сұрасқан қалжың сөздер де айты-
лып жатты. Қонақ үйге кіргізіп екі қарияны отырғыздық.
Сонда Жәкең:

Қырандай келдім, Дина, шыңнан ұшып,
Кавказдың сұлу сәнді тауын құшып.
Он бестегі баладай мен жасардым
Кавказдай ұлы таудың суын ішіп,—

деп әңгіме бастады. Кавказ сапарын біраз айта келіп:

— Сен қасымда болғанда ғой, тіптен қызық бола-
тын екен. Грузиндердің жүз жасаған кемпір, шалдарын
көретін едің,— деді.

— Өзің ғой, ертпей тастап кеткен. Қасыңа кімді ер-
тесің дегенде мынау ұзын тұра Кененді қалапсың ғой,—
деп Дина мені бір қағытып кетті.

Келесі жолы да Дина екі-үш күндей кешеуілдеп ке-
леді. Бір жас бала оны жетектеп алыпты. Сырттан бі-
реулер «Дина келе жатыр» дегенде, Жәкең орнынан ұм-
тыла тұрып:

— Ойбай, ол кемпірдің алдынан өзім шығайын,— деп
есікке қарай беттеді. Бір шал, бір кемпір тағы да шұр-
қырасты да қалды. Бірін-бірі құшақтап, арқасынан
қағады. Бірі: «Шалым-ау, орденің құтты болсын!»— де-
се, екіншісі: «Мен сені алаңдап көп іздедім, неге жатып
алдың?»— деп наз айтып жатыр. Айнала қоршаған
жұрт кемпір мен шалдың бұлайша сәлемдескеніне, қал-
жың сөзіне мәз-мейрам болып күлісіп алды. Дастарқан
басына отыра бергенде Жәкең домбырасын шертіп:

Көп болды, Дина, сені көрмегелі
Орден ап, өрге шауып өрлегелі.
Сен дегенде көңілдің ілгіші бар
Келдің бе, сол ілгішті жөндегелі?—

деп, бір өлеңді бастай берді. Осы шумағы ғана жадымда
қалыпты, өзгесін көпшілік дабырлап естіртпей жіберді...

Жұрт қариялардың бұл бүкпесіз қалжыңына тағы да
күлісіп алды. Бау ішіндегі көкмайсаға кілем, көрпе тө-
селді. Біземшек жастықтар тасталды.

Дина:

— Кәне, Жәке, не қолқаң бар?

— Күй ғой, Динажан, тәтті күй!

Дина ұстазы Құрманғазының «Серперін» сұңқыл-
датты.

— Міне, мұным қонақ кәдем болсын, енді өзің сөй-
ле! Біраз болды сізді тыңдамағалы?

Жамбыл:

— Күйге қолым олақ, әнге даусым олақ, бір әңгіме айтып берейін. Өзіңді көріп, күйінді тындаған соң еске түсті. Бұл да бір өзің сияқты күйші қыз еді.

Ілгеріде Шу бойындағы Жаныс ауылында Жантелі деген жас жігіт болыпты. Ол он саусағынан өнері тамған зергер ұста екен. Жігіттерге зерлеген ер-тоқым, өмілдірік, жүген, қамшы; қыз-келіншектерге сырға, алқа, жүзік, білезік жасап береді екен. Оның осы өнеріне қызығып байлар қызын берем десе, алмапты: бектер қызын айттырса қаламапты. Саудагер қызына да қарамапты. Сөйтіп, отыз жасқа келгенше үйленбей жүре беріпті.

Күндердің күнінде сол Жантелі тау асып келе жатып бір жылқышының үйіне кез болыпты. Есік алдында тұлым шашы желбіреген қарақат көз қыз жылап отыр дейді. Жантелі атынан түсіп, әлгі қызға барады.

— Неге жылап отырсың, қалқам?

— Байдың балалары домбырамды сындырып кетті.

— Әкел жөндеп берейін?— Ұста қоржынынан аспаптарын алып мойнынан опырылған қалақша домбыраны лезде желімдеп, жөндеп береді. Қыз домбыраны тартып қараса, бұрынғысынан да шешен болып кетеді.

— Атың кім?

— Аршын.

— Жасың нешеде?

— Тоғызда.

— Әке, шешең қайда?

— Әке, шешем өлген, жетіммін.

— Кімнің қолында жүрсің?

— Жездемнің.

— Ол қайда?

— Жылқыда жүр.

Олар сөйтіп отырғанда жылқы жақтан қыздың жездесі мен әпкесі келеді. Жөн сұрасады. Жантелі төменгі Жаныс ауылынан екенін айтады. Таныса келе жылқышы оған нағашы болып шығады. Зергер жігіт кішкентай Аршынның жайын сұрап біледі. Әпкесі айтады:

«Шыққан қыз шиден тысқары» деп, мен байқұс көпке дейін білмей жүріппін. Әке, шешеміз өлген соң жақын туыстарымыз Аршынға қарамапты. Әр кімнің есігінде жүріп, күлін шығарып, суын тасыпты. Қамқоршы болмаған соң жас бала басының ауған жағына кетіп, кейде далаға түнеп жүріпті. Ескі домбыра тауып алып, несіз далада мұнын шағып зарлап күй тартатын болыпты. Осыны айтады да әпкесі сіңлісіне қарап:

— Аршынжан, мына кісіге әлгі «Жетім қыздың зары» деген күйінді тартып берші, тыңдап көрсін?— дейді.

Қарақат көзі жәудіреген Аршын саусақтары майысып кішкентай ақ домбырасының құлағын келтіреді де, күйді еңіретте жөнеледі. Мидай дала, қараңғы түн, ысқыра соққан жел, суылдай ескен құм, ұлыған бөрі, үілдеген үкі, шықылықтаған шілік, қарсақ, түлкі, кәдімгі иесіз дала бейнесі. Осы даланы жалаң аяқ, жалаңбас, үстінде жыртық көйлегі, қолында қалақша домбырасы бар жетім қыз кезіп, зар еңіреп жүреді. Ол обадан өлген әке, шешесін жоқтайды. «Апашым, көкешім қайдасың?»— деп ботадай боздайды. Енді бірде өксігін басып дала тынысын тыңдайды. Тағы еңіреп зарлайды.

Ошақ басында, от қасында күй тыңдап отырған әпкесі көзінің жасын жаулығының ұшымен сүртеді. Төрде міз бақпай қалған зергер мен жылқышы бастарын сүйеп, қалың ойға шомып кетіпті.

Ойын сергіткен соң Жантелі ұста:

— Бұрыннан жегжат екенбіз,— депті.— Сүйек жаңғыртайық. Аршын қызды мен қаладым, өзім тәрбиелеп өсірейін, зергерлеп әсем киіндірейін, екі үйдің арасында дәнекер болсын. Айнымас дос болайық. Бойжеткен соң өз қолдарыңнан некелеп қосарсындар. Әпкесі айтыпты:

— Аршын әлі жас бала ғой, ер жетсін де.

Жылқышы әйеліне былай депті:

— Сен қоя тұр, анау өз күшіктерінді-ақ жетілдіріп ал, жиен дұрыс айтады. Аршынды өз қолына алып тәрбиелесін. Екі араға дәнекер болсын деген жөн сөз. Ол Аршынға қарап:

— Аршынжан, дұрыс қой. Жантелі де бөтен емес. Өзіміздің жиен. Өзі өнерпаз зергер. Оның қолында болсаң қор болмайсың.

Аршын қыз бұған көніпті. Әпкесі тағы да:

— Жар дегенде жалғыз сіңлім еді, әйтеуір сізге сендік. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мәпелеп өсірерсіз.

Сонымен Жантелі Аршын қызды атына мінгестіріп аулына алып барыпты. Жылдар жылжып өте беріпті. Зергер дүкенін соғып, тұрмысын жақсартыпты. Аршын қыз күй тартып, өнерін өсіріпті. Арада жеті жыл өткен соң, жылқышы мен әпкесі келіп, екі елді жинап екеуін некелеп қосып тойын өткізіпті. Бірі — зергер, екіншісі — күйші, екі — өнерпаз қосылған соң ол ауылға береке дарыпты. Өнерлі, өнегелі ел атаныпты. Зергер іздеген сол ауылға барыпты. Күй тыңдағысы келген сол

ауылдан табылыпты. Бәрі тамсанып: «Ой, шіркін, зергерші болсаң Жантелідей бол, күйші болсаң Аршындай бол!»— десіпті. Аршын: «Жетім қыз күйін» тартса, кемпір, шал жылапты. «Желкілдекті» тартса, жастар күліп-ойнап билепті. Ол осындай тыңдаушының көңіл күйін таба білетін шебер күйші болыпты. Сондықтан да ол елдің ақындары:

Күй тартсаң Аршындай тарт ағыл-тегіл,
Шеріміз кеудедегі болсын жеңіл.
Арқадан ауыр жүкті аударғандай,
Серпіліп естігенде қалсын көңіл,—

деп жырлайды екен.

Бір тойда күй-жарыс өтіпті. Аршын күйші барлық күйшілерді жеңіп, бас бәйгеге шайы орамал, жібек көйлек киіп, бозжорға жетектеп қайтыпты. Дүйім жұрт оның күйшілік өнерін солай бағалапты...

Жамбылдың әнгімесін бағаналы бері бар ықыласымен тындап отырған Дина шыдамы жетпей оның сонын білгісі келді білем.

— Жәке-ау!— деп, оның сөзін бөлді.— Әнгіменнің күйрығы әлі көрінетін түрі жоқ, сонымен не болды?

— Аяғы ма, аяғы былай бопты, Динажан!— деп Жамбыл сөзін жалғады.— Ел іші тыныш жата ма, салсері, жыршы, күйшісымақтар арасында қызғаныштың қызыл иті үре бастапты. «Әркімнің есігінде күң боп жүрген жетім қыз келіп, төрімізге шықты. Бұрын сыйлы боп жүрген біз далада қалдық. Жұрт бізді тыңдамайтын болды, күй іздегендер «Аршынға барамыз, Аршынды тыңдаймыз» деп, тайлы-таяғымен соған қарай ағылды»,— депті. Қараменде деген бай Жантелі зергердің соңына жігіттерін салып қояды. Саяқ, Жапақ деген сұмдар күніге оған «қамшы өріп берші», «ер-тоқым зерлеп берші» деп баруды көбейтеді. Барғанда да бекер бармайды ғой. «Аршын өйтіп қойыпты, бүйтіп қойыпты», «түлен серімен ашына екен, сенен көңілі басқа екен»,— деп өсек-аянды бората беріпті. Жантелі бұған сенбепті.

Жантелі Әулиеата базарына кеткен күннің ертеңіне түнде әлгі екі сұм Аршынның үйіне ұры түсіреді. Бастарын бүркемелеп таңып алған үш адам Аршынды теріс қаратып тіреуге таңып қояды да, үйіндегі бар асыл бұйым, жиһаздарын үптеп кетеді. Азанда ауылдастары Аршынды арқаннан босатып алады. Дұшпандар жауыздығын өрбіте түседі. Жапақ, Саяқ бастаған бес аттылы қаракшы базардан қайтып келе жатқан Жантелінің алдын тосады. Шу өзенінің қалың қамысын паналап жү-

ріп, өзеннен өткелі келе жатқан Жантеліні атынан аударып алады, қол-аяғын байлайды да, суға ағызып жібереді. Жанкешті жауыздар Жантелінің атын, базардан әкеле жатқан мата, шай, киім-кешектерін олжалап түк білмеген болып, ауылдарына қайтады. Аршын сұлу Жантелісін бір жұма күтеді, екі жұма күтеді. Екі көзі төрт болып жүреді. Жауыздық жата ма, бір күні Аршын жылқышылардан, «Жантелінің торы атын Қараменденің жылқысынан көрдік», «зерлі қамшысы Саяқтың қолында жүр», «алтындаған ер-тоқымын Жапақ атына ерттеп алыпты» дегенді есітеді. Бұл сұмдықты бүкіл ауыл біліп, Аршынға көңіл айтады. Аршын ару бетін жыртып, еңіреп қалады. Ел-жұрт жиналады. Жантелінің ағайындары, малшы, жалшылар «кек аламыз» деп көтеріледі. Олар Қараменденің аулын шабады. Бірақ Саяқ пен Жапақ ұстатпай қашып кетеді. Сол қайғы-қасіретке арнап Аршын «Жантелі» деген күй шығарады. Онысын өзі күн-түн тартады екен де, құса болып қайғырған үстіне қайғыра беріпті. Өзі әбден қуарған шөптей болып азып кетеді. Бір күні түнде ел қалың ұйқыға батқан кезде Шу өзеніне барыпты да «Жантелім кеткен суға, мен де кетейін» деп өзің-өзі суға тастапты дейді.

Мінекей, Динажан, бұл оқиғаның аяғы осылай болыпты,— деп Жамбыл әңгімесін аяқтады.

— Ел арасында сол Аршын күйші шығарған «Жетім қыздың зары», «Жантелі», «Желкілдек» деген күйлер әлі күнге дейін тартылады.

Бұл әңгімеге елігіп кеткен Дина:

— Ту-у, Жәке-ай, әңгімеңіз қайғылы екен. Тіптен езіліп кеттік қой, кәне мен бір көңілді күй тартып жіберейін.— Дина білегін түрініп алды да, өзінің бір күйін күмбірлетті. Үйдің ішін көтеріңкі, көңілді күй сазы жайлап кетті. Тыңдап отырғандардың да көңілдері жадырап сала берді. Бұл оның Ұлы Октябрь революциясының 20 жылдығы алдында өткен халық өперпаздарының бірінші олимпиадасында алғаш рет тартқан «Тойбастар» күйі еді. Онан соң «Әсемқоңырды» жайқалта тартыпты. Дина домбырасының қос шегін оң қолының басбармағы, шынашағымен кезек-кезек ілгешектеп қырғыздарша қаққанда Жамбыл тіптен риза болып кетсе керек.

— Динажан-ай, қолың не деген шебер еді!— деді. Дина сәл-кем тыныс алды да:

— Сіздің мына сөзіңіз,— деді.— Менің ұстазым Құрекеннің (Құрманғазыны айтқаны) сөзімен төркіндес

болды-ау, ол кісі бірде маған біраз күй тартқызып отырды да, «Менің оң қолыммен Динаның сол қолын бір кісіге берсе, дүниеде одан асқан домбырашы болмас еді»,— деген еді.

— Сабазың, айтқан-ақ екен! Не деген ділмарлық?— деп, Жәкең Құрманғазыға дән ризалық білдірді де, сөзін әрмен жалғады:— Сүйінбай болмаса менің, Құрманғазы болмаса сенің күндеріміз не болмақ еді, олар да дүниеге келе қалған біртумалар еді ғой!..

Дина Нұрпейісова сол жолы Жамбыл үйінде үш күн қонақ болды. Бір жыршы мен бір күйшіні жұрт үш күн бойы жібермей, кезек-кезек тындады. Талай өлең, жыр жырланды. Талай күйлер тыңдалды, талай әнгіме-аныздар айтылды.

Бір күні Дина ертелеп тұрып есік алдына шыкса, Жамбылдың келіні жүгіріп қозы көгендеп жүреді. Динаның жас келіншек кезі есіне түсіп тұрғанда, оның қасына Жамбыл барады.

— Не ойланып тұрсың?

— Анау қозы көгендеп жүрген келінінді көріп, жас кезімде тартқан бір күйім есіме түсіп тұрғаны.

— Жүр, оны үйге барып тындайық? Екеуі күндегісінше азанғы шайға отырды, Дина домбырасының бұрауын келтіріп, сәл ойланып бір күйді шерте жөнелді. Бас жағы ойнақылау: қозы, лақ қуалап зыр жүгіріп жүрген балалар, жас төлдің маңырағаны, қой қайырып жүрген қойшылар, ауыл итінің үргені, абыр-сабыр шақ. Күйдің орта шенінен бастап: зарлы сарын, жетім баланың өксігі, қасқырдың ұлығаны, апыр-топыр дыбыс,— қасқырдың қойға шапқаны, жетім қозының енесін жоқтап маңырағаны... Дина осылайша күйін аяқтады да, Жәкеңе бұрылды.

— Бұл күйдің аты — «Көгенсаз» деп аталады, оның тартылу себебі былай:

— Кербез деген абысыным болды. Кербез десе кербез еді шіркін! Өзі сұлу, сымбатты, тіке сөйлейтін айбатты келіншек болатын. Күйеуі біздің Нұралыдан бес жас үлкен еді. (Нұралы Нұрпейісов — Динаның күйеуі) Сол абысыным жастай жесір қалды. Бір қора қойы бар-тын. Оны шешесі өлген бір жетім бала қайырып жүретін. Әлгі бала өне бойы ыңылдап «Аққозы» деген әнді салатын. «Шешемнен үйренген әнім» дейтін. Енесін қасқыр жеген, жетім қозы жөнінде екен. Бала өзін аққозыдай, байларды қасқырдай етіп әнге қосатын. Жағы сенбей зарлайтын. Осы әнін тындағанда көңілім босап,

оны аяп кететінмін. Төл аяктанып, алғашқы көген керілді, қозы көгенделген күні мен Кербезге:

— Мынау балаға бір қозына ен салып берші, ырым болсын, жетімнің көзі ашылар ма екен?— дедім. Кербез сөзімді жерге тастамады. Бір қозысына ен салып бәсіре етіп берді. Мен сол күні оларға «Көгенсаз» деген күй тартып бердім...

Дина ертеңіне сәскеде үйіне қайтқалы отырғанда, Алматыдан бір топ адам тағы да сау ете қалды. Көпшілігі фотоаппарат, енді бірі сурет салатын кенеп керілген рамалары мен қылқалам, бояуларын салған кобдишаларын иықтарына асынған суретшілер екен. «Қастек аулында екі қарт бас қосып, жыр мен күйді дүрілдетіп жатыр»,— дегенді естіп келіпті олар. Әй-шайға қарайтын емес, әлгілер келе сала екеуін оңнан да, солынан да, үйде де, түзде де шыртылдатып суретке түсіріп жатты. Бау ішіндегі көкмайсаға төселген кілем, оның үстіне жайылған дастарқан басында отырған Жамбыл мен Динаны егделеу келген қасқабас біреуі күн батқанша тырп еткізбей ұстады. Ол полотносын керіп тастап, қыл қаламды қолына алды. Қалақшасына бояуларын езіп алып шимайлай берді, әлден уакта домбыра тартып отырған Дина, оның жанында ынтыға күй тыңдап қалған Жамбыл бейнесі қаз қалпында түсті де шықты. Ауыл балалары, келім-кетімдер оған тамашалап үңіледі. Әлгі марқасқа шебер «Кейін тұрыңдар, кедергі болмаңдар!» дегендей мазасызданады. Дүниеге келгелі жатқан «перзентін» өзгелерден қызғанғандай сыңайы ма, қалай? Бұл — Қазақ ССР Халық суретшісі Абрам Маркович Черкасский еді. Жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған ақын мен «Домбыраның Жамбылы» атанған күйші ана тұлғасы бейнеленген сол көркем полотно бүгінде музейлер мен сурет галереясының төрінде тұр.

Сәкенмен сұхбат. Сәкен Жетісуда Жамбыл сынды төкпе жыраудың бар екенін жиырмасыншы жылдардың бас кезінен есіте бастаған. Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында жүрген қызу күрес жылдары оның Жетісу өңірінен шыққан Ораз Жандосов сияқты жалынды мемлекет қайраткерлерімен қызметтес болғаны тарихи әдебиеттерден белгілі. Сол жылдары екеуінің халық таланттары әсіресе Жамбыл Жабаев жөнінде талай сұхбаттасқанын көзі көргендер әңгіме еткен-ді.

Осындай бір кездесудің болғанын 1920 жылдан ҚПСС мүшесі, 1970 жылы халық ағарту және мәдениет саласында ұзақ жылдар бойына еңбек сіңіргені үшін

Крупская атындағы Күміс медальмен наградталған Сара Сәтбайқызы Есова былай еске түсіреді:

— Ұмытпасам, 1922 жылдың август айы болар деймін. Мен онда Жетісу губерналық партия комитетінің органы «Тілші» газетінің редакторы болып істейтінмін. Бір күні Ораз Жандосов шақырып жатыр деген хабар алдым. Ораз ол кезде Қазақстан өлкелік партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болатын. Кабинетіне кіріп барсам, он шақты кісі отыр екен. Ораздың оң жағында «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Сәкен Сейфуллин, оның жанында Бейімбет Майлин және «Лениншіл жас» редакциясынан екі-үш жастар отырды. Ораз орнынан тұрды да:

— Жиналып болдық қой деймін,— деп, шақырылғандарға мақсатын айтты.— Осы жылдың октябрь айында советтердің Қазақстандық ІІІ съезі, онан соң декабрьде Москвада советтердің бүкіл одақтық І съезі ашылатынын, онда одақтас республикалар құрылатынын білесіздер. Енді осы зор саяси науқанға дайындық жүргізуіміз керек. Жер-жерде үгіт-насихат жұмысын жандандыру, газет бетінде осыған лайықты мақалалар, очерктер, өлең-жырлар жариялауға тиістіміз. Бұл іске үгітшілерді, комсомолдарды, ақын-жыршыларды жұмылдырып, оларға жетекшілік көмек көрсетуіміз керек...

Сара Есова әңгімесін одан әрмен сабақтай түседі.

— Ауыл ақындарының,— деді ол,— ел арасындағы әсер-ықпалын айта келіп, Ораз 1919 жылы Алматыда өткен ақындардың алғашқы слетінен дәлелдер келтірді. Сәкен:

— Сонда кім мен кім айтысты, жүйріктері қайсы екен?— деп сұрады. Ораз айтысқан ақындарды атап шықты. Жамбылдың зор айтыс ақыны екеніне біраз тоқталды.

— Ертеде,— деді ол,— Құланаян Құлмамбет, Сарыбас деген ірі ақындармен айтысып, жеңген. Шашубаймен айтысқан. Бұл айтыстардың көбісі осы кезге дейін ел аузында жүр. Осындай өмір бойы байлар мен бетің бар, жүзің бар демей, тайсалмай тартысып келген ақындарды қолдап, оларды қанаушы тапқа қарсы үгітші есебінде пайдалануымыз керек.

Сәкен де шығып сөйледі. Ол ел арасындағы халық ауыз әдеби мұраларын жинауды, совет әдебиетін жасауды, ақын, жазушыларды, халық жыршыларын ұымдастыруды, оларға жаңаша тапсырма беруді атады. Жиналыс соңында қалған Сәкен Ораздан:

— Жамбылды алдырып өзін бір тындасак кайтеді?— деді, Ораз оған:

— Мен жақында Ұзынағаш, Қастек жаққа барып қайтпақпын. Уақытың болса, бірге жүрейік, мен ол кикар шалмен таныстырып, өзінді жырға тоғытайын,— деп күлді.

Кейін осы екі достың Жамбыл аулына бірге барып, келіп жүргенін талай көрдім...

Онан соң Сәкен Жамбыл есімін оның өлең, жырларының тізімін 1925 жылы Ташкент баспасынан жарық көрген «Терме» жинағынан көрді. Осы жинақты құрастырған мұғалім Шамғали Сарыбаевпен кездесті. Сәкен оған:

— Сіз құрастырған «Терме» жинағын оқып шықтым. Өте игілікті іс жасағансыз. Қолда жинағаныңыз болса, тағы да осылай жариялау керек,— деді.

Шамғали Сәкенге 1922 жылдың июнь айында Ұзынағашта Жетісу қосшылар одағының I съезіне қатысқанын, оған жиырма шақты ақын, жыршылар шақырылғанын, өмір тарихын, өлеңдерінің тізбесін жазып алғанын айтқан.

— Жетісу өңірінде,— деген ол Сәкенге,— Жамбылдан асатын жүйрік ақын жоқ. Ол халық ауыз әдебиетін көп білетін шежіре. Дастандары да көп. Бір «Көрұғлы сұлтанның» өзін 15 күн айтады екен.

Екі сөзінің бірінде: «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай»,— деп отырады. Сүйімбай Аронұлы да сол Екей елінен шыққан аса шабытты кедей ақын көрінеді... Осылай деген де, Шамғали арабша жазылған дәптерін парактай отырып, Сәкенге мына бір шағын жолдарды оқыған:

Апыр-ау, мына жатқан Сарыбай ма?
Жан досы Сүйімбайды танымай ма?!
Абакты, Таракпенен айдап жеп ең,
Басында шулап тұрған малың қайда?
Алпыстың алтауында Андас өлді,
Шуласып Сарыбайды жерге көмді.
Қатарлас тең-құрбымның бәрі кетті,
Байқасам, енді нәубет маған келді.

— Қайта оқыңызшы жазып алайын,— деп, Сәкен дәптерін оңтайлай берген. Шамғалидың Жамбыл айтуынан жазып алған Сүйімбайдың Сарыбайға арнаған осы өлеңін Сәкен сол жолы жазып алып «Жаңа әдебиет» журналына (№ 6, 1926) жариялатқан.

Сәкен 1927 жылы әуелі Қызылордадағы халық ағар-

ту институтының, келесі жылы Ташкенттегі педагогикалық институттың ректоры, 1929 жылы ҚазПИ-де қазақ әдебиеті кафедрасының доценті болып, қазақ әдебиеті пәнінен лекция оқыды. Сол жылдардан бастап, оның халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинастыра жүргені аян. Қазақ әдебиетінен оқулық жазуды ойластырады. Осы мақсатпен ол 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде ел әдебиеті үлгілерін жинау жөнінде ашық хат жариялады. Сол-сол екен, содан былай қарай Сәкенге жер-жерден халық ауыз әдебиеті нұсқалары ағылып келіп жатты. Ақын, жыршылар келіп жолықты. Кейбірін өзі іздеп барды. Сонымен Сәкен көптеген материалдар жинап алды.

1930 жылдың көктемінде Қазақстанның өз алдына социалистік республика болып құрылғанына 10 жыл толуына байланысты мерекелі жиын өтті. Осы мерекеге қатысқан Кенен Әзірбаев былай әңгімелейді.

— Той өткен күннің ертеңіне Сәкен Жамбылды үйіне шақырды.

— Кенен, сен де жүр,— деді Жәкең маған. Мен «мақұл» дедім. Өзім де оның қасынан қалғым келмейді. Барсақ, Сәкен күтіп отыр екен. Гүлбаһрам келін дастарқанын жайып, жүгіріп жүр. Сәлемдесіп, қалжындасып, хал-жай сұрасып алған соң Сәкен маған қарап:

— Кешегі той үстінде айтқаның құлағыма жағып барады. Соны тағы бір шырқашы?— деді. Мен шай алдында «Қазақстан» деген сол тойға арнап келген әнімді шырқадым. Ас-су ішіп болған соң Сәкен Жамбылдан жай сұрады. Жамбыл домбырасын шерте отырып сөз бастады. Біз тыңдай қалдық:

«Шіркін, кәрілік келдің ғой кезіменен,
Келін жаман қарайды көзіменен.
Мінекей деп қолымен ұрмаса да,
Ұрғандай ғып кетеді сөзіменен...

Мен бұл сөзді тани кеттім. Ішімнен «Сүйімбай ғой» деп отырмын. Жәкең: «Жиырмада желдей болдым, отызымда белдей болдым, елуімде түбім терең құрақты көлдей болдым»,— деп шұбырта жөнелді. Сүйімбайдың бұл өлеңін осыдан біраз жыл бұрын Жамбылдың өз үйінде отырып тыңдағаным бар еді. Оған ән де шығарып, ел арасында айтып жүретінмін. Ал Сәкен болса қаламын сусылдатып жазып отыр. Жәкең жырын тоқсанға тіреп тоқтады. Сәкенге қарап: «Сүйімбай айтқан екен, міне, бізде сондай болдық бүгінде» деп, Жәкең салалы сақалын сипап қойды. Шай ішті. Жәкең домбырасының құ-

лағын қайта бұрады. Бұл жолғы дауысы көтеріңкілеу шықты. Иә, сонда ұстазым Жабай батырды былай жырлаған еді:

Он сан ноғай бұлгенде,
Ормамбет хан өлгенде,
Қырық жылдай атысқан,
Қызыл қанға батысқан,
Найзаменен соғысқан,
Қылышпенен шабысқан,
Айбалтамен қағысқан.
...Ноғайдан шыққан Жабайды,
Бес мың кісі қамайды,
Жабай алды найзаны,
Істеді талай айланы...

Жәкең осылайша сілтей берді, сілтей берді. Сәкен де жазғыш-ақ екен, қағаздың біраз бетін аударып тастады. Менің жанымда отырған Сәкеннің інісі Мәжит те «өзі ересен батыр екен-ау» деп қояды. Кешкілік тамақ алып отырғанда Сәкен:

— Сіздің әкеңіздің аты осы батырдың атынан қойылған ба?— деді.

— Ой, ол біраз әңгіме ғой,— деді, Жәкең,— менің әкемнің азан айтып қойған аты Жапа еді. Кейін бір жаугершілікте ерлік көрсетіп, көзге түсіпті. Содан қасындағы жігіттер ауылға келгенде «жауға кәдімгі Жабай батырша тиісті» депті. Содан Жабай атанып кетіпті.

Сонымен Жамбыл келесі күні өзінің Құлмамбетпен айтысын хикая етеді. Сәкеннің қазақ әдебиеті жөніндегі бірінші кітабына қосқан «Жабай батыр» мен оның Құлмамбетпен айтысы сол жолы жазып алынған дүниелер екен.

Екеуінің тағы бір кездесіп, жыр тиегін ағытқанын Сәкеннің жұбайы Гүлбаһрам былай еске алады.

«1934 жылғы халық таланттарының слеті кезінде Жамбыл мен Кенен Әзірбаев үшеуі маз-мейрам болып әңгіме-дүкен құрғаны әлі есімде. Олардың сондағы бір-біріне бәйек болып: «Жәке, Кенеке, Сәкенжан» десулері үлкен өнерлі өмірдің сән-салтанаты болып елестейді де тұрады. Осы сый-құрметтің айнымаған белгісін таяу арада тағы көрдім. Тірі адам өз көңілін әр түрлі жолмен білдіреді ғой. Кенен ақсақал Алматыға келгенде біздің үйге соқты. Сексендегі Кенекемнің мөлтілдеп төгілген мөлдір жасы өткен-кеткенді еске түсіріп, жан-жүйемді елжіретіп жіберді». («Қызыл сұңқар». Естеліктер. «Жазушы» 1970. 93-бет).

Кезінде Жамбыл ақынға хатшылық қызмет көрсеткен белгілі ақын Ғали Орманов жүргізген күнделікте мынадай жолдар бар. «9 март 1940 ж. Жамбыл Ұзынағашқа барды. Бір үйге келіп, бірнеше қартпен әңгімелесті. Оның ішінде Ыбырайым, Қопабай және басқа қариялар бар еді...» — делінген еді.

Солармен жолыққалы Жамбыл ауылына аттандық. Ыбырайым, Қопабай қарияларды сұрастырдық. Екеуі де осыдан екі-үш жыл бұрын қайтыс боп кетіпті. Олардың орнына Шаштай ақсақалды таптық. Күнделіктің 21, 30 май, 1940 жылғы күндерінде Шаштай есімі аталады ғой. Сол кісі де бізге қажетті дерек айтпас па екен деп ойладық. Айтқанымыздай, Шаштай да құралақан емес екен, Жамбылмен Сәкен кездесуінің куәгері болып шықты. Бірақ біз барғанда ол кісі науқастанып емделуге жүргелі отыр екен:

— Алматыдағы госпитальға жатпақ едім, жазылған соң келерсің, — деді. Сонымен ол кісінің сауығып оралуын күттік. Бір ай шамасы өткенде «Социалистік Қазақстанда» істейтін баласы Жұмабай телефон соқты. Шаштай қария жазылып шыққан екен. Кездесіп, бір кеш әңгімелестік. Сондағы ол кісінің айтқаны мынау:

Әкем екеуміз «Ерназар» колхозының жылқысын бағатынбыз. Колхоз алғаш ұйымдасқанда төрт жылқы еді. Бүгінде он екі үйір жылқы бар. Сәуір айында Майтөбе жайлауына көштік. Тәтем мал бөлістен алған көк биесі мен торы төбел айғырын жылқыға қосып, өзі біздің үйде қона-жатып жүретін. Ол кісі менің әкем Күшікбайдан үш жас үлкен болса да, екеуі тату құрдас, бір-бірін қатты сыйлайтын. Бірінің атын, бірі атамайтын. «Тәте немесе сіз, біз» деп сөйлейтін. Екеуі дастарқан үстінде өткен-кеткеннен, батыр, шешен, ақын, жыршылардан көп әңгіме айтатын. Кейде, ата-бабалар шежіресін талдап кететін. Мен қызығып тыңдай беретінмін. Тәтем маған кейде «Әй, Майшелпек, тұр, жылқыны көріп кел» дейтін (жылтыраған бетіме қарап ол кісі мені осылай атайтын).

Бір күні жылқы қайырып жүріп, ойдағы ауыл жақтан бөктерлеп өрлеп келе жатқан екі аттылыны көріп, соларға қарай бұрылдым. Жақындап сәлемдестім, Оразды ғана таныдым. Орекен менен жөн сұрады:

- Жәкең сенің үйіңде ме?
- Иә, біздің үйде, көкем екеуі шай ішіп отырған.
- Олай болса, жүр үйіңе!

Мен кня жолмен үйге төтелей тарттым. Ораз қасындағы кісіге мені таныстырып келеді:

— Бұл жігіт Шаштай деген, Жамбылдың жақын ағайыны, осы колхоздың жылқышысы.

Үй жанына келіп аттан түстік. Мен жалма-жан киісілердің атын байладым. Олар:

— Ассалаумағалейкум,— деп үйге кіргенде, әуелі екі шал қолын көлегейлеп таныңқырамай қалды. Тәтем орнынан ұмтылып тұрды.

— Оразжанбысың, амансың ба? Енді ол қасындағы мұртты, сұлу, сұңғақ жігітке жақындай беріп:

— Ойбай-ау, мынау Сәкен ғой, аман ба қарағым?

— Амансыз ба, Жәке?

— Сізді іздеп, колхозға келсек, ауылдағылар жайлауда деді.

— Артыңыздан қуып келеміз...

Олар осылайша амандасып, дабырласып жатты. Апам, келінімен екеуі самаурын қойып, кең дастарқанын жайды. Мал сойылды. Бір уақытта Жәкең домбырасын шертіп, әуелі Оразға қарады. Әкең жұмысшы еді. Өзін жасыннан оқып, білім алдың, кедейлердің сөзін сөйлеп, бостандық деп жар салдың. Оразжан, не дейін, мен айтып жүрген жыр өзіңе белгілі ғой деп бір тоқталды. Ораз Сәкенге қарап:

— Ал, Сәке, не қалайсыз? Біздің тәтем жырдың дариясы ғой. Одан не қаласаң сол шығады.

— Дұрыс айтасың, Ореке,— деді Сәкен.— Жәкеңді осыдан бірер жыл бұрын тыңдағанмын. Жабай батырды, Құлмамбетпен айтысын өз айтуынан жазып алып, кітапқа қосқамын. Ол кітап шықты. Жәкең қырғыздың «Манасын» жырлайды дегенді есітемін. Соны бір тыңдасам деп жүруші едім. «Манасты» айтасыз ба, Жәке? Жамбыл екі иығын қомдап құнжындап қойды.

— Е, е, Сәкенжан қаласа, айтпай несі бар, айтайын,— деді де «Манасты» бастап кетті.

Ертеде, тіптен ертеде, заманасы келтеде, Алтайдағы қырғыздың, Балта деген көне көз қариясы айтыпты: «Қытай талап бір жақтан, Мәнжүн талап бір жақтан, қалмақ қамап бұ жақтан, тоз-тоз қылып елімді, тартып алды жерімді. Жайлауымды шаң қылды, ерлерімді қан қылды. Енді Алтайда тұрақ жоқ, ат шалдырар құрақ жоқ, бас аман, мал түгелде, мекенін елдің табалы, қайыңнан найза қиялы, азып-тозған қырғызды бір орыңа жиялы.» Балта тағы сөйледі, сөйлегенде бүй деді: «Біз Алтайға көшкенде, талай заман өткенде, Үрбі деген

атамыз, Алатауда қалып ед, қос Қеминді жайлап ед, екі қара ат байлап ед, күздігін күз, жаздығын ен далаға айдап ед, балтасын тасқа қайрап ед, қылышын жауға сайлап ед, қара үнгірді үй еткен. Жалғыз жүріп күнелткен. Сөйтіп жүріп көбейген. Ел құрапты кедейден, өзгерлермен теңейген. Теңейгенін айтайын: Жеті өзенді жайлаған, қырында жылқы айдаған, желілеп құлын байлаған, ойында бақша жайнаған, бұлбұл құсы сайраған, қарасаң көз тоймаған, Қосай сынды батырмен дос болыпты дейді. Қосайға енді келейін, жел маядай желейін. Сөйле деген жұртыма, шаршадым мен демейін...»

1936 жылдың апрель айы. Халық таланттарының республикалық екінші слеті өтіп жатқан кез. Кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінен ақын, жыршылар, әнші-күйшілер ағылып мол келген. Солардың бел ортасында жасы тоқсанға толған айбын тұлғасы Алатаудай ақсақал Жамбыл жүрді. Ол барлық жұрттың құрмет құшағында. Ақындық дабысын алыстан естіп, оған кездесіп жолықпағандар ентелеп сәлем береді. Енді бірі — жыр, толғауларын тыңдатып ақындық жолдама-бата алғысы келеді. Оған уақыт қайда? Жамбыл қолдан қолға тимейді. Жамбылсыз той басталмайды, дастарқан жиылмайды, жыр айтылмайды. Ол барлық істің батагөйі.

Слетті Жамбыл жырмен ашты. Жыр болғанда қандай? Осы күні тамсанып қайта-қайта тыңдай бергің келетін әлемге әйгілі «Тоқсанға келген жасым бар. Көпті көрген басым бар», — деп басталатын «Туған елім» толғауы. Жамбыл даңқы бұрынғыдан да шарықтады. Енді оның атағы Алатау асқарынан асып, бүкіл Совет Одағына кетті. Шет елдерге самғап жетті. Тоқсандағы қарт құлшына жырлауына, сом алтын жыр тізбегін төгуіне барлық халық таң-тамаша қалып, оған құлақ түреді. Бұрын-соңды әдебиет әлемінде болмаған бұл не деген ғажап құбылыс десті бәрі. Сөйтіп, еліміздің мерейі тағы да бір көтеріліп қалды. Халқымыздың талантты ұлы перзенттері Мұхтар, Сәкен, Сәбит, Ғабит бәр-бәрі: «Керемет болды», — деп қуаныштары қойнына сыймай қол соқты.

Осы жылдың май айында сол слетке қатысып өнер көрсеткен жүлдегерлер Москваға сапар шекті. Москва — Алматы жүрдек поезы толған өнерпаздар, ақын-жазушылар. Орталарында ақсақалды аталары Жамбыл жырау, оның жанында Сәкен, Кенен, Тайжан тағы тағылары. Думандатып, дүрілдетіп ән мен жырдың тиегін ағытып барады.

— Әңгіме айтыңыз?

— Қанша ақынмен айтыстыңыз?

Сәкеннің бұл сұрауына Жәкең қалжыңмен жауап береді. Оған отырғандар ду күліседі.

— Менің қанша ақынмен айтысқанымды, қай санақшы санапты дейсің? Айкүміс дейсің бе, Сарыбас, Құлмамбет, Шашубай дейсің бе, әйтеуір көп өлең айтылды ғой. Мені қойшы, бұл қазақта Шөжеден көп айтысқан ақын жоқ шығар, сірә!— Кемпірбаймен айтысқанда да сол Шөже:

Мұктасар сөзім майда тактасындай,
Бұқардың омырауым қақпасындай,
Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ
Білем, бұған сен амал таппасынды-ай...—

деп өзі айтқандай. Ой, шырақтарым, оның тәрізі бөлек еді ғой, шіркін!

Ілгеріде,— деді ол,— сол Шөже Баянауыл, Алтын-емелді жағалап Алатауға келді ғой. Оның дабысын есітіп, алдынан шықтым. Ол кезде менің қылшылдаған жігіт кезім. Ертіп жүріп Жетісуды аралаттым. Талай той-жиында бірге тұздас-дәмдес болдық. Талай өлең айттық. Қырғыз еліне де ертіп бардым. Қырғыздың абыштары: «Бауырым келді, жоғым табылды»,— деп жылап көрісті емес пе!

Жамбыл айтып отырған бұл әңгімелерді Сәкен екінші рет тыңдап отыр. Осыдан 4—5 жыл бұрын Шөженің Жетісуды аралағандарын, оның Кемпірбай, Балта, Тезекбай ақындармен айтысын Жәкеңнің өзінен тыңдап жазып алғаны бар-тын. «Қария кісі қайталаса, айыбы жоқ»,— деді ол ішінен.

«Москва» қонақ үйі. Кенен күндегісінен ерте тұрып. Жәкеңнің сүйсіне ішетін исі бұрқыраған үнді шайын әзірледі.

— Жәке, тұрыңыз, шай дайын!

— Қазір, қазір, Кененім, шайды жақсы демдегін... Жібек шапанын желбегей жамылып, стол басына келді, жұмсақ орындыққа отырды.

— Әлгі хатшы бала келді ме?

— Жоқ,— деді Кенен.— Олар түнде театрда боламыз деген, ұйықтап жатқан шығар.

Екі шал енді шай ала бергенде бөлмеге Сәкен кіріп келді. Ол қол алысып жатып:

— Жәке, қалай ұйықтадыңыз, ту-у, шай да дайын екен ғой...

Жамбыл:

— Е, е, Сәкенжан, қаусаған шалда қай бір ұйқы болушы еді. Түнімен ары аунап, бері аунап, көзім ілінбей шықты.

— Неге, Жәке?

— Кеше өздерің ертең мавзолейге барамыз, Ленинді көреміз дедіндер ғой. Осындай бір үлкен іс алдында өстетін әдетім бар. Бұл әкемнен жұққан дағды. Ол кісі де жолға шығарда, көші-қон кезінде сөйтетін.

Сәкен шай алмас бұрын дереу телефонға ұмтылды.

— Алло, алло, Темекенбісіз? Мен Сәкен ғой. Мына Жәкен мавзолейге қашан барамыз деп тықыршып отыр. Өзі түнімен ұйқтамапты. А-а, сағат 11-де, дейсіз бе? Машина барады дейсіз бе, жарайды. Мен осындамын. Сәкен трубканы орнына қойып, Жамбылдың жанына келді.

— Сағат 11-де барады екенбіз.— Ол сағатына қарап,— асықпаңыз, оған әлі төрт сағат бар.

Жамбыл Сәкеннен:

— Сен Ленинді көрдің бе?— деп сұрады.

— Жоқ, Жәке,— деді,— ешбір реті келмеді. Азап вагонында айдауда жүрдім. 1924 жылдың қысында партияның XIII партия конференциясына делегат болып келдім. Осы жолы көсемге жолығудың реті келер деп едім. Сөйтсем, ол кісі науқас екен. Конференция біткен соң үшінші күні Москваның қонақ үйінде жатып Лениннің қайтыс болғанын бір-ақ есіттім. Ертеңіне Орынбордан қазақ делегациясы келді. Соларды басқарып, қаралы митингіге қатыстым. Құрметті карауылда тұрдым. Көсем өлген түні оған арнап өлең жаздым.

Төмен қарап мұнайып отырған Жамбыл, оған қарап:

— Кәне, сол өлеңіңді оқышы?— деді. Сәкен салмақты, мұнды дауыспен өлеңін оқыды.

Еңбекші тап бүгін ауыр жаралы,
Қан қызыл ту бүгін қайғы-қаралы.
Еңбекші тап бүгін жалпы қайғырып,
Ауыр хабар — хатқа төніп қарады.

Еңбекші тап бүгін еңіреп жылады,
Ерін жоқтап қайғы күйін жырлауда.
Қатын, бала, кәрі, жасы күңіреніп,
Омырауды ыстық жаспен бұлауда.

— Иә, Сәкенжан,— деді Жәкен,— ол қайғылы хабарды мен Алматыда Ораздың үйінде жатқанда есіттім. Мынау Кенен, сонау Қордай жотасында жүріп есітті. (Ол домбырасын Кененге ұсынды). Кәне, «Ленин бабам-

ды» осы жерде бір шырқап жіберші? Кенен домбыраның бұрауын келтіріп алды.

Ленин жер жүзінің шырағы еді,
Баскарып енбекші елді құрап еді.
Қалдырған өсиетін орындайды,
Артында Компартия мұрагері.

Ой, бабам-ай!
Жер жүзінің тірегі
Ерте кеттін данам-ай!
Туған елді тапсырып
Компартия данаға-ай!

Кененнің шырқаған даусынан көрші бөлмедегілер жиналып қалды.

— Тауық шақырмай жатып, ән салған кім?— деп, Тайжан ақын келді.

— Сайрап тұрған Алматының радиосы ма?— деп, Қалмақан жан-жағына алақтады.

— Бұл қайдан кеп қалған театр?— деп, тақпақтай сөйлеп Серке кірді.

— Репетиция ма?— деп, Құрманбек келіп, күліп тұр. Ол Бекежан болып киініп алыпты. Жұрт «Бекежан», «Бекежан қарақшы» десіп, күлісіп жатыр. Жәкеңді көңілдендірейін деп әдейі осылай келіп тұр екен ол.

— Машина келді, есік алдында күтіп тұр!— деп, асыға кірді Жәкеңнің Қыпшақбай деген баласы. Бәрі дүркірей шығып сыртқа қарай ұмтылды.

Қызыл алаң, В. И. Ленин мавзолейі, ұзыннан-ұзақ сапқа тізілген жұрт. Жамбыл, Сәкен бастаған топ солардың соңынан барып тұрды. Әне-міне дегенше олардың да арты ұзарып барады. Алды жуығарақта жылжитын емес. Бұрын мұндай кезекке тұрып көрмеген Жәкеңнің шыдамы таусылды. Ол саптан шығып ілгері жүре берді. Артынан Кенен, Тайжан, Сәкен ерді. Қақпа алдындағы екі құрметті қарауыл оларды кейін ығыстырды. Бір уақытта тізілген жұрт алға қозғалды. Сен соққан балықтай шеткері ығысып қалған Жамбылды тани кеткен бір кісі: «Сіз Жамбылсыз ба, бері жүріңіз?» деп оны, қолтықтап ілгері жүрді. Оның соңынан өзгелері ілесті. Ішке кірді. Табыттағы көсем дидарына қарап тұрып ол ішінен күбірледі:

— Уа, данышпан сабазым!
Езілгенді теңедің,
Зарықканды жебедің...—

дей берді. Сонан мейманханаға жеткенше терең ой үстінде болды. Бөлмесіне келді ас алдыртыңдар деді...

Беліне алжапқыш байлаған даяшы қыз табак толы тағам алып келді. Кенен, Тайжан ас-ауқат қамына кірісті. Жамбылдың асқа онша зауқы болмады. Бірер кесе шай ішті де, төсегіне барып жатып қалды. Бөлмеге Қалмақан мен Қасым кірді.

— Шайға келіндер?

— Рақмет, ресторанның тамақтанып келдік.

— Келіндер тастап кетіп жүрмесін.

— Ертеңгі ас емес қой.

— Тастаса тастай берсін, Мәскеудің әдемі көз бір-бір қызын ерте қайтармыз.— Осылайша Кенен, Тайжан, Қалмақан, Қасым бәрі қалжындасып күлісіп алды.

— Ау, Жәкең жатып қалған ба?

— Иә, қарт шаршаған ғой.

— Мавзолейде болған ақын бірдеме айтар деп келіп ек.

— Жолығайыншы өзіне.

— Барма, жаңа ғана жатты, дем алсын.— Қалмақан, Қасым, Тайжан үшеуі шығып кетті. Кенен жалғыз қалды. Ол ақырын басып Жамбылдың бөлмесіне ене бергенде, Жәкең оянып кетіп, басын көтерді.

— Дабырласып жатқан кімдер?

— Әлгі хатшыларың ғой.

— Не дейді?

— Жыр айтар ма екен дейді.

— Көзім сәл-ақ ілінді. Ұйықтай алмадым. Бұрын басым жастыққа тисе болды, ұйықтап кетуші едім.

— Ей, Жәке-ай,— деді Кенен,— Келгелі бері не бір жақсылық, құрметті көріп жатырмыз. Кеше ұлы көсем келбетін көрдік. Бүгін өкімет басшыларымен дастарқандас болмақпыз. Осындай ертегідей кереметтерді көрген кісіде ұйқы болушы ма еді?

— Иә, Кененім,— деді ол.— Мұндай тамаша, сый-құрметті екеуміз бұрын көріп пе едік. Бәрі де ұлы көсем Лениннің арқасы. Ленин болмаса, мұндай бақытқа жетер ме едік. Ақын толғанып, ішінен ыңылдай бастады. Шәкірті домбырасын қолына ұстата берді де, лып етіп көрші бөлмедегі Қалмақанды ертіп келе қойды. Ол қағазын жайып, Жәкене қарады. Ақын домбырасын ерсілік-қарсылы сабалап, екі нығын құнжындата жөнелді.

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған.
Ақылдың кені данышпан.
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген,

Заманның ері арыстан.
Адасқан халық зарыққан,
Азаттық алып бакытка
Сәуленде келіп табысқан...

Жыр тиегі осылайша ағыл-тегіл ағытыла берді, ағытыла берді. Әлден уақытта барып: «Ақшыл тартқан басымды, Алдыңа келіп иемін!»— деп, сөзін тәмамдады. Жыр сарқылды, ақын толғағы тарқады, екі нығынан жүк түскендей сергіп, арқа-жарқа отырғанда, Сәкен кіріп келді. Кенен мен Қалмақан қабаттаса:

— Сүйінші, Сәке, сүйінші? Жәкен түнімен толғатып ұл тапты!

— Жыр туды, жыр болғанда қандай? Барлық жырдың көкесі. Кешегі Ленин мавзолейінде болғандағысын толғады.

— Жазып алдыңдар ма?

— Иә, Сәке!— деді Қалмақан күлімдеп,— оқып берейін бе?

Сәкеннің қуанышында шек жоқ...

— Кәне оқышы?

Қалмақан кәдімгі өзінің шығыс әуен-мақамымен мәнерлеп оқи бастады. Аяғына дейін міз бакпай тыңдап қалған Сәкен орнынан атып тұрып:

— Данышпан қартым, бұлбұлым!— деп, Жәкенді қапсыра құшақтап, арқасынан қақты.

Міне, Жамбылдың Ленин мавзолейіне арнаған өлені осылай туды. Ертеңіне мен де сол ұстазыма еліктеп көсем мавзолейін өленге қостым. Бұл Кенен Әзірбаев шерткен сыр еді.

СҰЛТАНҒАЛІ САДЫРБАЕВ

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ МҰРАТАЛЫ КҮЙШІ

Республикалық «Қызыл Қырғызстан» газетінің 1938 жылғы он сегізінші апрельдегі санында Жамбылдың «Туған елім» деген толғауы мен «Қазақ елінің ордені ақыны Жамбылмен кездесу» атты көлемді мақала жарияланған. Сол мақалада: Бұл отырыста біз таң қалған іс — Жамбыл қырғыз комузын оның күйін өте жақсы біледі екен. Ол атакты манасшы Тыныбекті көргенін, «Манасты» ондай ешкім айта алмайтынын айтты. Және

Мұраталының күйін шертші деп ақындарға ұсыныс жазады. Әлімқұл бір күй шертіп болған соң, Жамбыл: мен қырғыздың күйін сағындым, «Қырдағы жүрген қырық арқар атып алсам қайтесің?» деген күйді тартшы деп тағы да бағыт берді.

— Күйді сен тартқаңда, мен тартпаймын ба?— деп Жамбыл елді күлдірді.

«Сол сапардың екінші күні Жамбыл бізбен бірге түнгі сағат он екіге дейін бірге отырды»,— деп жазады, сол мәжіліске қатынасқан Қырғызстанның бір журналісі.

1938 жылы Жамбыл мен Қырғызстан мәдениет қайраткерлерінің екі тәулікке созылған творчестволық кездесулері: екі елдің бауырластық, достық қатынастарын көрсететін мысал болса, екіншіден Жамбылдың «қырғыз күйлерін сағындым» деген бір ауыз сөзінің астарында қырғыз халқының комузшылық, күйшілік өнеріне деген ұлы ақынның махаббаты мен сүйіспеншілігі бейнеленген.

Жамбылдың қырғыз күйлерін жоғары бағалауы тегіннен-тегін емес: ол — бала күнінен бастап, көз жұмғанша домбырадан бір елі ұзап әудем жер алыстап көрмеген.

Домбыраны қолыма,
Он жасымнан алғанмын.
Дәл жетпіске келгенше,
Күй тартудан танбадым,—

деген Жамбылдың өз өлеңі біздің пікірімізді растайды. «Жамбыл қазақ, қырғыз күйлерін көп білген, әрі асқан домбырашы болған»,— дейді жазушы Сапарғали Бегалин.

Ардақты ағамыз, Сапекен дұрыс айтқан. Мәселен, Жамбыл музейінің архивінде сақталған Үмбетәлі Кәрібаев, Өмірзақ Қарғабаев, Ибраим Бейсеновтердің естелігіне қарағанда Жамбыл Жабаев жиырмадан астам күй тартқан. Сол күйлердің бірнешеуінің аттарын атасақ та болады: «Бозінген зары», «Көрұғлы-Сұлтан», «Сұрмерген», «Шортанбай күйі», «Едігенің теріс қақпайы», «Есім Саржан», «Батыр Қалша және төрт жігіт», «Қырғыз Мұраталының күйі», «Әбдібектің кертолғауы», «Стамбол күйі», «Абылай шайқамасы», «Қасабек», «Ердебай», «Ерке-атан күйі», «Өзбек күйі».

Жамбылдың анасы Ұлданнның жалайыр еліндегі нағашысы Қанадан керемет қобызшы болған. Сол Қанадан-

ның қобызын бала Жамбыл көп тындаған, соған елік-теген.

Жамбылдың өскен ортасы ақындар мен әнші-күйшілердің қалың топтасқан жері болған. Мәселен, Іле мен Шу өзендерінің аралығында Жантаев Бекбатыр және Басшылбай, Күйшілбай деген даңқты күйшілер болған. Жас күнінде Жамбыл солардың күйін құмарта тындаған. Бұл Жамбылдың өнердегі алғашқы, бірінші бұлағы болса, сондай-ақ Жамбылдың домбырашы болуына зор ықпалын тигізген, екінші бастауы, ол — қырғыз күйшілерінің әсері.

Алатаудың арғы бетінде — қырғыздар, бергі бетінде — қазақтар, соның ішінде Сүйімбайдың, Жамбылдың ауылдары қырғыз еліне өте жақын қоныстанған Таудың теріскейінде жар-жар айтылса, күнгеінде беташардың әні естілген. Мысалы, Қоңыр деген жайлаудан қазақ қыздары кестелі орамалын лақтырса, Шу өзенінің жағасындағы қырғыз жігіттері жерге түсірмей қағып алған: Үлкен-Кемин, Кіші-Кеминнен күн бата шыққан қырғыз жігіттерін Бұғымойын-Бесмойнақ, Суықтөбедегі қазақ қыздары күтіп алған. Міне, осындай қызығы көп, базары таусылмаған екі елдің арасын әнмен, өлеңмен жарастырып Сүйімбай, Жамбыл және Мұраталы күйшілер жүрген.

Ұлы ақын Жамбылдың қырғызда өнерпаз достары өте көп. Соның бірі — Мұраталы Күренкеев қобызшы. Оны қырғызша қомузшы, қыл-қияқшы, дейді. 1960 жылы Фрунзе қаласында Балбай Алагушевтің «Мұраталы» деген шағын кітапшасы шыққан. Сонда былай дейді: «Мұраталы қырғыз жерінің жүрегі Ыстықкөл деп, көл айналасында көп жүрген. Сонда қазақтың атақты ақыны Жамбылмен дос болған. Одан талай қазақ елінің өлеңдері мен күйлерін үйреніп, екі ішекті домбыраны шерте білген. Бір туған қазақ ауылдарына досы Жамбылменен бірге барып, қырғыздың елдік күйлерін шертіп беріп, көңілдерін жұбатқан. Қазақ елінің әдет-ғұрып, салтымен танысқан, елінің тілін үйреніп, өлеңдерін, күйлерін домбырада сандуғашша сайратқан».

Қырғыз Ғылым академиясының қолжазба бөлімінде даңқты күйші Мұраталының Жамбылмен достығына арналған мынадай өлеңі бар.

Алтын менен күмісті,
Зергер үшін жаратқан.
Арқар менен құлжаны,
Мерген үшін жаратқан.

Жетпіс беске келген соң
Біз сияқты жорғаны
Сендер үшін жаратқан,—

дейді.

Заманымыздың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың ардақты асыл досы Мұраталы күйші кім, оның өмірі мен творчествосына қатынасты қандай деректерді атауға болады?

Қырғыз, қазақ халықтарының музыкалық мұрасын жинаушы, әрі зерттеуші А. В. Затаевич 1928 жылы Мұраталы Күреңкеевтің 50 күйін жазып алып, оны нотаға түсірген, 1934 жылы жарыққа шығарған. Сол оқымысты айтқан: «Мұраталы айкөл тұрпатты күйші»,— деп. Ал қырғыз әдебиеті мен музыка тарихында Мұраталы «елдік әуеннің классигі» деп аталады. Ол 1860 жылы Үлкен-Кеміндегі «Талдыбұлақ» деген жерде туған.

Алатау атты жерінен,
Айтулы кен Шу, Кеминнен.
Өнерпаз болып туылдым,
Ордалы қырғыз елінен,—

деген еді Мұраталы.

Мұраталының әкесі Күрөнке де домбыра тартқан, дін оқуынан бас тартқаны үшін жергілікті бай-манаптар, молдалар оны қудалаған, домбырасын сындыртқан. Соған қарамастан өзінің өнерін баласы Мұраталыға үйретеді. Мұраталының бірінші рет домбырашылық данқы Бұғы мен Сарыбағыш рулары бас қосқан үлкен тойда танылады.

Мұнда ол Бұғы руының өз әкесін күйден жеңген күйшісі Шыңғышбайды тізе бүктіріп, жұртшылықтың ыстық ілтисатына ие болады. Айта берсе Мұраталының өмірі ұзақ әңгіме: ол 1916 жылы патшаның солдат алу тәртібінің қаталдығынан қашығырақ тұру үшін Тұрпанға ығысып барады, содан соң 1917 жылы Октябрь революциясының арқасында өзінің туған жері Қырғызстанға келеді. «Жеңіс» деген күй шығарады. Оған қырғыз музыка мәдениетін биік шыңға көтергені үшін үкімет пен партия көркемөнерге қатынасты бірнеше атақтар береді. «Домбыраны адамша сөйлететін, қобыздың үнімен сурет салатын» Мұраталы Күреңкеев 1949 жылы Фрунзе қаласында қайтыс болған.

Сол Ыстықкөлдей терең өнерпаз Мұраталы мен шығыстың жарық жұлдыз ақыны атанған Жамбылдың достықтарында екі елдің ежелгі достығының дәстүрлі ізі көрінеді.

Жамбылдың атақ-данқы отызыншы, қыркыншы жылдары дүниежүзінің барлық түкпірлеріне кең тараса да, ол ешуақытта асып-тасымаған, бір қалыпты өмір сүрген. Өзіне де, өзгеге де әділ болған. Соның бір мысалын осы Мұраталыға байланысты айтсақ та болады. Бірде ауыл қариялары жиналып отырып:

— Жәке, сіздің өлең сөзден жеңілген күніңіз болды ма?— деп сұрапты.

— Көптеген ақындармен, акын қыздармен айтыстым, оларды жеңдім. Бірақ Қырғыздың Мұраталы күйшісінен домбыра тартудан жеңіліп қалдым. Ол былай болған еді. Менің орта жастағы кезім, қырғыздардың Көк-айрақ деген жайлауында қыз ұзату тойы болды, соған алыстан ат-арытып, біз де бардық. Тойдың аты той: көк-жасыл қызыққа көз тоймайды. Бізді сыйлы қонақ деп, ортадағы сегіз канат ақ үйге орналастырды. Қазақ, қырғыз бас қосқан жерде қарап отыра ма, ақындар өлең айтып, домбырашылар күй тартты. Ал мен сол салтанатты жиында баяғы замандардағы қазақ пен қырғыз батырлары бірлесіп, шапқыншы қара қалмақтарға қарсы соғысқандықтарын суреттеп, қысқаша толғау айттым. Содан соң бидайық құстай біреу домбырамен «Қамбархан» деген тамаша күй тартты.

— Бұл кім?— деп қасымдағы біреуден сұрап едім.

— Қырғыздың атақты күйшісі Мұраталы,— деді. Мұраталыны бірінші көргенім сол еді.

Біз де қарап отырғанымыз жоқ, қыза-қыза өленді тастай беріп, Мұраталымен күй жарыстыруға шықтым. Шарт — біреу. Кім күйді көп тартса сол жеңеді. Мен қатарынан 13 күй тарттым, ал Мұраталы 15 күй тартты. Сөйтіп, Мұраталы менен екі күй артық тартқандықтан:

— Мұраталы жол сенікі болды. Бұдан былай екеуіміз дос болайық!— деп орнымыздан тұрып, төс түйістіріп таныстық,— дейді Жамбыл.

Асылы акын есебінде Жамбылдың Мұраталыға, күйші ретінде Мұраталының Жамбылға творчестволық әсері зор болған. Соның бір белгісін Мұраталының жыршылық өнерінен де аздап аңғарамыз. Тегінде, Мұраталы атақты акын атанбаса да өлең сөздің қадірін жақсы білген адам. Фрунзе қаласындағы республикалық Ғылым академиясының қолжазба қорында Мұраталының айтуынан жазып алынған бірнеше мақал-мәтел жанылтпаш, ертегі, қиссалар бар. Солардың арасында Мұраталының Жамбылдан үйренген «Мұнлық — Зарлық» жырының бір нұсқасы сақталған.

Арғы тегі араб, парсы әдебиетінен алынған «Мұңлық — Зарлықтың» Жамбыл мен Мұраталы нұсқасының жалпы мазмұны 1896 жылы Жүсіпбек Шайхысламовтың Қазан қаласында жарияланған варианттарымен ұқсас айтылады. Орта ғасырдағы тарихи жағдайға байланысты шығыс ақындары және араб, парсы, үнді ертегі аңыздары бойынша қазақ арасына көп тараған «Мың бір түн», «Сейітбаттал», «Тотыкамал», «Шахнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Мұңлық — Зарлық», «Көрұғлы — Сұлтан» жырларын Жамбыл көп жырлаған.

Қолжазба кейбір деректерге карағанда, 1896 жылы Қазан қаласында жарияланған «Мұңлық — Зарлықтың» Жүсіпбек Шайхысламов тапсырған нұсқасына Жамбыл Жабаевтың да қатынасы бар деген болжамдары айтылады. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында Кіші Алматы, Үлкен Алматы болыстарына қарайтын көп ауылда Қызыл Оспан деген дәулетті адам қыз ұзату тойына шақырады. Осы тойға Жамбыл бастаған бірнеше ақындар және кітаби ақын Жүсіпбек Шайхысламов та қатынасады. Сол тойдың тарқарында Жүсіпбек қожа Жамбылдың айтуынан «Мұңлық — Зарлық», «Тотыкамал» және «Қыз Жібек» жырларын жазып алады.

Сөз арасында, ойласу ретінде айтылған бұл болжамды (гипотезаны) әлі де нақтылай түсу үшін, Жамбыл және Мұраталы нұсқасы мен Жүсіпбек қожаның нұсқасының текстологиясын жан-жақты салыстыруымыз қажет. Сонда, соңғы сөзді батыл айтуымызға болады ғой дейміз.

Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаев және қырғыз халқының күйшісі Мұраталы Күренкеев туралы әдеби материалдар жинау үшін өткен күзде Қырғызстан Композиторлар одағының ғылыми-зерттеу бөлімінде болдым. Сонда музыка зерттеушісі Қапар Әбдірахмановтың көмегімен бірнеше архивтік деректермен таныстық және Мұраталының «Жайлауда», «Қыл-қияқ», «Ақтоты», «Толқынды таулар», «Жоктау», «Ботаның зары» деген күйлерін магнитофон арқылы тыңдадым.

Менің байқағаным: Мұраталының күйлерінде қырғыз елінің көлі мен орманы, тауы мен тоғайы, батырлығы мен жауынгерлігі және жомарттығы қос өрім қатар көрінген. Сондай-ақ кешкі күннің бұлтқа түскен сәулесіндей, адамның кейбір көңіл-күйін, майда қоңыр қайғысын қомузбен қандай әдемі жеткізген ғажап күйші.

Бауырлас қырғыз елінің арасында: бір беті қазақтың

домбырасы, екінші беті қырғыздың комузы болып жасалған музыкалық аспаптар жиі кездеседі. Сол сияқты, көркемөнердің ай-шолпандары Жамбыл мен Мұраталы екі елдің ортақ өнерпаздары, әрі туысқандықтың, достықтың арасын жалғастырушы алтын көпірлері болып саналады. Оларға біз сол үшін мақтанамыз.

ӘЛІМҚҰЛ ЖАМБЫЛОВ

ҚҰДІРЕТІНЕ БАС ИГЕН

Әлі есімде, 1943 жылы июль айының орта шенінде Қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Жамбыл бабамыздың жауапты хатшысы Қалмақан Әбдіқадіров Жамбылды, оның інісі Сатышты, кенже ұлы Тезекбай ағайды Алматы қаласындағы Карл Маркс көшесі № 97 үйге қонақа шақырды. Сол қонаққа барғандармен бірге Жәкеңнің машинасына мініп, мен де бардым. Жәкеңнің машинасының шофері Нағашыбек Байсабаев ағай еді. Барғанымызда Қалмақан ағай алдымыздан шығып қонақтармен жік-жапар болып амандық-саулық сұрасты.

Үйге кіргенде Жәкеңді тағы бір топ қарсы алды. Олар тек қазақ жерінде емес, дүние жүзіне атақ-абыройы белгілі палуан атамыз Қажымұқан Мұңайтпасов пен революционер Әліби Жанкелдин бастаған кісілер болды. Арасында ақсақал ағалардың бірі — Омар Шипин бар. Барлығы Жамбылмен сәлемдесіп, құшақтасып, сүйісіп қалды. Сатыш ағам мен Тезекбай ағаның да қолынан алып жандары қалмады. Жүздерінен қуаныш табын аңғартып Қалмақан ағайдың жұбайы Гүлсән, үлкен ұлы Денес, кіші ұлы Шадмұрат, қызы Анар Жәкене сәлем берді. Кейінірек ойлап қарасам, Қалмақан ағай Жәкеңмен қазақтың көрнекті ұлдарын, азаматтарын таныстыру үшін арнайы қонақ кәде жасап, бас қосуды ұйымдастырған екен. Сол күні барлық қонақтар Қалмақан ағайдың үйіне қонып, ұзақ таңға әңгіме шертті. Қажымұқан өз басынан кешкен жайттарын айтып, дүние жүзінің палуандарымен қалай ұстасқанын қызықты баяндады. Әліби революция кезінде ұлы көсеміміз В. И. Ленинмен бірге болып, одан тапсырма алғанын айтты. Омар ата болса Аманкелді батырдың сарбазы болғанын мақтанышпен сөз етті. Жәкең олардың әңгімесін қызыға тындап, жиі-жиі сұрақ қойып отырды. Жай-

ласып отырғанда үлкен кісілер Жәкеңе «Мына бала немереңіз бе?» — деп менің де жайымды білісіп, бетімнен кезек сүйген еді.

Ертеңінде Қажымұқан ата Алматы үй құрылысы комбинатының стадионында өз өнерін көрсетпек екен, соған бәріміз де бардық. Халық өте көп жиналды. Сондағы көргеніміз Қажымұқан ата шалқасынан жатып төсіне гранит тас қойып тоқпақ балғамен екі кісі кезек-кезек ұрып, тасты уатты. Бір кезде 32 килограмдық екі гирдің тасын лақтырып, қақпақыл ойнады. Жуан рельс темірді иіп, камыт жасап қайта түзетті. Машинаға 24 адамды отырғызып үстінен жүргізді. Әлгі 32 килограмдық гирді енді тістеп көтерді. Сол күні стадионда Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қаныш Сәтбаевтар да Жәкеңмен және басқалармен амандық-саулық сұрасты. Мен сол жылы кекілін кері қайырып тарайтын он алты жастағы бозбала едім.

Кейін 1946 жылдан бастап Қалмақан ағай Жамбылдың музейінің директоры болып, туыс адамдай біте қайнасып кеттік. Бір жылдан кейін 1947 жылы февраль айының орта шетінде Тезекбай аға Әліби Жанкелдин мен Қалмақан Әбдіқадіровты өз үйіне шақырып қонақ етті. Олардың арасында сол кездегі Жамбыл атындағы колхоздың председателі Тұрап Мыржиев бастаған адамдар, бәрі болып, құрметті қонақтарды қабылдасты. Ертесіне қонақтарға Тезекбай ағайдың сары қасқа арғымағына кешәуә шана жегіп, мен ат айдаушы болып, қазіргі Сергеевка селосына бардық. Онда колхоздың басқармасы Бейсенбай Сартжановтың үйінде болдық. Бейсенбай бұл кісілерді жақсы таниды екен. Үлкен құрмет көрсетті. Сол күні күн суық еді. Кейін сол колхоздың аты Әліби Жанкелдиннің келіп қайқанына байланысты Жанкелдин колхозы болып аталды. Сол ауылдың ақсақалдары жиналып келіп Әліби атайға сәлем берді. Сөз арасында Жамбылдың ақындығына қатысты әңгіме болғанда Әліби Жанкелдиннің оларға былай дегені әлі күнге жадымда.

— Мен осы өмірімде талай тамаша ақындарды көріп едім, ал Жамбылдай жүйрік ақынды, табанда ой тастайтын шумақ құратын данышпан ақынды көрген емеспін. Жарықтықтың тұла бойы тұтас өлең еді ғой, жәй қара сөздің өзін өлеңмен айтатын — деп ұлы ақынды ілтипатпен есіне алып еді.

Түнімен қарттармен әңгіме-дүкен құрып, сый-сияпатына риза болған Әліби атаймен бірге ертесіне ауылға

кайттық. Ауылға келген соң шанадан түсіп Әліби ата маған рақметін айтып, қолымнан қысып, иығымнан ұстады. Содан кейін:— «Ата жолын ку, өнегелі бол, балам!»— деп мейірлене қарады. Ол кісіні қарсы алған Сатыш ата, Тұрап пен Тезекбай ағалар болды. Сөйтіп, Тұрап ағайдың үйіне Әліби Жанкелдинді қонаққа қабылдадық. Сонда қонып, ертесіне Жәкеннің машинасымен қадірлі қонақты Қалмақан ағай Алматыға жеткізіп салды.

Ұлы адамдардың сыйласуы да, әңгімелесуі де ұлыққа тән еді-ау! Бәлкім, содан да болар күні бүгінге дейін олардың сыйласу ерекшелігі, іс-қимылы, күлкілері, әзіл-қалжындары, кісіліктері көз алдымда, ұмытылмақ емес.

МҰХАМЕТЖАН ЕТЕКБАЕВ

ХАЛЫҚ ҰЛЫ

Бұл оқиға бұдан он жеті жыл бұрын болған еді. Суық күз түскен шақ. Біз қазақтың белгілі телекинорежиссері Осман Дүйсенбаев екеуміз Жамбыл жайлы «Ақындардың атасы» атты телефильм түсіру мақсатымен Ленинград қаласына жүргелі жатқанбыз. Ол кезде мен Жамбылдың республикалық әдеби-ескерткіш музейінің директоры болып қызмет атқаратынмын. Оған қоса ұлы ақын туралы телефильмнің сценарийін жазғамын. Сөйтіп, буынып-түйініп дегендей бір-екі күнде жүргелі отырғанбыз.

Ертеңгі мезгіл еді. Кенсеге музейдің аға ғылыми қызметкері, бұл күнде ауданымыздағы белді журналистердің бірі, Базарбек Атшабаров асығыс кірді де:

— Меймандар келді. Машинадан түсіп жатыр,— деп қайтадан шыға жөнелді.

Мен де басқа жұмысты тоқтатып, орнымнан көтерілдім. Жамбыл музейіне Азия мен Африка елдерінің бір топ ақын-жазушысы келеді деген хабар бізге бірер күн бұрын айтылған-ды.

Олардың ішінде Пакистанның аты әлемге әйгілі ақыны Фаиз Ахмад Фаиз, Вьетнам жазушылары Фан Ты, Тху Фон, Оңтүстік Африка республикасының даңқты жазушысы Алекс Ла Гума, Палестинаның белгілі ақыны Махмут Дервиш тағы басқалары бар екен. Қадірлі меймандарды аса көрнекті қазақ жазушысы Ғабит Мү-

сірепов пен сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының бірінші секретары, белгілі жазушымыз Әди Шәріпов бастап келген еді. Бұл жазушылар Индия мемлекетінің астанасы Дели қаласында болған Азия — Африка елдері жазушыларының IV конференциясынан шыққан бойы біздің Алматыға келіп, содан Жәкең музейіне соққан екен.

Қонақтар ұлы ақын музейін аралап көріп, оның өмірі мен творчествосы жайлы көп мағлұмат алды. Жамбылдың бақ ішіндегі зиратына келді. Іші-сырты, айналасы түгел ақ мәрмәрмен көмкеріліп, жарқырап көз тартқан ақын күмбезіне барлығы да қызыға, құмарта қарап, риза болды. Жәкеңнің қара көк гранит тастан қойылған құлпытасына үніле көз тастаған көпшіліктің ішінен:

— Мынау «Жамбыл Жабаев. 1846—1945 жылдар» деген жазу екенін түсініп тұрмын. Сонда бұл қай тілде жазылған?— деп сұрады Фаиз Ахмад Фаиз.

— Біздің қазақ тілінде жазылған,— деп жауап бердік біз.

Алыстан келген меймандар Жамбыл күмбезінен терең ойға батып, толғанып шықты. Мавзолей алдындағы алаңға келіп қонақтар суретке түсті. Әркім әр тілде өзінің алған әсерін айтып, толғана сөйлейді.

Бір сәтте біз, Жамбыл аулының әдебиетқұмар жігіттері Фаиз Ахмад Фаиздан кешірім сұрап:

— Егер сіз қарсы болмасаңыз, сізбен бірге суретке түселік. Ескерткіш болсын,— деп өтініп едік.

Ол кісі ақкөңіл, балажан адам екен, жолдастарына да ұсыныс жасап, күлді де ризашылығын білдірді.

Қонақтар дүние жүзіне аты кең тарап, аңызға айналып кеткен ұлы Жамбылдың ақ ордасы — музейінің жанында, бағының ішінде өздерін соншалықты ризашылық жағдайда сезінсе, Жамбыл атамыздың мұрагерлері, біз де өзімізді әлемге аты әйгілі, жиырмасыншы ғасырдың аса ірі ақыны, шығыс әдебиетінің сол кездегі көзі тірі жарық жұлдыздарының бірі — Фаиз Ахмад Фаиздың және оның даңқты жолдастарының жанында соншалықты бақытты сезіндік.

Шашын ақ қырау шалған Фаиз Ахмад Фаизға бағдарлай қараған адам оның әжім басқан жүзінен, ойлы, нұрлы көзінен қартайса да қиындық алдында бас имеген тұлғасынан Октябрь таңы атқанға дейінгі жетпіс жыл өмірін қайсарлықпен, күреспен, әділдік, шындық үшін айқаспен өткізген Жамбылға ұқсас, сонымен тағдырлас ақын екендігін аңғарар еді.

Біздің ойымызды Базарбек Атшабаров бөлді.

— Қадірменді Фаиз аға, біздің ұлы ақынымыз Жамбыл, оның алтын ордасы болып отырған музейі жайлы пікіріңіз қандай?— деп сауал берді ол.

Аудармашы Фаиз Ахмад Фаизға Базарбектің сұрауын тәптіштеп жеткізген болу керек. Ол жымия басын изеді де:

— Жамбыл — қазақ халқы сияқты өте бақытты адам. Ол туған халқының даңқын бүкіл әлемге жайды. Жамбыл — қазақ халқының, қазақ елінің мақтанышы, Ұлы Жамбыл сықылды ақыны бар халық — шын бақытты халық!— деді.

Пакистанның аса көрнекті ақыны мына сөзді айтқанда біздің төбеміз көкке екі елі тимей қалған еді.

Иә, бірер күннен соң біз Жамбыл жайлы фильм түсіруді бастау үшін Ленинградқа ұшып келдік. Алыс жолдан шаршап жеткен біз «Россия» атты үлкен мейманхананың бесінші қабатынан орын алып, жайғастық. Бір сәтте Жамбыл туралы телефильмнің режиссері Осман Дүйсенбаев орнынан көтеріліп:

— Жігіттер, сонау алыстағы Алматыдан Ленинградқа бірнеше сағат тынбай ұшып, эзер жеттік. Жол соғып тастапты. Буфет жұмыс істейді екен. Соған кіріп, шайпай ішіп, сосын бір-ақ дем алайық,— деп ұсыныс жасады.

Буфетші әйел:

— Сіздер Алматыдан келсеңіздер Жамбыл ақынды білетін шығарсыздар?— деп сұрады бізге ойлы қоңыр көзін қадай қарап.

— Білгенде қандай! Біз Жамбыл ақынның ұрпақтарымыз! Әсіресе мына жігіт Жамбылдың жақын балаларының бірі,— деп Осман мені көрсетті.

Қира Богданова (буфетшінің аты-жөні солай екен) өзінің туған адамдарын көргендей қатты қуанды. Жарқын сөйлеп: «Қош келіпсіздер, бауырларымы!» деп жарқын-жарқын сөйлеп кетті. Біз аң-таңбыз, күліп, оған сұраулы кейіппен қарап отырмыз. Алғашқыдай емес, ол жүгіре басып, жаны қалмай жүр.

Қира Богданова аздан соң қолтықтаған үлкен кітабы бар қайтадан біздің жанымызға келді. Ал қызыл өңі бал-бұл жайнап, құрақ ұшып жүр.

— Жамбылды біз өзіміздің туған әкеміздей көреміз!..— деп, буфетке кірген үш-төрт адамға қарады.— Кісілер келіп қалды. Қап!.. Сіздер мына кітапты қарай беріңіздер, мен аналарды тамақтандырайын. Мына кі-

таптың ішінде Жамбыл бар!— деп, кітапты бізге берді де тағы жүгіріп кетті.

Біз көлемі 277 беттен тұратын үлкен альбом кітапты қолымызға алып, кезек-кезек қарап жатырмыз. «Сенің қаһармандығың жайлы, Ленинград» деп аталатын бұл еңбек 1970 жылы Москваның «Изобразительное искусство» баспасынан басылып шыққан екен.

Онда Жамбылдың портреті, түсіндірме сөз және ұлы ақынның «Ленинградтық өренім» жырынан үлкен үзінді берілген. Бұл 1941 жылдың күзінде Ленинград жау қоршауында қалған ауыр күндерде Жәкеңнің суреті мен атақты «Ленинградтық өренім» атты жыры басылған плакаттың фотокошірмесі екен.

Плакаттың төменгі жағына берілген түсіндірме сөзде жау қоршауында қалып, мейірімсіз дұшпанмен аяусыз күрес жүргізіп жатқан ленинградтықтарды бүкіл еліміздің, бүкіл халқымыздың қолдап отырғандығы, ақын-жазушылар, композиторлар тағы басқа да дарын иелерінің үлкен патриоттық үн көтергендігі айтыла келіп:

«Бір күні қаланың көшелерінде үйлердің қабырғаларына жапсырылған листовкалар пайда болды. Онда халық ақыны Жамбыл Жабаевтың таныс жүзі мен атақты «Ленинградтық өренім» жыры басылған. Бұл Отанымыздың өзінің ержүрек балаларына арналған сөзі еді» деп жазылған. Одан әрі Жамбыл жырынан үзінді берілген.

Сөз арасында біз Кира Богдановадан Жамбылға байланысты тарихты сұрадық. Ол ойланып сәл отырды да сөзін жайлап бастады:

1941 жылдың күзінде жау Ленинград қаласын қоршап алғандығын, тек шығыс жағымыздағы Шлиссельбург қаласы арқылы ғана Ленинградтың елімізбен байланыс жасап тұрғандығын әке-шешемізден еститінбіз. Олар қабақтары қарс жабылып, көп сөйлемейтін болып алған соңғы кездерде.

Әлі есімде, біздің үй Нева проспектісінің бойында төртінші қабатта еді. Бір күні әкем балконға шығып тұрған. Бұрынғыдай көшемен жүріп жатқан машина, ерсілік-қарсылы ағылған көп адам соғыс басталғалы көрінбей кеткен. Тек анда-санда дүбірі жерді солқылдатып өткен танкілер, майданға бара жатқан солдаттар, олардың сондарынан жылап-сықтап ерген қатын-қалаш, бала-шаға ғана көзге түсетін. Көше-көшенің бұрыштарында репродукторлар неше түрлі хабарлар айтып тұратын.

Әкем балконнан асыға басып үйге кірді те:

— Жамбыл Жабаев бізге арнап өлең жазыпты!— деп, біздің әрқайсымызға күлімдей қарап, киімін іздей бастады.— Жамбыл!.. Біздің Жамбыл!.. Жүріңдер тез, жүріңдер!.. Жамбылға барамыз! Жырын тындаймыз!— деп, қайтадан балконға шығып кетті.

Біз де оның соңынан келдік. Диктор сөзін тоқтатты да, енді Жамбылдың өлеңін оқи бастады.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін!..

Өлең оқылып біткенше біз барлығымыз қалшынып қатып қалған екенбіз. Енді жан-жағыма қарадым. Үй-үйдің балкондары, көше бойлары құжынаған халық. Әйелдер көздеріне жас алып, төмен қарап қалыпты.

Жасалған жоқ салтанат
Жаудың болуға ермегі.
Судай тасып ел кегі,
Жолды кернеп қол кетті,
Сендерге дем бергелі.
Нева алабын қорғандар,
Ленинградтың ерлері!..—

деген өлең жолдары әлі есімде.

Жамбыл Жабаевтың кім екенін сұрайын деп әкем мен шешеме бұрылсам, екеуі де бастарын төмен тұқыртып, егіле жылап тұр екен. Менің көзімнен де жас парлап жүре берді.

Ол кідіргенде:

— Папа, Жамбыл деген кім?— деп сұрадым.

— Жамбыл — қазақ халқының ұлы ақыны, біздің бауырымыз, әкеміз. Көрдің бе сонау алыстағы Қазақстанда жатып біздің қайғымызға ортақтасып, өлең шығарғанын. Ол да қатыгез жауға ызалы. Қабырғасы қайысып, жүрегі сыздайды, қатты қиналады, — деді әкем.

Біреу күннен соң ол еріктілер қатарына қосылып, майданға кетті. Қайран әкем содан оралған жоқ.

Бір күні қатты ұйықтап жатыр екенмін.

— Тұр, Қира! Бол, тез!— деген дауыстан селк етіп, көзімді ашсам, мамам екен.

Мен тез тұрып киіндім. Мамам екеуміз көшеге шықтық. Көше бойы көп халық екен, шу-шу етеді. Бір қора адам үлкен тас үйдің бұрышына үймелеп қалыпты. Байқасам онда плакат ілініпті. Соған таласа қарап, оқып жатыр екен.

Біз де солай келдік. Плакатқа өлең жазылған. Бір ақ сақалды қарт адамның суреті берілген. Мен, әлбетте, ол кезде Жамбылды білмейтінмін. Алты жастағы баламын, ол кісіні қайдан біле қояйын.

Жамбыл портретінің астыңғы жағына үлкен әріппен жазылған оның «Ленинградтық өренім» жыры екен. Көпшілік таласа оқып жатыр. Кейбіреулер жасаураған көздерін сүртіп, күлімсірей қарайды. Бастарына ауыртпалық түскен қиын күндерде алыстан бірге туған бауырлары келгендей қуанып тұрғандықтарын түсіндім.

Жалғыз бұл үйдің бұрышына ғана емес, Жамбылдың суреті басылып, өлеңі жазылған плакат Нева проспектісінің бойында бірнеше жерге ілінген. Қай жерде болмасын қара құрымдай болып жиналған көпшілік. Барлықтары-ақ гу-гу етеді.

Сол плакат көшелерде көпке дейін ілулі тұрды. Таңертең де, түсте де, кешке де оны үймелей оқыған адамдарды жиі көреміз. Кейбіреулер қайта-қайта барып оқып жатады. Жырды көшіріп жазып алған адамдарды да көп көрдік.

Біз мамам екеуміз де күніне бірнеше рет барып оқимыз. Тіпті, мен Жамбыл жырын жаттап алдым. Мамам да ол жырды көшіріп алған болатын. Бір күні ұйқыманан оянсам, ол Жамбыл жырын жатқа айтып отыр. Менің оянганымды біліп сырт айналып кетіп еді. Байқасам көзі жасты екен. Онысын көрсеткісі келмегенін түсіндім.

Иә, біздің туған қаламыз Ленинградқа қазақтың 95 жастағы қарт ақыны Жамбылдың өзі келіп, қайғы-қасірет басқан көңілімізді жұбатып тұрғандай болды. Шынында, ұлы Ленин қаласы қоршауда қалған ауыр күндерде ақын Жамбыл өзі келмесе де тамаша жырымен, таза жүрегімен бізге көмекке келіп тұрғандай әсер етіп еді,— деп аяқтады Кира Богданова әңгімесін.

Біз байқамаппыз, ол көзінің жасын ақырын сүртіп отыр екен. Енді бізге қарап қызара күлді де:

— Біз, ленинградтықтар, қазақ халқының ұлы ақыны, тамаша жыршы Жамбылды өзіміздің туған әкеміздей жақсы көріп, әрқашан өзімізге құрмет тұтамыз!— деп тоқтады.

Бұл қарапайым орыс қызы Кира Георгиевна Богданованың ғана емес, бүкіл Ленинград тұрғындарының Жамбылға, оның жырларына деген сүйіспеншілігі еді.

ТҮСІНІКТЕР

М. ӘУЕЗОВ. Жамбыл және халық ақындары. Алғаш рет «Литературный Казахстан» альманағының 1958 жылғы № 6 және «Казахстанская правда» 1938, 23 декабрьде жарияланған. Кейін «Мысли разных лет» (1961) жинағына қосылған. Қазақша нұсқасы Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толуы қарсаңында, белгілі әдебиет зерттеушісі, сыншы Баламер Сахариевтың аударуымен «Лениншіл жас» 1972, 24 майда жарияланды. Жинаққа осы нұсқасы алынды.

Н. ТИХОНОВ. Ақындардың атасы. «Қазақ әдебиеті», 1963, 7 ноябрь, «Жұлдыз», 1971, № 10 (Орысшадан аударған М. Сәрсекеев). «Ленин туы», 1980, 25-26 январь (орысшадан аударған С. Оспанов). Кітапта: «Жыр алыбы». 1971, 49-69 б. Ғаббас Жұмбаев аудармасы жарияланған. Жинаққа осы нұсқа алынды.

С. МҰҚАНОВ. Ұлылық сыры. Жамбылдың туғанына 100 жыл толуына арналып 1946 жылы шыққан толық жинағына жазылған алғы сөз. Жүз жылдың жыршысы деген тақырыппен «Әдебиет және искусство» 1946, № 6. Кейін «Жыр алыбы» 1971, жинағына қосылған. Осы нұсқа алынды.

М. БАЖАН. Бәріміздің мақтанышымыз. «Литературный Казахстан» альманағының 1938 жылғы № 6 санынан қазақшалаған құрастырушы.

Ғ. МҮСІРЕПОВ. Феномен — Феникс. «Қазақ әдебиеті» 1971. 22 октябрь. Кітапта: «Заман және әдебиет». 1982, 259-270 б. Таңдамалылар. 2-т. 1980, 559-562 б. жарияланған.

М. ТҮРСЫН-ЗАДЕ. Достық жыршысы. Жамбылдың 1972 жылы Алматыда өткен 125 жылдық тойы күндері айтқан естелік сөзі. Жазып алған құрастырушы.

Ғ. МҮСТАФИН. Жамбыл туралы бірер сөз. 1972 ж. Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына арналған мәжілісте сөйлеген сөзі. «Ой әуендері» атты кітабына қосылған. 1978, 267-268 б.

П. КУЗНЕЦОВ. Ұзақ өмір сапары. «Социалистік Қазақстан», 1972, 12-13 май. Кітапта: «Жыр алыбы». 1971, 127-148 б. Осы нұсқадан ықшамдап алынды.

Т. ЖАРОКОВ. Дарын табиғаты. «Творчество Джамбула» жинағында жарияланған нұсқасы алынды.

Ш. АЙТМАТОВ. Асқақ үнді, алып ақын. Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қырғыз ССР Халық жазушысы Шыңғыс Төрекүлұлы Айтматовтың 1972 жылы 31 октябрьде Москваның Колонналық залында Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толу мерекесіне арналған салтанатты кеште сөйлеген сөзі. «Казахстанская правданың» 1972, 3 ноябрьдегі номерінен қазақшалаған құрастырушы.

К. ӘЗІРБАЕВ. Ұстаз. Кенен үйіндегі қолжазбадан көшіріп алған құрастырушы.

Т. СЫДЫҚБЕКОВ. Сағынам сол бір жандарды. «Жұлдыз» 1986, № 9. Қырғыз әдебиетінің Қазақстандағы күндеріне арналған мақаласынан Жамбылға қатысты 4-6 беттері ықшамдап алынды.

Ә. ТӘЖІБАЕВ. Осындай еді ағалар. Ақынның соңғы дәуірі. «Социалистік Қазақстан», 1946, 6 июль. Жамбыл және басқалар. «Жетісу», 1972, 10 июль. Ақынның соңғы дәуірі. «Жыр алыбы», 1971, 70-84 б. Осы мақалалары біріктіріліп «Жылдар-ойлар» (естеліктер) 1976, 132-192 б. жарияланған.

М. МҰРАДОВ. Жамбылдың «өкіл қызы». «Қазақ әдебиеті», 1985, 30 августағы санында жарияланған.

Ғ ОРМАНОВ. Ғасырлық ғұмырдан бір тағылым. 18 январь 1939 жылдан 12 август 1940 жыл (1 жыл 7 ай 12 күн) аралығындағы өмірі жөнінде жазылған. Күнделік дәптерді Ғ Ормановтың үйінде сақтаған қолжазба-архивінен тауып алып, қысқарған нұсқасы «Лениншіл жастың» 19, 20, 21 ноябрь, 1986 ж. санында жарияланған. Бұл жинаққа Н. Төрешұлы пен Ж. Орманованың әзірлеуімен толық нұсқасы қосылды.

Ә. НҰРПЕЙІСОВ. Өн бойы тола өлең-жыр. Жамбылдың туғанына 130 жыл толуына орай жазылған естелік мақала. Алғаш рет «Лениншіл жаста» (27 февраль 1976) жарияланған.

М. ҚАРАТАЕВ. Ақын даңқы — халық даңқы. Таңдамалы шығармалар. 1967. 7-31 б. «Эпостан эпопеяға». 1969. 293-312 б. Таңдамалы шығармалар. 3 т. 1974, 348-367 б. «Лениншіл жас» 1972, 9 июнь. Кітапта: «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы». 1975, 16-38 б. «Жалын» (альманах). 1971, № 5 Кітапта: «Жыр алыбы», 1971, 85-100 б.

Қ. ӘБДІҚАДЫРОВ. Жамбылдың аулында. «Социалистік Қазақстан». 1938, 17 апрельде жарияланған. Жинаққа жазушы архивінен табылған толық нұсқасы берілді.

С. БЕГАЛИН. Жыр жолы. Жамбыл ел аузында.— «Әдебиет және искусство». 1946, № 4, Жамбыл — «Халық мұғалімі». 1946, № 1-2, Жамбылдың ізімен — «Сахара сандуғаштары». 1976, 5-59 б. Жыр жолы. Кітапта: «Жыр алыбы». 1971, 150-171 б.

Қ. АМАНЖОЛОВ. Жамбыл жастар арасында. «Лениншіл жас», 1946, 4 июльде жарияланған.

А. ТОҚМАҒАМБЕТОВ. Жадымда қалғандар. «Ленин жолы» газетінде 4 март, 29 декабрь, 1971 жылы жарияланған екі естелігі біріктірілді.

Қ. САТЫБАЛДИН. Жиырма тоғыз күн. Жамбылдың күнделігінен «Социалистік Қазақстан» 1939, 23 декабрь. Таңдамалы шығармалары, 4 том, 1975, 61-79 б. жарияланған.

Қ. ҚУАНЫШБАЕВ. Жасарған Жамбыл. «Әдебиет майданы», 1938, № 5.

Е. ЫСМАЙЫЛОВ. Қазына. Профессор Есмағамбет Ысмайыловтың «Ақындық өмірі» (1965) атты кітабында 96-138 б. кездесетін естелік әңгімелердің басы біріктіріліп Жамбылмен кездескен сәттері деген атпен жарияланып отыр.

Б. МОМЫШҰЛЫ. Сәлем бере барғанда. Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романынан алынып «Жәкеңе сәлем бере барғанда», деген тақырыппен осы жинаққа қосылды.

М. ҒАБДУЛЛИН. Жәкеңнің жауынгерлерге сәлемі. Менің майдандас достарым атты кітабынан. 1985, 378, 383 б.

Д. СНЕГИН. Ақынның бір түн, бір таңы. «Қазақ әдебиеті», 1976, 6 август.

Б. КЕНЖЕБАЕВ. Жарқын бейне. Алғаш рет «Алып ақын» де-

ген тақырыппен «Коммунизм таны» газетінде 21 июнь 1955 ж. жарияланған. Кейін толықтырылып Жамбыл Жабаев Қазақ халқының жыршысы деп 1956 жылы кітапша етіп шығарған. Осы нұсқа «Жылдар жемісі» (1984 ж. 150-172 б.) жинағына қосылған. Бұл жинаққа енген соңғы нұсқасын автор қайта қарап, жаңартқан.

Қ. БАЙСЕЙІТОВ. Құштар көңілден. Автордың «Құштар көңіл» атты естелік кітабының 113-119 бетінен алынды.

Н. ОҢДАСЫНОВ. Асқар таудай алыбым. «Қазақ әдебиеті», 1986, 28 февраль.

С. ОМАРОВ. Ұмытылмас сәттер. «Жыр алыбы». 1971, 219-228 б.

Д. ӘБІЛЕВ. Жыр дүлдүлі. Жазушының «Ой толғауы» деген естелік жинағынан 1981, 122-152 б.

Ж. СЫЗДЫҚОВ. Қызыл кітап. «Қазақ әдебиеті», 1965, 24 июнь.

Ш. САРЫБАЕВ. Фольклордың білгірі. «Қазақ әдебиеті», 1936, 18 июнь.

Ә. НҰРШАЙЫҚОВ. Атамыз Жамбыл ақынға. «Тоғыз толғау» кітабынан. 1977, 124-150 б.

Қ. ӘМІРОВ. Үш кездесу. «Жетісу» 1972, 19 январь.

М. ХАҚІМЖАНОВА. Алғашқы дидактасу. «Жыр алыбы», 1971, 101-102 б.

Н. ТІЛЕНДИЕВ. Қасиетті домбыра. «Қазақ әдебиеті», 1972, 9 июнь.

М. ЖОЛДАСБЕКОВ. Ақындық орта. «Асыл арналар», (1986) жинағынан 141-151 б. б. алынды.

Н. ТӨРЕҚҰЛОВ. Алыптар кездесуі. Мұнда автордың үш естелігі біріктірілген. «Тоқтағұл келгендесі»— Жамбыл мен Тоқтағұл деген тақырыппен «Қазақ әдебиетінде» 3 август 1986 ж., жарияланған. Естелік Қырғызстанның «Мұғалімдер газетасында» 12 декабрь 1986 ж., аударылып басылған. «Динамен дидактасқандасы», «Қазақ әдебиетінде» 5 июнь 1987 ж., жарық көрген. Ал «Сәкенмен сұхбаты» осы жинаққа арнайы жазылған.

С. САДЫРБАЕВ. Жамбыл және Мұраталы күйші. «Қазақ әдебиеті», 1986, 14 февраль.

Ә. ЖАМБЫЛОВ. Күдіретіне бас иген. «Екпінді еңбек», 28 февраль 1984 ж.

М. ЕТЕҚБАЕВ. Халық ұлы. Бұрын жарияланбаған.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан	5
<i>М. Әуезов.</i> Жамбыл және халық ақындары	7
<i>Н. Тихонов.</i> Ақындардың атасы	17
<i>С. Мұқанов.</i> Ұлылық сыры	32
<i>М. Бажан.</i> Бәріміздің мақтанышымыз	41
<i>Ғ. Мүсірепов.</i> Феномен — Феникс	43
<i>М. Тұрсын-заде.</i> Достық жыршысы	48
<i>Ғ. Мұстафин.</i> Жамбыл туралы бірер сөз	49
<i>П. Кузнецов.</i> Ұзақ өмір сапары	50
<i>Т. Жароков.</i> Дарын табиғаты	57
<i>Ш. Айтматов.</i> Асқак үнді, алып акын	65
<i>К. Әзірбаев.</i> Ұстаз	67
<i>Т. Сыдықбеков.</i> Сағынам сол бір жандарды	73
<i>Ә. Тәжібаев.</i> Осындай еді ағалар	77
<i>М. Мұрадов.</i> Жамбылдың «өкіл қызы»	126
<i>Ғ. Орманов.</i> Ғасырлық ғұмырдан бір тағылым	129
<i>Ә. Нұрпеисов.</i> Өн бойы тола өлең-жыр	157
<i>М. Қаратаев.</i> Акын даңқы — халық даңқы	166
<i>Қ. Әбдіқадыров.</i> Жамбылдың аулында	185
<i>С. Бегалин.</i> Жыр жолы	187
<i>К. Аманжолов.</i> Жамбыл жастар арасында	203
<i>А. Тоқмағамбетов.</i> Жадымда қалғандар	206
<i>К. Сатыбалдин.</i> Жиырма тоғыз күн	213
<i>К. Қуанышбаев.</i> Жасарған Жамбыл	226
<i>Е. Ысмайылов.</i> Қазына	230
<i>Б. Момышұлы.</i> Сәлем бере барғанда	241
<i>М. Ғабдуллин.</i> Жәкеңнің жауынгерлерге сәлемі	244
<i>Д. Снегин.</i> Акынның бір түн, бір таны	252
<i>Б. Кенжебаев.</i> Жарқын бейне	259
<i>К. Байсейітов.</i> Құштар көңіл	271
<i>Н. Оңдасынов.</i> Асқар таудай алыбым.	276
<i>С. Омаров.</i> Ұмытылмас сәттер	279
<i>Д. Әбілев.</i> Жыр дүлділі	288
<i>Ж. Сыздықов.</i> Қызыл кітап	314
<i>Ш. Сарыбаев.</i> Фольклордың білгірі	316
<i>Ә. Нұршайықов.</i> Атамыз Жамбыл ақынға	317
<i>Қ. Әміров.</i> Үш кездесу	339

<i>М. Хакімжанова.</i> Алғашқы дидарласу	343
<i>Н. Тілендиев.</i> Қасиетті домбыра	361
<i>М. Жолдасбеков.</i> Ақындық орта	362
<i>Н. Төреқұлов.</i> Алыптар кездесуі	372
<i>С. Садырбаев.</i> Жамбыл және Мұраталы күйші	398
<i>Ә. Жамбылов.</i> Құдіретіне бас иген	404
<i>М. Етекбаев</i> Халық ұлы	406
Түсініктер (<i>Н. Төреқұлов</i>)	412

**«ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЕ ЛЮДИ»
ДЖАМБУЛ (ДАСТАН-АТА)**

Воспоминания

(на казахском языке)

Художник *Б. Осланов*
Художественный редактор *Ж. Қасымханов*
Технический редактор *Н. Сайфуллина*
Корректор *Э. Тулегаева*

ИБ № 4260

Теруге 07.12.88. жіберілді. Басуға 14.04.89. қол қойылды. УГ 19059. Қалпы 84×108¹/₃₂. № 2 кітапты-журналды қағаз. Қаріп түрі «Әдеби» Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 21,84+0,84 вкл. Шартты бояу көлемі 22,28+0,84 вкл. Есепті баспа табағы 24,85. Тиражы 30 000 дана. Заказ 3700. Бағасы 1 с. 90 т. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.